

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### «АЗАБЫМНЫҢ КӨРЕМІН РАХАТЫН...»

Ақынның шабытты шағын шартты түрде екі түрлі жағдайда аңғаратын сияқтымыз: бірі –оның жыр шумақтарын жазып отырған сәті, екіншісі – алқалы топтың алдында өлең оқып тұрған кезі. Бұл өзі, Лев Толстой айтпақшы, адамның өзін де, айналасындағыларды да ұмытқан тұстағы табиғи сұлулығы танылар мезет. Дегенмен, сырттан қызықтау бір басқа да адам санасында жүріп жатқан ой ағыстарына үңілудің жөні бір бөлек қой. Кейіпкерінің жан дүниесіндегі буырқанысты дөп басып көрсету суретшіге қаншалықты қиын болса, шығармашылық азабын тартқан ақынның өлең оқып тұрғандағы жүрек дірілін қалтқысыз ұқтым деу де бекершілік екен. Осы бір құпияны ақын Қадыр Мырзалиевпен сикыр өлеңнің сомдалуы, соны сипаттары, тылсым сырлары төңірегінде тікелей өз өміріне қатысты сөз сабақтау барысында аңғардық. «Қадыр өлеңдерінің оқырмандары көп, ал оның тұрақты тыңдаушысы бар ма екен?» деген сауал алдымен тіл ұшына оралған. Ол бұған: «Жок», – деп жауап берді. Ақын ақ қағаз бен қаламына сенеді. Бар сырын бүкпесіз ақтарары да солар. Өзінің жазғандарының да төрешісі ең алдымен өзі. Кейбір өлеңдерінің кіндігін кескеннен кейін де жария жасауға асықпайды. Әсіресе, көңіліне ұнайтын, өте сәтті шықты-ау дейтін жыр шумақтарын жарыққа шыққанға дейін жасырын ұстауға тырысады. Үлкен жиындарға шақырылып, ақындар мүшәйрасына қатысқанда да тақырыптық ыңғайдан табылуды жөн санайды. Өлең оқыған кезінде көңіліне қызғаныш пен қауіп қатар ұялайтынын жасырмайды ол. Бұл – өзгенің жақсысына қызығудан туған қызғаныш емес, өзінің асылға балайтынын басқалар түсінбей, қадірін түсіре ме деген қауіптен туатын қызғаныш. Міне, әрбір өлеңін сиясы кеппестен оқырмандар талқысына салуға асығатындарға керісінше, ол осындай бір сыр ұштығын аңғартты.

Талантты ақынның творчествосы 1959 жылы жарық көрген «Көктем» атты өлеңдер топтамасынан бастап, жыр сүйер жұрттың назарында. Одан бері 30-ға жуық жыр кітаптары жарық көрген. Өнімді жазады. Өрелі ойларды діттейді.

«Сіз қалай жазасыз?» деген сауалға Марк Твен «Солдан оңға қарай» деп мысқылдап жауап берген ғой. Десе де, қаламгердің қай-қайсысының да өз машығы бар.

– Жазу үшін, әрине, жағдай қажет, – дейді Қадыр Мырзалиев. – Өз басым у-шудан, дабырадан, той-думаннан көп қашқақтаймын. Соның бәрі алтын уақытты зая кетіру сияқты көрінеді. Көбінесе оңашалықты қалаймын. Кейбір қатарлас қаламдастарымның таңсәріден тұрып, үш-төрт сағат жұмыс істеп, қалған уақытын қызмет, тұрмыс-тіршілік, отбасылық қарекеттерге арнайтынын білемін. Бұл да дағдыға байланысты. Мен қызмет істеп жүрген кезімнен-ақ жұмыс уақытым аяқталысымен үйге жетуге асығатынымын. Кейбір жолдастарым мұны түсінбейтін. Ренжитін. Өкпелейтін. Кінәлайтын. Ал мен үйге келемін де, жеңіл-желпі тамақтанып алып, ұйқыға кірісетінмін.

Екі-үш сағат тынығып, содан соң жазуға отырамын. Бәлкім, азды-көпті іс тындырсам ол осы өзімді көп қызықтан, қыздырмадан шектеуімнің нәтижесі шығар. Біреулер ойлағандай, өлеңдерімді жоспармен жазбаймын. Өлең стихиясы – өлшеусіз құнды. Жазбақ дүниелерімнің жобасы алдын-ала белгілі болатыны рас. Бірақ оның қандай формада дүниеге келетінін іс үстінде көремін. Жазу кезінде тақырып талғамаймын. Кез-келген ойларымды жыр жолдарына түсіріп қалуға тырысамын. Машинаға басылғаннан кейін оларды жүйелеу, топтау оңай шаруа.

Егер ұсақ-түйек деп қарамасаң творчество адамдарының тыныс-демі осындай бір үзік сырларынан да аңғарылып жатады екен. Мәселен, алғашқы кітабына кірген өлеңдерінен бастап, барлық жыр шумақтарын жазу машинкасына өзі басатындығын, күнделікті кешкісін телехабарларды көруге соншалықты құштар болмайтындығын, жасырақ кезінде айрықша құмартқан шахмат ойынына (мектепаралық жарыста шахматтан аудан чемпионы болған) қазір мүлде беттемейтінін, мүлде қол үзгендігін, бос уақытында кітап дүкендерін шарлап, «қара базарды» іздеп жүретіндігін, тағы да басқа осыған ұқсас жайттарды тізбелей беру, мәніне үнілу артық та болмас еді-ау.

Ақынның өлеңнен басқа өнердің қай түріне ынтасы көбірек құлайтынын білгіміз келген. Ол сурет өнерін атады. Сөйтті де оның себебін түсіндіру үшін алыс қалған балалық шағына сапар шектірді. Орал өңірі екіншідүниежүзілік соғыстың сұрапыл жылдарында тыл аталғанымен де Қазақстанның майдан лебін айрықша сезінген аймағы ғой. Ел ішінде жылау-сықтау көп. Той-думан атымен жоқ. Домбыра тартылмады, ән шырқалмады, күлкі естілмеді. Бұл айналасындағы әрбір құбылысты қадағалап, әсерленіп, өміртанымын өлшеусіз байытатын 6-7 жастағы балалар үшін аса қиын еді. Олар әр нәрсеге қуанып, әсерленіп, алақайлап, шаттанбады. Өйткені ауылда қаралы үйлер бар. Біреу емес, үшеу... бесеу... жетеу... Балалардың өзі сезімді іркіп, іштей күбірлеуді үйренген сол кезде. Бала Қадыр да соған бойсұнған. Суретші болуды армандапты. Өйткені, сол кезеңнің мұң-шерін тек тілсіз айтып жеткізу керек сияқты көрінген.

– Сол күндердің әсері шығар, – дейді ол, – суретші болмасам да өнер атаулының ішінде суретке деген ілтипатым өзгеше. Эдуардас Межелайтистің ақындығымен телқабыс суретшілігіне қатты қызығамын.

Суреттен басталған әңгіме қазақтың күйлеріне қарай ойысқанда ол тағы бір қызықты жайтты еске алды. Алпысыншы жылдардың бас кезінде Қарғалыдағы санаторийде емделіп жатқан Ахмет Жұбановбаласы Болаттан сәлем айтып, Қадырды жолығысуға шақыртады. Үлкен композитордың өзін себепті іздеп жатқанын білген жоқ. Келісілген уақытта келген. Ахмет Жұбанов жас ақынды жылы қабылдап, өлең өнімі жөнінде көбірек сұрайды.

– Құрманғазының күйлеріне қалай қарайсың? – дейді сынағандай.

– Қан қыздырар қызуы бар. Өршіл рухты күйлер, – дейді Қадыр. Ахмет Жұбанов неге шақыртқанын айтады.

– Бұдан бұрын Мұхаңмен (Мұхтар Әуезовпен) одақтасып Құрманғзы туралы опера жазбақ ойымыз болған еді. Реті келмей қойды. Мұхаң менің Латиф Хамидимен бірігіп жазға «Абай», «Төлеген Тоқтаров» операларыма

либретто жазуға көп қиналмай-ақ келіскен еді. Ал осы Құрманғазы жөнінде көп ойланды. Шертпе күйлерді жоғары бағалайтын. Құрманғазы күйлерінің табиғатын көпке дейін қабылдай алмай жүріп, кейіннен ғана түсініп, «Құрманғазы ғаламат қой!» – дегені бар. Кештеу болды. Қазақтың данышпан композиторы әрі асқан күйші Құрманғазы Сағырбаевты бас кейіпкер жасап опера жазу – арманым. Либреттосын жазуға тәуекелің жете ме?

Сол жолы жас ақын «тәуекел» дей жаздап, жүрексініп, ақыры үлкен композитордың алдында: «Күй табиғатын түсіну үшін қатардағы тыңдаушы болу аз ғой, арнайы дайындық керек бұған» деп бұл ұсынысты қабылдай алмайтындығын білдірген. Композитор түсінген сынайда болды. Көп қыстаған жоқ. А.Жұбанов «Құрманғазы» операсын жазуды бастаса да ұзаққа созылған науқасы ақыры аяқтатпады. Әкесінің үзілген арманын кейіннен қызы Ғазиза Жұбанова жалғайды, операны аяқтап шығады.

– Кейде ұзақ отырып күй тыңдаймын, – дейді Қадыр Мырзалиев. – Қоңыр әуен әлдебір мұң, шер, сағынышты қозғайды. Қызыл тобық бала кезімді еске аламын. Бір нәрсе жетпей тұрғандай сезінемін. «Құрманғазы» операсына либретто жазудан тартындырған да сол жетпей тұрған нәрсе. Ол – менің майдан жақтан хабар күтіп, телмірумен өткізген жылдарда күй тыңдай алмай жоғалтқан алғашқы әсерлерім шығар, сірә?! Кім білсін...

Ақынның кез-келген кітабын қолымызға алып, парақтап, әңгімемізді бірден оның шығармашылық жолы төңірегінде қозғасақ та ұтылмас едік. Бірақ, оның өзімен бір-ер сағат қана пікірлесудің өзі өлшеусіз тағылым екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені Қ. Мырзалиевтің интеллектуалды-философиялық үлгідегі поэзиясына ілтипат білдірмейтін өресі биік азамат оқырманды табу қиын.

Бүлдіршіндердің де, жастардың да, жасамыстардың да, қариялардың да «тілін таба білетін», көңіл түкпірлеріндегі сырларына қозғау салатын өлеңдерінің табиғатына үңілуді, қанығуды әдейі келесі кезекке қалдырып, ең алдымен басқа бір қырларына назараудартуымыздың оғаштығы болмас. Осы орайда, қызығатын бір нәрсе – ақын адресіне келетін оқырман хаттары-тұғын. Мұның ләзі әртүрлі мінез сипатымен құнды. Қазіргі хат жазысу саябырлаған тұста, шұғыл хабарларды телеграф, телефонның көмегі арқылы жүзеге асыратын кезде кім-кімнің де байырғы дәстүрден бой суытқан сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, Қ.Мырзалиевтің әр жылдарда оқырмандарынан алған хаттары баршылықкекен. Олардың да Қадырға тән ұқыптылықпен жүйеленіп, кейбір өзекті ой айтылатын тұстарында сөйлемнің асты сызылып, кәдеге жарап қалар-ау дегендері мәшіңкеге басылып, әзірленгенінің куәсі болдық. Өз рұқсатымен алып, оқырмандар сырына ортақтастық. Ал, ақын туралы әңгімемізге тікелей қатысы болғандықтан, олардың бірнешеуімен таныстыра кеткен де артық емес сияқты.

«Қадыр Мырзалиевті әлі күнге дейін көрген жоқ едім. Естуімше, ол әлі жас болса керек. Бірақ, шығармаларын оқып қарасам, маған үлкен ой иесі сияқты көрінеді. Тек маған ғана емес-ау, қарақалпақтар арасына журнал, газет беттерінде шыққан және кітап болып шыққан өлеңдері тез таралып

кетті. Әтте отырыспаларда да кейбір адамдар сөз етіп, өлеңдерінен мысалдар айтып отырады...

« Оқып көрсем Қадырдың бір кітабын,  
Гауһар сөздің бұлағын бұрқытамын.  
Мені де жұрт шайыр деп тани қойса,  
Қадырдың өр талантын пір тұтамын!

Тілеуберген Жұмамұратов,

Қарақалпақ АССР-інің халық ақыны,  
Нүкіс қаласы, 23 октябрь, 1967 ж.»

Бұл хат – шалғайдан естілген жанашыр, тілектес үннің бірі. Байсалды баға берілген. Хат «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына жолданған.

«Шынымды айтайын: газетте жарияланған бұл өлеңдердің («Лениншіл жас», «Жетісу» газеттерінде шыққан өлеңдер туралы Ә.Қ.) мені қатты қуантты, шаттық сезімге бөлегендей болды. Өлеңдеріңді оқып шыққан бойда: «Ай-да молодец! Міне, ақын! Міне, жігіт!» – деген сөздер ғана ойыма орала берді. Осы өлеңдеріңмен сенің тағы бір шыңға көтерілгеніңді көргендей болдым, ойың өсіп, ақындық өнеріңнің мұнараланып кеткенін байқадым.

Тағы бір шындықты айтайын: сен бір өлеңнен екіншісіне, бір жинағыңнан екіншісіне дейін үдете өсу үстіндесің. Бір қалыпта қалмай, құйындата самғаудасың. Биіктен биікке, асқардан асқарға көтеріліп барасың. Осыныңа қуанамын, разы болам...

Мәлік Ғабдуллин,  
Ғалым, Совет Одағының Батыры.  
Алматы қаласы, 14 ақпан 1969 ж.»

Мұнда ағаның ініге деген, талантты жастың қадамына деген ықыласты пейілі, сүйсінуі, құптауы риясыз жеткізілген емес пе! Ал мына бір хатты алғанда халқының дала мінез дарқандығын әспеттейтін ақынның алғаусыз көңілден балаша мәз болғаны күмәнсіз. Оқиық:

«Сіздің «Дала дидары» атты кітапшаңыз маған қатты әсер етті... Біздің елге қай уақытта болмасын бір орайы келгенде бірнеше жолдасыңызбен қонақ болып кетіңіз. Қанша сумма болса да жол ақысын өзім жіберемін.

Байдас Жандәулетов,  
Қостанай облысы, Амангелді ауданы,  
Крупская совхозы № 2 бөлімше.  
21 ақпан, 1970 ж.»

Хаттар жеткізетін сыр әр алуан. Авторлары – әр түрлі кәсіп иелері. Әйтеуір, әдебиетті сүйетін жандар.

– Кейбір хаттарды кітаптарыңа жазылатын жадағай мақтау, жалаң даттаулардан артық көресің. Өйткені, бұдан бүкпесіз сезімің сәулесі себездейді – дейді ақынның өзі.

Осыдан бірнеше жыл бұрын жолығысудың реті келіп, әңгімелескенімізде (диплом жұмысыма байланысты) ол: «Жерұйық –

Қазақстан туралы, «Алақан» – Орта Азия республикалары жөнінде поэтикалық суреттер түзілісінен тұратын болса, алғы жылдарда «Қап тауы», «Орман» атты екі кітаптан тұратын «Одақ» атты көлемді дүниені жоспарлап отырғандығын, түпкі арманы – «Жұмыр жер» деген әлем халықтарының салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігін қамтитын полотно жасау екендігін айтқан еді.

– Бұл ойымнан айныған жоқпын, – дейді ақын. Бірақ кешеуілдеуімнің себептері бар. Асығыстық шарттылыққа ұрындырмақ. Ал, шарттылықтан жасандылықтың ауылы алыс емес. Ойдағынды орындап тастағанға не жетсін! Әйтсе де, көптен мазалап жүрген бір өлеңді кимелеп екінші өлең одан бұрын дүниеге келетіні сияқты, аталған кітаптарды жазу үстінде қоса-қабат өмірге келген өлеңдердің жүйеленуі арқылы «Қорамсақ» пен «Көкпар» атты жыр жинақтарым жарық көрді. Сондай-ақ, уақыт талабына сай, дер мезетінде, белгілі бір оқиғаларға үн қосуға ақын ең алдымен міндетті деп есептеймін. Үстіміздегі жылы «Жалын» баспасынан жарық көрмек «Қызыл кітап» осындай ойдың жемісі. Жалпы өлең формасына ізденістер енгізу өте қиын. Бәрібір ізденгіш дарындар эксперименттен ешуақытта қашпайды. Мен жыр жинақтарымның композициялық құрылымдарына қатты көңіл бөліп келемін. «Дала дидарынан», «Домбырадан», «Жерұйық» пен «Алақаннан» бұл анық байқалады. «Қызыл кітаптың» идеясы атынан-ақ түсінікті ғой деймін. Бұл сөз қазіргі таңда «Көзіңнің қарашығындай сақта!» деген ұғымға ие. Осыған әлеуметтік салмақ үстейтін болсақ, адамгершілік қасиеттерді, озық дәстүрлерді қорғау, қастерлеу дейтін парыз оянбақ. Негізгі көздеген нысанам да – осы тұс.

Қазақ телевизиясы былтыр Қадыр Мырзалиевтің авторлық кешін телекөрсетімдер назарына ұсынған-тын. Сонда «Сіздің жиі қайталап оқитын кітаптарыңыз бар ма?» деген мағынада бір сұрақ қойылғанда ол өзінің әдебиетке алғаш қадам басқан кезінде Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықты?», С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романдарын бес қайтара, он қайтара оқыса да жалықпайтын бір күй кешкенін, ал қазір дәл сондай қайталап оқуды мүлде қойғандығын айтқан. Соңғы жылдарда өзіне қатты ұнаған шығармалардың бірі – Арсеньевтің «Дерсу Узала» повесі екен. Авторының әдебиетші емес, белгілі бір саланың маманы болуы және оның қаламынан бүкіл өмірін әдебиет жолына арнаған кейбір жазушылардың еншісіне бұйырмаған көркем туынды шығуы таң қаларлық – дейді ол. – Бірақ, осы кітапты да бір оқығаннан кейін бетін жауып қойдым. Бәлкім, бастан-аяқ қайта қарасам да әуелгідей сүйсіне үңілмейтінім сөзсіз.

Бұл пікір жақсы туындыларды неше қайтара оқығанда да құны кемімейтіндігін мансұқтау деп ұқпау керек, жалпы алғанда алғашқы қабылдаудың орны бөлек, ыстық, айрықша болатындығына саяды.

Ақынның кімдердің творчествосын дәйім құрметтеп, жіті қадағалап, зерде сүзгісінен өткізіп отыратынын білу де қызықтырған. Ол былай дейді:

– Талғамның өзі танымның деңгейіне тікелей тәуелді. Таным кеңейген сайын талғам да жоғарыламақ. Таным шексіз. Абайдың өлеңдерін мектеп қабырғасында жүргенде оқыса да өлеңге құмар оқушы оның ұлылығын көп кейін, поэзияның мол кәусарынан сусындап барып түсінбек. Сол сияқты мен

де әр жылдарда Твардовскийдің, Ғамзатовтың, Прокофьевтің, Тихоновтың, Вас.Федоровтың, Смеляковтың жырларынан жаңалық тауып, құлай құмартып оқып келгенім рас. Бертін келе Евтушенко мен Вознесенскийдің өлеңдеріне өзгеше үмітпен қарайтын болдым. Меніңше, орыста ұлы ақындар көп, солардың ішінде ұлт ақындары аз. Пушкин, Некрасов, Есенин, Твардовский – осы төртеуінің творчествосы ұлттық бояу-нақыштарға орасан бай. Навои, Низами, Физули сияқты ұлы ақындардың жырларында да шығыстық сарын басым көрінгенімен ұлттық ерекшеліктер айрықша көзге шалынбайды. Ал, Абайдың жөні бөлек. Оның жырларында қазақ халқының тек өзіне тән салт-сана, дәстүр ерекшеліктері, ұлттық психологиялық рухы айқара ашылады. Абайдың басқа халықтардың тіліне аударылуының қиындығы да осында жатқандай. Мен бұған, әсіресе, Сергей Есениннің таңдамалы өлеңдері мен поэмаларын қазақша сөйлеткен кезде көз жеткізгендей болдым.

Өткен жылы жарық көрген «Сөз сиқыры» атты жыр туралы кітабында Қ.Мырзалиев поэзияның қазіргі тыныс-демiне зерделiлiк дүрбiсiмен үңiлген. Ақиқаттан ақық жырлар қашауды мұрат тұтатын ақынның бұл тағы бір қыры. Қай кезеңде болмасын тұлғалы суреткерлер өздері өмір сүретін қоғамдағы әдеби процеске сыншылдық көзқараспен қараған ғой. Осы нышанды Қ.Мырзалиевтен де байқаймыз. Өзінен бұрынғы, тұстас, кейінгі буын ақындардың өлең өрісіндегі ізденіс, жетістік, кемшіліктері сараланған әр жылдарда жазылған сын мақалаларын ұтымды, шебер жүйелеп, топтастырған. Объективті және субъективті ойларының қайшылығы болуы да заңды сияқты.

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Қадыр Мырзалиевтің жеке өлеңдері, жыр жинақтары жөнінде тарқатылар ойлар алуан. Ал, ақынның сәтті теңеу, метафора, эпитет, образды сөздері қаншама! Осының бәрі тұтасып келгенде күрделі де қызықты сырлы әлем құрайды. Жырларындағы дархан даланың кешегісі мен бүгінгісі, мезгіл мақамдарынан биік тұрған уақыт рухы, қазақ халқының ұлттық этнографиясы мен психологиялық күйлерінен тамыр алған интернационалдық, гуманистік сипат аса шырайлы, шуақты, жарқын. Әу бастан-ақ оның творчествосына тән қасиет – тапқырлық. Тақырып таңдаудан бастап ой тамшыларындағы дәлдікке дейін мұқият болуды қадағалайды. «Қызды гүлге теңеген бірінші ақын, әрине, данышпан. Ал, оны қайталау данышпандық емес, сорлылық» дейді ол. Тың, тосын, соны ой оралымдарының молдығы жағынан оның творчествосы қазіргі қазақ поэзиясында айрықша көңіл аударады.

Судың түп-тұнық, мөп-мөлдір екендігін айту үшін «түбінде жатқан тас көрінеді» десе селт ету қиын. Өйткені тасты көру – бізге таныс сурет. Ал,

«Сүңгіп кетіп,

су түбінде,

Болады ине сабақтауға!» десе ше?!

Тапқырлығына тәнті боласыз. Сондай-ақ, басқаларға таныс жайлардың ішінде елеусіз қалып, айтылмай келе жатқандары да бар. Мәселен,

«Өркеш-өркеш таулардан  
Ирек-ирек көкжиек».

Мұны тек суретшінің көзімен ғана қарау, көру деу ләзім. Халық даналығы дүниеге әкелген нақыл, мақал, мәтелдермен тектес, туыстас, тамырлас қанатты сөздерді Қадырдың жыр шумақтарынан молынан ұшыратамыз, жұрт аузынан көп естиміз. Солардың бірқатары мыналар:

«Жүректен шықпаса,  
Жүрекке жетпейді».

«Адам боп оңай туғанмен,  
Адам боп қалу көп қиын».

«Халықтың ұлы болмасаң,  
Менің де ұлым емессің».

«Үлкендерді көріп жүрмін досы жоқ,  
Доссыз бала көрмеп едім өмірде!».

«Әдемі қызды көргенде,  
Ақылды қызды аяйсың».

«Қай жұмыс та лайық азаматқа,  
Өзі лайық бола алса жұмысына!».

«Ақыл азған кезінде,  
Айналады қулыққа».

Биіктен құламайды,  
Биікке шықпағандар».

Тізе берсең түгесілмес. Үйір-үйір, шоғыр-шоғыр, десте-десте. Творчествосы толысқан, поэзиясының құпиясы мен қалтарысы мол, өлеңдерінің тысы – қарапайым, астары – асыл ақынға қоятын сауалдарымыз алуан түрлі-тұғын. Оның бәрін санамалап шығудың өзі оңайға түспес. Әрі ақынмен әңгіме кезінде де көп уақытын алмауға тырыстық. Бәлкім, ол ұшқыр қиялдың ұшқын ойларын ақ қағазға түсіріп қалуға асығып отырған болар. Ал, оның көкейіңіздегі көп сауалдарға қайтарар айқын да нақты жауабын жырларынан-ақ табатыныңызға күмәнданбаймыз. Көрелік.

Сұрақ: – Сіздің өлеңдеріңіздегі ойлылық, әу бастан-ақ тілге тиек болып келеді. Кей-кейде, бұл лапылдаған сезім, нәзік эмоцияны ығыстырады деген пікірлер де айтылған. Бұған қалай қарайсыз?

Жауап: – «Тайыз жандар сенеді  
Тұрсаң көзді жуып кеп.  
Ойлы өлеңді сөгеді,  
Оның өзі суық деп.

Өнердегі иықты  
Ақынға бұл батпай ма?  
Ақыл – деген биіктік,  
Биікте қар жатпай ма!»

Сұрақ: – Қашаннан ақын жаны табиғатпен етене, ажыратқысыз ғой. Мұның себебін түсіндіріп жату артық шығар, дегенмен, осы бір ғаламат құштарлыққа Сіз қалай қарайсыз?

Жауап: Рұл емес,  
Мына маған бер қамшы.  
Мен боп саған айтар сырын бар малшы.  
Қайта туу мүмкін емес,  
Егерде  
Қайта туса,  
Болар едім орманшы!»

Сұрақ: – Ақын ретінде халықтар достығын жырлау творчествоңыздың ең бір өзекті арнасы. Ойыңыздағы «Одақ» жинағының түп қазық идеясы да осы екенін айтыңыз. Туысқан халықтардың біріне деген махаббатыңызды бір-ер шумақпен ғана қалай жеткізер едіңіз?

Жауап: – Мен қазақпын тауым биік, далам кең,  
Өлең-жырда қай халықтан қалам мен?»  
Сөйте тұра  
Жүз мың әннің ішінен,  
Қырғыз әнін іздеп тауып алам мен.

Жайқалғандай жастық шақтың құрағы,  
Жалт-жұлт етіп жанарыңның шырағы.  
Қырғыз достар ән салғанда бас қосып,  
Білмесем де, қосылғым кеп тұрады.»

Сұрақ: – Ешбір қателеспеу мүмкін деп ойлайсыз ба?

Жауап: – «Кез келгеннен торықсаң,



Күнің кұрсын! Жат өліп!  
Қателіктен қорықсаң, –  
Соның өзі қателік!»

Сұрақ: – Адамдар арасындағы қарым-қатынаста ең бір керек нәрсе?

Жауап: – «Сүтпен бірге анаң мейір емізген,  
Ақ ниетің кем болмасын теңізден.  
Өседі гүл күннің уыз нұрынан,  
Ал адамдар жылы-жылы лебізден.

Кім-кімнің де өнегелі бір ісін,  
Көре тұра көрмегендер кұрысын!  
Нең кетеді жақсы десең жақсыны?!  
Нең кетеді дұрыс десең дұрысын?!»

Сұрақ: – Әуелде балалар ақыны ретінде танылдығыз ғой.  
Бүлдіршіндердің бір тәтті қылығын еске түсіріңізші.

Жауап: – Азу тісім ауырды,  
Жатып қалдым бүк түсіп.  
Тауыстым бар сабырды,  
Бір жақ ұртым кетті ісіп.

Қарындасым монтиған,  
Мұны анықтап көрмейді.  
– Ұртыңдағы томпиған  
Кәмпітіңнен бер! – дейді.»

Сұрақ: – Көп тіл білуге құмартқан жоқсыз ба?

Жауап: – «Бес тілден де,  
Он тілден де пайда жоқ,  
Ең ұлы тіл –  
Адам тілін білмесең.»

Сұрақ: – Жырларыңыз халқымыздың арғы, бергі тарихы жайлы көп  
сыр шертеді. Сонда бір байқалатыны – дала әуендері бәрінен асқақ. Осынау  
ойды қалай түсіндіресіз?

Жауап: – «Боз жорға, боз інгенді, боз торғайлы,  
Боз дала, ием саған боз басымды!»

Қазақ КСР Мемлекеттік және Қазақстан Ленин комсомолы  
сыйлықтарының лауреаты, ақын Қадыр Мырзалиевтың жырларын күрмеуі

көп тірліктің тайталасындағы жарыққа, жылуға, жақсылыққа құштарлықтың үні деуге керек.

Өлеңді өмірлік мұраты тұтынатын ақын басқа жанрда да қалам қайратын сынап көрсе ше? Әуелде тосырқай қарағанмен, кейіннен тура төрелігін айтар көпшілік. Қазір астанамыздағы Жасөспірімдер мен балалар театрының сахнасында оның «Сақал саудасы» атты пьесасы бойынша әзірленген спектакль жүріп жатыр. Зал тола көрермендердің арасында пьесаның авторы да отыр. Ол өзгеше бір күй кешуде. Өзінің еңбегіне басқалардың көзімен үнілуде. Өлеңде де солай болатын. Өмірде де ...

1983 жыл.

## ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ ҚАРА БУРАСЫ

Таудай едің, таудың алып тумасы,  
Нағыз қазақ едің сөздің турасы.  
Қыр басында нағып шөгіп жатырсың,  
Ей, Өлеңнің буырқанған бурасы!

Жәркен Бөдешұлы.

Шалғай ауылда қазақ мектебін бітіріп, одан соң білім қуып Алматыға келген жиырмасынша ғасырдың жетпісінші жылдарындағы студенттерді – біздерді бір ғажайып әлем құшағына тарта жөнелгендей еді-ау. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып жүргендіктен де әдебиет әлеміндегі әрбір дыбысқа елеңдеп, әрбір жарқылға жалт қарап, әрбір жаңа шығарманы қалт жібермей оқып, қызу айтыс-талас үстінде оң-солымызды тани бастағанбыз. Әсіресе өлең өнері өзгеше сиқырмен баурай жөнелген. Алдымен Абай ақсақалды «тыңдап» көргенде, батырлар жырын, ғашықтық дастандарды жаттап өскен басымыз, сәл тосырқап, сәл ауырлап, қайта айналып соғармыз деп, басқа ақындарды іздей бастағанбыз. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жырларға сусап, Қасым мен Сырбай, Сағи, қадыр, Тұманбай өлеңдерін жедел «тауысып», Фаризаның жырларындағы асау ағыстар таңырқатып, Төлегеннің «сылдыраған өңкей келісімі» тамсандырып, Мұхтар Шахановтың сахнадан оқығанда қалың жырсүйер қауымды қатты баурайтын драмалық балладалары ерітіп әрі еліктіріп жүргенде Мұқағалидың мұңды сарынына жолықтық.

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Мен сені сезесің бе, неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім...

Біз де арман қуған, қиял қуған, жоқ іздеп жұмбақ сапарға шыққан жас жолаушылар едік. Поэзияның ауылын біз де шарқ ұрып іздеп жүргенбіз. Бізбен бірге жоқ іздесетін адам табылғанына қуандық. Бірге іздесек, бірге

сапарлас болсақ деп үміт отын жақтық. Бірақ бұл кезде Мұқағали біз секілді жиырмаға әлі толмаған түбіт мұрт бозбала емес, қырықтағы қылшылдаған қайқы қылыш екен. Ол біресе, бала көңілмен, біресе дала көңілмен, жалпы дана көңілмен жырлар жазатын үлкен ақын екен. Ол:

Ойлы жас! Өлең менің бар тынысым,  
Жақсы сөзім – жаны игі халқым үшін.  
Атақ қуып, бақ қуып, даңқ қуып,  
Біреулерден жүргем жоқ, арту үшін, –

деп соңындағы жас толқынға сөз арнай бастапты. Ол:

Махандар жоқ!  
Махандардың сарқыты –  
Мұқағали Мақатаев бар мұнда! –

деп ірі, кесек сөйлейді екен. Бірақ, бәрібір өлеңдері мұңға тұнып тұрады. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» дегенінде де әлдебір қимастық пен сағыныш, аңсау мен аңсар бар.

Жетпісінші жылдары Жазушылар одағының еңселі үйінің кең залында дүркіреген жыр кештері өтіп тұратын. Жоғары оқу орындары да ақындарды жарыса қонаққа шақырып, студенттердің алдында өлеңдерін оқыттырып, от алғалы тұрған жүректерге тамызық тастайтын. Оны айтасыз, студент жатақханаларында өтетін туған күн кештері, би кештерінің өзінде өлең оқылса ғана шырайы ашылып, сәні кіретін. Студенттер арасында өздері жақсы көретін ақынның жырларын жатқа соғатындарға да ерекше құрмет көрсетілетін. Ол бір жырға шөлдеген, өлеңге құмар қанбаған жылдар екен.

Көктем, көктем, япыр-ай, неткен көктем,  
Дүние, сен осындай көкпеңбек пе ең.  
Қымырандай ашымын қырға шығып,  
Еске түсіп қайдағы өткен-кеткен.

.....  
Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгертін тіршілік көгереді.  
Қу бұтағы арса – арса кәрі еменге,  
Білмеймін, осы көктем не береді?

Мұқағалидың мұңы – табиғаттың тылсым заңдылықтары тудырған мұң секілді. Біреулер «Мұқағали қоғамға риза болмады», «адамдардан көңілі қалды» деседі. Қай ақын өзі өмір сүрген заманға, қоғамға дән риза болып аттанған дейсіз. Айналасындағылар алдап, арбап, қай ақынның көңілін қалдырмады дейсіз. Бірақ солардың бәрі Мұқағали секілді мұңнан мұнара өрген жоқ. Бір қарағанда, Мұқағали өзінің мұңын, көңілдегі шерін, өкпесі мен ренішін қозғайтын секілді. Ал, шын мәнінде, ол сенің басындағы, менің

басымдағы сергелдеңдер мен адасуларды, қателіктерді мен күйініштерді, сағыныштар мен өкініштерді қалай дөп басқан?!

Басым бір шойын, аяғым менің қорғасын,  
Мезгілі толмай ілгері кетті он жасым.  
Неге сезбесін?!  
Сезеді жаным, сезеді.  
Баяғы жылдар қайтадан енді болмасын.

Тұйыққа келіп тіреліп тұрмын біртүрлі,  
Көзімнің нұры көңілімде қалды іркулі.  
Жылай да алмаймын, күле де алмаймын,  
О, досым!  
Тауып әкелші ұмыт қалдырған күлкімді.

«Қазақтың қара өлеңі қасиетім, Мұнда бір сұмдық сыр бар естілмеген» деп Мұқағали ақынның өзі айтпақшы, мына өлеңде де бір «сұмдық сыр» жатқанын біз бала жүрегімізбен сезініп, аң-таң қалғанбыз. «Күлкімді тауып бер!» деп тек қана жан дүниесі қаңырап қалған адам ғана айтса керек. «Күлкімді тауып бер!» деп тек қана ұйқысы қашып, ұзақ таңды кірпік ілмей атыратын бейбақ қана айтса керек. «Тауып әкелші ұмыт қалдырған күлкімді!» деп балалықтың балдәуренінен, жастық шақтың сал дәуренінен ұзап бара жатқан жан ғана қамықса керек, жабықса керек. Қалай болғанда да ақынның осы бір өлеңі арқылы біз мұзарт шыңдардан асып бара жатқан мұзбалақтың шаңқ еткен даусын естігендей болдық. Бізді Мұқағали өлеңдері бірте-бірте баурай бастады. Әрбір өлеңінде бір «сұмдық сыр» жатқандай, тезірік тануға, түсінуге, табуға тырыстық. Мұқағали поэзиясы тұңғыық сезімнің тау-тау толқындарын аспанға атқан, дауыл дөңбекшіткен теңіз тәріздес еді.

Жапырақ жүрек жас қайың,  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын.  
Келісесің бе, жас қайың.

Кейіннен Мұқағалидың осы «Өмір сүрейік алмасып» атты өлеңіне Асқар Сүлейменов аса жоғары баға бергені есімізде. Ал бұл өлеңге дейін Мұқағали ақын үнемі сатылап өсу үстінде болғанын аңғарамыз.

1974 жыл. Қоңыр күз. Қазан мейрамының о жақ-бұ жағы. Бізге – студенттерге ең үлкен мейрам – стипендия алған күн еді ғой. Алматыдағы қазіргі Бөгенбай мен Желтоқсан көшелерінің қиылысында шағын қонақ үй болды. Соның астыңғы қабатында буфет және асхана бар. ҚазМУ-дың студенттері оны «Шахта» деп атайтынбыз. Стипендия қолымызға тиіп, төрт-бес жігіт әлгі асханаға жеттік. Бірер шиша шарап алдық. Дуылдасып отырмыз. Бір кезде шеткерірек, оңаша столда, жалғыз өзі ойға шомған, ат

жақты, қалың қасты, алпамсадай жігіт ағасына көзіміз түсті. «Мұқағали» деді біреу ішімізден өз сөзіне өзі сенер-сенбесін білмей. Мұқаң даяшы қызды жанына шақырып алды да, құлағына әлденені сыбырлағандай болды. Қыз не кетіп қалмай, не отырмай – әрі-сәрі күйде тұрғандай көрінді. Сәлден соң Мұқаң зор қоңыр дауысымен өлең оқи жөнелді. (Қазақ радиосында диктор болып қызмет істегенін кейін білдік қой.) Өзі таудан құлаған тасқындай адуынды өлең болса, оны кәдімгідей кәсіпқой диктордың даусымен ақынның өзі оқыса – әсері қандай болатынын аңғаратын шығарсыз. Асханада тылсым тыныштық орнады, тек Ақынның сиқырлы өлең шумақтары ғана ауаға тарап жатты. Бір өлеңмен тоқтаған жоқ. Іле-шала екінші өлеңін оқи жөнелді. Өлең Алматы туралы еді. Әсем Алматыны, Сұлу Алматыны әсерлі суреттеп келе жатқан Ақын кенет соңғы шумақтың екі тармағын:

Алатаудың сыз өтеді арқасынан,

Алматы күйлеп шатыр шалқасынан...

деп, және екі тармағын ауызша ғана айтылар оқыс теңеумен аяқтағанда, асханадағы жұрт қозғалақтап, булыға күліп, жөтел қысып, дабыр-дүбір әбігерге түсті де қалды. Даяшы қыздың асханадан қалай ытқып кеткенін де байқап үлгермедік. Ортамыздағы тіс қаққан қулардың бірі Мұқаңның қасына жетіп барып, қолын алып, қояр да қоймай біздің столымызға шақырды. Әп-сәтте Мұқаңды төрге оздырып, тағы да бір-екі шиша қызыл шарап алдырып, айғыр стақандарға толтырып-толтырып құйдық та, Ақыннан сөз күттік. Мұқаң асықпады. Алдымен өзінің алдында шүпілдеп тұрған қырлы стақандағы қызыл шарапты басқа стақанға бөліп құйып, ортайтты. Содан соң оған үлкен қасықпен бір қасық тұз салды, бір қасық қызыл бұрыш салды, бір қасық қыша (горчица) қосты және бір қасық сірке суын (уксус) құйды. Бізде үн жоқ. Деміміз ішімізде. Көзіміз атыздай. Мына зәһарды қайтып ішеді деп уайым жеп отырмыз.

– Мұны «тұздық» дейді! Білесіңдер ме? – деп Мұқаң енді жаңағы өзі дайындаған «тұздығын» біздің алдымызға буы бұрқырап келе қалған лағманның үстіне құйып-құйып бергені. «Ү-у-үх!» дедік сонда жеңілдеп. Сол «тұздықтың» дәмі таңдайымнан әлі күнге кеткен жоқ.

Бұл – Мұқағали ақынды алғаш көруім. Кейін биік мінбелерден күркіреп өлең оқыған сәттеріне куә болдым. Соңына еріп, бірге жүре алмадық. Бір-ақ рет «тұздықтас» болғанымды еске алып қоямын ылғи.

Мұқағалидың ақындық, адамдық қасиеттері жөнінде ол өмірден өткен соң көп жазылды, көп айтылды. «Жазылар есетліктер мен туралы» деп өзі де аңғартқан ғой. Айтыла да, жазыла да берер.

Мұқағали Мақатаев – өзінің жан құпиясын жалпақ жұртқа жайып салған, сонда да жұмбақ күйде қалған ақын.

Мұқағали «Барлық ақын баласы бір ананың» дегенде де Адамдықтың, Адалдықтың, Ақындықтың бірге туысатындығын аңғартып отыр. Бойында адамдық қасиеті жоқ жан иесі ешуақытта Ақын бола алмайды.

1979 жылы Қазақ телевизиясының Жастар хабарлары Бас редакциясында қызмет істеп жүргенімде «Арай» дейтін телебағдарламаның

аясында Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған теле-толғау жазып, қазан айының соңына таман көгілдір экранға шығарған едік. Хабарға ақсақал-ақын Әбділдә Тәжібаев, Мұқағалидың Қарасазда тай-құлындай тебісіп бірге өскен досы, кейіннен ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған Әбдіке Асанов, қазақтың көрнекті ақын қызы Фариза Оңғарсынова, ақынның жары Лашын Әзімжанова қатысқан еді. Әншілер Бақыт Әшімова, Жұмат Махамбетов Мұқағалидың өлеңдеріне жазылған бірнеше әндерді («Кел, еркем», Алатауыма», «Саржайлауым», т. б.) орындады, Мұқағалидың соңында қалған мұрасы, өмірмен өзектес өлеңдерін актерлік өнерге талпынып жүрген студент-жастар Ерік Асқаров пен Жібек орындаған еді.

Сол телетолғау көгілдір экраннан бір-ақ рет көрсетілді де, «жоғарыдағылар» жақтырмауына байланысты назардан тыс қалды. Қайталап көрсетілмеді. Қорда сақталмады. Арада жиырма жылдан аса уақыт өткенде қолымдағы сарғайған сценарийімді парақтап отырып, біраз жайларды еске түсіріп, жадымда жаңғырттым. «Жоғалған пышықтың сабы алтын» дегендік емес, сол теле-толғауда маған ыстық, телекөрермендерге қымбат біраз жайттар жатқан еді.

Мұқағалидың оқырмандары жақсы қабылдаған «Әбділдаға» деген әйгілі арнау өлеңі бар. Тұлпар шығар құнанды құлын күнінде таныған да Әбекең болатын. 1960 жылы 18 наурызда шыққан «Қазақ әдебиеті» газетінде М. Мақатаевтың бір топ өлеңдері Ә. Тәжібаевтың сәт-сапар тілегімен басылған еді. Телетолғауда Әбділда ақын Мұқағалидың қалдырған мұрасының құндылығын айтқан. Ауруханада жатқанда жазған Мұқағалидың өлеңдерін қолжазба күйінде оқып, баспа орындарына хат жазып, 20 мың жолдай асыл қазынаның кітап болып шығуына мұрындық болғанын жасырмаған. Әбекеңнің осы телетолғауда тебіреніп отырып жеткізген ойлары кейіннен 1982 жылы жарық көрген Мұқағали Мақатаевтың «Соғады жүрек» атты екі томдық жыр кітабына жазған алғысөзіне арқау болғанына куәміз.

Мұқағалидың балалық шағын, Қарасаздағы қимас күндерді еске ала әңгіме шерткен Әбдіке Асанов бір фото-сурет көрсетті. Балалық шақтан бір белгі. Мұқағали мен Әбдіке қатар отырып түскен. «Онда тұрған не бар?» деуіңіз мүмкін ғой. Иә, мәселе, әлгі фотосуретті бүкіл телеэкранды тұтас алып (ірі планмен) көрсеткен кезде Әбдікенің: «Мына фото-суретке түскеніміз үшін фотоға бір серкеш бергенбіз» – деген сөзінен шықты. «Бір фотосуретке бір серкеш бергені қалай? Неге? Не үшін?» дейміз ғой баяғы. Сонда Әбдікең әңгіменің майын тамыза отырып, мынадай ғәп қозғаған. Елуінші жылдардың бас кезі болса керек. Соғыстан соңғы жүдеу ауыл. Жарым көңіл жандар. Соғыстан оралмағандардың орнын толтырар жеткіншектердің құлақтары енді-енді қалқия бастаған кез. Мектепке барып, тіл сындырып, білім қуа бастаған кез. Бір күні шалғай түкпірдегі Қарасазға бір фотограф келіпті. Фотосуретке түсу – таңсық. Ауыл абыр-сабыр. Ауылды аралап, әр үйге бас сұғып, фотограф жұрттың иығына ең әдемі деген киімдерін ілгізіп, асықпай суретке түсіреді. Мұқағали мен Әбдіке, басқа да ауыл балаларымен бірге, фотографтың соңында күні бойы салпақтайды.

Фотограф та бір қу болса керек. Балаларды әбден қызықтырып, алдандырып, содан соң бір-бірлеп үйлеріне жұмсайды. Тиын-тебен болмаса, әртүрлі асыл зат, киім-кешек, т.б. өзіне керекті нәрселерді де ала береді. Кезек Мұқағали мен Әбдікеге келгенде: «Фотоға түскілерің келеді ғой, ә?!» – дейді. Бұлар: «Иә» дейді жамырасып. «Ақысына не бересіңдер?» Екеуі бір-біріне қарайды. Қалталарында жалғыз кеней сақа мен бір-ер асықтан басқа түк жоқ. Бір кезде Мұқағали: «Біздің үйде бір ақ серкеш бар», – дейді шұғыл шешімге келіп. «Ақ серкешті алып келіңдер!» дейді фотограф. Мұқағали мен Әбдіке үйдегілерге айтпай, ақ серкешті бақыртып, мүйізінен сүйрелеп ауыл сыртына алып шығады. Фотограф бұларды қатар отырғызып суретке түсіреді де, ақ серкешті алып кете барады. Арада біраз күндер өткен соң суреттерін шығарып, әкеп береді. Міне, бір серкеш беріп түскен фотосуреттің тарихы осындай екен...

М.Мақатаев шығармашылығына арналған бұл телетолғаудың сценарийін жазып шыққаннан кейін «Құрдастар» Жастар бағдарламасы бас редакциясының бас редакторы Құсыман Игісіновпен, аға редакторы Фатима Бегенбаевамен ақылдасып, хабарды жүргізуге Фариза Оңғарсынованың келісімін сұрауға ұйғардық. Фариза апай «Сценариймен танысайық» деді. Мен сценарийімнің бір данасын апарып бердім. Оқып шығып, Фариза апай телетолғауды жүргізуге келісімін берді. Сценарийдегі «Ақын Ф.Оңғарсынова М.Мақатаевтың ауруханада жатқан кезінде өзіне жазған өлең-хатын оқып береді. Өлең-хат бұрын еш жерде жарияланбаған» деген сөйлемнің тұсына «Хабардың соңына таман» деген жазу түсіріппін. Сірә, солай келісілген болса керек. Телетолғауды Фариза ақын өте жақсы жүргізді. Университетті кеше ғана бітіріп шыққан менің сценарийімді үлкен ақынның негізге алып, одан ауытқымауы, бәрі де «сценарий бойынша» болғаны мені таңдандырды әрі поэзиясын құрметтейтін Фариза ақынның өзіне деген ілтипатымды арттырды. Ал телетолғауда Мұқағалидың ауруханада жатып ақын қарындасына жазған өлең-хаты:

«Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,  
Өмірде ақындардың бәрі жалғыз» –  
деп басталатын атақты өлеңі оқылған болатын.

Жігітінен қазақтың дос таба алмай,  
Қыз да болсаң мен саған сыр ашамын».

«Сен мені білесің бе, білесің бе,  
Жаралмаған жан екем күресуге.  
Бірі итеріп кеудемнен, бірі шалып,  
Тастағысы келеді күресінге.  
Фариза қыз, сен соны білесің бе?!»

Кейіннен бұл өлең Мұқағалидың екі томдық шығармалар жинағына кірді. Сазгер Әбүйірбек Тінәлиев ән жазды. Енді екі қазақтың бірі білетіндей.

1991 жылы 8 ақпанда «Лениншіл жас» газетінің әдебиет және өнер бөлімін басқарып отырғанымда М.Мақатаевтың бір топ жарияланбаған жырларына алғысөз жазып шығардым. Алғысөз мынау: «Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаев 60 жасқа толып отыр. Осы қазір ортамызда болмағанына налимыз, ал медет тұтарымыз – алып ақынның өзінің көзіндей көрінетін өркеш-өркеш өлеңдері. Халқынан қалтқысыз бағасын алған Мұқағали жырлары келер ғасырға керуен-көшін сенімді түрде ұзартып барады. Азаматтық пен адамгершілікті асқақ мұрат санаған ақынның жүрек сырлары шынайы болмысымен, ақиқаттың алдында аласармауымен қымбат, құнды.

«Айтып өткен ақында арман бар ма...» деп толғанған Мұқағали Мақатаев тоқырау кезеңінің мұз көбесі сөгілмей тұрған кезде де ащы ақиқатты күлбілтелемей, өзекжарды өлеңдеріне арқау еткені баршамызға аян. Міне, осы сөзіміздің дәлеліндей, сонау алпысыншы, жетпісінші жылдары жазылған бір топ өлеңдері қолымызға тиіп отыр. Ақынның жұбайы Лашын Әзімжановадан ат-түйедей қалап, сұрап алдық. «Жарық көруіне әлі ертерек болмас па екен?» деген сауалына: «Жоқ, енді кешіктірмеу керек» дедік. Өйткені, бұдан аз уақыт бұрын осы өлеңдерден діншілдік, құдайшылдық іздейтін дүмшелер табылар еді. Қазір «Құранның» өзін ана тілімізде оқи бастағандықтан, наным мен сенімге қиянат болмауға тиіс. Ал ұлы ақын Мұқағалидың дүниетанымы көкжиегін кеңейте түскендей. Ол – әрдайым адамгершілікке, имандылыққа, арлылыққа, азаматтыққа қылау түсірмей, адал болуға үндеген ойшыл.»

Бұл «Жарияланбаған жырлардың» табиғаты шынында да өзгеше еді. Оқырмандар «Мавр», «Ильич», «Чили–шуағым менің», «Апоссионата» секілді поэмалардың авторы «Я, Жаратушы Аллам!», «Бүкіл дүние мұсылмандарына хат», «Дін – ғылымның анасы» сияқты өлеңдер жазып қалдырады деп ойламаған да болуы мүмкін.

«Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,  
Өлмейтін, өшпейтұғын күнін білем.  
Таппайтын күнде тыным, түнде тыным,  
Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін», – деп,

«Мұхаммедтің үмбеті – мұсылманмын,  
Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.  
Алсын тағалам ант етем, ант етемін,  
Алла есімін кеудемнен ұшыраған күн.», – деп,

«Қаны аққан, қайран менің мұсылманым,  
Осы ма екі ортада қысылғаның?!  
Бейіштің ақ қанатты ақ құстарын,  
Айырып ұясынан ұшырғаның?!  
Бірігіндер, әлемнің мұсылманы,  
Құрбан болсын құдайым үшін жаның!!!



7 шілде 1970 жыл»,

– деп діни наным-сенімі жоқ адам айта алмаса керек. Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» десе, Мұқағали «Алла – ақиқат. Аллаға сеніп өтем» деп жазды. Ұлылар осылай да үндескен. Әсіресе, кешегі кеңестік идеология дәуірлеп тұрған тұста Мұқағалидың мұндай өлеңдер қалдыруын көрегендігі деп те, кеменгерлігі деп те қабылдауға хақылымыз.

Бірде ақын Қадыр Мырза Әлі ауызекі әңгіме үстінде «Мұқағали – субъективті ақын, мен – объективті ақынмын» деп қалғаны бар. Әзілі – шындай, шыны – әзіл. Бұл жерде Мұқағалидың жырлары көбінесе бірінші жақтан, яғни, «мен» деп жазылатындығына меззеу бар. Асылы, М.Мақатаев лирикалық «Мен», авторлық «Мен» дейтін мәселеде өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдырған ақын. Оның лирикалық «Мені» соншалықты қарапайым, асқақ әрі бейкүнә. Жастың да, жасамыстың да Мұқағали өлеңдеріне шөлдейтіні, сусайтыны содан.

«Мұқағали поэмаларының ең асылы, ең биігі деп мен «Моцарт. Жан азасы» мен «Аққулар ұйықтағанда» деген екі дүниесін атаймын. Бұлар алтын ішіндегі меруерттей сәуле шашатын ұлы дүниелер», – дейді ақын Тұманбай Молдағалиев. («Мұқағалиды ойласам», «Егемен Қазақстан», 1991.)

«Моцарт. Жан азасы» 1976 жылы Мұқағали мәңгілік қайтпас сапарға аттанған соң «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») жарияланды. Әрдайым асылдың қадірін кеш ұғатын, кеш бағалайтын «қалың елі, қазағы» қандай талантты ұлынан айрылғанын «Жан азасын» оқығанда ұққан шығар.

Бір күндік сәуле...  
Бір күндік жарық мекенім!  
Мәңгілік түнек – қапасқа қалай кетемін.  
Келмейді-ау тілім:  
Өлгеннен сұра дер едім  
Тірі жандарға  
Өмір дегеннің не екенін.  
Өмір дегенге  
Тірлікте, сірә, жетер ме ой,  
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой,  
Бекер ғой бәрі,  
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой,  
Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен ғой!..

Міне, Дантениң «Құдіретті комедиясын», Шекспирдің сонеттерін, У.Уитменнің өлеңдерін қазақшаға қапысыз аударып жүріп Мұқағали Мақатаевтың өзі де өнердегі шеберліктің биік шыңына көтеріліп кеткен еді.

Жазылар естеліктер нешелеген,  
Көрерміз оның бәрін пешенеден.  
Әйтеуір, білетінім бір-ақ нәрсе,  
Көшеді өлең немесе өшеді өлең –

дейді Мұқан.

Ақиық ақынға арнау өлең де, эссе де, естеліктер де әлі жазыла берер. Мұқағалидың өзі айтпақшы: өлең көше ме, өше ме – мәселе сонда! Ал М.Мақатаевтың жырлары күндегендерге – көктен түскен жасындай боп, күткендерге – мәңгі тозбас асылдай боп, XX ғасырдан XXI ғасырға бар бояуын жоғалтпай көшкені анық. Жыр көші.

2001 жыл.

## ӘУЕН ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

Мұқан Төлебаев! Бұл есім қазақтың профессионалды музыка өнері, ұлттық операмыздың қалыптасуы мен өркендеуі, әуен әлеміндегі нұрлы ағыстар туралы әңгіме болған кезде әрдайым алдымен аталады. Оның үлкен себебі де бар. Біз кезінде қазақтың «500 әнін» және «1000 әнін» нотаға түсіріп, одан соң: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді», – деген А.Затаевичке тек қана рақмет айтамыз. Ал ұлттық әдебиет тек қана фольклормен, ауыз әдебиетімен асқарға шыға алмайтыны сияқты, ұлттық музыканың да өрлеу сатылары профессионалды жоғары деңгейімен бағаланады. Бұл орайда көрнекті қазақ композиторы Мұқан Төлебаевқа көрсетілетін құрмет өзгеше болуы заңды да. Оның музыканың әр түрлі жанрларын кең қамтыған кең тынысты шығармалары – әндерінен операларына, камералық шығармаларынан симфонияларына дейін туған халқының тағдырымен жұптасып, махаббатына бөленіп, одан соң шетелдердегі музыка сүйер қауымының да талғамынан шықты. М.Төлебаев шығармашылығындағы айтулы шың – 1946 жылы дүниеге келген «Біржан-Сара» операсы. Содан бері жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де бұл операға деген құштарлық арта түспесе, кемитін емес. Мұның сыры неде? «Операны түсінбеймін» дейтіндердің өзі «Біржан-Сара» операсынан үзінді тындаған кезде көздері жайнап кетеді. «Егер кім де кім Бах пен Моцарттың, Бетховен мен Шопеннің, Чайковский мен Мусоргскийдің музыкасының рухани қуаты мен сұлулығын өмір бойы сезіне алмай өткен болса, бұдан не Бах, не Моцарт, не Бетховен, не Шопен, не Чайковский, не Мусоргский кішірейіп қалмайды. Олар әрқашанда ұлы және құдіретті қалпында қала береді. Сондықтан бұларды өмірде елемеген және олардың өнеріне жанаса алмаған адам көп нәрседен құралақан қалып, өте көп нәрсе жоғалтаныны анық», – депті бір дуалы ауыз. Осыған орайластырып айтар болсақ, М.Төлебаев тәлімі де әрбір қазақ үшін тылсым да терең, бай қазына.

Ермек СЕРКЕБАЕВ, халық артисі, Еңбек Ері: – Мұқан қазақ өнерінің тарихында қалған үлкен азамат, белгілі композитор. Жасым кіші болса да мен ол кісімен жақсы жолдас болдым, бір үйде көрші тұрдық. Мені өзі өте жақсы көруші еді. Радиода бірге қызмет істедік. Диктор болып жүргенімде менің даусыма қатты көңіл аударып, болашағымды болжап, опера театрына алып келген өзі еді. Өнердің адамы ғой. Өмірде мінезі өте қызық еді. Әкімшілік қызметке онша қыры жоқ болатын. Әрі ақын, әрі әкім боламын деу бекершілік. Талант көп қырлылықты, жан-жақтылықты жақтырмайды.

Мұны өз басыма қатысты да айтар едім. Талай рет маған театрға, тағы да басқа үлкен мекемелерге басшылық жаса деген кездерде тізгін тартып жүрдім. Мұқаң да таза өнер үшін жаратылған жан болатын. Тіпті, опера театрында директор болған кезінде шаруашылық жайын көп ойламайтын. «Бала, тауға барып, таза ауа жұтып қайтайықшы!» – деп аңсары басқа жаққа ауа беретін. Жақын тұтқан жанындағы адамдарға еркелейтін. Дариға жеңгемізді түнгі 11-12-лерде жұмыс орнында қалдырған партитурасын алып келуге жұмсап қинайтын.

Шығармашылық жөні бөлек. Бородин жалғыз «Князь Игорь» операсымен тарихта қалғаны сияқты, Мұқан Төлебаев, басқа туындыларын былай қойғанда, жалғыз «Біржан-Сара» операсымен өнер тарихымызда өшпейтін ескерткіш тұрғызды. Осыдан басқа ештеңе жазбаса да жұлдызы жоғары болар еді. Оның халқына берген негізгі туындысы – осы. Басқаларын санамалап жатпай-ақ қояйын.

Өз басым көп уақыт Мұқаңның тәрбиесінде болдым. Өнегесін алдым. Бәлкім, бүгінгі шыққан биігім үшін рухани сүйемелдеушілерімнің алдында қарыздар болсам, сол қарызымды өтеп жүрген болсам, ең алдымен Мұқаңды ауызға аламын.

Байғали ДОСЫМЖАНОВ, халық артисі: – Туған халқына көп шығарма жазып, аз еңбек сіңіретіндер бар, аз шығарма жазып, көп еңбек сіңіретіндер бар. Мұқан Төлебаев – аз жазса да саз жазған ұлы композитор.

Мен Мұқанмен Мәскеу консерваториясында бірге оқыдым. 1941 жылы соғыс басталғанда мен майданға аттандым да, ол денсаулығына байланысты Алматыға қайтты. Соғыстан жарақат алып, мен де Алматыға оралған соң екеуміз тығыз қарым-қатынаста болдық. Қиналған кездерінде қолымнан келгенше жәрдемді беріп тұрдым. Ол «Біржан– Сара» операсын сол бір ауыр күндерде жаза бастаған еді. Осы үлкен шығармамен қатар ол өзінің «Кестелі орамал», «Майданнан хат», «Соқ, барабан», «Жорық», «Тос, мені тос», т.б. ән-романстарын жазу арқылы замандастарының көңіл-күйін білдірді, жігерлендірді және өзі де өнердегі жанрлық түрлі ізденістерге барып жүрді.

«Біржан–Сара» операсын жазу кезінде Мұқан менімен көп ақылдасатын. Өйткені, Біржан партиясының иірім-қайырымдарын игеруге менің даусымның мүмкіндігін мұқият қадағалады. Көптеген композиторлар әншінің қарым-қабілетімен есептеспейді. Ал әншіге өлшеусіз салмақ түсірген кезде, мүмкіндігін ескермегенде, опера ойдағыдай шықпайды.

Мұқан бұл операны әуелде «Біржан» деп атаған еді. 1945 жылы театрға тапсырды. Комиссия қабылдаған кезде Сара рөлінде ойнайтын Күләштің өтініші бойынша және басқа да адамдардың ұсынысымен «Біржан– Сара» аталды. Бұл біздің өнеріміздің тарихында қазақ композиторының жеке жазған тұңғыш операсы еді. Ал оның музыка мамандары тарапынан, халық сынынан өтіп, әділ бағасын алуы тек тұңғыш болғандығынан емес. Бұл өзі италияндық опералардың үлгісіндегі дүние. Алғашқы қойылымынан бастап-ақ «Біржан– Сара» операсының айы оңынан туды. 1949 жылы операның авторы М.Төлебаевқа, қоюшы-режиссері Қ.Жандарбековке, Біржан рөліндегі

– Ә.Үмбетбаев пен маған, Сара бейнесін сомдаған – К.Байсейітова мен Ш.Бейсековаға, суретшісі А.Ненашевқа Мемлекеттік сыйлық берілді. Опера қазақ өнерінің зор табысы ретінде бағаланды. Содан бері сахнадан түспей келеді. Кезінде «Біржан–Сара» операсын Мәскеудің Үлкен театрында қоймақ болып, либреттосын аударып жатқандар жазықсыз жазаға ұшырап, қойылмай қалған еді. Кейіннен бұл операны Башқұрт театры сахнаға шығарды. 1974 жылы мен бұл операны қайта қойып шықтым. Бұрын 4 актілі еді, кейін екі бөлімді операға айналды. Дүние жүзіндегі кез келген ел итальян операларын қоюға тырысады. Ал әуенділігі, әсерлілігі жағынан «Біржан–Сара» да кез келген елдің сахнасына лайық дер едім.

М.Төлебаев – Республикамыздың қазіргі Әнұранының авторы. Қасына екі адамды қосып жазғанмен, шын мәніндегі авторы жалғыз, ол – Мұқан. Бұл да уақыт сынынан өтіп, лайықты бағасын алды деуімізге болады. Сондай-ақ оның «Коммунизм оттары» дейтін кантатасы (қазір басқаша аталуда) өте үлкен шығарма. Бұл шығармасы биылғы мерейтойы кезінде орындалатын болады.

1958 жылы Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін «Біржан–Сара» операсымен ашқанбыз. Біржан ролінде – мен, Сара ролінде – Роза Жаманова ойнаған еді.

М.Төлебаев өте еңбекқор композитор болатын. Әр жазғанына қатал сын көзімен қарайтын. Жүрекке жеткізіп жазатын. Шығармашылыққа жүрдім-бардым, қалай болса солай қарамайтын.

Мен өзімнің Мұқанға деген жолдастық парызымды өтеп жүрмін. «Біржан–Сараны» Германияға апарып қойғанымызда да жақсы бағаланды. Консерваториядағы ұстаздық қызметімде де шәкірттеріме көп айтамын, көп үйретемін. Бір арман – ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсын қолға алып, жазу үстінде, аяқтай алмай кетті. Қағазға түскені – Қодардың бір ариясы, әйелдер хорының бірізіндісі, содан соң Жантық пен Қарабайдың бір кішкене диалогы – бары сол. Тірі болғанда, халқына берері көп еді. Бір тәубе етерміз, оның мұрасы халқының жадында, жүрегінде.

Базарбай ЖҰМАНИЯЗОВ, Қазақстан Композиторлар одағының бірінші хатшысы: – 1939 жылы біздің шығармашылық Одақтың іргетасы қаланыпты. Бұрынғы ауызша, әуесқой, суырып-салма, жыршы-жыраулық дәстүрлер енді жаңа арнаға көшіп, кәсіптік шеберліктің қыр-сыры игеріле бастайды. Соған барлық күш-жігерін жұмсаған, өзінің қомақты үлесін, баға жеткісіз туындысын қосқан Мұқан ағамыздың еңбегі ешуақытта ұмытылмайды. М.Төлебаев, А.Жұбанов, Л.Хамиди, Е.Брусилловскийлер негіздеген профессионалдық музыка өнерінің көкжиегін кеңейте түсуіміз керек. Тек қана домбыра мен қобызды үйретумен шектелмей, музыка мектептерінде скрипканы, фортепианоны, т.б. меңгертуге тырысуымыздың бір сыры осында. М.Төлебаев тағлымы дала әуендерін еуропалық әуездермен әдемі үйлестіре білудің, үйлесімін таба білудің үлгісі. Әншілікке де, актерлікке де, режиссерлікке де жоғары кәсіби білім алу қажет. Сол арқылы мамандықтың құпия қалтарыстарына бойлап, жарқыратып жаңа қырларын ашуға болады.

Мұқан ағамыздың мерейтойын биыл ең алдымен жаз шыға туған жері – Талдықорған облысында атап өту, одан соң күзге қарай Алматыда өткізу көзделуде. Нарық экономикасының қиыншылықтарына қарамастан, халқымыздың өнеріне өлшеусіз еңбегі сіңген адамдарды еске алу, соңында қалдырған мұраларын жас ұрпаққа, жаңа ұрпаққа насихаттап, таныстырып отыру басты парызымыз. Біздің Одақ та Мәдениет министрлігімен, Консерваториямен, Опера және балет театрымен, т.б. шығармашылық ұжымдармен бірлесе, тізе қосып бірқатар мәдени шараларды атқаруды көздейді. Демеушілер тауып, М.Төлебаевтың шығармашылығын зерттеген өнертанушы мамандардың кітабын шығарсақ дейміз. Жаңа концерттік бағдарламалар әзірленбек. Композитордың тойына өнерсүйер қауым, туған халқы түгелдей атсалысуы керек. Талант – тәңірден болғанмен, перзент – халықтікі.

Жақында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен Талдықорған облыстық филармониясына аса көрнекті композитор Мұқан Төлебаевтың есімі берілгенін біліп, қуандық. Алматыдағы Мұқанның – Мұхтар Әуезовтің, Сәбеңнің – Сәбит Мұқановтың музей-үйлері орналасқан ең бір тыныш көше бұрыннан М.Төлебаев атында. «Өнер» баспасы бұдан бірнеше жыл бұрын «Нұрлы жүрек» атты естеліктер кітабын шығарған-тұғын. Композитордың өз шығармаларының толық жинағы мерейтойы қарсаңында қайта басылып жатса құба-құп. Оның әуендері ұлттық шеңберге сыймайды, ұлтаралық кеңістікке арналған деген өнертанушы маманның сөзі мені қатты ойландырған. Рас, ұлы әуен, сырлы саз аудармашыны қажет етпейді. Бірақ бұл әуеннің ұлттық тамыры жоқ деген сөз емес қой. Егер М. Төлебаев қазақ перзенті болмаса, «Біржан-Сараның» дәл қазіргідей құдіретті опера болып дүниеге келуі екіталай. Бұл әр әуеннің де өз топырағы болады дегенге саяды. Ал жалпыға бірдей түсінікті болуы – ұлы өнердің табиғатына тән қасиет. Ұлы шығарманы жұрттың бәрі түсінбеуі де мүмкін ғой... Бұл ішкі қарама-қайшылық емес. Ұлттық тамыры жоқ өнердің өрісі тар. Ал М. Төлебаев шығармалары – туған елінің тағдырымен тамырлас туындылар.

1993 жыл.

## ДАҒЫСТАН ДҮЛДІЛІ

Расул Ғамзатов! Қазіргі таңда бұл есім – қырық түрлі ұлт өкілдері тұратын Дағыстанның, тек қана Дағыстанның емес, Одақ әдебиетінің мақтанышы. Өлең-жырларының тамыры халықтық фольклордан нәр алған және халықтың арман-тілегін, үміт-мұратын жеткізуде Ғамзатов поэзиясының тәлімі ғажайып.

Ол бетпе-бет, бүкпесіз, ашық сырласуды ұнататын ақын ретінде танылды. Кавказ тауларының қойнауында жатқан кішкентай елдің тыныс-тіршілігі, оның адамдарының мұрат-мүддесі әлем әдебиетіндегі халықтық өрнектердің құлпыра түсуіне үлес қосады деп кім ойлаған. Бұл ретте, сөз

жоқ, Ғамзатов талантына тәнті боласыз. Ал, ақынның өзі әрбір табысты қадамын туған елінің тағдырынан тысқары қоймайды. Ол былай дейді: «... Мен жырдың күшін білемін, жырдың құнын білемін. Егер Дағыстанда жыр болмаса, оны бүгінгідей жұрт білмес еді. Алайда, сол таудың тар соқпағынан өлең бізді кең дүниеге алып шықты, өлең бізге достарды тауып берді».

Расулдың әкесі Ғамзат Цадаса – Дағыстанның халық халық ақыны болатын. Әкесінің өмірінің ғана емес, өнерінің де тамаша жалғастырушысы болған Расул да халық ақыны атанды.

Әке мен бала арасындағы ақындық өнер алмасуы қызығарлықтай. Халқына өлеңімен адал қызмет көрсетуді ең басты міндетім деп ұғынған Расул, мұны әке аманатымен ұштастырды. Екеуі бір болатын. Кезінде осыны жіті аңғарған ұлы Мұхаң – Мұхтар Әуезов:

– «Расул Ғамзатовтың «Әкеммен әңгіме» деген поэмасы бар. Ақын сөйлеп отырып халық алдында өзінің қандай парызы бар екенін, өз арын халықтың арымен салыстырғанда қарыздармын, соны түсіндім деп ақын әкесінің аруағымен сөйлеседі. Бұл үлкен серпінді, кең тынысты поэзия» – деген екен.

Ғамзатовтың жырлары сыртқы жалт-жұлтымен емес, ішкі бай мазмұнымен, философиялық ойларымен, шыншылдығымен баурайды. Цада аулынан қанат қаққан өлеңдері Одақ оқырмандарымен тез табысты. Әлем әдебиетінен өз тұғырын тапты. Жұлдызы жоғарыдан жарқырады. Қаламгердің өз пікіріне назар аударалықшы: «Ақынның семьясында туып-өскендіктен болар, өлең жазуды ертерек бастадым. Авар тілінде алғашқы кітабым жарыққа шыққан кезде жасым жиырмаға да толмаған еді. бірақ мен оны шығармашылық жолымның басталуы деп есептемеймін. Менің шығармашылық өмірім өлеңдерім жарияланған газетті жұртшылықтың темекі орау үшін пайдаланған кезінен емес, жырларымды зейін қойып оқыған сәтінен басталады...».

Расул Ғамзатов Буйнак педагогикалық училищесін бітіріп, бір жыл мұғалімдік қызмет атқарады. Қалыптасу кезіндегі үлкен бетбұрыс, маңызды белес Мәскеудегі Әдебиет институтында оқыған жылдар болғаны анық. Бәлкім ол жүрек ақыл мен білімге шөлдейтінін соғда аңғарған шығар. Бір мақаласында Р.Ғамзатов республика ақындарының Мәскеуде, Одақта танылуға құштар екенін, әу баста өзі де сондай пікірде болғанын, кейіннен ең алдымен ауылында, аймағында, туған елінде сені ақын ретінде мойындамаса, басқасының бәрі бекер деп ұққанын жазады. Оның өлеңдерінде тау да, теңіз де, аспан да, адамдар да бар. Соның барлығынан байқалатын бір нәрсе – дағыстандық леп, халықтық сарын.

Р. Ғамзатовтың творчестволық есею баспалдақтары әріден басталады. Жас ақын 1950 жылы «Мен туған жыл» атты жинағы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. 1963 жылы «Жарық жұлдыздар» кітабы үшін Лениндік сыйлықты иеленгенде оның жасы қырықтың қырқасына жаңа көтерілген кезі-тін. Ақын даусы уақыт мінбесінен асқақ естілді. Оның жалынды жырлары әдебиет әлемін бірден өлең еткізді.

Бірте-бірте Ғамзатов әдебиеттегі шын жанашыр достарын да тапқан болатын. Махачкаладан 1980 жылы жырақ көрген «Талантқа адалдық» атты мақалалар жинағында ол А.Фадеев, А.Твардовский, С.Маршак, К.Чуковский, Н.Тихонов, З. Смеляков, М.Светлов тәрізді тамаша ақын-жазушылардың ақыл-кеңесі, тағлымы жөнінде тебірене толғанады. Солар қалыптастырған әдебиеттегі игі дәстүрлер бүгін де жалғасын тапса деп, кейінгі буынға салмақ артатыны да сондықтан:

«Жыл сайын роман жазып, аз ғана уақыттың ішінде жеделдетіп эпопея, дилогия, трилогия беріп жататын кейбіра авторлардың қалай қуланатынына түсіне алмай келемін...

... Бұрын бізге өлеңдер мақал-мәтелге айналып, жұрттың тілінің ұшында жүруші еді, ал, қазір нақыл сөздерді, өткір сөздерді алып, содан ішектей созылған шұбалаңқы өлеңдер жазады».

1963 жылы жазушы Шыңғыс айтматов былай деді:

«Ақындар көп, өздерін ақынмын деп ойлайтындар да көп, Бірақ Расул Ғамзатов сияқтылар өте сирек кездесетін құбылыс. Ғамзатов сонысымен де бағалы, ол қайталанбайды, дара туған. Оның ұлттық қолтаңбасы өте айқын және сол арқылы әртүрлі елдердің оқырмандарына кең танымал. Оны алғашқы сөзінен, әуелгі өлең жолдарынан бастап-ақ танысың, ешкіммен шатастырмайсың. Таң алдындағы көптеген жұлдыздар арасынан ерекше жарқырап көрінетін Шолпан сияқты оның жарығы да өткір, тұрақты. Осылайша, табиғаттың өзі Ғамзатовқа аса бай, жан-жақты дарын сыйлаған, өмірге терең де ізгі көқарасын қалыптастырған».

Р. Ғамзатовтың өлеңдері мен поэмаларын түгелдей дерлік санамалап шығу, бір демде шолу жасау мүмкін емес. Ал, бір ғана «Менің Дағыстаным» атты еңбегінің алғашқы екі кітабы төңірегінде тарқатылар ойлар қаншама. Тағы да сол Айтматов «Менің Дағыстаным» жөнінде: Жанрлық ерекшелігі жағынан, шыны керек, бұл әлемдік әдебиетте бұрын болмаған туынды» деген. Ақын творчествосын зерттеуші, белгілі сыншы Қазбек Сұлтанов «Менің Дағыстаным» кітабын аз халықтың лирикалы-философиялық энциклопедиясы» деп анықтама жасаса, ақын Сергей Наровчатов Ғамзатовтың 5 томдық шығармалар жинағына жазған алғысөзінде (1-том) осы пікірден «аз» деген сөзді алып тастауға ұсыныс жасайды. Халықтық шығарма өзгелер жүрегіне осылай жол табады екен-ау.

Ғамзатов ғарышқа да ұшты! Қалай дейсіз ғой? Қашан дейсіз? Асықпаңыз.

«... Біз космосқа шыққанда: Мен – Шолоховтың таңдамалысын, Андриан Николаев – Ғамзатовтың өлеңдерін алған едік. Ұшуға біз ұзақ уақыт әзірлендік. Кітаптарды іріктегенде біз өзара келіскен жоқпыз. Ұшу сапарымызда... мен Ғамзатовты оқыдым, ал Андриан – Шолоховты. Расул Ғамзатовтың өлеңдеріне ықыласым өзгеше. Ондағы философиялық ойлар, құштарлық, қызулық ерекше баурайды. Маған оның жыр жолдары асқақ адамгершілікті жыралуымен құнды. Ал, сонау кеңістікте достық туралы жырлары айрықша мән-мағына алған болатын. Мен олардан өзімен сол бір күндерде аса қажет болғанның бәрін тапқан едім».

Виталий Севастьянов,  
КСРО космонавт-ұшқышы.

Міне, осылай... Ақынның жүрек лүпілінен туған шығармасы ғарыш кеңістігіне самғаса – өзі ұшқанымен пара-пар емес пе?

Р.Ғамзатов жырлары адамгершілік асыл мұраттарға үндеуімен құнды. Оның жырлары Өмірді, Адамды сүйеге шақырады.

«Таулықтар берік тұтынатын мынадай бір қағида бар: жерінді жән үйінді сат, барлық жиған-тергенінді жоғалт, бірақ ешуақытта өзінді адам ретінде сатп да жоғалтпа.

Бәрінен бұрын адам бол – менің жастарға айтар ең басты ақыл-кеңесім осы. Адам –алғашқы байлық, қажеттілік және ғажайып құбылыс», – дейді ол «Комсомольская правда газетінің сұрақтарына берген жауабында.

Қазақ ақыны Мұзафар Әлімбаевтің Ғамзатов өлеңі туралы мына бір толғанысы екі ел арасындағы достық туралы сыр шерткен:

«... Авар ақыны қазақ жазушысының үйінде мейман. Ақын жыр оқыған. Көмейдің құдығынан тартқандай күмбірі өзгеше үнді естіген қазақ кемеңгері, автор тілін «күңгірлеп жатқан тастарға» ұқсатады. Мынау бағалы баламаға, байыпты теңеуге ақын бірден құлап түседі. Менің тілімде « Даусы бар мұнда ежелгі таудағы қалың тұманның, Сарқырап аққан өзеннің, Шаңқылдап жатқан қыранның», – дейді ол. Сонда Мұхаң: «Кавказ ұлы ғой, тек әттең, кеңістік жоқ-а, сен сахараға келіп, бір көсілсеңші» – деп жалғанның жартысындай жалпақ даласына – бүркіт саятына, арғымақпен сейілдеуге шақырады. «Келдім мен, бірақ, Жан-аға, Кездеспей қалдық қайтадан».

Екі үлкен жүрек енді қайтып қауыша алмайды. Ақын өкініште. Автор өлеңімен інжу-маржан тізеді: «Қараймын көкшіл далаға, Толқимын іштей, ойланам: Ұлы ғой Кавказ, жан-аға, Өзіңе жету қайда оған?!».

Ежелден тапқыр, ежелден ұшқыр қиял иесі бізді тағы бір тәтті ойға кенелтті: ұлылыққа бас идірді, кемеңгерлерді Мұхтардай баулыған халқымызға алғысымызды арнатты. Бұл өлең «Мұхтар аға» деп аталады».

Асқаралы алты асудың биігіне шыққан ақын творчествосы адамзатқа азаматтық жоғары идеясымен ықзмет көрсетуде. Ал, ақынның азаматтығы оның Отанын, туған халқын, ана тілін қаншалықты сүйетіндігімен өлшенері анық.

«Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,  
Мен онымен айта алмаймын әнімді.  
Егер тілім ертең болса құрымақ,  
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ».

Р. Ғамзатовтың «Ана тілі» атты өлеңінен алынған шумақ. Жылдар өтсін, ұрпақтар алмассын, бәрібір, осы сөзді көкейге түйе ең үлкен парыз. Ол өзінің ел мен жер туралы толғауларының бәрінде де бұған айрықша мән береді.

Ақын өз халқы туралы өлеңмен де, қара сөзбен де жырлайды. Қалай айтса да елге, жерге деген перзенттік махаббат өзінің асқақтығымен өзгелерді ризашылыққа бөлейді.



«Шулайды каспий, шулайды кәрі Атырау. Оған өзендер құяды: бір жағынан Еділ мен Жайық, бір жағынан Кура, Терек, сулак. Олардың бәрі араласып, ұласып кеткен, енді бір-бірінен айыра алмайсың. Олар үшін теңіз де – өзінше бір ақырғы аялдама, соңғы тоқтау. Бірақ олардың суы өшпейді, өлмейді, тынбайды, әлі де ұзақ көк толқын болып жүйткімек олар. Олардың сол толқынында әлем түкпірлеріне аттанған кемелер жүзе бермек.

Таулықтар, Дағыстан перзенттері-ау, сендердің тағдырларың осынау өзендерге ұқсамай ма осы? Біздің ұлы туыстықтың ортақ теңізінде сендер де ұласып, ұштасып, қосылып кеткен жоқсындар ма?» дейді ол.

Қазіргі көп ұлтты әдебиетіміздегі Шыңғыс Айтматов, Эдуардас Межелайтис, Юрий Бондарев, Ионас Авижюс, Нодар Думбадзе, Мұстай Кәрім сияқты қарымды қаламгерлер қатарында Дағыстан дүлділі Расул Ғамзатов есімінің айрықша құрметпен аталуы заңды да. Әлем әдебиетінің үлкен мұхитына құятын арналы да алып өзеннің бірі Кавказ тауларынан бастау алғанына қазір ешкім де күмән келтірмейді.

Творчествосының кемел шағындағы суреткер тағы да тынымсыз еңбек үстінде. Жақында орталық басылымдардың бірінде жарияланған сұхбатында ол қатарынан бірнеше жұмысты қолға алғанын, олардың кейбірі көп кешікпей оқырмандар назарына ұсынылатынын айтты. «Сот келе жатыр» атты сатиралық өлеңдер мен эпиграммалар, «Ғасыр мен әлем» атты бүгінгі күн, планета тынысы, болашағы туралы ой-толғаныстар кітабы және соғысқа қарсылық рухындағы «Концерт» поэмасы – міне, ақынның кейінгі жылдар белесінде бізбен жүздесу жоспары осындай екен.

Қалықтай бер, тау қыраны!

1983 жыл.

### **ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ ТЕАТР немесе Аркадий Райкин ұлағаты**

*Бұл мақала 1983 жылы 12 қазанда жазылған еді. Алматыға бір айлық гастрольдік сапармен келген халық артисі Аркадий Райкинмен тілдесіп, пікірлесудің сәті түскен. Содан соң ол мақала сиясы кеппеген күйінде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде жарияланатын болып, қолжазбасы терімге кетіп, қатталып жатқан кезде, жоғарыдан (Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінен) Райкин туралы баспасөзде бір ауыз сөз айтылмасын, жазылмасын деген нұсқау түсіп, беттен алынып тасталған еді. Тоталитарлық тәртіптің кезінде Компартияның «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс». А.Райкиннің «жазығы» коммунистік идеологияға жат кейбір қылықтары болса керек. «Уақыт – төреші» деген рас сөз. Бар өмірін театр өнеріне арнаған ұлы актер туралы әңгімеге нүкте қоюға болмайды екен. Сол әсер суыған жоқ әлі...*

*Автор, 1994.*

Әрбір театрдың гастрольдік сапарындағы көрсететін спектакльдері, мейлі ол әлденеше жылдардан бері репертуарынан түспей келе жатқан туынды болсын, жаңа көрермендер үшін – премьерә. Бұл әуелден-ақ қалыптасқан ұғым. Театр туған күннен. Міне, Мәскеуден Мемлекеттік миниатюра театры өзінің толық құрамымен келіп, Алматыда бір ай бойы өнер көрсететінінен мағлұмат алған көрермен қауымның бұған да зор ынта-ықыласпен көңіл аударғаны анық. Ал, бұл театрдың негізін қалаушы, жарты ғасырға жуық көркемдік жетекшісі әрі басты рольдегі актері ретіндегі мәлім, Еңбек Ері, Лениндік сыйлықтың лауреаты, КСРО халық артисі Аркадий Райкиннің республикамыздың астанасында өнерсүйгіш жұртшылықпен жүздесуі жүзеге асатыны жөніндегі қуанышты хабар тіптен тез таралған. Гастрольдің алғашқы күндерінде-ақ В.И.Ленин атындағы Сарайдың кассалары айшықты жарнаманың тұсына бір айға билеттердің түгел сатылып кеткендігін жариялап, қосымша хабарландыру іліп қойды. Өлгі «Театрда орындар бос тұр», «Театрға кімдер барады?» дейтін проблеманың жауабын осыдан іздендер дегендей-ақ.

«Өйткені, бұл – эстрада ғой!» дейді біреулер. «Себебі Аркадий Райкиннің өзі өнер көрсетеді емес пе!» дейді өзгелер. «Миниатюра болған соң...» дейді басқалар. Қалай десе де, миниатюраның эстрадалық жанр екендігі, ал бұл жанрда Аркадий Райкиннің теңдессіз өнер шебері екендігі даусыз ақиқат болатын. «Жоғары мәртебелі театр» және «Келбет» спектакльдері кезектесіп, күн сайын қойылуда. Телеэкран арқылы таныс Аркадий Исааковичті сахнадан көрудің жөні мүлде бөлек екен. Үлкен актердің: «Он жыл бойы бірге жүріп те кейбір адамдар жөнінде ештеңе айта алмауың мүмкін, ал оны он минут эстрададан көрсең бәрін де айтасың. Сахна – бұл өзі, рентген аппараты тәрізді» дегеніне құптай қосылсақ та, журналистің көкейінде «Шіркін, 5-10 минутқа ғана тілдессем» деген тілек бәрібір оянатыны хақ. Жолығысуға құштарлығымыз арта түссе де, соның орындалуына күмәндану да бар. Жасы жетпістің үстіндегі Аркадий Исаакович спектакльге өзі ғана дайындалып қоймай, бүкіл театр труппасының күнделікті әзірлігін қалт жібермей қадағалап отыр. Сценарий авторы, спектакльдің режиссері әрі көркемдік жетекшісі ретінде де арқалайтын жауапкершілігін айтсақ ше?

Алғашқы төрт күнде жолығысудың еш реті келмеді. Бесінші күн. Жексенбі. Сағат күндізгі 11. Сәулетті сарайға келіп, Аркадий Исааковичтің репетицияда екендігін білген соң үміт жібі қайта жалғанды. Күту керек шығар. Бәлкім, репетициядан соң...

Келіп-кетіп жатқан ешкім байқалмайды. Вахтадағы кезекшінің «бар» мен «жоқтан» басқа әңгімеге зауқы соқпайтын тәрізді. Үнсізбіз. Осы кезде дабырласып үш-төрт жігіт кірді. Түр-әлпеттеріне қарап «мынау артист» дей қоймайсың. Олар әлденені өзара талқылап, аялдап қалды. Осы кезде кезекші маған: «Анау ортадағы орта бойлы жігіт – Константин Райкин» деді. Таныдым. Спектальде жанып тұрған еді. Әсіресе, билеген кезде. Қазір мүлде қарапайым кейіпте. Жанына келіп, танысып, нендей шаруамен жүргенімді айтып едім, ол: «Әкем репетициядан өте шаршап шығады. Одан соң демалу

керек. Кешке спектакль. Театрдан тысқары жерде мен өзім де сирек жолығысамын» деп күліп, «шарасызбын» дегенді ым арқылы көрсетті де ішке өтті. Күту...

Ал күткен кезде адамның әртүрлі ойға берілетіні белгілі ғой. Біздің ойымызда тек қана – Аркадий Райкин. Ағылшындарша айтқанда – «Күлкінің данышпаны», поляктардың пікірінше – «Эстрада Паганиниі», чехтардың пайымдауында – «Жүз түрлі келбеті бар адам» жөнінде білетініміздің бір шамасын баршаға жеткізіп көрелікші. КСРО халық артисі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Г.А.Товстоноговтың: «Салтыков-Щедрин сатирикте ізгі жүрек болу керектігі жөнінде жазған еді. Райкиннің сатиралық фельетондарын, миниатюраларын тыңдап отырғаныңызда оның өмірдегі жағымсыз іс-қылықтарға үңілгендігі күйінішін, жаны ауыратынын сезінесіз. Таланттың бұл қыры оның тамаша шеберлігімен ұштасып келгенде оны біздің дәуірдегі ұлы артистердің бірі ретінде көрсетеді» деуінде шығармашылық кемелдену кезеңіне лайықты баға берілген.

Ал, Аркадий Райкиннің өнердегі өмірбаянымен танысқысы келген әрбір адам тіптен әріге үңілмек. Ол Рига қаласында туған. Әкесі сондағы портта жұмыс істеп, шешесі үй шаруасымен айналысқан. Күнкөрістің қамымен бұл отбасы әуелі Рыбинскіге, кейіннен 1922 жылы Ленинград қаласына көшіп келеді. Театр институтына түссем деген талпыныс алғашқы жылы ақталмай, Охтинск химия заводына лаборант болып жұмысқа тұрды. Өнертапқыштық ұсыныс жасап үлгереді. Одан соң, бес жыл театр институтында, екі жыл Ленинград жұмысшы жастар театрында өте шығады. Актерлікке әзірлік мектеп қабырғасында жүргенде-ақ басталып, бірте-бірте талант, білім және тәжірибе арқылы бұл жолға біржолата бет бұрады. Бірақ ол өз орнын драмалық театр сахнасынан емес, соны соқпақ – эстрададағы белгісіз бір жанрдан іздейді. 1939 жылы Москвада өткен эстрада артистерінің Бүкілодақтық тұңғыш фестивалінде ол бірден өнер сарапшыларының назарына ілігіп, сол жолы бас жүлдені жеңіп алады. Сол жылы Ленинградта Миниатюра театрын ұйымдастырып, оған өзі жетекшілік жасап, өнер тарихындағы өшпес өмірбаянды жазу бақытына ие болған. Айтуға оңай ғана. Ал, шынында «Бір ғана актердің театры» аталған бұл өнер шаңырағының шайқалмауы әлденеше жүздеген миниатюралық шығармалардың мазмұн тұтастығы мен соны мың құбылтып орындайтын актер шеберлігінің ғажайып құпиясында жатыр-ау. Кезінде «Неліктен Аркадий Райкин әрбір интермедия, миниатюра, монологтардың бәріне қатысып, сахнаға жиі шығады? Бұл басқа артистердің өз мүмкіндіктерін жан-жақты ашуына кедергі емес пе?» – деген ыңғайда сауалдар қойылады екен. Ал, оның жауабын актер творчествосын жан-жақты зерттеушілердің бірі А.Бейлиннің «Өткірлігі найзағай тәрізді өнердің саласында Райкинмен қатар тұратын актерді табу қиын шығар» деген сөзінен өрбіту керек. Ол концерт жүргізушінің ролінен бірте-бірте миниатюраға, сатиралық портреттер сомдауға, пародиялық қысқа шолулар жасауға ден қояды. Аркадий Райкиннің фельетондары «кіші формалы» жанрдағы айрықша бір өнер табысы ретінде бағалануы бекер емес.

«Жоғары мәртебелі театр» спектаклін көріп отырғанымызда шағын-шағын сюжетке құрылған миниатюралар, минимонологтар бір қарағанда өзара байланыссыз, үзік-үзік суреттер тәрізді әсер қалдырғанмен де, бұларда жинақтап, біріктіріп тұратын қуатты идея бүкіл адам баласына ортақ тілек-мүдделерден туындайтыны айқын аңғарылады. Актер монологынан мынадай бір қызық фактіні келтіре кету артық емес сияқты. Театрдың Лондондағы гастролі кезінде «Таймс» газеті былай деп жазады: «Сіз өзіңіздің бюрократтарыңызды орыс есімдерімен атадыңыз. Ал, сіз мұның біздер туралы екендігін жасырдым деп ойлайсыз ба? Өйткені нағыз бюрократ Лондонда тұрады!». Осы бір қысқа үзіндінің өзінен-ақ сатиралық қарудың нысанасын қалай дөп басатынын байқайсыз. Аркадий Райкиннің сатира жөніндегі пікірі өз алдына, оған қоса: «Юмор – бұл ірі калибрлі қару. Оның өзін дұрыс бағыттай білу керек» дегенінде көп мән жатқан жоқ па? Ал сатирик тек қана кемшілікті көрсе, тек қана көлеңкеден келеңсіздік іздесе, бұл – біржақтылық. Себебі, сатирик үшін жамандық пен жақсылықты қатар аңғарту, нұр мен түнекті бірдей байқау, адалдық пен арамдықтың арақатынасын дәл болжау ең бірінші қажеттілік. Әйтпесе, бұларды салыстыра алмайды. Салыстыру, таразылау, сараптау жоқ жерде әділ баға беру қиынның қиыны.

Сондай-ақ Аркадий Райкиннің миниатюраның синтетикалық табиғатын танытудағы талай қырлары зерттеушілік зердеге түсетін ұзақ әңгіменің арқауы. Мұның бір ғана мысалы – сатириктің өзі құлай беріліп игерген жанрдағы лирикалық лепке де ерекше құштарлықпен ден қоятынынан байқалар еді. Театр көрермендеріне бұрыннан-ақ таныс «Балықшы», «Адам өмірі», «Жүріс-қимыл», «Диссертация қорғау», «Бір махаббаттың тарихы» тәрізді пантомимолары мен мономиниатюраларында ол өте бір нәзіктікпен көрермендер жүрегіне жеткізетін сырлар бар. Бұл жөнінде Аркадий Райкиннің өзі былай деп жазған болатын: «Мен әр кезде лириканы образ табиғатынан табуға тырысамын. «Адам өмірі», «Бойдақтың әңгімесі», «Жаннаның еркелігі» сияқты миниатюраларды мен өзгеше бір ықыласпен орындаймын. Біздің спектакльдеріміздегі лириканы басқа бояулардан бөліп алып қарауға болмас еді. Ол тұтас бағдарламаны толықтырып тұратын қажетті көркемдік құралы іспетті. Маған керегі де жай ғана юмор емес, сезім шарпысуынан туатын юмор. Бір кезде Станиславский: «Көзбен ұқтыру, көз мимикасы... Бұл жөнінде ештеңе де айта алмаймын, өйткені көздегі жарқылды қолдан жасау мүмкін емес. Ол тек интуитивті түрде ғана жүзеге аспақ» деген екен. Ал Аркадий Райкиннің өнерінде осы туа бітті қасиеттер тамаша көрініс табатынына көрермендері көптен бері тәнті болып келеді. Миниатюра театрының гастрольдік сапарда ұзақ жүріп қайтатыны дәстүрлі жайтқа айналған. Кей жылдары әуелде Ленинградтағы, кейіннен Мәскеудегі театр көрермендері бірнеше ай бойы Миниатюра театрының артистерін, Аркадий Райкинді көруге зар болып: «Бұл қалай? Өзіміздің театрдан көз жазып қалдық қой!» деп аң-таң күйде жүретіндіктерін де айта кетсек, артық болмас. Театр гастрольдік сапармен шетелдерде де болып қайтқан. Лондон, Прага, Будапешт сияқты үлкен қалалардағы театр көрермендерімен

жүздесулердің зор табыспен өткендігін айғақтайтын мысалдар аз емес. Ал, тағы бір көңіл аударарлық нәрсе – театр труппасының шет елдерге сапарға шығар алдында спектакльдердің сол баратын елдердің тілдерінде әзірленетіндігі. Мұнда, әрине, тағы да ең үлкен салмақ Аркадий Райкиннің өзіне түсетіні сөзсіз. Осы жөнінде белгілі журналист Татьяна Тэсс өзінің бір мақаласында былай деп жазған: «Мен бірде Аркадий Райкиннің бір ғана монологты бірнеше тілде: орыс, чех, серб, румын, словак, венгр, неміс және ағылшын тілдерінде оқығанын естіген едім. Ол монологты әлгі тілдерде өте жеңіл, жатық, түсінікті оқығандығы сондай, бұл тілдерді бала кезінен-ақ білетіндей әсер қалдырды. Аударманың әр уақытта сәтті шыға бермеуі, кейбір сөздердің дәлме-дәл баламасы табылмай, өткірлігін жоғалтатыны ескерілсе, бұл жұмыстың қаншалықты тер төгуді қажет ететіндігі түсінікті болар. Сөйтсе де Райкиннің кейбір сөздері орыс тіліндегі сияқты аударма күйінде де қанатты тіркес ретінде шет ел жұртшылығынан қолдау тапқанын сәттіліктің ғана сыры деп қарау аз, өткір ойдың өміршеңдігінің көрінісі деу жөн шығар. Мәселен, бір сатиралық миниатюрадағы «кое что есть» сөз тіркесі аясы кең ұғымды білдіретін мысқыл ретінде венгр тілінде «Валами ван» түрінде жиі қолданылатын болған. Бұл жерде сатириктің образ сомдау барысында кейбір сөздерге айрықша екпін түсіріп, үстеме мағына беріп айтатынын, оны сахнада есте қаларлықтай әрекет үстінде жеткізетінін терең бағамдау қажет.

Миниатюралар мен минимонологтардың қас-қағымдық қуатынан ауқымды идеялар тұтастыру оңай емес. Ал, Аркадий Райкин өнерінің өзгеше тәлімді де осындай ұсақ-түйек саналатын өмірдегі күлкілі немесе күйінішті оқиғаларды асқан шеберлікпен біріктіріп, өзін де, көрермендерді де психологиялық нәзік ықпалдың торына оп-оңай түсіретіндігінде.

...Репитиция үш сағатқа жуық созылды. Аркадий Исааковичтің қатты шаршап шығатынын біле тұрсам да, әйтеуір тосқаннан кейін, соңына дейін төзіп, тілдесіп қалуға біржола бекіндім. Шаршап шықтым десе, кешірім өтініп, келесі бір кездесудің сәтін іздермін деген солқылдақ ойыма тізгін беріп қоя жаздап отырғанымда жанында екі-үш адам бар Райкин көрінді. Қимылы баяу. Шыға берістегі баспалдақпен жайлап, ақырын төмен түсе бастады. Анадай жерде тұрған ақ сұр «Волгаға» бірден көз тоқтатқанына қарағанда, қайтуға асығулы сияқты. Қарсы алдынан шығып амандастым да, іле-шала өзімнің не мақсатпен жүргенімді, уақытының аз екенін, шаршаулы екенін түсінетінімді, бірақ оқырмандар тілегіне орай бірнеше сұрақтарға жауап беруін қиыла өтінетінімді тез-тез айтып шықтым да, мұншалықты асығыстығыма асықпай ойланып тұрғанын көріп, жүзіне аңтарыла қарап тұрып қалдым. «Сауалдарым әзір, машинкаға басылған» деп қосып қойдым. Ақырын қолын созды. Сұрақтар жазылған параққа көз жүгірте бастағанда жанындағы кісілердің бірі «Аркадий Исаакович, көзілдірік керек болар?» деп ілтипат білдіріп еді: «Жоқ, қажет емес» – деген соң тоқталып қалды. Күншуақта тұрған арқалығы бар орындыққа келіп жайғастық. Кеше ғана сахнадан көрген ғаламат артистің осынау шау тартқан шал екендігіне нанғым да жоқ. Даусы да ақырын шығады. Бұдан қаттырақ дауыстаса қиналып

калатындай. Сұрақтарыма ойлана отырып, сабырды сарқатындай баяу тіл қатып, жауап бере бастағанын байқадым да, әр сөзін қалт жібермеуге тырысып, қағазға қысқа-қысқа қайырымдармен өзіме ғана түсінікті түрде жазып алдым. Ол менің қандай жылдамдықпен жазып отырғаныма көңіл аударғандай бір-екі рет тоқтап, тыныс алады да, әңгімесін одан әрі сабақтайды. Сондағы айтқандарының негізгі мазмұны төмендегідей:

– Қазақстанға, оның астанасы Алматыға менің алғаш келуім – бұдан 40 жылға жуық бұрын. Ұлы Отан соғысы басталған күннен-ақ сатиралық қару арқылы фашистік идеямен аяусыз күрес жүргізуге, жауынгерлердің патриоттық сезімін шындауға әрі оларды қан кешіп жүрген қиын сәттерде күлкінің күшімен емдеуге өзімізді міндетті санап, мұның ерекше роль атқаратындығына айрықша мән беріп, кез келген майданда, тіпті, алғы шептерде де болып, концерттер қоятынбыз. Алматыға келгенде де жаңадан құрылып жатқан бір әскери бөлімнің жауынгерлері алдында өнер көрсеттік. Ол кездегі Алматының келбеті әлі көз алдымда. Әрине, архитектуралық ғаламат өзгерістер адамдарының өміріндегі тамаша өсу мен ілгерілеуге сәйкес сияқты. Ал, сол жаралы жылдардың өзінде біз сонау Ленинград блокадасынан келген, қан кешіп қалжыраған жауынгерлерді, қарттар мен балаларды бұл қаланың қандай үлкен мейірбан-қамқор құшақпен қарсы алғанының куәсі болғанбыз. Қала халқы оларға нан ұсынды, баспана тауып берді, бауырға тартты. Бұл ұмытылмақ емес.

– Миниатюра – түсінікті тілмен айтқанда «кішкентай пьеса». Миниатюралық спектакльдердің өзі оншақты шағын-шағын пьесалардың жиынтығы десе де болады. Драмалық шығармалардан бір өзгешелігі: мұнда көбіне бір ғана актердің іс-әрекетіне құрылатын миниатюралар басым. Ал эстраданың басқа түрлерінен бір өзгешелігі: жаңағы миниатюралар сахнада кезекпе-кезек орындала береді. Ешкім де әдеттегідей «Қазір мынадай тақырыпта пәлен артист өнер көрсетеді» деген конференсье хабарлауын естімейді. Мұның өзі спектакльдің тұтастығын сақтауға қызмет етеді.

– Даңқ туралы... Бұл сөздің баламасын жауапкершілік деп ұғамын. Неғұрлым жұрт сені көбірек білген сайын, көбірек қошаметтеп, өміріңе ықылас білдірген сайын, соғұрлым өзіңнің соған лайық болуға, сол сенімді ақтауға тырысуың керек. Яғни, жауапкершілік анағұрлым арта түспек.

– Чарли Чаплин туралы... Өнердегі сапарымның алғашқы күндерінен бастап-ақ зор құрмет сезімі жүрегіме мәңгі ұялады. Ол тіршіліктегі «кішкентай адамдар» тағдырына аса үлкен мән беріп, сол арқылы алуан әлеуметтік жайларды ашып көрсетуді меңгерген актер. Ол ең күлкілі нәрселер мен ең қайғылы жайттарды ұштастыра алуымен ұлы. Менің өнердегі өмірбаяным Чаплин образын жасауға арналғандай көрінеді өзіме.

– Өнердегі бәрінен де жоғары бағалайтыным, адалдық, шынайылық, азаматтық проблемалар. Өзіңнің не үшін өмір сүріп, не үшін еңбек ететініңді білуің керек. Бойыңдағы талантың халықтық мүддеге ғана арналуы тиіс деп ұғамын.

– Әйелге көзқарас, бала тәрбиесі, тұтастай алғандағы адам өмірі – міне, бұлардың қай-қайсысы да жер бетіндегі адамзат баласын ойлантатын

ортақ мәселер. Үлкен проблемаларды үлкен форумда ғана қозғау мүмкін деп ойлайтындар қатты қателеседі. Мұны біз өзіміздің тәжірибеміз арқылы ғана дәлелдей аламыз. Болмашы ғана нәрсе арқылы шалқар ой айтқанымызға таңданыс білдірушілер де табылар. Несі бар. Бізді толғандыратын нәрселер басқаларды да ойлантады. Бар кілтипан осында. Кейбір кеселдерді сылып тастау үшін, жараны жазу үшін жасаған дәрігердің қарапайым қызметі қаншалықты қиын да құрметті болса, сатириктердің тағдыры да соған ұқсас деп ұғыңыздар.

– Ақын-жазушылармен арадағы байланыстың кейбір есте қаларлықтай ғибраттары... Бұл жөнінде ойланғанда менің есіме түріктің ұлы жазушысы Назым Хикметпен арамыздағы достық қарым-қатынастар оралады. Ол біздің театрдың көркемдік кеңесінің мүшесі болған еді. Миниатюраны аса маңызды да қажет жанр ретінде бағалайтын, Миниатюра театрын Сатира театры, Үлкен театр, МХАТ тәрізді уақыт талабына жауап бере алатын өнердің үлкен ордасы болады деп сенетін. Сондай-ақ, Алексей Толстойдың бірде маған «Сіздің театрға арнап пьеса жазып бермін» деп уәде бергені бар. Бір жарым жылдан соң ол пьесаның шағын көлемде жазылмай, кеңейіп кеткендігін айтып, қысқа жазудың қиындығына қатысты ойларын айтқаны есімде. Содан бергі аралықта мен ақын, жазушы, драматургтер тарапынан дәл осы мағынадағы ақталуды көп естідім. «Миниатюра – шағын жанр. Қып-қысқа! Оп-оңай! Сенбесеңіздер – миниатюра жазып көріңіздер!» Мен ылғи осылай дегім келіп тұрады.

Аркадий Исааковичтің әңгімесін тыңдаудан жалықпас едік қой, уақыт шіркін асықтырып, секундтер минуттарға, минуттар сағаттарға айналуда. Ал, ол кісіні жетпістен асқан шағында да мыңдаған театр көрермендері тағатсыз күтуде. Әңгімесіне ризашылықпен рахмет айтып, соңғы өтінішімді білдірдім: қолтаңба...

Аркадий Райкин бұған да қиналмай-ақ келісті. Оның Сәулетті сарайдың күншығыс бетіндегі орындықта отырып сәл-пәл діріл байқалған қолымен қалам ұстап, қолтаңба қалдырған сәті көз алдымда тұр...

1983 жыл.

## **ӨМІР ШЫНДЫҒЫН ӨЛЕҢНЕН ІЗДЕП...**

Жетпістегі жыр-жүректің сырына үнілуден бағамдарымыз да, байқарымыз да, бағдар тұтарымыз да әрқилы болуы әбден мүмкін. Өмір толғауының ақылгөй сипат алуы да түсінікті сияқты. Алып-ұшпа сезімнің қанатындағы алуан түсті бояу бұрынғыдай көздің жауын алып, мың құбылып тұрмағанымен, ой иірімдері тереңге тартатынын аңғарамыз.

Жалпы, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Хамит Ерғалиев творчествосын кең өрісті, құлашты, эпикалық пландағы қаламгер ретінде алып қарау – әдеби сынымызда орныққан пікір деуге болады. Тамырын тым тереңнен, халық ауыз әдебиетінен, қисса-дастандардан алатын кең

тыныстылық қазіргі поэзияда дәстүрлі жалғасын табуы – өнердің өміршен сипатына тән белгі.

Қазіргі уақыт ескі мен жаңаның, тоқырау мен ілгерілеудің, қиянат пен әділеттің аражігін ашып, ақты – ақ, қараны – қара деп ажыратып, бұлардың арасындағы бітіспес майдан үстінде өтуде. Күрестің өзі бір күндік емес екендігіне тарих куә. Ал өмірдегі қайшылықтардың санаға түскен сәулесі өнердегі шындыққа айналуы үшін өлеңге жүктелер міндет те ауырлай түсті ғой. Бәлкім, тіршілік-табиғат құбылыстарына таңырқай қараудан тұтанатын өлеңнің оты қызуын азайтып алғандай болып та көрінер кейде. Әйтеуір, жетпісінші, сексенінші жылдардың ауқымында қазақ поэзиясында да бір салқынқанды ұстамдылық белең алғанын жасыруға болмайды. Ой ағысының арнасы кеңейе түсті. Есейген әдебиет үшін ешкім де мұны теріс дей қоймас. Енді тек соның қарадүрсіндік пен қарабайырлыққа ұрындыруы мүмкін екендігі қауіп ойлатады. Өмір құбылыстарына бала көзбен де, дана көзбен де қараған кезде ақындық стихия өз дегеніне бағындырып отырмаса – шынайы өлең шықпайды. Мұның бер жағында ақын өз заманының, қоғамының перзенті екендігі тағы бар. Яғни, уақытпен тілдесу, үндесу, оның алдын орап отыру да нағыз ақындыққа сын.

«Мен – күшім мен күллі ақыл-ойымды

Ұйықтатпауға жаратылған жүрепін» –

дейді Х.Ерғалиев «Аға сөзі» атты өлеңінде. Бұл – ақындық биік мұратты білдіретін жолдар екендігіне ден қоясыз. Сондай-ақ, осы қарапайым екі тармақтың қарабайырлықтан аулы алыс, өлеңдік қуаты өз бойында. Осындай ойлау жүйесі ғана тармақтарды тарқатпай, шумақтарды шашыратпай ұстап тұратыны ақиқат. Бұл, әсіресе, жалт-жұлты аз, сурет кестесі қарапайым, ағысы баяу өлеңдердің бойындағы бірден-бір көркемдік өлшемі ретінде әсер қалдырады. Егер осы қос тармақ болмаса – аталған өлең өзінің барлық ажарын, бояуын ашып тұрмауы да мүмкін.

Оқырман назарын «Жедел толғау» жыр кітабындағы қатардағы қоңыр өлеңге аударудан сөз сабақтауымыздың себебі бар. Қалам қарымы ауқымды жыр-дастандарға бейімделген ақынның шағын өлеңдерде де айтарын бір шумақтан екінші шумаққа ұластыра отырып түйіндеуге ұмтылатыны байқалады. Бірнеше өлеңдердің тақырыпқа бөлініп топтастырылуының да сыры сонда сияқты. «Жаңа дүние жарығы» деген тақырыппен берілген жырлардан ақынның уақыт тынысын дөп басуға тырысатыны, «Мазаланса майдангер» топтамасы сұрапыл соғыстың жазылмайтын жарасын жас ұрпаққа аңғартуды діттейтіні, «Шаңдоз дала дабылы» – бейбіт еңбекпен түлеген елдің бүгінгі бейнесіне назар аудартатыны, «Табиғатпен табысу» – адам мен қоршаған орта арасалмағын безбендейтіні, «Ар қысқанда ашыну» – санадағы сілкіністің, ақыл-ойды тұмшалаған арылудың арпалысын сездіретіні, «Жан сұлуын сүйдім мен» – шаңырақ шуағына жылындың бақытын бағамдататыны бекер емес. Ал осы бірнеше тақырыпқа топтастырылған әлденеше өлеңдердің өне бойына қан тамырдай таралған асыл арқау – азаматтық ар-намыс деп ұғамыз.

«Жедел толғаудың» негізгі мазмұнын азаматтық жырлар айқындайды.



Әуел баста, қайта құру, жеделдету тақырыбына ақын тым асығыс келген жоқ па деген сауал көкейімізде тұрғанын жасырмаймыз. Әр кезеңнің жыршысы болатыны ежелден мәлім. Тіпті қайта құру қоғамдық өмірімізде қарқын алмай жатып-ақ «Қайта құрудың» «бұлбұлдары» деген сөз тіркесі қолданылған болатын. Бірақ, олар ақындарға емес, әлі де сол қызыл сөзбен ісін бүркемелегісі келетін демагогтарға қарата айтылған еді ғой. Қай заманда да адам санасындағы өзгерістердің қалтқысыз барометрі – ақындар болған. Қай кезеңде де ақындар қалың бұқараның көңіл-күйін айнытпай, дәл жеткізе білген. Себебі, өзгенің қайғысы мен қуанышын өзіңдікі деп қабылдау – ең алдымен ақындарға тән қасиет. Егер ол жалғандыққа жақтасса – сөз қадірінің азғаны, егер ол шындықтың жаршысы болса – ой-сананың озғаны.

«Сөзім жоқ жұрттан бөлек жаңасынған,  
Мезгілмен жатса болды жарасып ән.  
Қашан да маған серік қара өлеңім  
Қиналған сағатымда жаны ашыған» –

деп Хамаң – Хамит Ерғалиев бір өлеңнің басында сыпайы ескерту жасайды. Жеделдетудің қоғам үшін де, адам үшін де қажеттілігі өткен мен бүгінді салыстыра шолу арқылы, болашаққа үміт арту арқылы дәлелденеді. Содан соң ақынның:

«Білсеңіз, баршамызға тиесі ғой,  
Бұл ғасыр ракетаға берген екпін»

деген түйіні еріксіз ойлантуға тиіс.

Ақын жырларына жаңа кезең өзгеше тыныс ашқандай. Әр өлеңінен қайта құру кезеңінің лебі есіп тұруын мақсат тұтқаны аңғарылады. Өлеңдерінің композициялық құрылымында, ырғағында, өлшемінде көзге ұрып тұрған өзгешелік байқалмаса да, өзегінде жатқан ерекше құштарлықты елемеу мүмкін емес. Әлгі, азаматтық жырлардың уақыт мінбесінен жарқын естілуінің сыры да осында. Дәстүрге адалдық, ата-баба мұратына адалдық біздің буынның да үлесінде болды дегенді ақын қадап айтады.

«Әкең ғой, балам, бұл кісі,  
Соңына өзен, от ерген, –  
Қаланың жаңа үлгісін  
Қираған жерден көтерген» –

деп Қазан құрдасы ретінде өзін де, өз туыстарын да сыйлайды, сыйлатады. Осылай байыппен ой толғап көретін ақын келесі бір өлеңінде:

«Салады кейде ой бұғау,  
Жүрсек те біздер осылай, –  
Жете алмай-ақ қойдық-ау,  
Жендетсіз күнге досым-ай!» –

деп шамырқанып, ширығады. Өкініштің өксігін жұтады. Ащы шындық кейде айғайлап айтпаса құлаққа жетпейтіндей. Асылық айттың деп ақынды айыптай алмаймыз. Егер Әділдік әр кез билік құрып тұрса, бұл сөз айтылмас еді ғой.

Бірыңғай ой ағысына құрылған өлеңдерді оқып отырғанда бір нәрсе жетіспей тұрғандай болатынын бастан кешкен шығарсыз. Тәртіппен қаланған, ұйқастармен шегенделген шумақтардың ішінде кейде бір сөз, кейде бір тармақ кейде қос өрім өзгеше сәуле шашып, ұшқын ататыны бар. Осыған мысал ретінде «Қамыс қала хақында» дейтін өлеңді даралап көрсеткіміз келеді. Тұтастай алғанда, бір деммен оқылады. Тек өлеңді түйіндер тұстағы «Ойлы музей орнау шарт ол селоға!» деген ескертпенің қажеті шамалы. Өлең мәселе көтеру үшін жазылмауға керек. Онсыз да «Қамыс қала» оқырманның жүрек түкпіріндегі аяулы, ыстық мекеннің біріндей бой көрсетеді екен. Кешегісі мен бүгінгісін салыстыру да ұтымды суреттер арқылы көз алдымызда қалады.

«Ендігі үйлер еңсесін биіктетер  
Ақ шатырын басына алшы киіп».

«Ақ шатырын басына алшы киген» ауылдағы ақшаңқан үйлер тізіліп тұра қалғандай. Ашық бояу, айқын сурет!

«Қақтығыста қайнақ су қақпағындай  
Қамыс қала аумағы селкілдеген».

Бұл да сурет.

«Қара корпус үстінде – қызыл жалау,  
Қызыл жалау – түйенің өркешінде».

Бұл да сурет.

«Бірақ, сен біл!.. Бұл село тарихына  
Жазылмаған өң-түссіз қуаң тарау».

Бұл енді тек қамыс қалаға ғана қатысты әңгіме емес.

Өлеңнің міндеті болғанды болған күйінде, көргенді көрген күйінде баяндап шығу еместігіне осындай өлеңдер дәлел.

«Қағазға түспеген жыр», «Ғарыштағы Қаныш», «Тозбайтын сөзді қайталау», «Аралға көзім түскенде», «Әлі есімде» тәрізді жырлардың бойында да үлкен жүректі ақынның азаматтық көзқарастары жинақталған. Уақытпен, Заманмен, Қоғаммен бетпе-бет келіп тілдесетін көптеген жырларындағы публицистикалық сарын бұлардан да байқалғанымен, кітапты жауып қойып, қайсы өлеңдердің қуаты басым деп өзіңе іштей сауал қойғанда – бұлар тіл ұшында тұрады екен. Жалпы, өлеңді әркімнің қабылдауы әртүрлі ғой. Оқып отырған сәттегі көңіл күйге де байланысты. Сол көңіл күйге әлгі өлеңнің қаншалықты әсер-ықпалы болуына да байланысты. Талғамға да, түсікке де, өреге де тәуелді. Бірақ, жақсы өлеңдерге оқырман ғана құштар емес, оқырманын табуға жақсы өлеңдердің өздері де бейім тұратыны дәлелденбеген ақиқат. Қарт жыраудың айтқанына қариялар ғана бас шұлғып, кейінгі толқын құлай қабылдай алмаса – бұл үлкен қайшылық дер едік. Ақ сеңсең бөрік киген ақсақалдың:

«Бәрі алыстап үкілі, кекілдінің,  
Ата болған адам-ақ секілдімін.  
Бірақ іштей бәріне көндігу жоқ,  
Мойындау жоқ мезгілін екіндінің.

Енді қыздар сәскедей бұл күн әлі,  
Алып-ұшып жүрегім бұлқынады.  
Тірі пенде сонымды сезбесін деп  
Мен болам да жүремін бір кінәлі» –

дегеніне түбіт мұрт бозбала таңырқай қарап, тамсана қайталап, іштей күбірлеп тұрса – бұған не дерсіз. Шынайы өлеңнің шырайы болады дегіміз келеді.

«Жедел толғау» кітабындағы өлеңдер мен балладалар жөнінде жинақтай келгенде көңілге тоқығанымыз: қазіргі кезеңнің жыр тіліне көшкен алғашқы әуені құлаққа шалынады. Ол әуеннің әуелей түсуіне уақыт төреші.

Енді бірер сөз – поэмалар хақында.

Жыр кітабында үш поэма бар. «Сурет сыры» мен «Суыт жүрістің» табиғаты бір-біріне жақын. Оқиғаны өмірдегі өзінің жадында ұзақ уақыт бойы жүрген бір кішкентай детальдан өрбітіп әкетеді. Ал, «Жылдар, жылдар» – ақынның заман, қоғам, уақыт, өмір жайлы ұзақ толғауының жалғасы екен.

«Сурет сыры» – ақынның дәстүрлі баяндау тәсіліне бағындырылған, тынысты туынды. Әп дегеннен-ақ, сүрлеуден даңғылға шыққандағыдай еркіндік сезіледі. Ақынның жеке өлеңдеріндегі оқырманға өз пікірін тіке қарата айтып, «келісесің бе, келіспейсің бе?» деп жан-алқымға алатын қысымы жоқ мұнда. Даланың ұлы өзендеріндегі баяу ағыстың, салқар көштің ұзын-шұбақ шұбауындай кең панорамалы көріністердің таныс-бейтаныс бояулары бар мұнда. Поэманың кілті – талай жылдар бойы ақынның көз алдында сақталған, сарғыш тартқан қатырма сурет. Әңгіме содан бастау алады. Сурет тарихы сонау мың тоғыз жүз он тоғызыншы жылдың жазындағы уақиғаны тірілтуге себепкер болады. Сол кезеңнің куәгері – ақын анасының баяндауы арқылы сыр шертіледі. Қызыл комиссар Лазарев пен қыр қазағы Мұсаның бостандық таңы жолындағы күрестегі достығы, ынтымақтастығы ілтипатты жырланады. Өткен күндердің өшпес тарауларын аударыстыра отырып ақын ұрпаққа ұлағат айтады.

«Суыт жүріс» – «Бұл да елде бар аңыз» деп автордың ескерткеніндей, халқымыздың өткен тарихынан сыр суыртпақтайтын туынды. Қоқан хандығының қол астында қалған Әулие-Атаны бағындыру үшін патша генералының жасаған жорығы, онда Шоқанның қанқұмар генералдан түңілуі, қалың бұқараның екі оттың ортасында шырылдап босқа күйіне шара таппай қиналуы – тарих тозаңы өшіре алмаған шындық. Ақын аңыз желісімен келіп, осы оқиғаға оралады. Жетісудың жезтаңдай ақыны Сүйінбайдың ел мұңына қабырғасы қайысып, Шоқанмен жолығысу үшін үш күндік суыт жүріспен жолға шығуы жырға арқау болған. Поэмада ел басына түскен сергелдең хал Сүйінбайдың сапары үстінде ашылады. Ақын көзімен кер заманның кеселі

көрсетіледі. Шоқанның ішкі ойы да шағын эпизодта сәтті берілген. Көлемі шағын поэманың арқалаған жүгі ауыр. Өйткені, бұл да біздің «оқулығы жұп-жұқа» тарихымызға қатысты. Ал еліміздің өткен тарихына қатысты ешбір сөз енді елеусіз қалмауға тиіс. Бұл орайда азамат-ақынның даусы тағы да айқын естіледі.

«Жылдар-жылдар» – белгілі поэманың жалғасы, үшінші кітабы деп көрсетілген. Негізінен, лирикалық кейіпкердің ішкі монологтарына құрылған поэма. Монолог – көңіл-күйдегі бұрқанған сезім шарпысуларын, әсердегі әр алуан халді, өмірге көзқарастың нәзік иірімдерін берудегі ең оңтайлы тәсіл екені белгілі. Мұны, шартты түрде алынған «Сары дәптердің» әр параграфына үңілген сайын аңғарамыз. Ұрпақ тәрбиесіндегі алдыңғы толқынның бір қателігін, бәлкім өкінішін әлгі «дәптердің» бірінші параграфындағы мына бір үзіндіден аңғаруға болатындай:

«Біздермен бітсін  
Баяғы керзі көн етік,  
Бриллиант тақсын,  
Құндыз терісін тон етіп.  
Бармыз ғой, шүкір, –  
Жақсарған мынау заманда  
Машина мінсін  
Бағасын бізге төлетіп.

Солайша төрден  
Қыздырып кәрі достарды,  
Төменгі жақтан  
Жастарға бердік тостарды.  
...Әлгіні енді  
Әулекі дейміз. Ол байғұс  
Орындап тынды  
Өзіміз сызған жоспарды».

Міне, лирикалық кейіпкерлердің уақыт алдындағы, ар алдындағы арылуының, өзіне-өзі есеп беруінің бір үзік мысалы осындай.

Бұл поэма да «Жедел толғаумен» үндесіп, бүгінгі күн тақырыбын қозғайды.

Азаматтық әуен, өлеңдегі өмір шындығы – «Жедел толғау» (1988) жыр кітабының басты ерекшелігі.

1989 жыл.

## АҚИЫҚ АКТЕР

Ой көзімен үңіле қарасақ, еңсегей ер-азаматтардың мерейтойларын өткізу тек той иесінің мерейі мен мәртебесі үшін ғана емес, сол перзентті бауырына басқан ұлттың да өскендігін, өркендегендігін танытудың

дәлеліндей. Сексеннің сенгіріне қарай сеніммен қадам басу фәни-тіршілікте кез-келгеннің маңдайына бұйыра бермейтін бақыт екендігі өз алдына, өмірін түгелдей өнерге арнаған адам үшін бұл өзгеше мағыналы ғұмыр болуға керек.

Сонау сахна төрінен ақ шашты, ашаң жүзді, бойын әлі тік ұстаған қария – халық артисі Шахан Мусин көрінгенде, кең залды шаттық кернеп тұрғандай еді. «Міне, біздің қазақтың қариясы – қалай әдемі қартаюдың үлгісі» деп жаһанға жар салғыңыз келеді! Қос қолдап таяғына сүйеніп, қалт-құлт етіп келе жатса да сексенге қояр кінәңіз қайсы, ал ол құшағын гүлге толтырып, гүл кешіп, биік баспалдақтармен төмен түсті де мерейтойына жиналған жұртшылыққа иіліп тәжім жасаған соң қайтадан бойын тіктеп, өмір серігі – жары Рәбиға апайды қолтықтаған күйі әріптестерінің ортасындағы құрметті орынға жайғасты. Қимыл-қозғалысында, тіпті, отырған отырысында да өзгеше сырбаздық бар. Сахна шымылдығы ашылғаннан кейінгі осы бір көрініс қырық жылға жуық ғұмырын театрға арнаған актердің, жасы сексенге толған абыз қарияның ұзақ өмірінің қас-қағым ғана бір сәті. Бақытты сәт!

Ал Шахан ағаның өмір жолына, өнер соқпақтарына байыппен барлай қараған жан осы бір күнге жеткенге дейін оның басынан қаншама қиындықтар мен қуаныштар, ауыр өткелдер мен айшықты мезеттер өткенін бағамдар еді...

Отызыншы жылдардың бас кезі Шахан аға үшін бұралаңы мен бұлтарысы көп, қым-қуыт оқиғаларымен ерекшеленетін ерекше кезең болыпты. Білім қуып Алматыға келіп, Ауыл шаруашылығы институтына оқуға түскенде алып-ұшқан көңілін әке өлімі қатты құлазытты. Асқар тауы құлаған соң, арманын тізгіндеп, ауылға қайтады. Қисайған қосты күзетіп, Семей облысының Бесқарағай аудандық атқару комитетінде хатшы болып жүргенде, ел қамын ойлар азамат қатарына қосылған Шахаң Голощекиннің қолдан жасаған қырғынын – қырдағы қазақ ауылдарын шарпыған әйгілі аптық апатын өз көзімен көреді. Елден еселеп алым-салық жинап, жарлының бір уыс талқанына дейін тартып алып, «ортақ қазанға» құйып, қойманы астыққа толтырып болған соң, қазақ ауылдарын назардан тысқары қалдыру, бейшара халге әдейі ұшырату әділетсіз өктемдіктің, сұм саясаттың салдары екенін балаң жүрек сезеді. Қиянаттың қыл бұрауына түсіп қырылған қандастарын ажалдан құтқарудың жолы қайсы деп дүдәмал. Алғашқы жан айқайын «Наркомға хат» дейтін өлеңімен жеткізбек болады. Әділетті қоғам орнатамыз дегендердің сөзіне әлем халқы елеңдеп, құлақ түрген кез еді ғой бұл. Әлдеқалай бір түсінбестік шығар, әділеттің ауылынан біреу келіп: «әй, бұларың не?!» деп әділетсіздікке жол бергендерді жөнге салар деген үмітпен жазылған өлең еді бұл.

Ойда-қырда өлген қазақ жемтігі,

О, замана, бұл азаны кім білген?!» –

деп шырқыраған үні жоғарыдағы «жарты патшаға» жетпегенмен, төмендегі ізін баққандардың тынышын алыпты. Айдың-күннің аманында, қазақтарға нәубет әкеліп, «сен отырсың немененді меңгеріп?!» деген сөз ел басындағы адамға арналғанынан шошынған біреулер соңына шырақ алып түседі...

1934 жылы Семей облыстық қазақ драма театрының шаңырағын көтеруге қатысып, өнер әлеміне біржолата бел бууды мұрат тұтқан Шахаңның тағдыры аяқ астынан қара құйынға ұрынады. 1937 жылдың зобалаңында баяғы 16 шумақ өлеңі басына пәле болып жабысып, 18 жылға бас бостандығынан айрылып, Колымаға жер аударылады. Қазақта «Адамның басы – Алланың добы» дейтін де мақал бар. Бірақ дәл бұлай тағдыр тәлкегіне ұшыраған жанның қайтадан қатарға қосылуы екіталай ғой. Әсіресе жастық шағының ең қайратты, ең қызық кезеңін айдауда, бұғауда өткізу, «халық жауы» дейтін жалалы ат жамылу қайбір оңай соқты дейсіз. Бұған да ердің ері, нағыз сүйегі асыл тұлға ғана төтеп бере алса керек.

Сонау қиын кезеңдерде, сын сағаттарда оның жігерін жасыта алмаған не құдірет деген сауал көңіл түкпірінде еріксіз бас көтереді екен. Сірә, сенім күші шығар. Бәлкім, өз кеудесінен өнердің сөнбейтін отын көргендіктен шығар. Асылы, қазақ ұлтының басына азат күн орнауын үнемі іштей армандаудан шығар. Бәрі де мүмкін. Осының бәрі қосылып келгенде адамға канат бітіреді. Жер бауырлап жүргізбейді. Мойымауға, күресуге дем береді.

Ал сол өнерге құштарлықтың қайнар көзі қайда жатыр. Әрине, ұяда көрген өнегеде. Семейдегі орыс-қазақ орта мектебінде Шәкен Аймановпен бірге оқыпты. Атақты Әміре Қашаубаевтың әнін тыңдап әсерленіпті. Сұлулық әлеміне, әсемдік әлеміне құмарлығын оятқан да театр екен. Алматы театрының Семейге гастрольдік сапармен келгенін ұмытпайды. Қанабек, Құрманбек, Күләш, Иса, Жүсіпбек, Манарбек... Қазақ өнер саңлақтарының ортасы ерекше күшпен баураған. Алматы – Семей арасында өнер көпірі салына бастаған кез... Бұдан соң үзілген лентадай... он сегіз жылға созылған үнсіздік. Кейін театрға келмей, тіршіліктің басқа жолмен де кетуі мүмкін еді ғой... Колымадағы түнек күндердің, жылдардың өзі өнерге деген өлшеусіз махаббатын сөндіре алмаған. Кеудесіндегі мұң мен шер өлең жолдарына айналып, қағазға түскен. Көзі қарақты оқырман Шахан ағаның бұл өлең-жырларын мерзімді баспасөзден оқып, танысқан болар...

Салтанатты кеште Қазақстанның халық артисі Шахан Мусиннің 80 жасқа толуына орай Президент Н.Назарбаевтың жолдаған құттықтау хаты оқылды. Республика Премьер-министрінің орынбасары Қ.Сұлтанов құттықтау хатты тапсырып тұрып, сахна тарланына ұзақ ғұмыр, баянды шығармашылық жол тіледі. Бұдан кейін Мәдениет министрлігінің, Семей және Павлодар облыстық әкімшіліктерінің, Алматыдағы шығармашылық ұжымдардың, жекелеген іскер азаматтардың құттықтаулары мен сый-сияпаттары тапсырылып жатты. Ат мінгізілді, кілем төселді, шапан жабылды, т.б.

Әрине, ағаның әріптес інісі, халық артисі Қаукен Кенжетаевтың «Бұл кісі сексенге келген жоқ. Оны кім шығарып жүр өзі? Алпыс екіде ғана. Маған айтқан шынын. Анау 18 жылды есептемеңдер, менің өмірімнен сызып тастаңдар деген. Сонда Шахаңның жасы 62-де болып шығады!» деуі қалжыңға бұрған, астарлап аңғартары бар сөз еді!

Шахан ағаның қазақ театр өнеріне сіңірген еңбегі лайықты бағаланып, халық артисі дейтін құрметті атақты иеленгені қалың көрермендерінің үміті

мен сенімін ақтап жүргендігінің дәлелі ғой. Ал қырық жылға жуық мерзімде театр сахнасына шығарған кейіпкерлерін санамалап шығудың өзі мүмкін еместігі түсінікті болар. Дегенмен, сахнада сомдаған қадау-қадау негізгі тұлғалары кеше де, бүгін де көпшіліктің жадында жылы әсер қалдырып, уақыт өткен сайын тарих болып тіл қатуда.

Сырым, Сәкен, Ақан сері, Моцарт, Айдар, Махамбет, Жаяу Мұса, Джерзинский, Әліби, Тоқаш... Бұлар – актер Шахан Мусин деген кезде ең алдымен тілге оралатын сахна кейіпкерлері. Актер үшін рөлдің үлкен-кішісі жоқ деп жатады. Шын шеберге оны мен солы бірдей дегенді аңғарту үшін айтылған сөз. Әйтпесе, әрбір актердің сахнаға алып шығатын негізгі бір-екі кейіпкері болатыны және сол кейіпкерлерімен бүкіл өнердегі ғұмырын өлшейтіні белгілі жайт. Мәселен, Шахан аға үшін театр сахнасына Джерзинскийдің, Әлібидің, Тоқаштың рөлдерін шығару кезінде сол тұстағы идеологиялық талаптар тұрғысынан табылу керек болғандығын ішіміз сезеді. Қоғам дамуының ағыстары, замана желі театрға да әсерін тигізетіні түсінеміз.

Театр сыншыларының пайымдауына қарағанда, Шахан Мусин – романтикалық кейіпкерлерді, ақындар мен серілерді сахнаға еркін тыныспен, өзіндік мәнермен, шалқыған жалынмен шығаратын актер көрінеді. Мерейтой кешінде Шахаңа бір замандасы «Сіз ақындардың арасындағы – актер емессіз, актерлердің арасындағы – ақынсыз» деп қалжыңдауы тегіннен тегін емес. Өлеңді өзі де жасынан жанына серік еткендіктен шығар, «Балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші, ақын-серілерге бүйрегінің бұрып тұруы әбден заңды сияқты. Бірақ көңіл қалауы бір басқа да, тіршілік алауы қалай-қалай шалқитыны екінші басқа ғой. Осы ретте, көрермен-сыншы қауым Ақан серінің, Сырымның образдарынан актер шеберлігін, өзара үндестік пен үйлесімді көріп, танып қуанса, еңбектің жанғаны сол емес пе, Сәкен мен Махамбет, Жаяу Мұса мен Моцарт бір-бірінен мүлде өзгеше, бірін екіншісі қайталамайтын, тіпті, рухани ұқсастығының, туыстығының өзі нәзік те күрделі тұлғалар ғой. Ал оны сахнада толыққанды түрде сомдау жаны романтик актердің өзіне де оңай соқпайтын шаруа. Мұны актер Шахан Мусин әрбір кейіпкерінің жанына терең үңіле жүріп айқын аңғарды. Әр образдың табиғатын ашу жолында шашын ағартыпты, тер төгіпті. Енді бүгін сексеннің мұзарт шыңына шығып, сол кейіпкерлерімен қайтадан қауышып, сырласып отырғандай...

М.Әуезов атындағы қазақ драма театрының сахнасында Шахан Мусинді орталарына алған өнер шеберлерінің, актерлердің үлкен тобы тұр. Әне, Х.Бөкеева, Б.Римова, Ш.Жандарбекова, М.Сүртібаев, Ф.Шәріпова, А.Әшімов, Е.Обаев, Р.Сейтімбетов, Т.Жаманқұлов, Қ.Сұлтанбаев, т.б. жарық жұлдыздар. Сахнаға сүт сәуле құйылып тұр. Шуақты. Нұрлы.

1993 жыл.

## ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

Әдеби сынымыздың көкжиегін кеңейтуге әр кезеңнің ақын-жазушылары да тікелей мүдделі болғанға ұқсайды. Бұл мүдделілік жанр табиғатын ашуға, жауынгер сынның назарынан қағыс қалып бара жатқан туыстарды айқындауға, таланттарды тануға, сөз жоқ, өлшеусіз ықпал жасаған. Мұхтар, Сәбит, Ғабит сияқты дуалы ауыздардың бұдан қырық, елу жыл бұрынғы пікірлеріне айрықша ықласпен ден қоятынымыз да сондықтан. Сыншы-ғалым-зерттеушілердің еңбектері өз алдына, көркемсөз зергерлерінің қазір бізге белгілі-белгісіз шығармалар төңірегінде шаттана, шамырқана, кейде тіпті шарттылыққа бойсұнып айтқан лебіздері кейінгі толқын әдебиетшілерді шын қызықтырады. Қазіргі қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламдоздарының әр жылдарда жарық көрген «Өмір және поэзия», «Толғау. Раздумье», «Жұмбақ жан», «Көкейкесті», «Дәуірмен бетпе-бет», «Бір кемеңнің үстінде», «Сөз сиқыры» сияқты әдеби ой-толғаныс кітаптары белгілі бір уақыт аралықтарындағы көркем ойдың дамуына баға берген жекелеген мақалалардың жай ғана жиынтығы емес, творчестволық өмірбаянның тамаша тараулары іспетті. Артық-кем айтылған тұстары болуы заңды да. Салыстыра карап сыр тую – бүгінгі және келер толқынның зердесіне сын.

Белгілі жазушы-драматург әрі аудармашы Сафуан Шаймерденовтың «Әдеби толқындар» атты кітабы (1986) – оның отыз-отыз бес жыл ауқымындағы әдебиет туралы ойларынан түзілген еңбек. Бұл жазушының роман, повесть, әңгімелерінде дала өзендеріне тән мінез, ағысын тереңге жасырған сыршылдық байқалатын. Осы қасиет сыншылдық ойына да дарыған. Баппен түсіндіреді, боямасыз талдайды, шыншылдықпен баурайды. Өзінің әдебиет әлеміндегі бағыт-бағдарын айқындап алмаған жазушыға творчество тауқыметі бақыт сыйлай қоюы неғайбыл. Сонау елуінші жылдардың бас кезінде, отыздан жаңа ғана асқан шағында, ол «Халықтық шығарма қалай туады?» дейтін мақаласын жазған. Бұл сауалды ең алдымен ол өзіне қойған сияқты. Қазақстан жазушыларының 1939 жылы өткен екінші съезінен кейінгі он бес жылдың әдеби өнімдеріне шолу жасай келіп, содан шығатын қорытындылары арқылы әдебиетке деген өз көзқарастарын да байқатады: «өмірде былай қарасаң тип секілді, бірақ әлеуметтік мәні жоқ кездейсоқ құбылыстар көп ұшырасады. Тіпті ондай құбылыстар әлеуметтік мәнінің жоқтығын да танытпайды. Ал оның тамырын табу үшін шын мағанасында болжағыштық, көрегендік керек болады» дейді ол. Осы проблема әдебиет дамуының қазіргі кезеңінде де күн тәртібінде тұр. «Жиырманшы, отызыншы жылдарда қазіргі көрнекті жазушыларымыздың бәрі дерлік әңгіме, очерктер жазған. Олар қазір бұл жанрдан қол үзіп кетті. Ал әдебиетке кейін келген жас жазушылар шағын жанрға мән бермейді» дейді ол аталған мақаласының тағы бір тұсында. Бұл пікірдің де өз творчествосына қатыстылығы бар. «Болашаққа жол» атты тұңғыш романымен оқырмандарын елеңдете келген С.Шаймерденов бұдан кейін шағын жанрларда шуақты шығармалар жазуға ойысқанын білеміз. Яғни,



әрбір жазушының әдеби процесті жіті қадағалауы, оған баға беруі, оның өз творчествосына да елеулі әсер етеді деген сөз.

Ғабиден Мұстафиннің жазушылық жолын барлаған, 1950 жылы жарық көрген «Жаңалық тынысы» дейтін мақаласының да аңғартары көп. Әділ айтылған пікірдің әлі күнге мәнін жоймағаны, жетістігін жасырмай, кемшілігін көлегейлемей тура бағалаудың құндылығы – ең алдымен әдебиет үшін пайдалы екендігіне ден қоясыз. Дәріптеусіз-ақ дәлелдеуге болатын шындықпен ұшырасасыз. Өзінің де, өзгенің де жазғандарына творчестволық талғампаздықпен қараудың бастауы, бәлкім, дәл осы мақалада жатуы да мүмкін.

«Жастар прозасы: қуаныш пен реніш» дейтін ортақ тақырыппен 1955-1966 жылдар аралығында туындаған мақалалары жинақталған. Бір ғана нәрсеге көңіл аудартқымыз келеді. Жастар творчествосына қатысты бүкпесіз, өткір сын бар. Кемшіліктерді күлбілтелмей ашып көрсету бар. Мәдениетті байыптау бар. Мәселен, бір орайда үш жас жазушының балаларға арналған «Бір отрядта», «Ұшқын», «Болат» атты үш шығармасын алады. Осылардағы сюжет ұқсастығы, кейіпкерлер ұқсастығы, оқиғаның басталуы мен аяқталуындағы ұқсастық дәлелді талданған. Шығармаларына шартты түрде бір жақсы баланы, бір жаман баланы кейіпкер етіп алған жас жазушыларды дайын схемадан сақтандыруы бүгінгі балалар тақырыбына қалам тартып жүргендер үшін де сабақ болса керек. «Тағы бір қызығы, – дейді автор, – осы жақсы, жаман бала арасындағы «конфликт» үш повестің үшеуінде де кітаптың ортасына жетпей шешіліп қалады. Еркін де, Қайтар мен Өлтай да «түзеліп кетеді». Сабаққа дес берместердің өзі болып шығады. Содан кейін? Содан кейін, әрине, саяхат басталады. «Бір отрядта» повесінде балалар фермаға барады. «Болатта» балалар МТС-ты аралайды. Ал «Ұшқында» Өлтай облыстық олимпиадаға аттанады. Ақыры «барша жұрт мұратына жетіп, бай болып» тынады. Тақырып тарлығы, тақырып табудағы ізденістің аздығы балалар жазушыларының алдында бұдан отыз жыл бұрын да қиын түйін болып тұрған екен-ау деген ойға берілуіңіз кәдік. «Он жазушы бір тақырыпқа жазуы мүмкін. Егерде олардың өзіндік беті, стилі, эстетикалық биік талғамы мен мәдениеті болса, он түрлі етіп шешер еді ғой дейді автор сіздің ойыңызды оқығандай. Көп ретте автор мәселенің байыбына салыстырулар арқылы баратынын, сондықтан да байлам-топшылаулары дау туғызбайтынын, оқырманын да, шығармалары талданған жазушыларды да мойындататынын аңғару қиын емес. Қанды майдан соғысты бастан өткерген, содан кейін әдебиет шаруашылығына кіріскен бір жазушының татымсыз суреттеулеріне, дәл сол көрініске байланысты, соғыста болмай-ақ майдан тақырыбына «Қазақ солдаты» сияқты кесек туынды арнаған Ғ.Мүсірепов шеберлігімен салыстыру арқылы жоққа шығаруы да иланымды. Ащы да болса, әділін айтқанға не жетсін.

Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, Т.Молдағалиев, З.Қабдолов, Т.Ахтановтардың мүшелтойларына орай жазылған мақалаларда әсіре марапаттау аз, жақсы қырларына сүйсіне үңілу, үңілтуге деген ниет басым. Сол арқылы, бұл жазушылардың біз байқамай келген мынадай келісім кестелері бар еді ғой

деп сырласуға шақырады. Мерейтойлық мақалаларда қаншалықты сыпайы жазылды деген күннің өзінде де, қошамет, тілектестік әуені белең алып келетіндігі талас тудырмаса керек. Әйтсе де сөз мәйегін түсінетін оқушы қаймақ пен көбікті ажырата алады.

Әр жылдарда М.Иманжановтың, Р.Райымқұловтың, Б.Соқпақбаевтың, Ә.Кекілбаевтың, С.Жүнісовтың, Ж.Түменбаев пен К.Сегізбаевтың, Т.Әбдіковтің, Е.Қонарбаевтың, тағы да басқа бір-ер жас жазушылардың жекелеген шығармалары төңірегіндегі рецензия ыңғайында жарық көрген материалдары орынды да орнықты айтылған ой-тұжырымдарымен танымдық та, тағлымдық та қызмет атқарады. Автордың өзі де сезетін болар, Уақыт – төрешіні алдарқату қиын, бірақ негізгі пікір-түйіндеулері дәл шыққаны даусыз.

Тағы бір көңіл аударарлық жайт: әңгіме жекелеген қаламгерлер туралы, олардың бірді-екілі шығармалары төңірегінде ғана болғанымен де, сондай ой-толғаныстарға құрылған мақалаларда өзара сабақтастық, үзілмейтін желі бар. Ол – мейлі бір шығарма жайында, мейлі бір жазушы жөнінде айтсақ та, ең бастысы, әдебиетке қиянат жасамайық дейтін алтын арқаудан ажырамау, сол идеядан ауытқымау.

Кітапта драматургияға қатысты жазылған дүниелер жүйеленбей берілген екен. Бұл мәселеге байланысты ойлардың топтастырылуы, тұтастығы ескерілмеген сияқты. Дегенмен, аға драматургтің кейінгі толқынға қамқор көзқарасын айғақтайтын «Адам болығы» атты мақаланы айрықша атап өткіміз келеді. Т.Әбдіковтің «Біз үшеу едік» пьесасының сахнаға шығуына орай алғаш рет «Лениншіл жаста» жарық көрген бұл мақала шын талантты туындыға берілген әділ баға. Кейінгі жылдары театр сынында профессионалды талдаудың жетіспейтіндігі арагідік сөз болып қалады. Бұл күрделі тақырыпты ашуға білімпаздықпен қоса білгірлік, шынайылықпен қоса жанашырлық қажет-ау, сірә.

Екінші бөлім түгелдей көркем аударманың көкейкесті мәселелерін қозғайды. Аналитикалық талдау үлгісін танимыз. Әсіресе, Рабиндранат Тагорды қазақша сөйлетуде көп тәжірибе жинақтаған майталман аудармашының ұзақ жылдар беделінде көңілге түйген көп сырлары, аударма өнеріне қатысты «әттеген-айлары» мен «бәрекелдесі» бар мұнда.

Қорыта келгенде, көркем әдеби сынымыздың тарихын байытуға лайықты үлес болып қосылар кітап қолымызға тиді демекпіз. Әрбір ақын, жазушы, драматургтің сын жазуы шарт емес, бірақ сыншыл ойдың кең өріске шығуына олар да белсенді болсын десек ше...

1986 жыл.

### **...ЖАЗЫП ҚОЙҒАН ХАТПЕН ТЕН**

Ұлттық театрымыздың қалыптасу кезеңінен бастап, керегесін керіп, уығын шанышқан, шаңырағын көтеріскен көрнекті актер, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қапан Бадыров 90 жасқа толды.

Бүкіл ғұмырын театрға арнаған, ХХ ғасырмен бірге жасап келе жатқан абыз қарияның қазақ театр өнерінің тірі шежіресі екендігіне ешкімнің де дауы жоқ. Өзі де ықтияттап хатқа түсіріп жүретін өмірбаянының қай кезеңіне үңілсек те еліміздің бастан кешкен қилы-қилы асулары, ұлттық өнеріміздің, оның ішінде тарихи сананың айшықты іздері сайрап жатқан театр тіршілігінің барлық бояуы сақталған. Әріден қозғаса, сонау 20-жылдардың бас кезінде Орынбордағы Халық ағарту институтында оқығанын, онда халқымыздың ардақты перзенттері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Сейдәзім Қадырбаев, Әлімхан Ермеков, Жүсіпбек Аймауытов сияқты тарландардан ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие алып, дәріс тыңдағанынан бастайды.

– «Ақаң мен Жақаңның арқасында Қазақ коммунист жастарының клубы құрылып, 1925 жылдың 2 қаңтарында соған мүше болып қабылдандым. Нөмірі 606-ыншы мүшелік билетімді, міне, жетпіс жылға жуық уақыт бойы театрға келуімнің нақты айғағы ретінде қастерлеп сақтап келдім...» – дейді Қапан ата. Көп ұзамай астананың Қызылордаға көшкені мәлім. Үкіметтің «Қазақтың мемлекеттік ұлт драма театры ашылсын» деген қаулысы қабылданды. Тұңғыш театрымыздың іргетасын қалауға Смағұл Сәдуақасовтың, Елубай Өмірзақовтың, Құрманбек Жандарбековтің, Жұмат Шаниннің, Орынбек Бековтің, Мұхтар Әуезовтің және басқа да алғашқы қазақ зиялыларының қалай тер төккенін, қалай еңбек сіңіргенін әңгімелер болса, ол – ұзақ шежіре.

Сол 1925 жылы желтоқсан айының 23-і күні тұңғыш Қазақ театрының артисі болып жұмысқа қабылданғанын, айлық еңбекақысы жүз сом мөлшерінде белгіленіп, театр басқармасымен шартқа отырғанын да қолындағы сақталған құжат арқылы дәлелдейді. Әрине, біреулерге ұсақ-түйек сияқты болып көрінетін осы бір кішкентай детальдарға тоқталмай-ақ кетуге болар еді. Бірақ Қапан атаның өзі осы бір деректерді жадынан өшірмеу арқылы өмірбаянының ең бір қызықты шақтарын, театрға кездейсоқ келмегенін және кішігірім рөлдерді ойнау арқылы өнер отауының табалдырығынан қалай аттағанын, қасында кімдер болғанын – қысқасы, театр тарихын зерттеушілердің назарынан қағыс қалған талай-талай жайттарды тірілтеді.

Жиырманшы-отызыншы жылдарда көзі ашық, оқыған жастардың ел өміріндегі араласатын істері шаш-етектен болғанын байқаймыз. Тек қана театрда емес, жалынды шақыруларға ілесіп алыс ауылдарды аралап, өнер көрсетіп, өнерге бейімі бар, бойында оты бар өнерпаз жастарды ойын-сауық ордасына тарту, кәсіби шеберліктің қыр-сырына баулу, сонымен қатар аса маңызды ағарту жұмыстарын қоса-қабат жүргізуге қатысу сияқты қым-қуат шаруалардың бел ортасында жүреді.

«1930 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің нұсқауы бойынша колхоздарға барып мақта жинау науқанына мыңдаған студент-жастар аттандырылған болатын. Тәшкент шаһарының арғы жағындағы Сырдария станциясынан түсіп, жаяу-жалпы, көтерген төсек-орын, азық-түлігіміз бар бір колхозға жеттік. Қараша айында КомВУЗ-дың және Ауыл шаруашылық

институты студенттерінің еңбек майданындағы жарыс қорытындысы шығарылды. Бұған аудандық комитеттерден көптеген өкілдер қатысты. Сонда «Басқалардан екі кило мақтаны артық жинағаны үшін Бадырұлы Қапанға бірінші бәйге – он сом берілді» деген «Бірлік» колхоз бастығы қол қойған, мөрін басқан анықтама қағаз да қолымда сақталып қалыпты» десе Қапан ата, бұған таңырқай қараумен қатар, ұқыптылығына сүйсінбеске лажыңыз жоқ. Осы бір елеусіз деректі тоқсан жасқа келгенде немерешөберелеріме әңгімеге тиек жасаймын деп ойламаған да шығар. Әлде ойлады ма екен? Қалай болғанда да ақиық актердің сонау жас шағында ақ мақта теріп озат аталғанынан да көп сыр түйесіз...

Театрға бірте-бірте Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов және басқа да тума таланттар келе бастайды. Іргесі бекиді. Қуаты күшейеді. Тіпті, соғыс жылдарында, ұмытпаса 1943 жыл болса керек, эвакуациямен Белоруссияның Мемлекеттік драма театры Орал қаласына келеді. Театр ұжымы М.Әуезовтің «Абай» пьесасын даярлау үстінде екен. Қазақ драма театрынан көмек сұрайды. Сонда Қапан Бадыров бір ай шамасы әріптестеріне қазақ елінің дәстүр-салты, әдет-ғұрпы төңірегінде әңгімелеп, спектакльді қоюларына көмектеседі.

Театрдың жанынан 1932 жылы М.Әуезовтің ұйымдастыруымен көркемдік кеңес құрылып, ол сахнаға шығарылатын жұмыстарды сұрыптау, сараптау, кем-кетігін толтыру, т.б. шығармашылыққа қатысты талқы мектебіне айналды. Міне, Қапекен ұзақ жылдар бойы осы көркемдік кеңестің мүшесі болғанын да әріден бстайды.

«Академиялық драма театрымыздың тарихында 73 режиссер (1925 жылдан бері) спектакль қойыпты. Кім, қашан, қай жылы, қай спектакльді қойғаны жөніндегі мәлімет және әлгі режиссерлердің толық тізімі де Қапекеннің жеке архивінде сақтаулы көрінеді. Бір қызығы, Қапан атаның өзі де 1940-1941 жылдары театрда бас режиссер қызметін атқарыпты. Әрине, режиссерлік – үлкен өнер. Қапекен өзін актерліктен іздейді. Іздейді де табады. Тапқаны емес пе – жетпіс жылға жуық уақыт ішінде актер Қапан Бадыров театр сахнасында 180 рөл орындапты. Ұлттық кино өнеріміздегі орындаған рөлдері өз алдына.

Актер ұлттық классикамыз бойынша қойылған спектакльдердің барлығында дерлік рөл орындағанын және солардың ішінде көптеген басты рөлдерді тұлғаландырып сахнаға шығарғанын баса айтқан жөн. М.Әуезовтың «Абайында» – Абай, «Абайдың» бірінші қойылымында – Шәкәрім, Б.Майлин мен Ғ.Мүсіреповтің «Аманкелдісінде» – Аманкелді, С.Мұқановтың «С.Сейфуллинінде» – Ә.Бөкейханов бейнелерін көркем сомдағанын театр зерттеушілері бөле-жара айтады. Сондай-ақ, Арқалық батыр (Ж.Шанин. («Арқалық батыр»), Қобыланды, Абыз, Еспембет (М.Әуезов, «Қарақыпшақ Қобыланды»), «Еңлік-Кебек»), Науанқазірет, Қарабай (Ғ.Мүсірепов. «Ақан сері – Ақтоқты»), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Көдебай мен Бекболат (Б.Майлин. «Майдан»), Мөңке (Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер»), Ақаев (Ә.Тәжібаев. «Майра»), Мұса (З.Ақышев. «Жаяу Мұса»), сонымен қатар

әлемдік және орыс драматургиясынан Отелло, Баптиста (Шекспир. «Отелло», «Асауға тұсау»), Дуанбасы (Гоголь. «Ревизор»), Фурманов (Д.Фурманов. «Бүліншілік»), Мамлок (Ф.Вольф. «Профессор Мамлок»), тағы да басқа көптеген кейіпкерлерді сахнаға шығарды, сөйтіп, қазақ театр өнерінің тарихында көркем бейнелердің тұтас бір галереясын жасады. Бұған кино саласындағы 18 рөлін де қосуға болады. Сонда төгілген тердің, ұйқы қашырған түндердің, бір рөлдің өзін жүз қайтара сахнаға шығару үшін ойланып-толғанған күндердің, айлардың, жылдардың көш-керуені көз алдымызға келер.

«Біздің ұстаздарымыз кімдер еді десеңізші! Сәкен, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит еді ғой. Ал олардың ұстаздары кешегі Ахандар еді...» деп толғанады Қапан ата. Шынында да ұлылардың ұлағатын сырттай емес, қасында жүріп сезінудің өзі қандай ғанибет.

Қапан атаның актерлікпен қоса, өзі ыстық-суығын жан-дүниесімен қабылдайтын театр тынысы туралы ой толғамдарын қағаз бетіне түсіріп, әр жылдарда жарияланған мақалаларының ұзын саны, өзінің айтуынша, 119 екен. Сахна саңлақтары Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов, Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Күләш Байсейітова, Шәкен Айманов, Хадиша Бөкеева, Қазыкен Бейісов, Қамал Қармысов, Манарбек Ержанов, т.б. жөнінде, олардың қазақ театр өнеріне сіңірген еңбектері туралы ақ жарыла пікір білдіріп отырған. Сондай-ақ, бұл күнде екінің бірі біле бермейтін, бірақ сол ұлттық өнеріміздің өркендеуіне азды-көпті өз үлестерін қосқан өнерпаз қыз-келіншектер, қазақ театры алғаш шымылдығын ашқанда қазақ әйелдерінің бейнелерін сахнаға шығаруға атсалысқан Зухра Атабаева, Шәмсия Әлібекова, Жанқия Малабаева, Ғазиза Шәлімбекова, Шәкетай Тәтімова, Фатима Нұрымова, т.б. туралы тұңғыш қалам тербеп, «Қазақстан әйелдері» журналына жазып тұрған да осы Қапекен.

Қапан атаның «Өткендер мен өткелдер», «Естен кетпес есімдер» және орыс тілінде жарық көрген «Театр – менің тағдырым» атты кітаптары ұлттық театр өнеріміздің тарихына қатысты әлі де талай кәдеге асатын туындылар. Ал Қапан Бадыров туралы театртану ғылымымыздағы тұңғыш зерттеу еңбекті Нәзекет Шәкенбаева жазыпты. Оның «Қапан Бадыров» атты кітабы жарық көріп, өзі осы тақырыптан кандидаттық диссертация қорғаған. Қапан атамиз қазір тоқсанның тұғырына шығып отыр. Ал ол өзінің шығармашылық жолының, актерлік жолының жемісін ерте татқанға ұқсайды. 1936 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, 1943 жылы Қазақстанның халық артисі атақтарын алады. 1952 жылы «Абай» спектакліндегі Абай бейнесін көркем бейнелегені үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған. Екі рет Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар Достығы» ордендерімен марапатталған.

«Ауылыңда қарт болса, жазып қойған хатпен тең» дейді қазақ. Қапан ата шын мәнінде өнер өлкесінде көрген-білген, бастан кешкен уақиғалардың бәрін көңіл дәптеріне жазып, ұрпақ кәдесіне жаратып келе жатқан шежіре қария. Енді бүгін жоғары мәртебелі театрдың болашағына алаңдайды. Өзі сияқты өмірін театрға арнайтын талантты қазақ актерлерінің қатары сиремесе

екен дейді. Тәуелсіз еліміздің театрына жанашырлық пен ыстық ықылас суымаса екен дейді.

1994 жыл.

## ЖҰМБАҚ ЖОЛАУШЫ

Техника ғылымының докторы, профессор, отставкадағы полковник Раунақ Есенберлин туралы, жырақта жүрген жұмбақ жолаушы жөнінде қалың қазақ жұртшылығы еміс-еміс қана естіген болар. Қарияның жасы биыл 75-те. Белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің туған інісі. Асыл аға. Ол қазір Мәскеу қаласында тұрады.

Балалық шағынан есінде қалған бір сурет: көрші үйдегі аңшы жігіт қасқырдың бірнеше бөлтіріктерін ауласында асырайтын еді. Қақпа тарс жабық. Әуестік жеңген ауылдың қара сирақтары дуалға асылып, бөлтіріктердің қылығын қызықтайтын. Әсіресе олардың жемтікке таласқаны сұмдық еді. Бірін-бірі жеп қоярдай, көздерінде жасыл от жанып, бір жапырақ қызыл ет үшін қырылысатын...

Әке мен шешеден ерте айрылған Ілияс пен Раунақ жарты құртты бөліп жеп өсті. Жетімдік тақсіретін тарта жүріп, бір-бірінен бауырмалдық тапты. Мына жарық жалғанда екеуінен басқа бір-біріне шын жанашырдың табылмасын сезгендіктен бе, асыранды бөлтіріктер сияқты алакөз болған жоқ...

Атбасарға жақын Балуанкөл деген жерде қырғыздар тұратын. Думанды ауыл болатын. Қазақ-қырғыз әндеріне құштарлықтарын оятқан сол ауыл. Біреулер бала кезінен әжесінің ертегісін тыңдап өседі, біреулердің үйінде жыршы-жыраулар жиі қонақта болады, ал панасыз қалған Ілияс пен Раунақ үшін үлкен ұстаз – Өмірдің өзі еді.

Атбасардағы балалар үйінде өткізген жылдарын да қазір жиі еске алады. Ішер асқа, киер киімге жарымай, ағаш сәкінің үстінде бүрісіп жататын бейшара кезі «Ұмытқан жоқсың ба!» деп кейде түсіне де енеді.

«Өмірге ендім еңбектеп,  
Шалқалап әкем шықты үйден.  
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,  
Қабағын жаба түксиген» –

деп Қасым ақын жырлаған қиын тағдырды бастан кешіпті ғой сол кезде.

1930 жылы Ілияс Қызылордадағы 9 жылдық мектепке оқуға кетеді де, Раунақ Атбасардағы интернатта қалады. Туған бауырлардың өз беттерінше жол іздеп, тіршілік үшін әрқайсысы жеке шешім қабылдауды үйренуі де сол жылдардан басталған. Жиі жолығысып тұрса да, өмір ағысы бұдан кейін екеуіне талай қиырды шарлатқанын байқаймыз. «1932 жылғы аштық апаты қатты есімде қалыпты, – дейді Раунақ аға ауыр күрсініп, – Қарсақпайдың жанындағы Бетпақдаланың қазақтары жұт шеңгеліне түсіп, қолдарында тігерге тұяқ қалмай, қойдай қырылғанын көрдік. Қарсақпайға аш-жалаңаш ауыл адамдары күн-түн демей ағылып келіп жатады, жолдың жиектерінде, үй-үйдің бұрышында ісіп-кеуіп өліп жатқандарды көргенде зәреміз ұшады.

Неге екенін білмейміз, оларды қыбырлаған көлікке тиеп, Жосалы станциясына апарып тастайды. Атбасар мен Жосалының арасы 400 шақырымға жуық. Сол екі ортада аштықтан қырылған талай қазақтың сүйектері жатыр. Зорман аулап жан сақтағысы келгендерді де көрдік. Сол жылдардағы аштық апаты 1 миллионнан астам қазақтың басын жұтты деген деректер енді ғана айтыла бастады ғой. Сонда Қарсақпайдағы жұмысшыларға тәулігіне 1 келі, қызметкерлерге 800 грамм нан беріледі. Ал іргедегі қазақ ауылдарына көңіл бөліп жатқан жан баласы жоқ. Ілияс жоғары жақтағыларға хат жазып, аштарға нан берілуін сұрайды. Өзіміздің өміріміз қыл үстінде тұрғанда да өзгелердің қамын ойлауға тырысатын едік. Әсіресе, Ілияс, тез есейді. Арамыз екі жас қана болса да, ол маған асқар таудай көрінетін...»

Атбасардағы интернатта алтыншы класты бітіргеннен кейін Раунақ Қарсақпайдағы тау-кен техникумына түсіп оқиды. Техникумда математика пәнін тереңдетіп оқытатын еді. Көбінесе токарь, слесарь сияқты мамандық алуды ойлағандар математикаға қатардағы міндетті пән деп қана қараса, Раунақ содан өзінің әлдебір рухани қажетін тапқандай. Шым-шытырық есептердің шешуін іздеп, көңілі көншімейтінкүйге ұшырайды. Бір жылдан кейін техникумды Риддер қаласына көшіргенде, жер арқасы қиянға қалай кетпекпін деп толқымай, тәуекелге бел буады. «Бұл кезде жалғыз апамыз Назым Байқоңырда, Ілияс Алматыда еді. Техникумды Риддерге көшіретін күні бүкіл Қарсақпай тұрғындары жиналды, – дейді Раунақ аға. – Жүз шақты қазақ балалары оқитынбыз техникумда. Кейбіреулерінің ата-анасы «Осы оқығаның да жетер» деп алып қалып жатты. Қарайлайтын қара орманым болмаған соң, жалғыз өзім жәутеңдеп мәшинеге алдымен отырдым. Риддерге келдік. Сабақ ауыр еді. Математика, физика, химия және жалпы білім беретін пәндерден басқа арнаулы сабақтар өтеді: тау-кен ісі, петрография, кристаллография, т.б. Жатпай-тұрмай дайындаламын. Жақсы оқыдым. Оқу жылының аяғында техникум директоры: «Бір жылдағы жетістіктері үшін Есенберлинге Есентукиге жолдама ұсынамыз» деді. Техникумда жақсы оқығандарға материалдық көмек, сыйлықтар беріліп тұрды. Бір жолы маған бірінші сыйлық – 600 сом ақша белгілепті. Ал екінші сыйлыққа киім-кешек беретінін білетінмін. Директорға кіріп, маған бірінші емес, екінші сыйлықты берулерін өтіндім. Өйткені үстімдегі көнетоз киімімді жаңартуға шамам жоқ еді. Міне, айта берсең, бұл да тарих». Ия, сол қиыншылық кездің тобықтан қаққан талай сын сәттерін бастан өткерді. Ілияс Алматыдағы Тау-кен институтына оқуға түскеннен кейін Раунақ ағасына қаражат жағынан жәрдемдеспесе болмайтынын түсінеді де, оқуын үзіп, Ащысай металлургия комбинатының құрылысына жұмысқа тұрады. Ағасына да, әпкесіне де тапқан табысынан бөліп, қолынан келген жәрдемін жасайды. Екі жыл «Қаратау кеншілері» деп аталатын салалық газетте жауапты хатшы болып, журналистік қызметтің де дәмін татады. Оқыған, сауатты мамандар аз кезде кеншінің қолына қалам алуы әбден түсінікті еді. 1937 жылдың аласапыранын осы газетте жүрген кезінде тағы да көзбен көреді. Газет редакторын бір-ақ күнде «халық жауы» деп ұстап алып кеткенде, бұл Конституцияның

баптарын қазақ жұмысшыларына түсіндірмек болып аудармамен де айналысады. Техникумда алған білімін өз бетінше жалғастырып, емтихан тапсырып, рабфакты бітіргендігі туралы аттестат алады.

Раунақ аға бұдан кейінгі өміріне былайша шолу жасады: «1937 жылы күзде Мәскеуге келдім. Ойым – білімімді жетілдіру, осындағы жоғары оқу орындарының біріне түсу еді. Қабылдау емтихандары бітіп кеткен екен. Бір офицер Ленинградтағы медицина институтына шақырды. Оған зауқым соқпады. Әр түрлі қол жұмыстарын істей жүріп, келесі жылғы сынаққа дайындалдым. 1938 жылы Мәскеу темір жол транспорты электро-механика институтына түстім. Екінші курсты бітірер кезде кәсіподақ комитеті маған Ялтадағы санаторийге демалуға жолдама берді. Қырымға бармасам бәрінен құр қалатындай, емтихандарымды өте асығыс тапсырдым. Соның салдарынан бір сабақтан «үш» алып қалдым. Оны уайымдаған жоқпын. Алып-ұшқан көңілім алыста еді. 1940 жылы қыркүйекте институттардағы сабаққа еркін қатысумен қатар, оқығаның үшін ақы төлейтін (әр семестрге 200 сомнан) қаулы шықты. Осы кезде Қырымға несіне асығып ем деп, бармағымды тістедім. Жанұшыра «үштігімді» түземек болдым. Институт бастығы (ол кезде солай деп атайтын) келісім бермеді. Содан соң Жоғары мектептер ісі жөніндегі комитетке өтініш жасадым. Одан да көмек болмады. Уақыт өте берді. Тиісті ақшаны төлей алмағаным үшін бір күні институттан шығарды. Сөйтіп, кешегі студент Мәскеудегі фото-пластинка фабрикасына қара жұмысшы болып орналастым. Менің мүшкіл халімді естіген соң, Илияс ағам енді маған қол ұшын берді. Сөйтіп, әрі фабрикада жұмыс істеп, әрі ағамнан көмек алып, әрі оқуымды жалғастырып, жағдайым біршама түзеліп кетті. Емтихандарымды «5»-ке тапсырып, стипендия да ала бастадым. Аз-мұз артылған ақшамды жинастырып, алдағы жазда әпкеме Мәскеуді көрсетпек болып, жоспар да құрып қойдым. Сөйтіп жүргенде, 1941 жылғы соғыс басталды. Көптеген студенттер өз еріктерімен әскер қатарына алынып, майданға аттанды. Мен Вязьма түбіндегі қорғаныс шебінің құрылысында жұмыс істедім. Ол кезде теміржолшы-студенттерді майданға жібермейтін, броньмен алып қалатын. Үш айдан соң біздің институтты Томск қаласына көшірді. Өрт жалын елді шарпыған кезде алаңсыз оқу қайда. Өз еркіммен сұранып, мен де майданға аттандым. Оқ дәрінің түтінін иіскеп, өмір мен өлімнің арпалысын көзбен көріп, жанымызды шүберекке түйіп жүргенде, Бас қолбасшының майдандағы 4-5 курс студенттерін Әскери Академияда оқыту жөніндегі бұйрығы шықты. Мен Жуковский атындағы Әскери-әуе Академиясын қаладым. Сөйтіп, менің 1970 жылға дейінгі әскери өмірім басталды. Соғыстан кейін 18 жыл Рига қаласында тұрдым. Авиация және Ракета училищелерінде жұмыс істедім, сабақ бердім, ғылыми жұмыстармен айналыстым. Одан соң Мәскеудегі Коррозия институтында бес жыл, МАДИ-да он жыл қызмет істедім. Соңғы екі жылда ғана үйдемін.»

Мәскеудің Есенин бульварындағы Раунақ ағаның үйінде, терезесі үлкен жұмыс кабинетінде әңгімелесіп отырып, көзім бір қабырғаны тұтас алып жатқан кітап сөрелеріне түсе берді. «Қазақ жазушыларынан кімдерді оқиды екен?» деген әуестік те бар ойда. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің,



Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, М.Жұмабаевтың, О.Сүлейменовтің, Ә.Әлімжановтың таныс кітаптары жоғары орналасыпты. «Орысша-қазақша сөздіктің» 1954 жылғы басылымы жазу столының үстінде жатыр. Ілияс Есенберлин шығармаларының 10-томдығы тұр. Ағасы туралы айта түсуін қаладым. Ол ой жалғады.

«Ілияс туралы менің әңгімем ұзақ қой. Кейбір тұстарына ғана тоқталайын. Ілияс та соғысқа қатысып, жараланып, Свердловскінің госпиталінде емделіп, Алматыға қайтты. Драма театрының әдебиет бөлімінде, Орталық Комитетте қызмет істеді. Республикалық филармонияның директоры болып жүрген кезінде «халық жауының» қызына үйленген (Диляра жеңгеміз – Хамза Жүсіпбековтің қызы), «филармонияның қаржысын шашты» деген сияқты жала жабылып, он жылға сотталды. Шаяхметов билікті сотқа берген болатын. Үш баласы, әйелінің шешесі, інілері – бәрі Ілиясқа қарап отырған. Басына іс түскен кезде Димекең (Д.А.Қонаев) Мәскеуге бар деп ақыл-кеңес беріп, жол қаражатына да өзі көмектескен еді. Жоғарғы сот Ілиястың ісін екі айдай ұстады. Қайтадан Алматыға қайтарды. Мерзімін бес жылға кемітті. Бір жылдан кейін амнистиямен шықты. Бұл шырғалаңның Ілиясқа ауыр тигенін, бірақ жүрегі адал, рухы күшті жан болған соң тағдыр тәлкегіне мойымай, күйремей шыққанын айтқым келеді.

Ілияс шығармашылық жолын өлеңмен бастаған. 1945 жылы «Айша» поэмасы, көптеген өлеңдері, «Біржан сал трагедиясы», тағы да басқа жыр жинақтары жарық көрген. Қазақ тарихына қатысты кесек туындылары «Алтын Орда» мен «Көшпенділер» трилогияларын кемелденген шағында жазды. Халқымыздың жеті ғасырлық тарихын қамтитын бұл эпопеясы – мәңгілік. Көптеген шет ел тілдеріне аударылды, аударылып жатыр.

1986 жылы «Менің асқар тауым» деген мақаламды «Простор» журналына жіберіп едім, баспады. Былтыр «Арай-Заряға» беріпті. Бір данасын Атбасардағы музейге жібердім. Биыл қаңтар айында Ақмоладағы облыстық газетте сол естеліктен үзінділер шықты. Осы мақаламда Ілияс туралы ойларым жинақталған.

Раунақ Есенберлин ұзақ жылдар әскери қызметте болғанын жоғарыда айттық. Н.Хрущев Ригадағы ракета училищесін жапқаннан кейін полковник дәрежесіндегі Рекең Алматыға қайтуды ойлайды. Қаныш Сәтпаевқа өтініш жасайды. Ғылыми жұмыстары металл дәнекерлеуге қатысты болғандықтан, жеке лаборатория сұрайды. Бұл шаруа әне-міне шешімін тапқалы жатқан кезде Мәскеуге шақырылады да сонда қалып қояды. Сөз арасында Рекең соғыс жылдарында қазақтан бірде-бір генерал шықпағанын, мұның сыры баяғы империялық саясатта жатқанын айтқан еді. Академияда оқып жүрген кезінде аэродинамика мамандықтарына орыстан өзге ұлт өкілдерін «орын жоқ» деп жолатпайтынын, өзінің бұл салаға мыңдардың ішінен біреу болып кездейсоқ бас сұққанын қынжыла баяндады. Тіпті, алғашқы диссертациясына кейбір деректерді Бас штабтан алу керек болып сұратқанда, бермеген. Содан соң еріксіз диссертациясының тақырыбын өзгертуге тура келген. Қазір

әскери техниканы меңгерген қазақ офицерлері неге аз деген сауалға осыдан соң жауап тапқандай боласыз.

Р.Есенберлиннің ғылыми қызметі 1947 жылдан басталады. 1953 жылы ол кандидаттық диссертациясын, 1971 жылы докторлығын қорғады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінен металлургия мен оның технологиясына, әсіресе металдарды газды ортада дәнекерлеуге арналған. 120-дан астам ғылыми және өнертапқыштық еңбектерінің ішінде «Машиностроение» баспасынан екі рет басылып шыққан «Пайка металлов в печах с газовой средой» монографиясын және «Пайка и термическая обработка деталей в газовой среде и вакууме» атты ғылыми еңбегін, сондай-ақ еліміздегі металл дәнекерлеу тақырыбына арналған тұңғыш кітаптардың бірі «Пайка металлов» (М., 1959) туындыларын атауға болады. Бұл ғылыми еңбектері энциклопедиялық басылымдарда, көрнекті ғалымдардың арнаулы ғылыми кітаптарында үнемі назарға алынып отырған, сілтеме жасап, атап көрсетілген. Ғалым осы тақырыптағы бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының да тұрақты авторы.

Оның ғылыми еңбектеріне шетел ғалымдары да назар аударған. Мәселен, 1970 жылы Американың металл дәнекерлеушілер конференциясында Р.Есенберлиннің ғылыми жетістіктері арнайы сөз болған. Германияда шығатын ғылыми басылымда жоғары баға берілген. Р.Есенберлиннің жетекшілігімен 6 кандидаттық диссертация қорғалды. Шәкірттері – Д.Л.Поправка, О.П.Чураков, Латвиядағы С.А.Найман, Өзбекстандағы С.Х.Икрамов, Қазақстандағы Е.Төленов – сенімді ізбасарлары. Жезқазғандық аспиранты Ермек Төленовпен бірігіп қазақ тілінде «Автомобиль жөндеу» деген кітап жазуды жоспарлаған. Әрине, Р.Есенберлиннің еңбектерін техникалық білім ордаларындағы студенттердің рухани игілігіне айналдыру, ана тілімізде шығарып, пайдалану алдағы жылдардың үлесіндегі шаруа болмақ. Ол 80-жылдарда Қазақстандағы жоғары оқу орындарының арнайы шақыруымен – Алматыдағы Политехникалық, Ауыл шаруашылық институттарында, Өскеменде, Ақмолада, Жезқазғанда болып, лекциялар оқып тұрған. Әскери қызметтен босағаннан кейін ракетадан басқа техника түрлерін, әсіресе, автомобильдерді зерттеуге көп көңіл бөледі.

Әңгіме желісі бүгінгі күн мәселелеріне қарай ойысқан кезде Раунақ аға Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған бағытына, жүргізіп отырған саясатына көңілі толатынын, шетте жүрсе де қолдау білдіретінін айтты. «Кейде баспасөзден ұлттық намысымызға тиетін пікірсымақтарды оқысам, жанымды қоярға жер таппай қаламын, – дейді Рекең. – Биыл 30 қаңтарда «Советская Россия» газеті С.Любкин деген біреудің «Проведем» «Зеленую линию» деген мақаласын басты. Оған 20 ақпандағы нөмірлерінде тағы айналып соқты. Шыдай алмай: «Білместік пе, әлде арандату ма?» деп газетке мақала жолдадым. Онда 20 миллион гектар жерді алып жатқан Қазақ хандығының тарихын, 1810 жылы бір ғана Орал – Жайық бойында 29 казак бекіністері қалай пайда болғандығын, Абылай ханның қол астындағы жерде Петропавл бекінісі қалай салынғанын, 1822 жылы патшаның қырғыз – қайсақтарды бағындыру туралы жарлығы шығып, аға сұлтандық басқару

жүйесінің қалай өмірге келгендігін, Кенесары хан қозғалысының тарихи мәнін, оның Омбы губернаторы Талызинге хатындағы талаптары, қазақтардың келісімінсіз салына бастаған қалалардың бой көтеруіне наразылығын, соның салдарынан Ақтау, Ақмола, Ор бекіністеріне шабуыл жасағандығын нақты деректермен тілге тиек ете отырып, тарихты бұрмалаушылыққа тойтарыс бермек болдым. А.Фролов мақаланы баспаймын деген соң РСФСР-дің Ұлттар Кеңесіне жібердім. Любкиннің «орыс жері» деп бал ашуы Солженицын сандырағының жалғасы екендігі түсінікті. Ал соған көз жұмып қарап, қол қойған шовинистерге қайтіп зығырданың қайнамайды!»

Ресей басылымдары Рекеңнің жанайқайына құлақ аспаған екен, себебі белгілі, баяғы империялық пиғыл, ал сол мақаланы алған Қазақстандағы бірер беделді газеттің бұған неге елеусіз, салғырт қарағаны бізге түсініксіз. Алыстағы ағайынның сөзі бұдан былай бүйтіп ескерусіз қалмаса дейміз. Әсіресе, мәселе ұлттық намысымызға қатысты болған жағдайда!

Ғалымның, бұрынғы әскери қызметкердің өлеңге, өнерге деген көзқарасын да білгім келген. «Бала кезімнен есімде қалған мына бір шумак өлеңді ұмыта алмай-ақ қойдым:

Аспанда Күннің нұры,  
Мақпалдай жердің түрі.  
Қуаныш мал мен жанда  
Қыс шыққан өлмей тірі»

– деп Рекең жатқа соқты. Абайды, Мағжанды қайталап оқитынын, жұбайы Вера Васильевнаға қазақтың салт-дәстүрлерін үйрететінін, «Қазақ әндері» кітабын үнемі оңайда ұстайтынын айтты. Егіз қыздары – Дина мен Рахима тұрмысқа шығып, жеке отау құрып кеткендерін, елді сағынатынын аңғартып қария біраз үнсіз қалды. «Елге сәлем айта бар!» деді содан соң...

1992 жыл.

## БІЗДІҢ БЕЛЬГЕР

*«Жер үстіндегі менің сүйеуім – туған шаңырағым. Сол шаңырақта болу менің ең басты бақытым, қайталанбас байлығым, менің даналығым мен алданышым. Құрбы-құрдастарымның дені, өкінішке орай, бұны істей алмайды. Міне, мен тағы да қара шаңыраққа араға бір жыл салып, жан-дүниемді реттеп, мән-мағынаға толы, қарапайым да қадірлі, жалған қызықты қуалап босқа алып ұшпайтын, басқа өлшемде, табиғи сабақтастықпен өтіп жатқан өзгеше өмір барлығын сезінуге келдім. Мен үшін емсекті болғанмен өзгермейтін, жылы да аяулы үй жағдайының ерекше тіршілігіне сүңгу қажет-ақ. Мүмкін, бұл жер үстінде ешқандай зұлымдық үзе алмайтын, үзуге болмайтын, ұрпақ пен ұрпақты жалғастырудан нәр алған арқау осы болар».*

*(«Шаңырақ» әңгімесінен).*

Бұдан бірнеше жыл бұрын іссапармен Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданындағы (қазіргі Шал ақын ауданы) Ыбыраев атындағы ұжымшарда болғанымыз бар. Сонда ауыл адамдары «Алматыдағы белгілі жазушы-аудармашы Герольд Бельгер біздің Тасөткелден шыққан азамат», «Осындағы қазақ орта мектебін үздік бітірген», «Өзіміздің Гера ғой» десіп, мақтаныш тұта сөз сабақтағанда таңданысымызды жасырған жоқпыз. Қалай, қашан деген сауалдардың бірқатарына сол жолы жауап тауып қайтқанбыз. Дегенмен, Герекеңмен бір әңгімелесудің сәті қашан түсер екен деп жүретінбіз іштей.

Енді, міне, алпыс дейтін – алты асқардың асуына шыққан шағында, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ордендерінің бірі – «Парасатты» алғашқылардың бірі болып кеудесіне таққан тұста, Қазақстан Президентінің Бейбітшілік пен келісім сыйлығының лауреаты, Жоғары Кеңестің депутаты Герольд Бельгерге жолығып, бала шақ пен болашақ аралығындағы өмір жолына барлау жасадық, оймен шолдық.

«Өткен күнде белгі жоқ» дейді халық мәтелі. Біз оны «белгі бар» деп «түзеп» жазып жүрміз. Белгі болса жақсы ғой. Бірақ, кейде өкініштің, өлшеусіз қайғы-қасіреттің де өшпестей із тастап кететін кездері болады. Өмір жолы бұралаң. Кейде бір адамның басына түскен тағдыр таукіметі бүтін бір тайпаның тарихынан бөле-жарып алуға келмейтіндей біртұтас...

Кешегі Кеңес одағындағы немістердің саны екі миллионға жетсе, соның бір миллионы Қазақстанды қоныстаныпты. Бізді олармен тағдыр табыстырыпты. Еділ бойынан немістерді түп көтере көшірген, жан-жаққа тарыдай шашқан 1941 жылғы 28 тамыздағы қаһарлы Жарлық Автономиялы республиканы жойды, адам құқығын аяққа таптады, депортацияға ұшыратты. Сібір мен Қазақстанға мыңдаған неміс отбасылары зорлықпен көшірілді. Адамзаттың тарихи жадынан өшіріп тастауға болмайтын бұл қиянаттың құрбаны болғандар жөнінде айтылар сөзге нүкте қойылмайды ендеше...

Саратов облысының Энгельс қаласында кіндік қаны тамған Гера алты жасында Солтүстік Қазақстан облысындағы шағын қазақ аулының қарадомалақтары арасында ес біліп, оң-солын таныды. Мектепке барды. Қазақ мектебіне. Сол кезде бұл ауылда, кілең қазақтардың ортасында, бір неміс, бір орыс отбасылары ғана болыпты. Орыс мектебі бар ауыл жиырма бес шақырым жерде екен.

– Еділ бойынан Есіл бойына көшіп келу – менің дүние танымыма көп өзгерістер әкелді. Қазақ дейтін халық барын, олардың бауырмал, қонақжай салт-дәстүрлері барын білдік. Есіл өзенін жағалай кілең қазақ ауылдары тізіліпті: Көктерек, Кеңес, Мектеп, Өрнек, Қаратал, Жаңаталап, Орталық т.б. Ойын баласын орта тәрбиелейді. Аз уақыттың ішінде мен қазақша сөйлеуді үйрендім. 1944 жылы бірден қазақ мектебінің екінші класына бардым. Қазақ аулының әсері, ықпалы зор болды. Сейітқожа, Қоспан, Омар, Ерғали, Әбілмәжін, Нұрқан дейтін ақсақалдардың айтқан сөздері әлі күнге дейін жадымда сақталып қалыпты. Кейіннен бұлар менің әдеби кейіпкеріме айналып, шығармаларымнан орын алды. Жалпы адамдық қасиеттерімнің

калыптасуына қазақ шалдарының қатты әсері болғанын баса айтқым келеді, – дейді Герекен.

Арада қырық жылдан аса уақыт өткеннен кейін жазушы: «Сонау қасіретті 41-ші жылы Қазақстанға жер аударылған менің әкем қазақ ауылдарындағы фельдшерлік-акушерлік пунктке ойдағыдай басшылық ету үшін, осындай қиын-қыстау кезеңде жергілікті жұрттың құрметіне, ықыласы мен сеніміне бөлену үшін оған, неміске, қазақ тілін білмейінше болмайтынын, немесе, немістер «менталитет» дейтін, былайша айтқанда, ұлттық ерекшеліктің басты мәнісі – оның тіліне жан-жүйеңмен ұмтылмайынша болмайтынын бірден түсінген еді. Тіршіліктің осынау дана қағидасынан өзі де үйренді, қазақ мектебіне, беріп мені де үйретті. Қазақ мектебін бітіргеніме мен ешқашан өкінген емеспін және өкінбеймін де» деп сыр толғайды.

Ауыл қазақтары «білгір Бельгер» деп құрметтейтін Гераның әкесі Карл Федорұлының мамандығы әскери фельдшер екен. Тағдыр айдап қазақ аулына тап болған осы бір зиялы жан отыз жыл Есіл өңірінде фельдшерлік-акушерлік қызмет атқарады. Талай қазақ баласының кіндігін кесіп, алақанының ыстық табына бөлейді. Еңбегімен елге сыйлы болудан артық мәртебе жоқ шығар. Енді осы кісі туралы көзкөрген замандасының естелігіне үңілсек, түсінігіміз толығырақ түсетін тәрізді.

«Біздің төңіреkteгі еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін Карл Федоровичтің шипалы қолы тимеген адам кемде-кем шығар. Ол бір үйдің ішінде тұрып, сол үйдің ішіндегі дәрігерлік бөлмесінде ауруларды емдеді. Жанұядағы адамдар өзара немісше сөйлеседі. Ал бізбен орысша тілдеседі, кәрілермен шама-шарқынша қазақша түсініседі. Сіңісе келе Карл Федорович қазақ тілін аса жатық сөйлемегенімен, өте жақсы түсініп, тиянақты жауап қайтаратын дәрежеге жетті. Оның жұбайы марқұм Анна Давыдовна осы дәрігерлік бөлімде медсестра болып қызмет атқарды, қазақша сөйлемейтін. Екеуі де ел алғысына бөленген адамдар. Тамырын ұстап, қызуын басатын, басы ауырып, балтыры сыздаса дұрыс емін жасайтын, ақыл-кеңес беретін елдегі ең сүйікті адамдар болды. Осы адамдардың құрметті демалысқа шығу рәсімінде де болдық. Табақ-табақ ет асылып, қазан-қазан сары бауырсақ пісірілді. Елдің адамдары жүйе-жүйесімен тойға шақырылды. Сөйтіп, кәдімгідей думандатып той өткізді. Қарапайым неміс жанұясының ел арасында аса құрметке бөленгендігінің тағы бір куәсі болдық осы тойда. Әрине, бұл да жақсылықты жақсылығынан тапқандығы. Осы жанұяда бір ұл – Герольд, үш қыз – Эльма, Роза, Альма болды. Бәрі де қазақша оқып білім алды» деп еске алады қызылжарлық Ғалым Қадыралин («Солтүстік Қазақстан» газеті, 16.08.94).

«Қазақтың қай үйіне бас сұқсақ та бауырындай қарсы алып, төріне отырғызатын, тату көрші, танымал жандарға біздің де есігіміз ашық еді. Әсіресе, кешқұрым есік алдына шығып, әкем скрипка тартып, мен гармон, мандолинада ойнап, қарындастарым ән салған кезде көрші-қолаң тегіс жиналушы еді: қоңыр кешті жамылып, ризалық лебімен тойдырушы еді» деп жазса жазушы өзінің балалық шаққа қатысты әңгімелерінің бірінде, сол

ойларын толықтыра түсіп: – Әкем қазақ мектебінде оркестр ұйымдастырып, ән-күйге үйретті. Тыным таппайтын, қоғамшыл жан болып, мені де сергектікке баулыды. «КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі» болды. Әкемді үлкен мақтан тұтамын. Ісімен де, өнегесімен де өзгеше. Қазір жасы 85-те. Ташкент қаласында тұрады, – дейді сыпайы ғана.

Мектепте оқып жүрген кезінде зерек Гера шағын ауылдың шағын кітапханасындағы кітаптарды шақ келтірмей түгесіп оқып тастаған соң, әкесі аудан орталығынан қапшық-қапшық кітап тасиды екен. Білімге деген құштарлықты ұштап, қанаттандырып отырудың бұл да бір озық мысалы. Ал, мектептегі шәкірт жүрегіне арман отын жаққан аяулы ұстаздардың қатарында қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс өткізген Жылкелді Мұқановтың, орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген Мария Егорованың ұлағаты ұмытылмайды. Мектеп директоры Шияп Садықов та жүрек жылуын аяған жоқ.

Кәмелеттік жасқа келіп, айналасындағы өмір құбылыстарының қыр-сырын аңғара бастаған кезде әйтеуір бір әділетсіздіктің қыр соңынан қалмай жүргенін аңғарады. Ұлты неміс болғандығы үшін ғана неге басқалардан кеміс саналуға тиіс? Ауыл айналасынан ұзап, 16 шақырымнан ары шығуға неге болмайды? Неге спецкомендатурадағы қарғыс атқыр тізімге тіркеліп, жиі-жиі тексеріліп тұруға тиіс? Мектепті аса үздік бітірсе де, неге алтын медаль ала алмады? Жасөспірімнің жүрегін жаралаған бұл сияқты ауыр сауалдарға әкесінен басқа ешкім де ашық жауап қайтармайды. Албырт жас намыс отына өртеніп, бекер арандап қалмасын дей ме, әйтеуір, әкесі мән-жайды жұқалап, жұмсартып ұғындыруға тырысады. Сабырлы бол дейді. Үнемі бұлай әділетсіздік шырмауында жүрмеспіз дейді. Әке сөзі әжептәуір демеу болады...

Онжылдықты тиянақты білім алып бітірген ол жақсы дайындықпен келіп 1953 жылы Қарағанды политехникалық институтына оқуға түседі. Бірақ сол баяғы «бөтенсудің» салдарынан үн-түнсіз институттан шығарып тастайды...

– Мен әдебиетке келу жолымды арыз жазудан бастадым, – дейді Герекең күрсініп. – Басқадай жол қалмаған еді. Әкем – коммунист, өзім – комсомол. Кеңес Одағында туып-өстім. Кеңес мектебінде оқып, білім алдым. Не кінәм бар? Осындай-осындай ішкі шерімді ақтарып, Одақтағы Ворошиловқа, Кругловқа хат жазамын. Жауап болмайды. Алматыға, республика басшыларына хат жолдаймын. Тым-тырыс. Сөйтіп жүргенде бір күні республика жастарының жетекшісі Анатолий Шаловтан үміт сәулесін оятқан жауап алдым. Алып-ұшып Алматыға жеттім. Қазақ педагогикалық институтының директоры Мәлік Ғабдуллинның көмегімен сол институттың қазақ-орыс филологиясы факультетіне қабылдандым. Бұл 1954 жыл еді. Сол жылдың аяғына таман Қазақстандық немістердің арасында алғашқылардың бірі болып паспорт алдым...».

Ол институттағы студенттік жылдарын мағыналы өткізді. Ұстаздары Сәрсен Аманжоловтың, Давид Николаевич Николичтің, Митрофон Семенович Сильченконың, Нина Сергеевна Смирнованың, Халима Адамовна

Бекмұхамедованың мол білім-тәжірибелерінен тәлім алады, үйренеді. Институт директоры М.Ғабдулинмен жеті жыл бойы шахмат ойнағанын сағына еске алады. Асқар Сүлейменовтей жанына жақын дос табады сол жылдарда.

– Жас кезімнен арманым жазушы болу еді. Екінші кластан бастап армандадым десем еш өтірігі жоқ. Сол оқушы кезімнен бастап үзбей күнделік жазамын. Әскер Жұматаев деген кластасым айтатын: «Сен жазушы болсаң мұрнымды үш жерден кесіп берейін» деп. Неміс, қазақ, орыс тілдерін қатар меңгеруге тырыстым, үш тілде қатар сөйлеп те, жазып та машықтандым. Тек КазПи-де оқып жүргенде көңіліме аздап күмән ұялай бастады. Үш тілдің аты – үш тіл. Бір тілдің өзін барлық бояуымен игеру оңай емес. Ал жазушыға ең керегі – тіл. Содан аңсарым ғылымға, түркологияға ауа бастады. Оған түрткі болған ұстазым, ғалым-түрколог Сәрсен Аманжолов еді. Салыстырмалы грамматика теориясымен шұғылдандым. Еңбектерім Одақтық байқауда үшінші орын алған кезі де болды. Аспирантурада қазақ мектептерінде орыс тілін оқытудың методикасымен айналыстым. 1958 жылы КазПиді бітірдім, сол жылы менің ғылыми жетекшім С.Аманжолов кенеттен инфаркт кеселінен қайтыс болды. Тағы да көңілім алаң. Мәкеңнің (М.Ғабдулинның) көмегімен Ғылым Академиясының бай кітапханасының сирек қолжазбалар қорына кіруге рұхсат алып, көне кітаптар мен сарғайған қолжазбаларға үңіліп біраз уақытымды өткіздім. Карл Маркс негіздеген теориядан ауытқып кеттік-ау осы дейтін ой миымды шағып, Плехановтың, Троцкийдің еңбектерін ақтардым, қайшылықтардың себептерін іздестіремек болдым. Осыған қатысты ойларымды ашық айтамын деп «қырағылардың» назарына іліндім. Содан соң бір ағайынның ақыл-кеңесімен Жамбыл облысының алыстағы ауданы Байқадамға екі жыл мұғалім болып кеттім. Алматының қадірін алыс ауылдарда жүргенде білесің. Енді көркем аударма дейтін алып кемеңнің үстінде ашық теңізге шыққым келді...

Өмірде ең қиыны өзіңді іздеу, өзіңді табу шығар, сірә. Сол институт қабырғасында жүргенде үш тіл білу мүмкіндігін пайдаланып, ол аудармамен де айналыса бастайды. Ең әуелі «Қан мен тер» романының бір бетін аударып, ақыл-кеңес алу үшін Әбекене – Әбдіжәміл Нұрпейісовке келеді. Мақтау күткен балаң көңіл аудармашының сақа жазушы бірден арқасынан қақпағанымен, талабына іштей сүйсініп, сол кездегі Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабекене – Ғабиден Мұстафинге апарып жолықтырады. Осылайша, қиын да күрделі аударма өнерімен осы кісілердің батасын алып кіріседі. Аз уақыт «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер болған ол 1964 жылдан бастап бірыңғай шығармашылық жұмысқа ауысады. Өзінің көркем шығармаларын аудармамен қатар жазады.

«Үйдің іші қоңыр салқын, жанға жайлы екен. Қонақтар ақ текеметтің үстіне шығып, үй иесі лақтырып тастаған жастықтарды қолтықтарына басып, омырауларын ағытып, маңдай терлерін сүртіп, жайғасып отырды.

Төрдің төбесіне Сам-Әлекең шықты. Өзі бір көрнекті кісі екен. Төбедей болып дөңкиген неменің біраз сұсы барға ұқсайды. Қасындағы серіктері мұндайда тіпті кішірейіп кетеді екен. Үй қожасы көрпешенің шетіне келіп

отырды. Күнге тотыққан әбжіл қимылды шофер бала есік жаққа тізе бүгіпті». («Алты қырдың астында» әңгімесінен).

Герольд Бельгердің әңгіме, повесть, эссе, сын-зерттеу мақалалары бар жиыны – 16 кітабы жарық көрген екен. Қазақ және неміс жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударуда ұшан-теңіз еңбек етті. Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Ә.Кекілбаев, Д.Досжанов, О.Сәрсенбаев, Н.Ғабдуллин, Т.Нұрмағамбетов және басқалардың – барлығы 200-ден астам шығармаларын орыс тіліне тәржімалады. Сондай-ақ неміс тілінен А.Реймгеннің, Н.Ваккердің, В.Клейннің, Э.Кончактың, В.Гейнцтің және басқаларының 22 шығармасын орысша сөйлетті. Үш тілде жазған әртүрлі жарияланымдарының саны 500-ден асады екен. Осыншама қыруар еңбектің, азабы мол жанкешті шығармашылық жұмыстың қаншама ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндердің жемісі екенін, қаншама қызықты ұрлап кеткенін есептеп шығарудың өзі қиямет.

Аударма азабы туралы сөз сабақтағанда ол «Сөз аудару қиын емес, жазушының түйсігін, таным қаймағын бұзбай жеткізу қиынның қиыны» деп ағынан жарылады. Бір ғана «Қан мен тер» трилогиясын жазушы Ә.Нұрпейісов қырнап, өңдеп, қайта қарап, 15 жыл бойы жазғаны мәлім. Сол мехнатты әр сөзіне мән беріп, өзіне өзі қатал қарайтын жазушы аудармашыдан да талап еткенін көз алдыңызға елестетіңіз.

Г.Бельгер 1974 жылы ауыр операция жасатады. Ауруханадан шыға салысымен Б.Майлиннің Мәскеуден шығатын бір томдық таңдамалы шығармалар жинағын аударуға шұғыл кіріседі. Кейіннен осы кітаптың аудармасы жөнінде пікір білдірген жазушы Дүкенбай Досжанов: «Қыржиып тамағын қырнады», «Хабардың шетін бықсытты», «сиырша сүйкене отырды», «көпшілік мінезі желге меңзес», «сөзді ескектеп соғып», «бітімші ой», «Сырекең сөзге жайылып түсіп қалды», «өзіне өзі жүгініп» тағы да басқа жазушы лексикасының інжу-маржанын орыс тілінде майын тамызып сөйлетіп берген Бельгер ғана еді» десе, бұл – дәлелді баға.

Бельгер қазақ тілінің шын мәніндегі жанашыры, тілекшісі, патриоты. Оған талай рет қысылтаяң тұстарда куә болып жүрміз.

– Қазақстанда бір жылдары басшы қызметте Мищенко деген бишікеш болды. Қазақ тілін менсінбей, ұнатпай, кекетіп-мұқатып сөйлейтін еді, байғұс. Қазақ тілінің сөздік қорында бар-жоғы 200-дей ғана сөз бар деседі ғой деп «жаңалық» ашты бір күні. Бір мәжілісте, сол кезде қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Министрлер Советінде, сөз ыңғайы тағы да әлгіндей мұқату сипатын алғанда Нұрекең: Бұл жөнінде басқа емес, Бельгер-ақ айтсын деп маған сөз берді. Сонда мен Орынбордан сонау 1899 жылы шыққан Машановтың «Орысша-қазақша сөздігінен» бір ғана «вид» деген орыс ұғымының қазақша қаншама синонимдері барына мысал келтірдім. «Вид»ке қазақша: түр, кескін, сиық, сымбат, тұрпат, нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рең, тұлға, ұсқын, айбар, пыс, кейіп, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, сын, өң, көрініс және тағысын тағы балама бар екенін естігенде кейбір «қазақтардың» өзі жағасын ұстаған шығар...



1988 жылы Алматыда «Ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейік» деген тақырыпта республикалық ғылыми-практикалық конференция өткен болатын. Г.Бельгердің сонда «Айталық, қазақ тілін үйренуге кіріспес бұрын, ең алдымен, оның сұлулығын, оның байлығын, оның бейнелілігін, оның ішкі құрылымын көрсетіп берген, қазақ сөзі құрылысының биік өнерін іс жүзінде дәлелдеп берген жөн болар еді. Қазақ тілінің «қарадүрсіндігі» жайлы қалыптасып қалған тоғышарлық қате түсінікті сейілту үшін Шекспир мен Байронның барлық лексиконы 15 мың сөзден тұратын болса, Әуезов «Абай жолы» романында ғана 16983 сөз қолданғанын айта кеткеннің несі артық. Европалық «верблюд», «верблюдица», «верблюжонок» деген сөздердің төңірегінде тосылғанда, қазақ осы түліктің нар, бура, қоспақ, желмая, жалбай, аруана, інген, атан, қайыма, буыршын, бота, тайлақ... деп түр-түрін атап, барлығы 80 атауды көлденең тартатынын неге ауызға алмаймыз» деп айызымызды қандыра айтқаны жадымызда.

– Гереке, Қарауылда қалай қазақша сөйлегеніңізді еске түсіріңізші, – деймін сөзге тартып.

– Е-е, ол Әуезовтің 90 жылдығын тойлауға барғанымызда ғой, дейді күліп. – Абай, Шәкәрім, Мұхтар сияқты үш алыпты берген қасиетті топырақ, киелі жер ғой Қарауыл. Алматыдан, көрші республикалардан біраз қонақтар шақырылыпты. Әдеттегідей тойдың ресми ашылуы, салтанатты мәжіліс өтіп жатты. Абай елінің адамдары тайлы-таяғына шейін қалмай жиналыпты. Кілең қаракөздер. Залдағылардың 90 проценті қазақтар. Ал, мәжіліс орыс тілінде өтуде. «Апырай, Алматыдан, Орталық комитеттен келгендердің мұнысы қалай? Жергілікті халықты, Абай, Шәкәрім, Мұхтардың аруақтарын сыйласа қайтеді, неге қазақша сөйлемейді?!» деп іштей ыңғайсызданып, мазасызданып тұрдым. Содан соң өзіме сөз кезегі тигенде, қазақша сайрадым. Бір ауыз орысша білмейтін, түсінбейтін қазақ аулының адамдары қалай риза болғанын көрсеңіз. Қариялар, ақ жаулықты аналар келіп бетімнен сүйді, қолымды қысты. Бұдан сол кездегі идеология хатшысы Камалиденов бастап барған партия сарбаздары не қорытынды шығарғанын білмедім, өзімнің түсінігімде «тілін құрметтесең – халық сені де құрметтейді» деген тұжырым қалды.

– Адам көп тіл білуге ұмтылу керек, – деді ол ойланып. – Әсіресе, жас кезінде, отызға толғанша бірнеше тілді меңгеруге күш салу керек, кейіннен қиынырақ бола бастайды. Мен жақында Данияда болып келдім. Ағылшынша білмеймін. Соған қатты өкіндім. Меніңше, қазіргі қазақ жастары ана тілімен қоса ағылшын тілін жетік білуге қол жеткізуі керек. Еларалық іскер байланыстарға араласып жүргендер үшін бұл ауадай қажет. Европалықтар 5-6 тілде еркін сөйлей береді. Тіпті, 80 тілде сөйлей алатын адам да бар. Мүмкіндік шексіз.

Мен Герекеңе: өмірде көптеген қиындықтар кездеседі, кейбірі адманың аяғын тұсаулап, көздеген арман-мұратына жетуіне кедергі болатын кездері бар. Осы жөнінде не ойлайсыз? – деген ығайда бір сауал қойдым.

Ол айтты: өз өмірімде үш түрлі қиындық кездесті. Біріншісі: жиырма жасыма дейін жүйкемді жұқартып намысымды таптаған әлеуметтік

әділетсіздік. Саясаттың салқынан туған сенімсіздік. Бәрінен түңіліп, қолымды бір сілтеп, тағдырдың маңдайға жазғаны осы шығар деп тары теріп кетуім де мүмкін еді. Күрестім. Күрес мені ерте есейтті. Көздеген мақсатыма бірте-бірте қол жеткіздім.

Екіншісі: денсаулығым ерте сыр берді. 12 жасымнан 40 жасыма шейін балдақпен жүріп, айлап ауруханаларда жаттым. Жеті-сегіз рет 6 айдан гипсте жатқан кезім де болды. Уайымға салынып, ұнжырғамды түсірмей, сондай қиын кездерде де оқыдым, жаздым, күрестім. 1974 жылы күрделі де қиын операциядан кейін балдақты тастадым. Тамаша хирург Вера Леонтьевна Никифировнаның арқасында өмірге екінші рет келгендей күй кештім. «Ертең де күн бар» дейтін повесімді осы абзал жанға арнап жаздым.

Үшіншісі: ақша-қаражат тапшылығынан, жетіспеушілігінен көп қиындық көрдім. Бұл тұрмыс таукіметі деген сөз. Отыз жасыма дейін қарыздан көз ашпадым. Алғашқы кітабым 37 жасымда жарық көрді. Содан соң бірте-бірте тұрмысым түзелді.

Герекеңнің еңбекқорлығы туралы әріптестері де таң қала әңгімелейтініне талай рет куә болдық. Мұның бір сыры – уақытты ұтымды пайдалана білу өнерінде жатыр. Өзінің айтуынша, жасырақ кезінде тәулігіне 16 сағаттан жұмыс істейді екен. Қатаң режим сақтайды. Мәселен, бір күнгі жұмыс режимін үшке бөледі: таңғы 8-ден 12-ге дейін шығармашылық жұмыстарымен айналысады, түскі сағат 1-ден кешкі 5-6-ға дейін аудармамен шұғылданады, ал содан соң түнгі 11-ге дейін кітап оқу, хаттарға жауап жазу, т.б. Күнде осылай. Жылдар бойы осылай. Бір ырғақ. Бұзылмайтын қатаң қағида. Ілеуде бір кенеттен жұмыс режиміне өзгеріс енсе, оның орнын ертеңгі күннің үлесінен тез арада толтыруға тырысады.

– Менің қазақ достарымның арасында таланттылар көп, өте көп. Бірақ солардың бірде-біреуі қатаң режиммен жұмыс істемейді. Талант мүмкіндігін сарқа пайдаланбайды. Қызықпен, қыздырмамен әуестеніп кетеді де, бойдағы күш-қуатын, қабілетін қалай болса солай, төгіп-шашып жұмсайды. Рас, Әуезовтің қалай жұмыс істейтінін көре алған жоқпын. Басқа, мен білетін қазақ ақын-жазушыларының жоғары жұмыс істеу мәдениетін меңгергендері жоққа тән, – дейді ол. Бұл пікірдің жаны бар сияқты.

Өнердің қай түріне көңілі көбірек құлайтынын білгім келген. Мектепте оқып жүргенде өлең де жазыпты. Оны ертерек қойған. Музыкаға әуестеніпті. Қазір де өнердің осы бір түріне бүйрегі бұрып тұрады. Классикалық музыканы ұнатады. Марқұм, досы Асқар Сүлейменов түн ішінде телефон шалып, Бахтың шығармаларын, Құрманғазының немесе Тәттімбеттің күйлерін тыңдатып қояды екен. «Бетховеннің бүкіл шығармалары Асқарда да, менде де бар еді. Кезек-кезек тыңдайтынбыз» деп еске алады. Шахматқа әуестігі әлі жойылмаған. Қолы босағанда бірер партия шахмат ойнағанды қолай көреді... Жиі қайталап оқитын жазушылары – немістерден Герман Гессе мен Томас Манн, орыстан – Бунин. «Ең көп оқитын бір кітабым «Библия» дейді ол. Содан соң сөз сабақтап: Бір досым айтады: «Басты ауыртпай екі-ақ кітапты оқысақ та жетеді: бірі – халық ертегілері, екіншісі – дін кітабы» деп. Соның әзілінде шындық жатыр» дейді жымыып.

Жеке архивінде нендей құнды дүниелер барын сұрадым. «Хаттар, – деді, – менде ресейлік немістердің маған жазған 10 мыңнан астам хаты бар. Соларды реттеп Орталық мұражайға өткізуім керек. Қолымдағы құнды мұралардың бірі – атам Фридрихтің 1880 жылғы әскери куәлігі және тағы да төрт-бес құжат. Екінші, нағашы атам Давид Гертердің осы ғасыр басында нотаға түсіріп кеткен неміс әндері. Бұлар мен үшін шетелдік небір асыл бұйымдардан да қымбат».

Қазіргі көші-қон мәселесіне қатысты көзқарасын білгім келді.

– Көп адам кетіп жатыр шет елдерге. Немістер – Германияға, орыстар – Ресейге. Германияға барғандардың да халі онша емес. Әйтеуір атамекен деп ат басын бұрғандар ғой. Біреулер осы көшуді саясатқа, тілге қатысты деп түсіндіргісі келеді. Бұл – бекер. Дұрысы – тұрмысымыздың қиындықтарынан іздеу керек шығар себебін. Шет елдерден қазақтар да көшіп келіп жатыр. Меніңше, бәрін Қазақстанға көшіріп алуды мақсат тұтпау керек. Шет елдердегі қазақ диаспорасы – өріс. Ұлттың мықтылығы диаспорасының кеңдігімен өлшенсе керек. Мәселен, немістер дүние жүзінің көп елдерінде тұрады. Одан кемдік көріп отырған жоқ. Қазақтар да солай болу керек. Біреу құптар, біреу құптамас, бұл менің өз пікірім, – деді ол.

«Қазақ қаламгерлерінің әңгіме, повесть, романдарында неміс ұлтының өкілдері қызық та қайталанбас көрініс табады. Бұл құптарлық та қуанарлық жәйт. Сәкен Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» атты пьесасындағы ауыл мұғалимасы Эмма Ивановна Таурих өзінің ұстамды мінезі, ізгі парасатымен көрінсе, С.Мұратбековтің «Жабайы алма» повесінде жерді жанындай сүйген, жасөспірім ұста Карл, К.Қазыбаевтың «Ызғар» романындағы Гальфингерлер семьясы, О. Сәрсенбаевтың «Бақыт құсы» повесіндегі еңбексүйгіш, ел үшін еңіреп туған шаруа адамы Карл Карлович, М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» деген повесіндегі жетімдік тауқиметін ерте көрген жас бала Зигфрид Вагнер, А. Жағанованың «Кінәсіз» атты әңгімесіндегі соғыс мұңлығы Эмилия қазақ оқырмандарының көңілінен шыққан қан-сөлі қанық, типтік бейнелер» деп бірде сыр ағытса, Герольд Бельгердің өзі де шығармаларына талай қазақтардың тағдырын арқау етіп алды.

Ол қиямет шығармашылық жұмыстармен қатар, белсенді түрде қоғамдық қызметтер де атқаруда. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі, ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Қазақ Пен-орталығы атқару комитетінің мүшесі, Алматыдағы неміс мәдени орталығының төрағасы. Барлығы жиырмадан астам комитет пен комиссиялардың жұмысына қатысады. Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде жүктелген міндет өз алдына.

– Қазіргі кезде жеке шығармашылығыммен айналысуға уақыт мүлде тапшы. «Сеңнің» екінші кітабының аудармасын бастап қойғанмен, аяқталмай үстелімнің үстінде жатыр. Алты қолжазба аяқталмаған күйде. Депутаттық мерзім біткен соң оларды қолға аламын, – дейді Герекен.

«Маған күллі ауылдастарымның, малшы мен диқанның жанына қайырымдылық пен қайсарлық, жайсаңдық пен табандылық, әйтеуір өмірге

қажетті барша жақсы қасиет осы Есіл жағасынан, осы сыры мол Тасөткелден жұққандай көрінеді.

Құрдастарым үлкен қалаларға оқуға аттанып, қиырға сапар шегіп бара жатып, арғы беттегі қасқа жолға шығу үшін Тасөткелден өтетін. Сонда бізді шиыры мол өмір жолына шығарып салып тұрғандай болушы еді ол.

Өзім де осымен неше мәрте Тасөткелмен үнсіз қайыр-қош айтысамын. Сонда кім біледі, осы бір қадірлі мекенді соңғы рет көріп, бүйірін күн қыздырған тас жылуы мен бойға желік берер су тынысын соңғы мәрте сезініп тұрған болармын деген ойдан жанымды жайсыз бір мұң жайлайды. Бірақ бұл уақытша ғана. Менің Тасөткелім, Жер-Ананың асыл алақаны өмірдің өзі секілді таңғажайып, әрі өмірлік екенін ойлағанда желпініп, жадырап сала беремін». (Тасөткел» новелласынан).

«Біздің Бельгер» дейміз риясыз көңілден жақсы көріп. Өйткені ол солай деп айтуға әбден лайық азамат, жазушы, қоғам қайраткері.

1994 жыл.

## ПАЛУАНДАР ПАТШАСЫ

XX ғасырдың спорт өнеріндегі алып тұлға, Халықаралық чемпионаттардың бірнеше дүркін жеңімпазы, Ұлы даланың Күш-атасы, біртуар қазақ Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 1996 жылы 125 жыл толды.

Біз осы Қажымұқан туралы қаншалықты білеміз? Кейбір деректерді, тасқа басылған мәліметтерді, құжаттарды, көркем шығармаларды сана сүзгісінен өткізіп, қайта бір жаңғыртар болсақ, біршама мағлұмат жинақталғанымен, талай сыр тарихтың қойнау-қатпарларында қалып бара жатқаны ойлантады.

Қажымұқан 1871 жылы Ақмоланың Сарытерек болысындағы Құрама деген жерде (1992 жылдан бері «Қажымұқан ауылы» деп аталады) дүниеге келген. Оған 1948 жылы Шымкент облысының бұрынғы Арыс, қазіргі Бөген ауданының Темірлан селосы іргесінен, Арыс өзенінің оң жақ қабағынан топырақ бұйыртыпты.

Көбіне «жапон Муханура», «қара аю», «қара орыс», т. б. лақап аттармен күрес аренасына шығып жүрсе де, атағы да, өзі де әлемнің көптеген елдерін шарлаған тұңғыш қазақ осы Қажымұқан еді ғой! 1901 жылы Омбыда алғаш рет цирк ашылғанда көзсіз құштарлықпен келіп соның табалдырығынан аттаған Мұқанның алдынан сан тарау жол шықты. Иван Поддубный, Иван Шемякин, Иван Зайкин, Миша Боров секілді орыстың атағы жер жарған палуандарымен белдесіп, боз кілемнің үстінде өнер сайысына түсіп, соңынан төс түйістіріп, алдымен Ресейдің үлкен-үлкен қалаларын түгендейді; соңынан алыс шетелдерге сапар шегеді. Харбин, Варшава, Будапешт, Берлин, Прага, Рига, Лондон, Париж, Оңтүстік Америкадағы Буэнос-Айрес қаласы, т. б. Қажекеңнің табаны тиген жерлерді толық санамалап шығудың өзі қиын-ау. Орыстың атақты палуандары

көздерінің тірісінде-ақ күрес өнеріндегі өмірбаяндарының жазылып, кітап болып шығып жатқанын көрді. Ал, Қажымұқанның қасында жойқын жеңістерінің шежіресін хатқа түсіріп отыратын бір адамның болмағаны өкінішті-ақ.

«Өзінің айтуы бойынша, ол төрт рет дүниежүзінің және Еуропаның чемпионы атанған. 59 шет мемлекетте болып, 48 медаль алған» деп жазыпты Қажымұқанды көріп, әңгімелескен замандасы Қазбек Сүлейменов өзінің естелігінде. Қанша елде болғаны жөнінде әртүрлі айтылады, ал 48 медалы болғаны анық сияқты. Бұл бірнеше адамның естеліктерінде және өмірбаяндық деректерде қайталанып отырғанын байқаймыз. Ал сол алтын-күміс медальдардың көпшілігі сонау отызыншы жылдардағы ашаршылық кезінде азық-түлікке айырбасталып кеткені тағы да сан соқтырады.

Қажымұқан күрес кезіндегі сын заматтарда, ғаламат арпалыс сәттерінде арғы ата-бабасы Қара қыпшақ Қобыландының аруағына сыйынады екен. Ол талай-талай әлем чемпиондарын, Еуропа мен Азияның алыптарын тізе бүктірген палуан. Американдық Джо, неміс Поль Абс, фон Кенич, Ганс Каван, итальяндық Струмент, француз Жан-Сабатье, Фиедри Колос, эстон Тигане, поляк Збышко-Циганович 1, атышулы Алекс Аберт, Георг Лурих, Лацгальф, Андерсон және Азия мен Африканың арыстандары Темір-Булат, Кануков, Али-Осман, Сали-Сулейман, Робине Хосаев, Чемберс Ципс, Ли-Хун-Синг, Мурзук, Кахута, Манада, Сара-Ки-Ки, Джо Моро, т.б. – бұлар, бәлкім, бізге есімдері жеткен бірен-сарандары ғана шығар. Елу жылға жуық шаршы алаңда от шайнап, мұз біріккен баһадүр қазақтың ғасыр перзенті екендігіне дау жоқ.

Жалпы, біз ақиқат пен аңызды қатар өретін халықпыз ғой. Көзі тірісінде Қажымұқанның өзі «56 елде болдым» десе де, «алты қасқыр қамағанда бірін сирағынан, екіншісін желкесінен ұстап, бірін біріне соғып өлтірдім» десе де, аңшының әңгімесіндей әсерленіп тыңдап, ал ең үлкен Ақиқаттың алдында таңырқаудың орнына таңдай қағып, бас шайқап өте берген сияқтымыз. «Ол Берлинде жуандығы еліден асатын сым темірді мойнына галстук жасап, беліне белбеу қылып орап, темірді қамырдай илеп, дегеніне көндірген». «Ол Парижде сахнаға мініп шыққан түйесін мойнына салып көтеріп алып кеткен». «Ол 75 пұт жүк салынған арбаны тісімен сүйреп сахнаға шығаратын». «Ол алып кеудесіне 20 пұттық тас қойғызып, екі пұттық балғамен уаттыратын». «Ол Лондонда салмағы 450 килограмдық темір сейфті арқанмен шандып, арқасына салып алып, үйдің жоғарғы қабатына жалғыз өзі шығарған». «Үстінен жүк тиелген автомашинаны өткізудің әлем чемпионы, орыс палуаны И.М.Зайкиннен кейін осы өнерді циркте қайталап көрсеткен Қажымұқан ғана»... Көзі көргендерден қалған осы үзік-үзік естелік сөздердің қай-қайсысының да астарында шындық жатыр. Ал енді осындай алып күш иесінің күрес өнеріндегі кереметтері қандай еді десеңізші. 1927 жылы «Қазақ даласының батыры» деген атақ беріпті. Бұған да шүкір. Бірақ Қажымұқан киетін қалпақ бұдан да үлкен еді ғой дейсіз іштей қомсынып...

Мұңайтпастың ұлы өмірінің соңғы жылдарын Арыстың жағасында өткізеді. Соғыс кезінде өз қаражатына самолет жасаттырып, майдандағы жауынгерлерге көмек көрсетіп, тағы бір ерлік жасайды. Алайда тұрмыс тапшылығына ұшырап, 1945 жылы 26-маусымда және 1947 жылы 10-қаңтарда Қазақстан басшыларына (А.Қазақпаев пен Н.Оңдасыновтың атына) екі рет хат жолдайды. Үй сұрайды. Жәрдем күтеді. 75 жылдығы ескерусіз қалмаса дегендей ниет аңғартады. Сол кезде Қажымұқанның цирк өнеріне сіңірген еңбегін бағалау сыңайында «Қазақстанның халық артисі» деген атақ беруге құжаттар әзірленіпті. Бірақ бұл атақ берілмеген. 1945 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталады. «Батыр, осыған риза болыңыз!» деппіз...

Палуанның жеке басына қатысты әрбір дерек қызықтыратыны сөзсіз. «Қажымұқан өте сымбатты, бойшаң, қара торы жігіт болатын. Бойының биіктігі 1 метр 86 сантиметр, салмағы 230 килограмм еді. Шынымды айтсам, мен оны бір көргеннен-ақ ұнатып қалдым»... деп еске алыпты палуанның жас кезін оның бірінші әйелі, ұзақ жылдар бойы бірге түтін түтеткен Бәтима (Шын аты-жөні – Надежда Николаевна Чепковская). Бәтимадан 1910 жылы Халиолла атты ұл туған. Екінші әйелі – Ырысты. Одан Құлымбет атты ұл, София, Рашида, Әзия есімді қыздарын көреді. Үшінші әйелі Мінәйімға 1938 жылы қосылады. 1940 жылы одан Айдархан деген ұлы дүниеге келеді. Өмірінің соңына таман Бибігүлден Жанәбіл атты перзент қалыпты. Мұхтар деген тағы бір ұлы жөнінде арагідік айтылғанымен, нақты дерек жоқ. Өз естелігінде Әуелбек Қоңыратбаев былай дейді: «Палуанның қасында болып, бой үйренген соң, мен ағаттығы болмас деген оймен Қажекеннің дене құрылысын өлшеп көрген едім. Палуан да жымып қарсылық білдірмеді. Сондағы анықтағаным мыналар: Қажекеннің салмағы – 174 кг, басқаша айтқанда 11 пұт. Шалбарының өзіне 3 метр мата, көйлегіне 6 метр сұрып кетеді екен. Бойы 185 см. Төбеден белге дейін – 77 см, белінен аяғына дейін – 113 см. Кеудесінің ені – 146 см, сан жілігінің ұзындығы (тізеге дейін) – 65 см, балтыр ені – 49 см, ұзындығы – 58 см, табаны – 35 см, аяқ киімі – 45 размер. Шалбарының белі – 220 см, белбеулігі – 170 см, жалпақ жауырыны – 60 см, қолтық етінің жуандығы – 50 см, қар еті – 47 см, екі иықтың ені – 56 см, жатқанда – 60 см, басының айналасы – 65 см, білек ұзындығы (саусақ басынан) – 25 см, ортан қолдың ұзындығы – 14 см, жуандығы – 10 см, үстіңгі ерні – 10 см, асты да осындай, төбесінің 55 см. жерінде шаш жоқ, шашының ағы 65 проценттей, сақал, мұрты ақ, әрбір қылы инедей жуан...».

Қажымұқан атақты Балуан-Шолақтың батасын алған. Белдеспеген. Сәбит Мұқанов Балуан-Шолақ туралы хикаят жазып шығарғанда қатты риза болған, бірақ Сәбене: «Мен туралы жазбадың» деп өкпе-наз айтатын болған. Сәбең «Өмір мектебі» романында Қажымұқанды қалай көргені жөнінде қысқа жазады, бірақ үлкен шығармаға уәде берсе де орындай алмаған.

Енді Қажымұқантануда осы уақытқа дейін не тындырылды дегенге келетін болсақ, 1959 жылы жазушы Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» атты деректі повесі жарық көреді. «Ештен кеш жақсы» дейміз де. 1960 жылы Қ.Мұңайтпасовтың спорттық өмірбаянын зерттеу мақсатында арнайы комиссия құрылады. Комиссия мүшелері Омбы, Орынбор, Ташкент

және басқа бірқатар қалаларды, республикамыздың көптеген облыстарын аралап, дерек жинайды. Нәтижесінде біраз құнды материалдар сұрыпталып, 1964 жылы педагог-ғалым Мұратқан Тәнекеевтің архив материалдарына, көз-көргендердің естеліктеріне сүйеніп жазылған «Қажымұқан Мұңайтпасов» дейтін көлемді еңбегі жарық көрді. КСРО спорт шебері, педагогика ғылымдарының кандидаты Әлімқұл Бүркітбаевтың «Жалын» баспасынан «Қажымұқан» атты деректі повесі 1978 жылы қазақша, 1990 жылы орысша кітап болып шықты, «Қазақфильм» 1978 жылы екі бөлімді деректі фильмді экранға шығарғанда (сценарийін жазған – Ә.Бүркітбаев, режиссері – О.Әбішев) онда алтынның сынығындай болып, сонау 1913 жылы түсірілген кинокадрден палуандар патшасының бейнесі бір сәтке ғана болса да жарқ ете қалғанда, қуанбаған қазақ жоқ шығар... Кейіннен «Қазақфильм» екі сериялы көркем фильм де шығарды.

Міне, биыл қазақтың Намысынан жаралған Алып Перзентінің туғанына 125 жыл толғалы отыр. Баяғы салғырттық пен немқұрайдылық әлі де сол шаужайдан алып, шегіншектете беретіні несі екен, осы! Республикалық баспасөзде («Егемен Қазақстан», № 13, қаңтардың 19-ы, 1996 ж.) бір топ қазақ зиялыларының, спорт саңлақтарының Президентке «Ашық хаты» да жарияланды. Ондағы мерейтойға байланысты ұсыныс-тілектердің қай-қайсысы да ой елегінен өткен, өзін-өзі сыйлайтын елдің азаматтары жүзеге асыра алатын мәртебелі шаралар екендігі ден қойғызады.

Көкшетаудағы «Ақан ауылы», Қостанайдағы «Бейімбет ауылы» сияқты Ақмоладағы «Қажымұқан ауылының» да жаңғырып, атына заты сай болғанын көргіміз келеді. Қажымұқанға орнатылатын алып ескерткіштің болашақ астанамыз Ақмоланың төрінде тұрғаны да абырой әрі айбын емес пе! Темірландағы мұражайдың халі нешік? Алматыдағы құрылысы бітпеген мәдени-спорт кешеніне Қажымұқан атын бермегенде, кімнің атын береміз? Сауал көп. Халықтың күтіп отырғаны – Үкіметтің арнайы қабылдайтын қаулысы.

Палуандар Патшасының тұғыры биік, тұлғасы асқақ болуы керек қой. Өйткені ол Қазақ елінің Біртуар перзенті. Жалқы. Дара.

1996.

## ӘН – ҒҰМЫР

Алпысыншы жылдардың орта тұсы болса керек... Ауылдағы үйлердің бірінде өткен әлде шілдехана, әлде тұсаукесер, әлде сүндет тойы – жадымда жиі жаңғырады да тұрады. Сол бір той кешінде көп ән, өте көп ән айтылғаны есімде. Және бір есімде қалғаны: әнді тек қана ауызғы бөлмеде отырған қыз-келіншектердің айтқаны. Еркектер қолдан ашытқан сыра ішісіп, карта ойнап, қауқылдасып төргі бөлмеде отырған. Ән шарықтап, шалқып, аядай үйге сыймай, ауылдың ашық аспанына сіңіп, алысқа кетіп жатты. Мына ғажап дүниеге таңырқаған өз басым қыз-келіншектердің әндерін біресе төргі, біресе ауызғы бөлмеде отырып тыңдадым. Содан соң сыртқа шығып, байыз таппай,

әлгі ән әуелеп жатқан үйден әудем жерге барып, неге екенін білмеймін, көзімнен жас парлап тұрып тыңдағаным-ай. Әнге, сиқыр сазға ғашық болған сол бір сәтті ешқашан ұмыта алмаймын. Маған қазақтың ауылдағы қарапайым қыз-келіншектерінен асқан әнші бұ дүниеде жоқ секілді көрінген.

Бұл менің бала сезімім, балаң әсерім болса да біртүрлі ыстық, сағынышты. Оның себебін енді-енді ғана түсіне бастағандаймын. Біз әнмен дүниеге келген, ән тербеткен, әнмен ержеткен ұрпақпыз. Бесік жырын тыңдап жатып түс көрдік, жар-жар айтқан, беташар айтқан ауылдағы тойлардың ортасында өстік, ағаларымызды әскер қатарына әнмен шығарып салып, жыл құстарын әнмен қарсы алатынбыз. Қызық! Қазір сол әндерді аз естиміз...

1988 жылы «Лениншіл жас» газетінде қызмет істеп жүргенімде Талдықорған қаласына үш күндік іссапарға бардым. Облыстық қазақ драма театрының сахнасында екі бірдей спектакльдің тұсауы кесілмекші екен. Бірі – Оразбек Бодықовтың пьесасы бойынша қойылған «Ит өлімі» дейтін спектакль. Екіншісі – Тәңірберген Қалилахановтың «Ақын Сара» пьесасы бойынша сахналанған «Өшкен жұлдыз» спектаклі. Екеуінің де қоюшы режиссері – Сәулебек Асылханов.

Алматыдан шығарда Оразбек ағамен телефон арқылы тілдескенмін. Қонақүйде кездесетін болып келіскенбіз.

Талдықорғанға барып, қонақүйге орналасқаннан кейін Орекенді іздедім. Таптым. Бөлмесіне шақырды.

Люкс бөлме екен. «Ассалаумағалейкум!» деп кіріп барғанымда аласа дөңгелек столды ортаға алып, үш кісі шай ішуге қамданғанын көрдім. Ағалар сәлемімді алып, үшеудің маған бейтаныс біреуі – жас шамасы елуді еңсерген, жүзінен аңқылдаған ауыл адамына тән қарапайымдылық, біртүрлі жаныңды баурайтын мейірім лебі есіп тұрған, қалқиған құлақтары да тәкаппарлық танытпайтын, мандайындағы әжімдеріне қарап, бір көргенде, мол бейнет кешкен, кетпен арқалап, арық қазып, күн мен желге қақталған диқан қауымынан шығарсыз деп тұспалдауға тұрпаты толық ұқсап тұрған кісі – тіптен қалбалақтап, мені төрге оздырды да, өзі төменшіктеп, дастарқан шетінде ақ шәйнекті қолына алып, шәй құя бастады. «Е-е, мына кісілерге қызмет көрсетіп, қонақтарын күтіп отырған талдықорғандық азаматтардың бірі шығарсыз деп, өзімнің де мұнда қонақ екендігім есіме түсіп, ұсынған кесесін де онша елпектемей, ілтипатпен ғана алып, шіренбесем де шәниіп отырмын ғой баяғы.

Оразбек аға жаныңдағы жолдастарына мені таныстырды, содан соң маған қарап: – «Мына Ілия ағанды – Ілия Жақановты өзің білесің, танысың. Сонау Арқадан Ақанның бір әнін тауып, «Шырмауық» деген, Оңтүстікке олжалы оралып келеді екен. Осында жолығыстық. Ал мына кісі, шәй құйып отырған, Шәмші деген ағаң болады, – деді. Мен сенер-сенбесімді білмей: «Шәмші аға ма?!» деп аңтарыла сұрадым. «Иә, кәдімгі, Шәмші Қалдаяқов!» деді Орекен. «Ойбай, аға, кешіріңіз! Мен сізді таныған жоқпын. Әкеліңіз шәйнекті. Маған беріңізші. Мен шәй құйайын» – дедім сасқалақтап. Өзім төрдегі орнымнан қалай атып тұрғанымды да білмеймін. Бір қарасам,



шәйнектің тұтқасы – Шәмші ағаның қолында, шүмегінен мен ұстап алыппын. Шәкең маған шәйнекті бермеді. Шәйді өзі құйып отыр. Тағы бір екі мәрте ағаларыма қызмет көрсетуім керектігін, жасым кішілігін жайымен айтып көрсем де, болмады. Міне, ғажап! Сөйтіп аты жер жарған композитор Шәмші Қалдаяқов ағамен алғашқы танысуым осылай болды. Осыдан аз уақыт бұрын «Лениншіл жас» газетінде О.Бодықовтың «Самайыма түсті қырау. Шәмші Қалдаяқов туралы жыр» (сәуір, 1989 ж.) атты көлемді очеркі шыққан болатын. Радиодан, теледидардан Шәмшінің әндерін күнде естіп жүрсе де, өмірдегі Шәмшінің тыныс-тіршілігінен жұртшылық мүлде бейхабар еді. Осы мақала Шәмшіні іздеуге қозғау салғаны анық.

Ілекең – Ілия Жақановтың орындауында «Шырмауық» дейтін әнді тыңдап, Шәкең алдымен мұңға шомды, тез жадырап, жаңа әнді өзі тапқандай шаттанды. Әңгіме Біржан мен Ақан, Мұхит пен Мәди, Үкілі Ыбырай мен Естай мұраларына қарай ойысып, одан қайта өнер өрісі, дәстүр жалғастығы жайында тармақтала қозғалған бір сәтте Ілекең домбырасымен тағы да бір қоңыр сазды әнді орындады да: «Шәке, бұл қай ән?!» деді досына сынай қарағандай. Шәмші аға көзіндегі жылтты жасырып, сығырая күліп отырды да: «Әуені таныс секілді. Бұл қай ән?!» деп Ілекеңнің өз сұрағын өзіне қойды. «Бәлі, Шәке, бұл өзіңнің студент кезде жазған «Арман» деген әнің емес пе! Ұмытып қалдың ба?!» – деді Ілия аға әзілден шынға көшіп. «Бәсе, таныс ән!» деп Шәкең қысыла күлгенде, тыңдаушы топ та ду ете түсті. Сол жолы Ілекең мен Шәкең алыста қалған арманды жастық шақтарын, консерваторияда бірге оқыған студенттік жылдарын еске алып, әңгіме тиегін ағытқан. Шәмші Қалдаяқов Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваториясының композиторлық факультетіне түсіп оқыған. Бірақ аяқтамаған. Біреулер Шәмші жөнінде «Консерватория бітірмеген. Жоғары музыкалық білімі жоқ» деп ғайбаттауы бекершілік. Консерваторияда білім алған аз мерзім ішінде Шәмші ән шығарудың, ән жазудың кәсіпқой композиторға қажет теориялық, практикалық әдіс-тәсілдерін терең меңгергеніне күмән болмаса керек.

Көптеген кездесулерде Шәмшіге қойылатын сауалдардың көптігі өз алдына, композитор не бір құйтырқы сауалдардың тігісін жатқызып, әдемі әзілге бұрып, күлкіге орап, тыңдарман көрермендерінің айызын қандыратынына тәнтіміз.

– Бірде Димаш Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болдым, – дейді Шәкең. – Менен үлкен кісі «Үйің бар ма?» деп сұрады. «Ә, иә, Димеке рахмет, үйім бар. Тастақ жақта. Үш бөлмелі. Үйде бір әйелім, екі балам бар. Жетеді. Өзім көбіне сыртта жүремін!» – дедім. Өз сөзіне өзі күлмейді. Тыңдаушысының иығы селкілдей бастайды. «Бала-шағама үш бөлмелі үй жетеді. Өзім көбіне сыртта жүремін» дегеніне Димекең де езу тартқан шығар, сірә!

Тұрмыс қиындықтарын, қаражат тапшылығын тартып жүрсе де талант мойымаған, тағдыр тауқыметіне бас имеген. Себебі, Тәңірінің сыйы – Өнерінің мәртебесі үстем болатынына сенген! Әйтпесе, Үлкен кісінің алдында болғанында, пендешілікпен, атақ сұраса да, қызмет сұраса да, көмек

сұраса да – алатыны анық еді. Талант ештеңе сұрамаған! Сол тұста, басқаның жөні бір басқа, дәл Шәмшінің қолын қақпауға Қонаевтың құдіреті жетіп тұрған. Шәмшінің өзінің айтуынша, сол жолғы «ақ патшаның» (Шәкеңнің өз сөзі) қабылдауындағы бір тындырған шаруасы – Үлкен кісіге үйсіз жүрген Ыдырыс Ноғайбаевтың хатын жеткізіп, үй алуына септігін тигізіпті.

Шәмші еліне еркелеген, халқына қарызын қайтарған. Немен? Әрине, әнмен! Ән болғанда – қандай әндер десеңізші!

Әрбір кездесуде әңгіме әнмен әдіптеліп, әдемі мазмұн ашады. Және міндетті түрде, көпшілік «Шәке, өзіңіз бір ән орындаңызшы!» деп өтініштілек білдірмек. Жұрттың көкейінде «Шәмші өзінің қай әнін айтар екен?» деген құштарлық оянбақ. Шәмші көп күттірмейді. Жұмсақ жөтеліп, тамағын қырғағандай ғана дайындық жасайды да, «Мен сіздерге ән патшасын орындап берейін» дейді. Көпшіліктің көзінде – күмән. Іштерінен «Шәмші де мақтаншақ екен ғой», «Өз әндерінің бірін ән патшасы деп тұр-ау» деген дүдәмал сезім тұтанбақ. Осы кезде Шәмші баяу қоңыр даусымен Естайдың «Қорланын» бастайды. Бірте-бірте әлдебір ішкі қуат әннің сиқыр сазына еліттіріп, жан-дүниенізді баурай жөнелмек. Шәмші өзін-өзі ұмытып, Естай бейнесінде Хұсни-Қорланға сағыныш-арманын, сағыныш-шерін жолдамақ. Гажап! Шәмші өзінің өнерге деген махаббатын паш етіп тұрғандай! Үлкенді-кішілі басқосу-дидарласу сәттерінің қай-қайсында да Шәмші осы жолдан таймайды. Алдымен – Естай, содан соң – өзі. Бұл да бір біздің тұла бойы тұнған талантты өзгеше қырынан тануымыз шығар. Өзгенің асылын алдымен жарқыратып көрсететін, өзі өңмендеп өлермендік танытпайтын тектілікпен ұшырасуымыз шығар. Әлгі бір көрініс үнемі қайталанады. Бірақ жасандылықтан ада. Дағдыға айналған. Ән айтар алдында ғана емес, ән шығарарда да Шәмші күбірлеп, ыңылдап Естай аруағымен тілдесетіндей...

«Аң патшасы – арыстан, ал ән патшасы – «Қорлан» ғой, шіркін!» деуші еді ол.

Шәмшінің Қазақ радиосынан ең алғаш орындалған әні – «Жүрек сыры». 1954 жыл. Іле-шала «Қаракөз» әні, одан соң «Қайықта» әні қалың қазақтың рухани сұранысын дөп басып, қаршадай студент Қалдаяқовтың есімі әндерімен бірге ел ішіне шарықтап кете барды.

Шәмші туралы мақаласында Т.Әлпейісов мынандай бір дерек келтіреді («Жалын» журналы, 1987 ж.): «Бір күні көшеде кешке қарай жалғыз өзі қыдырып жүрген Сәбит Мұқановты көріп, жүгіріп барып елпендей амандасты.

– Әй, Шәмші, осы сен не істеп жүрсің? – деді жазушы жас жігітті қолтығынан ұстап, өзімен бірге ертіп бара жатып.

– Оқып жүрмін. Онымен қоса ән жазып жүрмін, Сәбе...

– Ән жазып де... – деді жазушы. – Осы сен қазақта: «Отызыңда орда бұзбаған – қырқыңда қамал ала алмайды» деген мақалдың бар екенін білесің бе?

– Білемін ғой, Сәбе. Бірақ мен отызға әлі толғаным жоқ.

– Ә-ә! Солай екен ғой. Сен отызға әлі толмапсың-ау, Шәмші. Айтпақшы, жұрт аузынан тастамай жүрген «Қайықта» деген ән сенің әнің бе?

– Иә, Сәбе, менікі еді...

– Ә-ә! Ендеше, қарағым, сен орда бұзыпсың. Азамат екенсің, – деді жазушы.

Бүкіл ел қадір тұтқан аға жазушы Сәбит Мұқановтың бұл сөзі... – жас жігіттің көңіліне берік сенім орнатты әрі ол мұны аузы дуалы ағаның ел атынан берген батасы да, көрсеткен сенімі де деп ұқты».

Ал Ғабеннің, Ғабит Мүсіреповтің: «Қазақ өнерін білгісі келгендер Қастеевтің суреттерін, Қалдаяқовтың әндерін зерттеулері керек» деген сөзінде де үлкен мән жатыр.

Сонда Шәмші алғашқы шығармашылық қадамынан бастап-ақ А.Жұбанов, Л.Хамиди, В.Великанов сынды музыка өнерінің білгірлерінен дәріс алса, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды сөз өнерінің алыптарынан ақ бата алса, әндерін Ж.Омарова, Р.Бағланова, Б.Төлегенова сынды бұлбұл көмей әншілер орындаса, қалай осал болады!

«Қайықтадан» кейін қазақ ән өнерінде Шәмші Қалдаяқовтың нұрлы да сырлы саздарының дәуір-дәурені басталады: «Ақмандайлым», «Ақсұңқарым», «Арыс жағасында», «Ақ бантик», «Сыр сұлуы», «Ана туралы жыр», «Ақ ерке – Ақ Жайық», «Әнім сен едің», «Бәрінен де сен сұлу», «Бақыт құшағында», «Менің Қазақстаным», «Сағынышым менің», «Мойынқұмда – ауылым», «Теріскей», «Отырардағы той», «Сыған серенадасы»...

Шәмшінің бұл әндерін ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап күні бүгінге дейін бүкіл қазақ даласы – ауыл, қыстақ, қаласы – шырқады, шырқауда. Бұл әндерінің біреуі айтылмаса жиын-тойдың, мереке-думанның сәні келмей тұратындай. Ғашықтар ішкі жан-сырларын, махаббаттарын осы әндермен жеткізеді. Сонда дейміз ғой, бір адам емес – жүз адам, мың адам; бір рет емес – жүз рет, мың рет қайталап айтқанда ескірмейтін, көнермейтін бұл қандай әндер?! Сірә, бұл әндердің бойында жас демей, кәрі демей, өмірге құштар, сұлулыққа іңкәр жандардың бәрін баурап тұратын бір қасиеттер болғаны ғой. Иә. Шынайы өнер туындысының мәңгілік ғұмырының бір құпиясы – соқыр көретіндей, саңырау еститіндей сиқырында. Жүректерге жол тауып тұратын кереметінде. Сол сиқыр мен сол кереметті Шәмші әннің халықтық әуендермен, ғасырлар тереңінен жеткен ұлы сарындармен, ұлттық шер мен сағыныштарға суарылған бойлауық күйлермен тамырластығынан тапты.

Шәмшінің әндеріндегі ұлттық бояу, реңктік шынайылығы сонша, әуен-сазында сыбызғының, қобыздың, домбыраның үнімен ғана жеткізілетін бабалар арманы жатады. Вальс ырғағымен үйіріле жөнелгенде де бесікке бөленгендей, алтыбақанда тербетілгендей күй кешесіз. Ән ырғағына қосыла жөнелгенде бұрыннан жаныңызға жақын саз баурап, әуелден қаныңызға сіңген құштарлық оянып, ұлы даланы құшақтап, ұлы тауларға сүйенгендей сезінесіз. Арысты айтқанда – Алтайдағы қазақ, Теріскейді айтқанда – Тарбағатайдағы қазақ, Жайықты айтқанда – Жетісудағы қазақ ебіл-дебіл босап, сезімге еріп, тебіреніп-теңселіп кететіні содан, сірә.

«Әкем үш жүздей ән жазыпты. Оның көбі халық жүрегінде» дейді Қасым Қалдаяқов («ҚӘ», 18.08.2000). Шынында, десе дегендей. Әсіресе, кейбір тағдырлы әндер төңірегінде тұспалдаулар мен топшылаулар, бал ашулар мен байыптаулар тіпті толастамайды екен. Мәселен, «Арыс жағасында» туралы қаншама аңызға бергісіз әңгімелер бар. Әдемі лирикалық әннің, жүректерге жақын вальстің дүниеге келуіне әртүрлі себептер әсер еткен болуы мүмкін. Біреулер бұл әнді Шәмшіге кездейсоқ ұшырасқан ауылдағы бір азамат: «Сен неге Арыс туралы бір ән жазбайсың? Мен де, сен де осы Арыстың жағасында бір-бір сұлуға жолықтық емес пе? Ендеше, әндеріңде неге Арыс жоқ?!» – деп بازیна айтып жаздырыпты-мыс» деседі. Екіншілер, «Арыс» деген кеңшардың басшылары ауылда өткелі жатқан тойға тарту болсын деп Шәмшіге қолқа салып жаздырыпты-мыс» деседі. Үшіншілер, тағы да басқа уәж айтады. Қалай болғанда да ән зор сағыныштан туған. Оны тілмен айтып жеткізу қиын. «Отырардың перзентімін», «Әл-Фараби туған топырақта дүниеге келгенмін» деп мақтан тұтатын Шәмші Арыс өзеніне бір ән неге арнамасын. Мәселе, соның қандай құдіретті ән болып шыққанында ғой. Басқасының бәрі – әншейін тілге тиек.

Композитордың бір бақыты – қайталанбас ғажап ән әуенін табуы болса, екінші бақыты – сол әуенге лайық ән мәтінін (өлеңін) жазатын ақынды табуы, үшінші бақыты – әрине, әлгі әнді әлемге паш ететін әншіге жолығысуы болса керек. Шәмшіге Алла-тағала осы үш бақытты да мырзалықпен сыйлаған секілді. Ең мықты әндерінің мәтіндеріне үңіле қараңызшы, зерделей назар аударыңызшы. «Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген» демекші, сыңғырлап тұрған келісім мен үйлесімге жолығысасыз. Қазақтың қара өлеңдерімен қойындасып жататын ән мәтіндерін мінсіз, мүлтіксіз шығару екі ақынның бірінің қолынан келе бермейтінін қатардағы қарапайым тыңдаушы қайдан аңғарсын. Шәмші Қалдаяқовтың әндеріне сөз жазған Нұрсұлтан Әлімқұлов, Мұзафар Әлімбаев, Ғафу Қайырбеков, Жүмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Сабырхан Асанов, Мұхтар Шаханов сынды ақындардың да еңбектері жанды, өлеңдері ән қанатында қалықтады.

Ән мәтіндеріне байланысты қойылған сауалдарға жауап беріп тұрған Шәкең: «Шынымды айтсам, әндеріме өлең жазған ақындардың бәріне де ризамын. Өлеңдерді өңдеуге кейде өзім де қатысатын кездерім болды. «Мына бір сөз, мына бір сөйлем өзгертілсе, басқаша болса, сонда әнге лайық» деп сазгерлер тарапынан ұсыныс-тілек болуы заңды. Ондайда ақындар да «айттым-бітті» деп шалқаймай, түсіністікпен, тұтас, бүтін, жұмыр дүние жасауға атсалысуы керек. Бұл өзі үнемі қайталанатын, үздіксіз жалғасатын жұмыс. Менің әндерімнің мәтіндеріне жұрт сүйсінсе, «ән сөзіндей» дейді ғой, ауыздан тастамай айтып жүрсе, әрине, ғанибет. Осылай болды да. Енді, өкініш емес, әттеген-ай да емес, екі-ақ рет жақсы көретін ақын інілерімнің айтқандарынан шыға алмай, көңілімдегі түйткілді тұншықтырып тастап едім. Сонда қатал болғанымда, бәлкім, әлгі түйткілдің тұқымы тұздай құритын ба еді деп ойлаймын кейде. «Бақыт құшағында» атты әнімде: «...Сезім шіркін ақ жаңбырға ұқсайды. Алматыда жаңа жауып басылған» деген тармақтар бар.

Ал «Ақ бантикте»: «Белгісін балалық шағыңның, айтшы, сен қай жерде қалдырдың?» деп келеді. Ән ырғағымен толқып отырғанда көзге ұрып тұрған ештеңе де жоқ. Тек екіұштылау ойға жетелейді. «Ақ жаңбыр ұзақ жаумай ма?». «Белгісін балалық шағыңның» деген не?». Құйындай үйірген ән әуені бұл сауалдарды санадан тез өшіріп тастайды. Бәлкім, ақын інілерімнің айтқаны да жөн шығар. Кімнің қалай қабылдауына байланысты ғой» – деді.

Бір қызығы, қалың жұртшылық ән мәтініндегі әлгі бір селкеу, оғаш тұсты мүлде байқамағандай, елемегендей. Шәмші өзінің көңіл түкпірінде жүрген күмәнін ортаға салғанда да тыңдаушылары құптап, қолпаштап әкетпегеніне қарап, біртүрлі көңілі жайланғандай. «Мейлі, осы қалпында қабылдағыларың келсе, қабылдай беріңдер, мен айттым, арылдым» – деп тұрғандай.

Ш.Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу» әнінің авторы Мақсұтбек Майшекин емес, Мағжан Жұмабаев болып шығуы да әннің қызық тағдыры шығар. Елуінші жылдардың орта тұсынан бастап Шәмшінің әндері Қазақ радиосынан жиі беріле бастайды. М.Майшекин деген редактор бір күні Шәмшіге ән мәтінін ұсынып, «осыған ән шығаршы» деп өтініш жасайды. «Өлеңі – өзімдікі» дейді. Өлеңі ұнап, әдемі ән дүниеге келіп, эфир арқылы байтақ Қазақстанға тарайды. Жас та, кәрі де «Бәрінен де сен сұлу» деп ынтығады, ғашықтар іңкәр сезімдерін осы әнмен жеткізеді. Күндердің бір күнінде Шәмшіге біреулер ән мәтінінің авторы М.Майшекин емес деген құлаққағыс жасайды. Шәмші Мақсұтбектен шынын айтуды сұрайды. Өлең – Мағжандікі екен. М.Майшекин Мағжанның аты аталуға тиым салынған тұста өлеңін өлтірмеуді, оған өзгеше ғұмыр сыйлауды ұйғарып, Шәмшіге қолқа салған екен. Құдайға шүкір, заман өзгерді, қоғам алмасты. Мағжанның жұлдызы қайтадан жарқырады. «Алмас кездік қын түбінде жатпайды» екен. Қалай болғанда да бір тамаша ән дүниеге келді. Ұлы Мағжанмен үндескенін, өлеңге ән-ғұмыр сыйлағанын Шәмші мақтанышпен баяндар еді.

Шәмшінің тағы бір тағдырлы әні – «Менің Қазақстаным». Өлеңі – Жұмекен Нәжімеденовтікі. Шәкеңнің өзінің айтуынша, бұл ән Целиноград – Тың өлкесі аталып, бес облысты біріктіріп, қазақ жерін бөлшектемекші болған Мәскеудің мысықтабан саясатына халық наразылығын оятуды мұрат тұтқан, отаншылдық, патриоттық рухты асқақтатуды көздеген ниеттен туған ән. Ұранды ән! Осы ұранды әнмен қаншама ұрпақ тәрбиеленді! Мектеп қабырғасында ән рухы жас жеткіншектерге ұлтын, жерін, елін сүйуге үндеді. 1986 жылғы әйгілі Желтоқсан көтерілісі кезінде студент, жұмысшы қазақ жастары «Менің Қазақстаным» әнін айдай әлемге жар салып тұрып әуелетті.

Қазақстан Тәуелсіздік алған кезде бұл әнді Мемлекеттік ән-ұранға айналдыру жөнінде де ұсыныстар болған.

«Қазақ вальсінің королі» атанған Шәмшінің ән өнеріндегі қайталанбас қолтаңбасы жөнінде музыкалық сараптаулар, зерттеулер жазыла береріне күмән жоқ. Шәмшінің әндері – Бейімбеттің әңгімелері сияқты. Бір қайырым. Қарапайым. Бірақ көл-көсір өмір суреттері бар!

1992 жылдан бері Шымкентте, Таразда Қазақстанның халық артисі Ш.Қалдаяқов атындағы ән фестивальдері өтуде. «Ән аға – Жан аға» сынды

Шәмші әндерінің шуағынан шыққан тамаша ән (сазы – Қалдыбек Құрманәлиевтікі, сөзі – Ибрагим Исаевтікі) сағыныш болып ел ішін шарлауда.

Шәмшінің ән-ғұмыры жалғасуда.

2001 жыл.

## АРДА МІНЕЗ, АДАЛ ЖҮРЕК

«Өмірбаяныма қосымша деректерді өлеңдерімнен табасыз...» Осы ойды Сергей Есениннен бастап, ақындар әулетінің әр буын өкілдері жиі қайталайды. Асылы, өлеңдері өзгеше өмірбаянға айналатынын сезіну де ақынның басты бақыты шығар.

Сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде қазақ әдебиетінің айдынына желкендерін жел кернеген көп кемелер шыққанын, олар қатар түзеп, жарыса, алыс жағалауға қарай асыққанын бейнелі түрде елестетеміз. Әсіресе, ақындардың ақ кемелері көзге айрықша шалынады... Жыр желкені үнемі оқырмандарының назарында жүретін қаламгердің бірі – Сәкен Иманасов.

Сәкеннің өзінен сыр суыртпақтап, өлеңге құштарлығы алғашында қалай оянғанын сұрадым. «Түсімде Абай атам аян берді» десе де сенер едім. Бірақ олай деген жоқ. Мектепте 5-класта оқып жүргенде өзінің парталас досы, чешен баласы Сұлтанбек Шәмілхановтың бір күні «Қазақстан пионері» газетінен «С.Сарғасқаев» деген кісі қол қойған хат алғанын еске алды. «Ұлы көсемге» арнаған өлеңінде пікір білдірсе керек. Бір парақ қағаздағы қызылды-жасыл жазуларға қызықты ма, әйтеуір, Сұлтанбек сияқты астанадан хат алуды армандапты. «Ұлы көсемге» өлең арнап, хат жазыпты. Оны «Қазақстан пионеріне» жолдапты. Сансызбай Сарғасқаев ағасынан жауап алыпты. Әрине, өлеңі газет бетіне шықпаса да хат алғанның өзі неге тұрады. Өлеңге құштарлығын оятқан бір себеп осы шығар, бәлкім, бұл емес те шығар, әйтеуір, өзі тұтас қолына қалам ұстағандардың қай-қайсының да басынан өткен халді кешкен. Ақыры, 8-класта оқып жүргенде «Кім болам?» дейтін тұңғыш өлеңі баяғы пионерлер газетінде басылыпты. «Жас дәурен» дейтін жинақта бір топ өлеңдері жарық көреді, көп ұзамай, 1966 жылы «Туған ауыл» атты тұңғыш кітабы оқырмандар қолына тиеді. Сөйтіп, өлең дейтін сиқырдың соңына түскен жылдар керуені тізбектеледі. Қазір ақын Сәкен Иманасов – оннан астам жыр жинақтарының авторы. Өлеңді өнер деп түсінетін, құрметтейтін, әспеттейтін зиялы қауым С.Иманасов жырларына ерекше ілтипатпен қарауда. Әсіресе, соңғы жылдардағы тегеурінді қарымы, жаңа жырларды түйдек-түйдек төгіп тастайтыны назар аудартады.

«Өз басым ақ пен қараны ажырата білетін әріптес дос-жарларым пікіріне орай ғана «шынында да ақын болармын» дегенге осы соңғы жылдары ден қойып, көңілімді тіктеп, енді-енді ойыса бастадым. Өйткені ақындық дегеннің өзі кітап санымен де, жұрт дақпыртымен де өлшенбейтін, қанға сіңген, жан-дүние діріліне байланысты аса қасиетті ұғым екенін әріден болса да аңғарушы едім де, жолдастарым әлдекімдерге ақын ақын деп таныстырғанда, не дерге білмей күмілжіп, өзімді ұрлық жасағандай сезініп,

жанарыммен жер шұқып қалатынмын...» («Қазақ әдебиеті», 31.03.89.) Бұл Сәкеннің «Өлеңді кім қорғайды?» деген мақаласынан алынған үзінді. Қызық пікір емес пе? «Мен – ақынмын!» деп телпегін аспанға атып, лепіріп жүретін кейбір замандастарымыз ойлансын деп те жазған шығар. Дегенмен, өзінің қарапайым табиғатынан, «өзінде бармен көзге ұрып», «өзгеден артық көрінсем» демейтін дегдар қасиетінен де хабар береді. Бұдан бірнеше жыл бұрын Жазушылар одағының жыл қорытындысы мәжілісінде баяндама жасап, ақ пен қараның ара-жігін ажыратып айтар әділдігімен, батылдығымен бір көзге түскені бар. «Өлеңді кім қорғайды?» деп жаны шырқырап, жар салуының мәні тереңде жатыр. «Сөз патшасы – өлеңге», ұлттың ар-иманы-ақынға деген салғырт көзқарас, енжарлық дендеген кезеңде жұртшылықты оянуға үндейді. «Ардақ тұтар ақындарыңды ұмытсандар, кім болғандарың?!» деп ашынады. Өзі ақын болған соң ғана емес, қазақтың қасиетті қара өлеңінің тағдыры алаңдатқандықтан! Әйтпесе, елуге келгенше өнері үшін сый дәметіп, сыбаға сұрамапты...

Ағыл да тегіл ақтарыла, үдете, дауылдата жазғанды ұнататын Сәкен Иманасовтың қолтаңбасын тану оңай. Тек соңғы «Бел-белес» (1985), «Адырна» (1988), «Жебе» (1991) жыр жинақтары бір-бірімен үндесе, бірін-бірі толықтыра дүниеге келгенін байқаймыз. Мейлі Алакөлді, ауылды жырласын, мейлі ағайын, туыс, бауырмен сырлассын, мейлі тіршіліктің тоқсан тарау толғауын шертсін, тек қана бүкпесіз көңілмен, өмірге, адамдарға ғашық жүрекпен сыр ағытады. Оқырман да ақынның адалдығын ұнатады. Өлеңдегі жасандылыққа, сезімін саудаға салуға бармайтынына сенеді. Ал ақын үшін бұдан асқан абырой бар ма? Өлеңінде иненің жасуындай жалған сезім жасырынған болса қырағы көз қалт жібермес еді. Ондайда жыр-шумақтарды «үлде мен бүлдеге» орап берсең де құнсыз. Жыр анасы – Ақиқат дейтініміз сондықтан...» Сәкеннің адал, шыншыл, елім деген, тілім мен қаным, қазақ деген халықтың ертеңгі, алпыс жыл кейінгі ұрпағы қандай болар деген мұратты арманға толы азаматтық бейнесі оның поэзиясындағы мінезден қашалған, – дейді белгілі ақын Фариза Оңғарсынова, – Мінез дегенді, әдетте, «тентек, телі, ұрда-жық» деген сүйкімсіз мағынада түсінетініміз бар. Ал мен күнделікті өмірдің илеуіне көне бермейтін, әр құбылыс, әр кезең жайлы өз пікірі, өз түйіні бар, біреу айтты деп аттандап шаппайтын ақын ретінде мінезді ақын дегенді айтып отырмын» («Қазақ әдебиеті», 12.07.85).

Кейде ойлайсың, ақынды ақын ғана шын түсіне алатын шығар деп. Өйткені өлеңдегі мінез туралы, ол мінездің тек сол ақынға тән қасиет екендігі туралы былайғы жұртқа айтып жеткізу қиын. «Мен – желмін» деген Мағжанды кім қалай ұғады, өз еркінде. Сол сияқты турасын айтамын деп туғанына жақпай қалатындар, ең алдымен, ақ жүрек ақындар. Сәкен Иманасовтың көптеген өлеңдері ашынудан, ширығудан, шамырқанудан туады. Жүйкеге тым жайлы тимейтін, ақынмен бірге алабұртып, адалдықтың, әділдіктің ауылын іздетіп, шарқ ұрғызатын, беймаза күй кештіретін қуаты бар.

«Сенсең, әлі күнге үйімде жеке жазу үстелім жоқ...» – дейді Сәкең. Содан соң менің көзімдегі: «Неге? Қалай?» – деген сауалды оқып алады да, күліп, өзінің жоспармен жұмыс істемейтінін, әсіресе, жаз, қыс айларында қолына қалам алмайтынын, көктемде және күзде өнімді еңбек ететінін, Қырымға дем алуға барып, бір шумақ өлең жазбай қайтқан кездері де болғанын жасырған жоқ. «Бел-белес» жинағының көлемі – 10 баспа табақ. Баспа жоспарына енгеннен кейін, көлемі толмай тұрғандықтан өзін-өзі қамшылап күні-түні өлең жазғанын, бас-аяғы бір-екі айда қыруар жұмыс тындырғанын еске алады. «Бәлкім, басқаларға үлгі-өнеге етіп айтуға келмес, бірақ, жұмыс істеу тәсілім кейде осындай» – дейді ол.

«Бір өлеңді бүгін бастап, жалғасын ертең, бүрсігүні жазатындарға таңым бар, – дейді тағы. – Мен бастаған өлеңімді бір деммен аяғына дейін жазып шығамын. Егер орта тұсына келгенде көңіл бөлетін жағдайлар болса (Мәселен, «шайың суып қалды», «телефонға шақырады» т.б.) бітті, ол өлең жазылмайды. Бір жазылмай қалған өлеңіме қайта қарағым да келмейді. Мұны не деуге болады?». Мұны, бәлкім, әсерленбесе, сезімін қозғамаса жаза алмайтындығы, «зордан молда еместігі» деп түсіну керек шығар.

Жалпы, қазіргідей, бұрынғы наным-сенім күйреп, дүние астан-кестең болып жатқан кездегі көңіл-күйін, өлеңге деген ықылас-пейілін сұрағанымда Сәкең біраз үнсіз қалды. Содан соң мынандай аңызды тілге тиек етті. Баяғыда бір хан уәзірлеріне тапсырма беріпті: «Қол астымдағы елдегі ақынмын дейтіндерді түгел ақ сарайға жинап, алтынмен аптап, күміспен күптеп, не ішем, не кием дегізбей, барлық жағдайды жасаңдар», – депті. 30-40 ақын жиналса керек. Хан жарлығы орындалыпты. Бір жыл өткен соң қараса, әлгі ақындардың тең жартысы өлең жазуды қойып кетіпті. Өлең жазуды ұмытқандарды босатыпты да, қалған он бес шақты ақынды зынданға салғызыпты. Тағы да бір жыл өткен соң тексертсе, әлгілердің ішінде біреуі ғана бұрышта бүкшиіп, бүрісіп, өлең жазып отыр екен. Сонда хан: «міне, мынау – нағыз ақын. Барлық замандарды бастан кешкен қазақ халқының тарихында осындай оқиға болды ма, болмады ма, мәселе онда емес. Мәселе – нағыз ақын бас пайдасы үшін, күнкөрісі үшін, жылы-жұмсақ үшін жаратылмаған. Тіршілік күйбеңдерінен биік тұрады, тағдыр тауқыметтеріне мойымайды, сынбайды. Өйткені оның өзі – Тәңірі тектес Тағдыр иесі дегенге саяды!

Осы, есейген сайын, адамдардың Абайға деген көзқарасын білгің келіп тұрады. Өйткені, Абайды оқымайтын адам мейлі ол ақын болсын-болмасын – жарымжан жан. Рухани мүгедек жаратылыс....

Сәкең Абай туралы ұзақ толғанған. Оның бәрін қағазға түсіре алмағандығымды сезіп отырмын. Қызының кішкене кезінде: «Менің көкем жұп-жұқа кітапты оқып тауыса алмайды» деп таңқалатынын, ол кітап Абай өлеңдері екендігін аңғартып бір қойды. «Бір қызығы, басқа бірде-бір ақын қажет кезінде дәл Абай сияқты қайғына да қуанышына да ортақтаса алмайды. Аласапыран, алай-дүлей көңіл-күй пернелерін дөп басатын әр уақытта тек қана Абай!» – дейді ол.



Алпысыншы жылдардың аяқ кезінде өлеңнен қол үзіп кеткен тұстары да болыпты. Сонда белгілі журналист, облыстық газеттің редакторы Ұзақ Бағаев қойын кінәжесіне жазып алған мұның өлеңін оқып беріп, газетке жариялауға жаңа жырларын сұрапты. «Ұялғанымнан қайтадан өлең жаздым» – деп еске алады. Сондай-ақ, Жүмекен Нәжімеденов, Құдаш Мұқашев, Қастек Баянбаев, т.б. әріптестерінің қолдау-көмегін көргенін ұмытпайды.

Бір сауалым ақындық пен әкімдікке қалай қарайтындығы жөнінде еді. Алдымен ақындық пен азаматтықтың егіз ұғым екендігіне тоқталды. «Жұбан Молдағалиевті, Олжас Сүлейменовті, Мұхтар Шахановты шын мәніндегі ақын-азаматтар деп бағалауға тиіспіз» дейді. «Ақын-әкім болса, тек қана жақсылық жасауы мүмкін, басқаша болмайды. Түн ұйқысын бөліп, ізгілік пен адамгершілік, адалдық туралы толғанған ақынның ертеңінде тіршілік толқынына еріп, біреулерге қиянат, кесір келтіруі, жамандық жасауы ақылыма сыймайды. Жалпы, өлеңі мен өмір сүру тәсілі бір-біріне кереғар ақындарды түсінбеймін де қабылдамаймын» дегеніне іштей қосыласыз. «Әрине, әкім болу, ел басқару тек қана санаулы жандардың еншісіне жазылып қоймаса деймін. Олар оны бабасынан мұраға қалғандай сезініп, баласына табыстап кетуді көздейтінін қайтерсің. Маған осы ұнамайды» – дегенін де құптайсыз....

Байқап отырсыздар ғой, бұл мақалада ақынның ой-пікір, көзқарас, пайымдауларына біршама тоқталған сияқтымыз. Енді елге танымал, жыр жанашырларын елеңдетіп жүретін ақынның өлеңдері туралы, оның өзіндік ерекшеліктері жөнінде бір ауыз сөз. С.Иманасов, өзі айтқандай, бір деммен, бір тыныспен, бір әуенмен ондаған, тіпті, жүздеген шумақтарды төгіп-төгіп тастайды. Жеке-жеке өлеңдері бір-бірімен үндесіп, ұласып, тұтасып жалғасады. Негізінен, әдеби тілдегі «ой ағысы» дейтін арнадан көбірек табылады. Адал жүректің алғаусыз ақтарған сырлары қымбат. Содан да шығар, кейде өз басының өкініші мен күйінішін көбірек тәптіштеп кеткендей көрінуі мүмкін. Бірақ терең үңіле қарағанға, ол бір адамның ғана мұңы емес. Не туралы толғанса да әсіреқызыл бояусыз, бүгежектемей, өткірдің жүзінен өткізетіндіктен, шындыққа суарылған жырлары салмақты, ойға кенен. Бұрынырақта ақын Сара өмірінен «Айтыс» дастанын жазған. Кейінгі жыр кітаптары түгелдей дерлік өлеңдер. Облыстық, республикалық газеттерде журналистік қызметтер де атқарған. Мәскеуде Жоғарғы партия мектебінде оқыған. Бірақ еліне ақын болып танылды. Азаматтығы да ақындығынан бөліп-жаруға келместей біртұтас.

«Бел-белес» жыр кітабы туралы «Жұлдыз журналына (1986, №6) пікір жазғанмын. Одан бері жеті жыл өтсе де сондағы қазық етіп қаққан ойларыма тағы да ораламын. Онда автордың ішкі ұйқастарға айрықша ден қоятынына тоқталған едім. («Мәселен, «Мауқын басып алсыншы деп азырақ, қауқылдасып қарсы алдыңдар сендер де!»), т.б.).

Өлеңдеріндегі қуатты ішкі ұйқастар – ақын Сәкен Иманасовтың тапқан олжасы, өзіндік ерекшелігі. Мұны оның шығармашылығына қатысты айтылар ойлардың негізгісі десе артық болмас. (Мысалы, «Елім дейтін еңіреп есіл ерім, етігіңмен лай су кешіп едің. Дәрменім аз, дәмем көп, не қылайын,

қолдан келген жәрдемім осы менің!», «Жебе», 1991). Мұндай жыр шумақтарын жинақтарынан жиі ұшыратамыз. Ал ақынның махаббат лирикасы мың кернеулі сезім толқындары екенін де еске сала кетеміз. Мына, санаға салмақ түсіріп, жүйкені жаныған қым-қуыт тіршіліктің құтқарар тұтқасы да махаббат болар, бәлкім.

Ақынға қуат беріп, арда мінез, адал жүрекпен халқына арнап жыр жазғызатын құдірет те сол шығар...

1993 жыл.

### **... ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ, НҰРЛЫ АҚЫЛ, ЖЫЛЫ ЖҮРЕК**

Актер жолы күрделі де қиын. Айтуға оңай. Кәдімгі өмірдегі өз келбетінді өзгертіп, танымайтын, білмейтін жұмбақ кейіпкердің жан дүниесін, жүйке күйзелісін, сүйініші мен күйінішін көрерменнің көңіліне ұялату, иландыру, сендіру қажет. Ал бұл – қиямет өнер. Төккен тер текке кетпейді дерсіз. Бәлкім. Бейнеттің де зейнеті бар дерсіз. Мүмкін. Талант тұсалмайды дерсіз. Әрине, солайы солай ғой...

Қазіргідей қым-қуыт қоғамдық-саяси оқиғалар қабындап тұрған кезде, атыс-шабыс, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық белең алған тұста, иман таразысын әлдекімдер әбден тозды деп күресінге лақтырып тастаған шақта жұрттың ықыласы өнердің сахнасынан гөрі өмірдің сахнасында жүріп жатқан «спектакльдерге» көбірек ауып кеткені рас. Бірақ өтпелі кезеңнің өтетіні қандай ақиқат болса, өнердің мәңгілік екені де сондай шындық. Бұны дәлелдеп ақ тер, көк тер болудың қажеті жоқ шығар. Дегенмен, ұлттық өнеріміздің кешегі, бүгінгі жетістіктеріне көз жұмып қарауға әсте болмайды. Өсер ел өнерін өгейсітпеуі керек. Өзгеше қамқорлықты қажетсінетін өнердің бір саласы – театр өнері. Сол театрға жіпсіз байланған актер еңбегі туралы сөзді бүгінгі күннің тақырыбы емес деп қалай айтасыз. Өмір мен өнер-егіз дейтін едік қой.

Қазақ театр өнерінде өзіндік мәнері бар сахна саңлақтарының бірі – халық артисі Сәбит Оразбаев. «Сәбитті өнер өріне жетелеген Қоңырбай көкесінің қолдан шапқан қара домбырасы болатын. Қазір өзі де домбыра жасайды» деп белгілі актердің жұртқа белгісіз бір қырын ашқан екен әріптесі Сейітқан Есенқұлов. Осы сөздің жаны бар-ау. Қолына домбыра ұстамаса, домбыраның қоңыр үніне елтімесе, домбыраның шанағынан төгілген сиқыр әуен арбамаса – оның өнері гүл ашуы да екіталай ғой. Оның үстіне домбыра жасаудың құпиясын кім біліпті. Қалай болғанда да ол өнер ордасының табалдырығын қолына домбыра ұстап аттағаны анық...

1959 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының жанында ашылған театр бөлімінің актерлік курсына Асқар Тоқпановтың класы бойынша бір топ талантты жастар бітіріп шығып, қазіргі М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрына жұмысқа орналасады. Олар – Р.Әуезбаева, Т.Тасыбекова, Н.Мышбаева, М.Мұраталиев, А.Әшімов, Р.Сейтметов, С.Оразбаев. Алпысыншы жылдардың бас кезі жұртшылықтың өнер десе ішкен асын жерге қоятын, талай бұлақтың көзі ашылған, көрермен

қауымның рухани игіліктерге сусап, шөлдеп, құмары қанбай тұратын кезеңі сияқты. Елдің талай нәубетті бастан кешіп, «жыл келгендей жаңалық күткен» ерекше бір түлеу, жаңару, өсу, өркендеу белесіне бет бұрған тұсы еді бұл. Іргетасы мықты қаланған қазақ театр өнеріне жаңа толқын, жас лектің келуі алдыңғы толқын – өнер саңлақтарына да қуантып, ізбасарларын тәрбиелеуге ерекше құлшыныспен кіріскен тәрізді. Қазақ өнеріндегі қайталанбас тұлғалар Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Шәкен Айманов сынды ұстаздары бар бұл буын шынында да бақытты еді. Міне, өз тұстастарымен қатар Сәбит Оразбаев та осындай мектептен өткен.

Сан мыңдаған көрермендерімен сахна төрінде тұрып сырласқалы да отыз бес жыл болыпты. Одан бергі уақытта заман да өзгерді, заң да өзгерді. Кешегі алып-ұшқан балаң актер де толысып, шеберлігін шыңдап, талай асулардан асты. Әр жылдарда сахнада сомдаған алуан мінезді рольдерін санамалап шығудың өзі оңайға түспейді. Оның бәрін жіпке тізгендей болмасақ та ішінде бөле-жара атап өтетіндердің өзі бірқыдыру. Мәселен, «Ревизордағы» – Дуанбасы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» – Жантық, «Көктөбедегі кездесудегі» – Исабек, «Майрадағы» – Дүрбіт, «Анттағы» – Әбілхайыр, «Қан мен тердегі» – Сүйеу қарт, «Ваня ағайдағы» – Серябряков, «Жаяу Мұсадағы» – Жаяу Мұса, «Король Лирдегі» – Лир, «Беймаза әйелдегі» – Қабан, «Абайдағы» – Мағауия, «Кішкентай ауылдағы» – Ормантай, т.б.

«Театрдағы еңбек-сайда саны, құмда ізі жоқ» депті Сәбит Оразбаев баспасөз бетіндегі пікір алысулардың бірінде. Бұл, әрине, актердің өзінің төккен терін жоққа шығару емес. Бір рөлдің өзін сахнаға жүз рет шығарғанда жүз түрлі бояу, реңкпен көрсететінін, қайталанбайтын қас-қағым сәттер, жұлдызды сәттер болатынын аңғарту. «Сахнада сөйлемей тұрып-ақ көп нәрсені жеткізуге болады» дейді ол бізбен әңгіме үстінде ойланып. Осыған қосып-аларың жоқ шығар дегенді үнсіз ұқтырды. Жалпы, үнсіз ұқтыру-жоғары актерлік шеберлік саналмақ. Бұған қол жеткізу – қиынның қиыны. Әрі-беріден соң бұл-туа-бітті дарын өлшемі.

Жоғарыда аталған рөлдердің ішінде Сүйеу қарттың бейнесі жөнінде көп жазылған болатын. Көрермендердің көкейінде Сәбит-актердің ыстық ықыласқа бөленуіне де осы рөлдің көп әсері болғаны даусыз.

Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығаев бертіндегі бір пікірінде «Сәбиттің Сүйеу шал бейнесі өнеріміздегі көркем құбылыс еді. Кезінде жеткілікті бағалай алмадық па деген күдігім бар» десе, бұл да өнертанушының ағынан жарылуы. Асылы, өткен жолына қайыра бір көз тастап, барлай қарағанда, актердің де өзіне өзгеше ыстық рольдері болатыны заңды. Сүйеу қарт – Сәбит Оразбаев үшін сондай рөл екендігін түсіндік. «Оның бойында ата-бабаларымызға тән тазалық, тіршіліктің ұсақ-түйектерінен биік тұратын тектілік, кедейлігін кемістік санамайтын, арамдықпен мал жиюға қызықпайтын асыл қасиет бар еді. Спектакльдердің өн бойында сахнадан үш-ақ рет көрінсе де көрерменнің есінде қалатын еңсегей образ. Содан да болар, бұл рөлім маған да тым қымбат десе, бұл актердің сыры да, шыны да.

Кейінгі жылдары С.Оразбаев сомдаған образдардың қатары толыға түсті. Актер өзінің кемел шағында екендігін әрбір рөлімен дәлелдеуде. Асқар Сүлейменовтің «Төрт тақта – жайнамаз», Баққожа Мұқаевтың «Өмірзая», Дулат Исабековтің «Ескі үйдегі екі кездесу» драмалары бойынша қойылған спектакльдердегі – Шал, Ес қария, Айторы бейнелері – дараланған тұлғалар.

«Жақсы жігіт қартайғанда да жақсы шал болады» депті ғой бір қуақы. Жақсы актер де келе-келе тарланнан боз шығатын болса керек. Бұдан бес жыл бұрын М.Әуезов атындағы академиялық драма театры А.Сүлейменовтің «Төрт тақта – жайнамаз» драма-диалогы бойынша қойылған спектакльді сахнаға шығарған еді. «Төрт тақтадағы» Шал мен кемпір-рухы мықты, табиғатынан иманы мол, таза жандар. Олардың жанында бұлардың тағдырын шешіп отырған бюрократтар – ауыз жаласқан аудан басшыларының рухани жадау-жұтаң тіршілігі зерделі көрерменнің аянышын тудырады. Шал рөлін кейіптеген халық әртісі Сәбит Оразбаев. Бұл – актердің «Қан мен тер» спектакліндегі Сүйеу шал бейнесінен кейінгі шоқтығы, ұлттық колориті мол, аса сәтті бейнесі. Ол сомдаған образ рухани мықтылығы жағынан Хемингуэйдің «Шал мен теңіздегі» Сантьяго шалды еске түсіреді. Спектакльде рухани жеңіс, сөз жоқ, Шал жағында. «Маған спектакльдегі ұлттық діл, мінез болмысы қатты әсер етті» деп бағалады сол тұста зерделі сыншы Сағат Әшімбаев.

«Төрт тақтадағы» Шал бейнесінің сәтті шығуының, жылы қабылдануының тағы бір себебі-кейіпкерді өмірдің өз ортасынан ойып алғандығы, қарапайым табиғилығы болса, екінші бір себебі – актердің оң жамбасына келетін образын табуы. Ауылдағы шопан өмірі, қиын тұрмысы, аудан басшыларының атүсті қарап, қорғансыз жандарды тәлкекке ұшыратуы, тура мағнасында айтқанда, қанауы – ұлт мүддесін ойлайтын азаматтардың қабырғасын қайыстыратын жайттар еді. Шал – осындай айтары да, аңғартары да бар рөл еді. Сәбит – актер Шалдың бойындағы табиғи тазалықты, ақкөңіл сенгіштікті шынайы ашып көрсетеді.

Осы спектакльге, оның авторына Шалдың рөліндегі актердің көзқарасы қалай болғанын сұрадым. Сәбит аға аз-кем ой жинақтады да: «Асқар Сүлейменов анау-мынау дайын қалыпқа сыймайтын, ой-түсінігінің өзі тосын, тұтқиыл, тұла бойы тұнған қарама-қайшылық еді ғой. Соның әсері кейіпкерлерінің сөз саптауларын, іс-қимыл әрекеттерінен де байқалып тұрады. Спектакльдің ана жерін, мына жерін қысқарту керек деген дау-дамай да болмай қалған жоқ. Оның шығармасының ойы да, оқиғасы да озық екендігіне көп адамның көзі кейін жетті ғой деймін. Мен Шал бейнесінен ауылдағы қарапайым адамдардың қиын тағдырын таныдым. Содан соң оны сахнада сөйлетуге ерекше құштар болдым. Жалпы, актер өзі ойнайтын рольге жан-тәнімен беріліп, айрықша ықыластанып, сахнада тек сол болып өмір сүруге асығып тұруы керек. Сонда рөлің сәтті шығады. Мен үшін Шал сондай рөл еді» деді.

Қазақтың Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік жастар мен балалар театры сахнаға шығарған «Өмірзая» спектаклі туралы ойларымызды баспасөз бетінде («Қазақстан жыршысы», 13.05.94) білдіргенбіз. Бір ескеретін жайт-

драматург Баққожа Мұқаев «Өмірзая» пьесасын Қазақстанның халық артисі Сәбит Оразбаевқа арнап жазғандығы. Яғни, актердің шығармашылық қуатын, потенциал мүмкіндіктерін бағалай отырып ұсынғандығы. Екінші бір көңіл аударарлық тәжірибе – бұл спектакльді Жастар мен балалар театры сахнаға шығарарда басты рольде ойнау үшін қара шаңырақ – академиялық драма театрының артистерін арнайы шақыруы.

Ес қария – есте қаларлық кесек образ. Жиынтық бейне. Мансап қуған мәңгүрт ұл Желтоқсан оқиғасы кезінде әділдікті жақтаушылар жағында болған әкесін қызмет баспалдақтарымен жоғары көтерілуіне кесірі тиеді деген қауіппен жындыханаға апарып жасырады. Осының өзінде тосын ахуал, астарлы мегзеу жатыр. Ес қария да есер әділетсіздіктің құрбандарының бірі. Ес – Сәбит мынау алмағайып аласапыран тіршіліктегі аяқасты болған Адалдық, Шындық, Ақиқат аталуының жоқтаушысы кім деген ауыр сауалды бүгінгі ұрпақтың алдына кесе көлденең тартады. Сауал көп те – жауап жоқ. Бір қарағанда солай. Ал шын мәнінде әр сауалдың жауабы көрермен көңілінде оянып, бүршік жарады.

Белгілі жазушы-драматург Дулат Исабековтың «Өкпек жолаушы» атты повесі бізге жақсы таныс. Осы повестің негізінде пьеса жазылып, ол «Ескі үйдегі екі кездесу» деген спектакльге айналып, академиялық драма театрының сахнасына шыққанына да екінші жыл. Психологиялық драма. Сәтті қойылым. Бұл спектакльде С.Оразбаев Айторы шалдың ролінде. Тағдырдың жазуымен ит арқасы қиян шет Якутиядан барып бір-ақ шыққан Айторы Алматыға жиырма жылдан соң оралады. Онда да, жолай, Қырымда демалып келе жатып, «тым болмаса Алматының ауасын бір жұтып кетейін» деп соғады. Азырақ аялдап, соғыстан кейінгі жылдарда өзі тұрған үйді іздеп табады. Сол үйде тұратын Зейнеп деген әйелмен әңгімесі жарасады. Екі ауыз сөзбен айтқанда, бар оқиғасы осы. Айторының іс-әрекетіне біресе күлесіз, біресе аяйсыз – әйтеуір бей-жай қалдырмайды. Айторы – Сәбит спектакль басталғаннан-ақ өзіне баурап әкетеді. Әйтеуір бір қысастықтың, қиянаттың салдарынан туған жеріңнен, туған ұяңнан алысқа кеткен бейбақсың-ау деген оймен іштей мүсіркеп отырасың. Шынында да солай. Өкпек жолаушы демекші, тосын тағдыр иесі, бірақ бөтен емес, ескі танысыңыз сияқты жылыұшырайды. Айторының басындағы алмағайып сезім арпалыстарын, ішкі жан дүниесіндегі буырқаныстарды, өткенді еске алып әңгімелеу үстіндегі толқуын, тебіренуін, сырын түсінер адамды тым кеш жолықтырғанын, т.б. актер үлкен шеберлікпен жеткізген.

«Шындықты күнде айтып отыруымыз керек, өйткені айналамыздың бәрі жалғандық!». Бұл пікірді Актер айтып тұр ма, әлде Сәбит ағаның өз пікірі ме – аражігін аңғара алмай қалдым. Ойға салмақ түсіріп Сәбит-Актердің айтып тұрғаны анық еді.

Міне, соңғы жылдардағы С.Оразбаев сахнада сомдаған бейнелердің дені пайғамбар жасындағы, одан да асқан жастағы қарттар екендігін байқаймыз. Бұлардың қатарына Сүйеу қарттан бұрынғы және кейінгі мүсіндеген патшалары мен хандарын қоссаңыз ше? Әсіресе, қазақ қарияларының сахнадағы бейнелерін жасауда актер Сәбит Оразбаев көп

еңбек сіңіріп келеді деп сенімді түрде айтуымызға болады. Мұқағали ақынның сөзіне жазылған өзінің әнін «Тоқта, балам, атаң келеді артыңда» деп айтқанда да көз алдымызға Сәбит Оразбаевтың сахнада сомдаған қариялары тізбектеліп өтіп жатқандай әсер аламыз.

Жоғарыда аталған үш спектакльдің көтерген жүктері ауыр. Адамды адамның аямауы, қатыгездік, мейірімсіздік, имансыздық қайдан шығады, қайткенде ел боламыз, қайткенде адам деген қасиетті атымызға дақ түсірмей өтеміз – қысқасы, Қайткенде Адам қалады Адам болып дейтін үлкен сауалға жауап іздетеді.

1994 жыл.

## АҚЫН – АЗАМАТ

Осыдан елу жыл бұрын асыл қазынамыз «Абай жолы» эпопеясының бірінші кітабы жарыққа шығыпты. Ұлы шығармамен қатар дүниеге келіп, кіндігі кесілген перзенттердің бірі – Мұхтар Шаханов. «Мені неге Мұхтар қойған?» атты өлеңін білмейтіндер кемде-кем шығар.

Балалық шағы қиын-қыстау кезеңге, жүдеу-жадау тұрмысқа тап болған ұрпақтың өкілі. Жеті жасында әкесінен айрылған. Он алты жасына жетер-жетпес шағында «Коммунизм» колхозының тракторшысы болып, еңбекке араласқан. Шымкенттегі цемент зауытында жұмысшы. Педагогикалық институтта сырттай оқыған. Газет редакцияларында корректор, тілші... Ерте есейген.

Жалпы адамның өмірбаянына қарап ақындығының да, азаматтығының да өлшемін іздеу – шартты нәрсе. Әсіресе, өнердегі өмірбаянның жөні өзгеше. Ақындық – Тәңірдің сыйы. Азаматтық – Өмірдің сыйы. Бейімделу бір басқа. Танылатын – тума талант. Ардақталатын – арда азаматтық. Біз осы екеуіне де лайық екі қазақ бар десек, бірі – Мұхтар Шаханов.

Ойымызға сонау жетпісінші жылдар оралады. Төлеген Айбергеновтың «Сағыныш» атты құдіретті өлеңі байтақ Қазақстанды шарлады. Жастар жатқа оқыды. Кәрілер күрсініп көзіне жас алды. Ғажап туындысын Төлеген Мұхтарға арнаған еді. Мұның сырын біреу біліп, біреу білген жоқ. Ал, Т.Айбергенов – Мұхтардың рухани ұстазы әрі досы-тұғын. Достық пен Махаббаттың жыршысы болуына осы да себеп шығар. «Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің...» деген Дос өсиетін Тудай қастерледі, жоғары ұстады. Алғашқы жыр жинағы 1966 жылы «Бақыт» деген атпен жарық көрген екен.

Адалдықты іздеу, Тазалыққа табыну жолындағы сапар содан басталады. Алматыдағы жыр кештеріне М.Шаханов өлеңдері ерекше шырай үстейтін. «Танакөз» поэмасын студент-жастардың бірі бастап, екіншісі, үшіншісі... іліп әкетіп, жарыса жатқа соғатын. «Айналайын ұлы достық, айналайын атыңнан» деп аяқталатын демде.

«Мықты болсаң жарқыным, ізңді сал елсізге,  
Ізсіз жандар өнерде толып жатыр сенсіз де!»

деп өзгеге, «Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған...» деп өзіне қойған қатал талабын орындауға ұмтылды. Саттар, Қайнекей бағын сынаған баллада сүрлеуін жаңғыртып, соны соқпаққа түсті. М.Шахановтың балладалары қарапайымдылығымен, драмалық қуатымен ұғымтал оқырманға тез ұнады. Әдеби ортада біреулер «Көркемдігі кемшін. Ақылгөйсу басым» деп кінә тағып тұрып Мұханның өлеңдерін байқамай жатқа оқитынына талай куә болдық. Ондайда «Ұнатпасаң неге жаттап алдың?» деген сауалға әлгі сыншы ұтымды жауап таба алмай қалатын. Мәселен, «Жігерлендіру» өлеңіндегі мына тармақтар:

«Кім айтты саған?  
Тұлпарды сүрінбейді деп,  
Асауды мінілмейді деп,  
Ақ көйлек кірлемейді деп,  
Қара ешкі мүжіген ағаш,  
Қайтадан гүлдемейді деп,  
Кім айтты саған?»

Шынында да, бір-ақ рет оқып, есте сақтауға болады. Мұның сыры – қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерімен тамырластығында. Астары бар, аңғартары бар. Ал осыны Шаханов поэзиясының кемшілігі деп қарауға бола ма? Неге ақындардың бәрі нәзік лирик болуы керек? Өлеңдеріндегі осы өзгешелік драмалық дастандарға ұласты. Белгілі режиссер Р.Сейтметов Жастар мен балалар театрының сахнасына шығарған «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы» спектакльдерінің арқауына айналған жырлардың табиғаты осындай еді.

Бірте-бірте ақын Сенім, Достық, Махаббатты жырлай отырып, тарихи тақырыптарға ойысты. Тарихтың тағлымынан өмірдің мәнін – күре тамыр мәселелерді тапты. Бұл кәдімгі Шекспир жазып тауыса алмаған Адалдық пен Жауыздық, Әділдік пен Қиянат, Достық пен Сатқындық, т.б. күресінің мәңгі бітіспес шайқас алаңына шығу деген сөз. «Нарынқұм трагедиясы», «Сейхундария», «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі», «Құлпытас қасиеті немесе кері кету заңы», «Сенім патшалығы», «Жаңғырық» поэмалары және көптеген өлеңдері өткенге үңілу, ата-баба аруағымен тілдесу, дәстүр сабақтастығын іздеу, тарих тағлымын тәрбие тұту мақсатын көздеу сияқты оңайлықпен жалына қол апартпайтын күрделі тақырыптарды игеруімен құнды еді.

«Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,  
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,  
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,  
Үлкен арман керек екен адамға!»

М.Шаханов – үлкен арманын тапқан ақын. Айналадағы құбылыстарға таң қалудан ақындық бастау алатын болса, адалдық пен ізгіліктің, адамгершілік пен достықтың жыршысына-жаршысына айналу арқылы азаматтық тұлға көрінеді. Ақынның азаматтығы өлең өнеріндегі қолтаңбасы арқылы қалыптасып, өмірдегі іс-әрекетімен танылатын болса керек. Бұған әу бастан-ақ ішкі қуаты мол, дайындығы күшті ақындар ғана бара алады.

Заманымыздың заңғар суреткері Шыңғыс Айтматов былай деп жазды: «Мұхтар Шахановтың бітімі оқшау, батыл барған «Жаңғырық» поэмасы Ақсақ Темір туралы аңызды негізгі арқау етсе де, өз қолыңмен істеген жақсылық та, жамандық та, ерте ме кеш пе, мүмкін басқа біреудің қолымен, жаңғырық секілді бір замандарда саған қайтып оралуы әбден мүмкін екендігі туралы терең ой-толғаныстарға жетелейді. Әрине, әзірге ғылым мұны ақиқат деп дәлелдеп бере қойған жоқ. Бірақ адам рухының ең бір шытырман тұстарын батыл болжау үшін де бізге ақын керек қой».

Жалпы, «жаңғырық концепциясы» М.Шахановтың ертеректе жазылған «Қасымды қабылдамаған адам хақында», «Жароков көшесіндегі кездесу», «Шың басындағы оқиға», «Достық өлкесінің заңы» т.б. балладалары мен өлеңдерінде мен-мұндалап тұрады.

Поэзияны ойға құрылған, сезімге құрылған деп шартты түрде жіктеу әдеби сынымызда жиі төбе көрсетеді. Кейде мұның біржақты пайымдау екендігін де байқаймыз. Ойсыз өлең қайтіп сезімге әсер етпек? Немесе, керісінше. Өлеңдегі образдылық, сиқыр суреттің жөні бір бөлек. Нағыз поэзия дегеніміз сол. М.Шахановтың философиялық өлеңдерінде, балладаларында да қайталанбас ұтқыр теңеулер, соны суреттер аз ұшыраспайды. Мәселен, мына шумақ сияқты:

«Бас игізіп оңға-солға теректі ептеп,  
Соғып-соғып өтті де жел өкпектеп.  
Қаба сақал қара бұлт қасын керіп,  
Қара нөсер құйды-ай бір шелектеп кеп».

Ал талғамы жоғары суреткер Ғабез – Ғабит Мүсірепов өмірінің соңғы жылдарында жазған әйгілі «Екі Мұхтар» мақаласында («Қазақ әдебиеті», 27.07.84.) «Мұхтар поэзиясының әрбір жолында ойландыратын салмақ бар» деп бағалауында Үлкен гәп жатыр. Сөз салмағы ақиқатқа суарылғанда ғана артатыны белгілі. Ендеше, Шаханов өлеңдерінде өмірдегі шындықтың өнердегі шындыққа ұласуының табиғи заңдылығы сақталатынын аңғартқысы келген болар. Кейде жұртшылыққа таныс, дәлелденген ақиқаттың өзін қайталап түсіндіру сияқты көрінсе де, «Не қалады, он екіден үшті алса?» – «Он екіден үшті алса, ештеңе де қалмайды» деп тақырыпты өзгеше тосын қырынан ашуының ұтымды тұстары көп. Жылдың он екі айынан 3 ай көктемді алып тастаса, адам ғұмырында жастық шақ болмаса не мән қалмақ? Ештеңе де. Ақынның осынау қарапайым мысал арқылы не айтпақ болғанын іштей бағамдайсыз. Салмақты ой деген осыдан шығады.

Кешегі көркемөнерге партиялық көзқарас әмірін жүргізген тұста көп ақындар еркінен тыс ұраншылдық уысына түсті. Науқандық мадақтауларға бой алдырды. Өмірдің тек күнгей жақтарын жарыса дәріптеу ақындықтың айбары саналды. Ал, М.Шаханов поэзиясы науқаншылық сырқатына шалдыққан жоқ. Бұл әуел бастан-ақ өнердегі бағыт-бағдарын айқындап алуымен түсіндірілмек. Өлеңнің сыртқы жалт-жұлт бояуын қызықтамаған сияқты. «Өтімді» тақырыптарды қуалап әр нәрсенің басын бір шалудан да өзін аулақ ұстады. Мұны ақындық өнеріне адалдығы, ұлы мұрат тұтуы деп ұққан абзал. Бәлкім, содан да шығар. Шыңғыс Айтматов, Расул Ғамзатов,



Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский сияқты сөз зергерлері М.Шахановтың шығармашылығына ілтипатпен қарады, ұлт әдебиетінің тегеурінді өкілі деп таныды.

Сексенінші жылдардың орта тұсынан бастап қоғамдық өмірімізде күрделі өзгерістер белең алғаны мәлім. Аласапыран. Астан-кестең дүние. Оң-солыңды ажыратудың өзі оңай емес. Бұрынғы «ғажайып» қоғамның зәулім мұнарасы қағаздан жасалған жасанды қуыршақ болып шықты. Ұлттық сананың оянуы тарихқа жаңа көзқарас қалыптастыра бастады. Түсінік тосын, ұғым бөлек. Кімнің кім екені танылатын шақ туды. Сын сағат. Әсіресе, Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ащы сабағы, қазақ ұлтына жабылған жала, жазықсыз жандардың көрген қиянат-қорлығы ұлтжанды азаматтарымыздың жүректеріне жазылмайтын жара салды. Ол жараның сыздауы халқымыздың қамын ойлайтындарды күндіз күлкіден. Түнде ұйқыдан айырды. Оған ұлт тағдыры, жер тағдыры, тіл тағдыры кезекпе-кезек дауға түскен алмағайып уақыттың қысастығы қосылды. Ата-бабамыз мұндай қысталаң кездерде еріксіз атқа қонған. Қазір жау қайдалап, жалаң найзамен мәселе шешетін баяғы заман емес. Құдайға шүкір, парасатты Президенті бар тәуелсіз мемлекетпіз. Парламенттік пайымды шешімдерге қол жеткізе бастаған егеменді елміз. Осының бәріне лайықты, байсалды көзқарас білдіре отырып, Ақынның Азаматтық тұлғасы жөнінде толғансақ, бұл артық болмас.

Азаматтық қай заманда да қиындық үстінде сыналған. Халық перзенті болу ақынға арман ғана емес, асыл парыз екендігін дәлелдеп жату артық. Сексенінші жылдардың соңында қазақ зиялылары тарихи сынақтан өткен сияқты... «Туған елім, туған жерім» деп әшейіндегі егіліп-төгілудің жөні бір басқа екен де, елдік мұраттарды басын бәйгеге тігіп, биік мінбелерге шығып, бүгежектемей, тайсалмай айтып әділдік, іздеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін төтен ерлік екендігіне енді көз жеткіздік.

1981 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының жанынан Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитет құрылғанда оның болашағына үміт пен күдік шылауында әрі-сәрі күйде қарағандар аз болған жоқ. Мемлекеттік мекемелердің басшылары миығынан күліп қойды. Бюрократтық жүйе былқ еткен жоқ. «Арал должен красиво умереть» деген де солар. Мұхтар Шаханов осы кезде шындықтың ауылын іздеп шарқ ұрды. Аралдың шын бет-бейнесін жұртшылықтан көлегейлеп келген шымылдықты түріп, адам қолымен жасалған қиянатқа бұдан әрі жол бермеуге шақырды. 1988 жылы көрші республикалардың, Мәскеудің белгілі ғалымдары, мамандар, министрлер, журналистер қатысуымен «Арал кездесуі» өткені есімізде. Арал қасіреті жөнінде ұзынқұлақ хабардан ғана естіп-біліп жүргендер осы жолы Теңіз табанынан ұшқан тұзды көріп, құм жұтып бара жатқан Қаратерең, Бөген сияқты басынан базары тарқаған ауылдардың аянышты тұрмыс-халін көріп жағаларын ұстаған. Сол кездесуде Аралға қатысты Одақтық деңгейдегі мемлекеттік қаулының жасырын түрде әзірленуі, жергілікті тұрғындардың талап-тілектері ескерілмей дайындалуы бірінші рет өткір сынға ұшырады. Қарсылық үндеуі қабылданған болатын. Келесі жылы Алматыда «XX ғасыр. Поэзия. Бейбітшілік пен экология» атты

халықаралық конференция шақырылды. Мәскеуде «Арал күндері» болып өтті. Ақ тозаңға бөккен апат аймағындағы адамдардың өміріне араша сұрауда М.Шаханов аз еңбек сіңірген жоқ. «Теңіз қалпына келмеді ғой. Құр сөзден не шығатын еді?» деушілер де табылар. Бұдан 10-15 жыл бұрын Арал өңіріндегі қайғылы жағдайды қазақстандықтардың өзі білмейтін. Қоғамдық ойға қозғау салу арқылы ақиқат айтылды. Тек біздің елімізде ғана емес, шет елдерде де «Арал тағдыры – Адам тағдыры» деген дабылға үн қосушылардың қатары артты.

Жуырда ғана Халықаралық Арал-Азия-Қазақстан қоғамдық комитетінің төрағасы, Қазақстанның халық депутаты, ақын Мұхтар Шаханов Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта және ғаламдық даму жөніндегі бүкіл дүниежүзілік құрылтайы өтіп жатқан Бразилияның астанасы Рио-де-Жанейродан оралды. Оған осы құрылтай үстінде Халықаралық «Глобус -500» сыйлығы тапсырылды. Ол бұл сыйлыққа Арал қасіреті туралы ащы шындықты әлем халықтарының құлағына жеткізудегі қажырлы еңбегі үшін ие болғандығын білдік. Азамат беделі – халықтың мәртебесі.

Тарихымыздағы ақтаңдақтарды қалпына келтіріп, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырту жолында да белсенділік көрсеткен санаулы азаматтардың бірі – М. Шаханов. «Жалын» журналының бас редакторы ретінде атқарған жұмыстарын тізбелеп жатпай-ақ қояйық. «Наурыз мерекесінің» қайта жаңғыруында «62 жылдан соң» деген өлеңін беташар ретінде оқуға моральдық құқы болғандығын айтсақ та жеткілікті шығар.

Тіл туралы мәселе талқыға түкен кезде де Мұхаң алдыңғы шептен табылғанын ұмытпаймыз. Мәскеуде өткен Одақтық съезде республикаға есімі берілген халықтың тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру жөнінде сөйлеген сөзін де жадымыздан шығармаймыз. Сонда оның пікірін Борис Олейник, Давид Кугультинов, Расул Ғамзатов, Евгений Евтушенко және басқа да көптеген депутаттар қолдап, қостаған еді ғой. Аманатқа адалдығын осы жолы да ақтаған.

Одан кейін... Халқы үшін басын бәйгеге тіккен Ақын-Азамат Мәскеудегі съезд трибунасына зор қиындықпен шығып, Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты берілген қате тұжырым, жаңсақ бағаны қайта қарау жөнінде мәлімдеме жасаған еді. Жасқаншақтық пен жалтақтықтан шылбыр үзіп шыға алмай, бүгежектегендер жерге қарап, екі иінінен де алып ел басқарып отырғандардың бірталайы Шахановтың қайсар мінезіне қайран қалған. Үш минут қана сөйлеген сөзі Ақиқаттың туын желбіретті. Бірнеше күн теледидарға телміріп, Желтоқсанда жазықсыз құрбан болғандардың құнын кім дауламақ, қазақтан ел намысын қорғайтын ұд тумағаны ма деп алакөңіл болғандар ақырында «Жарайсың! Аман бол, Азаматым!» деген еді ғой. Кейіннен арнайы үкімет комиссиясы құрылып, бүркемеленген шындықтың ашылуына, бүкіл халыққа жария болуына Мұхтар Шахановтың табандылықпен көп еңбек сіңіргенін білеміз. Бұл Ақынның Азаматтық Ерлігі деп бағалануға тиіс!

Желтоқсан оқиғасының ащы ақиқаты жөнінде М. Шаханов «Қайсар ұрпақтың көз жасы» атты кітап жазып бітірді. М.Әуезовтің музей-үйінде өтіп

тұратын дәстүрлі Халық университетінің бір сабағы осы тақырыпқа арналды. Кітаптан үзінділер «Жас алаш» газетінде жарияланды. Бұл – өмірдің өзі жаздырған шығарма.

Мұханның тағы бір қыры – көптеген әндердің авторы. «Жұбайлар жыры», «Туған күн кешінде», «Гүлдәурен», «Мен саған ғашық едім», т.б. бірда осы жөнінде әңгімелескенімізде Мұхаң: «Қазір ойлаймын: егер менің ақындығым өз арнасын тауып кетпегенде, композитор болуым әбден мүмкін еді. Бір кезде «Өз өлеңіне өзі ән шығарып, жеңіл атақ іздеп жүр» деген сөздер құлағыма шалынды да, мен бұл өнерімді доғарып қойдым. Кейінгі кезде соным бекер болған екен деп ойлаймын!» деген. Соңғы жылдарда Мұхтар Шаханов қым-қуыт қоғамдық-саяси жұмыстарға араласа жүріп те бірнеше ән жазыпты. «Желтоқсан тағлымы», «Арал қасіреті», «Құпия арман», «Қалғымасын ерлігің», «Қазақ дастарханы» және басқа. Мұндай әндерді неге, қалай жазғанын түсіндіріп жату артық сияқты...

1992 жыл.

## **КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ЖАҒАЛАУ**

Белгілі журналист, әдебиетші, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, «Өнер» баспасының директоры Сұлтан Оразалиновтың шығармашылық жолына үңілсек, ойды ой қозғайды.

Кімге де болса, өз бойындағы өнер отын халқына арнау – асыл мұрат. Ал оның жолдары әрқилы, тоқсан тарау. Алабұртқан асау шақта таңдаған соқпағың қайда апарады – гәп сонда. Шығармашылық жолдың шырғалаңы да көп, шығарар ұшпағы да бар. Желкенінді жел кернеп, көзге көрінбейтін жағалауға ұмтылған сапарыңда не жоғалттың, не таптың, перзентім деп ықылас-пейіл білдірген халқыңның қандай қажетін өтеуге жарадың – міне, осындай сауалдарға жауап іздейтін адам өмірінде белгілі бір кезеңдер, бекеттер болатын сияқты. Мұны біз көбіне мерейтойлар мен мүшелтойларға орайластырып жүргеніміз де белгілі. Ұзақ жолда ат аялдатып, арғы-бергі бел-белестерге ой көзімен қарап, келешекке бағыт-бағдарын айқындайтын болар мұндайда адам...

Жиырма үш жасында Қазақ телевизиясы мен радиосына қызметке келген Сұлтан Оразалинов осы мекемеде табан аудармай 20 жыл еңбек еткенін ерекше тебіреніп еске алады. Қазақ топырағында кенжелеп дамыған өнердің тұсаукесер әдеби-драмалық хабарлары қалай дүниеге келгені жөнінде, телевизияның техникалық құрал-жабдықтары құлашты кеңге созуға мүмкіндік бермейтін кездегі жанкешті жұмыстары тікелей эфирге шығудың қиямет қиындықтары, тірнектеп жинаған материалдар негізінде соқталы сценарийлер әзірлеудің, тақырып табудың, сол тақырыпты жан-жақты игеріп ашуға қабілетті, ойы оралымды, сөзге шешен кейіпкер табудың, телехабарлардың режессуралық шешімдеріне алаңдаудың, т.б. толып жатқан жүйке жұқартатын ішкі жұмыстардың қайнаған ортасында жүріп шыңдалған ол сонау алпысыншы жылдардың бас кезінде басталған телевизиядағы журналистік қызметіне мойын бұрып қарамауы мүмкін емес екен-ау.

Тележурналистің маңдай терін төккен кейбір жұмыстары кейде құмға сіңген су сияқты елеусіз-ескерусіз қала беретін де кездері бар. Көгілдір экраннан бір-екі рет жарқ етіп көрінген телехабардың кейінгі тағдыры «көзден кеткен соң – көңілден ұмыт» дегенге келеді. Тасқа басылған поэзия, проза, драматургия туындыларының ғұмыры мейлі жақсы болсын, жаман болсын, әлде қайда ұзақ. Қайталап оқуға, уақыт өткеннен кейін де қайта үніліп, салмақтап, таразылауға мүмкіндік бар. Ал таспаға түскен телехабарлардың тек алтын қорға қосылғандары ғана келер ұрпаққа жетеді. Ал алғашқы ашқан аралы іспетті тележурналистің кейбір өзіне тән, өзгеге де ыстық телехабарлары, «жалт етті де жоқ болды» дегендей, ізім-ғайым өшетіні өкінішті. Қазақ телевизиясындағы С.Оразалиновтың шығармашылық жолы табыссыз болған жоқ. Бәлкім, әлі күнге дейін із-тозсыз кеткен кейбір хабарларын ойлағанда өкінетін де болар. Дегенмен, өз идеясының, көзқарасының табы сақталған, халықтың жүрегінен лайықты орын алған туындылары баршылық. Бұл орайда, тіл ұшына ең алдымен «Шұғыла», «Қымызхана», «Сұхбат», «Халық қазынасы», «Кездесу», «Бәйге» хабарлары оралады. Әдеби-драмалық хабарлар бағдарламасы бас редакциясының бас редакторы болып қызмет атқарған жылдарында осы хабарлардың бірде тікелей ұйымдастырушысы, сценарийін жазушы, тіпті көгілдір экрандағы жүргізушісі болып қосқан үлесіне қызыға қарайсыз. Рас, телевидение синтетикалық өнер деп есептеледі. Киноның, театрдың, әдебиеттің, журналистиканың, өнердің тоғысуын айтпағанның өзінде, редактордың, режиссердің, оператордың, суретшінің, актердің немесе хабарға қатысушының ортақ үлестері болатынын жоққа шығаруға болмайды. Хабардың ойдағыдай шығуы ұжымдық еңбектің, үйлесімді қызметтің жемісі екендігі даусыз. Тележурналистке шығармашылық шеберлікпен қоса жоғары ұйымдастырушылық қабілет қажет екендігін қарапайым көрермен біле бермеуі де мүмкін.

1977 жылы телеэкранға алғаш рет шыққан «Сұхбат» хабары жұртшылық назарын бірден өзіне аударғаны есімізде. Көрнекті жазушы Ғабиден Мұстафинмен әдебиеттің әртүрлі мәселелері, қаламгер лабораториясы, шығармашылық жолдың сабақтары жөнінде қозғалған әңгіме «Сұхбат» хабарының арқауында салмақты ойлардың қозғауы жатқанын аңғартты. Сұлтан Оразалиновтың журналистік, әдебиетшілік қабілеті, телехабарларға терең мазмұн дарыту таланты ашыла түскен еді. Көп ұзамай телекөрермендер «Сұхбат» хабарының аясында әдебиет пен өнердің белгілі-белгілі өкілдерімен жүздесе бастады. Жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілген шығармашылық еңбек бірнеше жылдардан кейін тұтас сериялы хабардың Қазақ телевизиясы тарихында жазылып қалғанын және уақыт өткен сайын бұл хабарларға қатысушы қаламгерлердің сол кезде айтылған ой-пікірлері құнды бола түсетінін аңғардық. Шыңғыс Айтматов, Тахауи Ахтанов, Сапарғали Бегалин, Ілияс Есенберлин, Асқар Тоқпанов, Мұстай Кәрім, Қайсын Құлиев, Ғабит Мүсірепов және басқа да шоқтығы биік халық ұлдарымен сырласу, өзекжарды ойларын айтуға ықпал жасау оңай емес екендігі түсінікті. Бұл ретте С.Оразалиновтың әдебиет зерттеушісіне тән

ізденістерімен көрінгені анық. Әр хабарды жаңадан дайындаудың үлкен ішкі дайындықты, қаламгер шығармашылығын терең білуді қажет ететіндігі даусыз. Халық ойшылдарына ойтөте сұрақ қоюға болмайды. Тіл ұшында тұрған мәнді сұрақтың өзі телекамераның қызыл жарығы жанған кезде басқа реңк алып, бояуы солғындап кетпеуі керек. Қазір ойлап отырса, сол бір кезеңде өзі де үлкен мектептен өткен екен-ау.

– Осындай ғұмыры қызық телехабардың бірі – «Қымызхана» деп аталған еді, – дейді Сұлтан аға. – Осы хабардың атын бекітудің өзі оңайға түспеген. Жоғарыдағылар «Мынау Сырахана» дегенге ұқсас екен, қазақ бұлай атамаған ғой» деп те бұра тартқан-тұғын. Дәлелдеуге тура келді. Бала кезімізде Аягөздің базарында әр колхоздың сауын биелерінің қымызын сататын күркелер көп болатын. Жұрт қымызды таңдап, талғап жүріп ішетін. Бәрінен де Ақтамақ дейтін апайдың қымызы тіл үйіретін дәмімен өзгеше еді. Титаков деген кісінің күркесіне жұрт көп келетін. Қымызы дәмді әрі өзі өте сауатты Титаковқа жұрт әртүрлі арыз жаздырып алу үшін де үйір болатын. Ал олардың қымыз сататын күркелерін жұрт «қымызхана» деп атайтын. Өзіл-қалжың, ән-күй, думаны көп орта болатын. «Қымызхана» хабарындағы Теңгетай мен Шөңгебай образдары шығуына осы бір жадымнан суреті өшпеген Аягөз базары себеп болды десем артық айтпаймын. «Қымызханадағы» Өкірешті әлі күнге дейін сағынатындар бар...

«Иә, «Қымызхана» қазақ сатириктерінің басын қосқан, көгілдір экран арқылы олардың шығармаларын республика көрермендерімен жүздестірген хабарлар жүйесін құрды. Кейіннен «Қымызхана» қайда кетті?» деп телевизия қызметкерлеріне сұрау салушылар аз болмаған.

Сондай-ақ, өнер мен мәдениет мәселелерін қозғайтын, 80 нөмірі көгілдір экранға шыққан «Шұғыла» телеальманағы да ұзақ тер төгудің жемісі еді. Ал ақын-жазушылардың ашық сырласуына жол ашқан «Кездесу» хабары да жұртшылық жадында.

Өткенге үңілген кезде «Халық қазынасы» телехабарының орны ерекше екендігін айту ләзім. Қазіргі кезде халықтық салт-дәстүрлерге жаңаша көзқарас қалыптасып келеді. Ал жыршы, жырау, термешілер туралы тұңғыш рет сыр шерткен «Халық қазынасының» қандай қиындықтармен дайындалғанын, рухани жаңғыруға әсер еткенін, ел ішіндегі атамұраның жәдігерлерін тауып, өшіп бара жатқан өнерді қайта тірілтуге мұрындық болғанын батылдық деп түсінуіміз керек. Осы телехабардың да ғұмырлы болуына С.Оразалинов өзіндік үлесін қосты. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1976 жылғы 6 тамыздағы нөмірінде бұл хабар туралы Сапарғали Бегалиннің мынадай пікірі бар: «Жуықта «Халық қазынасынан» деген тақырыппен көрермен қауым назарына ұсынылған хабар негізінен жыршылық, күйшілік, айтыс өнерінің жай-күйіне арналышты. Бұған байтақ республикамыздың әр жерінен көптеген өнер адамдары қатысты. Халық өнерінің дәстүрінен сусындаған шебер күйші, қобызшылар өнері жұртқа қатты ұнады. Б.Рүстембеков, А.Батырбеков, О.Сейтқазин, Т.Момбеков сияқты басқа да өнер саңлақтары халықтың қымбат қазынасын тағы бір көз алдымызға тосқандай болды. М.Көкенов пен М.Бибатыровтың сол жерде ұсынылған

тақырыпқа айтысы да тартымды шықты. Айтыс өнерінің ең құнды қасиеті импровизаторлық тапқырлық қой. Ақындар өнерінің ол қуатын да көпке жақсы көрсетті» депті. Қазіргі кезде «Айтыс» хабарының бастау көзінде кімдер болды деген сауал төңірегінде дау-дамайға жетелейтін пікірлер қылаң беріп қалады. «Айтыс» хабарының бастау көзінде «Халық қазынасы» хабары болды деу шындыққа жанасымды емес пе. Бұл орайда «Айтыс» хабарын көгілдір экранға алғаш шығарған С.Оразалиновтың, Ә.Таусаровтың есімдерімен қоса, оның шын мәнінде халық қошеметіне бөленуіне Ж.Ерманов пен режиссер Ш.Агишеваның көп еңбек сіңіргендігін айтудан ешкім ұтылмайды ғой деп ойлаймын.

Қазақ телевизиясындағы өткізген жиырма жылдық шығармашылық кезеңі С.Оразалинов үшін жемісті болған деуге әбден лайық. 300-ге жуық әдеби сценарийлер мен қырық шақты ғылыми зерттеу мақалалары, сын жанрында шыққан кітабы, Орталық және көрші республикалар телевизиясынан көрсетілген видеофильмдері мен әдеби хабарлары, телефьесалары осы сөзіміздің айғағы іспетті. Ол көркем аударма саласында да еңбектеніп, Н.Еременконың «Күткен таң» повестерін, А.Хакимовтың «Қос терек», «Қилы кезең» романдарын қазақша сөйлетті.

С.Оразалинов – 1986 жылдан бері республикалық «Өнер» баспасының директоры. Осы кезеңде баспа өнімдерінің сапасы жоғарылады. Одақтағы таңдаулы баспалар қатарында. Осыдан аз уақыт бұрын «Той кітабы» – 150 мың данамен, «Қазақ әндерінің антологиясы» – 250 мың данамен шығарылып, қолдан қолға тимей өтіп кетті. Қағаз қымбатшылығы мен қатшылығы қатар қыспаққа ала бастаған қазіргі кезеңде баспа ішкі мүмкіндіктерін есептеп, нарықты экономика жағдайына дайындалуда. Баспаның жанынан «Шарапат» шағын кәсіпорны құрылып, демеу болуда. Алты алашқа танымал арыстарымыздың портреттерін шығару, «Қазақ батырлары» сериясымен плакаттар шығару қолға алынуда. Абылай ханның портреті 20 мың данамен шығарылды. Шығармашылық одақтардың барлығы да «Өнер» баспасымен бірлесіп жұмыс істеуге мүдделілік білдіреді. Ендеше, баспагер ретінде С.Оразалиновтың алдында күрделі міндеттер тұрғандығы сөзсіз.

Шығармашылық, ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, халқына қызмет етуді ол басты мұраты санайды.

1991 жыл.

## **«ЖАЗҒАН ӨМІРБАЯНЫМ БӘРІҢЕ АЯН»**

Ақынның аз ғұмыр кешуі немесе ұзақ өмір сүруі, шағын кітапшалар қалдыруы, яки том-том жүниелер жазуы – шығармашылық шеберлігі үшін шарт емес. Өнердің қатал заңы осылай. Өмірден ерте кеткен Төлеген, Мұқағали, Жүсіп, Кеңшілік, Зейнолла, Жұматай тағдырлары өзек өртер өкінішімен қоса, өлеңнің қадіріне қылау түсірмей, қайта оның тұнық

қайнарларын тауып, аршып, шөп-шаламнан арылтып, кәусарын туған халқына ұсынумен қымбат. Әдетте, «Жоғалған пышақтың сабы алтын» дейтін салқын пайымдауға бой алдырып, таланттарды тануға келгенде, сезімін де, сөзін де іркіп қалуға тырысатындар әдеби ортаның өзінде кездеспейді емес. Бірақ ақын туралы сөз болғанда, бір ғана Ақиқатқа барша жұрт бас иетін. Ол – оның жүрек жолдамасымен жарық дүниеге келген отты жырлары. Отты өлеңдерді өлтіруге ешкімнің де үкімі жүрмейді. Өйткені, ол – Тәңірі текті жаратылыс.

Кеңшіліктің өлеңдерінде от бар еді. Оны кезінде байқамаппыз десек – өтірік. Әдебиет сыншылары да байқаған, көрген, жазған. Алдыңғы, кейінгі буын ақындардың да Кеңшілік жырларына ілтипатпен қарағанын білеміз. Сонау жетпісінші жылдардың бас кезінде «Бар ма екен сенің есінде, Балқаймақ күндер шайқаусыз? Белгісіз бір зат төсінде, Булығып өсті байқаусыз» деп басталатын өлеңін университет аудиторияларында талай тыңдап, таңдай қаққан сол өлеңнің сиқыры әлі күнге дейін баурайды.

Қазақ поэзиясында лирикалық өлеңдердің өзгеше тыныс ашқан кезінде әдебиетке келген Кеңшілік Мырзабеков өзіндік даусын тез тапты. Оның лирикалық жырларының жұпары бөлек-тұғын. Дала гүлдеріне тән қасиет аңғарылатын. Әр алуан бояуы көп. «Түбіт бөкебай, Тартқан ботам-ай, Өзің ботадай, Көзің боталай, Маған қараушы ең, Мейірім нұрына шөлдеп, қаталай...» Осы бір шумақтағы ырғақ пен тыныс оның көптеген өлеңдеріне тән. Сондай-ақ,

«Сарғайған дала, сазды Әйет құмы  
бұрқылдап,  
Сар жайлауда анау, сері өзен ақса  
сылқылдап.  
Құр-құрлап қырдан қайырып қайтсам  
құлын-тай,  
Әр көде басы дуадақ ұшса пыр-пырлап»,

деген әуені де, әуезі де құлаққа жағымды, дыбыс үндестігінің табиғи үйлесіміне көбірек ден қоятын, сол арқылы өлеңнің өзгеше шырайын ашуға тырысатын ізденістері бірте-бірте шығармашылық машығына айналғанын да байқаймыз. Одан Есеңшілік ұтпаса, ұтылған жоқ. Жалпы, сұлу сөзге, кестелі тілге көп ақындар ыңғай танытқанмен, бұл өзі оңайлықпен жалынан ұстата бермейтін өнер ғой. Содан да шығар, өлеңнің ішкі мазмұн-мағынасына көбірек салмақ үстеп, көркемдік бояуын екінші кезекте қарастыру – кешегі әдебиет сынының бір осал тұсы болды десек қателеспейміз. Ақындық қуат, көбінесе, өркешті тақырыптарды жарыса жырлаумен бағаланып келгені де жасырын емес. Әдебиет сынының сілтейтін бағыт-бағдары, қазір ойлап отырсақ, қаламгерлерді кейде тұйыққа тіреген сияқты. Ұраншылды, шатшадыман заман туралы мадақ жырлары, марапаттау жырлары топан-селдей қаптаған тұс еді ғой. Сондай кезде ойы онға бөлініп, әр сөзіне астар ұялатып, ащы шындықты қалайда айтуды ойлаған кей ақындар қарабайыр

тақпақшылдықтан отауын оңаша тікті. Кеңшілік жырларынан осы қасиет аңғарылады.

Соғыстан соң туған ұрпақ сезініп-байқаған тағдыр тауқыметтерінің кермек дәмі Кеңшілік жырларында да бар.

Соғыс көрмей, көргеніміз көп бірақ...  
Соңындағы зіл-заласы соғыстың  
Санамызға батты біздің қаттырақ, –

деуінің себебі тереңде жатқанын бірқатар балладалары мен өлеңдерінен байқауға болады. «Бір шаңырақ туралы баллада», «Әубәкір туралы элегия», «Көшу», «Қырман басында», «Мөр» сияқты туындыларындағы мұң мен шер – осы сөзіміздің айғағы. Ақын қара бояуды қалыңдатып жаға бермейді. Шуақ пен нұрға құштар жас жүрекке кешегі соғыстың тигізген салқыны қаншалықты ауыр болғандығын өткен күндерге бүгінгі күннің биігінен үңіле отырып ойлантады. Өз мұңын өзгелердің мұңымен астастырады.

Ыңғай да ыңғай, ыңғай ән,  
Сусыған қызыл құмдай ән.  
Сағынған кезде сарғайып,  
Бойыңды басқан мұндай ән.  
Бұйырғын белдің шөбіндей,  
Бұйырған пәлен мың бояу,  
Бұйығы көңіл еміндей,  
Булыққан сезім жүрді ояу, –

дегеніне іштей иланасыз. «Булыққан сезім жүрді ояу». Егер олай болмаса, тұтас бір ұрпақтың сырын кім түсінер!

Ақын Адам мен Табиғат арасындағы ғажайып дәнекерлерді табуға ұмтылады. Ал, қоғамға деген көзқарас содан кейін ғана қалыптаспақ. Шынайы таланттардың ғана емес, шығармашылыққа алғаш қадам басқандардың өзі алдымен табиғатпен тілдесіп, табиғатты тануға тырысатыны содан. Кеңшілік жырларында табиғат бояулары алуан өрнекпен беріледі. Қоршаған ортаның мың сан бояулары адам мінез-құлқындағы, көңіл-күйіндегі, көзқарасындағы түрлі өзгерістермен әдемі астасып жатыр. Табиғат – шебер, ал оның қыруар құбылыстарын суретке көшіретін ақын да шебер.

«Дүр етіп лезде, бүр жарған кезде дүзген тал,  
Тобылғы сайға торыңды сайлап қызбен бар.  
Қолаң шағыр мен қоламта күлгін көкпектің  
Арасында аршын тұяқтар тиген іздер бар»...

«Жағадан апыл-ғұпыл көшкенде ауыл,  
Омырауы алқа-салқа қыстау қалған»...



«Сәулесін сәске бүркеді сәруар»...

«Қамысы көлдің қау болып,  
Сыбыры, сазы сиреген.  
Саяқ жел қырда сау желіп,  
Сыңайын салқын билеген».

Кейде бір тармақ, кейде бір шумақ бүкіл өлеңдегі ақын көңіл-күйінің тиегі іспетті табиғатпен туысып жататынын байқаймыз. Асылы, әу бастан-ақ сұлулыққа жанарын суарып өскендігі шығар, оның өлеңдеріндегі келісімді сөз бен кестелі сөздің бояуы қанық.

Өлеңді белгілі бір оқиғаға құру, күрделі тіршіліктің бір үзік сырын баяндау арқылы ой айту және оған сезімді үстемелеп отыру өзгеше шеберлікті қажет етеді. Оқиғалы өлеңдерінің қол шапалақтатып, ал өзін оқығанда, әрі-сәрі күйде қалдыратын да кездері көп. Көбінесе оқиға желісін үзіп алмауды ойлаған ақын шұбалаңқы баяндаудың шырмауынан шыға алмай қалатын да сәттері кездеседі. Кеңшіліктің көптеген балладалары мен оқиғалы өлеңдері зерттеушілердің арнайы назар аударуына тұрарлық деңгейде дер едік. Рас, бәрі бірдей емес. Көзі тірісінде-ақ Одақта өткен бір үлкен жиында «Біздер – тоқырау заманының перзенттеріміз» – деп сөз бастаған ақынның талай арманы ішінде кетті-ау деген ойға қаламыз. Нағыз өлең – өмірдің өіндегідей адамды бір жылатып, бір күлдіріп, бір ысытып, бір суытып, саналы тіршілік иесіне тән күй кештіреді. Әсері суымай, ой бөлісуге асықтырады. Кеңшіліктің балладалары мен оқиғалы өлеңдерінің ішінде осы талапқа сай туындылар аз емес. Солардың бір-екеуіне арнайы тоқтала кетейік. Мысалы, «Көшу» дейтін баллада мен «Ақ көйлек» дейтін оқиғалы өлеңді алайық.

«Көшу» – соғыстан кейінгі жылдардың бала санасында қалған бір өшпейтін суреті. Ойдағы елдің қырға шығып, көктемгі егіске қамданған шағы. Басқарманың бұйрығымен тұқым тасуға баратын жеңге қасына еріп шыққан баланың көзімен қарайсыз төңірекке. «Арда жер иіген кез», «Талмай жел теріскейден соқты үздігіп», «Сар қамыс, сояу қамыс бас алмаған» кез. Жеңешесі «Келеді» Бір баланы «ыңылдатып», «Қамыты бірде ілгері, бірде кейін» кетіп, «Қара өгіз жұлып жейді жолдың шөбін», «Артқы арба мен отырған майланбаған», «Өгізі алғы арбаның мұқыл кәрі». Шумақ емес, өлеңнің әр тармағында өмірдің үзік-үзік суреттері бар. Жеңешесіне қарап, ағасының теңін тауып қосылғанына іштей риза болған бала сезімін де түсінесіз. Жол өнбейді. Басқарма сәскеде қос басына тұқымды жеткізуді шұғыл тапсырған. «Өгіздер ілбіп басып, жеңгем отыр: – Ұят-ай, ұят болды-ау түннен тұрмай» –деп. Оқиға детальдар арқылы өрбіп отырады. Міне, бұлар кешіккендерін, оған өздерін кінәлі сезініп келе жатқандарында, алдарынан көк бестігін ойнақтатып басқарма қарсы шығады. Ұрсады. Зіркілдейді. Сөз соңында балаға: «Бар, күркеңді тіге бер қосқа апарып» деп бір бұйырса,

«Жеңгенменен екеуіміз қыстауға анау, Тұқым жинап қайтамыз кешке жақын!..» деп екіұшты ойын аңғартады.

Жан-жағымда иен қыр, дала жатыр,  
Жеңгем маған жәудіреп қарады ақыр.  
Ала өгізді атты адам жетекке алып,  
Иесіз жатқан қыстауға бара жатыр. –

деп аяқталады баллада. Он сегіз шумақтан тұратын осы балладаның арқалаған жүгі ауыр. Шешімі-шымыр, түйіні қорғасындай. Бала көзімен қарап отырып-ақ, өмірдің әлдебір өткеліне, сынағына түскендей әсер аласыз. «Иесіз» деген сөздің салқын лебі тұла бойды түршіктіреді.

«Ақ көйлек» – астарлы өлең. Жалпы, әр өлеңнен «екі жерде екі – төрт» деген сияқты айқындық пен дәлдік іздеу бекершілік. Екі-үш шумақтың өзіне ақын көл-көсір мағына жүктейді. Оны қара сөзбен баяндап берудің қажеті жоқ. Кейде оқырмандар арасында ғана емес, тіпті сыншылардың ортасында осыны түсінбей қалушылық кездеседі. Мәселе – айтпақ ойда, идеяда. Және сол ой мен идеяның қандай көркемдік мәнге ие болуында. Осы ретте «Ақ көйлек» бір қарағанда қарапайым ғана көрінгенмен, қатардағы туындылардың бірі емес. Ондай өлеңдер, құдайға шүкір, өлең «шаруашылығында» баршылық қой. Ұйқасы да, ырғағы да, буын саны да қалыпқа құйғандай, бірақ жылусыз, нәрсіз дүниелердің бірі болып шығар еді. Кеңшілік өлеңі ол санатқа кірмейді. Лирикалық кейіпкердің әлгі жер-көкке сыйғызбай мақтаған ақ көйлегін жеңгесі жуып, жайып қойған. Кенеттен кезбе құйын жайылған кірмен қоса көйлекті де үйіріп, аспанға алып кетеді. Өкпесі өшкенше қуған баланың дәрменсіздігі өз алдына, лирикалық кейіпкермен қоса сіз де әлдебір асыл дүниеніңден аяқ асты айырылып қалғандай күй кешесіз.

Көйлегім менің көңілімдей аппақ қылаусыз,  
Көйлегім менің жамаусыз, әрі құраусыз.  
Көңілімдей таза, көңілімдей аппақ мүлкімді,  
Жоғалтам қалай, жіберем қалай сұраусыз?!

Кеңшілік лирикалық өлеңдермен ғана шектеліп қалған жоқ. Әр жылдарда жазылған ұзақ толғау, балладалары ауқымды дастандарға да ұласқан. «Іңкәр дүние» жинағына енген «Біржан сал. Жәрмеңке», «Иманжүсіп», «ФЗО-ға кеткен жеңешем», «Қойшы мен космонавт», «Сарыөзек сағыныш» поэмалары ақынның эпикалық жанрдағы күш-қуатын айғақтайды. Оқиға өрбیتуде, мінез қақтығыстарын ашуда, кейіпкер жан-дүниесіндегі сезім шарпысуларын жеткізуде тиянақты дайындықпен келетіндігі білініп тұрады. Бұл ретте ақын қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі дастандарға тән деңгейден табылады. Өзгеше түр, бөлек бітім танытпаса да, бұл поэмаларының өз творчествосында алатын елеулі орны бар. Түрлі кезеңдердегі өмір шындықтары өрнек тапқан. Біржан мен Иманжүсіп ғұмыр

кешкен әлеуметтік орта, қоғамдағы әділетсіздік, зорлық пен қиянат (олардың өмірінен бір үзік сәтті бөліп алып көрсетсе де) толыққанды ашылады. Қоянды жәрмеңкесінен қызылды-жасылды бояуын көп қызықтап, тамсанудан тартынған ақын сөз басында-ақ:

Қайттық, – деп Қояндыдан жәрмеңкелеп,  
Келгендер дес бермейтін елге ентелеп,  
Иісі жоқ алдамшы бір иіс суды  
Алғаны борша-борша термен төлеп, –

деп, немесе:

Ту қойға тарақ сатып алғанға мәз,  
Ту бие бір бүтіндеп жамауларын, –

Деген пайымдаулары арқылы о бастан-ақ саудамен айналысуға қыры жоқ халықтың алыпсатар көпестерге жем болып, төгіліп-шашылғанына ашынады. Қоянды жәрмеңкесіне Біржан салдың келуі – барлық шығынның өтеуіндей әсер береді. Өнеріне алыс-жақын түгел тәнті болған Біржан бейнесі де шоқтықты шыққан. «Иманжүсіп» поэмасының салмақты дүние екендігін баса айтамыз. Шағын поэманың өзінде шалқар сезім, терең ой бар. Өткенге үңілу арқылы бүгінге баға беру немесе кешегіден ертеңге үңілу арқылы бүгінге баға беру немесе кешегіден ертеңге сабақ болатын емеурін табу. К.Мырзабековтің сәтті ізденістерінің нәтижесі деп ұғамыз. Иманжүсіптің басындағы хал-күйге оқырман да іштей ортақтасып, бір сабақтастықтың ұштығын ұстайды:

Отыр ол тас түрмеде, тас шеменде,  
Басқа ойда, басқа дүние, басқа әлемде.  
Кешегі сейіл-серуен, бас бостандық,  
Кей-кейде көтергені босқа кеуде,  
Дегені: «Сөзім азат, өзім азат»,  
Дегені: «Жауға бермес мені қазақ»,  
Секілді бәрі өтірік, бәрі мазақ,  
Неғылған кереғарлық бәрі ғажап!»

Елім деп еңіреген талай боздақтардың ішқұса зарына құлақ тосқандай боласыз. Бармақтары шайнауда кеткен талай арыстарымызды ақтап алып, қайтадан қатарға қосып жатқан қазіргі кездің өзінде айтылмаған ақиқаттар баршылық. Әсіресе, көркем шығармалардан кешегі «қара тандақ» жылдардың айқын суреттері, «Сөзім азат, өзім азат» деп, бөркін аспанға атқан ағайындардың бастан кешкен зобалаңдары жан-жақты көрінбей жатыр. Иманжүсіп ғұмыр кешкен дәуір одан әріде жатса да, өзегін өртеген өкініші, көрген қысастығы, шеккен зәбірі дәл бүгінгідей қабылданатын себебі неліктен? Міне, «Иманжүсіп» поэмасының бойындағы тарту күші осындай

кабырғалы сауалдарға жауап іздеуінде. Жоғарыда өзіміз бөле-жара айтқан екі поэмада да тарихи таным тұрғысынан алғанда еркіндік бар. Авторлық баяндаудан кейіпкердің ой-толғаныстарына, одан қақтығысты диалогтарға ауысатын тұстар жымдасып, біртұтас жүйені сақтайды. Кеңшіліктің бұл поэмалары халқымыздың ардақты ұлдарына арналған әдеби ескерткіштер галереясынан лайықты орын алады деп ойлаймыз.

«Іңкәр дүние» жинағын Кеңшілік Мырзабеков көзі тірісінде қолына ұстап, парақтай алған жоқ, бірақ жазған жырларының өн бойынан есетін адалдық пен өмірге құштарлық ақын ғұмырының ұзақтығына кепілдік беретіндей. Ол өзінің өлеңінде «Жазған өмірбаяным – бәріңе аян» дейді. Өмірбаяны – өлеңдері. Мазасыз ғұмыр кешкен ақынның өмірбаяны мағыналы екендігіне жыр жинақтарын оқып отырып, көз жеткізе түсеміз. «Махаббатыма маңдайымды сүйеп өлермін» деп айту екінің бірінің қолынан келмейді. Ақын ғана айта алады...

1991 ж.

### «СЫҢҒЫРЛАҒАН СҰРАУСЫЗ БІР СӨЗ ДЕМЕ»

Өлеңдерінде әуелгі әуен, екпін, ырғақ ұзақ уақыт бойына сақталатын, ең алғашқы жыр жинағы мен кейінгі кітабы арасында үзілмейтін бір үндестік бары аңғарылатын ақындар болады. Ал жинақтан жинаққа көшкен сайын өзгеше бір қырынан танылатын, кейде шарықтап өсуі, кейде кібірткітеп өшуі көзге шалынатын шайырлардың да бағы мен соры сол үндестікті қалай тапқанына немесе қалай жоғалтқанына тәуелді. Бір қарағанда, қилы кезеңдерді бастан кешірсе де өлеңдерінің тынысын өзгертпеуден ақындар сирек ұтады. Әлгі, өзін-өзі қайталауға ұрына бастады дейтін пікір де сондайда қылаң берсе керек.

Асқақ романтизм мен сыншыл реализм арасында ақындық қуатты айқындайтын өткелдер жатуға тиіс сияқты. Бұл ақындықты әртүрлі ағымдар арқылы бағалау керек деген сөз емес. Өлеңнің өмірлі болуының шарты біреу-ақ: табиғаттың, тіршіліктің, өнердің ұштасқан тұсынан оның ажырамас бір тамшысына, бір бөлшегіне айналатын қарапайым әрі күрделі түзілістің жүректен шымырлап шығуы.

Ақын Жарасқан Әбдірашевтің жырлары әу бастан-ақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» қасиетімен ерекшеленеді. Ішкі үндестік пен үйлесімге бағынатын өлеңдерінің табиғаты толқын мінездес. Бөгде сөздермен бояу үстеймін деп тілін шұбарламайтыны, ойға оралғанды оқырманға осы күйінде жеткізіп қалайыншы деп жеңіл қалқымайтыны, өтімді тақырып іздеп жасандылыққа ұрынбайтыны назар аудартады. Ал мұндай өлеңдерді қабылдау оңай, қанағат тұту қиын. Айтары бар ақынға сұраныс та көп.

Қаламгерлік жолын барласақ, өзінің творчествосында мерзімдік, науқандық шаралармен жедел ұштастырып ой толғаудан бойын аулақ ұстайтын, тақырып табуға, таңдауға келгенде тамырды тереңнен іздейтін Ж.Әбдірашевтің «Сана соқпағы» (1988) жинағындағы «Дәуір дабылы»

публицистикалық поэмасына алдымен үңілдік. Неге? Қоғамда жүріп жатқан күрделі де қиын, даму заңдылығына сәйкес әрі қажет процесс – қайта құру – сана сүзгісінен өтуге тіленіп тұрған тақырып болса да, оны әп дегеннен, алғашқы әсермен игеріп әкету кез-келген қаламгерге жеңіл соқпасы анық. Соны қалай болар екен деп, әліптің артын бағып үнсіз қалуға азаматтық та, ақындық та ары маза бермегендіктен болар, Жарасқан қаламын қолына батыл алған. Қаламның ұшымен емес, жүрек түбінде қордаланған шер-шеменді қозғап кеткен қуатты ойдың күшімен жыр төккен.

«Дәуір дабылы» – бір деммен оқылатын, ширекқан, шамырқанған көңіл-күйдің пернелерін дөп басатын, кезеңдік деуге келмейтін, ұшқыр, тынысты шығарма. Ақын осындағы ағыл-тегіл ақтарылып айтар ойларына арна таба алмай келгендігіне иланасыз. Жаңарудың сәуір самалынан күш алған, өмір шындығы өнердегі шындыққа өріс ашатынына бек сенімді ақын шаттанысында шек жоқ сияқты. Бірақ, шаттық шуағына құр қол шапалақтау емес бұл. Ақын қуана отырып – қамығады, қамыға отырып – ағынан жарылады, сенімін бекітеді. Сол арқылы ұтқан да.

«Қияға самғар күн бүгін,  
Қияннан еркін ән тыңдап.  
Қырандай менің шындығым  
Қанатын қақты саңқылдап» – деп шалқу;

«Тура жолдан тайқумен  
табаннан бүр кетіпті.  
Жақсы өтірік айтумен  
Жарты өмірім өтіпті» – деп өкіну;

«Қорықпайтын батыл жұрт  
Қолға күндіз шам алды.  
Ақындықтан  
Әкімдік –  
артық өнер саналды» – деп айыптау;

«Дәмін татқан даңқтың  
«Жақсылар мен жайсаңым»  
санын емес халықтың –  
сұрастырды қой санын» – деп шенеу;

«Қайта құру» дегенді  
өзімізден бастайық.  
Бола алмаған жігерлі  
өзімізде басты айып» –

деп қазіргіше пайымдау – қысқасы, бәрі-бәрісі бүгінгі замандастың санасына түскен сәулені, ояну, сілкіну, жаңару лебін қамтиды, жеткізеді. Рас, жырлау

тәсілінде формалық өзгешелік жоқ, бірақ бірсарындылықпен оқырманын жалықтырып та алмайды. Оның сыры – публицистикалық сарынның соны мазмұнында. Әрине, мазмұнға сай жаңаша түр табылғанда тіптен жарасымды болар еді. Поэманың шағын тараулары «Шаттаныс», «Аттаныс», «Байыптау», «Айыптау», «Түйін» деп аталады. «Аттаныстың» дәнекер үшін алынғаны түсінікті. Ал «Байыптау» бұдан гөрі салмақтырақ жүк арқалағанда оңды болмас па? «Айыптауға» алып-қосарымыз жоқ. Алайда «Айыптау» мен «Түйіннің» аралығында олқы тұрған орынның бары анық. Болашаққа барлау ретінде ме, ақындық ұшқыр қиялдың тізгін босатар бір тұсы еді бұл. Публицистикалық пафостың өзі де соған сұранып тұрғандай.

Жинақта Жарасқан ақынның жүрекжарды ой-сезімдерін жеткізетін жырлар баршылық. Біреу-екеу деп саусақпен санауға болмас. Бас-басына түгендеп, түгелдеп шығу да шарт емес. «Отан үшін», «Ақын азасы», «Менің достарым», «Талапкер тағлымы», «Егіз толғақ», «Адасқан шағала туралы ән», «Бір ауданда», «Тоқал ешкі», «Бір ауылда», т.б. – рет-ретімен алғанның өзінде тізім ұзара түседі. «Сана соқпағының» сапалы өлеңдері мол. Салыстырмалы түрде алғанда, «Сарбаз сөзі», «Миллиардтың мекені», «Бас туралы жыр», «Жер туралы жыр» – асқақ леппен жазылуы арқылы ғана жинақтан орын алған, ал өлеңдік өресі төмен, тіпті жалаң ұрандардың жанынан табылатын дүниелер. Мұндай ортақол туындылар қосақ арасында елеусіз қалуы да мүмкін, бірақ зиянсыз деуден аулақпыз.

Жарасқан творчествосындағы бір ерекшелік – сөзбен сурет салудан гөрі, ой ағысына бейімділік, оқырманмен ашық сырласу арқылы сезіміне серік іздеу, қуаныш пен қайғыны, шаттық пен мұңды, жарық пен қараңғыны салыстыра отырып, қарама-қайшылықтардың шарпысуы үстінде өмірдің мәнін, тіршілік сырын, адам жанының құпия қалтарыстарын ашуға тырысу.

«адамдық пен пенделік  
арпалысып әрдайым,  
жарға соғам сенделіп,  
жүрегімнің маңдайын!..»

Осындағы «жүрегімнің маңдайы» – оқыс оралым, образды тіркес, әрине. Ой ағысын қуалайтын көптеген өлеңдер қарабайырлыққа ұрынып, қара сөздердің жиынтығын құрайтындығы кейінгі жылдарда белең алып бара жатқандай қауіп ойлатқан кездерде – жетпей тұратыны осындай оралымдар.

Жарасқан – көбінесе өлең ырғағын ұйқасқа түсетін екпінмен өлшейтін ақын. Кез-келген өлеңінің ішкі құрылымы тек осы бір заңдылыққа бағынатындай. Ұйқасатын сөздерінің бояуы қанық, ажарлы, мағыналы болып келеді де, санаға өткір сәулесін түсіреді, есте оңай сақталады. Әншейінде жүз қайталанып жүретін, жиі қолданылатын сөздерге өлең ұйқасына түскеннен кейін кенеттен жан біткендей болады. Бірнеше мысал келтірейік:

«Таста бәрін!  
Қайтадан баста бәрін!

Әлі де алда шырқайтын асқақ әнін!»,  
«Сөзімді басқа арнаға бұра алмадым,  
Келді де кереметтей жыр арнағым,  
бұзылды берекем шын...  
Сен екенсің –  
Жер басып жүрген менің тірі арманым!»,

«Көп нәрсені күтіп, рас, алдан біз,  
арман да көп,  
мұрат та көп,  
таңдармыз...  
Ана жалғыз,  
әке жалғыз адамда,  
жүрек жалғыз,  
сосын Туған жер жалғыз!»

Ырғақсыз өлең болмайтыны белгілі. Ал ырғақты екпінге бағынатын өлеңде артық-кем қолданылған бір сөз болса, көркемдігіне оп-оңай кінәрат түседі. Ж.Әбдірашевтің жырларында бұл кемшілік мүлде кездеспейді десек те болады. Әр сөзі өз орнында, шебер өрілген, қиюын тауып қаланған мінсіз қабырғаны көз алдымызға елестетеді.

«Сыңғырлаған сұраусыз бір сөз деме» деп ақынның өзі ескерткеніндей, дыбыс үндестігі, ұйқас үйлесімділігі арқылы ғана өлеңнің бағы жанбайды. Әр шумақта нәр болмаса, оқырман сұлу сөздердің жарығынан жылу дәметіп, тұщынбайды. Жарасқан жырларына жылдар өтсе де, жаңа лек – жас буынның ықылас суытпауының бір сыры осында. Ойлы өлеңдердің бәрі бірдей уақыттан оза тумайтындығына дәлел көп. Өйткені, өлең – ой емес, от. Бәлкім отты ойлар шығар. Осы шартты анықтама аталған ақынның да жырларына тән.

«Сана соқпағындағы» оқырман назарын аудартар тағы бір тұс – ішінара екінші, содан соң үшінші, төртінші бөлімдердегі оқиғалы өлеңдер. Әрине, кейбірі балладалық сипатта болғанымен, ақын ондай айдар тақпаған екен. Қалай болғанда да осы жинақта Ж.Әбдірашевтің оқиғалы өлеңдерге ойысқан, тәжірибе ыңғайында емес, толғаныспен таңдаған бағдарын байқағандаймыз. «Артық адам» мен «Шешем шерткен сырлардан» топтамасы ақын творчествосындағы жаңа тараудың сәтті кіріспесіндей әсер қалдырды. Алдағы уақытта бұл бағытқа тікелей бетбұрыс жасайтын болса, бәлкім, ақын ұтылмас та. «Артық адамды» ғана алайықшы. Адамдар тағдыры, характерлер қақтығысы, өмір драмасы, бәлкім, трагедиясы бар осы өлеңде. Лүп еткен сезім толқынымен ғана жеткізуге қиын, драмалық детальдар арқылы ашылатын оқиғалы ситуация игерілген. Мына тірлікте артық адамдар аз ба? Мықты болсаңыз мұны дәлелдеп көріңіз. Өлең солардың бәрін емес, біреуін ғана мысалға алғанымен, бірі арқылы – бәріне үкім шығарады. Маңдайдан ұрғандай, қара күйені баттитып жаға салмайды, адамдарды іс-әрекет үстінде,

кеше мен бүгінге және ертеңге деген көзқарасын ашу арқылы тануға шақырады.

«Артық адам» келе жатты поезда...»

Әңгіменің яки повестің соңғы сөйлемі сияқты. Өлеңнің көтерген жүгі де сол шамада. Оқиға өрбітуі, шешім табуы нанымды, иланымды. Жайдақ прозаизмге ұрынбаған.

Жалпы, кейінгі жылдардағы қазақ поэзиясында диалог детальдарын ұтымды қолдану нәтижесінде өлеңнің мінезіне өзгеше шырай үстеу тәсілі тамыр жая бастағандай. Кейбір өлеңдер белгілі бір сюжетке құрылмауы мүмкін. Бірақ лирикалық кейіпкерлердің пікірін, көзқарасын дәйектей түсу үшін «өз сөзін» өлеңге арқау етуден мағына ұштасады. Әркімнің шеберлігі әр деңгейде көрінуде. Ж.Әбдірашевтің де жетістіктері даусыз. «Бір ауылда» дейтін өлең бар. Ауылдың ақсақалдарын, адамдарын сағынып барғанда лирикалық кейіпкердің алдынан шыққан пенденің сөзінен секем аласыз.

«сұрап едім жер тарихын,  
Жұрт жайын,  
«Қала типтес елді мекен – бұл!» – деді»,

«Газ жағады, – деді, – бәрі бүгінде!»  
«Саны қанша, – деп едім мен, – түтіннің».

Мәңгүрттер қалада да, ауылда да кездеседі. Дүниенің қызығын тек баюдан, ақшадан ғана іздейтіндердің рухани кеңістігі – бос, бір жұтым ауасыз. Өрісі – жұтаң, жадау. Бұған жаның ауырады. Сондықтан, «миналы ауылдан» лирикалық кейіпкер «жеті түнде қайтып кеттім жаяулап» десе, мұның бекер болған деуге дәрмен жоқ.

Жарасқан ақынның сөзге үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын жоғарыда айттық. Ал ұйқастары сәл өзгеріп, септік жалғауларының алмасуымен ғана түрленген мына қос шумақты көргенде, мүлт кеткен екен дейсіз еріксіз.

«Бір жамандық көрсе болды нәмарттан,  
не жақсылық көрсе болды жомарттан –  
асыл-асыл армандарын ұмытып,  
адам аз ба өзін-өзі жоғалтқан» (73-бет),

«Көбіне көніп нәмарттың,  
орынсыз өкпе неге арттың?  
Онсыз да досым аз еді,  
келмей түр сені жоғалтқым» (76-бет).

Бұл екеуі де досқа арналған өлеңдер. Бірін екіншісі көлегейлейді. Абзалы, мұндай қайталаудан аулақ болу ғой.

Ж.Әбдірашев – талантты ақын ретінде танымал. Творчествосындағы бүкіл жетістіктері мен кемшіліктері талғампаз оқырмандарының жіті



қадағалауында. «Сана соқпағындағы» азаматтық әуені – айқын, ақындық алымы – қуатты, өлең мәртебесі – жоғары. Ой түйіні осы.

1989 жыл.

## ЖЫРЛАРЫНДА ЖАРЫҚТЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ БАР

Қоғам өзгерді. Заман өзгерді. Уақыт басқа. Сондай-ақ Адам санасында, ұғым-түсінігінде, көзқарасында, дүниетанымында да ескі мен жаңаның қақтығысы, арпалысы, жан алысып-жан беріскен жойқын күресі жүруде. Өткелі қиын өтпелі кезең бұрынғы құндылықтардың біразын құрдымға батырып, ескегінен айрылған марғасқалардың талайын есеңгіретіп-ақ тастады. Бағыт-бағдарынан адасып, салы суға кетіп, талтүсте түңілуге бой алдырғандар қаншама. Намысын жанып, жігерін қайрап жүргендерді кейде қасыңнан таба алмай қаласың. Осының бәрі кездейсоқтық емес, қоғам дамуындағы заңдылық екен. Біз белгілі бір жүйеден мүлде басқа екінші жүйеге қадам бастық. Мұндай кезеңде рухани дағдарыстар, күйзелістер, қиналыстар өнердің отын жағып жүргендерді алабөтен шарпитыны байқалады. Осындайда замананың мың құбылып соққан желіне кеуде тосып, қарағайға қарсы біткен бұтақтай, қара жартасты қақ айырған қарғындай қайсар мінез танытатындар некен-саяқ. Біреулер «ақындарға оңай, уақытпен тез үндеседі» деседі. Айтуға ғана. Уақытпен, Заманмен тілдесіп, сұхбат құруға Ақын-Азаматтың ғана жүрегі дауалайтын шығар. Біз білетін ақын Темірхан Медетбек осы өлшемнің деңгейінен табылады. Бұған дейін де Қазақ елінің әлеуметтік өміріндегі он дегізген жақсылықты, ең дегізген жамандықты назарынан қағыс қалдырмай, ақыл таразысынан, жүрек сүзгісінен өткізіп, өлеңнің өрт құшағына орап келген Темірхан ақын «Тағдырлы жылдар жырларын» (1999) жазғанда тың тыныс ашқан, жаңа қырларымен көрінген.

Өзі өмір сүретін қоғамдық ортадағы алуан өзгерістерден, тартыстар мен тауқыметтерден, дау-дамайлар мен келісім-үйлесімдерден тыс, тек қана жеке басының тәтті сезімдерімен ғұмыр кешу ешбір ақынға бұйырмаған. Олай болуы мүмкін де емес. Алайда өзі бастан кешкен, көзбен көрген, куә болған кезең келбетін, дәуір дидарын, заман зарын, уақыт уайымын асыл жырларына ақындардың бәрі арқау етіп жүр ме? Кешегі кеңестік дәуірде марапат-мақтанға, мадаққа толы қаншама өлеңдер жазылды. Солардың көбісі ұмытылды. Қасымның «Советтік менің өз елім», Жүмекеннің «Менің Қазақстаным», Жұбанның «Мен – Қазақпын» деген секілді туындылары ұмытылған жоқ. Қайта, жаңа қоғам, жаңа ғасырға қымбат рухани қазынамыз ретінде өзімізбен бірге алып бара жатырмыз. Немесе, соңғы онжылдықтағы тұрмыс тапшылығын, жоқшылықты, қымбатшылықты, т.б. қиындық атаулыны үйіп-төгіп өлең шумақтарына тоғытып жүргендер де баршылық. Бірақ, өлең шіркін өмірдегінің фотокөшірмесі емес қой. Бір тақырыпқа жүз ақын жүз өлең арнауына болады. Бірақ, бірегейі біреу-екеу ғана. Темірхан ақын уақытпен, заманмен сыр бөліскенде әр алуан тақырыптарды қозғайды.

Белгілі, таптаурын жолдармен жүрмей, соны соқпақтар салады. Міне, «Қайыршы» деген өлеңін оқып отырмыз. Өлең қол жайып қайыр сұраған міскінді сынау, мінеу, аяу, мүсіркеу үшін жазылмаған. Үлкен әлеуметтік астары бар. Дінін, тілін, салтын, дәстүрін жоғалтқан қазақтың зары. «Су сұраймын, сұраймын кеп ауа да, Жер сұраймын өз жерімде тұрып ап» деген ауыр да ащы ойды айту үшін жазылған өлең.

«Алдыма алып тозған,  
семген Аралды  
дүниеден қайыр сұрап отырмын» –

деп шамырқанады.

Осы жыр кітабын парақтағанда еліміздің соңғы он-он бес жыл мұғдарындағы асқан асуы, кешкен бейнеті, өткен өткелі, шеккен азабы – суреткердің көзімен жан-жақты ашылған екен деген ой түйеміз.

Кеше ғана «өтпелі шақ туды» деп өзімізді жұбаттық. Ал ақын мұны «әрі-сәрі шақ» дейді.

... Әрі-сәрі болдық біз,  
Әрі-сәрі шақ келіп.  
Әңгімені азайтып,  
Әрі-сәрі күлеміз.  
Әрі-сәрі сөз айтып,  
Әрі-сәрі жүреміз.

Немесе демократиялық қоғам, сөз бостандығы дегенді жалаулатқан небір шешендер қызыл сөздің боранын соқтырған тұста сөз патшасы – өлең шетте қалып, қысыр сөз дәуірледі емес пе:

Бітіспейтін керісіп,  
Келіп тұр-ау кез жұтаң.  
Су орнына сөз ішіп,  
ауа орнына сөз жұтам, – дейді ақын.  
Сөніп жырдың шырағы  
аласұрам,  
сабылам, –  
үрей қарап тұрады  
қаламымның сабынан, –

деп бір ақын емес, бар ақын торыққан тұстың суреті де айқын. Қоғамдағы қиыншылықтар мен қиянаттар, қатігездіктер мен зорлық-зомбылықтар ең алдымен ақын жүрегін жаралайды. Жаралы жүректен қаны сорғалаған жыр тамады.

Бұдан кейінгі ой-сананың дүр сілкініп, оянған, жаңа серпін тапқан тұсы еліміздің Тәуелсіздік алуымен байланысты.

Тәуелсізбін!  
Тәуелсізбін мен бүгін.  
Келді, міне, азаттығым,  
теңдігім.  
Бостандықта бойлығым мен ендігім,  
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!

Алақайлаған қуаныш сабасына түсті, азат қоғамда өмір сүру үшін де күресу керек екен, қиыншылықтарды жеңіп, кедейшіліктен құтылу керек екен. Алдымыздан тағы да тарнау, тайғақ өткелдер шықты.

Бәрі қымбат  
Арзан бірақ жиғаның.  
Арзандады көкірекке құйғаның.  
Дүниенің бәрі қымбат,  
бірақ та,  
арзандады арың менен иманың.  
Жақын етіп қияндағы алысын,  
жауға шауып жанын берген ар үшін, –  
көшелердің мүйісінен сығалап,  
көк тиынға көзін сатты Намысым.

Бұл – жылау емес, жан айқайы! Кейде біз өлеңнен мінсіз көркемдік, отты образдылық, буырқанған бояулар іздеп отырып, қарапайым шындықтың көйлегін киген шымыр шумақтарға мұрын шүйіретініміз бар. Әсілі, «көк тиынға көзін сатты Намысым» деп айту үшін ақын ең алдымен өз жүрегін қанжоса етуі керек, содан соң оқырманның ой-санасын сілкіндіруі, Уақытқа өкпесін, Заманға ренішін, Адамға ескертуін жеткізбек.

Бұл кітаптың бойындағы бір ерекше қасиет-жалқының жалпыға, жекенің көпке, дараның тұтастыққа ұласатындығы. Ақынның лирикалық «Мені» арқылы қозғалған сыр, бірте-бірте жырдың соңына қарай жалпы ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге ұштасатыны көңіл аудартады. Бұл кездейсоқтық емес. Ақын әу бастан-ақ құбылмалы уақыт, аласапыран мезгіл, аумалы-төкпелі заманға тап болған Адамның ой-санасындағы, таным-түсінігіндегі, іс-әрекетіндегі қарама-қайшылықтарды қалт жібермей, дәл детальдар тауып, жыр-шумақтарына айналдырып келген. Өлеңдерді оқып отырғанда субъективті «Мен»нің көзқарастары атойлап алға шығып, оқырманға өз пікірін зорлап таңатын сияқтанғанымен, іштей «бұл – менің де айтпағым», «бұл – менің де ойымдағым» деп оқырман әрбір өлеңнің соңында ақынмен сырлас адамдай ұғысады, достасады.

... Дәл бүгін мен көшеде,  
үміт көрдім панасыз.  
... Сөз жалаңаш, дәл қазір,  
жыр жалағаш.

Құм жалаңаш,  
сайың мен қыр жалаңаш.  
Ұятынан безінген бұл дүние  
тыр жалаңаш, құдай-ай,  
тыр жалаңаш.  
... Төз, төз деймін,  
төз, төз деймін,  
Төз деймін.  
Төзе алмасаң тоз-тоз болып кетесің!

... Күдік деген, құдай-ау,  
ұры екен ғой.  
Ұры деген ішімде жүр екен ғой.  
... Полигонға айналды ғой бүгінде.  
Әр қазақтың,  
Бар қазақтың жүрегі.

... Алға басып ентелеп,  
Кері кетіп барамын.

Кітаптағы кесек жырлардың бір шоғыры – Тәуелсіздік, Бостандық, Азаттық туралы жырлар. Елімізге егемендік көктен түскен жоқ, ғасырлар бойы азаттық, бостандық деп арпалысқан ата-бабамыздың қанымен, жанымен жетті. Солардың Рухымен жетті. Ал соны уралап айтпай, жаны ауыра отырып жеткізудің мысалы мынау:

Ол келген жоқ –  
қара орман қамалдай боп,  
ол келген жоқ –  
дауылды замандай боп.  
Абылай боп келген жоқ ол бостандық,  
Бөгенбай боп келген жоқ,  
Қабанбай боп.  
Десек те біз: мұз бастық  
қар жастандық.  
Рас, рас тоқтыққа сан мастандық.  
Кенесары,  
Сырым боп,  
Сыпатай боп,  
Махамбет боп келген жоқ, ол бостандық.

Қарашы оған:  
кетеді адам аяп,  
(айттым мұны тұрсам да қаламай-ақ!)  
Бостандығың келіп тұр, бостандығың!

Жалақ ерін,  
Жалаң бас,  
Жалаңаяқ.

Уақытпен үзеңгі қағыстырып қана қоймай, оза шабу үшін Ақынға керегі – ұшқырлық. Ақынның пырағы ақсамауы керек. Аяғына жем түспеуі керек. Ақын Темірхан Медетбек жырларында жарықтың жылдамдығы бар, уақыттан озатын ұшқырлық бар. Мезгіл мезеттерінің тамырын дәл басып, асығыс алға ұмтылу бар. «Тағдырлы жылдар жырлары» кітабындағы бірқатар өлеңдерді сиясы кеппеген күйінде «Егемен Қазақстанның» бірінші бетінен, «Қазақ әдебиетінен» т.б. баспасөзден оқып, тұшынғанбыз. Енді кітапқа кіргеннен кейін сол жырларды қайталап оқып көрсек, үлкен дүниеге кірпіш болып қаланып кетіпті. Ақын елдік мұрат, ұлттық мүдде, халық қамы дейтін мәселелерге қатысты ой-толғаныстарын өлеңмен өріп жеткізуге өте шебер. Ондайда қарабайыр хабарлаудан ада, астар мен ишара, образды ойлау алға шығады.

... Бұлт болып шегірткелер қаптап ұшып,  
Жалмауда астығымды, шалғанымды.  
... Қаптаған шегірткедей өтіріктен,  
ақ арман, жасыл үміт қырқылуда.

... Қарасам Уақыттың қабағына,  
Жабығып, жас үйірілер жанарыма...  
Бұл күнде ұлтым менен ұлы далам  
Түсіп тұр шегірткелер талауына!

Байқайсыз ба, ой қалай дамыған, логика қалай өрбіген, ащы шындық қалай өрілген, ақиқат қалай айтылған! Дер кезінде ауыздан шыққан сөз – дәл көздеп атылған мылтықтың оғы тәрізді. Мұрттай ұшырады.

Ақынның көңілі алаң көп нәрсеге. Әсіресе, туған еліміздің, туған жеріміздің тағдырына қатысты ой-толғаныстар мазасыз көңіл-күйден мол хабар жеткізеді.

Кешегі күнді көз алдымызға әкелсе:

... Тудық біздер көрінбейтін бұғаумен,  
Жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен, –

деп, бүгінгі күнді алаңдаушылықпен қарсы алып:

... Бейілсің ғой жоқ болу,  
көмілуге, –  
арақ ал деп тұрғанда алдыға кеп.  
ақсақал да, кемпір де,  
келінің де!

Көрем деп пе ең мұны сен өмірінде?!, – деп,  
Еркіндікте еркінсіген қылмыстар  
тұр ғой қазір ұлы Еліме ылаң сап, –

деп шер қозғайды, шоқ қоздатады.

Ақын Темірхан Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары» кітабы еліміздің өміріндегі тұтас бір кезеңді, үмітті де ауыр шақты, өтпелі де қиын мезетті бүкіл жарық-көлеңкесімен, жақсы-жаманымен, қуаныш-қайғысымен қаусыра қамтыған.

Ашуымды сапырып  
Намыс мені жеңгенде –  
ұлы Каспий аһ ұрып  
толқып тұрар кеудемде, –

деп өзі айтқандай, Ақын өлеңдерінен ұлы теңіздің бірде буырқанған, бірде тыншыған, бірде күрсінген алып тынысы сезіледі.

... Менің әрбір өлеңім,  
Топырақтан жаралған, –

дейді ақын. Ол – туған жердің топырағы. Туған елін, туған жерін, туған тілін сүйетін жүректің лүпіліне толы әрбір өлеңі тебіренеді, толғантады, таңыркатады.

Адам – Қоғам – Заман – Уақыт дейтін ұлы ұғымдардың мән-мағынасын, тақырып-мазмұнын, сыр-сипатын ашуда Ақынның бұл еңбегі күрделі де кесек шыққан.

Жылдар ғана емес, сол жылдарда туған жырлар да тағдырлы екен демекпіз.

2000 жыл.

## «БІР ҚОҢЫРАУ КҮМБІР ҚАҒЫП ТҰРАДЫ...»

### 1. Хат

Жәке! Ақын Жәркен Бөдешев! Сіз де елу дейтін ердің жасына келіп қалыпсыз. Елудегілер ештеңеге алаңдамай-ақ тірлік кеше берсін, еншісінен құр қалмас, алпыс яки жетпістің жөні бір басқа деген пәрмен барынан хабардар шығарсыз. Оған бола еңсеңізді түсірмеңіз. Мәселен, мен сіздің өлеңдеріңізді жақсы көретін, өзіңізбен анда-санда жүздесіп, тілдескенім болмаса, сырласпаған ініңізбін. Сырласпаған дегенім бекер болар, өйткені, өлеңдеріңіз арқылы сырыңызға ортақ талай қазақ баласы бар. Жасырары жоқ, жүректен қозғап, жақсы жазасыз. Тереңге бойлайсыз. Буырқанған сезіміңізге сендіресіз. Ендеше, бес белестен өтіп, бұрылып

жан-жағыңызға қарап тұрған кезіңізде бір ініңіз ілтипат білдіріп, хат жазып отырса, оның оғаштығы жоқ шығар.

Сіз Шығыс Түркістанда туып-өстіңіз. Балалық шағыңыз сонда өтіпті. Содан да шығар, бәлкім, қоңыр өлеңдеріңіз қозғайтын мұң мен шердің, сағыныштың сазы бөлектеу. Оған кезінде мән беріп, құлақ аспаған шығармыз. Қанша дегенмен, қоғамымызда күрт өзгерістердің болуы санамызға үлкен өзгерістер әкелді. Ұлттық сананың оянуы шет жұрттарда жүрген ағайындарға іздеу салып, атамекенге оралып жатқан бауырларға қадыр, құрмет көрсетуге ұласты. Сіздің буын өздерін «соғыстан соң туғандармыз» дейді. Олардың да балалық шақтары қаракөлеңке ауылдарда өткен. Жесірлер мен жетімдердің көз жастарын сүртіп, әйтеуір жеңіс келді ғой, орнында бар оңалар деген сеніммен қабырғаларын қатайтты. Кеңес еліндегі құрадастарыңыздың да мұңын сіз жүрекке жақын қабылдадыңыз. Тарбағатайдың күнгеі мен теріскейіндегі тағдырлас қазақ бауырларды бөле-жара қарауға болмайтынын бір түсінсе, сіз сияқты екі енені тел емген ақын түсінер.

«Адам азамат болып қалыптасады, ал ақын болып туады!» деген сөз бекерден-бекер айтыла салмаған. Ақындық – өзгеше тағдыр. Бірақ, тағдыр тауқыметтерін бір адамның басына үйіп-төккеннен ол ақын болып кетпейді. Сондай-ақ сәнді сарайларда бұлбұлша сайрағандардың да тарихта қалғандары некен-саяқ. Бұл орайда Жәркен ақын табиғат пен қоғамның төл перзенті деп түсінемін. Кейде кейбір білуге құмарлардың «Өлеңге құмарлығыңыз неден басталды? Алғашқы ұстаздарыңыз кім еді? Бірінші өлеңіңізді кімге арнадыңыз?» деп сұрайтындарына таң қаламын. Бұл кәдімгі «Бала кезінде тәттіге құмар болдың ба?» деген тәрізді рабайсыздау сауал. Сіз үйрену мектебінен ұзақ өткен, еліктеу мен солықтауға да бір кісідей бой алдырған, бірте-бірте сөз патшасына ұлы Абай қойған талаптар дәрежесінде қалам тербеуге қол жеткізген ақынсыз. Өзіңіз білесіз, шартты түрде ақындар екі түрлі топқа, бөлінеді: бірінші – ерте гүл ашатындар, отыз жасқа дейін-ақ талантына тамсандыратындар, екінші – баяу тұтанып, ұзақ жанатындар, отыздан тіпті қырықтан кейін жорға ашатындар. Меніңше, сіз сол екінші топтың өкілісіз. «Көкшеқұрақ» (1979), «Қос қанат» (1982), «Аспан даусы» (1985) жыр жинақтарыңызды, мерзімді баспасөзде жарияланып жататын өлеңдеріңізді оқып жүргенде осындай ой түйгенмін. Сатылап, баспалдақтап өсудің де өз заңдылықтары бар. Үнемі ширығу, іздену үстінде жүрудің жүйкеге түсірер салмағы да аз емес. Бірақ, ізденген соң тапқанға не жетсін. Меніңше, сіз поэзияда өзіңіздің соқпағыңызды тапқан ақынсыз. Әсіресе, соңғы жылдардағы баспасөзде жарияланып жүрген жырларыңыздың қуаты мол. Бұдан он бес шақты жыл бұрын Мұқағали ақынға арнап:

«Таудай едің.

Таудың алып тумасы.

Қарапайым қазақ едің, тұрасы!

Қыр басында нағып шөгіп жатырсың,

Ей, өлеңнің буырқанған бурасы!» –

деп жазсаңыз, сол өлеңмен соққан ескерткішіңіз әлі тұр. Осы «Ақын» дейтін туындыңызды талай адамға оқып бергенмін, сонда қай-қайсысы да «Жәркен жақсы айтқан екен» дейді, риза болып. Бұл жерде, өлеңнің бағын ашу көпшіліктің қолында деген пікірді өткізгелі отырған жоқпыз. Талғам, таным, түсінік әртүрлі. Кейбір күрделі ойлардың күрмеуі бар өлеңдерді көп адам түсінбеуі де мүмкін. Ал, жұрттың бәріне ұнайтын жадағай тақпақтар баршылық қой. Миллионнан астам тұрғыны бар Алматыда мықты ақындар көп. Ауылда да аз емес. Астанада тұрса да сол ақындардың мұң-шерін кім түсініпті. Тым болмаса, анда-санда өтетін жыр мүшәйрасының өзін саудаға салғанға ренжисің кейде. Рас, сіздің өлеңдеріңізге мүшәйрада лайықты бағасын беріп жүр. Соған риза болыңыз. Бір ауыз жылы сөзге зар болып баз кешкендер қаншама! Оның үстіне мына нарық заманы рухани құндылықтарымызды табнаға салып таптап жатқандай, бүгінгіден гөрі кеше имандылық, адамгершілік, ар мен ұят үстем болатын, жоғары еді, таза-тұғын. Бұл әрі-сәрі жағдайда жүрген, экономикалық қиыншылықтардан шығайықшы, содан соң заман да, адам да түзелер деп үміт күткен талайлардың мұңы, бәлкім. Әкімдері ханға сәлем бермейтін, ақындары бейшара мұндай кесірлі кезең де басымызда ұзақ тұрмас... Өлең, шіркін, құдірет қой. Оны кез келген кешенің құлағына құямын деу де бекершілік. Жүз тыңдаушының яки оқырманының ішінде сені түсінетіні біреу-екеу ғана болуы мүмкін. Әсіресе, нағыз поэзия сергек сана, таза жүрек таңдайды.

Жәке, сізге бұл хатты жазу кезінде шығармашылық жолыңызға тұтастай шолу жасауды мақсат тұтпадым. «Әуеніне қыр құштар, Маған таныс бір құс бар. Өзі момын, түсі боз, Ауырлығы бір мысқал» деп бозторғайға бүйрегіңіз бұрғанда да, «Көңілі алаң, жолы ауыр, шала ұйқылы, Шындыққа сондықтан да шыр бітпейді» деп шырылдап бәйек болғанда да, «Дарының судай тасып тұрғанымен, Жоқшылық ақындықтың соры білем» деп бармақ шайнағанда да немесе, «Қазақтың көк байрағы: Жасыл тау, жасыл аймағы, Әнімнің – шырқау әуені, Жырымның – терең қайнары» толқып-шалқығанда да сезімтал ақынсыз, сергек жыршысыз.

«Лениншіл жас» газетінде 1991 жылы 27 тамызда «Сарышуақ» деген атпен бір топ өлеңдеріңіз шыққан еді. Сонда «Жайыртау» деген туындыңыз болған. Тауып алып, қайталап оқыдым:

«Туған жерім – Жайыр тау,  
Екі өркеші айыр тау.  
Айыр таудан сұм тағдыр –  
Тіріде мені айырды-ау.  
Тіріде мені айырды-ау,  
Айрылдым деп тірідей өкінбейін десем де  
Сұрап алған құдайдан,  
Қалап алған Күн, Айдан –



Мендей бағылан ұлынан тірі айрылды әкем де,  
Тірі айрылды шешем де,  
Мен оларды ұмытсам –  
Топырағына бір тамған кіндік қаным кешер ме»

Осы бір үзіндінің өзінде адам тағдыры жатыр. Сонау Қытайда, Монғолияда, Түркияда, Иранда, т.б. шет жұрттарда жүрген қандастарымыздың басынан не кешкенін, нендей қиын өткелдерден өткенін біле бермейміз ғой. Ақын жүрек арғы мен бергіге сын көзімен қараса да, сағыныштың сары шекпенін иығына ілесе де ерікті. Кіндік қаны тамған жеріне кім еміренбес. Алматыда тұратын ақындардың 99 пайызы ауылдан шыққандар. Солардың бәрі де туған жерін-ауылын сағынып жыр жазады. «Осы Қазақстанда туып-өсіп шет елде жүргендей «Туған жер, туған жер» деп өлең жазатындарың не!» деп бір баспа редакторы қатты ұрсыпты алдына келген жас ақынға. Бірақ, Сіздің Жайыртауыңыздың жөні бөлектеу екен...

Қазіргі кезде «Өлең қалай?» деп сұрайтын да адамдар азайды. Ақындарда алынбаған өші бардай миығынан күлетіндер не ойлайды екен осы? Абайдың бір өлеңін жатқа білмейтіндер атқа мініп, елге ақыл айтады. Ақынын аяқтан шалған жұрт неменеге жетіседі? Бұл жалғыз сіз бен біздің мұңымыз емес екенін білемін. Әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің басына бұлт үйірілген кезеңді бастан кешудеміз. Дағдарыс кезең. Қаламың да бұрынғыдай ұшқыр емес. Қадамың да – бұрынғыдай ұшқыр емес. Қадамың да – қарға адым. Қайбір оңған тірлік дейсіз. Алматыда – өз елінің астанасында – 10-15 жыл жүріп әзер дегенде пәтерге қолы жеткен әріптестеріңіздің басындағы тауқыметті айтсақ, ол ұзақ әңгіме. Өзіңіз де оны бастан кешкенсіз. Ал ендігі жастардың – өнер қарлығаштарының күні не болмақ? Кімнің жаны ашыйды? Қалталы коммерсант ағайын ба жарылқаушымыз? Безбүйрек бизнесмен бе демеушіміз? Бармағынан бал тамған базардағы саудагер мен сүйеушіміз? Егер солардың арасында жанашырларыңыз болса, қалың мұқабалы кітабыңыз да шығады, Республика сарайында жыр кешін де өткізерсіз, бұқаралық ақпарат құралдарын да сатып аласыз! Бұған ешқандай күмәніңіз болмасын. Дарыны сізден төмендеу болса да, қарыны бар кейбір әріптестеріңіз осылай өмір сүруге бейімделе де бастады. Заман-ай, демеске не шара!

Қазақта «Алмас кездік қын түбінде жатпайды» деген қанатты сөз бар. Бір шоғыр талантты қазақ ақындарының ортасында Сіздің де жұлдызыңыз жарқырап тұр. Дәл бүгінгі таңда біреулер елемейтін шығар, біреулер мән бермейтін шығар, оған бола күйінбеңіз де торықпаңыз да. Жақсы жырлар жазуға уақыт тапсаңыз болды. Егер сіз қызметі жоғары, билік-пәрмені күшті әкімдердің бірі болсаңыз, көп сөзді шығындамай-ақ қояр едім... Ақынсыз ғой! Ендеше жыр қоңырауының сиқыр үніне құлақ түргенге не жетсін. Өлең оқиық, қанеки!..

1994 жыл.

## 2. Пікір

Өзендер әртүрлі болатыны белгілі: көктемде өткел бермей тасып, жаз ортасы ауа жалдап өтер сызашыққа айналатындары бар: буырқанып ағатын, бастау көзін таудан алып, мың сан қайнарлары қуат беретін, арнасы ортаймайтындары бар.

Жәркен ақынның Жырдариясынан сусындаған сайын менің ойыма жаңағы мол сулы, арналы өзен оралады.

Былтыр Алматыдағы «Сөзстан» баспасынан Жәркен Бөдешұлының «Жұлдызға орнын Ай бермес» атты жыр кітабы жарық көрді.

Жинақты парақтап оқып шыққанда көкейге түйетін ең басты түйін: Ақын өсу үстінде! Мұндай қорытындыға келуімізге мына кітаптағы рухты өлеңдер, мінезді жырлар себеп. Жалпы, не нәрсеге де, қай құбылысқа да ең әділ бағаны Уақыт береді деген қалыптасқан ұғым бар. Оған дау жоқ. Десек те уақыт деген тек қана белгісіз болашақ емес, бүгінгі сынаптай сырғып өтіп жатқан сағаттар мен минөттер екенін кейде ескере бермейміз. Ескерсек, қолда бардың бағасын білер едік қой.

Соңғы жылдарда Жәркен жырларында сонау жыраулық поэзиядан, ауыз әдебиетінің інжу-маржандарынан, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар жыраулардың сөз саптау үрдісінен өнеге алған жаңа қырлары жарқырап көзге шалынды. Еліктеуге бой ұрды деп енжар емеурін танытқалы отырған жоқпыз. Еңсесі биік ереуіл жырлар, жорық жырлары мынау өтпелі кезеңнің өткелектерінде де өзгеше түрленіп, жалғасын тауып жатқаны қуантады. Қазіргі қазақ поэзиясында осы арнаға ойысушылық белең ала бастағалы біраз болды. Өлең өлкесінде өз әлемін іздеп жүрген ақын Жәркен Бөдешұлы да іздегенін тапқандай. Ізденістері жырларына кең тыныс беріп, жаңа деңгейге көтергеніне куәміз.

«Ата жұртым – Өр Алтай  
Туған жерім – Жайыртау...  
Баласындай арқардың екі тауға тең өстім,  
Арғы тауға асумын,  
Бергі тауға белеспін.  
Жарымаған уызға жарты қазақ емеспін.  
Тіні бүтін сөйлейтін,  
Діні бүтін өлмейтін,  
Мынау бөлшек ғаламда мен бір бүтін қазақпын,  
Бөлшектеуге келмейтін.  
Айға ұлыған көктегі,  
Арғы тегім – Ер Көкше  
Даңқым мәлім жер-көкке  
Үлігімді ұры алмас –  
Бесік көрген қыздарым бес күн сайын бой жетсе,  
Ата көрген ұлдарым арт-артынан ер жетсе».

Құлағымызға көне сарын әрі жаңа әуез шалынады.

Жәркен ақынның өлеңдерін оқып отырғанда сізді еріксіз баурайтын, тебірентіп, толғандыратын бір күш бар. «Ол не?» дейсіз ғой. Ол – ақындық тағдыр, өлеңдегі өмірбаянның өзгешелігі. Қай өлеңін оқысаңыз да – сағыныш, аңсау, шерлі күй. «Ұлар жыраудың шекара бөлісін жүргізгенде айтқаны», «Ұлар жыраудың ел ауа көшкенде айтқаны» немесе «Абылай хан», «Кенесары – Наурызбай», «Мен көп көрдім», «Қарауыл төбе хикаясы», т.б. суреткерлік қолтаңбаны айқын аңғартатын туындылар бұл жыр кітабының салмағын арттыра түсетіндей.

«Айсыз түнде қар жауды ағараңдап,  
Дәл сол түні жыр жаздым саған арнап...»

Кәдімгі көп жазылған, жазыла беретін, мәңгілік тақырып - махаббат жырларының біреуі ғой деп, белгілі күйдім-сүйдіммен аяқталады ғой деп үш шумақ өлеңге жедел көз жүгіртіп оқып келе жатасыз да: «үңілемін ақ қағаз – ақ алаңға» дегеніне онша селт ете қоймайсыз. Ал соңы: «Екеумізді екі елге бөліп берген, қара жүрек тағдырым ағарар ма?!» деп түйінделгенде, бұл махаббаттың жөні бөлек екен-ау деп еріксіз ойға шомасыз. Бұл кәдімгі біресе олай ауып, біресе былай ауып, атамекенінен ауа көшіп, бөлініп, жарылып, қайта келіп жатқан қандас бауырларымыздың бірталайының басынан кешкен хал болса керек. Жәркен соны аз сөзбен астарлап жеткізген.

«Ауып кеткен ел келмей,  
Келген елге Арқадан құтты жер бермей,  
Ақсақалды қартына құс жастықты төр бермей,  
Әр Алаштың үйінде алтын бесік тербелмей,  
Күн кешермін мен нендей?».

Ойдың жеткізілуінің оты аздау, өлеңнен гөрі прозалық сипаты басымдау осы бір шумақтан да елінің бүгінгі мен ертеңіне көңілі алаң азаматтың мазасыздығы аңғарылады. Бұл «Арғы тегім – ер Түрік, бергі тегім – Еркөкше» жыр топтамасындағы ең ортақол өлең. Ал бұл топтамада айдарынан жел ескен, арқалы ақынның ғана жүрегінен түлеп ұшқан қыран канатты жырлар баршылық.

Мен ақын емеспін,  
Тағдырым – ақын.  
Көктемгі сағымдай сан құбылатын.  
Жаным Ұлытау секілді...

деп Жәркен өзі де тауып айтқан.

Жинақта «Қазақы жыр» дейтін бір өлең бар. «Біздің қазақ бөлмейді, піспегінен сабасын» деп әдемі түйінмен аяқталады. Ал, шынында осы жыр кітабының бойындағы тамаша тұтастық, сабақтастық сыры да осы қазақы,

ұлттық рухтың жоғарылығында болса керек. Ел аралап, ауыл адамдарының мұң-шерін тыңдап, арман-мұратын түйсініп қайтқандай боласыз. Жүрегіңіздің түкпірінде қазағымның бүгін мен болашағы қалай болар екен деген өткір сауал жай таптырмайды. Жәркен ақынның өлеңдері сол ұлттық сезімді оятуға, қалғытпауға қызмет ететіні ғанибет.

Ұлар жыраудың:

«Көш, көш, елім,  
Қош, қош, елім» – дей отыра:

«Мен жалғыз түп қараған –  
Анда-санда гүлдейтін,  
Көшіп-қонуды білмейтін»

деуінде қаншама тағдыр талқысы жатыр десеңізші... Ақын жеке басының мұң-мүддесін қозғаумен шектелмей, ұлтының өресінен ой айтады, арман толғайды. Бұл Жәркен ақынның Жырдариясы. Мынау ерні кезерген қазақтың рухани әлемінің шөлін қандыруға оның да септігі тиеді. Ләйім, солай болсын.

1996 жыл.

## ӨР НАМЫСТЫ ӨЗ ҰЛЫҢ

«Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейді қазақ халқының даналығы.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының жаңғырығы жүздеген жылдарға кететініне енді ешқандай күмән жоқ. Ұлттық намысын ту ғып көтерген қазақтың өрімдей қыздары мен жігіттері қызыл империяның зорлықшыл, өктем билігіне қарсы шыққан еді. Мұның қаншалықты қауіпті де қатерлі екендігін жастар білмеді емес, білді. Бірақ, жылдар бойы ақырындап бойға сіңіп, бірте-бірте дендеп бара жатқан империялық саясат ұлттық тілдің күнделікті қарым-қатынаста қолданылу аясын шектеп, ұлттық мектептердің бірінен соң бірін жауып, ұлттық кадрларды өсірудің өзін қатаң бақылауға алып, тек бір орталықтың әмірін ғана жүргізетін шексіз билікке ұмтылған еді. Осының бәрі жылдар бойы қалғып жатқан ұлттық намысты оятты.

«Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген,  
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.  
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген» –

деп ақын Жұбан Молдағалиев жырлайтын кезеңде қазақ өзінің қазақтығын ұмыта бастаған болатын. Міржақыптың «Оян, қазақ!» деген дауысы жас

ұрпаққа мүлде естілмеді. Ақтар мен қызылдардың қасірет қайшысы қазақ зиялыларының, бас көтерерлердің бәрін баудай түсіргеннен кейін ұлттық сананың қайта оянуына көп жылдар керек болды.

Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы – бодандық бұғауындағы жойқын бұлқыныс еді. Мұның тарихи мәнін жоққа шығарғысы келген қызыл жендеттер нешетүрлі қитұрқы себептер ойлап тауып, жастардың демократиялық қозғалысын қанға бояп, тұншықтырып, қайтадан қайталанбастай езіп-жаншып, тәуелсіздікке қарсы қадам басқалы тұрған Қазақ Елінің маңдайына жаралы қара таңба басып, ұлттық намысына тиді.

Кімде-кім ұлттық намыспен ойнаса – ұтылады. Мұны ғасырлар көшінде ұланбайтақ жерімізді жаудан қорғап, ұрпағына аманаттап кеткен ата-бабамыздың өсиеті деп ұғамыз. Желтоқсан оқиғасына дейін қазақ жастарының өздерін өмірге келген біреудің өгей баласындай сезінуіне себептер көбейе түскен еді. Мектептерде қазақ елінің бұрынғы замандардағы тарихы мүлде оқытылмады, Қазақстанның Ресейге өткен ғасырда бодан болуы – «өз еркімен қосылды» деп өтірік түсіндірілді, патшалық Ресейдің отарлық саясаты қаптаған қамал-бекіністер салуы арқылы жүргізілсе, енді сол қалаларға қазақтардың қоныстануы жылдан-жылға қиындап кетті. Тың игеру дейтін желеумен Қазақстанның солтүстігі – Сарыарқаның салқын жайлаулары түгелдей дерлік келімсектердің иелігіне көшіп, қазаққа шөл мен шөлейт далаларға ығысуына тура келді. Қазақ жастары астанада ұзақ жылдар бойы пәтердің кезегінде тұрды, жұмысшы жастарға ешқандай көңіл бөлінбеді. «Ауылда қалып, қой бағындар» деген үгіт-насихат жүргізілді. Артта қалған қазақ ауылдарының, аудандарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бетбұрыс байқалмады. Осының бәрі өз ұлтының патриоттарының намысына тие ме, жоқ па?!

Желтоқсан оқиғасының себеп-салдары жұртшылықтан жасырылды, мүлде бұрмалап түсіндіруге тырысқан қызыл саясаттың жандайшаптары одан әрмен отқа май құя түсті.

Жазалау шаралары кең көлемде аяусыз жүргізілді. Алматыдағы оқиғаға үн қосқан Талдықорған, Семей, Өскемен, Жамбыл, Шымкент, т.б. қалалардағы студент, жұмысшы жастар да жауапқа тартылып, жаза арқалады.

Желтоқсан оқиғасы – жаңа дәуірдің – демократиялық қоғамның басталуына жол ашты. Ұзақ жылдарға, бірнеше ғасырларға созылған азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресіміздің қайта жаңғырып, шешуші кезеңде көк байрағымызды желбіретіп, дербес ел, тәуелсіз мемлекет болуымызға жол ашты.

Желтоқсан оқиғасының қасиетті де қасіретті шежіресі жазыла бермек. Оған қатысушылардың арасында қорқақтар болған жоқ. Барлығы да қаһармандар еді.

«Қалғып жатқан толқын ем, дауыл тербеп оятты» (Ғабит Мүсірепов) демекші, желтоқсанның ызғарлы күндерінде қазіргі Республика алаңы дауылды күнгі теңіздей буырқанды.

Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерін ойласақ, әлі күнге жүректі әлдебір өкініш, өксік тырналайды. Жаңа ұрпақ, жас ұрпақ тоталитарлық

кұрсаудың мұздай шынжырын үзбек болып бұлқынған еді-ау! Мұздай суық темір шынжыр империялық езгідегі ұлттардың бәрін де тыпыр етуге шамасын келтірмей, тұқыртып ұстап келген болатын. Енді, міне, шұғылалы да сәулетті саналатын Алматы аспанында алғаш рет «Азаттық!» деген үн мыңдаған жастардың кеудесінен бозторғай болып шырылдап ұшты. Қанаты отқа шарпылғанына қарамастан, азаттық аңсаған қазақ рухын айдай әлемге таратты.

Қазіргі күнде белгілі саясаттанушылардың аузынан айтылып жүргендей, бұл – демократиялық жаңарудың жолындағы алғашқы қозғалыс, әділетсіз түрде басып-жаншылған азаттық шеруі еді. Алғашында бұған мүлде теріс баға берілгені, әлдебір «нашақорлар» мен «ұлтшылдар» жөнінде ойдан шығарылған жала жапсырып, сонау Мәскеуден жеткен өктем де озбыр бұйрықпен тұншықтырып тастамақ болғаны жасырын емес.

Желтоқсан оқиғасы тек жастардың әділетті билік жөніндегі, ұлттың өзін-өзі басқаруы, өз тағдырын өзі шешуі жолындағы балаң талап қоюы емес, іштей пісіп-жетілген ашу мен ызаның, бір орталықтан басқарып, жекелеген ұлттардың мүддесін аяққа таптап-жаншудың салдарынан туатын үлкен қарсылықтың, наразылықтың бұрқ ете түскен өрті еді.

Қаншама қан-қасап қидасынды бастан өткерген, отызыншы жылдар ойранында талай боздақтарынан айрылған, қырқыншы жылдардағы соғыста талай қыршындары өмірін қиған, аштық пен азап, түрме мен құдалаудың небір жаншошырлық түрлерін көздерімен көрген аға буын әуелде тағы да бір зобалаң басымызға төнеді-ау деп шошынып та тіксініп қалғаны анық. Партиялық, комсомолдық тәрбиенің біржақты ықпалында өскен орта буын өкілдері де оңы мен солына жалтақтап тұрып қалды. Тек жаңа толқын – жас лек – студенттер мен жұмысшы жастар ақиқат жалауын көтеріп алаңға шықты. Ашық күнде төбеден жай түседі деп ойлаған жоқ, әрине.

Бұл дүниені дүрліктірген екі күннің оқиғасының себеп-салдарлары жөнінде талай рет қайта айналып, соғып, әр қырынан келіп қарауға болады. Көзге көрініп тұрған және жұрттың бәрі тайлы-таяғына дейін тік тұрып назар аударған нәрсе – 16 желтоқсан күні 15.00-де өткен Қазақстан Компартиясы орталық Комитетінің пленумы еді. Біреулер «егер осы Пленум өтпегенде, қанды оқиға орын алмайтын еді» деседі. Біздіңше, Пленум өтсе де, өтпесе де, іріп-шіріген қоғамдық құрылыстың әйтеуір бір тұсында өрт шығатыны анық болатын. Мұны империялық билеп-төстеудің әбден шегіне жеткендігі, орыстандыру саясатының бүкіл КСРО территориясында ашық жүргізіле бастағандығы, аз ұлттардың мұрат-мүддесімен санасуды Мәскеудегілердің мүлде ұмтықандығы – күннен күнге дәлелдей түскен. Енді осылай бас шұлғып, мойынсұнып тағы бір жарты ғасыр өмір сүргенімізде тілімізді ұмытып, ділімізді жоғалтып, жерімізді жаттың иелігіне беріп – бәрінен тұлдыр болып шыға келетін едік.

Пленумда үш-ақ адам сөз алған: КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.П.Разумовский, Г.В.Колбин және Д.А.Қонаев. Бәрі де жоғарыдан ойластырылып шешілетін болғандықтан, төмендегілердің үнсіз мақұлдауы, бірауыздан келісімге келуі сол кезеңдегі үйреншікті жағдай-тұғын.

Д.А.Қонаевтың Желтоқсан оқиғасынан кейін үш жылдан соң жазған мына бір түсініктеме-хатында сол бір ауыр сәттердің суреті бар. Мұны ширек ғасыр бойы республиканың бірінші басшысы болған адамның арғы-бергіні салмақтап, ой елегінен өткізіп барып жазған арылу хаты деп түсінсек те болар:

«Алматы қаласында 1986 жылдың 17-18 желтоқсанында өткен оқиғалар республика халқын бүгінге дейін алаңдатып отыр. Бұл жайында Қазақстан халқының түрлі орталарының өкілдері айтып, жазып жатыр. Үш жыл бұрынғы болған оқиғаларға берілген бірқатар ресми қате бағаларды қайта қарауды талап етуде. Осыған байланысты менің де қысқаша анықтама бере кеткім келіп отыр.

16 желтоқсанда Қазақстанда Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы болды. Мен пленумды ашып, КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.П.Разумовский жолдасқа сөз бердім. Ол пленумға қатысушыларға менің КОКП Орталық Комитетіне зейнет демалысына шығу жөнінде өтініш білдіргенімді хабарлап, менің атыма жылы-жылы сөздер айтты. Пленум менің өтінішімді қанағаттандырып, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатты. Содан кейін Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Г.В.Колбинді сайлады. Пленум осымен аяқталды.

17 желтоқсан күні таңертеңгі 11-лерде маған Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші хатшысы О.С.Мирошхин хабарласып, Орталық Комитетке келуімді өтінді. «Бұл неге байланысты? Мен зейнет демалысындамын ғой!» деген сауалыма ол: «Алаңға бір топ жастар жиналып қалды. Олар кеше өткен Орталық Комитет пленумының шешімін түсіндіруді талап етуде. Жиналғандар алдына шығып сөйлеп, жағдайды түсіндірсеңіз дұрыс болар еді» деп жауап берді. Мен келіскенімді білдіріп: «Колбин келісті ме?» деген сауалыма Мирошхин мақұлдап жауап қайтарды. Осыдан кейін мен жедел түрде Орталық Комитетке келіп, бюро мүшелері толық жиналып үлгерген бірінші хатшының кабинетіне кірдім. Олар алаңға жиналғандарға не істеу керектігі жөнінде ақылдасып жатты. Колбин Назарбаев пен Камалиденовке жастардың алдына шығып сөйлеуді ұсынды. Маған ешқандай тапсырма берілген жоқ. Колбиннің кабинетінде екі сағаттан аса отырғаным қарамастан, менің сөйлеуім туралы ешқандай әңгіме болған жоқ. Содан кейін Колбин Мәскеумен сөйлесе бастады. Мирошхиннен басқаларымыз кедергі жасамас үшін кабинеттен шығып кеттік.

Біраз уақыттан соң Колбин барлық бюро мүшелерін жинап, мені де шақыртты. Ол маған қарап: «Сіз боссыз, демала беріңіз. Біз өзіміз қажетті шараларды қабылдап, тәртіп орнатамыз» деді. Кетер алдында мен Мирошхиннен мені шақыртып алып, сөйлетуге мүмкіндік бермегендері қалай деп сұрап едім. Ол: «Сізге сөйлеудің қажеті жоқ, кеңесе келіп сізді алаңға шығармауды жөн деп шештік» деді. 1987 жылы маусымда Мәскеуде өткен КОКП Орталық Комитетінің пленумында Мирошхин маған алаңға шығып сөйлеуге рұқсат бермегендерін тағы да қайталап айтты.

Бірақ, бір жарым жылдан кейін өзінің көптеген сөздерінде Колбин мені алаңға жиналғандардың алдына шығып сөйлеуден үзілді-кесілді бас тартып,

жастарды тыныштандыруға Орталық Комитетке көмектескен жоқ деп кінәлады. Ол өтірік айтып, маған жала жапты. Қазақстан КП Орталық Комитетінің барлық мүшелерін, коммунистерді және республика еңбеккерлерін алдап, қате пікір тудырды.

Кейін анықталғанындай, Алматыдағы желтоқсан оқиғалары ешқандай ұлтшылдық бағытта болмаған. Менің түсінуімше, жастар республикада ешкімге белгісіз, беделі аз адамның республика Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына сайлануына қарсы шыққан.

Менің білуімше, республика басшыларының ешқайсысы жастарға пленум шешімінің маңызын түсіндірген жоқ. Мұның орнына жиналғандарды аяусыз басып, жаныштады. Көптеген студенттер мен жұмысшылар жапа шекті. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің мәліметтері бойынша, оқиғаға қатысқаны үшін бірнеше мың студенттер жоғары оқу орындарынан шығарылып, көпшілігі оқуды тастап кеткен. Коммунистердің үлкен топтарына қарсы жазалау жұмыстары жүргізілген.

Жағдайды реттеп, тәртіп сақтауға жауапты адамдардың жосықсыз іс-әрекеттерінің аянышты нәтижелерге апарып соққаны енді айқын белгілі болып отыр. Жүздеген кінәсіз жастарды ұрып-соғып, қамауға алған трагедия үшін жауап беру керек. Орталық Комитеттің Колбин бастаған басшылығы жастарды ұрып-соғу жоғарыдан берілген бұйрықпен жүргізілгені белгілі болғандықтан, жауапкершіліктен қорқып, бар кінәні басқаларға аударып, өздері жауапкершіліктен құтылып кетуі үшін кінәлілерді іздестіре бастады.

Бұл оқиғаларға менің ешқандай қатысым жоқтығына қарамастан «Алматы оқиғаларының» басты ұйымдастырушыларының бірі ретінде Колбин менің алаңға жиналған жастар алдына шығып, сөз сөйлеуден бас тартуымды көрсетіпті. Ұзақ уақыт бойы партиямыздың Орталық Комитеті маған ірі өндіріс орындарындағы, ғылыми мекемелердегі, партия және кеңес орындарындағы жұмыстарды сеніп тапсырғанына қарамастан Республика партия ұйымының өмірінде орын алған барлық жағымсыз құбылыстарды тек менің атыммен, менің қызметіммен байланыстыра бастады.

Мен өзімнің партиялық, адамгершілік борышымды әрқашан адал орындауға ұмтылдым және орындадым да.

Д.Қонаев.

30 сәуір. 1990 жыл».

(«Егемен Қазақстан», 10 қазан 1996 жыл).

Міне, бұл, анықтамалардан аңғаратынымыз: Колбиннің Қазақстанға бірінші басшы болып келуі жөніндегі мәселені Мәскеу өзі шешкен. Бұл адам жөнінде республика партия ұйымы не ойлайды, халық қалай қабылдайды, оның қолына ұлан-байтақ жері бар алып Қазақстанды сеніп тапсырудың кепілі неде – бұған соншалықты бас қатырмаған сияқты. «Бәрі де алақанымызда, қадағалап, бақылап отырамыз, тыпыр еткізбейміз» дейтін баяғы өктемдік.

Пленум шешімінен осы өктемдік салқынын сезген зиялы қауым, студенттер қауымы, жұмысшы жастар «бұл қалай?» деген сауал төңірегінде



аңтарылып, жауап таба алмай қалғаны анық. Сол күні кешкісін-ақ әрбір отбасында, жатақханалар мен көпшілік жиналған орындарда, тіпті автобустар мен трамвайлар, троллейбустар салонында «Колбин деген кім? Оны мұнда кім шақырыпты» деген әңгімелер күбір-сыбырдан басталып, ашық пікірталас тақырыбына айналып жүре берді. Қонаевтың кетуіне ешкім де қарсылық білдірмес еді, ұзақ жылдар бойы республиканы басқарды, жасы болса келді; енді Қазақ елін жігерлі де жас, қайрат-күші мен ақыл-ойы толысқан жаңа басшы ғана жаңа биіктерге шығара алатындай үміт ояна бастағанда, мынау сол үміттің маздаған отына мұздай суды құя салғандай болды.

Бір қарағанда, бүкіл қозғалыс Пленум шешіміне қарсылықтан өрбіген тәрізді сипат алғаны анық. Мәселенің мәнісін жұртшылыққа жете түсіндірмеу, халықтың мүддесінен партиялық өктем билікті жоғары қою, алаңға шыққан жастардың наразылығын «балалық», «жүгенсіздік», «әсіре ұлтшылдық», тіпті «нашақорлық пен маскүнемдіктің салдары деп әдейі бұрмалап түсінуге, түсіндіруге тырысушылық бірден байқалды. Бәлкім, республикада қалыптасқан қиын жағдайдың түп-тамырын терең бажайлап, зерттей қарағанда, бұлай болмас па еді.

Жастардың 17 желтоқсан күні ертеңгілік Алматының түкпір-түкпірінен алаңға қарай ағылуын ұлтшылдықты ұран тұту да, орыстарға деген өшпенділікті жария ету емес, қанаты әлі қатаймаған демократиялық жас күштердің әділетті шешімді талап еткен бейбіт шеруі деп қабылдау керек еді.

«Біз желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түнін жатақханада гу-гу әңгімемен өткіздік. Бөлме-бөлмедегі жігіттер бірінен бірі пікір сұрасып, біздің халқымыздың тағдырын кездейсоқ біреуге, аты-жөні де, істеген ісі де белгісіз әлдекімге тапсыра салуы қалай? Бәлкім бейбіт түрде наразылық білдірсек, жоғарыдағылар ойланар. Көптің аты көп емес пе. Бұқараның сөзіне, көңіл-күйіне ақылды патшалар да құлақ асқан ғой. Ендеше, ертең алаңға шығатын шеруге қосылайық» деген сөзді мен де құптадым, – деп еске алады Нұртай бүгінде. – Бізде бір ғана мақсат болды, – дейді ол ойланып. – Ертеңгі еліміздің білікті мамандары ретінде, бүгін студент болсақ та, ақиқатты айтып, әділетті талап етуде көпшілік қауымның қолдауын көреміз деп үміттендік. Біреудің басын жарып, көзін шығаруды дйттеген ешкім де болған жоқ. Кейбір әсіре белсенді немесе әсіре коммунист болып жүрген оқытушы ағаларымыздың өзі жайбарақат кейіп танытты. Себебі, біз мемлекеттік, қоғамдық, саяси құрылымдарды өзгерту үшін жанталасып жатпағандығымызды олар да түсінді. Кейбір «бұл қалай болар екен» деген, үп еткен желден сақтанатын сақ студенттердің өзі қатарға қалай қосылып кеткенін байқамады. Тіпті, «бұл да бір бейбіт серуен ғой» деп қолдарына қызыл ту ұстап шыққандар қаншама.

17 желтоқсан күні ауада дымқыл сыз бар еді. Көшелерді көкшіл тұман бүркеген. Біртүрлі сұрқай сұрғылт өмірге өзгеріс тілеп тұрғандай. Сұп-сұр үйлер де сызданып, томсарып, сыртын беріп, саған есік-терезесінен сығалатпайтын сыңай танытқандай.

Біз бір топ студенттер жатақханадан шығып, алаңға қарай бет алғанымызда бізден де бұрын көшеге шыққандардың автобус

аялдамаларында топ-топ болып жиналып тұрғандарын көрдік. «Қайда барасыңдар?» деп сұрағандар да болды. «Брежнев атындағы алаңда бейбіт митингі өтпекші екен. Жастар жиналып жатыр» десіп, жолай бірін бірі ертіп алып жатқандар да баршылық. Біреулері әшейін әуестікпен, біреулері көпшілік жиналатын жерде айтылатын әңгімені тыңдау үшін дегендей қаннен-қаперсіз ілескендер қаншама.

Біз алаңға жеткенде адам қарасы аз көрінеді. Сағат 10-11-лерден бастап бірте-бірте Сәтбаев, Мир, Фурманов көшелерінің бойымен лек-лек жастар алаң ортасындағы шоғырды көбейте түсті. Бір кезде студенттердің бірі «Ананы қараңдар!» деді күнбатысқа қарай созылған Сәтбаев көшесінің бойын нұсқап. Политехникалық институттың жанында қарақұрым адам толқыны көше бойын кернеп кетіпті. Бері қарай, алаңды бетке алып, баяу қозғалады. Осы кезде Мир көшесінің Сәтбаев көшесімен қиылысқан тұсында милицияның ППМ машиналары жинала қалды да, әлдекімдердің бұйрығымен болар, машиналарды кесе-көлденең қойып, бөгет жасауға қамданғандары байқалады. Төрт-бес машинаны біріне-бірін іркес-тіркес көлденеңінен қойғанда көше тұтас жабылды. Қара толқын көше кернеп арғы жағында жылжып келеді, жылжып келеді. Маңдайын кедергіге соққанда, бері өте алмай тіреліп тоқтар ма еді, әлде қайтер еді, бір уақытта әлгі машиналар лықсып келіп қалған қара толқынның қаһарынан қорыққандай жедел түрде қозғалып, жолды ашып, көше бойлап кетті. Осы кезде:

«Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін.  
Жырың болып, төгілемін, елім,  
Туған жерім менің – Қазақстаным!»

деп әндеткен қарақұрым топ ішінде жастар да, жасамыстар да бар, жігіттер де, қыздар да бар – кедергісіз алаңға қарай өтіп, ондағы көлшіктей ғана көрініп тұрған шап-шағын топтың көлемін ұлғайтып, қанатын жая түсті. Бұл кезде Қазақстан КП Орталық Комитеті үйінің алдындағы мінберлердің маңайынан да қараң-құраң адамдар сұлбасы көрініп, дыбыс күшейткіш арқылы жастарды сабырлылыққа шақырып, алаңнан тарауларын талап етіп, зілмен, бұйрықпен ықтырып тастамақ болып өкімет басшылары бірінен соң бірі сөз ала бастады. «Жастар, тараңдар!», «Жатақханаларыңа қайтыңдар», «Тараңдар!», «Қайтыңдар!» деген бірсарынды сөздерден басқа мандытып ештеңе айтпады олар.

Лек-лек болып алаңға жиналып жатқан жұмысшы, студент жастардың қолдарында бірен-саран ұрандар жазылған плакаттар мен транспаранттардан басқа ештеңе де жоқ еді. «Лениндік ұлт саясаты жасасын!», «Қазақстанға – қазақ басшы!», «Әр халыққа – өз көсемі!» деген секілді плакат жазуларының астында, тіпті, әр ұлт өкілдері де көзге шалынатын. Әуестік жеңіп, мұнда не болып жатыр деп талай адамдардың алаңға бұрылғаны анық. Үкімет басшыларының даусын естіп, «үлкен бір митингі өтіп жатыр екен ғой, сірә, Қонаевты шығарып салып, Колбинді қарсы алу құрметі ме бұл» деп жаңа

басшының не айтатынын естігісі келіп алаңға бұрылғандар қаншама десеңізші.

Бірақ түстен кейін жағдай күрт өзгере бастады. Алаңды қоршаған ішкі істер органдарының, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерінің жанына үстемелеп солдаттарды әкеле бастады. Мұздай қаруланған жасақшылар енді нағыз баскесер жаналғыштарға айнала басаған еді. Иттерді ертіп, сапер күректерімен, резіңке тоқпақтарымен қаруланған олар қас қараюын күткендей, сазарып та безеріп қалың шеп құра бастады. Милиционерлер топтан шашау шыққан жастарды шашынан сүйреп, ішінен теуіп, жабық машиналарына сүйреп апарып тықпалап жатқанын көргенде, жайбарақат қарап тұру қиын еді. Ондайда қара толқын солай қарай лап қояды да, милиционерлер мен солдаттардың құрсауын бұза алса көмекке ұмтылады, бұза алмаса өздері соққы жеп кейін шегінеді. Осы бір қақтығыс барған сайын шиеленісе түсті. Алаңға апаратын көшелердің бойынан БТР-дің, өрт сөндіретін машиналардың колонналары көріне бастағанда, «Япыр-ай, іс насырға шауып, қан төгілмесе нетті!» деген қауіп бұлты үйріле бастады.

Бейбіт ниетпен, «Қазақстаным» деп әндетіп алаңға шыққан жастарды жазықсыз қорлау мен мазақтау, күш көрсету, ұрып-соғу барынша ашындыра бастаған еді. Енді олардың бойында әділетсіз өктемдікке қарсы наразылық намыс оты оянды. «Тарандар!» деген сөз «Тарамаймыз!» деген қарсылықты еріксіз тудырды. Желтоқсан ызғары күшейе түсті.

«Сол күні, яғни 17-желтоқсан күні, кешкісін Жаңа алаңдағы шерудің куәгері болғанымды жасыра алмаймын, – деген еді 1987 жылғы мамырдың 23-інде өткен Қазақстан Жазушылар одағы пленумында сөйлеген сөзінде халық жазушысы Сафуан Шаймерденов. – Мен алаңға жақын тұрамын және күн сайын кешкілік серуенге шығу менің әдетіме айналған. Сол бір қаһарлы күні, әдеттегідей, қамсыз алаңға келдім. Онда қалың топ адам тұр екен. Алғашында, 16-желтоқсанда Орталық Комитет пленумы болып өткеннен кейін, бәлкім, жаңа бірінші хатшы митинг ұйымдастырып, сөз сөйлеп жатқан болар деген ой келді. Бір милиционерге келіп: «Не болып жатыр!» деп сұрасам – үндемейді. Екіншісі мен жақындағаннан-ақ сырт айналып кетті. Үшіншісі «өзіміз де ешнәрсе түсінбей тұрмыз» дегендей, иығын қиқаң еткізді. Сол сәтте Камалиденовтың даусын естідім. Ол: «Тоқтаңдар! Жатақханаға кетіндер! Әйтпеген күнде қару қолданамыз!» деді. Оны менің көзімше қолданды да. Жүзге жуық, қолдарында қалқандары, резіңке таяқтары мен сапер күректері және иттері бар солдаттар мінбердің оң жағынан ілгері жылжи бастады. Тыныш, бейбіт тұрған халық кейін серпілді. Олар қозғалысы келгенде, шынымды айтсам, бойымды солардың аяқ астыларында тапталып қаламын ба деген үрей биледі. Тайып кетсем болды емес пе, кәрілік құтқарсын ба. Қабырға бойымен үйді жанамалай өтіп, төмен түстім. Сол сәтте қатқыл үн шықты: «Мен Елемисовпын. Мен республиканың прокурорымын! Тарқандар! Ұят болады! Жатаққа кетіндер! (Тағы да «жатақ»). Мен күш қолданамын. Сендерді алаңнан қуыңдар деп жарлық беремін! Мен республиканың прокуроры Елемисовпын!» – деді ол. Оны кім тыңдасын! Біріншіден, халықтың бойында ол үрей сезімін туғызды.

Екіншіден, өзінің фамилиясын қазақша дұрыс айта алмаған адамнан не күтуге болады. Елемис емес, Елемес қой...».

Жазушы болған соң әсірелеп, қосыңқырап айтты дейтін емес, сол күнгі мыңдаған жастар, алаңға жиналған адамдар куә болған бұл бір үзік сурет нақты да дәлді. Ең алдымен, билік қолында тұрған ағаларымыздың өзі осындай пиғылда болған соң, басқа қаймана кірмелерге не дерсің. Олардың қазақтың балаларына жаны ашысын ба?

17 желтоқсан күні кешке қарай таудан ескен ызғырық үдеп, аяз күшейе түсті. Табиғаттың қатал мінезіне төзуге болар, ал енді адамның бір-біріне жасайтын озбырлығы мен зұлымдығы, қысастығы мен қиянаты жан қалтыратып, дене мұздатады. Жастардың орынды талап-тілектеріне түсіністікпен қарап, оның оң шешімін табуды іздестіруге болар еді ғой. «Айттым – бітті, кестім – үзілді» дейтін өркөкірек партиялық үстемдіктің құлдары мен жандайшаптары жас толқынның жанайқайына құлақ аспады. Олар мынау алаңға жиналғандардың демократияшыл жастардың жаңа өркендері екендігімен де санасқылары келмеді. Көздерінің алдына қара тобыр ғана елестеді. Тобырды қорқытып, үркітіп, бұқтырып ұстаудың бірден-бір жолы аяусыз жазалау, күш қолдану екендігі белгілі. Мәскеумен ақылдасып мәселені шешуді ғана білетін робот-шенеуніктер үшін адам тағдыры деген ойыншық еді. Он екіде бір гүлі ашылмаған бойжеткен қыздар мен түбіт мұрт бозбалалардан ата жауын көргендей сескенген Колбин бастаған топ тарихта өздерінің қарабет болып қаларын да бағамдай алмады. Алматының аудандық партия комитетіне жедел тапсырма беріп, қаруланған жасақшылар шығарып, ұлтаралық жанжалға пйналдыруға асыққан да солар. Қаныпезер солдат қазақтың қызын бұрымынан сүйреп, қорлап жатса, қаны бар қазақтың баласы қалай қарап тұрсын. Арашаға түсіп, «қолыңды тарт» дейді. Бірақ оларды арашашы екен деп сырт қалдырса бір жөн ғой, «арашаға түсетін сен кім едің!» деп жазықсыздардың бәрі жапа шекті. Жазықсыз демекші, кешке қарай көшеде кетіп бара жатқандардың арасынан жас демей, кәрі демей түгелдей ұрып-соғып милиция бөлімшелеріне жеткізу етек алды. Олардың «кінәміз не?» деген сауалдарына жауап ретінде аяусыз соққы жауды. Басы жарылып, қабырғасы сынып, бет-аузы қанға боялған жастарға, жазықсыз жандарға дәрігерлік жедел жәрдем де көрсетілмеді.

Әскер мен милицияға алаңға келетін барлық жолдарды жауып, ешкімді кіргізбеу және ешкімді шығармау жөнінде арнайы бұйрық болыпты. Бұл кәдімгі жендеттік жазалаудың басы еді. Өздері тоңып-жаурап тұрған алаңға жиналғандарды қорқытып-үркітіп жатақханаларына, үйлеріне қайтара алмаған жазалаушылар қолдарындағы қаруларына сеніп, күш көрсетуге көшкен. Алаңға таңертең 200-дей ғана адамның басы құралса, кешкісін адам саны 5 мыңға жеткен еді.

Бұлардың арасында қазақтың зиялы қауымының көптеген өкілдері де болған. Бірде жастарға «Байқандар. Бірдемеге ұрынып қалмаңдар» деп жанашырлық ақыл-кеңестерін айтса, бірде солдаттар мен милиционерлердің жанына барып, «ұрып-соқпаңдар. Өз бауырларың ғой. Бейбіт шеру бейбіт аяқталсын. Бұлар қолдарына қару ұстаған қарақшылар емес, көріп тұрсындар

ғой» деп басу айтқан болады. Әскерилер әсте бұйрықтан басқа сөзге илігуі қиын. «Тұр» десе – тұрады, «Ұр» десе – ұрады. Бұйрықты орындаушылардың басы жоқ, кеудесі ғана бар. Кеуде болған соң, қолдарын жұмсамай қайтеді... Ондай кезде тағылық сезімді тоқтату қиын шығар.

Қазақ – басынан соры арылмаған халық екен. Ата-бабасы тарихтың диірменіне талай рет ұнтақталып, иленсе де рухын жоғалтпады дейміз. Жоғалта жаздады! Сонау 32-нің, 37-38-дің зобаланы, сталиндік репрессия үнін шығармай тұншықтырып, атып, асып, итжеккенге айдап, небір ардақты, асыл ұлдарының сүйегін түрмеде шірітті емес пе. Одан қалған, жанын эзер сақтап жүрген аға ұрпақ ақиқатты айғайлап айтудан аузы күйген еді. Жас күштердің бейбіт шеруінен, әндетіп алаңға бара жатқандарынан бұлтсыз күнгі найзағайды көргендей шошнынып, үйіне тығылып қалғандар туралы не айтуға болады. Еліміздің ертеңі осы оқып, білім алып, құрылыстар салып, еңбек етіп жатқан жастар екенін біле тұра, қоғамдық жүйе бірпартиялық қызыл саясатқа ғана бағынды. Ал коммунистік қоғамда оның шеңберінен шығып әділдік талап ету, шындық үшін шырылдау бос әурешілік болатын. Мұны жастар білмеді емес. Білді. Білгендіктен де бұрынғыша бұқтырып басқаратын билікке наразылықтарын, халық тағдыры, ел тағдыры халықпен ақылдасып, оның ой-пікіріне құлақ асып барып жүзеге асуы керектігін жоғарыдағыларға жеткізуді жөн санады.

Демократияның жас өркендері өздерінің қатал жазаланып, оқудан, жұмыстан қуылатындарын, жазықсыз жазамен сотталатындарын, бастары сергелдеңге түсетіндерін сезінбеді, ұқпады десек, бұл қып-қызыл қиянат. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын Шандор Петефи «Азаттық пен махаббат, Керегі маған екеуі-ақ. Азаттық үшін Махаббат, Құрбан етем сені де!» деп жазғанын алаңға шыққандардың арасында оқығандар болған да шығар-ау. «Бодандық» қамытын біз қашанғы киіп жүрмекпіз! Жойылсын Орталықтың озбыр өктемдігі!» дегендері анық.

Сөйтіп, ата-бабамыз армандаған Бостандықты аңсау, Тәуелсіздікті аңсау рухы қайта тіріліп, өрімдей жастардың жаққан Желтоқсан алауының жарығын алысқа әкетті. Мұны өздерінің ішкі отаршылдық пиғылдарын «жанару», «қайта құру» дейтін жылтыр сөздермен бүркемелеген КСРО билеушілері түсіністікпен қабылдамақ түгіл, жандарынан шошыды. Алып империяның әртүрлі сынақ, тәжірибе алаңына айналдырылған Қазақстандағы «балалардың шалдуарлығын» аяусыз жазалауға, сөйтіп басқаларға сабақ болатындай қатал үкім-кесім шығаруға асықты.

«Ұлтшылдар», «нашақорлар», «маскүнемдер» туралы өршіген өсекті шығарып, оған май құюшылар да әлгі мемлекеттік машинаның рулінде отырғандар еді. Олар өздерінің дәреже-мансабы үшін небір сатқындыққа баруға да дайын-тұғын. Ертеңгі күні «Жазықсыз жандарды неге жәбірледіңдер?» дегенде, «олар ес-түсін білмейтін наркомандар еді ғой» деп, өз қолдарымен жасаған қанды қиянатты бүркеп, жауып-шаймақ болды.

**НҰРТАЙДАН СҰРАЙМЫН:** « – Сол күні алаңға шыққандардың арасында араққа сылқия тойып алып, аузына келгенді айтып, наша шеккендер бейбастақтыққа барды» дегенге қалай қарайсың?

**НҰРТАЙ АЙТАДЫ:** – Бұл – жазықсыз жастарға жабылған жаланың бір түрі. Менің студент достарымның арасында арақ иісі шыққан бір де біреуі болған жоқ. Жалпы, студент қауымы бұл күні ашу мен ызаға бірте-бірте бой алдырды. Алғашқыда бәрі де сабырмен төзді, мінберге шығып сөйлеген шешендерден пәтуалы сөз күтті. Олар қоқан-лоққы жасап, құрғақ сөзбен қайтарып жібермек болған соң, алаңда тұрып арыз-армандарын аяғына шейін айтуға ұйғарды. Сөз тыңдайтын бір де бір құлақ табылмағаны, талап-тілектердің табанасты қалғаны өкінішті-ақ. Ол аз болғандай «тәртіп сақшылары» дейтіндер алдымен өздері тәртіп бұзды. Топтан шашау шыққандарды қолма-қол ұрып-соғып, қорлап, тепкілеп машиналарға тоғыта бастады. Ол аз дегендей, тұтасып тұрған топты тарқату үшін өрт сөндіретін машиналарды қаз-қатар қойып, жиырма-отыз градустық аязда аяусыз түрде мұздай су шашып, үсті-бастарын малмандай етті. «Енді қайтер екенсіңдер, бәлем!» деп қарқылдап күліп, мазақтағандарын қайтерсіз. Сумен атқылаған кезде сенделіп, тәлтіректеп, жығылып қалғандарды «көктен сұрағандары жерден табылғандай», жинап алып кетіп жатты. Бәлкім, «маскүнем» дегендері солар шығар. Бүйтіп масқаралау кімді ашындырмасын. Әр-әр жерде қаны қайнаған жастар топ-тобымен әлгі су шашып тұрған машиналарға қарай лап қойып, солдаттар мен милиционерлердің шептерін бұзып өткен кездерінде машиналарды аударып тасағандары да ұшырған. Бірақ, олар алқаштар мен нашақорлар деген бос сөз, қаракүйе жала.

**НҰРТАЙДАН СҰРАЙМЫН:** – Желтоқсан оқиғасына алғашқы күннен бастап-ақ әркім әртүрлі баға бере бастады ғой. Біреулер мұны жастардың – студенттер мен жұмысшылардың бейбіт шеруі, қарусыз наразылығы, тоталитарлық жүйеге, Орталықтағылардың (Мәскеудегі) өктем билеп-төстеуіне өркениетті елдердегі тәрізді демократиялық қарсылық қозғалысы еді деп бағаласа, енді біреулер бұдан ұйымдасқан қылмыстық әрекетті іздеді, арандатушылық пиғылдың жымысқы жоспарларын жүзеге асыру деп түсіндіруге тырысты. Қонаевшылдықтың, соған берілгендердің ұйымдастырғаны деушілері де болды. Арада 10 жылдай уақыт өтті. Өткен-кеткеннің сабақтарына қорытынды шығарып, сараптап қарағанда, бүгін өзің бұған байланысты нақты пікіріңді қалыптастырған боларсың?

**НҰРТАЙ АЙТАДЫ:** – Меніңше, оқиғаның сол кездегі КОКП Орталық Комитетіндегілерге де, олардың қас-қабағына қарап жұмыс істейтін Қазақстандағы Колбин бастаған коммунистерге де өте жайсыз тигені, ұнамағаны анық. Қазақстан Компартиясы ОК пленумының шешіміне қарсылық болады деп ол күтті ме, күтпеді ме – ол жағы белгісіз. Ал қарсылық бюро мүшелерінің арасында емес (олар әр уақытта «бірауыздан» келіседі ғой!), алаңда студенттер мен жұмысшы жастардың бейбіт шеруі түрінде көрінгенде, мұның ұйымдастырушылары бар, бұл қонаевшылдық, бұл ұлтшылдық деп дабыл қағуға сылтау табылған еді. Қауіпсіздік комитетіндегілерге қалайда сол басты ұйымдастырушыны табу тапсырылған сияқты. Тергеушілердің мың құбылтып қоятын сұрақтарының да түйіні соған саятыны аңғарылып тұратын. Бірақ бұл жерде қандай да бір ұйымдасқан саяси арандатушылық әрекеттің жетекшілері болған жоқ. Оған кейіннен

арнайы жұмыс жүргізген комиссияның қорытындысы да дәлел. Бұл кәдімгі бізде бұрын төбе көрсетпеген демократиялық жаңғырудың басы еді.

Күні кеше ғана бірнеше ай бойы зейнетақысын ала алмаған зейнеткерлер Ертіс өзенінің үстіндегі көпірге шығып, қозғалысты тоқтатып, Семей қаласы әкімшілігіне өздерінің талаптарын қойып жатты. Оларды атып, асып, жазалаған жоқ қой. Қайта кешірім сұрап, нарық жағдайындағы қиындықтарды түсіндіріп, талаптарын оң түрде шешуге уәде беріп деген сияқты жергілікті өкімет халықтың наразылығын сейілтуге тырысты. Міне, бұл – дұрыс шешім. Ал желтоқсан жастарымен де дәл осылай тілдесуге болатын еді ғой! Қазақ елін сол ұлттың өкілі басқаруы керектігі «екі жерде екі – төрт» деген сияқты дәл ақиқат болса да, соны көпе-көрнеу бұрмалап, шовинистік кеудемсоқтық жасау – намыс оятты. Тым болмаса, Дінмұхамед ақсақалды демонстранттардың алдына шығарып, сөйлетіп, мән-жайды өз аузынан түсіндіруі керек еді. Бұл кезде халықтың әлеуметтік жағдайы ауырлап кеткені, қалаға келген ауыл жастары он-жиырма жыл бойы үй кезегінде тұратыны, келімсектерге әділетсіз, заңсыз жолмен пәтер берілетіні, қызметпен қамтамасыз етілетіні, қазақтар жиі шоғырланған аудандар мен ауылдардың әлеуметтік дамуы жағынан ең төменгі деңгейде болғандығы, жастардың оқу іздеп, жұмыс іздеп қалаға қарай сабылуы етек алып бара жатқандығы – бәрі-бәрі де республикаға басшылық ететін бірінші адамның елдің жай-күйін, мұң-мұхтажын білетін, түсінетін, жаны ашитын, қамқорлық жасайтын іскер де қайратты қазақ азаматы болса деген талапты өзінен-өзі алдыңғы орынға шығаратын еді.

Елде «қайта құру» дейтін науқан жүріп жатты. Соған қарамастан, Орталық бұрынғысынша «өзім білем» дейтін өркөкіректігінен ешбір танған жоқ. Кеңес өкіметі орнағаннан бастап Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықта Қазақстанды билеген-басқарған 21 басшының 17-сі халықпен санаспай, жоғарыдан әкеліп қойылғандар екен. Қазақтардың өз ортасынан үш-ақ адам – Мұхамедғалиев, Шаяхметов, Қонаев – республика басшысы болыпты. Енді-енді ел болып, қайта құрылып, жаңару лебі есетін шығар деп мың сан үмітпен арман оты жана бастаған кезде алып Қазақстанды басқаруға кәрі большевиктігінен басқа өмірбаянында жарқын беттер жазылмаған. Қазақ елін өңі түгіл түсінде де көріп-білмеген біреуді әкеліп отырғыза салуы ұлттық намысқа тиетін, халықты қорлайтын-ақ шаруа. Бұл жерде бейбіт саяси қарсылық шеруі ешқандай партияның немесе жекелеген басшылықтың ұйымдастыруынсыз-ақ стихиялы түрде өріс алды. Ерте ме, кеш пе, елдегі әлеуметтік-экономикалық қиын түйіндерді шешуді талап еткен осындай бір наразылық акциясы өтетіні анық еді. Оның ай-күні жеткен толғағы Желтоқсанның ортасында ұстады. Демократияның балапаны шыр-шыр етіп мұз бен қардың үстінде дүниеге келді...

**НҰРТАЙДАН СҰРАЙМЫН:** – Дәл сол желтоқсанның оқиғалары өтіп жатқан күндердегі өзіңнің көңіл-күйің қандай еді? Оқиғаны көзбен көріп, сырттай бақылап, көрген-білгендері жөнінде ешкімге тіс жарып, айтпаған, немесе айтқан күннің өзінде отбасында ғана әңгімелеп, «құрысын» деп жылы жауып қоя салғандар баршылық қой. Тіпті, жұмысқа келгенде «мен кеше

алаңда болып, бәрін де өз көзіммен көрдім» деп айтудың өзі қатерлі болып қалды. Өзің қандай күй кештің?

**НҰРТАЙ АЙТАДЫ:** – Шынымды айтсам, дәл сол күндері ұйқы да, күлкі де көрген жоқпыз. Жалын шарпып, намыстың оты жанып, бірте-бірте оқиғаның өрбу ағыны өз ағысына еріксіз ілестіріп әкетті. Мен жайрандап күліп, әзілдесіп, ән айтып қасымда келе жатқан қыздар мен жігіттердің аз уақыттан соң қанға боялатынын көрем деп ойлаған жоқпын ғой. Бәлкім, жазалаушылар бәрінің көз алдында бір-екеуін аяусыз жазаласақ, қалғандары қашып-пысып жоғалады деп ойлаған шығар. Алғашында алаңсыз түрде шеруге шықтық. Көңіл-күйім жоғары еді. Сессия жақын, сабақтарымның бәрі ойдағыдай. Факультеттің ішкі жұмыстарына да белсенді түрде араласып, оқуымды да ақсатып алмай, тізгінді тең ұстап жүрген кезім.

Бізді алаңға біреу зорлап үгіттеп немесе алдына салып айдап апарған жоқ. Кейбір мерекелерде, бұрынғы 1 мамыр, 7 қараша, т.б. студенттерді үгіттеп-насихаттап, көсемдердің суреттерін қолдарына ұстатқызып, «әке-көкелеп» әзер көшеге шығаратын. Ондай шерулердегі саяси көлгірліктен, өтірік сөздерден, қызыл бояуларды бетке ұстаған халықты алдаулардан көңіл алшақтай бастаған. Ал мынау шын мәніндегі жайбарақат жиналыс, мәмілеге келсе, соңы мерекедегідей қызық-күлкіге толы шеру болып аяқталатын еді. Ең өкініштісі – жастардың осы ашық-жарқын адал көңілдерінің әкімшілік-бюрократтық тас кедергіге соғылғаны, орынды талап-тілектерінің аяқ астына тапталғаны, ару қыздарымыздың есерсоқ жендеттердің қорлауы мен мазағына ұшырағаны!

Кеудесінде жаны, намысы бар азамат осының бәрін көріп тұрып, бұқпантайлап қашып кетсе, не болғаны. Ондайлар болмады демеймін. Болды. Біреулер жұмсақ орындығы бар қызметін, біреулер жоғарыдағылар берген лауазым-атағын ойлап бас сауғалап кеткен шығар. Студенттер мен жұмысшылар өкпек желдің өтінде, маңдайын ұрған ызғырықтың алдында бетпе-бет тұрды. Жауға санап, жағана жармасқандардың алдында тізе бүгіп, «жаздық, жаңылдық» деу ездіктің, намыссыздықтың өзі болып шығар еді...

**НҰРТАЙДАН СҰРАЙМЫН:** – Сонда «Ертең мұның соңы қудалау, жазалауға ұласады ғой. Жап-жақсы оқып жүрген жерімнен, жылы ұямнан айрыламын. Асығыстық жасап, шалыс қадам бастым-ау. Енді қайттім?» деген үрей, қорқыныш сезімі баураған жоқ па? Сол күндерде алаңға шыққаныңа өкінген жоқсың ба?

**НҰРТАЙ АЙТАДЫ:** – Бұл ретте мынадай жағдайды ескеру керек. Біз ойсыз, мақсатсыз көшеде жүрген тобыр болсақ, немесе жыңды су ішіп, наша шегіп алып желіккен болсақ, ертеңінде-ақ «кешегіміз ақымақтық болды. Біз бейшараға кешірім жасандар, жазалай көрмендер!» деп біреулерге жалынып, жалбарынып, абыройдан жұрдай болар ек. Әскердің, милицияның, жасақшылардың қоршауында қалып, шетке шыққандарды ұрып-соға бастағанда-ақ істің ушығып, күрт басқа жаққа бұрылғанын сездік. «Ойбай, біз алдандық. Жаздық. Кешіре гөріңдер» деген бірде-бір жасты көрмедім. Қорқытатындай, үркітетіндей талай сөздер айтылып, соңында іс жүзінде



жаппай жазалау басталғанда да біз өзімізді кінәлі санамадық. Қорлық пен қиянаттан жанымыз күйіп, ширыға түстік.

«Үрей – рухтың дәрменсіздігі салдарынан пайда болады» депті ғой Спиноза. Біздің рухымыз жоғары тұрды, Солдаттар сапер күректерімен ұрып, керзі етіктерімен тепкілегенде де, түрмеге салып, оқудан шығарып, қудалап, соңымызға түскенде де сағымызды сындыра алған жоқ. Себебі, біз өзіміздің ісіміздің оң екенін, талап-тілектеріміздің дұрыс екенін білдік.

Біз сол алаңда тұрғанда алғаш рет ата-бабамыз аңсаған азаттықтың қаншалықты қымбатқа түсетінін, «мың өліп, мың тірілген қазақтың» отарлық езгіден құтылмай айы оңынан тумайтынын ішіміз қан жылап тұрып түсіндік. Үрейді айтасыз, қорқыныш пен қауіп сезімі адамның күнде қасында жүреді. «Оқудан қуылатын болдым! Қап, осында бекер-ақ келген екенмін!» деген үрей әркімде де бір қылаң берген болар. Бірақ, сол үрейді басып-жаншып тастаған ұлттық намыс отқа кеуде тосуға да апарады екен. Жылдар өтер. Келер ұрпақ бұл Желтоқсан оқиғасына мүлде басқаша баға беретін болады. Кімнің кім екені танылып болған жоқ деп ойлаймын.

**НҰРТАЙДАН СҰРАЙМЫН:** – Желтоқсан оқиғасында түсірілген кино, фото құжаттары әлі толық халыққа жария түрде көрсетілген жоқ. Тарихта ешнәрсе де ізсіз кетпейді, «жабулы қазан жабулы күйінде қалмайды». Ішінара болса да ақиқат айтылып, құжаттар тіл қата бастады. Бұл орайда Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөнінде құрылған үкімет комиссиясының (қос төрағасы – Мұхтар Шаханов пен Қадыр Мырзалиев болатын) жүргізілген жұмыстары ұшан-теңіз еді. Оқиғаның бүкіл көрінісі комиссия тұжырымдамасы мен ұсыныстарында нақты көрініс тапты деп ойлаймын. Кейіннен желтоқсан оқиғасына байланысты деректі фильмдер де шыға бастады. Әлі де талай бүркемеленген шындықты жария етуде құнды құжаттар сөз алар. Осы деректі фильмдердің бірінде сенің дауыс күшейткіш аппарат (рупор) арқылы жастардың қалың ортасында сөйлеп тұрған кезің бірнеше мәрте көрсетіледі. «Нұртай сонда не айтты екен?» деген сауал осындайда тілге оралады...

**НҰРТАЙ АЙТАДЫ:** – Иә, комиссияның жұмысына халық қолдау білдірді, жұрттан жасырып, бүркемеленген ақиқат шындық айтылды. Бірақ оның қойған талаптарының көбісі аяқсыз қалғаны ойлантады. Осы қанды оқиғаның құныкерлері қатаң жазаланды ма? Орнынан алынып, қызметтерінен қуылды ма? Жоқ. Жоқ. Олардың кейбірі түк болмағандай, сол баяғы баспалдақпен жоғары өрлеп кете барды. Тіпті, кейбірі халықтың жанашыры болып та көрінгісі келіп, тонын теріс жамылып, ортамызда сайраңдап жүр...

Жаңағы кинокадрдегі менің дауыс күшейткіш арқылы сөйлеп тұрған кезімді Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегілер түсіріп алыпты. Кадрдегі суретке қарап, мені іздестіру жұмыстары жедел жүргізілсе де бір жарым ай бойы таба алмаған. МХК қызметкерлері жоғары оқу орындарын шарлап, бірінен соң біріне барып, сол суретті және басқа да кадрға іліккендердің суреттерін көрсетіп сұрау салған. Біздің есеп-экономика факультетінің

деканатына да келіп: «Мыналардың арасында сіздердің студенттеріңіз де бар. Қайсысы екенін өздерің көрсетіңдер!» деп дігір салған. Бір оқытушымыз (атын айтпай-ақ қояйын) «ойбай, мынау Нұртай ғой!» деп қалыпты. Сол-ақ екен қазбалап сұрап, індетіп жауап алып отырып, менің кім екенімді түп-тұқияныма дейін зерттеу» басталып кеткен. Олар деканатқа келгенде мен ауылға кеткен едім. Ойымда түк жоқ, бір күні сабаққа келсем, «сені іздеп жатыр" деді курстастарым. Бес айға созылған тергеу, тексерудің сергелдені солай басталды...

Бұл сергелдең жөнінде Желтоқсан оқиғасын жан-жақты зерттеп, зерделеп, 1991-1992 жылдары «Алматы 1986. Желтоқсан» дейтін құнды құжаттар мен мақалалардан тұратын үш кітапты құрастырып шығарушылардың бірі, белгілі журналист Талғат Айтбайұлы (Өтегенов) өзінің «Арай» журналында шыққан мақаласында («Арай, №6, маусым 1996 ж.) кеңірек тоқталады.

**НҰРТАЙДАН СҰРАЙМЫН:** – Желтоқсан оқиғасының қаһармандары кімдер? Мойындарына ауыр кінә қойылып, жазаланғандардың арасында таныстарың бар ма? Қайрат Рысқұлбековпен жеке таныстығың болды ма?

**НҰРТАЙ АЙТАДЫ:** – Желтоқсан оқиғасының қаһармандары – намысын ту ғып ұстаған қазақ жастары деп білемін. Қайсарлық та, өжеттік те, батырлық та, ерлік те олардың қанында бар. Қиын-қыстау замандарда жат жұрттықтардан қазақ даласының әрбір сүйем жерін қорғау үшін арыстандай арпалысқан Абылай хан дәуіріндегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Баян, Райымбек, Көкжал Барақ секілді батырлардың ұрпақтарымыз біздер. Бірақ, қолымызға қару алып, жау қайдалап жасанып шығар кез емес, өркениетті ел болып, өзгелермен тереземіз тең болып, бейбіт өмірде алып Қазақ мемлекетін гүлдендірсек деген мақсат-мұратты берік ұстанамыз.

Ауылда туып-өскен көп қазақ жастарының бірі болғандықтан, мен өзімді қаһарманмын деп әспеттеп, көсеммін деп көпшік қойып сөйлесем кім болғаным. Ал жанымдағы жолдастарымның қай-қайсысы да намысын жоғары ұстайтын жолбарыс жүректі жігіттер екендігіне ешқандай күмәнім жоқ.

Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды жаппай жазалау жүргізілгені белгілі. Алды ату жазасына (Қ.Рысқұлбеков) кесілсе, 10-15 жылды арқалағандары да қаншама. Партиядан, комсомолдан шығару, оқу орындарынан, жұмыстарынан қуудың мың сан фактілерін келтіруге болады.

Тағдыр тәлкегі дегенді қойсаңызшы, біреулер бірер сағатқа ғана алаңға шығып көзге түсті, соққы жеді немесе бірнеше жылға сотталды. Енді бір топ жастар өкілдері оқиғаның басынан аяғына дейін белсенді қимылдап, оттың ортасына түсіп жүрсе де аман қалды. Анау анандай, мынау мынандай деп бөле-жара айтудың бір қиындығы осында. Бәлкім, сол күні «Қазақстаным» деп жүрегі қан жылап алаңға шыққан қарындастарымыздың көзіндегі жасты, көңіліндегі еліне деген үлкен махаббаты бағалай алмай жүрген шығармыз! Бәлкім, қара дүлей күш жазықсыз жандарды қорлап, мазақтап жатқанда бұрылып кетпей, жаралы жолбарыстай атылып барып темір құрсаудың

торына түскен бозбаланың бойындағы қаһармандықты тани алмай жүрген шығармыз! Желтоқсан оқиғасының жаңғырығы алысқа кететініне, азаттық жолындағы қазақ халқының ұзақ ғасырларға созылған ерлік шежіресінде мәңгі жазылып қалатынына ешқандай күмән жоқ.

Бәріміздің де қабырғамызды сөгіп еңсемізді түсірген жайт – Қайрат Рысқұлбековтың жазықсыз бола тұра ең ауыр жазаға кесілгені еді. Алдымен өлім жазасын берді, одан соң кешірім жасағансып 20 жылға бас бостандығынан айыруға кесілді, ақыры түрмеде қанішер-рецидивистің қолымен өлтірілді. Мұны өзін-өзі өлтірген дегізіп, тағы да өтірікпен бүркемеледі...

Менің Қайратпен жеке таныстығым болған жоқ. Оның «өлер алдында жазған хатын» бірнеше қайтара оқып шықтым. Жүрегім егіле отырып оқыдым. Сырттай ғана атын естіген менің өзім осындай күй кешкенде, оның туған-туысқандары, жора-жолдастары қандай халде болғанын түсіне беріңіздер.

1994 жылы 17 желтоқсанда Қазақ теледидарынан Нұртай туралы «Желтоқсаннан туған жігіт» атты деректі телефильм (авторы – Серік Жанболатов) көрсетілген болатын. Бұл жөнінде жұртшылық жақсы пікір білдірді. Желтоқсан оқиғасының қаһармандары туралы тарихи шежіренің жазылуының бас-аяғы мұнымен бітпек емес, әрине.

1996 жыл.

## ЖАМПОЗ

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының орта тұсынан бастап республикалық жастар газеті «Лениншіл жастың» (қазіргі «Жас Алаш») беттерінен журналист Жанболат Аупбаевтың жазған мақалалары жиі ұшырасатын болды. Жиі болғанда, бұрқыратып күнара хабар-ошар жазуды қанағат тұтқан жазғыш емес, біреу де болса бірегей дүниелерімен оқырман қауымның да, журналистердің де назарын өзіне өзгеше аударған талантты қаламгер санатында танылғаны анық.

Өзі тың, соны тақырыптарды тауып, індетіп жазғанды ұнатады екен. Тапқан тақырыбын ізерлеп зерттеп, қызықтыра баяндап, жұмбақтап жеткізуге тырысады екен. 1978 жылы университеттің соңғы курсы тәмамдар тұста, «жастар газетінде жазғаным шықса ғой, шіркін!» дейтін арман-үміт жетегінде жүргенімде, Құдай айдап, мен осы Жанболат Аупбаевқа жолықтым. Алғашқы мақаламды жазуға тапсырма алдым. Қазақстан Ғылым Академиясының Топырақтану ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жұртшылыққа таныстыруым керек. Оншақты күн тапжылмай кітапханада отырып, топырақтану ғылымын зерттедім. Екі-үш рет институтқа бардым. Миым ашыды. «Студентті аяса қайтеді, осыншама күрделі тақырыпты жаз деп қинағаны несі?!» деп іштей ренжідім де. Дегенмен, тапсырманы орындадым. Көп ұзамай «Топырақта тұнған сыр» дейтін тырнақалды туындым жастар газетінде жарқ ете қалды... Сөйтіп, Жақаң менің журналистік тұсауымды кескен еді.

Кейін, екі-үш жылдан соң, осы газет редакциясына журналист Жарылқап Бейсенбаевтың шақыруымен тілшілік қызметке келіп, Жанболат Аупбаевпен жақын танысып, шығармашылық лабораториясына үнілгенде ұққаным: бұл кісі оңай тақырыптарды айналып өтіп, ылғи күрмеуі көп, шытырман, тосын тақырыптардың ғана жалына жармасады екен. Өзіне де, өзгеге де сондай қатаң талап қояды екен. Содан соң бір байқағаным, редакцияның күйіп тұрған идеологиялық жұмыстарын жүргізетін насихат бөлімінде отырып та өзінің қалаған, жанына жақын тақырыптарын ұмытпайтындығы. Мәселен, табиғаттың төтенше құбылыстары мен таңғажайып оқиғалары, экологиялық проблемалар, жалпы адам мен қоршаған орта арасындағы құпия байланыстар, тылсым сырлар, үйлесім мен үндестік мәселелері Ж.Аупбаев қаламынан сырлы саз болып төгіліп жатты. «Аязда өскен жидек», «Ләйлек келеді... Ләйлек!», «Айболит атай», «Хан тәңірі», «Көккөлдің құпиясы», «Дүлей мұхит. Қамыс қайық. Адамдар», т.б. бұлардың бәрі туған табиғатқа деген құрметті оятып, туған жерге деген махаббатты жырлайды. Сол жетпісінші, сексенінші жылдарда «Комсомольская правда» газетінен В.Песковтың мақалаларын жұртшылық қалай елендей күтсе, «Лениншіл жастағы» Ж.Аупбаевтың жазғандарына да ықылас сондай еді десек, асыра айтқандық емес.

Жанболат Аупбаев бір ғана табиғатты танумен шектелмеді. Тағдыры қызық адамдар тақырыбы да қатар желі тартты. Сондай-ақ күркіреген дауысы алыстан талып естілген соғыс хикаялары, алапат майданға қатысып, одан аман-сау оралғандардың бейбіт өмірдегі тыныс-тіршіліктері де әрдайым оның қызығушылығын тудырып, нәтижесінде бірін-бірі толықтыратын мақалалар легі көбейе түсті. Бұл туындылардың бәрі де оқырманын тауып, әр кез өзіне тарта түсетін. «Жақанның жақсы мақаласы шығыпты. Оқыдыңдар ма?» деп журналистер өзара пікір қосып, баға беріп жататынбыз.

Одан таңғажайып тағдырлар туралы, тосын да қызық оқиғалар туралы тақырыптарды қалай табуға болатынын сұрайтындар көп еді. Ондайда Аупбаев асықпай, тәптіштеп түсіндіретініне талай куә болдым. «Нағыз кәсіби журналист боламын деген азамат ең алдымен баспасөздегі қарапайым хабарларға мұқият көңіл аударып жүруі керек. Біреулерге елеусіз көрінетін шағын хабардың бойында кейде үлкен оқиға, ғажап тағдыр, аса құнды дерек көзі жасырынып жатады. Кәнігі журналист ондай мәліметтерді ел аузынан да, газет-журналдардан да, кітаптардан да талмай іздеп жүргенде ғана олжаға кенелмек. Өз басым талай рет үлкен тақырыптарды ашуға сондай бір елеусіз көрінетін хабар-ошарлардан жол таптым. Сондықтан да кейде бір сөйлеммен, жарты лебізбен жеткізілген жылт етері бар ақпараттарды тірнектеп жинаймын. Дәптеріме ерінбей көшіріп жазып немесе газет қиындысы болса желімдеп жапсырып қоямын. Күндердің бір күнінде кәдеге жаратамын» – дейді ол. Бұл кәдімгі журналистік шеберлік дәрістерінде айрықша мән беріліп айтыла ма, айтылмай ма, білмеймін, бірақ мені (негізгі мамандығым – филолог) редакция табалдырығынан аттағанда Жанболаттың осы тәжірибесі әрі таңырқатты, әрі қызықтырды. Ал мұны өмірлік дағдыға айналдыру екі журналистің бірінің қолынан келе бермейтінін кейін ұғып-түсіндім.

1983 жылы ғой деймін, бір күні Жақаң «Қажымұқан самолетінің ұшқышын таптым!» деп балаша мәз болып, қуанышы қойнына симай жүрді. Бақсақ, соғыс жылдарында атақты Күш атасы өз қаржысына самолет жасатып, майданға аттандырған екен. Ал, енді, «Сол самолеттің ұшқышы кім? Орыс па, қазақ па? Өлі ме, тірі ме?» дейтін сауал күні-түні маза бермеген Жақаң сұрау сала, іздеу сала жүріп, ақыры 1944 жылғы 29 қыркүйектегі «Социалистік Қазақстан» газетінен Қажымұқанның хатын, 1945 жылғы 13 наурыздағы майдандық «Қызыл Армия» газетінен «Қажымұқан самолеті» деген шағын хабарды табады. Ұшқыштың Хаджай Шалабаев деген қазақ екенін біледі. Хаджай емес – Қажытай Шалабаев Семей қаласында тұратынын да анықтайды. Енді сол Семейге барудың сәтін күтіп жүрді. Уақыт оза берді. Редакцияның ең алдыңғы шебінде, күйіп-жанып жататын науқандық жұмыстардың бел ортасында болатын Ж.Аупбаевтың қолы босай қоймады. Бір күні аяқ астынан мен Семейге іс-сапарға баруға тапсырма алдым. Жолға жиналдым. Бөлім бастығым Ж.Аупбаевта маза жоқ. Темекісі бүрк-бүрк. Бөлмеміз көкала түтін. Маған мырзалықпен қайта-қайта темекі ұсынады. Мен де тартынбаймын. Аядай бөлмеде қос мұржадан түтін будақ-будақ шығады. Есік, терезе тарс жабық. Сөйтіп отырғанда басшымыз Сәкең – Сейдахмет Бердіқұлов есікті шалқасынан ашып, бөлмемізге кіріп келгенде, буалдыр сағым арасынан бастығымызды әрең таныдық. Бас редактор бөлім меңгерушісіне қарап: «Мына бала бөлмеде отырып темекі шекпейтін болсын!» деді сүспен. Мен оны «өзің де шекпейтін бол!» дегені деп ұқтым. Сәкең шығып кеткен соң Жақаң: «Бауырым, Семейге барсаң, Шалабаевты іздеп әуре болмай-ақ қой. Өзім барып жолығамын...» деді біртүрлі қысыла, «Саған сенбей тұрмын. Менен бұрын жолығып, жазып қоясың ба, қайтесің?!» дегендей күмәнмен қарап. Тақырыбын қызғанып, қызғыштай қорып тұрғанын түсіндім. «Шалабаевты желкемнің шұңқыры көрсін» деп уәде бердім. Кейін, көп ұзамай өзі жазды. Еркін көсіліп, төгілдіріп сілтеді. Жұрт қызыға оқыды.

Осыған ұқсас тағы бір уақиға кейін екеуміз «Халық Кеңесі» газетінде бірге қызмет істеп жүргенде қайталанды. 1992 жылы Мәскеу қазақтары Наурыз мейрамын тойлағалы жатты. Содан репортаж жазып келуге баратын болдым. Журналист іс-сапарға шыққанда бір оқпен бірнеше қоянды атып алғысы келеді ғой. Жақаңмен ақылдастым. Қызықты тақырып табылса деймін ғой баяғы. «Мәскеуде бір адам бар, – деді Жанболат Аупбаев. – «Ашылмаған аралдар» деген айдарға сұранып тұрған тақырып. Атақты жазушы Ілияс Есенберлиннің туған інісі – Раунақ. Әскери адам. Полковник. Соған жолыға кел. Пәтерінің телефон нөмірін берейін. Ол кісімен бір рет жолыққам, арнайы барып жазсам деп жүруші едім. Жуық арада Мәскеуге жол түсе қоймас. Саған қидым осы тақырыпты» – деді. Мен сол сапардан «Жұмбақ жолаушы» дейтін көлемді дүние жазып қайттым. «Халық Кеңесінде» жарияланды. Жанболат кейіннен бұл тақырыпқа өзі де қалам тартты. Бірақ, неге екені белгісіз, «Раунақ ағадан жұртшылық әлі бейхабар сияқты» депті... («Бізге беймәлім бейнелер», Елорда, 2000 ж., 85 б.).

Ж.Аупбаевтың отыз жылға жуық журналистік қызметте жүріп, жүйелеп, жүлгелеп, жоспарлап жазған көптеген мақалаларындағы кейіпкерлерінің осал біреуі жоқ. Кілең ығай мен сығай. Солардың қалың көпшілікке танылуына, жаңа қырларымен көрінуіне, ойдан шықпайтындай образдардың сомдалуына журналист Жанболат жанкештілікпен еңбек сіңірді. От бүріккен зеңбіректі кеудесімен жауып, аман қалған қазақ Сабалақ Оразалинов, Батыр дейтін атағы 28 жылдан соң іздеп келіп тапқан Зиямат Құсанов, антрополог Ноэль Шаяхметов, Эвересті бағындырған қазақ альпинисі Қазыбек Уәлиев, «Ленфильмнің» 1938 жылғы «Бірінші Петр» киносына түскен қандасымыз Қойлыбай Қарсақбаев, әлемдік шахмат теориясына жаңа қорғаныс позициясын енгізген жерлесіміз Анатолий Уфимцев, Антарктидаға аяғы тиген ғалым-физик Данабек Бименов, қол өнердің хас шебері Дәркембай Шоқпарұлы, орнитолог Ернар Әуезов, Брест қамалын қорғауға қатысып, фото-суреті әлемді шарлаған Владимир Иванович Фурсов, суретші, қолөнер шебері Азат Әкім, қазақтың түйе балуаны Әбілсейіт Айханов, қылқалам шебері Қайырбай Зәкіров, Порт-Артур шайқасына қатысқан қазақ Оспан Көбеев, «Нормандия - Неман» эскадрилиясының авиатехнигі Өміртай Түсіпбаев, Қытайдағы қазақ генералы Хасен Рүстемұлы, сәулетші Шота Уәлиханов, кинорежиссер Аймұқан Қарабалин, ақын, жазушы, журналистер – Дмитрий Снегин, Мұзафар Әлімбаев, Шерхан Мұртаза, Олжас Сүлейменов, Сайын Мұратбеков, Сейдахмет Бердіқұлов, Сарбас Ақтаев, Дүкенбай Досжанов, Ақселеу Сейдімбеков, Сағат Әшімбаев, т.б. туралы деректі очерк, портрет, естелік, эсселері өз алдына, бұлардың сыртында Дінмұхамед Қонаевпен, генерал Сағадат Нұрмағамбетовпен, АҚШ елшісі Уильям Кортнимен, жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевпен, актер Асанәлі Әшімовпен, т.б. жүргізген сұхбаттарында да талай сырлар тұнған.

Жанболат Аупбаевты жампоз журналист дегенде оны өзгелерден ерекшелейтін бойындағы бірнеше қасиетін бөліп атаған жөн шығар. Біріншіден, табандылығы. Табанының бүрі қалың. Тапсырылған жұмысты немесе өзі алдына мақсат етіп қойған істі ақырына дейін аяқтап шықпай және аяқтағанда – тап-тұйнақтай қылып тындырмай жаны тыншымайды. Өзі қағылез, елгезек болса да, жұмыстың ең ауырын таңдап алып, Толағайдай күшпен тау қопарып тастайтынына таң қаласыз. Табандылығы – әрбір мақаласының басталуы мен аяқталуы арасындағы нағыз шығармашылық азапты бастан кешетіндігінен де байқалып тұрады. Мақалаларындағы келтіретін деректер мен дәйектерден нөль-нөль дәлдікті көресіз. Аздап ауытқуға, сипай қамшылауға яки көзжұмбай тәуекелге аттап баспайды. Шабытпен жазады, бірақ шындықтан шылбыр үзіп кетпейді. Жеті рет өлшеп, бір-ақ рет кеседі. Содан да шығар, жазғандарына оқырмандары имандай сенеді. Оқырмандарының сенімін жүз пайыз жаулап алған журналист екеу болса, біреуі осы – Ж.Аупбаев.

Екіншіден, адалдығы. Алдымен, атқаратын қызметіне адал. «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» қалқып өте шыққанды қаламайды. Нағыз еңбектің торысы. Өзіне тапсырылған қызмет аумағында білімін де, күшін де

сарқа жұмсайды. Кейде, ойлайсыз: «Қызмет қолдың кірі емес пе. Өзін неге аямайды екен?!» деп. Содан соң, жазар тақырыбына адал. Маңдай терін моншақтата төгіп жүріп игереді тақырыбын. Әсіреқызыл, ұраншыл емес. Алған нысанасын әбден иін қандыра зерттеп, зерделеп, дерек-мәліметтерін жинап алған соң ғана үстелге отырмақ. Атүстілік пен асығыстыққа жаны қас. Біреудің бақшасына түсіп, пісіп тұрған жемістерін жинап алғанға ебі жоқ. Өзінің бақшасын баптап, әртүрлі жеміс ағаштарының көшеттерін өзі әкеп отырғызып, жемісі піскен кезде асықпай жинап алады да, ақырында жұртқа таратып жібереді. Саудалап сатпайды, тегін таратады. «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен» депті ғой Мұхтар Әуезов.

Үшіншіден, қарапайымдылығы. Өзінің талантты журналист екендігіне талайлардың көзін жеткізіп, мойындатса да, асқақтамайды, асып-таспайды. Кейде, әрине, еңбегінің тым елеусіз қалып жатқандығына іштей торығатын да болар, бірақ соны сыртқа шығарып, өкпе-реніш, шағым жасап айтқанын естімепіз. Атақ, даңқ, мансап қуып жүргендердің қатарынан таба алмайсыз. «Сол атақ пен даңқ өзі іздеп кеп тауып алсын» дейтін жігіттердің сойынан. Ол үшін шығармашылық ләззатты тұшынудан артық бақыт жоқ, сірә!

Жанболат Аупбаев – Астанаға алғашқылардың бірі болып қоныс аударған журналист. Түсіне Хан Тәңірі мен Алатау кезек кіретін болса керек. Зәуіде бір жолығысып қалғанда жылына жалғыз рет алатын еңбек демалысын қайда өткізетінін сұраймын. «Нарынқолда» дейді. Білем. Басқадай жауап болуы мүмкін де емес сияқты. «Әкейге, шөп шауып, қолғабыс тигіздім. Кейінгі кезде қария шаршаңқырап жүр. Азын-аулақ малына жем-шөп дайындап, қорасына кіргізіп, жинап беріп келдім» дейді қос алақанын ысқылап.

– Шөпті немен шабасыз? – деймін.

– Кәдімгі қол шалғымен...

«Атыңыз ауыл, аудан тұрмақ, республикаға танымал. Әкімге айтсаңыз болды емес пе? Немесе тракторшы жігіттердің бір-екеуін жалдамайсыз ба? Болмаса, жұмыссыз жүрген жігіттердің басын қосып, асар жасамайсыз ба?» – дейтін сауалдар тіл ұшына үйіріліп клесе де, Жәкеңнің күнге күйіп тотыққан жүзіне қарап, Қара теңіздің жағалауында құмға аунап қайтқандағыдай тыныққандықты өңінен танып, өзіне-өзі риза кейпін көріп, қызығасыз. Еңбек адамға демалыстан да артық-ау, кейде...

Қол шалғымен шөп шапқанды, қол қаламмен шығарма жазғанды қолай көретін жампоз журналист-жазушы Жанболат қой бұл. Кәдімгі қол шалғымен – кәдімгі қол қаламмен...

2002 жыл.

## ТЕҢІЗ ПЕРЗЕНТІ

Студенттік жылдарымызды сағына еске аламыз. Көз алдымыздан тізбектеліп көп суреттер өтеді. Қайсыбіріне ерекше айдар тағудың өзі қиын. Дегенмен, бұл жылдардың бізге тым ыстық көрінуінің бір сыры – мектеп

кабырғасында бірге жүрген достардан алыстап, енді, жаңа достар табуымызбен де ерекшеленсе керек. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетінде 1973-1978 жылдары оқыған біздің буында да талантты жігіттер болды. Бірақ, біз тым аз едік. Қырық шақты қыз, он шақты ғана жігіт. Мұрат, Әмірхан, Тілеухан, Бақыт, Әзімхан, Бату, Әли, Манасбай, Құдайберген, Бақытбек, Сұлтанғали, мен...

ҚазМУ қалашығы салынып жатқан кезде оқуға түсіп, 3-курстан бастап сонда оқыдық. Мұрат екеуміз бес жыл бірге тұрдық. Арасында Тілеухан, Құдайберген, мен – үшеуміз пәтерге шығып, “көшенің” тіршілігін көріп қайтқан кез де болды.

Тілеуханмен дәл қалай танысқаным есімде жоқ. Сірә, студенттік қарбалас өмір білдірмей құшағына тартып ала жөнелгенде бірте-бірте жақындасып кеткен сияқтымыз. Мінезі ауыр, көп сөйлемейтін. Бірақ, сабақ айтқанда ойын асықпай жеткізетін, байсалдылық байқататын. Бірде ол маған “Осында менің Сүйеубай деген кластасым бар. Соған барып қайтайықшы” – деді. Мен келістім. Содан екеуміз Сүйеубайдың “Горный-Гигант” жақтағы жалдап тұратын пәтерін іздеп шықтық. Кілең тар, ирелендеген көшелермен көп жүрдік. “Бір рет келгем” деп қояды. “Адресін жазып алмағансың ба?” – десем, “Білем ғой!” деп басын қисайтады. Әзер дегенде таптық. Онда да көшенің атына, нөміріне қарап ұзақ тұрды да: “Осы! Дәл осы үй!” деді. Кейін бірге оқып жүргенде талай байқадым: Тілеухан бәрін жадында сақтауға тырысатын. Блокнот ұстауды білмейтін. Жадында сақтау қабілеті күшті еді...

Бірде ол маған: “Сен екі түрлі сөйлейсің. Неге өйтесің?” – деді. Мен аң-таң қалып, “Қалайша?” – деймін. Ол айтады: “Сен сабақ айтқанда кәдімгі кітаби тілмен сөйлейсің. Ал аудиториядан тыс жерде басқа тілде сөйлейсің” – деп қарап тұр. Мен ақталғандай, “Енді, сабаққа кітапты оқып, дайындалып барамын да сол тілде сөйлеймін. Ал жәй кезде ауызекі сөйлеу деген бар емес пе, ауызша сөйлеймін” деймін. Ол қоймайды: “Негізі, бір-ақ тілде сөйлеген дұрыс. Сен тура аудиториядағыдай сөйле!” – дейді маған талап қойып. Өзі үйде де, түзде де, қонақта да, жұмыста да бірқалыпты сарында ойланып отырып сөйлейтін, сөйлеп отырып ойланатын. Өзін осылай ұстауы оны тым ересек қып көрсететін. Әрбір сөзі нысанаға дөп тиіп жататын.

Алматыдағы Сейфуллин мен Гоголь көшелерінің қиылысында “Букинист” кітап дүкені болды. Стипендия алған күні салып ұрып сонда келеміз. Жақсы кітаптар тез өтіп кетеді. Кейде үстінен түсіп қалсақ, ақшамызды аямаймыз. Бірақ екеуміз келісіп алғанбыз: ол алған кітапты мен алмаймын, мен алғанды ол. Оның себебі, ақшаны үнемдейміз. Әлгі кітаптарды алмастырып оқимыз. Күндердің бір күнінде қалтамыз жұқарып, тиын-тебен қажет болғанда әлгі кітаптарымызды әкеліп, қайтадан “Букинистке” өткізіп жібереміз де ақшасын пайдаланамыз. Біз 3-курста оқып жүргенде ғой деймін, сырттай оқудан ауысып Төлеухан Мұхамеджанов деген жігіт келді. Абай елінен. Атақты “Абай жолындағы” Майбасардың тұқымымын деп мақтанады. Қайдан әкелетінін білмейміз, қолында ылғи су жаңа кітаптар жүреді. Өзі оның бәрін оқып бас ауыртпайды да. “Менде мынадай кітаптар бар” деп мақтану үшін, бізге көрсету үшін әкеледі.



Тілеухан екеуміз алдап-сулап оның талай кітабын алып, оқып шыққан соң “Букинистке” апарып өткізіп жіберетінбіз. Кітаптарының қалай зым-зия жоғалатынына ол таңғалатын. Бірақ, жаңа кітаптар әкелуін де қоймайтын...

Үшінші курста жүргенде, жатақхана тәртібін сақтамадыңдар деп, Тілеухан екеуміз пәтерге шығуға мәжбүр болдық. Азғантай стипендияның жартысы пәтерақыға кеткенде, жартысы тамаққа жетпейді. Тілеуханға үйінен ағыл-тегіл ақша келіп жатпайды. Маған да. Оның үстіне үйге “Ең жоғары стипендия аламын!” деп мақтанып хат жазып нем бар десеңші, “Сол стипендияңды үнемдеп ұста, ай сайын ақша салмаймыз, енді” деген хат алғанмын. Сондай күндердің бірінде, сірә, жексенбі болса керек, үйде тіске басар ештеңе жоқ. Шай да, нан да, қант та таусылған. Тілеухан екеуміз Баум бағын аралап біраз жүріп қайттық та, келіп төсегімізге құладық. Қарнымыз ашқанда қара су қашанғы қуат берсін. Бұралып күні бойы жаттық. Кешке таман Тілеухан:

– Жүр, Әмірхандарға барып қайтайық, – деді. Бұрын да бірнеше рет барғанбыз. Ылғи тамақ іздеп келгендей болған да біртүрлі. Дегенмен, ілбіп жеттік Әмірханның үйіне. Орыстың бір бөлмесінде пәтерде тұрады. Құрақ ұшып қарсы алды. Шәй іштік. Палау жедік. Жан шақырдық. Ақша сұрайық десек, ұяламыз. Бұрын бірнеше рет сұрағанбыз. Содан қайтуға ыңғайланғанымызда жұбайы “Мынаны ала кетіңдер. Екеуің де қант қосқан шәйді жақсы көресіңдер!” – деп 5 келі қант берді. Пәтерімізге алып келіп, ал, күл! Қанттан басқа ештеңе жоқ! Бірақ, сол қанттың дәмі әлі күнге таңдайдан кетпейді. Қара суға қант қосып ішкен күндер-ай!..

Алматының іргесіндегі Аңсеңгір дейтін ауылда Бақыт Кенжебеков пен Нұржамалдың цйлену тойына бардық. Курстастар түгел жиналды. Тойдың аяғына қарай Тілеухан қызыңқырап қалды. Біраздан соң қарасам, жұрттың бәрі билеп жүр, ол қабырғаға сүйеніп, үлкен басын екі иығына кезек құлатып, ән айтып тұр: “Вся жизнь впереди, надейся и жди!” – деп қояды. Тілеуханның әу дегенін естімеген курстас қыздар ауыздарын ашып, көздерін жұмып қалыпты. Ертеңінде өзіне айтсам, сенбейді. “Жәй, ыңылдаған шығармын” деп қояды. Кейін, әлгі әуенді миына қатты сіңіріп алғаны соншалық, талай рет ыңылдап айтып жүргенін байқайтынмын. Және “Өмір алда ғой!” дейтін ылғи жайдарыланып, көңілденіп отырғанда. Шынында да, бәрі алдымызда сияқты еді. Ғажап әлем күтіп тұрғандай, ертеңге, болашаққа асығушы едік...

ҚазМУ-ды бітірген соң Тілеухан – Қазалыға, Әмірхан – Түлкібасқа, Мұрат – Монғолияға кетті. Мен Алматыда қалдым. Гүлнәрмен отау құрдық. Алғашында жанадан ашылғалы жатқан Сәбит Мұқановтың музей-үйінде еңбек жолымды бастап, көп ұзамай Қазақ телевизиясының “Құрдастар” жастар редакциясына редакторлық жұмысқа ауыстым.

Жеке мұрағатымды ақтарып, сол жылдардан қалған бір белгіні іздестіріп отырғанымда Тілеуханның маған ауылдан жазған екі хатын тауып алдым. Бұл елеусіз қалған хаттардың күндердің бір күнінде Тілеуханның көзіндей көрінерін кім ойлаған. Енді, осы хаттарға кезек берейік. Әңгімені содан соң әрі қарай сабақтаймыз. Бірінші хат:

“Әділғазы! Қал қалай? “Жұмыс барысы” қалай жүріп жатыр? Гүлнәрдің жағдайы жақсы ма? Қандай жаңалықтарың бар? “Жоғалып кетті” деп жатқан шығарсыңдар мені. Қайтесіңдер енді. Шаруашылық. Мұнда қып-қызыл науқанның үстінен түстім. Осы кеше ғана балалармен бірге жұмыстан келіп отырмын.

Әмір жұмысқа тұрды ма? Оларға менен сәлем айтарсың. Қайран өмір, осы күні “индук бағудың аз-ақ алдындамын”. Сірә, мұнда көп тұрмайтын шығармын. Иә, қал не болып жатыр? Көңіл-күй, тұрмыс-тіршілік не болып жатыр?

Біздің “жайдан” не хабар білесің? Бақыт шыққан жоқ па? Осы бір жай естен кетпей-ақ қойды. Қайда жүрсең де, мазалайды да жүреді, құрысын.

Біздің жай осы. “Білдей” мұғаліммін. Күнделікті күйбең шаруашылықтар ғой... Басқа не жазамын. Әзімхандарға сәлем айтарсың. Бар болса, Әлидің адресін жазып жібер. Мұраттан не хабар білесің?

Хош-сау бол! Сәлеммен Тілеухан. 24.10.78. Хат күтемін. Менің адресім: Инд. 468232, Кзыл-Орд.обл. Казалинский р-н, с-з “Октябрь”, Жумаханову”.

Екінші хат: “Әділғазы! Қалың қалай? Қандай жаңалықтарың бар? Біздің жігіттердің шаруалары нешік? Мұраттан хат келіп тұра ма? Айтпақшы, “Жалыннан” өлеңдеріңді оқыдым. Құттықтаймын! Жиі-жиі шығып тұрсаңдаршы. Газеттерден сендердің есімдеріңді іздеймін. Әмір жұмысқа орналасты ма? Ол не істеп жүр? Жалпы, қандай жаңалықтар бар? Әдеби өмірде не болып жатыр?

Ал, мен өзің білетіндей, жаймен, асықпаай жүріп жатқан. Жұмыс қиын-ақ. Мен өзімнің мұғалім бола алмайтыныма көзім жетті. Мұнда жүйкесі мықтылар керек екен. Жаз шыға бұл мамандықты доғармақ ой бар. Өкінішті, әрине. Бірақ, амал жоқ. Шыны керек, бұл жұмысқа қабілетсізбін. Ұстаз болу өте ұқыпты адамның ғана қолынан келе алады екен.

Ал, сонда, не істемексің деп сұрайсың ғой. Өзім де білмеймін. Бес жыл бойы дені дұрыс мамандық ала алмаппыз ғой. Сірә, кететін шығармын бір жаққа. Ыңғайлы жұмыс болса қарастыра бер. Алматыға да барып қалуым мүмкін. Иә, өмір енді ғана басталды. Білім алу да енді ғана басталған сияқты. Біршама кітаптар таптым: Буниннің, Хэмингуэйдің, француз жазушыларының кітаптарын. Сендерге таптырмайтын кітапты, осында жібереді екен.

Иә, Гүлнәрдің қалі қалай? Қыздардан кімдерді көріп тұрасыңдар? Бақыттан не хабар білесің? Тез хат жаз. Жігіттерге сәлем айт. Көріскенше. Сәлеммен, Тілеухан. 18.11.79.

Өткен мейрамдарыңмен. Жаңа жылың құтты болсын...”.

Тілеуханның “ыңғайлы жұмыс болса, қарастыра бер” деген сөзінен кейін Жастар редакциясының бас редакторы, тележурналистикадағы ұстазымыз Құсман аға Игісіновке осындай да осындай бір досым ауыл мұғалімі болып жүр, қалаға келгісі келеді, болашақ жазушы, жұмысқа алсаңыз қайтеді деп өтініш жасадым. Құсекең: “келсін, көрейік” деді. Сол бір

ауыз сөзді медет көріп, мен Тілеуханға “келсең, жұмыс дайын” деп хат жазып жібердім. Жазға қарай Тілеухан келді. Құсекең жұмысқа алды.

Мереке Құлкенов, Нұртілеу Иманғалиұлы, Тілеухан, мен – төртеуіміз Қазақ телевизиясындағы Жастар редакциясының жас сарбаздарымыз. Фатима апай Бегенбаева бізге ақылшы – аға редактор. Сол жылдары Мерекенің “Дидар” дейтін телехабарды ашып, кейін ұлының атын Дидар қойғаны есімде қалыпты. Мереке – сабырлы, байсалды, білімді редактор. Нұртілеу – ұшқыр, ұйымдастырғыш, телевизиялық жалт-жұлтқа құмар редактор. “Арай”, “Әдептен озбайық”, “Атамекен”, “Дидар”, “Алтыбақан”, т.б. теле-хабарлар дайындайтынбыз. Бір жолғы “Алтыбақанды” түгел өлеңмен жазып шықтым. Театр институтының студенттері – Ерік пен Жібек жүргізгені есімде. Тілеуханның дайындаған теле-хабарларының сценарийі тартымды болады. Құсекең: “Сценарийің жақсы, енді осыны телекөрермендерге қызықты ғып жеткізі!” деп оған дем беріп отыратын. Албырт жас қайнаған өмірдің ортасында жүріп шыңдалады ғой. Телехабарлар дайындау үшін қаншама адамдармен жүздесесің, кездесесің, әңгімелесесің, келісесің. Ал, дәл хабарды жазатын күні әлгі адамдар әртүрлі сылтау айтып, студияға келмей қалса ше? Мәселен, “Дидар” хабарында жастар өмірінен төрт сюжет бар делік. Өндірістегі жастың еңбек жетістіктерін жұмыс орнында түсірдік, жағымды жаңалықтың иесін үйіне барып сұхбатқа тарттық, көне қолжазбаның сырын кітапханаға барып түсіріп алдық. Енді, міне, аты шет жұртқа таныла бастаған талантты пианист қыз студияға келіп, бірден хабар барысында экранға шығуы керек. Келмей қалды. Сылтауы, себебі бар ма? Бар. Аса сыйлы бір адам қонаққа шақырыпты!.. Тілеухан мұндайда темекісі будақ-будақ, кең коридорды ерсілі-қарсылы кезіп кететін. Қолын сермеп, “Шорту!” дейтін...

1979 жылғы желтоқсанның 26-сы күні екеуіміз біздің үйде қонып шықтық. Гүлнәрді әйелдер босанатын үйге түн ортасында “Жедел жәрдем” шақырып, апарып салдық. Ертеңгілік жұмысқа барар жолда Алматы Бас почта үйінің жанындағы телефон будкасынан роддомға қоңырау шалдық. Екеуіміз де жіптіктейміз, телефон будкасының ішінде телефон трубкасына кіріп кете жаздап тұрмыз. “Әйеліңіз ұл тапты, салмағы пәлен келі” деген сөзді естігенде, қуанғанымнан трубканы қоя салып, Тілеуханның жағасынан ұстап, тар будканың ішінде, екеуіміз бар даусымызбен айғайлап жатсақ, ары-бері өткендер аз-кем аңыра тоқтап, аяқтарын асығыс басып, ұзай береді. Қуанышымыз қойнымызға сыймай жұмысқа келдік. Жаңа жылдың қарсаңы болғандықтан, кәсіподақ комитеті жас балалары барларды жинап, жаңажылдық сыйлық үлестіріп жатыр екен. Бір кезде ассистент қыздардың бірі жүгіріп келіп, “Тез жүр, сені шақырып жатыр!” деді. Барсам, “Мынау сіздің балаңыздың бадаркісі” дейді. “Оны қайдан білесіздер?” деппін сасқалақтап. “Қайдан білгені несі. Міне, “Қайырбеков Мұрат Әділғазыұлы” деп жазылған. Алыңыз подаркіңізді” дейді. Алдым. Сөйтсем, бұдан жарты ай бұрын кәсіподақ комитеті жаңажылдық сыйлыққа тізім жасағанда Тілеухан жаздырып жіберіпті. “Әйелім ұл туса, атын Мұрат қоям” деп жүрген, жаза беріңдер деген ғой. Сонымен, тұңғышымыз дүниеге келе салысымен

Тілеуханның алдын-ала жаздырып қойған жаңажылдық сыйлығын алған еді-ау!

Бір жолы мен Өскемендегі Жібек маталар комбинатынан, ондағы комсомол-жастардың өмірінен телехикая дайындау үшін жарты айлық іссапарға кеттім. Жарты сағаттық телехикая дайындау үшін жарты ай жүрдім. Жалғыз емеспін. Жанымда телеоператор, дыбыс бергіш, жарық бергіш жігіттер бар. Қаншама ақ тер, көк тер боп дайындаған телехикаятымның Алматыға келіп, пленкаларды даярлағанда жарамсыз болып шыққаны, 7-ақ минуттік хабарға жарағаны жігерінді құм қылып жібереді екен. Мен іштей газет, журналдардың біріне кетуді ойластыра бастадым. Тілеухан Мәскеуге 1 айлық тележурналистердің оқуына барып келді. Басы идеяларға толып тұратын. Бірақ, екеуміз де тележурналистиканы қолай көрмей, газет, журнал редакцияларына қарай ойысып кеттік.

Тілеухан әңгімелер жазуды студент кезінен-ақ бастаған еді. Бірақ, жұрт талқысына салуға асықпады, баспасөзге алып-ұшып апармады. Ішкі дайындығы, білімі, таланты жетіп тұрса да, ол өзі сүйген ісімен алаңсыз айналысудан гөрі, дәл сол кезде қосалқы жұмыстарға уақытын көбірек жұмсайтын сияқты еді. “Қыстың соңғы түні” дейтін баспа жүзін алғаш көрген әңгімесінің өзі оның ішкі қуатының мол екенін, әңгіме жазуға еліктеп емес, шеберлікті меңгеріп кіріскенін көрсететіндей.

Тілеухан “Қазақстан әйелдері” журналында, “Жалын” альманағында қызмет істеген жылдарда да өзін журналист ретінде ғана ұстады. Жазушылық жолға біржолата түсуге әлдебір нәрсе кедергі болып тұрғандай, тартыншақтай беретін.

Сонау студент кезден Тілеухан шахмат ойнауға құлай берілетін. Тіпті, тапжылмай сағаттап отырып, шахматтың бірнеше партиясын қайырып тастап орнынан әзер тұратын. Ондайда айналасында не болып жатқанында шаруасы болмайтын. Алғашқы кезде Әмірхан, Бақыт, Тілеухан, мен – төртеуіміз кезекпе-кезек жеңіске жетіп, кезекпе-кезек жеңіліп дегендей, итжығыс түсіп жүретінбіз. Кейіннен Тілеухан жұмыста Нұрғожа сияқты ағаларымен, редакцияның жігіттерімен жағалай шахмат ойнап жүріп, шеберлігін шыңдағаны соншалық, тіпті, бет қаратпайтын болды. Бірақ, бірде-бір шахмат жарысына қатысқаны есімде жоқ. Соған қарағанда, бұл жұмыстан шаршағанда ми тынықтыратын хоббиі сияқты болды-ау деймін.

Тілеухан теңіздің жағасында өссе де суда жүзуге келгенде тартыншақтай беретін. Жүзу білетін, бірақ жағадан алыстамайтын. Теңіз туралы әңгімелегенде, балық аулаудың қызықтарын айтқанда, Арал теңізіндегі балықтардың түр-түрін санамалағанда желдей есетін. Кейінгі жылдарда бассейнге жиі барып жүргенін айтқан. Кейінгі жылдарда миллиардқа әжептәуір төселіп қалғанын байқатқан. Бірақ, теңізді сағынатынын, теңіздің жағалауында өткен балалық шағын сағынатынын айтқанда көзіне мұң ұялайтын.

1999 жылдың аяғында 3 ай мөлшерінде екеуміз тағы да қызметтес болдық. “Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы” Бас редакциясында ол бас редактордың орынбасары, мен әдеби-ғылыми бақылау бөлімінің жауапты

маманымын. Бұл жолы мені жұмысқа Тілеухан шақырды. Өзінің де, өзгенің де жанын жеп жүріп қызмет істейді. Өйтпесе, тағы болмайды. Энциклопедия шығарудың жанкешті жұмыс екендігіне аз уақытта көзім жетті. Бүкіл алты редакциядан түскен материалдар әдеби-ғылыми бақылау бөлімінен өткеннен кейін бас редактордың орынбасарына барады. Ертеден кешке дейін тапжылмай отырып материалдарды оқиды. Кейде, тіпті, үйде қарауға алып кететінін де байқаймын. “Екімыңжылдық дала жыры” дейтін 60 баспа табақ кітапты құрастыруды ақын Есенбай Дүйсенбайұлы екеуміз мойнымызға алдық. Кейін ол 40 баспа табақ болып шықты.

Тілеухан әдебиет, өнер, тарих, философия мәселелеріне, тіпті, жаратылыстану ғылымдарына жан-жақты білімдар еді. Кейбір ғылым докторларының жалған пайымдауларын жоққа шығарып, кейбір ғылыми мақалалардың үстінен аяусыз редакциялық түзетулер жасайтын. “Діни философиядан кандидаттық жұмыс жазамын, тез арада қорғап алмасам, кейбір философтар менің ғылыми көзқарасымды біле алмай дал болып жүр, шорту!” – дейтін.

Тілеуханның жоспарлаған, алдағы уақытта бітірмек жұмыстары өте көп еді. “Қасым хан” атты тарихи танымдық шығармасы кітап болып шыққанда, қатты қуанып еді. Бізге сыйлаған кітабына жазған қолтаңбасын менің кіші ұлым Мағашқа арнап қалдырыпты. Осы бағытта оқырман сұранымына сай бірнеше еңбектер жазбақшы еді...

Тілеухан отбасында өте балажан болды. Арал мен Әсетті кішкентайынан еркелетіп, еркін өсірді (Әсеттің атын мен қойғанмын). Бұл сөзімді жан жары Гүлнәр да құптайды ғой деп ойлаймын. Ертеректе, Әсетті балабақшаға апарып жүрген кездері, бір күні мен солардың үйінде қонып, таңертең жұмысқа баруға бірге шықтық. Әсетті киіндіріп, мойнына мінгізіп алды. Жолай балабақшаға қалдырмақшы. Төле би көшесін қиып өтіп келе жатқанымызда Әсет қыңқылдап, мойнын артқа қарай бұрып, саусағын соңына қарай шошайта берді. Жолды кесіп өткенбіз. Мойнынан түсірсе де Әсеттің саусақтары жолдың арғы жағын көрсетіп тұр. “Жолдан өзім өтем, көтеріп өткізбе!” деп тұр” деп Әсетті көтеріп қайтадан жолдың арғы жағына өтті. Сөйтіп, екеуі қол ұстасып, бүкіл мәшинелердің бебептеген сигналдарының арасымен Төле би көшесінің арғы жағынан бері қарай қайтадан жаяулап өтіп еді.

Жұмыс аяғына қарай телефон трубкасынан естілетін: “Әдә! Қол босады ма?” дейтін Тілеуханның дауысын енді ести алмайтыныңды ойлау қандай ауыр...

Әлекең мен Зәкеңді төрге шығарып, Перизат, Әмірхан, Клара, Тілеухан, Гүлнәр, Амангелді, Бақыт, Досан, Ботагөз, Ербол, Гүлтас, біздің Гуәй, мен – бәріміз думандатып отыратын күндер кеше ғана сияқты... Сондайда Амангелді маған: – Әдә, Тілеуханға арнаған “Қайырлаған кемелер” дейтін өлеңіңді оқышы! – деп қоймайтын. “...Сенің кемен, менің кедем, Ешқашан, Қалмасыншы дәл осылай қайырлап!” – деп аяқталатын өлең.

Жоқ, Тілеухан, сенің кемең қайырлап қалған жоқ! Жағалаудан теңіз қашса да, көк теңіздің үстінде желкенін керген сенің кемең алысқа жүзіп бара жатқандай. Бізден ұзап, жырақтап барасың. Теңіз төрінде күтетін сияқтысың... Өйткені, сен теңізді жақсы көруші едің ғой. Арал теңізін! Өзің де теңіз мінез жігіт едің... Терең. Тылсым. Жұмбақ.

2007 ж.

### ЖІГІТТІҢ СҰЛТАНЫ ЕДІ ...

Алатаудан лекіте қоңыр самал есіп, Алматы апортының иісі мұрын жарып, ағаштардан сарыала жапырақтар саулай төгіліп жатқан 1973 жылдың қыркүйек айының соңғы күндері еді. ҚазМУ-дің филология факультетінің бірінші курсына Монғолияның Баян-Өлгий аймағынан алты студент (бір жігіт, бес қыз) қабылданғанын естігенбіз. Өзіміз де Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп, сабақ басталар алдында, қазіргі Байтұрсынов пен Қарасай батыр көшелерінің қиылысындағы төрт қабатты сары жатақханада бас түйістіріп, арқа-жарқа, мәре-сәре, танысып-білісіп жатырмыз.

Қалың да бұйра қоңыр шашы өсіңкірегендіктен, онсыз да үлкен басына сеңсең бөрік киіп алғандай көрінетін, ат жақты, орақ мұрын, шегір көзді, ақсары өңді жігіт Мұрат Пұшатайұлы екен. Бес қыз – Ботагөз Уатқан, Ғибадет Дәрел, Күнішай Рүстем, Арман Көкен, Дәметкен Тоқтарбай. Сол алғашқы танысқан күннен бастап-ақ студенттік жылдардың барлық қызықшылықтарын бірге бастан кештік. Олар Баян-Өлгий – Ұланбатыр – Иркутск – Новосібір – Барнауыл – Семей арқылы пойызбен ұзақ сапар шегіп жеткендерін естіп, атажұртты аңсап, білімге шөлдеп келгендерін тыңдап, «Анау қалай?», «Бұл не?» деген сауалдарды төпеп қоямыз ғой баяғы. Өзіміз де ауылдан ұзап шыққанымыз кеше ғана, біраздан соң олардың әңгімесін киіп кетіп, әркім өзінің ауылын мақтап, табиғатын, жер-суын суреттеуге тілдері жетпей, даурығысамыз да жатамыз. «Сендер қазақшаны қалай ұмытпағаныңдар?» деп таңқаламыз. Өлгийде қазақ орта мектебін бітіргендерін, Қазақ радиосын тыңдап, Қазақстаннан шығатын газет-журналдарды, кітаптарды үзбей алып тұратындарын білгенде, тағы да қайран қаламыз. Тілімізде еш айырмашылық жоқ, тек орысшаға шорқақ, орысы жоқ ауылдан келген менің де тіл сындыруым сол шама. Тіпті, бұлардың шетелдік қазақтар екенін, өздері айтпаса, біз ажырата алмастай едік.

Біздің курста қыздар көп – қырықтан аса, жігіттер аз – оншақты ғанамыз. Мұрат пен мен бір бөлмеде тұрдық, бірге жүрдік, бес жыл бойы сырымыз да, жырымыз да ортақ болды.

Университетте оқып жүргенде, үшінші курсқа дейін, жазған өлеңдерімізді бір-бірімізге ғана оқып, талдап, сынап, қатаң талап қойып жүрдік. Үшінші курстан бастап екеуіміз де ашық теңізге шығып кеткен қайықтай, желкенімізді жел қалай қарай бұрса, солай қарай бағыт ұстадық.

Екеуіміздің де алғашқы өлеңдеріміз республикалық жастар газетінде жарық көрді. Бұл біз үшін үлкен мәртебе еді. Жан-жағымыздағылар қолқаласа, қысылмай өлең оқитын болдық. Жарыса жазатын болдық.

Студент жатақханасының шамы сөнбейді. Екі күннің бірінде думан, сауық кеші, туған күн, тіпті, болмаса, қонаққа шақырусыз бару, шақырусыз келген дос-жаран, жолдас-жоралармен өткізетін кештер... Курстастар ортасында әркім қысылмай-ақ өзінің өнерін көрсетеді. Мұраттың халық әні «Гүлдерайымды», «Ағажай, Алтайды» айтқанда тынысы ашылып, әннің бояуын сақтай отыра, үзілдіре орындайтыны ұнаушы еді. Екеуіміз кейбір сенбі, жексенбі күндері Консерваторияда оқитын нағашы ағасы Құдыс Мәшірге, Сақай Құрметке баратынбыз қыдырып. Солардың ортасында алғаш рет моңғолдың халық әндерін тыңдап, Сарыарқаның самалына кеуде тосып тұрғандай-ақ әсер алғаным есіме түседі. Моңғолдың да, қазақтың да халық әндерінде бір ұқсастық жатқандай деп, оның сырын түсіне алмай дал болатынбыз. Сонда арғы түріктердің, ата-бабамыздың Алтайды мекендеп, бүкіл түркі жұрттарының Алтайдан тарағандығын оқып-білгенде көп құпия сыр ашқандай болатын.

Үшінші курсты бітірген жылғы жазғы демалыста біз – Мұрат, Әмірхан, Әли, Ғарифолла, Жақсыбай, Сейілхан, Болат, Бату, мен – бәріміз бірге Семей облысының Шұбартау ауданына жұмысқа бардық. Шағын құрылыс қосыны болып, ауылдың шетінде ақшаңқан үйлер тұрғызып, күреп ақша тауып қайтсақ деген ойымыз бар. Бұрын құрылыста істемегенбіз. Тәжірибе жоқ. Ниет – түзу, көңіл – аспанда! Сайдың тасындай он жігіт үй саламыз деп аудан орталығы Алғабасқа сау ете түскенімізде, елдегілер кәдімгідей елендеп қалды. Кеңшар басшылары біздің ұсынысымызды талқылап, сірә, түбі шикі деп сеніңкіремеді ғой деймін: «Биыл үй салу жоспарымызда жоқ. Келіссе, мәшине, трактор тұратын гараж салсын!» – депті. Оны да құп алдық. Кәдімгі кәнігі үй тұрғызушылар сияқтымыз. Қайла, күрек, қалақ сияқты құрал-саймандарымызды дайындап алып, іске кірісіп кеттік. Бір білгіштер гаражда қатар-қатар тұратын мәшинелер мен тракторлардың оншақты бөліктен құралған (бокс дейді) құрылысының сызбасын да жасап жіберді. Тағы бір білгіш: «Мұны ортасынан бастайық, екі жақ жанына қарай созып салайық!» – деді. Оған да қарсы болмадық. Гараждың бір ішкі қабырғасын түске дейін терлеп-тепшіп жүріп, Мұрат екеуіміз өрдік. Сәл оңға қарай қисайыңқырап бара жатқан сияқты. Түстен кейін Ғарифолла мен Жақсыбай кірпіш қалағанда, қабырға сәл солға қарай қисайды. Жанынан қарағанда, білінбейді, ал енді қырынан қарасаң ... көзге ұрып-ақ тұр!.. «Мынау қабырғаларың биші қайың сияқты ғой!» – деп Әли сықақтап кетті. «Біз кеткенше құламаса болды!» – деді Жақсыбай. «Әй, мынау біз кеткенше құлап қалады!» – деді Мұрат. «Бұл – ішкі қабырға. Құласа да ешкім көрмейді!» – деп мен жұбатқан болдым. Болары болды. Қаланып қойған қабырғаны бұзып, қайта қалауға кім құлықты дейсіз. Не керек, сол қисық қабырға біз кеткенше құлаған жоқ... Соған қуандық...

Біздің жұмыс істеу тәртібіміз де қызық. Таңертең Бату келіп оятпаса, күн арқан бойы көтерілгенше ұйқы соғамыз. Бату – сол Шұбартаудың

тумасы. Ел-жұрт «студенттер жаз бойы түк бітірмеді» деп айтады деп қауіптенеді ме, қалай, жалғыз өзі шыр-пыр болып жүреді. Біз сенбі, жексенбі күндері кәдімгідей демалыс жариялап, жұмысты тоқтатып, ән тыңдаймыз, кітап оқимыз, моншаға барамыз. Қысқасы, бес күндік жұмыстан соң жақсылап тынығамыз.

Бір күні бір тосын хабар жетті. Ауылда тұратын, тоқсан жастағы жалғызбасты кемпір қайтыс болыпты. Жақын туыстары жоқ, алыс ағайындарын сағалап, өмірінің соңын осында өткізсе керек. Ауылдағы атқамінерлер мен ақсақалдар ақылдасып, кемпірге қабір қазу үшін арзан жұмыс күші – студенттерді пайдаланайық десіпті. Тегін емес. Тоқсан сомды шытырлатып қолымызға ұстатпақшы. Бір-ер сағат жұмыс істеп, мол ақша табуға кім қарсы болсын. Әрі сауапты іс қой! Содан бізді ауылдың сыртындағы қалың қорымы бар бір төбенің басына апарып тастады. Шұбартаудың жері тастақ, құмдауыт, сары топырақты ғой. Күні бойы қабір қаздық. Күрек пен қайла, лом темір тасқа тиіп шақ ете қалғанда, от жарқ ете қалады. Қара терге түсіп, ит сілікпеміз шығып, әбден шаршадық. «Жазда мынадай, ал қыста жер тоң болып қатқанда, қар мен мұз басқанда қайтіп қазады-ей?!» деп жағамызды ұстадық. Қойшы, әйтеуір, қас қарая бітірдік жұмысты. Маңдай терімізбен тапқан тоқсан сомды ортаға тастап («Бейшара кемпір иманды болсын! Арты той болсын!» дедік), ертеңінде сол ақшаға бір қой, ащы су-тәтті сулар, консерві, қант, шай, кәмпит, шұжық, т. б. тағамдарды (дүкенде не бар болса) сатып алдық та, жексенбіде тағы да ауылдың сыртындағы өзен бойын құлдап, жасыл алаңқайы бар, шілікті тоғайға барып демалдық. Ащы судан тартып-тартып жіберіп, бес-бестен бөлініп алып, жасыл алаңда мини-футбол ойнадық. Допты тебеміз деп барып, бір-біріміздің аяғымызды тебеміз... Ертеңінде кілең ақсақ-тоқсақ жұмысшы-студенттер ілбіп, гаражымыздың қабырғасын қалқайтуға кетіп бара жаттық...

Екі айға жуық еңбектенсек те, жарытып табыс таппадық. Табысымыз тамағымыздан артылмапты. Қайтар жолымызға жетер-жетпес тиын-тебен алып, Алматыға оралдық. Соңымызда ішкі қабырғалары қисық қаланған гараж қалды... Араға 10 жыл салып, республикалық жастар газетінің қызметкері болып жүргенде, іс-сапармен Алғабасқа арнайы ат басын бұрдым. Бұрынғы аудан орталығы құлазып-ақ тұр екен. Шұбартау ауданын таратып, Аякөз ауданына қосып жіберіпті. Бір ғажабы – біз соққан гараж со қалпы тұрғанын көріп, қайран қалдым. Қабырғалары сол біз қисайтып қалаған қалпында. Құламапты! Біртүрлі көзіме ыстық көрініп, көңілім босады.

Мұрат осы 1976 жылдың жазғы екі айын бізбен бірге Шұбартауда өткізгеніне өкінген жоқ, сірә. Ел көрді, жер шолды. Шұбартаудан шыққан жазушылар Мұхтар Мағауин, Төлек Тілеуханов туралы, ұстазымыз Рымғали Нұрғалиев жайында әңгіме бола қалса, біз ол ағаларымыздың табаны тиген топырақтың жылуын сезінгенбіз деп айта жүреміз енді...

Мұрат ерекше шабытпен бірнеше өлең жазды. Өлеңдерінің көркемдік қуаты артып, бейнелі ойлау жүйесі қалыптасқаны көңіл аудартты.

«Сабырдан сан сәт айырылып,



Сағындым еркем сені мен.  
Сызылтып ән сап құс өтті  
Семейдің зеңгір көгінен.

Көбірек күттім мен сені,  
Көңілдің қырын бүктемей.  
Жазықта тұрдым жабырқап,  
Жапанға қойған нүктедей.

Хаттарың келер деп едім,  
Хабарың кетті құрдымға.  
Қанатын сусыл қақтырып,  
Қарлығаш ұшып жүр мұнда...»

Әдемі лирикалық өлеңдегі сағыныш сазы қандай! «Шалыс ұйқасқа шалынып, құлап қала ма десем, өзің жорға мінгендей тайпалтасың ғой!» деп әзілдеймін мен. Ал мына екі-ақ шумақ өлеңдегі көл-көсір сезімді, аяулы махаббатты, кең жазықта кербесті мініп, жұлдыздай аққан балаң жігітті, ат тұяғы тиіп сабағынан үзілген гүлді, жараланған гүлді қолына алып жігіттің соңынан қарап тұрған ару қызды суретші-ақынның қолынан туған дүние екен демеске, шарамыз қайсы:

«Сауырынан суылдап самал ағып,  
Кең жазықпен кербесті барады ағып.  
Тұнып тұрған гүлдерге тұяқ тиіп,  
Табан асты қалыпты жараланып.

Бесті кетті бедерлі ізі қалып,  
Балаң жігіт барады жүзі жанып.  
Артынан кеп ару қыз қарап тұрды,  
Сабағынан сол гүлді үзіп алып...»

Бізге университетте әдебиет теориясынан профессор, филология ғылымдарының докторы, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов дәріс берді. Өлгіндей отты өлеңдерді оқығанда ұстазымыздың екі көзі шоқтай жанып кетуші еді. Содан соң «Ғажап емес пе?!» дейтін тамсанып, жұртты да тамсандырып. Міне, Мұрат Пұшатайұлы Семей сапарынан кейін осындай сұлу өлеңдер, ғажап өлеңдер жаза бастаған еді десем, қателеспеймін.

«Көз жіберші қырмызы қырға, жаным,  
Көк пүліспен көмкеріп құз балағын,  
Бұлақ жатыр бұлқынып төскейлерде,  
Бұрымындай бұралып қыз баланың.

Басталғандай жаңғырып жаңа бір ән,

Сарғалдақтар майысып сабағынан,  
Күй төгілген сияқты кең далаға,  
Шаң қобыздың шымырлап шанағынан» –

деп ол қайта оралған көктем суреттеріне елітіп тұрып, қайта оралмас балалық шағын сағынды. Енді бірде ол:

«Сәлем айтам Жетісу өлкесіне,  
Оранғамын көгілшім көрпесіне.  
Кеудесінен Хэрлэннің гүл үзем де  
Алатаудың қадаймын өр төсіне.  
Сыр бойына сыр айтам Сырғалыдан,  
Жағасынан тарайтын ырғалып ән.  
Сәлем айтам Алтайдың шындарынан,  
Көз жеткісіз Говының құмдарынан...» –

деп Ақшоқыдан, Бесбоғда мен Буйрдан, Байөлкеден сәлем алып, өлең алып жетуші еді Алматыға!

«Анама хат» деген өлеңін оқығанда, көзіне мұң ұялап, күрсініп қойып, ойға шоматын.

«Сары адыр белдің үстінде,  
Сарғайып жолға қараған.  
Сапарға кеткен сары ұлын  
Сағына күткен жан анам.

Қарбалас тұрып ертемен,  
Қарсы алар соңғы тау кешін.  
Қалқалап қарап тұр ма екен,  
Қалақтай күннің сәулесін?!

Ебі бір қашқан саусақта,  
Еріксіз діріл бар шығар.  
Емексіп кетіп кей шақта  
Еридi-ау көзден тамшылар.

Көгілдір тартып көкжиек,  
Көлеңдеп мұнар көлбейді.  
Көңілін шыдап тұр сүйеп,  
Көкірек, шіркін, шөлдейді.

Аңсайды иісін ұлының,  
Адамда төзім керемет.  
Алысқа кеткен құлының,  
Амалсыз жүр-ау, не керек!»

Бұдан басқа «Ана» дейтін тағы бір өлеңі бар еді. Онда ғұмыры ерте үзілген анасына соңында қалған төрт баласының атынан тағзым жасайды. Бесікке бөлеп, бейнетімді кешіп, ер жеткізген ұлыңның қызығын көре алмадың-ау деп қамығатын...

Мұрат Пұшатайұлының алғашқы жыр кітабы «Студент дәптерінен» деген атпен Өлгийде 1980 жылы жарық көріпті. Жоғарыда мен мысалға келтірген өлеңдерінің бәрі сол кітапқа енген. Кітап алғысөзінде: «Мұрат Пұшатайұлы аймағымыздың жас толқын ақындар буынының талантты өкілдерінің бірі. Өз стилін, өз үнін айқындау жолында еңбектеніп жүрген жас ақынның жыр жинағы оқырман қауымның жүрегіне жол табады деп сенеміз» – делінген.

... 1978 жылдың көктемі. Бесінші курсты бітіруге жақын қалдық. Диплом жазу, мемлекеттік емтихандарға дайындық, т. б. қарбаласты күндер өтіп жатты. Бір күні Мұрат маған: – Торғай облысына, Арқалыққа барып қайтайық. Шайзадаға үйленетін болдым. Баян Өлгийге алып кетем. Бірақ, мына жақта қыздың туыстарының алдынан өтуім керек қой. Менің туыстарым шекарадан бері өтіп келе алмайды. Сондықтан сен әрі күйеу жолдастың, әрі құданың міндетін атқарасың! – деп қарап тұр. Келістік. Мұрат, Шайзада, Ботагөз, мен –төртеуіміз жолға шықтық. Арқалықта бізді күтіп алды. Амангелді ауданына баруымыз керек екен. «Ен жазықты су басып жатыр. Жеңіл мәшинелер жүре алмайды. Сондықтан К–700 тракторына тіркеме тіркеп, соған отырып барасындар!» – десті. Оған да көндік. Тіркеменің үстіне мол ғып сабан төселген екен. Торғай даласы – Торғай теңізіне айналып кеткендей! К– 700 тракторы кеме сияқты. Шетсіз-шексіз айдында жүзіп келе жатқандаймыз. Тракторшы бағыт-бағдарын қалай шамалап келе жатқанынан да бейхабармыз. Әйтеуір бір үлкен шұңқырға түсіп кетпесек екен деген тілек үстіндеміз. Қас қарая ауыл шетіне іліктік-ау. Тракторымыз дәл ауылдың іргесіне келгенде бір шұңқырға түсіп, қисайды да қалды. Тіркемені аударып тастай жаздап барып, әйтеуір, аман қалдық. Сөйтіп, межелі жерге жеттік-ау!..

Құдалық жайын сөйлесейін десем, ешкім ыңғай білдірмейді... Қонақ ретінде қапысыз күтіп жатыр. Ән-жыр әуелеп, ертелі-кеш мейрам. Бірақ, үлкен кісілер бізге жоламайды. Кілең жастардың ортасындамыз. Шайзаданың әкесі – осындағы мектептің директоры екен. Ағасы да, әпкелері – Айзада, Гүлзада, сіңілісі – бәрі де әнші. Шайзаданың «Қара көзіңнен мөлдір, Торғай даласын көрдім...» деп шырқайтын әнін бұлар хормен айтқанда, әсем ән үйдің түндігін желпілдетеді. Мұратта үн жоқ. Малдас құрып алып, қозғалмай отырады. «Ей, аяғың ұйып қалды ғой, тұрып, жүріп, билеп, бізбен бірге қимылдасаңшы!» – десем, ол: «Күйеу жігіт осылай отырады біздің жақта. Сен қимылдай бер!» – дейді. Аң-таңмын. Бір күн өтті осылай... Екі күн өтті... Мұрат маған ымдайды: «Сөйлес. Мәселені шеш!..» – деп. Мәселе менің қолымда тұр ма екен?! Шайзаданың туыстары өз-ара күбір-күбір сөйлеседі де, біздің жаққа қарап қойып, қарап қойып, тілдеспейді... Үшінші күн дегенде ғана құдалардың беті бер қарады. Мән-жайды сұрасты. Өздері де көп ақылдасып, «шекара асып кетсе, бұл қызды енді көреміз бе, жоқ па?!» деп

қатты қиналғандарын, ақыры бір Аллаға тапсырып, ризашылықтарын беретіндерін айтқанда барып, «ух!» дедік-ау!

Емтихандар біткеннен кейін, бірге оқыған қыздарымыз ауыл-ауылдарына қайтты, жігіттер әскери дайындықты тиянақтау үшін екі айға Қарағандыға кеттік. Сары күзде Алматыға оралсақ, Мұрат пен Шайзада Монғолияға енді жүргелі жиналып отыр екен. Кішкентай Әділ атты тұңғыштары дүниеге келіпті. Мен курстасым, Қызылжардың қызы Гүлнәрмен отау құрдым. Сөйтіп, Мұрат, Шайзада, Әділ – үшеуін Алтайдың арғы жағына шығарып салдық.

Бұдан кейінгі жылдарда хат арқылы амандық-саулық сұрасып тұрдық. Мұрат менің Алматыдағы Ауылшаруашылығы институтында оқыған кластас досым Біржан Қыдырмолдинді, Семейдегі достарым – Серік Белібаев, Саябек Нұғыманов, Қадылбек Қасымов, т.б. танитын және хаттарында оларға да сәлем жолдайтын. Студенттік жылдардағы қимас күндердің, қызықты шақтардың куәгерлері болып қалды бұлар.

Бір хатында: «...Х-о-о-ш, сонымен біз осындамыз (Өлгийдеміз дегені,Ә.Қ.). Мен – мұғаліммін мектепте, ал әйеліміз училищеде оқытушы. Ол менен гөрі жоғарылау. Әйеліміз екеуіміз бірігіп конспект жазамыз, жоспар жасаймыз, Әділді тәрбиелейміз. Пәтеріміз салқындау болып, соны ауыстыруға әрекет жасап жүрміз. «Меняем квартиру» деп жарнама жаздық. Әзірше келген ешкім жоқ. Бота, Аралқан, мен – үшеуіміз № 1 мектептеміз. 1764 оқушысы бар, оңбаған мектеп... Жағдай жаман емес... 10.01.1979 ж.» – деп жазса, енді бір хатында: «Өзім жұмыс ауыстырдым. Парткомға лектор болып орналастым. Баспахана, радио, театр – үшеуін жауаптанамын. Жұмыс бұрынғадан тәуір. Халық мұғалімі болуды пешенеге жазбаған сияқты. ...Өлеңді ептеп ойлауға енді мұрша тиді. Өлең бүкіл өміріме арқау болмаса да (мүмкін, болатын шығар), бүгінгі өміріме алдау болатыны анық...11.10.1979 ж.» – деп сыр ағытады.

Бір күні Мұраттан мынадай хат алдым: «Сау-сәлемет боларсыңдар? Біз аманбыз. Мен бүгін ерекше толқудамын. Осы жайтты ерекше бір тебіреніспен жазып отырмын. Жалпы, менің сезімім ештеңеге селт етпейтін шығар деп ойлаушы едім. Айналадағы алмағайып құбылыстың бәріне немқұрайды қарайтынмын. Содан мен бір кездегі сезімімді жоғалтып аламын ба деп қатты қорқушы едім. Жоқ. Олай болмады. Бүгін түс қайта кітап дүкеніне барып, «Бастау» деген 1 бума жинақ алдым. Кәдімгі көп кітаптың біріндей қолтығыма қысып жайбарақат кеңсеге келдім. Ішінен сенің жинағың шыққанда еріксіз езу тарттым. Бас алмай оқып шықтым. Жаныма жақын жырлар өткен күндерді көз алдымнан бір өткізді де, көңілімді көтеріп жіберді. Қуанып кеттім. (Ондай нәрсені айта қоятын бұ жерден құлақ табыла бермейді).Сосын қалам мен қағазға жармастым. Осы екеуін ойлап шығарған адамға алғыс айтқым келді. Сонда да көңілдегі барлық нәрсені сыйғыза алмайсың. Десе де мені қазір екі ұдай қуаныш билеп отыр. Біріншісі – сенің жинағың, алғашқы қадамың. Екіншісі – өз сезімімнің жоғалмағандығына көзімнің жеткендігі. Хо-ош сонымен мұны доғарайын. Бәрібір қағаз – жансыз зат, одан сен оқып аузың тұшымайды, мен жазып тауыса алмаймын. Әлқисса,

екінші әңгімені бастайын. Әуелі Сенен, Гулядан, Мұраттан кешірім сұраймын. (Басымды иіп тұрып). Жуықта Москва мен Ленинградта 40 күн болдым. Амал қанша переговор берем деп жүріп, бере алмадым. Сосын телеграмма салудан ұялдым да қайттым. Үкімет Алматыға жібермеді. Мамандық жетілдіруге барған едім. Уақыт болмады. Дәм тартса тағы да кездесерміз. Ренжімендер әйтеу. Өтініш: а). Үшеуіңнің суреттеріңді жіберіңдер? ә). Үш Серіктің қайсысының болса да біреуінің толық адресін жібер және сәлем айт! б). Ескі достардың бәріне мың қайта сәлем жолдағайсың? Мүмкін мен селқос тарта бастаған сол бір сезімді сен және сенің кішкентай жинағың арқылы тауып алған шығармын қалай болғанда да үлкен рақметімді айтып, үстем мерей тілеймін! Сәлеммен Мұрат. Тез хат жаз. 02.02.81.».

Мен үшін, әрине, Мұраттың әрбір хаты, әрбір өлеңі қымбат. Ал менің алғашқы жыр жинағым Алматыдан Баян Өлгийге жетіп, дос жүрегін осынша шаттандырғаны, сезімін оятқаны, шабыт сыйлағаны зор мәртебе болды.

Араға бес-алты жыл салып Мұрат пен Шайзада Алматыға да келді. Мен олар келгенде Жамбыл облысында іс-сапарда жүргенмін. Достар екеуін аэропорттан күтіп алып, бір-ер күн қонақ қылып, Торғайға аттандырыпты. Мұрат үйге келгенде өзімен аттас менің үлкен ұлым Мұрат сәлем беріп, алдынан шығыпты. Кейін тағы бір келгенде үйге телефон соқса, трубканы алған ұлым «Бұл кім?» десе, «Мен – Мұратпын» депті ол, сонда «Мен де Мұратпын!» дейтін көрінеді ұлым... Ол да бір дәурен екен. 1990 жылы біз Ақсай ықшамауданынан үш бөлмелі үй алып, қуанышымыз қойнымызға сыймай жатқанда Өлгийден Мұрат келді. Жауапты тапсырмамен Жоғарғы Кеңесте шаруасы бар екен. Сегізінші қабаттағы үйімізге әлі жарық берген жоқ, лифт істемейді, сонда да майшамның жарығымен дуылдасып түннің бір уағына дейін отырдық. Мұратқа «Гүлдерайымды» айтқызып, студенттік жылдарды еске алдық.

1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы аясында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұйымдастыруымен, он екі адам Баян-Өлгийге баратын болдық. Қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары, жазушы Қалдарбек Найманбаев бастаған делегация құрамында Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Уақап Қыдырханұлы, Серік Тұрғынбекұлы, Бақыт Сарбалаұлы, Нағашыбек Қапалбекұлы, Тұрсынжан Шапай, Гүлнәр Салықбаева, Төлеубай Нығарбай, мен және Ботагөз Уатхан болды. Ботагөз Қауымдастықта қызмет істейді, осы сапарды ұйымдастырудың басы-қасында жүрді. Баян-Өлгий аймақтық Қазақ драма театрында өткен салтанатты жиында аймақ әкімі Мизамхан Күнтуғанұлы мен Аймақтық азаматтар өкілдері хұралы басқармасының төрағасы Мұрат Пұшатайұлы сөз сөйледі. Абай тойының ЮНЕСКО шешімімен әлемдік деңгейде тойланып жатқанына атамекеннен жырақта жүрген қазақтар да мәртебесі өсіп, мерейі үстем болатынын жеткізді олар. Театрда сахналанған «Абай» спектаклінде Абай рөлінде ойнаған халық әртісі, театрдің бас режиссері Моңғолхан Арғынбайұлының өнеріне қол соқтық. Монғолияның халық әртісі Хавлаш Әбікейұлының жеке концерті де әсерлі өтті. Ол кейін Қазақстанға оралып,

Абай атындағы Опера және балет театрында өнер көрсетіп жүргенде, көзімізге жылы ұшырап тұрды.

Мұраттың үйінде болып, Шәйзаданың қолынан шәй ішіп, сызылтып салған әндерін тыңдап, Әділ, Әмір, Ғалым, Ақбота сынды желкілдеп өсіп келе жатқан үш ұлы мен бір қызының болашағы жарқын болсын деп тілек қостық.

Мұрат әбден ысылған екен. Аймақтық халық депутаттары хұралында, аймақтық партия комитетінде, Монғолия Жастар одағының аймақтық бөлімінде жауапты қызметтер атқарыпты. Заман талабы, нарық қатынастары сұранымдарына орай Монғол елінде сыртқы саудамен айналысатын «Бөкентау» компаниясын құрып, басшылық жасап жүр екен.

Қазақы қыран жырдың қос қанаты Қадыр Мырзалиев пен Тұманбай Молдағалиев Өлгий қаласындағы № 3 мектепте тамаша әдеби кеш өткізді. Қазақстандық қаламгерлер аймақтағы ақын, жазушы, журналистер – Мағауия Сұлтанаяұлы, Даниял Дікейұлы, Сұлтан Бүкейұлы, Қуанған Жұмаханұлы, Шынай Рахметұлы, Бодаухан Тоқанұлы, Белей Әлімханұлы, Қуатай Ыбырайұлы, Сұңқар Әукетайқызы, Дәкей Жабарқызы, т. б. жүздесіп, пікірлесіп, ой бөлісті, тәжірибе алмасты.

Баян-Өлгийдегі Абай күндері Монғолияның ұлт-азаттық төңкерісінің жыл сайынғы дәстүрлі мерекесімен қатар келіп, жайлауға да шықтық. Ат бәйгесін, балуандар жекпе-жегін, садақшылар сайысын, өнерпаздардың ән-жыр шашуын тамашалап, Абай жырларын жатқа оқитын қандастарымызбен қауышып, бір жасап қалдық. Осы сапардағы алған әсерімізді егжей-тегжейлі баяндап, «Бөкентау баурайында, Қобданың жағасында» деп мақала да жаздым кезінде («Халық кеңесі», 27.08.1995 ж.).

Өлгийден 120 шақырым Алтын сөкц сумынының жайлауында болғанымызда бізді елең еткізген «Ел көшкенде» деген ән жиі орындалды. Ән Монғолия қазақтары Қазақстанға – Атажұртқа көше бастағанда туған. Олені – Мұрат Пұшатайұлынікі, әні – Бержан Файзоллаұлынікі.

«Үш Ойғырдың басынан ел көшкені-ай,  
Қара бұлты Қобданың желдеткені-ай.  
Бейбіт күнде бөлініп ағайыннан-ай,  
Ойды күдік, бойды мұң меңдеткені-ай.  
Керей, Уақ, Найманым,  
Бұзылмаған қаймағың.  
Кімге тастап барасың  
Баян-Өлгей-ай аймағын?!  
Қия алмайсың қиналып сүйікті елді-ай,  
Мөлдір бұлақ, асқар тау, биіктерді-ай.  
Неге ғана мен ылғи көше берем-ай,  
Көше беру еншіме тиіп пе еді-ай!  
Найман, Керей, Уағым,  
Күнгеі бетім, шуағым.  
Тілім, салтым, байлығым,

Мөлдір бастау-ай бұлағым!  
Жер ұйығы Ойғырда Жебеті, Усай-ай,  
Жылқым өріп барады жусай-жусай.  
Жаны жомарт монғолдар, бауырларым-ай,  
Тумасақ та болып ек туысқандай-ай!  
Дөңгеленген келбетің,  
Ұраңқай мен Дөрбетім.  
Ел көшкенде – жер жетім,  
Мен көшкенде-ай – сен жетім.  
Ешкім кесіп кетпейді ат кекілін-ай,  
Ата жұртым шақырды, ашты есігін-ай.  
Көшкен елге тілерім құтты қоныс-ай,  
Сен аман бол туған жер – ақ бесігім-ай!  
Көшуге бел байлаған,  
Көліктерін сайлаған.  
Ағайынға ақ сапар,  
Ұрпақ қамын-ай ойлаған!

Найман, Уақ, Керейім,  
Үстем болсын мерейің.  
Түтініңді түзерсің,  
Енді саған-ай не дейін!

Сай-сүйегінді сырқыратар зар бар, сағыныш бар, қимастық бар, үміт бар, күдік бар, сенім бар, жігерлендіру бар – бәрі бар бұл әнде! Есіңе «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» заманындағы ел айырылғанда туған «Елім-ай!» әні оралады. Бірақ, бұл ән одан өзгереді! Мүлде бөлек! Бұл көш – Атажұртқа, тәуелсіз Отанға көшу! Сондықтан да қимастық сезімді, кіндік қаның тамған жерден қопарыла көшу оңай болып па, қуаныш сезімі ығыстыра бастайды, ақ жол, ақ сапар, ақ тілек басым түсіп барып аяқталады... Бұл ән көшкен елмен бірге Қазақстанға да жетті. Монғолия қазақтары ғана емес, Қытайдағы, Өзбекстандағы, Ресейдегі, т. б. қазақтар да көңіл сазына айналдырды. Бұл тағдырлы ән халық жүрегінен орын тапты, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалар рухани құндылық болып танылды. Әннің алғашқы орындаушысы – Меруеш Башайқызы. Моңғолияның Ұланбатырдағы Мәдениет-өнер университетін бітірген. 2008 жылы атамекеніне оралып, Қарағандыдағы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестікке әнші болып орналасқан. 2012 жылы 25 сәуірде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы шығарған «Текіден туған ұрпаққа ...» атты ұнтаспасының тұсаукесерін Алматыдағы Жамбыл атындағы филармонияның концерттік залында өткізді. Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы академиялық ұлт аспаптары оркестрінің (дирижері Ерлан Бақтыгерей) сүйемелдеуімен өткен концертте Бержан мен Мұраттың «Ел көшкенде», «Ақ сапар» әндерін нәшіне келтіре орындағанына куә болдық. Ән авторы Бержан Файзоллаұлы 1954 жылы Өлгий қаласында туған екен. Музыкалық білім алған. Аймақтық қазақ музыкалы драма

театрында ұлттық оркестрдің бас дирижері болып қызмет істеген. Елге танымал көптеген әндер шығарған сазгер. Мұрат екеуінің бірлескен шығармашылық ізденістері нәтижесінде оншақты ән дүниеге келген. Бержан 2002 жылы тарихи Отанына келіп, Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеден озыпты.

Монғолиядан Қазақстанға бет алған қазақ көшінің (Жиырма жылда 100 мыңдай қандасымыз оралыпты!) ұйымдастырушыларының бірі, курстасым Ботагөз Уатқан «Атажұртқа жеткен көш» кітабында (Алматы, 2013 ж.) Мұрат досымыз туралы былай деп жазады: «Ол 1990 жылдан бастау алған Моңғол елінің қоғамдық саяси өміріндегі өзгерту, жаңартуға, қоғамдық бүгінгі талапқа сай қайта құруға өмірінің соңына дейін ақыл-парасатын арнады. Заман талабы, нарық қатынасы сұраныстарына сай Моңғол елінде сыртқы саудамен айналысатын серіктестіктер орнай бастаған сәтте 1992 жылы «Бөкентау» ЖШС-ін ашып, оны көпшілік тұтыну товарларымен қамтамасыз етуге күш салған азамат.. Аймақтағы аты бар да заты жоқ көне базар атаулының бәрін бүгінгі талапқа сай өзгертіп, жәрмеңке дәрежесіне жеткізіп, материалдық-шаруашылық ұйымдастыру жағынан жаңа белеске көтерді.

Ол Моңғол еліндегі қазақ әдебиетін дамытуға өзіндік үлесін қосты. М.Пұшатайұлының соңында «Студент дәптері» жыр жинағы, халық көңілінен шыққан ән сөздері, аудармалары, естеліктері қалды. Әдебиет, мәдениет, қоғамдық-саяси өмірдегі еңбегі бағаланып, Монғолияның «Алтын жұлдыз» орденімен марапатталған. Барлық саналы ғұмыры халқының жарқын болашағына арналған білікті де білімді, көпке қамқор, ақжарқын, кішіпейіл, қадірлі жан еді. 1991 жылғы ұлы көшке де ол өзіндік үлкен үлесін қоса білген азаматтардың бірі болатын...».

Біз университетте шет тілін таңдағанда, араб тілін оқуға ыңғай білдіргенбіз. Өте қиын тіл екен. Бір харпі төрт түрлі жазылады. Жазғы демалыста қарайып қалмас үшін Мұрат екеуіміз араб жазуымен қазақша хат жазысамыз. Бір жақсысы, не жазысатынымызды өзімізден басқа ешкім білмейді, оқи алмайды. Бір жолы Мұрат маған мына бір өлеңін жолдапты:

Досым қайда,  
Кұдай-ау, досым қайда?!  
Ол кеткелі тап болдым тосын жайға.  
Үйде тегін, Мазасыз күй кешемін,  
Серік керек сезімге осындайда.  
Көңілім де көбірек алаңдайды,  
Маған жайсыз, болды ма оған жайлы...  
Кұлазиды айналам ала бөтен,  
Көк көрпесін қырым да оранбайды.  
Туған ортам тартпайды неге мені,  
Бәрі өзінше қызыққа кенеледі.  
Серік іздеп баяғы сезім аққу  
Сыңсып ұшып кеудемнен жөнеледі.  
Жалғыз қалам, оңаша сыр кешемін,



Жырларыңды оқимын күнде сенің.  
Керек екен сезімге серік деген  
Сен болғанда мен бұлай жүрмес едім.  
Солай достым, мен бүгін елеңдеймін,  
Жалғыздықтан жарылып өлердеймін.  
Жарты жолы жазылып, бітпей қалып,  
Жетімсіреп тұратын өлеңдеймін!

Түсіндім. Досымды мен де сағынып жүрген кезде келді бұл хат-өлең...

1998 жылы «Шер шертер» жыр кітабым шыққанда, «Қазақ елі»– «Шалқар» газеттерінде қызмет істеп жүргенмін, бір данасын Өлгийге бара жатқан Есенгүл Кәпқызынан беріп жібердім. Бұл менің Мұраттың алдында есеп беруім сияқты еді. «Оқып жатырмын. Өз пікірім де болатын сияқты» деген жауап хат та алдым. Көп ұзамай Мұраттан айырылып қалдық. Жүректен кетіпті. Одан бері де талай су ақты...

Баян-Өлгийге барған бір сапарында қазақтың көрнекті жазушысы, Алтайдың жыршысы, аға-досымыз Өлібек Асқаров Мұраттың үйінде болып, жасы тоқсаннан асқан әкесімен, Шайзадамен, балаларымен жүздесіп, бірге суретке түсіп, бір-бір данасын маған шығартып берген еді...

... Қалың бұйра шашын ақ қырау шалған алпыстағы досымды көз алдыма келтірейін десем де ол мәңгі жас қалпында, қылшылдаған қырықтың бесеуіндегі қамал бұзар қалпында елестейді... Жігіттің сұлтаны еді ғой менің Мұрат досым!..

2014 ж.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### АЛАПАТ АҚИҚАТЫ

немесе «Полигон» деректі-публицистикалық киноайыптауды  
көргеннен кейінгі ой

*(Фильмді шығарған – Қазақстан Кинематографистер одағы кино қорының «Дауыс» шығармашылық бірлестігі, 1990 жыл. Сценарий авторы – Ораз Рымжанов, режиссері – Владимир Рерих, композиторы – Төлеген Мұхамеджанов).*

Семей полигонында қырық жыл ішінде ауада – 138 рет, жер бетінде – 128 рет, жер астында – 300-ден астам ядролық жарылыстар жасалғанын біздің білгенімізге көп бола қойған жоқ. Ал осыншама алапат жарылыстардың сұмдық зардаптары туралы ащы ақиқат әлі де болса толық айтылды ма? Білгенімізден білмегеніміз көп. Өйткені қасиетті қазақ жері қасіретті полигондардың ордасына қалай айналғандығын түсіндіруге біреулердің дәті бармады, біреулердің өресі жетпеді.

1989 жылы қанат жайған «Невада – Семей» халықтық қозғалысы қоғамдық ойға қозғау салып қана қойған жоқ, ажал апанына түсіп, мүлде құрып, жер бетінен жойылуға аз-ақ қалған қазақ дейтін халықтың тағдырына араша сұрады. Халықтық қозғалыстың даусын әлем естіді. Ақиқатты айту үшін бұлтартпас айғақ, боямасыз дерек, баянды дәлел керек. Міне, осы орайда, «Полигон» деректі-публицистикалық фильмінің арқалаған ауыр жүгін атап айтқан лазым. Бұл фильмде бірінші рет бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігі киностудиясының құпия сақталған материалдары пайдаланылған. Тіпті кейбір кинокадрларды көріп отырғанда төбе құйқаныз шымырлайды. Құйтырқы саясаттың, екіжүзділіктің, бүтін бір халықты құрбандыққа шалған зұлымдықтың бетпердесі сыпырылғандай. Жойқын жарылыстың дүмпуі Дегелең жоталарын бордай үгіп, алып «саңырауқұлақтың» астында тіршілік сөніп жатқанын көргенде үрейіңіз ұшады. Фильм авторлары әсіреқызыл сөзбен де, әлеміш бояулармен де әуестенбеген. Тек қана болғанды болған күйінде жүйелеп жеткізуге тырысқан. Қазақ ақындары Хиросима мен Нагасакидегі қасіретке қабырғалары қайысып, жүрекжарды жырларын арнап жатқан кезде, дәл іргесіндегі зобалаң зардаптарынан бейхабар болғаны тағдырдың тәлкегі емей немене!

Алапат толқын ұрған кезде дүлей дауыл үйдей тастарды қаңбақтай ұшырып, ағаштарды тамырымен қоса қопарады екен. Жарылыс болар алдында «тәжірибе» үшін әкелген болар, сірә, әлде жақын ауылдардың бірінің жеке меншік малдары ма, белгісіз – тірідей терісі үйтілген қойлар мен күлте жалын от шарпыған жылқыға қара-ақ бір сұмдықтың бұл өңірді жайлағанын сезесіз. Апат айтып келмейді дейтін қазақ, төбесінде бомба жарып жатқанда да жайбарақат жүрген екен де! Мәскеуде шығатын газеттер «Семейде қуаты пәленбай мөлшерде жарылыс болды» деп елеусіз ғана хабарлап, оны біздің газеттер үтір-нүктесін өзгертпей көшіріп басып, ештеңе болмағандай хал кешкен. Айналасына ажал сепкен полигонға жақын жердегі ауылдардың адамдарына қатерлі қарудың сыналатыны жөнінде алдын ала ескертілмеген, сақтандыру шаралары жүргізілмеген, малшы қауым бәрінен бейхабар болған. Фильмде шопан Қалаш Омаровтың жүдеу-жадау тұрмыс-тіршілігі көрсетіледі. Қой соңындағы қоңыр тірлік. Ядролық жарылыс пен кәдімгі табиғи жер сілкінісінің арасындағы айырмашылықты шопан түсінбейді. Өйткені оған тек қой бағып, жоспар орындауды тапсырған. Фильмдегі қойшы мен қойдың тірлігі қалай ұқсас деп іштей еріксіз ойға қалып, күрсінесіз. «Отыз жыл болды қой баққаным. Бас айналады. Екі көзіміз қып-қызыл. Осы полигонның әсері болар» дейді шопан. Тірідей тозақта жүргенін, ұрпағын айықпас дертке шалдықтырғанын білмейді. Білсе де, сезсе де мұңын шағар, қайғы-шерін түсінер жан жоқ. Бұл тек бір шопанның басындағы жағдай болса бір сәрі ғой. Полигон орналасқан жер Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Семей облыстарының кілең қазақтар тұратын аудандары мен ауылдары шоғырланған шеңберде. Ендеше жүздеген шопандардың отбасылары да осындай тірлік кешкен деп ұғыңыз. Киноайыптауды көріп отырып, «не деген көнбіс, көнтерілі, бейшара

болғанбыз!» деп күйінбеске шара жоқ. Бұл да империялық озбыр саясаттың кигізген қамыты.

Полигонда сынақ өте бастаған кезде Семей облысының Абыралы ауданы таратылып, оның 20 шаршы шақырым жері «қорғанысты» нығайтатын қарудың алаңына айналған екен. Бірақ мұның өзі шартты түрде алынған шекара екендігін түсінуіміз үшін қырық жыл уақыт керек болыпты! Полигонға іргелес Қайнар, Қарауыл, Саржал селоларынан түсірілген кинокадрлар «зиянсыз» дейтін сынақтардың ұрпақтан-ұрпаққа кетер зардабы мен залалын тілсіз баяндайды. Мына жарық дүниеге шыр етіп келісімен айықпас дертке шалдығып, мүгедек болып қалған 19 жастағы Аман Исанбаев, 25 жастағы Роза Әбішева, 15 жастағы Серікжан Мурзиндердің не жазығы бар еді! Қарауыл селосындағы аурухананың дәрігері Б.Шалабаева 1988 жылы бірінші баласына босанған жас келіншектің қол-аяқсыз нәрестені дүниеге әкелгенін айтады. Баланың көзі самай тұсына орналасқан. Мұндай адам тұқымындағы ауытқулар кейінгі жылдарда жиі байқалатынын, әсіресе, мұның радиацияға шарпылған аймақтарға тән құбылыс екендігін маман дәрігер фильмде ашық айтады.

Полигон туралы білетіндердің өзі сонау жылдарда пікірлерін ашық жеткізе алмаған. Ауыл арасындағы күбір-сыбыр алысқа ұзамаған. Сталиндік жазалаудың жан шошырлық қыл көпірінен аман қалғандар көлеңкесінен де қорыққан шығар, бәлкім. Ал шындықтың бетіне тура қарағандар сол баяғы содыр саясаттың тұзағына іліккен. Полигонның «зиянсыз» екендігіне күмән білдірген Семей облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы М.А.Сужиковтың 1960 жылы орнынан алынуы осыған дәлел.

1953 жылы алғашқы сутегі бомбасын сынаған кезде Қайнардағы аупартком үйінде әдейі қалдырылған 40 адамның бұл фильм түсірілген кезде екеуі ғана тірі қалған екен. Сол екеудің бірі – куәгер зейнеткер Талғат Сіләмбеков ақсақалдың айтуынша, сынақ болар алдында аудан орталығындағы халық уақытша басқа жаққа көшіріледі. Ал аупартком үйінде қалдырылғандар – партиялық тапсырманы орындаушылар. Олар өздерінің ертеңгі күні қатерлі ауруға ұшырайтындарынан бейхабар. Сынақ өткеннен кейін противогаз киген әскерилер келіп, олардың бәрінің «денсаулығын» тексереді, 200 грамнан әрқайсысына арақ жұтқызады, өзен жағасына алып барып, тізімдеп, есепке алады. Фильмдегі тірі куәгердің бұл сөздері талай сұмдықтың тамырын табуға нұсқайды емес пе... Фильм авторларының бір ұтқан жері – тек қана құжаттық деректердің ауқымында қалмай, ядролық жарылыстардың басы-қасында болған генералдар мен қарапайым құрбандардың қарама-қайшы айғақтарын шебер қиюластырып бере білгендіктері. Мәселен, генерал-полковник В.И.Герасимов адамдарға сынақ-тәжірибе жасау жөнінде ешқандай нұсқау болмағанын, бірақ бұл территориядан біреулер болуы да мүмкін екендігін бопсалап жеткізген кезде бойыңыз түршігеді. Әскерилердің мүддесі халықтық мүддемен қабыспайтындығына да осы туындыда дәлел жеткілікті.

Семейде бруцеллезге қарсы диспансер деп аталатын дәрігерлік мекеме ұзақ жылдар бойы радиацияның адам организміне қалай әсер ететінін

зерттеген. Бірақ оның құжаттары, зерттеу материалдары қолма-қол Мәскеуге жөнелтіліп отырған. Яғни, дәрігерлердің өзі де ақиқатты айтуға дәрменсіз еді. Полигонға жақын елді мекендерде тұратын адамдар арасында белгісіз ауру түрлерінің көбейіп кетуі, адамның дене мүшелері кенеттен жансызданып қалуы, қан құрамының бұзылып, ондағы ақ түйіршіктердің мөлшерден тыс көбейіп кетуі, ақыл-есі кем нәрестелердің өмірге келуі жиі кездеседі.

Бұл фильмде марқұм, академик А.Д.Сахаровтың көз жұмарынан екі сағат қана бұрын, Мәскеудегі қонақ үйде, Олжас Сүлейменовтың бөлмесінде, осы кино авторларына берген сұхбатынан үзінділер келтірілген. Академиктің ар алдындағы арылуы іспетті бұл әңгіменің астары тым терең. Ол 1958 жылы ядролық сынақтарды жасамауға Курчатовты көндіргенін, бірақ Курчатовтың ұсынысын Хрущев қабылдамағанын, сол жылы күзде кезекті жарылыс болғанын қинала мәлімдейді. Оның осы фильмдегі ядролық сынақты енді тоқтату жөніндегі, бір жақты мораторийге бірінші болып бару керектігі жөніндегі ойлары ерекше құнды болғанын түсінеміз. Фильмде академиктер Ю.Б.Харитон мен Е.П.Велихов мұндай батыл тұжырымдарға бара алмағаны байқалады. Академик Е.П.Велиховтың «біз көптеген жайттарды білген жоқпыз» деуі сендірмейді. Сондай-ақ, фильм түсірілген кездегі Семей полигонының бастығы, генерал-лейтенант А.Д.Ильенконың дәлелдемелері мен дәйектемелері де шын жүректен шықпаған соң көкейге қонбайды-ақ. Осы кинокартинадағы сөз саптауларына қарап әскерилердің қасірет шеккен қазақ халқы үшін жандары титтей де ауырмайтынын аңғарамыз. «Быттыр әскерден келген ұлым асылып өлді. Арақ ішпейді, темекі тартпайды. Сонда, неге?» деген ақ шашты ананың сауалына кім жауап бермек? Фильм авторлары кейбір жауапсыз сұрақтардың жауабы бар екендігін жақсы түсінген. Көрерменін ойға жетелеп, ақиқатқа жүгіндіріп, әділеттің жолында бірігуге шақыратын бұл деректі шығарманың бір күндік арзан дүние емес екендігін уақыт дәлелдей түсетін сияқты.

Бұл фильм экранға шыққаннан бері де екі жарым жылға жуық мерзім өтіпті. Киноайыптау дүние жүзінің бірқатар елдерінде көрсетіліп, әділ бағасын да алған сияқты. Фильм түсірілген кездегі басты мұрат – ажал апанының аузына құм құю, яғни Семей полигонын мүлде жапқызу болса, құдайға шүкір, оған қол жеткізіліпті. Қырық жыл бойы халықтан жасырылып келген кинофото құжаттармен деректі кино тілінде шерлі шежіре түзу ниеті де орындалыпты. Қазақ халқының басынан кешкен ядролық апат нәубетін боямасыз түрде бірінші болып экранға шығару арқылы да «Полигон» фильмі тұңғыштардың қатарында. Әрине, бір фильмде барлық шындық айтылды деген ойдан аулақпыз. Әлі де айтылады, жазылады, зерттеледі бұл тақырып. Бейбітшіліктен қымбат не бар! Бірақ бейбіт өмірде ядролық жарылыстардың құрбаны болудан қасіретті не бар десеңізші! Фильм – ақиқат, фильм – айғақ, фильм – айыптау ретінде «Полигон» ұмытылмайды. Өйткені мұнда ұлтымыздың жанайқайы жатыр. Туындының Мемлекеттік сыйлық алуға толық құқы бар деп ойлаймыз.

«Халық кеңесі»,

## БҰЛ ТОЙДЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Ұлы Абайдың айтулы мерейтойына дейін тіптен аз мерзім қалды. Өні - міне дегенше қалған екі жылдың да өте шығары хақ. Ал тойға әзірлік барысы қалай деген кезде күмілжіп қалатын тұстарымыз көп екен. Неге? Осыдан аз уақыт бұрын тау қопарардай екпінмен қолға алынған шаруалардың тындырылғаны шамалы. Бәлкім, мынау қиын-қыстау кезеңді, қымбатшылықты, нарық қыспағын, т.б. алға тартып ақталуға да болар. Бірақ одан не ұтамыз? Қазақта бір адамның тойы бүкілхалықтық деңгейде өтуге тиіс болса, ол – Абай тойы.

Таяуда Семей қаласында Министрлер Кабинетінің Төралқасы мен республикалық мерейтой комиссиясының бірлескен көшпелі мәжілісі өткендігі жөнінде газетімізде хабарлағанбыз. Сол мәжілісте қозғалған өзекті мәселелер әрбір іс басындағы азаматтарды күн сайын толғандыруға тиіс. Бұған дейін белгіленген бірқатар іс-шаралар қаржыландырудың жеткіліксіз мөлшерде болуына байланысты орындалмаған. Ал қазір күтіліп отырғанындай, егер Абай тойы ЮНЕСКО деңгейінде өтетін болса, атқаратын жұмыстар ауқымы кеңейе түспек.

Мәжілісте осы уақытқа дейін не тындырылды, не орындалмады, ең алдымен неге көңіл бөлу керек – міне, осы тарапта жан-жақты пікір алмасылған еді. Республика Премьер-министрінің орынбасары Қ.Сұлтановтың қадап айтқанындай, қазіргі кезде қолда бар түпкілікті жұмыс жоспарына сүйеніп іс тындыру керек. Әйтпесе, әлі күнге дейін тойды қалай өткізу керектігі жөнінде ұсыныстар мен пікірлерді сараптап, жұмыс жоспарына өзгерістер мен түзетулер енгізуді ғана ойласақ, ештеңе бітпейді. Кезінде мерейтой жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Семей өңірі басшылығымен, жұртшылығымен ақылдасып жоспар жасаған. Жоспарда қыруар жұмыстарды қолға алу көзделген.

Осы жолы облыс әкімі В.Ф.Чернов Абай тойы қарсаңында нақты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталған болатын. Семей қаласындағы Абай музейі қайта жөндеуден өткізіліпті. Енді оның ішкі безендіру, экспонаттарын қайтадан жүйелеп орналастыру, т.б. жұмыстар атқарылуда. Бөрлі-Жидебай қорығына мемлекеттік мәртебе берілді. Мәдениет министрлігі тарапынан ынталы құлшыныс бар. Бек Ыбыраев пен Сайын Назарбеков кешенді кесененің жақсы жобасын жасағандығы аталды. «Сана» фирмасының суретші-мүсінші, тас қашаушы жігіттері тыңғылықты істерімен көрінуде. Ал Абай ауданының орталығы – Қарауылда бірнеше объектілер, Семей қаласындағы Абай атындағы қазақша мектеп үйі қаржы тапшылығынан тоқтап қалған. Егер республика үкіметі үстіміздегі жылға 2 миллиард сом қаржы тауып берсе, түпкілікті жұмыс жоспарында белгіленген көптеген объектілерде жұмыс қызу жанданар еді дейді облыс әкімі. Қиын кезеңде Абай тойының абыройын ойлап, көмек қолын созған миллиондаған сом қаржы бөлген «Сарыарқа» акционерлік ассоциациясына 100 миллион сом

бөлген «Семей» акционерлік компаниясына рақметтен басқа айтарыңыз жоқ. Ал тек облыс көлеміндегі ғана емес, республикадағы, одан тыс жерлердегі жекелеген өндіріс ұжымдары, кооперативтер, фирмалар, шаруа қожалықтары, табыс көзін тапқан жекелеген азаматтар Абайдың мерейтойына арнап қаржы бөліп жатса құба-құп.

Абай тойына дайындық жұмыстарын жүргізуге Мәдениет министрлігі былтыр 22 миллион сом қаржы бөліп, оның толық игерілгендігін, ал биыл тағы да 16 миллион сом бөліп отырғанын атап айтуға болады. Осындай нақты бағдарлы көмек басқа да министрліктер тарапынан жедел қолға алынуы қажет. Бәлкім, барлық облыс орталықтарында. Алматыда банкілерден арнайы есепшоттар ашып, көмек қаржының түсуін тездету керек шығар деген ұсыныстың да жаны бар сияқты.

Мәжіліске қатысушылар ұлы ақынымыздың мерейтойына қажет қаржы қанша болса да табылуға тиіс деп бір мәмілеге келгені қуантады. Рас, тойдың желеуімен бүкіл ауданның немесе Семей қаласының барлық мұқтаждарын шешу қиын. Дегенмен, Семей мен Қарауылды жалғайтын қасқа жолды жөндеудің, оған асфальт төсеудің Абай тойына қатысы жоқ деп кім айта алады? Сол сияқты осы жолдың бойындағы әрбір белгі, әрбір бекет Абайға қатысты сыр шертіп тұратынын ескермеуге бола ма? Бөрліге, Ақшоқыға, Жидебайға ат тұмсығын тіреген жолаушының бұл күнде көңілі құлазитыны, жүдеу-жадау көріністерге налитыны бекер ме? «Абай ауылы неге Лев Толстойдың Ясная Полянасы сияқты емес?» деген сауал талай зерделі азаматты толғандырған болар. Қырық жыл бойы Дегелеңде жарылған бомбалардың зардабы да қашан жойылары белгісіз.

Осы тойға дайындық барысында барлық облыстардың қосар үлестері, нақты көмектері елеп-ескерілуі керек сияқты. Мәселен, Қостанай облысының әкімі К.Үкин айтпақшы, шұғыл құрылыс жұмыстарын жүргізетін десант жіберуді неге қолға алмасқа? Қажет, тапшы құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуде де облыстардың көмегі керек. Мәжіліске арнайы шақырылған он шақты облыстың әкімдеріне Абай тойының артар аманаты үлкен екендігін бағамдаймыз.

Қазақ Энциклопедиясының бас редакциясы «Абай» энциклопедиясын шығаруды жоспарлаған екен. Көлемі 150 баспа табақ болатын бұл күрделі еңбектің сапалы шығуы үшін де көп қаржы керек. Ұлттық Ғылым академиясы Абайдың екі томдық академиялық жинағын шығаруды дiттейдi. Абай туралы естелiктер жинағы құрастырылуда. Қазақстан Жазушылар одағы ақынның өлеңдерiн шет ел тiлдерiне аударуға дайындауда, бiрнеше тiлде жолма-жол тәржiмесi әзiрленуде екен.

Мұндай атқарылатын іс-шаралар шаш-етектен. Шынында, Абайды өзіміздің танып-білуіміз өте төмен деңгейде, ал басқаларға кінә қоймасақ та болар. Жақында теледидар тілшісі Алматыдағы Абай ескерткішінің түбінде тұрып бір өзге ұлт өкіліне: «Сіз Абайды білесіз бе?» - деп сұрақ қойды. Сонда ол: «Білемін. Абай – ірі қолбасшы болған», - деп жауап бергенде не күлерінді, не жыларынды білмейді екенсің. Пушкин туралы біреу осылай десе надандыққа балар едік.

Халықаралық бизнес саласында жұмыс жүргізетін «Мақсат» қоғамдастығының директоры Бауыржан Қарабеков өзінің игі бастамасымен жұртшылық назарын аударып отыр. Ол мәжілісте сөз алып, қоғамдастық Қарауыл селосындағы бірқатар объектілердің құрылысына кететін қаржыны өз мойнына алатынын, сондай-ақ «Абай» энциклопедиясына, кітаптарының шет ел тілдеріне аударылуына кететін валютаны төлеуге әзір екендіктерін мәлімдеді. Әрине, байлықты қайда, қалай жұмсауды білетін бизнесмендердің көбейгені жақсы ғой.

Семейде кезінде негізін М.Әуезов пен Ж.Аймауытов қалаған, 1918 жылы шығып тұрған «Абай» журналы қайтадан оқырмандар қолына тиді. Оның әзірге үш нөмірі жарық көрді. Абайдың мерейтойына дейін бұл журнал талай дүниелерді оқырман қауымға таныстыратынына бек сенеміз.

Той туралы толғанғандардың қай-қайсысы да ең алдымен Жидебайды ауызға алар еді. Өйткені онда Абай мен Шәкәрім жатыр. Бұрынғы қойылған белгінің сын көтермейтіні баспасөзде талай рет жазылды, теле-радио арқылы талай рет айтылды. Ендігі мәселе – сыннан дұрыс қорытынды шығару болса керек. Жидебайдағы Абай музейі жөнінде де әр түрлі пікірлер бар. Қыстаудағы ақын тұрған үйдің сыртқы пошымы біршама қалыпқа келіп, жаңадан салынып, музейге айналғанына да бірталай уақыт болды. Бірақ осы музейдің ішіндегі ұлы ойшыл тұтынған заттарды орналастыруда, экспонаттарға тіл бітіруде жоғары талғам қажет екендігі сезіліп тұрады. Той қарсаңында музей экспозициясын жаңарту және оны жоғары талапқа сай жабдықтау қажет.

Абай тойына дайындық мемлекеттік маңызы бар мәселе екендігіне назар аудартып, бұдан былай Министрлер Кабинеті бұл шараны үнемі өзінің бақылауында ұстайтынын аңғартты. Министрлердің міндет бөліскеніне қарап, тойға қамдануда қапы қалмайтын тәріздіміз. Лайым, солай болғай.

«Халық кеңесі»,  
1993 ж.

## АҚЫННЫҢ АЗАТТЫҚ АҢСАРЫ

XX ғасырдың басында ғұмыр кешкен қазақ зиялыларының арасында Абайдың ұлттық поэзиямызға әкелген жаңашылдық дәстүрін дамытушы ақындардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ақынның 100 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасында жазушы Әбіш Кекілбаев былай деген: “Шындықтың ала жібін аттамайтын әділ көзқарасы жағынан, халқының қамын ішінен қан жылап отырып ойлайтын адал махаббаты жағынан, онсыз да көп адасқан аңғал қауымды әр саққа бір далақтатпай, тура бағытқа, жемісті жолға бастай алар көсем пікірлігі жағынан, ұлттық ойлау жүйемізді басқалармен тайталаса алар рухани естиярлыққа көтеріп берген ұстаздығы жағынан Сұлтанмахмұт Абайға ерекше жақын тұр, ерекше етене тұр. Ендеше қазақ рухының кеңістігінде Абай екеуінің орны бір төбе” /1, 29/. Осынау терең толғаныста Абай мен Сұлтанмахмұт арақатынасындағы үзілмес алтын арқаулар айшықты ашылған.

Егер Сұлтанмахмұт тағдырдың жазуымен қым-қиғаш оқиғалар сапырылысқан, аласапыран айқастар мен шайқастар ұлттар мен ұлыстарды сеңдей соғылыстырған, ақтар мен қызылдардың қайшысына түсіп адамдар қойдай қырылған сұрқай заманға тап болмағанда, бәлкім, жаны нәзік, тамаша лирик ақын, арманшыл ақын болып қалар ма еді, кім білсін.

Сұлтанмахмұттың сыршылдығын да, сыншылдығын да танып, түстеп, таразылап, зерттеген ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың мына пікіріне толық қосыламыз: “...Сұлтанмахмұт шығармаларындағы элегиялық сарындар жігерсіз, жасық қайғы емес. Тұрмыстан түңілуден аман, қайта болашақтан зор үміт күткен, жігерлі, жарқын болашақты аңсайтын оптимистік мұң, жарқын болашақты сағыну, соны іздеу, жанымен тілеуі” /2,16/.

Сұлтанмахмұт өлеңдеріндегі қуаттың сарқылмас көзі – оның азаттық аңсарында жатыр. “Мен балаң жарық күнде сәуле қуған, // Алуға Күнді барып белді буған” /2, 74/ – дейтін арманшыл жүректің аңсағаны зор еді. “Қараңғы қазақ көгіне // Өрмелеп шығып Күн болам, // Қараңғылықтың кегіне // Күн болмағанда кім болам? /2, 88/ – деп өзінің алдына бағдары айқын мақсат қойған ақынның түпкі тілегі қазақ елінің арман-мұратымен тоғысып жатуы бекер емес. Өз басы білім алуға қаншама құштарлықпен ұмтылған, қолдың қысқалығынан Томскінің, Семейдің белгілі білім ордаларына түсіп оқи алмай бармақ шайнаған, сонда да мұқалмай, шәкірттерге дәріс бере жүріп, білімін кеңейтуге ұмтылған Сұлтанмахмұттың көзі ашылғаннан кейінгі азаматтық аңсары елінің азаттығын ойлауымен айқындалатын сияқты. Иә, ол Ресей патшасының тақтан құлауын, 1917 жылғы ақпан революциясын ұлы өзгеріс, ұлы төңкеріс ретінде қабылдағаны анық. Бұл жөніндегі көзқарасы оның “Сарыарқаның жаңбыры” атты өлеңінде айқын аңғартылған. Астарлы мысалға құрылған өлеңнің түпқазық идеясы буырқанған бостандықтың тізгінінен ұстауға үндейді. “Келген заман – бостандық, жаңбырмен тең. // Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай // Бостандықтың күшімен көгерсін ел!” /2, 135/ – дейді ол. Әрине, жалғыз Сұлтанмахмұт емес, ХХ ғасырдың бас кезінде қалың елі қазағының қамын ойлап, қабырғалары қайысып жүрген алаш зиялыларының қай-қайсысы да бодандық бұғауынан құтылдық па, жоқ па деп, үлкен үміт жетегінде, елдің ертеңін ойлап, бас қатырған. Алайда, үміт алдамшы болып шықты. Қазақ елі азаттық ала алмады.

Ақпан төңкерісінен кейін Сұлтанмахмұттың қандай бағыт ұстанғанын Сәбит Мұқанов өзінің “ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті” атты еңбегінде былай сипаттаған: “...Ол кезде Семейдегі ұлтшылдық бағытына көсем боп жүрген азаматтардың “Алаш-орданың” облыстық комитетін құрғалы жүрген кезі. С.-Мақмет сол іске белсене кіре кетіп, Семейдегі алаш-ордашылардың облыстық сезін өткізісіп, комитет сайлағанда өзі комитетке кіші хатшы болып кіреді. “Алаш” ұранын көтеріп әлденеше өлеңдер жазады” /3, 379/.

Бұл деректің Сұлтанмахмұт өмірбаянын толықтыру үшін ғана емес, оның ұлттық мүдде-мұратқа қалай бел шеше кіріскенінен де аңғартары көп. Тағы да Сәбең: “Идея, мақсат” дегендегі Сұлтан Мақметтің негізгі тілегі, жалпы сол кездегі ұлтшылдар тілейтін: орыс отарының қол астынан шығып, қазақты өз алдына ел қылу ғой” /3, 383/ – деп тіпті айқын түсінік береді. С. Мұқанов бұл еңбегінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығына кең тоқталған. Бір қызығы, Сәбит Мұқанов мақтаса да, даттаса да Алаш ардақтыларының біріне айнала бастаған жас Сұлтанмахмұттың толық бейнесін көз алдымызға әкеледі. Қазіргі көзқараспен қарағанда, керегінді ал, ақиқатты таны деп тұрғандай...

“С.-Мақмет “ұран” жазып, “Алаш-орданы” ғана дәріптеп қоймайды. “Алаш-орданың” беделін ел ішінде көтеру үшін, оны дәріптеумен қатар, сол “Алаш-орданың” басты адамдарын, көсемдерін бұқараға таныстырады. Бастықтардың қадірін көтеру ниетімен “Таныстыру” деген өлең жазады. Бұл өлеңде: Байтұрсынов, Бөкейханов,



Ермеков, Ғаббасов, Дулатов сықылды Алаш-орданың көсемдерін шамасы келгенше, тілі жеткенше көтереді” /3, 397/ – дейді С. Мұқанов.

С. Торайғыровтың “Алаш ұраны” атты атақты өлеңін жазуының сыр-сипаты оның Азаттық аңсарында жатыр деп білеміз. “Алаш туы астында, // Күн сөнгенше сөнбейміз, Енді ешкімнің алашты // Құлдығына бермейміз. Жасайды алаш, жасайды, // Жасасын, алаш жасасын!” /3, 396/ – деп жазған еді арманшыл ақын, 27 жасында дүниеден озған, елінің азаттығын аңсаумен өткен ақын Сұлтанмахмұт.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. Алматы. Жазушы, 1996. – 592 б.
2. Кенжебаев Б. Асқақ арманды ақын. // Кітапта:  
С. Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. 1-кітап.  
Алматы. Жазушы. 1987. – 160 б.
3. Мұқанов С. Мұрағат. 16-том. 604-б.

2003 ж.

### **АҚЫН ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық күрестің саяси қайраткерлері Ресей отаршылдығының бұғауын үзетін сәт туғанын, тізгінді өз қолдарына алуға біртабан жақындап келе жатқандарын түсінді. Алайда, қалың бұқараның толқуына, оянуына алғышарт жасап отырған Патшаның “Июнь жарлығын” (1916 жыл) пайдаланып қалуға асықпады. Ұлт-азаттық көтеріліс Қазақстанды тұтас қамтыды. Бірақ стихиялы түрде, бірде Торғай өңірінде, бірде Орталық Қазақстанда, Ертіс бойында, тағы бірде Жетісу алқабында бұр-бұрқ етіп, іле-шала тұтанып, қайта басылып, бытыранды сипатта көрініс тапты. Халықтың толқи бастағанын, егер тұтасып үлкен өртке айналса үлкен қауіп туғызатынын бағамдаған Патшалық өкімет орындары жедел хабарланып, қазақ ауылдарына әскери бөлімдерін, жазалаушы отрядтарын шұғыл аттандырды. Бодандық қамытын киген жылдардағы құлдық психология мендеген, қараңғылыққа қамалып, оңы мен солын ажыратуға дәрмені жоқ қазақ ауылдарын жазалаушылар аяусыз қырып-жойып, қуғын-сүргінге ұшыратып, зобалаң туғызды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің рухани дем берушілері, қадым замандардан бері қалыптасқан дәстүр бойынша, ақын-жыраулар, оқыған қазақ зиялылары болуға тиіс еді. Жалынды жырлар туып, ұранды сөздер айтылып, халықты азаттық, бостандық жолындағы күреске шақыруы керек

еді. Олай болмады. XX ғасыр басындағы әдебиетті әжептәуір зерттеген ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың: “Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы сол кездегі жазба әдебиет өкілдері, белгілі ақын, жазушылар үндемей қалды. Олардың бірсыпырасы буржуазияшыл ұлтшылдардың ықпалына еріп адасты, үлкен уақиғаның саяси-әлеуметтік мәнін түсінбеді, көтерілісті жақтырмады. Осыдан олар көтеріліс жөнінде жазбады” (Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. 7-кітап, Алматы, 1993) – деуінің астарында көп мағына жатыр. Сол кезеңнен кейбір өлең-жырлар ауыз әдебиеті нұсқалары болып сақталғандығын да Бейсекең бөліп айтады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы өте аз жазылды десек те, Жамбылдың көптеген өлеңдері, Біржан Берденовтің “1916 жыл”, Омар Шипиннің “Аманкелді”, Иса Дәукебаевтың “Бекболат” дастандары, тағы да басқа жыр-толғаулар ерлікті, отаншылдықты, азаттықты туғып көтерді, көркемдік деңгейінде ауыз әдебиетінің нұсқалық көріністері сақталғанмен де, көнеден келе жатқан батырлық дастандардың жалғасын танимыз. Жамбылдың “Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып, // Көксеген азаттықтың соғысында” деп, Омардың “Өңшең қасқыр ерімнің, // Бәрі де келді тайынбай” деп, Исаның “Ежелгі кек оянып, // Көтеріліп жұрт дуласты” деп жырлайтыны осы тұс.

Әрине, іле-шала болған Қазан төңкерісі (1917 ж.) ел назарын басқа жаққа аударып әкеткені де ақиқат. Осынау алмағайып кезеңде өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығынан да екіұдай көңіл күй, ұлттық идеяның ұраншысы болса да, ұлт-азаттық көтерілістің дабылшысы болмағандығы байқалып, ойға қалдырады.

Бұл жөніне келгенде Мағжанның өмірі мен шығармагерлігін жан-жақты зерттеген ғалым Шерияздан Елеуменов: “Теңдік, бостандық” деп (хуррият—парсы сөзі... “Бостандық” деген мағына береді) “Алаш” туының астына жиналғандардың жуан ортасында Мағжан да жүрді” (Елеуменов Ш. Мағжан. Алматы, 1995) – деп жазды. Жарайды. Онда неге 16-жыл жөнінде үнсіз қалған? Ш.Елеуменов Мағжанның дәуір шындығын дәл бейнелеуде сырт қалмағандығына дәлел ретінде оның “Жаралы жан” атты өлеңін алға тартады: “Өлең қазақ халқының төңкеріс қарсаңындағы хал-жайын бейнелі түрде сараптайды. Қазақ – жаралы жан, құба жонда қансырап жатыр. Бұл бейне ақын жүрегінде неліктен туғанын білгісі келетін кісі алысқа ұзамай-ақ 1916 жылға көз жіберсін. Көтеріліс қазақты бір есеңгіретуін есеңгіретіп жіберді. Жүздеген мың қазақ оққа ұшты, елдерін тастап қашты”.

Мағжанның:

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,  
Кебіндей ақ сәулелер бетін жапқан.  
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,  
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан –

деп күңіренуі, шынында да, ұлт-азаттық көтерілісінен кейінгі, көтерілістің қанға бөгіп жеңіліс табуынан кейінгі көрінісі екендігіне иландырады.

Мағжанның зар заман ақындарымен үндесетін бұл көңіл ауаны заман тепкісінен туып отыр. Ал оның ішкі жан-дүниесіндегі ақтық арманы түрік тақырыбын қозғау арқылы тамыр тартқан. Бұл жөнінде Сәбит Мұқановтың мына бір пікірінің түйіні құнды: “Мағжанның “түрік қайратына мінгендегі бар тілегі” Сары-арқаның топырағын тазарту. Кімнен тазартатыны, әрине, ашық: отаршыл үкіметтен. Сары-арқа тазарғаннан кейінгі ақынның ойы, түрікке қосылып кету емес, одан басқа, ол ойы “Балапан қанат қақты” деген қарасөзбен жазған өлеңінде ашық көрінеді” – деп Мағжанның Қазақ елін дара, дербес мемлекет ретінде көргісі келетінін аңғартады.

Мағжанның арманы, шынында, биік те заңғар:

Күншығыстан таң келеді – мен келем,  
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,  
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! –

дейтін асқақ рухты жырлар қазақтың құлағына шалынбағалы нелер заман өткен еді ғой!

С.Мұқанов “Түрікшілдік пікір Мағжанға “Медресе Ғалияда” оқып жүрген кезінде, татар түрікшілдерінен жұққан” – десе, сол түрікшілдіктің қаншалықты қымбат екендігін уақыт дәлелдеді емес пе?! Бұл күнде Мағжанның:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой –

дейтін жыр шумақтары қанымызды қыздырып, қайтадан Рух оятып тұр. Ал сонау аласапыран дәуірде қазақты ұйыстыру, біріктіру үшін мұндай отты жырлар қаншалықты қажет болғанын қазір ғана бағамдап, түсінуге болар. Ал сол дәуірдің ащы шындығын алға тартқан С.Мұқановтың мына бір ойлары ұлтшылдықты кінәлаудан гөрі, заманның күрделі кезеңін көрсетуімен қазір де бағалы деп ойлаймыз: “Отаршыл үкіметтің таяғын 100 жылдан артық жеген қазақ жұртшылығы қазақ ұлтшылдарының үгітіне тез селт ете қойған жоқ. Ұлтшылдарды жақтаушылар жыл санап өскенмен, жалпы бұқара кейін жатты. Осы кейін жатқан бұқараның көңілін ұлтшылдыққа, отаршыл үкіметке қарсы көтеру үшін, ұлтшылдар әртүрлі әдіс іздеді. Сол әдістің біреуі қазақтың Русияға бағынбай тұрған кезіндегі тіршілігін алдына тартып, жақсы көрсетіп, сол жақсы көрсету арқылы “өзіміз бөлек ел болсақ, тұрмысымыз бұлай болады екен ғой” деген бұқараға ұсыныс туғызу болды. Бұған Мағжанның “Есімде”, “Тек таң атсын!” деген өлеңі куә”.

Мағжан Қазақ елінің азаттығын көргісі келіп, армандап, көркемдік кестесі өрнекті, бояуы қанық көптеген өлеңдер жазды. Өзінің “1918 жылы Сібірде реакция дәуірінде жазылған” деген ескертпесі бар “Бостандық” атты өлеңінде:

... Көк есігі ашылды,  
Жұмақ нұры шашылды.  
Келді ұшып бостандық –

деп қоғамдық өмірде үлкен жаңалық болғанын аңғартады да, бірақ сол бостандықты “аш-жалаңаш сорлылар” қуанып қарсы алса да, қадірін түсініп, бағалай алмайды-ау дейтін күмәнмен күңіреніп аяқтайды.

Мағжан өзіне шулы даңқ әкелген “Батыр Баян” (1922) атты дастанында сол тұстағы көңіл шерін, жүрек аңсарын мына бір шумақпен-ақ жеткізе алған секілді:

Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,  
Ерлері ертегінің өрт еді ғой.  
Айрылып от екпінді ерлерінен,  
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.  
Сонау дерт түгелімен маған ауып,  
Дариға, жүрегімді өртеді ғой ! –

дейді ол.

Жиырмамыншы жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісінің жаңғырығын “басмашылар қозғалысынан” да байқаймыз. Бұл жөнінде ғалым Дихан Қамзабекұлы: “Түркі халықтарының азаттық жолындағы сансыз күресінің бір айғағы болып табылатын басмашылар қозғалысына (1918-1923 жылдар) қазақ азаматтары да қатысты” – деп өзінің “Қазақтар және басмашылар” (“Жас Алаш”, 25.02.2003) атты мақаласында кеңірек тоқталған.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнағаннан кейін азаттық, тәуелсіздік идеясының әдебиетте көрініс табуы кеңестік идеология шеңберінде, тек қана социализм жетістіктерін жырлау, халықты коммунизмге үндеу бағытында жүзеге асқаны мәлім.

Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқаев, Әлихан Ермеков, Жақып Ақбаев, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхамеджан Тынышпаев, Қошке Кемеңгеров, Халел және Жанша Досмұхамбетовтер, т.б. армандаған ұлттың азаттығы идеясы кеңестік Қазақстанда басқаша сипат алғандықтан, түрік жұртының Түркия елінен басқасы қызыл империяның құрсауында қалғандықтан, Қытайдағы қазақтар көбірек шоғырланған Шығыс Түркістан аймағы тәуелсіз түрік мемлекетін құруға бірден-бір қолайлы мекен болып назар аудартты. Алаш қайраткерлерінің тәуелсіз мемлекет құру идеясы мұнда жүзеге де аса бастады. 1944 жылы Шығыс Түркістан Республикасы (орталығы Құлжа қаласы болып) ресми құрылды. Ол 1949 жылға дейін (Қытай Халық Республикасы өзінің құрамына аудан қылып алғанша) дербес шаңырақ көтеріп тұрды.

Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идеясы туралы зерттеу жазған ғалым Дүкен Мәсімхан: “ ... онда А.Үлімжіұлы, Ә.Найманбай, К.Маралбай, Ж.Щайхсламұлы, Т.Жолдыұлы, Ш.Әлғазы қатарлы ақындар ұлт-азаттық идеясының жанкешті насихатшылары ретінде, өздерінің саналы ғұмырларын сол қасиетті мұрат-мақсат жолына арнады” – деп атап көрсетеді де, олардың шекараның арғы жағындағы атқарған азаматтық істері мен ақындық шеберліктерінен тағылым табады.

Өміріндегі өзекжарды өрт өлеңдерінің денін абақтыда дүниеге әкелген Таңжарық ақынның сол тұста:

Жаңғырып тау мен тастың салалары,  
Шаң-тозаң, түгін болып қалалары,  
Талқандап тасқын селдей жар құлатып,  
Кеп қалды елдің ұлан балалары.  
Кек дейді жанып тұрған құралдары,  
Шақырған “Азат!” дейді ұрандары –

деп шалқып-тасып үн қатуынан, арқа-жарқа қуануынан Алаш көсемдерінің идеясы жүзеге асатын болды, ел боламыз, іргемізді бекітіп, шаңырағымызды көтеріп, дара өмір сүреміз дейтін қуанышты аңғару қиын емес...

Азаттықтың жолы, тәуелсіздіктің жолы қандай ауыр, қиын жол болғанын, ата-бабаларымыздың сол сапарда “қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ” (А.Байтұрсынов) теңіз кешкенін, “тар жол, тайғақ кешулерден” (С.Сейфуллин) өткенін, “мың өліп, мың тірілгенін” (Ж.Молдағалиев) кейінгі ұрпаққа айту, түсіндіру, ұқтыру – парыз.

Мұстафа Шоқайдың: “Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын Қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талан-таржысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады” (30,133), – деп шырылдаған жанайқайына құлақ асатын қазақ зиялыларының қатары бірте-бірте сирей берген еді...

«Әдебиет және өнер мәселелері»,  
2003 ж.

## ІЗДЕГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Ақын Мұратбек Оспановтың “Жырұйық” атты өлеңдер, балладалар, элегиялар, сонеттер топтастырылған жыр жинағы Семейден 2005 жылы жарық көрген екен. Бұған дейін “Сандықтас”, “Дүние дидар”, “Сүмбіле” жыр кітаптарын оқырмандарына ұсынған Мұратбек ақынның даусы айқын, шығармашылық жолдағы ізденістері нәтижесін бере бастағаны байқалады. Әрине, Асан қайғы іздеген Жерұйық пен Мұратбек ақын іздеген Жырұйықтың романтикалық ұқсастықтары болса да, екеуі екі бөлек әлем. Десе де, егемен қазақ елінің, ұлттың, ұрпақтың мүддесі тұрғысынан қарағанда, соңғысы рухани құндылықтың көмбесін іздеуге саяды.

“Жырұйыққа” алғысөз жазған Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әли мынадай бір түйінді тұжырым жасапты: “Жалпы, Мұратбектің шығармашылығы негізінен азаматтық лирикадан тұрады”. Бұған осы жинақты аударатөңкере оқып шыққанда біздің де көзіміз анық жетті. “Жырұйық” жыр кітабының құлақ күйі де сол азаматтық лирикаға лайықталған. Негізгі идеясы, ішкі сарыны да елдік мұрат-мүдделерден туындап, елдік арман-аңсарлармен ұштасып жататынын аңғарамыз. Мұратбектің қолына қалам ұстап жыр әлемінің сиқыр сарайының есігін ашқан тұсы – өткен ғасырдың дағдарысты кезеңдерімен, еліміз Тәуелсіздікке

қол жеткізген жылдарымен және жаңа ғасырдың бетбұрысты мезеттерімен қауыша үндесуінің өзінде табиғи заңдылық бар. Ғасырлар тоғысында Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық қиын өткелдерден өткендігі және мұның замандастарымыздың рухани жан-дүниесінде терең із қалдырып, қамырықты күй, күйзелісті сарындар тудырғаны белгілі. Ал еліміздің Тәуелсіздік алуымен бірге:

Елім де еркін, өзім де еркін,  
Шырындай тәтті сезімге ердім.  
Қамығып жүрген қара ұл едім,  
Қайтадан бүгін өмірге келдім! –

деп ақын қуанышын жасыра алмай, әлемге жар салады. Алайда, дімкәс Даланың дертіне дауа іздеген кезде қайтадан мұңаяды:

Аңырап өткен Алашты білем,  
Атомнан жеткен азапты білем.  
Қабағың қайта ашылса деп ем,  
Халқымның алған азат күнімен!

Ақын өзін алып Қазақстанның бір бөлшегімін, жаңа ғасырдағы жылт еткен жақсылықтарының үшқынымын, Жер-Ананың денесіне түскен жарақаттың емшісімін, замандастарымның ой-санасындағы алуан өзгерістерді бар бояуымен өлең кестесіне түсірер жыршысымын деп сезінеді және сол мақсатының туын жоғары ұстайды.

Сондықтан да ол “Күшік ой” туралы толғанса, үшке бөлініп, ісі мандымаған қазақты сынайды, “әр төбеге ту қадап” бөлшектенуден ештеңе ұтпайтынымызды еске салып, бірігуге үндейді, тарих сабағынан тағылым табуға шақырады. “Жолдама” деп толғанса, сонау кеңестік дәуірдегі шұбартаулықтар бастамасымен Томарашыдағы комсомол-жастар шопандар бригадасына барған кезін бүгінгі күннің биігінен бағамдайды да: “Санасында сапырылысып сан ойлар, // Календарьдан өткен күнді санайды әр. // Омырауға орден қадап мез болды, // Осыларды малға айдаған ағайлар!” – деп уақыт үкімін шығарады. Жас ұрпақтың атынан айыптау сөзді айтады.

“Жаңа ғасыр” деп толғанса, бүкіл әлем жаңалықтарын алдына жайып салатын интернеттің ұрпақ тәрбиесіне тигізер пайдасы мен зиянын салмақтайды. “Басымызды Батыс алса дұғалап”, қыр баласының қазаққа жаны қалай ашитынын ойлап қамығады...

Мұратбектің осы “Жырұйықтағы” бір жүйе балладаларын бөліп айтуға болады. Балладаның баяндау тәсіліне ыңғай танытқан ақынның ұтқан тұстары көп. Оқиғалы өлеңнің шартына сай басталуы мен аяқталуын дәл өлшеп, артық сөзге көп ұрынбай, әдемі әзілмен тұздықтап отырып көл-көсір ой айтумен қоса, сезімнің нәзік пернелерін де дөп басатынын байқаймыз. “Есберген. Егінжай. Елес”, “Қызылша. Құмарбек. Қызу іс”, “Нарынқол. Топай торы. Адасу”, “Ақпан. Ақ қозы. Ақтан”, “Батыр бабаның Семей

сапары”, “Жаралы Жолбарыс”, “Арман. Ақыл аға. Алғашқы қолтаңба”, “Қара шәлі”, “Махаббат вальсі”, “Сұржекей”, “Ақ бұлақ”, т.б. бірінен соң екіншісі баурап, жетелеп отырады. Мұратбектің қаламы дәл осынау оқиғалы өлеңдерге, балладаларға, элегияларға келгенде жүрдек те жатық. Алуан түрлі бояуларды да орнын тауып қолданады. Ес білген шақта, елеңдеп, Есбергенге еріп, егінжайға барғанын еске түсірсе:

Сарыарқада салқын түскен күз еді,  
Собығында сарғаяды жүгері.  
Егінжайға ертеменен жөнелер,  
Есбергеннен қалмайтынмын бір елі –

деп. Немесе, қызылшашылардың қосына бұрылса:

Құранды ерге қисайған Құмекең осы,  
Қасына ерген қалжыңқой Жүмекен досы,  
Бригадир мен есепші қатар келгенде,  
Ұйқыда жатқан жалқаудың дір етер қосы –

деп. Немесе, халық әншісі Мәдениет Ешкееевтің рухына тағзым етсе:

Бізге жеткен Жүсекеңнің көзі еді,  
Әуелетсе Әміренің өзі еді.  
Өгей шеше сияқтанған өмірден,  
Ол да өтті өртке толып өзегі! –

деп оқырманның ойын әр қияға жүгіртіп, әр қилы көңіл ауанына түсіріп, әр қандай сезім күйлерін бастан кешіртеді.

Мұратбек Оспановтың өлеңдерін оқып отырғанда қаланың қым-қуыт тіршілігінен, үлкен жолдардың үстінде қайшы алысқан автомобильдердің ызы-шуынан алыстатып, ауылға деген аңсар-сағынышты оятатын, ауылдың жусанының бұрқыраған иісін сағынтатын, тіпті, біразы нақ сол шалғай түпкір, қиян шеттегі ауылдарда туған өлеңдерімен сырласып, жақсы әсер аласыз. Мұратбек Семейдегі үйінің терезесінен қарағанда алыстағы Шыңғыстау, Жидебай, Қарауылды көреді. Тіпті, қатты құлазыса, Семей мен Қарауылды жалғап жатқан қасқа жолман өрге қарай, биікке қарай кетіп бара жатады. “Биіктік” атты бір өлеңінде дәл осылай деп жазады да:

Қара жолменен жоғары шығып келемін,  
Шыңғыста кеудем толады үмітке менің.

Оның ойынша, Абай да, Шәкәрім де, Мұхтар да атағы әлемге жайылған себебі – аласармаған! Жидебай – жер кіндігі, ал алыптардың бәрі биікте туып, биікте қалады дегенге саяды. Ақын оқырманды ой таластыруға, пікір жарыстыруға шақыратынын дәл аңғарасыз. Бірақ, бұл ретте, оның ой топшылауын жоққа шығару қиын. Логикаға жүгіндірген амал-тәсілін

түсінесіз де, биіктік философиясына бұл ақындық көзқарасты да құптап қабылдайсыз.

Жыр кітабындағы жүрекке жылы тиетін, белгісіз бір сиқырымен баурайтын өлеңдер топтамасы – “Ел ішіндегі элегиялар” деп аталады: “Сол ақын”, “Айтқали”, “Тұрарбек”, “Мағи”. Ауылда алғаш рет тірі ақынды көргендегі әсерін Мұратбек былай сипаттайды:

Қос қолын созып сырласқан сынды Алламен,  
Ауызын ашса көмекейінен тамды өлең.  
Басшы біткенді бауыздап салған тілімен,  
Ақын дегенді алғаш естідім сонда мен.

Ұлылардың ізі қалған киелі топырақта сөз өнерінің сорабына түскенін, сөз сиқырына ергенін Мұратбек осындай бір елеусіз детальдан бастауында көп мән бар сияқты. Егер ол бірден түсіме Шәкәрім кірді, Абай атам аян берді десе де сенер едік. Бірақ, мынау шағын элегияда шынайылық бар, тазалық бар.

Сондай-ақ, ел адақтап, ауыл-үйді кезіп жүретін дәруіш Айтқалидың бейнесі де бізге таныс-бейтаныс. “Айтқали келе жатыр!” десе, жылаған бала уанатыны, оның ала дорба арқалаған түсініксіз кезбелігі, үлкендердің аяп, мүсіркеп, дәм-тұздарын алдына тосып, аттандыратыны, соның бәрі “бір перзенттің жоғынан” екендігі, сөйтіп жұрт өсегіне ілігіп, жұмбақ тағдыр кешкен жанға аяныш сезімін оятады.

Немесе, “Қарауылдан көруші едім оны мен, // Балдырғандай нұры тамған өңінен, // Кебек батыр ұрпағына ұқсайды, // Кесек тасты үгіттеді қолымен” деп суреттейтін Тұрарбекті еске алса, өтеусіз еңбек, қайырымды қара күштің иесі, алданғаны Алладан қайтатын (кейде қайтпайтын!) ақжүрек ауыл адамы көз алдыңызға келіп тұра қалады.

Ал Мағи ше? Өмірде жолы болмаған, бейуақта беймәлім шалық шалған пенде, қара шашын жайып жіберіп, әне бір үйдің бұрышынан сығалап қарап тұрғандай: “Адамдармен араласпай, қосылмай, // Тағы тірлік кешкен екен осындай. // Басындағы соры қалың деуші еді ел, // Тобығына түскен ұзын шашындай”...

Мұратбек өткенге үңілсе де, бүгіннен түңілсе де, ертеңнен үміттенсе де суретші-ақынның көзімен қарайды екен. Бұл – өнер жолындағы өз қолтаңбасын қалыптастыра бастауының бірінші шарты. Адам Жерұйықты да, Жырұйықты да өмір бойы іздеп өтуге тиісті. Сол сапардың өзі, сол мақсаттың өзі құрметтеуге лайық. Барлық адам мына дүниеден ақын-суретші сияқты сұлулық іздеп, сұмдықтан жерініп өтсе деп ойлайсың. Өмірдің мәнін басқаша қалай түсінуге болады?!

«Әдебиет айдыны»,  
2006 ж.



## ОТАНДЫҚ ОТБАСЫ ФОЛЬКЛОРЫНА ОРАЛУ

Халқымыздың ұлттық фольклоры – ғасырлар бойы жинақталған сарқылмас бай қазынамыз, телегей теңіз рухани құндылықтарымыз. Ал сол бай әдеби мұрамызды зерделеп-зерттеушілер қай кезде де саусақпен санарлықтай болғанын байқаймыз. Тіпті, қазіргі кезде де фольклортану ғылымына бел буып, бекем шешім қабылдап, дарияға қайық салып жатқандар онша көп емес. Осы орайда, филология ғылымдарының докторы, фольклоршы, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Кенжехан Ісләмжанұлы Матыжановтың «Қазақтың отбасы фольклоры» атты монографиясы («Арыс» баспасы, 2007) ыждағатты ғылыми ізденістердің нәтижесінде туған, іргелі ғылыми еңбек,

Бұл қазақтың отбасылық ғұрып фольклорына арналған арнайы зерттеу болғандықтан, алған тақырыбын барынша мол қамтыған, кең қаусырған, тереңдете талдаған. Жалпы, біз көшпелі өркениеттен неғұрлым алыстаған сайын, соғұрлым ата-бабаларымыз аманаттаған салт-дәстүрлерімізден, наным-сенімдерімізден, ұлттық рухани ұстанымдарымыздан айрылып бара жатқан сияқтымыз. Ұрпақ тәрбиесінде өлшеусіз зор әсер-ықпалы болған отбасылық ғұрып фольклорының бастау көздерін танып-білу бүгінгі қазақ қауымы үшін де қажет, тағылымды.

Ғалым Кенжехан Ісләмжанұлы қазақтың отбасылық ғұрып фольклорын зерттеу нысанасы етіп алғанға дейін-ақ қазақтың фольклорлық балалар поэзиясына ат ізін салды. Жәй ғана ат ізін салып қойған жоқ, зерделеп зерттеді, ғылыми пайымдауларын, тың байламдарын ұсынды. Нәтижесінде «Рухани уыз» атты ғылыми еңбегі (Алматы, 1995) жарық көрген болатын. Яғни, ғылымдағы сатылап өсудің, зерттеу нысанының аясын бірте-бірте кеңейтудің де айқын мысалын аңғарамыз.

Бұл еңбекте отбасылық ғұрып фольклорының жиналу, жариялану, зерттелу тарихнамасы, жанрлық сарасы, терминологиялық жүйесі, поэтикасы, этнографиялық байланыстар типологиясы қарастырылған. «Отбасылық ғұрып фольклорында елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүріне қатысты тұрмыстық мән мен көңіл тербетерлік лирикалық астар домбыраның қос ішегіндей қатар тартылып отырады» -- дейді автор. Бұл, Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, // Өлеңмен жер қойнына кірер денең...» дейтін философиялық тұжырымымен тамырласып жатқан ой. Шынында, қазақ отбасының бүкіл көшпелі өркениеттегі тыныс-тіршілігін, кешегі дәуірдегі наным-сенімін, тіпті, қазіргі дамыған қоғамдағы тұрмыс-салтын өлеңсіз көзге елестету қиын шығар. Соның бәрінің бастауында отбасылық ғұрып фольклоры жатқанын К.Ісләмжанұлы нақты да нанымды ғылыми деректер арқылы дәлелдеген.

Тақырыптың тарихи тамырларын зерделегенде автор отбасылық фольклордың бастау көздерін ежелгі дәуірлердегі тарихымыздан, көне түркі заманындағы тасқа бәдізделген, одан кейінгі жазба деректермен қағазға түскен, археологиялық, этнографиялық, фольклорлық аса құнды мол мұраларымызбен сабақтастыра қарауы өте орынды.

«Туу – ер жету – өлу» үштағаны – отбасы фольклорының ұйытқысы» екендігіне баса назар аудартқан ғалым жанр табиғатына қатысты да соны ойлары мен пікірлерін ортаға салады. «... Қазақ фольклорының жанрлық түрлерін алғаш рет арнайы жинап, барынша тұтас хатқа түсірген және ғылыми пікір айтқан ғалым В.В.Радлов болатын» дей отыра автор, жалпы, отбасылық ғұрып фольклорына қатысты материалдардың жиналу, жариялану, зерттелу жағдайын егжей-тегжейлі қарастырған. Осы ретте, ғылымның бұл саласында еңбектенген ғалымдардың қазақ фольклортануына қосқан өлшеусіз зор үлестерін де алға тартып, атап өтеді.

Атаулар мен ұғымдардың мағыналық аясы, оларды жүйелеу, ретке келтіру, ғылыми таным мәселелері жан-жақты сөз болады. Бұл орайда, автордың алған тақырыбын аша түсу үшін түзген «Отбасылық ғұрып фольклорына қатысты қолданылып келген терминдер кестесі» де назар аудартады. Яғни, бұған дейін фольклортанушы ғалымдар отбасылық ғұрып фольклорына қай қырынан келді, қай қырынан зерттеді, қай тұрғыда ұстаным-пікір-қағида қалыптастырды – бұған зерттеуші зор мән берген.

А.Байтұрсыновтың, М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің, Х.Досмұхамедұлының, 1960 жылғы Қазақ әдебиеті тарихының, Б.Уахатовтың, С.Қасқабасовтың, Б.Абылқасымовтың, Ш.Ыбыраевтың, Г.Болатованың қолданған терминдік атаулар жүйесі жинақталған. Әрине, оларда ұғымдық ұқсастықтармен қоса, атаулық алшақтықтар да бар. Мұның бәрін ғылыми таным сүзгісінен өткізген ғалым, нәтижесінде, отбасы фольклорының жанрлық сарасын былай жүйелейді:

1. Әлпештеу фольклоры: бесік жыры, сәбилік салт жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары.

2. Үйлену фольклоры: той бастар, жар-жар, сыңсу, аушадияр, беташар, неке қияр.

3. Азалау фольклоры: арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау.

Әлпештеу фольклоры. Таудың мөлдір бұлағындай сылдыраған, бүлдіршіндердің тәтті қылықтарымен өрілген, ата-ананың мейірім-шапағатына бөленген, ұрпақ тәрбиесіне қатысты наным-сенім, салт-дәстүрдің барлығын бойына жинақтаған әлпештеу поэзиясы қазақтың отбасылық ғұрып фольклорында үлкен орын алатынына көз жеткіземіз. Бай материалдар негізінде баянды ғылыми байламдар, ғылыми тұжырымдар жасалған. Сонымен қатар автордың «Онда поэзия шарттарына лайық кемел көркемдік болмағанмен, бала санасына, сәби жанына лайық тәрбие өскінін себетін халықтық педагогика нәрі мол» деген пікірімен де келісесіз.

Үйлену фольклоры. Екі жастың үйлену тойында атқарылатын ғұрыптарға байланысты өлең-жырлардың мазмұны да бай, мағынасы да әралуан. Зерттеуші бұл орайда да ұлттық отбасы фольклорының мол қазынасынан көптеген мысалдарды келтіре отыра, дәл осы тақырыптың зерттелу, насихатталу, жетілдірілу жағдайына да көп көңіл бөлген. Бір ғана той жырының өзі уақытқа, қоғамдық ортаға, тіпті заманға сай жаңа бояу, өзгеше реңк тауып, байып отырады. Автор «Той жырлары метафораларға, символдық қолданыстар мен эпитет, теңеу сияқты көркемдік айшықтарға да

өте бай» дейді. Оның сырын адам жанының ішкі мұңын, қуанышын, толқуын шертетін лирикалық-психологиялық табиғатынан іздейді.

Азалау фольклоры. «... Қазақтың азалау жырлары арыздасудан басталады» деп, осы бір ежелден келе жатқан, етене мазмұнды, ерекше көркем жанрдың сыр-сипатын ашуға көп дайындықпен келген ғалым оның түр-түріне кеңінен тоқталады. Арыздасудың өсиет өлеңге, естіртудің тұспал өлеңге, көңіл айтудың жұбату өлеңге қалай ұласатынына да мысалдар көп. «Аза жырларының ішіндегі ең шоқтығы биігі – жоқтау. Көлемі жағынан да, көркемдігі жағынан да, тарихи мән-мазмұны жағынан да, көнелігі мен өміршендігі жағынан да онымен үзеңгі қағысатын жанр кем де кем» деп түйінді ой айтады. Азалау фольклорының отбасылық ғұрып фольклорында алатын орнының бөлектігіне ғылыми дәлелдеулер мен дәйекті тұжырымдар арқылы оқырманын иландырады.

Кенжехан Ісләмжанұлы отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасын жалпы фольклор поэтикасымен астастыра қарайды. Фольклор поэтикасының өмірлік шындықты бейнелеудегі көркемдік тәсілдерімен тұтастықта талдайды.

Отандық отбасылық ғұрып фольклорына бұл оралудың жөні бөлек, рухани қазынамыздағы тапқанымыз бен толықтырғанымыз, таңдаулыларымыз бен бағалыларымыз ғылыми жүйеге түскен, тиянақты зерттелген. Қазақ фольклортану ғылымына қосылған зор үлес.

«Егемен Қазақстан»,  
2008 ж.

## **РУХТЫ ЖЫРЛАРДАҒЫ УАҚЫТ ТЫНЫСЫ**

Қазақ Елі тәуелсіздігінің жиырма жылы әдебиетімізге, оның күрмеуі көп күрделі саласы поэзияға не берді деген сауалға жауап іздегенде, ең алдымен рух бостандығы деген ұғымнан тиянақ іздейміз. Тәуелсіздік жылдарында қазақ поэзиясы үнемі іштей түлеу, жаңғыру, жаңару үрдісін бастан өткерді. Ата-бабамызға арман, аңсар болған бостандық, азаттық, тәуелсіздік қай заманда да қазақ жырына тың серпін, зор қуат беріп тұратын. Енді сол тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдардағы қазақ жырының ахуалы жөнінде ой толғағанда, ең алдымен рухты іздеу, рухты қайтару, рухтану туралы байыптаған жөн.

Сырттай алып қарағанда, сол қазақтың он бір буын немесе жеті-сегіз буындық өлең өлшемімен жазылған жырлары әлі де жазылуда. Басқа да бұрыннан бар жыр өлшемдеріне, ырғақ, ұйқастарына елеулі өзгеріс ене

қойған жоқ. Ал, енді, мазмұны мен мағынасындағы жаңа тыныс қазақ жырының жаңа дәуірдегі болмыс-бітімін айғақтайды. Поэзияға, оның лирика сынды нәзік жанрына тән бірінші қасиет – заманның, уақыттың тыныс-демін сол мезетте, сол сәтте ұшқырлықпен жеткізе алатыны. Бұл ақындар ылғи алғы шептен табылатынын да дәлелдесе керек. Қазақ жыры Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ атойлап алға шықты. Жаңа дәуірге үмітпен қадам басқан замандастарымыздың күрделі де қиын экономикалық дағдарыстарды бастан кешуі алғашқыда тығырыққа тірегені де рас. Қоғамдық ой-санада одан да ауыр рухани дағдарыстарға ұшыратты. Бұл психологиялық күйзелістер де өлеңнен өзінің өрнектерін тауып жатты. Содан да болар, Тәуелсіздік тақырыбын бірыңғай ақ немесе қара бояумен суреттеу, ашу қиын. Тәуелсіздік жылдарындағы жырларды одан бұрынғы кеңестік дәуірдегі жазылған қазақ өлеңдерінен ажырату үшін заманның лебін, уақыттың демін сезіне білу керек. Тіпті, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында (90-шы жылдар) жазылған жырлардан кейінгі онжылдығында (2000-шы жылдар) дүниеге келген лирикалық дүниелердің табиғатында елеулі айырмашылықтар бар. Бұл лирикалық кейіпкердің, лирикалық қаһарманның жан-дүниесіндегі шарпысқан ой-сезім кернеулерінен аңғарылады. Бұл ақынның рух бостандығына суарылған жырларының ішкі табиғатынан да танылады. «Азаттық ауасы» атты өлеңінде арғы Абылай, Доспамбет, Қабанбай, Бөгенбай, Махамбет, Кенесарылардан бастап, азаттық үшін арпалысып өткен арыстардың есімдерін еске түсіре толғанған ақын Есенбай Дүйсенбайұлы:

Қазақ деген қашанғы Терек бабам,  
Жасарсын деп талына желек тағам.  
Нан да керек, су керек, пәтер керек...  
Бәрінен де бостандық керек маған!

Құл болғым жоқ тағы да басыбайлы,  
Құлқынды ойлап жігерім жасымайды.  
Ақшам аз деп, ашпын деп жыламаймын,  
Азаттығым ауасы-ақ асырайды! –

деп түйіндейді. Осынау өлеңнің бойындағы қазақы ұғым, түсінік, төзім, тәуба оқырманына көл-көсір әсер сыйлайды. «Азаттығым ауасы-ақ асырайды!» деген бір тармақтың бойындағы бостандық рухына тәнті боласыз. Алғашқыда азаттықтың ауасын ғана жұтып жан шақырғанымыз да есте. Бұлай деп тек қазақ ақыны ғана ақжарыла ақтарылса керек. Ой-санасын құлдық, бодандық психология мендеп алған пенделер бұлай деп айта алмайды. Бұл нағыз патриоттық рух, тәуелсіз рух тұнған өлең!

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ жыры қалғып кеткен ұлттық намысты оятуға, шалажансар ұлттық рухты тірілтуге қызмет жасады. Бұл ретте, кеңестік дәуірдің соңына қарай аты да аталмай, ерлігі де әспеттелмей, тарихымыздан өшіп бара жатқан хандарымыздың, билеріміздің,

батырларымыздың ерлік істерін жырлау, еңселі тұлғаларын, сом образдарын жасау арқылы рух шақырдық. Түркістандағы Тайқазан да, Астанадағы Күлтегіннің бітіктасының көшірмесі де, Бәйтерек те, биіктігі 115 метрлік Көк Ту да қазақ рухын асқақтатудың айғағы. Арғы тегімізді танып, бүгінгі келбетімізді көре бастадық. Ақын Исраил Сапарбай «Бас қазан» атты өлеңінде:

Кезінде босқа өртеніп, босқа күйдім...  
Келмейді енді басты басқаға игім.  
Жатырмыз Түркістанға ту тіккелі,  
Күмбезін жарқыратып Йасауидің!

Қаратау сілкіп қалып қырау басын,  
Көгімде көктем құсы тырауласын.  
Оянып Төле, Әйтеке, Қазыбектер,  
Аруағы Абылайдың бір аунасын!

Тапқалы, Тайқазаным, тұрағыңды,  
Аузыма алдым қайта ұранымды.  
Түркістан Бойтұмарым емес пе еді,  
Жоғалтып алмайыншы тұмарымды!..

Бұл не? Бұдан отыз, қырық жыл бұрын осылай деп ой-толғау мүмкін бе еді? Жоқ, әрине. Рухты жырлар жазылуы үшін қоғам, заман, уақыттың да өлшеусіз ықпалы болады екен. Бостандықты сезіну, бодандық санадан арылу біздің замандастарымыз үшін тіпті де оңайға түсер емес. Сондықтан да тәуелсіздіктің тұғырын шайқалтып алмау үшін санадағы жаралар жазылуы керек. Оны емдеудің жолы – ата-баба армандаған азаттықтың қадірін білу, қасиетін сезіну, бағасына жету. Ақын осыны аңғартады.

Ал енді рухты өлеңдер уақыт аясында, заман тынысында дүниеге келетіндіктен, оны тек жоғары пафосты, ұранды, айқайлы, жігерлі, қуатты ырғақтардан ғана іздеу де бір жақты пайымдауға ұрындырады. Намысты оятудың тағы бір жолы ашыну, қамығу үстінде ой қозғайтын жыр-шумақтар. Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Жетім құлын» деген өлеңі бар:

Айдарынан жел еспей кекілдінің,  
Еңку шалды еңіске екінді күн.  
«Протонның» уынан енесі өлген –  
Көлеңкеде жылайды жетім құлын.

Тамылжыса таң нұры кие көрген:  
Бір-біріңе қос мұңлық, сүйенер ме ең?  
Жетім құлын иесі – жесір әйел –  
Өз-өзіне қол жұмсап күйеуі өлген.

Үміт жібі үзілсе – үгілер ең,  
Ғұмырыңның батқандай жүгіменен.  
Жетім құлын қаңғиды әр аулада,  
Жесір әйел жылайды түніменен.

Еңсең езіліп, егіле күйзеліп отырып оқисың. Ақын да сол халді бастан кешкен. Лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіндегі жетім тағдырға, сондай халге ұшыратқан заманға, қоғамға деген ішкі жан айқайы, наразылығы, ашу-ызасы бірте-бірте оқырманның өз мұңындай, өз шеріндей күйге ұласады. «Неге бұлай?», «Ел емеспіз бе?», «Жетімдерін жылатпаған ел едік қой! Енді неге шарасызбыз? Енді неге қолымыз байлаулы?» деген нөпір сауалдар қыспағында аласұрасыз.

Бұл да рухты оятатын өлең. Бұл да тәуелсіздік жылдарында жазылған, уақыттың табы бар, замананың құбыла соққан желінің уілі естіліп тұрған өлең. Намысыңды қайрайды, шамырқандырады, ширықтырады. Жүрекке салмақ салады. Өлеңнің бойындағы өрт, жырдың жасырған жасыны дегеніміз – осы.

Өлеңнің өзегіндегі қайсарлық, жігерлі рух бүгінгі қоғамдағы ірі саяси, тарихи, мәдени, т. б. оқиғалардың ортасында болып, биік мінберден тіл қатып, кесек тақырыптарды бағындырудан да байқалады. Кейде қатардағы лирикалық кейіпкердің қарапайым көңіл күйінің толқынынан да уақытпен үндес рухты өлеңдер туады. Ақын Шәкізада Әбдікәрімовтың «Жылдарым ай!» атты өлеңі осы санаттан.

Жылдарым-ай!  
Заманамен үндескен!  
Аллаңызбен анадайдан тілдескен.  
Айдаһардың арқасында мызғып ап,  
Жолбарыстың жотасында міңгескен.  
Жылдарым-ай!  
Айнымаған антынан,  
Қара суда қаймақ болып қалқыған.  
Талай рет толғап жұтып қойса да,  
Арыстанның бітеу түскен артынан!  
Жылдарым-ай!  
Махаббатқа мас болған,  
Ләйліп шығып «Ләйлі-Мәжнүн» –дастаннан!  
«Қособада» Бекежанды байлап ап,  
Қыз Жібектің ақ білегін жастанған!  
Жылдарым-ай!  
Шарап ішіп шайқалған.  
Ақкөңілге ай құшағын айқарған,  
Айқай салса, ісіп-кеуіп алқымы,  
Алты қырдан алпыс құлан қайтарған.  
Жылдарым-ай!  
Шындық үшін түнерген,

Шырқай шапқан сирақтағы шідермен,  
Бақастығы бастан асқан бастықтың,  
Байқаусызда бетін бұзып жіберген,  
Жылдарым-ай!  
Жын перідей жұлқынған,  
«Өлемін» деп отқа қарай ұмтылған.  
«Мың жылда да мал болмайды мынау деп,  
Маңғаз ағай мысқылдаған сыртымнан,  
Жылдарым-ай!  
Қалып қойған түз белде,  
Енді мені сұрау салып іздер ме?  
...Үрпиеді ұл-қызым мен жұлдызым,  
Қалай аман жеткенсің деп біздерге?!

Өлеңді ұзақтау болса да тұтас келтірдік. Оның себебі – бұл бұзып-жарып, бөлшектеуге келмейтін көңіл-күй лирикасы. Мұнда лирикалық кейіпкердің арман-мұңы да, өкініш-өкпесі де, өрекіп-шалқуы да, сабасына түсуі де жарасымды. Өсіре айтса да өмірдің шынайы суреттері, өрбіте санамаласа да жазмыштың маңдайға жазғандары ақындық қуатпен ақтарылады. Албырт жастықтың, арынды ақындықтың арнаға сыймайтын шеңберді бұзып өтіп қана жай табатын асқақ мінезі бар. Шеңбер бұзу қоңыртөбел ғұмыр иесі қатардағы пенденің қолынан келмейді. Ал ақынның ғұмыры қалыпқа салуға келмейтін, өлшемдерге сыймайтын, асау, арда, үнемі дауылдың, жаңбырдың, өрттің ортасына өзі барып түсетін өзгеше тағдыр. «Жылдарым-ай!» тағдырлы өлең болғандықтан, біртүрлі ыстық, біртүрлі жақын. Өнер адамының кешегі және бүгінгі қоғамдағы өмірі туралы ойға жетелейді.

Тәуелсіздік жылдарындағы рухты жырларды дін исламға бетбұрыстан да байқаймыз. Бұл өзі кеңестік дәуірде мүлде тиым салынған тақырып болды да, тіпті, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегеніне құлақ аспадық қой. Енді, міне, мұсылман үмбеті болғандықтан, бүгінгі ұрпақтың атынан ақындар дінімізге де, ділімізге де жаңа көзқарасты білдіруде. «Мұхаммедті растау» атты өлеңінде ақын Маралтай Райымбекұлы былай дейді:

А, дарига,  
Батар Күнге бататын,  
Ант етейін атар таңға ататын.  
Күллі Әлемді тізерлетер алдыңа –  
Мына менмін, айналайын, Отаным!

Қатер төнсе қазақ дейтін ұлысқа,  
Қаламымды айырбастап қылышқа,  
Сенің қаның менің қаным болған соң,  
Ең бірінші мен кіремін ұрысқа.

Мен туғанмын  
ер Мұхаммед өлген күн,  
Мен болмасам  
жүрегінді емдер кім?!  
Хақ Мұхаммед айтып кеткен кешегі,  
Келеді деп...  
Келген ақын,  
сол – Менмін!

Бұл өлеңдегі ақындық мінез де өр, азаматтық рух та жоғары. «Мұхаммедті растаудың» кілтін де өзінше тапқан. Дін исламға да шет емес. Ең бастысы, асқақ рухтың қазақ ақынының жырынан бейнелі көрініс беріп тұрғаны илантады. Тәуелсіздік дәуірінде осындай рухты өлеңдер дүниеге келуде және келе бермек. Өйткені, азат ойдың, азат сананың заманына қадам бастық. Ақын ұлттық рухтың жоғарылауынан, ұлттық намыстың қайралуынан қуат алуда. Ендеше, уақытпен таласа туатын рухты жырлардың ғұмыры да ұзақ болғай.

2011ж.

### «...ӨЛЕҢДІ ҚАЙТП ҚОЯРСЫҢ»

Жидебайдағы қыстауында, қыстың ұзақ түнін жамылып, май шамның жарығымен, жападан жалғыз отырып Абай жазған өлең ғой бұл!.. Қаншама буын, қаншама толқын алмасты одан бері. «Осы өлеңді не үшін жазам?» деп тебіренген, толқыған, тығырыққа тірелген, түңілген, қайтадан тал қармаған, тек өлеңнен таяныш, тірек тапқан ақын аз ба?!

Қазақ өлеңі еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда да кең тыныс ашып, жаңа ырғақ, үйлесім тауып, рухани байлығымызды толықтыруда. Рас, ақындардың маңдай терінің өтемі болмай тұр. Кітаптарының таралымының аздығы жөнінде, қаламақының құтаймай қойғандығы жөнінде айтсақ, бұл бір бітпейтін жыр болды. Сонда да жыр жинақтары жыл сайын шығуда: мемлекеттік тапсырыспен де, жекешелік ұсыныспен де. Бірақ соның ақ-қарасын айырап, жіліктеп талдар, сараптап саралар әдеби сынымыз азусыз. Тек қана мерейтойлық мақалалар жиі төбе көрсететіп жүр.

Ең алдымен айтарымыз, тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетімізде қазақ поэзиясының қуаты кеміген жоқ деп өзімізді өзіміз алдарқатып жүрген сиқтымыз. Өйткені, өлең оқымайтын, өлеңді түсінбейтін, өлеңді рухани қажетіне жаратпайтын тұтас жаңа буын өмірге келуде. Өлеңге қойылатын жоғары талап байқалмайды. Рухани сұраныс кемуде. Оның есесіне қалталылардың қамқорлығымен ортақол өлеңдерді кірпіш кітап қылып шығару үрдісі белең алуда. Оған қой деп жатқан ешкім жоқ. Мынауың не дейтін тірі пенде төбе көрсетпейді. Өз кезегінде бұл оқырмандардың талғамын бұзуға тікелей әсер етуде. Нағыз өлең қайсы, нашар өлең қайсы – оны ажырата алмайтын оқырманға сырты жылтыр, мұқабасы әдемі кітаптарды тоғытып шығарудамыз. Бұл қазақ поэзиясын өсіру үшін



емес, өшіру үшін жасалып жатқан әрекет тәрізді. Осындай теңгермешілдіктің салдарынан ақындық қуат кемуде, ізденіс азаюда, салғырттық белең алуда.

Соңғы бір-ер жылдардағы өлең өнімдеріне әдеби шолу жасамақ ниетпен баспасөзде жарияланған, жеке жинақ болып шыққан біршама туындыларды қарап шықтық. Бәрін бірдей қамтыдық дей алмаймыз. Жақсы шығармалар жоқ емес, бар. Бірақ солар баспасөз арқылы болмаса, кітап болып оқырмандарына жетіп жатқаны неғайбыл. Шағын таралыммен шыққан кітаптары авторлардың өздерінен артылмайды. Мерзімдік баспөзде көрінген Тұманбай Молдағалиевтің, Сәкен Иманасовтың, Рафаэль Ниязбековтің, Исраил Сапарбайдың, Иран-Ғайыптың, Есенбай Дүйсенбайұлының, Нұрлан Оразалиннің, Жәркен Бөдешұлының, Қуандық Шолақтың, Темірше Сарыбайұлының, Жүрсін Ерманның, Ұлықбек Есдәулеттің, Зайда Елғондинованың, Аманхан Әлімнің, Ғалым Жайлыбайдың, Қасымхан Бегмановтың, Бауыржан Жақыптың, Әбубәкір Қайранның, Есенқұл Жақыпбековтің, Жанат Әскербекқызының, Жарас Сәрсектің, Бақыт Беделханұлының, Бақытжан Алдиярдың, Бақытбек Бәмішұлының, Кәдірбек Құныпияұлының, Роза Сейілханның, Мұратхан Шоқанның тұщымды жыр топтамаларын атап өткен ләзім. Иmandылық, дін мұсылман тақырыбына көбірек қалам тартып жүрген Өтеген Оралбайұлының, Ақылбек Шаяхметтің, Бақтыбай Айнабековтің, Құл-Керім Елеместің, Дәулетбек Байтұрсынұлының, Хамза Көктәндінің сәтті ізденістерін байқадық. Рухты дастандарымен ерлікті, батырлықты, елдік мұраттарды биікке қойып жырлап жүрген Несіпбек Айтұлының шығармаларындағы көркемдік шешімдері көңіл қуантады.

Соңғы жылдарда шыққан өлең кітаптардан менің қолыма тигені мыналар: Оразбай Байбақұлының «Іңірдегі иірім», Рафаэль Ниязбековтің «Кемеңгер», «Қағанат», Ғалым Жайлыбайдың «Тобылғыжарған», Темірғали Көпбаевтың «Аңсар», Хамза Көктәндінің «Ақтолғай», Әлібек Шегебайдың «Ақ қауырсын», Аманғазы Кәріпжанәулетінің «Жүректегі жұлдызым», «Желтоқсан жыры», Ғалым Әріптің «Жұлдыз-ғұмыр», «Ақын арманы (азабы)», Ғалым Қалибекұлының «Ақ кербез», Ақылбек Шаяхметтің «Мінәжат», Батық Мәжитұлының «Ататолғау», Баян Бекетованың «Ұйықтамайды жұлдыздар», Серік Қалиевтің «Уақыт керуені», Толыбай Абылаевтың «Арал атландидасы», Бақтыбай Айнабековтің «Мұғжиза», Дәулетбек Байтұрсынұлының «Ләтипа лүпілі», Қорғанбек Аманжолдың «Мешітті ғалам», Сайлау Жылқыбаевтың «Боз талда қалған қолтаңба», Мағиза Құнапияқызының «Қызыл шолпы», Монғолиядағы қазақ ақындарының «Байбесік тұмалары», т. б. жыр жинақтары... Бұлардың сыртында әртүрлі баспалардан жарық көрген әлденеше жыр жинақтары болуы әбден мүмкін. Қолымызға тимегендіктен, оларды атай алмадық.

Қазақстан Жазушылар одағының Поэзия кеңесінде жаңа кітаптарды талқылау орайымен болып тұрады. Жоғарыда шығармалары аталған Төреғали Тәшеннің, Қорғанбек Аманжолдың, Аманғазы Кәріпжанәулетінің, Серік Қалиевтің және Ермұрат Зейіпханның, Саят Қамшыгердің, т.б. жыр кітаптары жөнінде әріптес ақындар пікірлерін білдіріп, талқыға салып, ой

бөліскен болатын. Мұндай талқылауларға арнайы баяндамашы белгілеп, тыңдаған кездеріміз де болды.

Ақын Темірғали Көпбаев ұлттық рухты, халықтық мұратты арқау еткен өлеңдерімен соңғы жылдарда оқырмандарының алдына жиі шығып жүргендігіне куәміз. Бірнеше жыр жинақтары жарық көрді. Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев жыр кітаптарына оң бағасын беріп, алғысөз жазды. Биыл бес белестің биігінен қараған ақын «Аңсар» атты туындысымен есеп беруде. Кең тынысты, алуан бояулы дастандарымен қоса, сан түрлі тақырып тауып, тақырыптың астары мен тысын ақтарып, адам көңіл-күйінің қалтарыстарындағы нәзік пернелерді дөп басатын өлеңдерімен ол өзінің өсу үстіндегі, ізденіс үстіндегі ақын екендігін дәлелдеген. Ізденбеген ақын қай жаста болса да тоқырайды. «Ақыл-ойға маза-тыным бермейтін» Темірғали ақынның тегеурінді жырларына оқырмандары да тәнті болар деп ойлаймыз. Ол «Мен мәңгілік азапқа да көнермін, // Тұқырта алмас тағдырдың сан әуресі. // Тәңір сүйген құдіретті өнердің // Жүрегімде жүрсе бір тал сәулесі» десе, иландырады.

Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Тобылғыжарған» кітабындағы «Түркіменнің төрінде» топтамасы біртүрлі көзге жылы ұшырайды. Бұл алыс, жақын шетелдермен барыс-келіс, алыс-беріс саябырлап, рухани, әдеби байланыстар үзіліп қалған соңғы жылдардағы қарым-қатынастың қайта жаңғыруына мегзейтіндей. Әйтпесе, ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясында достық сапарлардан туған мұндай жырлар топтамасы жаңа арна тауып жататын еді. Сапар сазынан туған мұндай өлеңдер аңсар мен сағынышты қатар оятады. Мақтұмқұлының мақамын жадымызда жаңғыртқан жырларды да оқып, көңіл төріне қондырдық.

Ақын Рафаэль Ниязбековтің ұлт намысын қайрап, ұлт тағдырына алаңдап жазған өткір жырлары уақыт мінберінен оқылып, оқырмандарының ой-сезімдерін оятуға қызмет етуде. Бұдан бұрын Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына орайластыра 200 өлең арнап, қалың кітап шығарған ақын Рафаэль 2011 жылы ұлт перзенті, қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың 100 жылдығы қарсаңында «Кемеңгер» атты кесек туындыны өмірге әкеліпті. «Жалын» баспасынан шыққан 496 беттік кітап, әрине, ақынның тынымсыз еңбегінің, өлшеусіз тер төгуінің нәтижесі. Жалпы ақын кемеңгерліктің өлшемін қарапайым өмір ұшқындарынан, қарапайым тіршілік толқындарынан табуға тырысқан. Қоғам қайраткерінің алып тұлғасын ашу үшін оны өз заманы, қоғамы, ортасынан бөліп алып қарамайды. Кеңестік дәуірдің күрделі де қайшылықты суреттері кейіпкер табиғатымен біртұтас екендігі де жыр табиғатынан аңғарылып тұрады.

Сондай-ақ, Рафаэль ақынның шығармашылық қуаты «Қағанат» өлеңдер жинағынан да жақсы танылады. Ол «Толқында туғам шыңдалып, // Таңертең тұрам нұрланып. // Ұлы Абай жаққан бір сәуле // Кеудемде менің тұр жанып» деп те сендіре алады. «Жол тартқанда баянды баққа қарай, // Дұшпан қанша шоқ салған шапқа талай. // Билік төмен тұқырта берсе егерде, // Қазақ рухы қонады атқа қалай?!» деп сынай да алады.

Алыс Маңғыстауда тұратын ақын Ғалым Әріптің ойлы өлеңдерге көбірек ойысатынын байқадық. Ол ой мен сезімді қатар өріп, азаматтық үнін, перзенттік дауысын жеткізуге тырысады. «Қарақан бастың қамымен, // Қорғалай берме, қандасым. // Қазақтың атқан таңы мен // Азаттық жолын таңда шын» – деп тебіренеді ол. Шымкенттік шайыр Хамза Көктәндінің «Ақтолғай» атты қос томдығы ағыл-тегіл төкпе жырдың басын құрайды. Ақынның назарын аударған кез-келген нәрсе, оқиға, тақырып тоқтаусыз өлеңге айналып кететіндей әсер қалдырады. Сол тақырыптар жырланғанда кейде кемерінен асып, төгіліп жатса, кейде орта түсіп жатататын да кездері бар.

«Дүние тұнып тұрған жыр екен ғой, // Тал түгіл, тастың өзі тірі екен ғой. // Ағынын тіршіліктің аңғардың ба, // Аспан-жер күбірлесіп тұр екен ғой» деп табиғаттың таңғажайып дидарынан өлеңге өрнек табатын ақын Батық Мәжитұлының «Ататолғау» жыр кітабына әр жылдарда жазылған туындылары енген. Тақырып ауқымы кең, үні ашық. Қыз назын, әйел әлемін жырларына үнемі арқау етіп келе жатқан ақын Баян Бекетованың «Ұйықтамайды жұлдыздар» атты жаңа жинағы мазмұнға бай, сырға кенен.

Арқалы ақын Аманғазы Кәріпжанәулетінің «Желтоқсан жыры» атты кітабынан азаттық үшін арпалысқан лирикалық кейіпкердің ішкі жан-дүние әлеміндегі буырқанған сезімінің бояуларын танимыз. «Шындықтың да шайылып кетті аралы, // Пенделіктің ызғары бет қарады. // Мен мезгілге, Мезгіл де маған сыймай, // Сәйкессіздік аяусыз жеп барады» деп шамырқанған ақын көбінесе атойлы мінберден сөз арнайды. Алғашқыда айтыс ақыны ретінде танылған Серік Қалиевтің лирикалық өлеңдері де сыршылдығымен баурайды.

«Атқан таңның құзырындай, // Батқан күннің қызылындай, // Тобылғылы қамшысындай, // Сағыныштың тамшысындай // Осы екен ғой өмір деген» деп әдемі үйлесім мен әсерлі ырғақ тауып жырлайтын ақын Әлібек Шегебайдың «Ақ қауырсын» өлеңдер жинағы оның өсу үстіндегі, ілгерілеу үстіндегі ізденістеріне айғақ. Әлібек әрбір өлеңіне жүрегінің дүрсілін дарытып жазады. Алуан түрлі бояуларды адамның көңіл толқындарынан табады.

«Келі түйген кемеңгерден кем бе едім, // Алдымда деп аңсағаным, сенгенім, // Күн батарда күрсінетін ішінен, // Тамылжыған таңға құмар пендемін» деп өлеңдерінің ішкі дыбыс үндестігін үнемі сақтап жазатын ақын Оразбай Байбақұлының «Іңірдегі иірім» жыр кітабы жеңіл оқылады. Бір өлең екіншісіне жетелеп отырады. Оқырманымен бүкпесіз сырласатын ақын көкейдегісін көркемдікпен жеткізеді. «Төреңіздің артық па түрі өзгеден, // Мансап қуып... Малтасын кім езбеген. // Жүрегіме жүк салып жүріп келем, // Қарапайым қазақи мінезбенен». Қоңыр мұңын жамылған, қоңыр өлеңдерін қоздатқан ақынның жыр-шумақтары жеткізер ой қалың.

«Өзің деп бір әуенді бастап алдым, // Өзің деп жанарымды жасқа малдым. // Өзің деп жыр өрнегін тоқып жүріп, // Арманы боп кетіпшіп басқалардың» деп сыр ақтаратын ақын Мағиза Құнапияқызының өлеңдерінде ағысын тереңге жасырған дала өзендерінің мінезі бар.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспасынан «Байбесік тұмалары» деген атпен Монғолиядағы қазақ ақындарының жырлары топтастырылып шығарылған екен. Бұл да қазақ поэзиясына келіп құйылып жатқан кәусар бұлақтар. Кәкей Жаңжүңұлының «Қазақпын, түнемеген төріне түн, //Бар сыры домбырадан төгілетін. //Аңқылдаған ақ көңіл ел боламын, // Аузын ашса жүрегі көрінетін» деген, Мұрат Пұшатайұлының «Қайта оятып өзінің паң даласын, //Қозғаған үн кешегі жан жарасын, //Қалақшадай осынау домбыраның //Қай жерінен шықты деп таң қаласын» деген, Дәулеткерей Кәпұлының «Бозталың бүршік жарғанда бозбала ақындай, //Қусақтың күйін жататын боз дала тыңдай. //Қоңырлап самал ескенде қоңырқай кеште, //Қонжық жон қоңыр жоталар қозғалатындай» деген бір-ер шумақтарының өзі қуатты.

Қазақстан Жазушылар одағының Поэзия кеңесі ұйытқы болуымен соңғы жылдарда «Поэзия көктемі», Төлеген Айбергеновтің туған күніне орайластыра «Мен саған ғашық едім», Нұрлан Мәукенұлын еске алуға арналған «Хұснихат», Оразақын Асқардың «Өнерім – өмірбаяным», Заида Елғондинованың «Мәңгі жасыл, мәңгі ғашық өлеңмін», жас ақындардың «Жаңа ғасыр – жаңа сөз», Мұқағалиға арналған «Жырлайды жүрек», Биғайша Медеуованың «Ақ боз атты арулар», Нәзікен Алпамысқызының «Жүректен туған жыр барда» атты әдеби-жыр кештері өткізілгенін атап өткенді жөн санаймыз. Сондай-ақ, мерекелік, мерейтойлық мүшәйралар да жыл сайын ақындарды аламан бәйгеге қосып жүр.

Қазақ өлеңінің көші тоқтап қалған жоқ. Ілгері жылжуда. Тек сол өлеңді аялап ұстар оқырманның алақаны керек, жүрек жылуы керек.

2012 ж.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### ӨЛЕҢДЕГІ «МЕННЕН» ӨРБИГЕН ОЙ

Кез-келген ақынның жинағын қолыңызға алыңыз. Өлеңдерін оқыңыз. Кейде бүкіл бір кітаптан, кейде бүтін бір өлеңнен, тіпті болмаса жекелеген шумақ, тармақ, жолдардан аңғарылар өзгеше сыр бар. Ол – автордың өзін қоршаған ортаға, айналасында болып жатқан құбылыстарға қатысын сездіруі; ол – лирикалық кейіпкердің соның бәрін саралап ой-елегінен өткізіп, тұжырым жасауы, әсерленуі, әрекеті; ол – лирикалық «Мен».

Ақынның өмір құбылыстарына шынайы баға беруін оның ой-өрісінен, сезім шарпысуынан, таным дәрежесінен бөліп алып қарау қиын. Сондай-ақ, ақынның жалпы мен жалқы мүдденің қайсысын жеткізуге бейім екендігіне де өлеңнің бірінші жақтан немесе екінші, үшінші жақтан жазылуы нақты айғақ бола алмайды. Ақын көзқарасы, ұстанған идеялық бағыты, позициясы жырдағы тұтастықтан танылмақ. Алайда, жекелеген өлеңдерден аңғарылатын аумалы-төкпелі ой ұшқындары, эмоциялық бояулардың шертетін сыры сан қырлы, сан алуан.

Поэзияда қақтығысты, қатпарлы диалогтан гөрі, қасыңда отырып біреу саған сыр айтқандай күй кештіретін монолог тектес жыр жазу үрдісі бұрыннан бар. Тіпті, жанды, жансыз атаулының бәріне «тіл бітіп» кетсе де таңсық емес. Тек қана шынайылық пен шарттылық шекарасын ажырата алсаң болғаны.

Жырдағы жекелік туралы сөз қозғар болсақ, ең алдымен көз алдымызға автор бейнесі келері сөзсіз. Автор бейнесі өлеңдегі өмірбаяндық деректерінен, өзі қатысқан, куә болған оқиғалар туралы жазғандарынан нақты көрінсе, сүйініші мен күйініші, мақтанышы мен реніші, кеңшілігі мен кемшілігі, оң қадамы мен қателігі туралы оқырманмен ақ жарыла сырласатын көңіл-күй толқындарынан туған өлеңдерінде қым-қиғаш із қалдырады.

«Перзент парызы» атты жинағындағы «Әкеме хат» деген өлеңінде Жарасқан Әбдірашев былай депті:

«Жамандық көрмесең де жақыныңнан,  
білемін – орынымның бөлектігін.  
Әкеге қартайғанда ақын ұлдан –  
әкім ұл, әлдеқайда керектігін!  
Білемін... Ақталайын не деп бүгін?!»

Бұл өлең автордың тікелей өз өміріне қатысты екендігі алдыңғы шумақтарынан анық байқалады. «Хат» үлгісінде жазылатын жырлардың көбіне тән сипат бар. Ал, соңғы шумақтан нені ұғамыз? Өкініш пе, әлде не? Ақындық пен әкімдіктің бірін екіншісіне жығып беру ме? Екі ұшты ойдың айқынын таңдау саналы оқырман еншісінде. Ақынның ақтала алмауының, ақталғысы келмеуінің себебі әріде жатыр. Аңдасақ, перзенттік парызының өтелуі жеке бастың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз етуде емес, үлкен мақсат ұстануда. Ол әкімнің халыққа адал қызмет етуі, соның мұң-мұқтажын ойлауы арқылы да ақталады. Ол ақынның творчество үшін тіршілік талаптарынан қол үзуін қажетсінбейді де. Өлеңнің рухы осыны жеткізеді. Біз автордың көзқарасын түсінеміз. Өлеңдегі библиографиялық дәлдік туралы әдебиет зерттеушілері көп жазған. Кейбір ақындар өлеңдерінің қолжазбаларына оның жазылған күнін, айын, жылын, нақты көрсетіп қалдыратыны, оның сол ақын өмірінен мағлұмат алуға тигізер септігі зор екендігі де анық.

Тура мағынасындағы өлеңдегі өмірбаянның жазылу жолдары әрқилы. Кей жағдайда жүздеген өлеңдердің ішінен оншақтысын таңдап алып ақынның жеке өмірінен нақты дерек, мәлімет келтіру қиын емес. Өзі туралы айту – автордың өзімшілдігі ме, жоқ па, мұны өлең табиғатынан қалтқысыз ұғуға болады.

Түріктің ұлы ақыны Назым Хикметтің «Автобиография» дейтін әйгілі өлеңі бар. Соның ізімен жазылған қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Менің анкетам» дейтін өлеңін де бәріміз білеміз. Ал, енді, «озат тәжірибе – көпке ортақ» деген газет рубрикасын өлеңнің шекесіне қойып жазған Жарасқанның «Қысқаша өмірбаяны» туралы не айтқан жөн?

Біздіңше, біріншіден, формалық жаңалығы жоқ, екіншіден, «озат тәжірибенің» көлеңкесінде қалған. Назым Хикметтің 59 жасында жазылған аталған өлеңінде ауыр да қиын өмір сабақтарын басынан кешірген ақын тағдыры жатыр, Мұқағалидың жырында да қайталанбас таланттың өзіне ғана тән ғұмыр суреттері бар. Жарасқанның айтары аз.

Өзімдікі болғанмен өмірбаян  
ойға келем: «Осы мен өзім бе?» деп.

Бұл өлеңді оқып шыққанда түсінеріміз: «өмірбаяным мәз емес» деп күрсінген, налыған ақынның аянышты халі. Ол ойды айту үшін тамаша анкеталық үлгіге жармасудың қажеті қаншалық еді?

Жалпы, творчество адамдарының өз-өзіне көңілі толмауы, алған биіктігін аласа сезініп, жоғарығаұмтылуы, тоқырамауы, тоқталмауы, ілгерішіл, жаңашыл бағыт ұстануы өмірдің де, өнердің де заңдылығына сәйкес. Қайшылық, кедергі атаулы өмір, табиғатта ғана емес, адам санасында да жүріп жатпақ. Мәселе – соны жеңе алуда жатса керек.

Жарасқан бір өлеңінде:

«Халың қалай дедің-ау,  
халың қалай?  
Мен дегенде пейілдің тарылғаны-ай!..  
Ілбіп жүрген біреуге ұқсаймын ба,  
қала алмай да,  
оза алмай,  
арындамай...» – дейді.

Көңіл-күйдің күрт төмендеген бір кезінде жазылған шығар. Өзін-өзі камшылауы шығар. Бірақ... «Мен дегенде пейілдің тарылғаны-ай!» Қалай оқысаң да салқындық лебі соғып тұрған өлең жолы. Ақын творчествосында сәтсіздіктер болған екен делік. Мың сан оқырманы барлық жырларын қуана қабылдамаған екен делік. Сонда кімге кінә артады? Оқырман пейілі – ортақ. Жақсы жырды ешуақытта жатырқамайды. Әділ бағасын береді. Оқырмандарын баураған ондай жақсы жырлар Жарасқанда баршылық. Олай болса, пейілдің тарлығы туралы пайымдауға не жорық? Оны тек Жарасқанның өзі ғана білер. Әйтеуір автордың жеке басына қатысты жайлардан келіп туындаған ой ұштығын ұстап қаламыз.

Баяғы үміт,  
әлі де баяғы арман,  
баяғыдай құшағын  
жаяды алдан.  
«Жақсы еді ғой, жақсы аға,  
жекiргенiң –  
жасытқаннан,

мүсіркеп аяғаннан!..

Өлеңнің осындай түйінмен аяқталуы ғана ақынды толығырақ түсінуге жетелейді. Дегенмен, бұл өлеңдегі автор бейнесі солғын да ажарсыз. Автор өзіндегі кемшіліктерді аша отырып та, асқақтай, биіктей түсетін кездері бар. «Ақын ініге» деген өлеңді алайық. Ешкімге ұқсамайтын, дара, еркін, батыл, биік болғысы келетін ақынға:

Болшы солай!  
Болшы сен!  
Қол ұрайын!  
Кеудемдегі сейілісін көп уайым...  
Жақсы ақынға,  
Белгісіз басқа ақынға,  
Жанарым бір жасаурап жолығайын!

Сыртымыздан әйтеуір күлмейсің бе,  
білесің бе себебін,  
білмейсің бе?..  
Боламын деу оңай ғой,  
болу – қиын,  
болмаймын деп біздерді жүр дейсің бе?!» –

деп анау-мынау лепірген көңілді сабасына түсірердей қатаң талап қояды. Ирониялық тілек сияқты болып көрінуі де мүмкін. «Менің де қолым жетпеген», «Бола алмайсың» деген ойлар да төбе көрсетіп қалатындай ма, қалай? Сенімсіздік білдіре жаздап барып, сенім артатындай ма, қалай? Ойлы жас оңай қабылдайтын өлең емес, әйтеуір.

Көптеген өлеңдерден авторлық бейне мен лирикалық «Мен»-нің аражігін ажырату қиын. Әдебиет теориясын зерттеушілердің бұл екі шартты ұғымды кейде бөле қарап, кейде біріктіре талдау жасайтыны да бекер емес. Шығармашылық фантазияның күшіне қарай, шеберліктің деңгейіне байланысты бұл әр-түрлі сипат алып отырады. Авторлық бейне өнердегі творчестволық қолтаңбасы қалыптаса бастаған ақындарда айқынырақ көрінсе, лирикалық «мен»-ге бейімділік ақындардың алғашқы қадамдарынан-ақ аңғарылады. Балалық шақтың бал қызықтарын, бұла дәурен әсерлерін, сағынышын, таңырқаған яки тосырқаған сәттерін – барлығын өз атынан жеткізуге тырысудың сыры неде? Бірте-бірте тақырып аясын кеңейтіп, өзі өмір сүретін заман, қоғам, уақыт жайлы сөз қозғағанда да ақындық «мен»-нің алға түсіп кетіп отыратыны қалай? Бұл барлық жауапкершілікті ақынның өз мойнына алуы, барлық іске өзінің қатысы бар екенін сездіруі, уақыт өз творчествосына баға бергенше қарекетсіз қарап қалмай, айтарын айтып, дерін деп қалғысы келетіндігі. Лирикалық «мен»нің жеткізер сыры ұшантеңіз. Ол адамның жеке басына қатысты ұсақ-түйектерден бастап, саяси-әлеуметтік мәселелерге дейін еркін араласуға мүмкіндік әпереді. Бірақ, сол

«Мен» қандай мәнге ие, гәп осында. «Менің түсінігімше, бұл былай» деп айтар қарапайым пікірдің өзі көп жағдайда көптің ойын жеткізе алмай жататын кездері бар. Яғни, ақынның «мен»-і халықтық «мен»-ге айналу үшін айқын көзқарас, зерделілік, білімділік, жоғары саналылық және идеяны шебер жеткізе алатын айрықша суреткерлік талант болуы қажет. Бұл ақын творчествосында бірден қалыптаспайды да.

«Тыңда мені дүние, құрыш ғалам,  
Мен найзағай, сар дала тыныс маған.  
Жүргенменен тілгілеп көк аспанды,  
Қойныңа кеп туған жер тынышталам.  
Қалар бәлкім, мәңгілік елес болып,  
Жанарымда найзағай жарқылдары,  
Өзім болып жырларым артымдағы,  
Мақтаныш боп, байлық боп халқымдағы».

Қасымхан Бегманов өзінің бір өлеңінде осылай толғайды. Арман, қиял астасқан романтикалық леп бар. Ақындық «мен» өзін түсіндіргісі келеді. Мақсатының мәнін алдымызға жайып салып, ақын ретінде мойындауымызды сұрайды. Әрине, дәл осы ойды бұрын ешкім айтқан жоқ, ешкім жаңартып айта алмайды десек қателесеміз. Егер ақын жырларының бірі нәрсіз құрғақ патетикаға құрылса ғана кінә артамыз. Кейде бір өлең екінші өлеңнің дәлелі болатынын, бір өлеңде айтылған ойды екінші өлең дамытып, толықтыратынын, жалпы түйін, қорытынды, байламның өзара сабақтастығын лирикалық «мен»-нен де аңғарамыз.

«Мазамды алған ойлар көп,  
Мазамды алған.  
Түс қашырып тұрғызған  
азандардан.  
Замандардан қалғандай тамамдалған,  
Жан баспаған келгендей аралдардан,  
Аң-таң болып қараймын ақ дүниеге –  
Таңдану ма тек қана маған қалған».

Әбубәкір Қайрановтың айтпағын түсіндік делік. Мен таң қаламын, мен неге таң қаламын, мен қалай таң қаламын. Танымның осынау үш түрлі қалпынан алғашқы екеуін қамтыған лирикалық «мен»-нің ой-әрекеті құптарлық. Ал, ойды одан әрі өрбітуі ше:

Күліп тұрып  
Еріксіз күрсінемін.  
Күрсінерім –  
Келеді күркірегім.



Өзі жасап Бабамның көрмей кеткен  
Ғажайыппен мен бүгін бір түнедім.  
Мен кім едім соншама,  
Мен кім едім,  
Найзағай боп түрмедім түн түнегін».

Ақынның күндей күркірегісі келуі, түнгі найзағайдай жарқырағысы келуі ажары жарқын «Ақ дүниедегі» алабөтен құбылыс болудан гөрі, өзін-өзі іздеген лирикалық «мен»нің көңіл-күйіндегі бір толқу сәттерінің тамырын басатындай. Көптеген ақын өлеңдерінде лирикалық «Мен»нің алғашқы көрінуі осындай тұрғыдан табылатыны неліктен? Поэзия аспанында бір жарқ етіп өтуді мұрат тұту – барлық ақындық «мен»нің ортақ ойлары. Тек, соның жеткізілуі әрқилы.

«Қырдағыны шалар едім қиядан,  
Қанаттанып ұшқаным жоқ ұядан.  
Көпті көрген көнелердің алдында,  
Қалам ұстап жүргеніме ұялам.

Көргенім – аз, көк өлеңмен не айта алам,  
Мен білгенді, басқалар да байқаған.  
Осыларды ойлап-ойлап келгенде,  
Жел тербеген жас шыбықтай шайқалам».

Бұл Абзал Бөкеновтің «Мойындау» дейтін өлеңінен алынған үзінді. Лирикалық «мен»-нің мұндағы сыпайылығы жүрекке жылы тиеді. Сыр ақтарып, үлкен жауапкершілік алдында имендіретіндей.

Өлеңдегі лирикалық «мен» жеке адамның ой-сезім дүниесіндегі барлық жұмбақ қалтарыстарды жеткізуге орасан оңтайлы. «Көпті көрген көнелердің алдында» сөз алуға қысылатын жалғыз Абзал ғана ма екен?! Сіздің де, біздің де бастан өткен, өтетін жайт қой.

«Көмейіңнен айналдым, көмейіңнен,  
Бұдан басқа өзіңе не дейін мен.  
Тәтті әніңе тамсанып,  
Ащы әніне  
Көз жасымды сел құсап төгейін мен».

Әсерлі әнді үзілдіре орындаған әншіге сіз де осылай айтқыңыз келер. Міне, лирикалық «Мен»-нің көптің көкейіндегісін қозғауы, жеке басының «гөйгөйі» ғана емес, басқаның да көңіліндегіні дөп басуға ұласады. Бұдан да гөрі азаматтық тақырыптағы жырларда, соның ішінде авторлық «Мен» арқылы жеткізілетін лирикада саяси-әлеуметтік салмақ, ақындық көзқарас, идея зор мәнге ие. Өзіндік «мен»-ін халықтық «мен»-ге айналдыру бақыты да ақынға осы кезде тиесілі.

Әдебиет теориясында субъективтік мен деп аталатын да термин бар. Оның авторлық немесе лирикалық «Мен»-нің жаңаша атауы ретінде ғана қабылдасам, олардан өзгеше мазмұны жоқ. Бұл үшеуінің де тікелей авторға қатысты алынғанына күмән болмаса керек. Осы «мен» деудің бәрінен де ғұмырлы, аясы кең, ауқымы зоры халықтық «Мен» яки «Біз». Әрине, халықтың атынан іс тындыру коллективтік еңбектің жемісі, ал халықтық туындыны өмірге әкелетін, бәрібір жеке адам. Мындаған творчество адамдарының ішінде, солардың бірі – ақын. Ал, енді «Мен» және «Біз» дейтін ұғымдар төңірегінде ой тарқатып көрейік. «Мен»-нің бәрі – мен емес екені сияқты, «біз»-дің бәрі – біз емес. Өлеңдегі «Мен» арқылы менің де, оның да – бәріміздің де көңіл түкпіріміздегі құпиялар ашылуы мүмкін, айта алмай жүрген армандар, тілектер, ойлар, сезімдер жеткізілуі мүмкін. Немесе, кейде керісінше «Мен, Мен, Мен» десе де, автор қаншама сендіргісі келсе де, айтқанына өзге түгіл өзін иландыра қоюы кәдік.

«Биіктер де жоқ шығар біз бармаған,  
Дала тұрмақ,  
Баспаған күз қалмаған.  
Аврораның өткен бір жолдарында,  
Саз балшықтай көрінді мұздар маған».

Бірнәрсе түсіндіңіз бе? Бастапқы үш жол бәріміздің ойымыздан айтылған екен. Соңғы екі жолды автор өзі иеленгенімен, оны да көптің атынан жеткіздім деп ойлайды. Өлеңдегі «Мен» де, «біз» де бұлдыр, тым көмескі. Сын көтермейді дейтін-ақ шумақ. Рахымжан Өтегеновтың «Ақ шуақ» жнағында тәуір өлеңдер жоқ емес. Алайда ақындық бейнеге қатысты жырлардың жоғары талғам деңгейінен шықпағанын да жасыра алмаймыз.

«Мойымайтын жолдардан соқпағы көп,  
Қалғым келді өмірдің оттары боп» –

дейтін жолдар арқылы көрнекті ойдың ақын кінәсінен айғыздалған әлденеге айналғанын көреміз.

«Аң-таң қап көп ел сұрағын  
алдыма тосқан талай кеп:  
Мұрап та болмай, мұғалім,  
Ақын боп кеттің қалай?» – деп.

Бәрі де мұның ғажап-ақ,  
Ғажап-ақ мынау сұрақ та.  
Мұрап та болып,  
Азамат жетеді алтын-мұратқа!

Сүюге жүрек берілген,

Өзгеше біраз жол шегер:  
Мұғалім болар едім мен –  
мұратым тек сол болса егер».

Бұл өлеңдегі ақындық «мен»-нің дауысы ашық та айқын. Авторы – Серік Ақсұңқарұлы. Өлеңнің екі жолын біріктіріп бір жолға айналдыру арқылы ырғақты өзгерткені де кедергі емес.

Абзал мен Қасымханның, Рахымжан мен Серіктің, Әбубәкірдің алғашқы жыр жинақтарын парақтағанда байқағанымыз: лирикалық «мен»нің тікелей өнерге, өлеңге қатысты пікір түюге бейімділігі. Бұл барлық ақындардың басындағы жайт. Одан қала бере ақындық «Мен»ді махаббат лирикасынан мол ұшыратамыз. Лирикалық «Мен»нің бұлай бірер тақырып төңірегінде шектелуі жөн бе? Әрине, жоқ.

«Кіріспе» демей  
«Кірісу» қойдым жыр атын.  
Кірісу менің – міндетім,  
хақым,  
мұратым.  
Өмірде мынау бәріне,  
бәрі,  
бәріне,  
кірісу керек,  
кірісу керек, шын ақын!..» –

дейді Жарасқан.

Әрине, кірісудің жолы көп. Соның бірі – ақынның алғаусыз көңілден айтылатын лирикалық «мен»-і, екені даусыз. Өлеңдегі жекелікке сабақтастыра алатын болсақ «кірісудің» тағы бір көрінісін лирикалық кейіпкерден табамыз. Бұл жиырмамыншы-отызыншы жылдардан бастап совет әдебиет зерттеушілерінің, сыншылардың поэзиялық шығармаларды талдағанда ең көп қолданатын термині. Алғаш рет формалистік бағыттағы эстетикада пайда болған бұл ұғым сыңаржақтық байқатқан. Автор мен лирикалық кейіпкер арасына шекара қоюшылық, лирикалық кейіпкерді автор көзқарасынан тыс, оған қатысы жоқ, өлең формасындағы өзгеше компонент ретінде қараушылық болған. «Лирикалық кейіпкерді» жасайтын автор. Сондықтан ол өзінің көқарасын, ойын, сезімін лирикалық кейіпкерінің бойына молынан дарытуға тырысады. Ендеше, автор мен лирикалық кейіпкер арасында үзілмейтін байланыс бар. Лирикалық «Мен» және лирикалық кейіпкер де осындай сабақтастықта.

Жарасқан Әбдірашевтің «Дала, сенің ұлыңмын» атты жыр жинағын лирикалық кейіпкер арқылы жеткізген ойлар түзілісі деп қабылдаймыз. Жинақта кемшілік бар болатын болса, ол – лирикалық кейіпкердің ауқымды, зор тұлғасын жасай алмағандық. Авторлық «Мен»-нің орынсыз килігетін тұстары көп. Бұл лирикалық кейіпкердің құлашын кеңге жайып, еркін толғауына керісінше ықпал жасап отырады, тар ойдан, ақын өміріне қатысты

жайлар төңірегінен шығармайды. Лирикалық кейіпкер ақынның жеке басының қуаныш-мұңымен шектелмеуі керек. Ақын ойларының сәулесін бойына сіңіре отырып, анағұрлым кең шеңбер жасауға тиіс. Сонда ғана творчестволық еңбек жемісті болмақ.

Қасымханның «Бейтаныс адам», Серіктің «Клеопатра», «Бір көлдің құстары», «Әбубәкірдің «Түнгі дауыл», Рахымжанның «Ұлы достық» сияқты жекелеген өлеңдерінен лирикалық кейіпкер жасаудағы ізденіс, талпыныстарды байқаймыз. Ал, Абзалдың көп өлеңдерін автор мен лирикалық кейіпкердің бірігіп ой қорытуы деуге келер. Негізінен, лирикалық кейіпкер сомдауға романтикалық лепке бейім ақындар жиі барады.

Жарасқанның көптеген өлеңдерінде де лирикалық кейіпкер өзіне, өзі лирикалық кейіпкерге жиі-жиі айналып кетіп отырады.

Ақын өз заманы, қоғамы жайлы жоғары пафосты жырлар жазғанда, әлемдегі әртүрлі оқиғаларға үн қосқанда «Мен»-нің және «Біз»-дің көзқарасын жеткізуге тырысады. Одан өзінің және басқаның мұрат-мүддесінің қабысуы немесе алшақтығы аңғарылады.

Абзал бір өлеңінде:

«Жанын беріп, жарасынан сорғып қан,  
Бізді әкелер сақтап қалған қорлықтан.  
Бақытты дос!  
Бұл бақыттың салмағы  
Бізге жеңіл тимейтіні сондықтан» – десе,

Серік:

Өтеді өмір,  
аңыз боп  
жыр боп,  
айналып алтын-дастанға.  
Өлеміз дейміз – өтірік бәрі! –  
Кетеміз ұшып аспанға.  
Соңымызда қалады біздің  
Өмірге қамшы өрендер,  
Соңымызда қалады біздің  
Өлімге қарсы өлеңдер.  
Сол жырдан ақын туады ұрпақ,  
Кетеді ұрпақ,  
Келеді...  
Осылай болған,  
Осылай болмақ,  
Осылай бола береді» –

деп ой түйеді.

Соғыстан соң туғандар атынан сөз алған Жарасқан:

«Сен не көрдің?  
Мен не көрдім?  
Не көрдік?  
Біз жасаған жоқ батырлық,  
Жоқ ерлік!  
Ауыл.  
Мектеп.  
Қала.  
Қиял.  
Содан соң  
Мақсат қуып,  
Жақсы ат қуып жөнелдік!!! –

деп сұрақ, жауап қатар әзірлеп, өз буынының көкейіндегісін қозғамақ болады.

«Біз білеміз сұрапылдың не екенін,  
Белуардан кешпесек те қанды қақ.  
Өйткені біз өрт ішінде өнгенбіз,  
Өмір үшін – өлімге де көнгенбіз.  
Соғыс көрген әкелерден жаралып,  
Соғыс көрген аналарды – емгенбіз!..»

Соғыстан соң туғандар осылай деп айтуға әбден құқылы. Олардың қазіргі бейбіт күндегі жасампаз ерлік еңбегінің қайнары да сонда жатыр. «Алдыңғы толқын – ағалар» өмірден алған сабақ – кейінгі ұрпақ үшін үлгі, өнеге. Бір буын атынан сөз алған ақын келесі бір өлеңінде:

Біздер бүгін ұлылықтай алыпмыз,  
Біздер бүгін ақиқаттай анықпыз.  
Тағдырлары табыстырып алдымен,  
Армандары біріктірген халықпыз» –

дейді.

Жырларында «Мен» арқылы яки «Біз» арқылы халықтың атынан сөз алу – ақынның абыройлы борышы. Ондай өлеңдерді оқығанда көп дауысты халықтық хор үні келеді құлағыңа.

Белгісіз ақын өзінің жаңа бір өлеңін «Мен» деп бастады. Өзі туралы ма, жоқ, әлде...

1983 жыл.

## ӨЛЕҢДЕГІ МІНЕЗ ӨЗГЕШЕЛІГІ

«Шығармада мінез болуы керек» деген қағиданы қолына қалам ұстап, жазушылықты мұрат тұтқандардың қай-қайсысы да жадынан шығармайды.

Мұның өзі көбіне-көп прозалық туындылар табиғатына қатыстыдай, кейіпкер келбетін ажарлауға байланысты айтылғандай қабылданатыны да рас. Өйткені, шығарма кейіпкерлерінің сөзінде, іс-әрекетінде, міне-құлқында ұқсастық неғұрлым аз болған сайын, олардың тұлғасы да соғұрлым даралана түспек. Кейіпкерге мінез дарытудың түрлі тәсілдері белгілі, бірақ соның бәрі де сайып келгенде қаламгер қарымына, қиялына, шеберлігіне тікелей тәуелді. Бір адамның өзінен бірнеше мінез қырларын байқауға болады. Ал соның қайсысы қанға сіңген, туа бітті, тек өзіне тән екені оп-оңай ажыратыла қоймаса керек. Сол сияқты кейіпкер мінезінің жұмбақтарына бойлау, көңіл-күй, сезім пернелерін дөп басу да қиынның қиыны. Оқиғаның шынайылығы, тартыстың күрделілігі, тілдің суреттілігі, дәлелдеудің нанымдылығы, т.б. көркемдік компоненттерінің бәрі жиналып келіп кейіпкер мінезін жан-жақты жарқыратып ашады. Ал, жақсы сомдалған көркем бейнелері бар өнер туындысының өз мінезі болатыны күмән тудырмайды. Әрбір шығарманың идеясы, рухы, мінезі бір-бірімен сабақтас, тіпті, ажыратқысыз дерліктей. Міне, «шығармада мінез болуы керек» деуге де итермелеген осы бір тұтастық пен бүтіндік сырына үңілудің, содан үйлесімділік іздеудің нәтижесі шығар. Осыған сабақтас, бізді өлеңдегі мінез өзгешелігі туралы ойлар мазалауда. Абстрақтылы, жалпылама сипаттағы ұғым болғанымен де, өлең табиғатын түсіну үшін, ақын дауысын тану үшін, асыл мен жасықты ажырату үшін бұған бәрібір назар аудару қажет. Өйткені, әрбір өлең – ақынның мың құбылған көңіл-күйінің бір сәті, көкірек көзіндегі мөлтілдеген жастың бір тамшысы, арқалаған ауыр жүгінің бір мысқалы ғана емес, тұтастай алғанда лирикалық кейіпкердің яки ақынның өзінің мінез қырларын да танытатын құбылыс.

Дәстүрлі әдеби жыл қорытындысы кезінде белгілі ақын Сырбай Мәуленов әлденеше жыр жинақтарына тоқтала келе, талдай келе, Ұлықбек Есдәулетовтің «Ұлыстың ұлы күні» атты кітабына да пікір білдіргені есімізде. Сонда, бәлкім сөз арасында, бәлкім екпін түсіріле айтылған «момақан жылар» деген атау бізге біртүрлі қызық көрініп еді. Бұл, егер, кінәлау болса – Есдәулетовтің аталған өлеңдер кітабы жөнінде асығыс, ағат айтылмады ма екен деп ойланасыз. Бұл, егер, құптау болса – «ортақол» деген ұғымнан онша қашықтатпағаны ма деп күмәнданасыз. Өйткені, өзіндік қолтаңбасын қалдыру үшін шарқ ұрып ізденіп жүрген жас ақын монтиған момақан өлеңдер жазуды қанағат тұтар ма?! Десек те, өзегі жалын өрт өлеңді өмірге әкелу екінің бірінің қолынан келер ме?! Тәп-тәуір деп бағаланатын, жап-жақсы деп жылы лебіз білдіретін бірнеше жыр жинақтарын парақтап көріңізші: оларда да «момақан жылар» баршылық. Қазіргі жастар поэзиясының құла тасқынына үңілсеңіз де «момақан жыларды» молынан ұшыратасыз. Бірақ, шынын айту керек, бұл атауды әрқалай түсінуге болады.

Тордағы құсқа бостандық бергісі келетін немесе еркіндік әперген бала әрекеті бұрын да жырланған. Олардың бәрінде де әлгі дәрменсіз құсты құтқарған бала өзін кінәламауды сұрайтын. Ал енді осыған басқа бір қырынан келіп қарауға, өзгеше шешім іздеуге болар еді ғой. Бірақ, Ұлықбек:

«Азат өмір әперем деп бір құсқа,  
Таяқ жедім,  
Бұл таяғым тұңғыш па?..  
Мен қыранға әпердім ғой бостандық,  
Бұл соншалық жазаланар қылмыс па?» –

деп таныс түйінге оңай ойыса салған. Бір қарағанда, өлең өзінің тәрбиелік, танымдық мәнін төмендетіп тұрған жоқ. Ал, эстетикалық әсері жағынан бәрібір солғын. Себебі, көркемдік шешімге көңіл көншімейді. Тордағы торғай, шымшық, көгершіндер де бостандыққа осылай шыққан. Қыранға да қамқоршы баяғы «ақылды» бала. Міне, «момақан жырлардың» көз алдымыздан кетпей, көлбеңдеп тұрып алған біреуі – осы.

Ендігі бір айтар жайт, Ұ.Есдәулетовтің қаламынан шыққан өлеңдер табиғаты сыршыл, биязы, сезімтал, көңіл-күйді баурағыш болып келетін. Ондай қасиет аталмыш жинағындағы жырларынан да байқалады.

«Мына таудың арғы беті тау еді,  
Баурайында бау сыңсыған мәуелі.  
Көрінісін көру үшін солардың  
Сұр тұманды серпу керек әуелі!»

Оқырманын ойлануға, сырласуға шақыратын осындай шумақтар сырт бояуымен де, асып-таспайтын, бір қалыпты әуенімен де қарапайым. Әуелде қоңырқай ғана жырлардың біреуі ғой деп сыдырта оқисыз да, қайта үңілгенде жылтырағы жоқ, жасандылығы жоқ табиғи төлтумаға ден қоясыз. Бұл да «момақан жырлардың» біреуінен алынған шумақ. Алайда, жоғарыдағы айтқан қыранға көрсетілген қамқорлық туралы қисынмен бұл қиыспайды. Осынау бір ғана шумақтың өзі монтаны мінез-құлықтан ада. Ал мұндай жалынын ішке жасырған жол-тармақтар, ой-шумақтар Ұ.Есдәулетов қаламынан жиі туындайтынын жасырмаймыз. Оның қымбаты мен арзанын айыра білу өлең сүйгіш қауымға ғана емес, автордың өзіне де сын. Яғни, қарапайым жазуға ұмтылу, соған шеберлену керек, бірақ оның өзі қарабайырлыққа қоңсы қонбауы да тиіс.

«Ұтпағам,  
Бұған дейін ұтпағам,  
мінезбенен «жақсы» десе құптаған,  
«жаман» десе тағы да оны құптаған,  
өзгелердің көңілін еш жықпаған,  
мінезбенен  
өмірден түк ұтпағам.

Жарығым,  
Енжарлыққа бәрі мін.  
Болмаған соң өз пікірі, өз мені,

Қайтсін олар күйіп-піскен өзгені:  
Көзқарассыз кішіктер  
Сыртына да шығара алмас сезгенін.»

Біреулердің көңіл жықпас мінезінің кесірінен талай жақсының сағы сынып, небір жаманның «бағы жанғаны» өтірік емес. Соған көзін жұмып караушылар қаншама. Олардың жалтақтығы, жансыздығы, енжарлығы егер өнер туындыларын жасаушыларға көшер болса ше?! Қауіптіден қауіптірек емес пе? Олар жөнінде өзінің әлгі өлеңінде үнемі ізденіс үстінде жүретін ақындардың бірі Сейсен Мұқтарұлы «көзқарассыз кішіктер» деп өте орынды айтқан ғой. Сейсен Мұқтарұлының өз өлеңдеріне үнілсек, жақсылыққа, әсемдікке, ісгілікке деген сөзсіз құштарлығын аңғарамыз. Мұның өзі кейде кенереден аса лықсыған сезім толқындарымен көрінсе, кейде шарасына сыймай асып-төгіліп жататын ой толқындарынан байқалады. Ол өзінің өлеңдерінде діттеген идеясын жеткізу үшін бірде артық, бірде кем түсіп жататынын білуі де мүмкін, білмеуі де мүмкін. Білсе де, білмесе де – оның өлеңдеріне тән мінез сол бір қызуқанды құштарлықта, өзгермейтін ұғым деп өзгелер айтқанның бәріне үнсіз келісіп, бас шұлғымайтындығында.

«Жаным – жарық жұлдызым,  
екен бәрі, екен бәрі өткінші,  
махаббатын тапты мені деп білші,  
сағынышым өзіңе енді жетсінші:  
СҮЮ МӘҢГІ болса да,  
өмір, ғұмыр, өткінші...  
болмысы осы сүюдің,  
бұл пікірге табылғанмен көп мінші» –

деп ол өзінің «Сүю» дейтін романтикалық толғауында дауласпайтынға дауласып кететін тұстары болса да, өз пікірін ашық, батыл жеткізуге тырысады. Өлеңдеріндегі рухани сергектік, ішкі буырқаныстың күштілігі «Винсент Ван Гог» атты психологиялық поэмасында сәтті иірімдер туғызған болатын.

Өлеңді, кейде көңіл-күйдің тұтастай көшірмесі деп қарайтын кездеріміз де жоқ емес. Сәл нәрсеге қуанудан, сәл нәрсеге ренжуден соң ақын қолына қалам алып, бұрқыратып төрт-бес шумақты төге салатын тәрізді. Тіпті, біреулердің ойынша, қиялыңның құсын ұшырсаң болды, бармақты сорып отырып-ақ бірнеше өлең жазып тастауға болады. Мұндай солақай пікірлердің тууына не себеп? Біріншіден, көңіл-күйін күйттеп қана жазатындардың кесірінен. Ретсіз ашуланатын, жөнсіз қуанатын ұшқалақ психология да өлеңге өз көлеңкесін түсірмек. Екіншіден, кез-келген тақырыпқа қалам сілтейтін әмбебаптықтың әлегіне, «шөп те өлең, шөнге де өлең» болуынан. Асылы, нағыз ақын әрбір өлеңін кездейсоқ жазбайды. Белгілі бір тақырыпты кенеттен, күтпеген жерден табуы мүмкін. Бірақ сол тақырыптың игерілуі, көркемдік шешім табуы, идея тудыруы бәрібір оның бұрыннан қалыптасқан



көзқарасына, нені жырлауға бейімділігіне, стиліне тікелей байланысты болады. Кезінде Мұхаң – Мұхамеджан Қаратаев «Біз санаулы ақындардың бірен-саран ғана стиль өзгешеліктерін мысал үшін тізіп айтар болсақ...» дей келе, Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Илияс, Тайыр, Әбділда, Ғалилардан бастап...» Қасым поэзиясының электрден от алған ішкі қуаты, шақпақтай ұшқын атқан шынайы шабыты, ақиқатты арман биігінен қарап жырлайтын тегеурінді толғаулары; Қалижан поэзиясының эпикалық жанрда құнарлы жемістер берген құлашы кең, топшысы мықты таланты; сондай-ақ Хамиттің да осы жанрда қорғасыннан қорытып соққандай соны ой, тың образы мол әрі жаңашыл, әрі серпінді поэмалар туғызған дербес дарындылығы; Сырбайдың «қиыннан қиыстырып», «жүректен тербеп», көлемі қысқа да болса терең сыр, пікір түйетін сұлу өлеңдер жазған күдіретті; Жұбанның алыстан сермейтін жүйріктігі; Ғафудың ойшыл да сыршыл шешендігі; Тұманбайдың интимдік лирика жасаудағы сезім нәзіктігі; Олжастың жер жүзін, адамзат өмірін кең қамтып, терең толғайтын биік дүниетану тұрғысы, философиялық, гуманистік түйін түйгіш тегеурінді топшылаулары, романтикалық серпіні, орысша жазып та қазақтың ұлттық рух, ой, сезімін сақтарлық образдар жүйесі. (М. Қаратаев, Таңдамалы шығармалары, 3 том, 142 бет, Алматы, 1974 жыл) деп өзі атүсті шолуға баласа да, ұзағынан қайырып, таратып жазған болатын.

Осының өзінде тамаша мінездемелік сипат басым. Ал бұл мінездеме негізінен олардың өлеңдеріндегі ең басты айырмашылықтарды тануымызға септігін тигізіп тұр. Яғни өлеңдеріндегі мінез өзгешелігі қысқа да нақты түрде айқындалып, алып-қосарыңыз аз дерлік баға берілген.

Тек қана өзіндік қырларымен танылу үшін талант бүкіл ғұмырын оздыруы да, немесе қамшының сабындай ғана келте ғұмырында көп іс тындырып тастауы да әбден мүмкін. Ақын көңілді отырса шуақты, жарқын, сәулелі өлеңдер жазып, көңілсіз отырса қайғылы, мұңлы, торығулы жырларға ғана ерік береді деп ойлау да жаңсақ. Жеке басындағы хал-күйдің шеңберінен шығып, қиналып жүріп-ақ қайсар рухты өлеңдер тудырған ақындар қаншама. Ал сәулетті заманда, ғаламат өзгерістер мен жаңалықтар жүзеге асып, адам санасында небір ғажайыптар оянып жатқан ортада жүріп те қозғайтын ойлар шексіз.

Төс ұрып, кеуде соғуды қаламайтын, айтар ойын қалай да барлық жұртқа түсінікті жазамын деп әуреге түспейтін, біреуге жұмбақ, біреуге елеусіз, біреуге түсініксіз бір ақындар болады. Төрегелді Тұяқбаевты дәл солардың қатарына қосқым келмейді, бірақ дәл солардың қатарынан көрінсе таңырқаймын да. Ол өзінің «Қар адамы» атты поэмасы үшін «Жалынның» жабық бәйгесінің жүлдесін де алған. Өз қатарының алды болып үш-төрт жинақ та шығарып үлгерді. Өлеңдеріндегі өзіндік мінезі де таныла бастаған сияқты. «Үңгір туралы жырларының» біріне үңіліп көрелікші:

«Батырлар түсіп ап,  
Сынайтын өзін бір.  
Біреудің еті өскен көзі – үңгір,

Біреудің оты өшкен сөзі – үңгір...  
Үңгірдің аузы бар, тілі жоқ,  
Ол үнсіз бәріне шыдаған.  
Адамсыз күні жоқ,  
Үңгірдің тілі – Адам!  
Ашқандай дүниенің сырын бір,  
Жыр оқып жүргем жоқ жиында.  
Бар екен ең жұмбақ бір үңгір,  
Өзімнің миымда!»

Осынау шумақтар жеткізетін ойдың салмағы ауыр. Оған әп дегенде мән бермеуіңіз де мүмкін. Қайталап оқуыңызды қажетсінетіндей ме, қалай? Қайталап оқысаңыз, тереңге тарта түсетіндей ме, қалай?! Дәл солай. «Қиналып жазылса – оңай оқылады, оңай жазылса – қиналып оқылады» деп Расул Ғамзатов бояуын қалыңдата айтқанды ұнататын қанатты тіркестің ақиқаттығына қылаудай көлеңке түсіргіміз келмесе де, «қиын» өлеңнің, қиналыстан туған өлеңнің кейде оқырманын ойға шомдырып, осы қалай дегізіп, емеурінмен талай нәрсеге мезеп тұратын бір ерекше қасиеті барына да тәнтіміз. Төрегелді Тұяқбаевтың өлеңдеріндегі бұл «ауыр» мінезін құптаймыз. Ауырлық пен салмақ – екеуі туысқан. Әр өлеңі ауыр салмақты болған сайын ақын мәртебесі де арта түседі емес пе. Алайда:

«Осыннан қазылып қаралған  
Алыптар елінің динозаврлары...  
Осыннан жазылып таралған  
Белгісіз ақынның беймаза жырлары...»

сияқты күрмеуі жоқ күрделіліктің кейде керегі шамалы. Одан да гөрі бізді «Бақыт туралы жырдағы» тосын тұжырым әлдеқайда қызықтырады:

«Мекеніне бақыттың  
барар жолды шектер кім?  
Сондықтан да екпінімен алақұйын уақыттың  
Көк теңіздің толқыны да боп көрдім,  
Аздап былай делқұлы да боп көрдім,  
Тас та болып жаратылдым, ақырында,  
Ақырында мол ақылдың  
Күдігі мен күмәніне кептелдім...  
.....  
Мұңға, тіпті, берілмегем,  
Сыр түбіне батқан күн...  
Шын бақытты болу деген  
Күлкілі ме деп қалдым!...»

Егер көптің талқысына салар болсаңыз, бұл пікірдің даулы екендігі даусыз. Егер бақыты жанған екеуді кезек тыңдасаңыз да біреуі құптап, екіншісі құптамас. Ал, сөздің астарын аңғармай, тура мағынасында «бақытты болу мүмкін емес» деп ұққан адам тіпті қателеспек. Бүгінгі күннің тынысын замандастарымыздың ғаламат ерлік істерін, бақытын еңбектен, сүйген ісінен, отбасы татулығынан, өмір салтынан тапқан жандардың мол екендігін мансұқтау ма бұл? Тіпті де олай емес. Біздің, бейбіт күн ұрпақтарының бақыт туралы ұғымының аясы тар болмауға тиіс. Сонау сұрапыл жылдарда қасық қаны қалғанша жаумен шайқасқан әкелеріміздің түсінігінде: Бақыт – Жеңіс еді. Олар біздің қолымызды соған жеткізді. Бейбіт таңдағы өмір тынысында Бақыт – Еңбекте. Мұны әрбір азамат мақтанышпен айтады, жақсы біледі. Әйтседе «Бар бақытқа қолым жетті, енді ештеңеге де алаң болмай, сол бақытымды қызықтаймын да тыныш ғұмыр кешемін, маған енді ешнәрсенің керегі жоқ» деген адамды көрдіңіз бе? Көрген жоқсыз. Диалектика заңына бұл қарама-қайшы. Адамның материалдық қажеттіліктері тасып-төгілгенмен де, рухани қажеттіліктері толық өтелуі өте қиын шаруа. Ал бақыттың өзін біз туғаннан бері сансыз көп армандарымыздан іздейміз ғой. Армансыз адам болмайды. Төрегелдіні енді түсіндік қой деймін. Мінезі ауыр, мінсіз өлеңмен табысайық, ендеше.

Әдетте, құштарлықтың толғағы жеңіл болса, жыр дауысы бәсең естілмек. «Орташа» дейтіндер осыдан шығады. Ақынның өзін-өзі қамшылауы, барға місе тұтпауы, айға қолын жеткізуді армандауы жоқ жерде қиын-ақ.

Өрекупді

Азайттық алқынғанды,

Болып алдық сабырлы,

Салқын қанды.

Мен ойлаушы ем –

Өмірден өтем ғой деп

Өліп-өшіп, үздіккен қалпым мәңгі!

Бекер екен!

Доғардық үздігуді.

Сырды да ішке үйрендік біз бүгуді.

Көңілімнің жап-жасыл жайлауында

Сары бояу сыңайлы күз білінді.

Біткені мешынымен бәрі осыменен?

Табылмай ма жүректің жарасына ем?

Жетеміз бе өмірдің мәресіне

Салқын, суық күндердің арасымен?!

Алғашқы өлеңдері жас ақындардың «Жас керуен» атты жинағында 1970 жылы жарық көрген Жүрсін Ерманов араға 12 жыл салып «Жанартау» атты тұңғыш кітабын шығарыпты. Жылдар адамның жасын оздырады, жүректегі жалынын жоғалтпақ емес. Жоғалтады дегенге жақтас болғымыз келмейді. Мына өлеңнің соңғы бір шумағын әдейі алып тастап отырмыз. Онда түйін бар. Әдеттегідей әдемі түйін. Бірақ өлең бізге осы қалпында

қызықтырақ сияқты. Торығу деп қабылдайсыз ба? Қателесесіз. Мәңгілік мазасыздықтың лебі бар мұнда. Өзінің көптеген өлеңдерінде ерік пен жігерді, мықтылық пен қайсарлықты әспеттейтін ақын сары уайымға салынуға жоқ.

«Мен ойлаушы ем –  
өмірден өтем ғой деп  
Өліп-өшіп, үздіккен қалпым мәңгі!»

Баяғы арыны басыла да, қазіргі қарқынның әлдеқайда қуатты екендігін мойындамай тұр. Бірақ, осы сөзі кім-кімнің де жүрегіне жылы ұялап, іштей әлденеше қайталап, өз өкінішіндей айтып жүрері анық. Тоқтаңыз. Ал Жүрсін өлеңдерінің жеткізер идеясы, мінез өзгешелігі осыған сая ма? Осы орайда айта кеткен орынды сияқты, бірер шумақты мысалға алып, дәлелдеп, мына ақынға мынадай қасиет тән деп пайымдауда дәйім шарттылық басым екендігін ұмытпауымыз керек. Тұтастай алғанда ақын творчествосы бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын, мазмұны әр бөлек мындаған шумақтардың түзілісі ғой. Кейде бір өлең екіншісін жоққа шығаратындай болып та әсер қалдырады. Оңайда қайсысы ақынның жалаулы идеясына жақын екендігін ажырата білудің мәні зор.

«Сенемін мен жүйрікке-шалдырмас деп,  
Қыран болса – құзғынды алдырмас деп.  
Жауыма да сенем мен – шын жауықса,  
Жайбарақат мені әсте қалдырмас деп.  
Серттей сенім жоғалса – біз өлер ек,  
Біз өлер ек, күніне жүз өлер ек.  
Соғысқа да сенем мен – жойылар деп  
Тентекке де сенемін – түзелер деп.»

Ең керегі – осы. Өмірде де, өнерде де. Сенуің керек. Сеніміңді жоғалтпауың керек. Осы сенім бар жерде біз адамгершілікті, адалдықты, құштарлықты, іңкәрлікті, ізгілікті – бәрін-бәрін табамыз. Өлең рухы жоғарлайды.

«Сенімді жоғалтсам, не істер едім?  
Ешкімге де болмас-ау еш керегім.  
Қандай жақсы сенімнің бар екені  
Сенбейтіндер, сендерден сескенемін!»

Осы өлең серттей сенімге мадақ бола тұра, өрттей өзегінде мұң жалыны жатыр. Оның оғаштығы білінбейді, қайта алабұртқан ақынмен тағы да бетпе-бет жолығысамыз.

«Мейлі, мейлі – міндетім ауырласын,  
Парыз – қамшы аямай сауырласын.  
Өттең, менің жүрегім ауырады –  
Қалай ғана бірақ ол ауырмасын!?»

деп ақын келесі бір өлеңінде жақсылық жауыздықтан, махаббат опасыздықтан, адалдық зұлымдықтан, мейірім қатігездіктен зәбір-жапа шеккенін, шарасыздық құрсауынан шыға алмағанын жазады. Мұңаяды, бірақ түңілмейді. Иіледі, бірақ сынбайды. Жабықтырады, бірақ жалықтырмайды.

Үңіле қарасақ, Жүрсін Ермановтың өлеңдері жұқалтаң мұң бояуын бүркенсе бір өзгеше шырай танытады. Онда жасандылық жоқ. Ал,

«Құрсаған көк шыңдардың құзар басын

Көк мұздар,

мәңгіліктің бұз арнасын.

Көшеді арасымен шатқалдардың

Жас сулар – мың шарпысын, жүз арбасын.»

сияқты салтанатты қызыл сөздерді ақын жан жүрегі езіліп, маңдайдан тері моншақтап, қиналып отырып жазды деп қабылдай қоймаспыз. Өзі де өлең сыншысы ретінде осындай «мінсіз» шумақтардың мінін бетке басып жүр ғой. Сол талапты оған да қоямыз. Қайталап айтар болсақ, Жүрсін Ерманов жырларындағы лирикалық кейіпкердің көзіндегі мұң, сөзіндегі жігержадымызда ұзағырақ сақталатын тәрізді. Ол өзін осы бағыттан іздесе – қателеспес.

Ақындардың «таң қалып» ғұмыр кешуінен ешкім де зиян шекпейді, олардың оқырмандарын таңдай қақтыратын тың туындылары да шын таңырқаудың жемісі. Біз өлеңдегі мінез қырларына үңілген Есдәулетов, Мұқтарұлы, Тұяқбаев, Ермановтардың қай-қайсысы да мұны жақсы біліп, терең түсінеді. Білгендіктен ғана өлең жазып, түсінгендіктен ғана ақын болып жүрген жоқ, бірақ. Сылдырлаған бұлақтар күлкісі, сыбдырлаған жапырақтар шуылы, жөңкіліп бұлттардың көшуі, лекітіп самалдың есуі – бәрі-бәрісі де ақын болмай тұрып-ақ, дүние сырын білуге талпынып, өмірге тәй-тәй қадам басқан кезден әркімнің көңіл түкпірінде «неге?», «неге?» деген сауалды оятатын табиғи құбылыстар. Көп ақындардың соры ма, бағы ма, әйтеуір, сол тақырыптың төңірегінен ұзап шыға алмай қояды. Әлгі төртеуі табиғатты да, өмірді де жалаң жақсы көруші, құр қызықтаушы емес. Жүз түрлі бояудың ішінен өздеріне қажеттілерін таңдай білуі, жүз түрлі әуеннің арасынан жүрекке жақынына ықылас құлатуы, жүз түрлі соқпақтың ортасынан біреуіне түсуге ыңғай білдіруі бұлардың өлеңдеріндегі мінез өзгешеліктерінен де байқалатындай. Ал енді кейбір жыр жинақтарын сыртқы жалт-жұлты тәуір болған соң қолға алып, бастан аяқ оқып шыққаныңызда тоқсан тоғыз сала ағыстың тоқайласар тұсы, құяр сағасы табылмайды. Шумақтары шашырап, тармақтары тарқатылып жатады. Мұндай жағдайда, бірді-екілі селт еткізер, сезімге тиер өлең табылғанымен де, тұтастай алғанда әсер сейіліп, пікір жайдақтайды. Содан да болар, ондай ақынның өлеңдерінде тән мінез, басты қасиет мынадай деп ешкім де тұжырып айта алмайды. Ал аталған төрт ақын туралы ойға оралғанды біз іркіп қалмадық. Шынына көшсек, олардың өлеңдегі ерекше мінезі қайсы деген сауолға жауапты бүгіннен ғана емес, келер күннен, келешектен де күтейік.

1984 жыл.

**ДОСТЫҚТЫҢ «АЛАҚАНЫ»**

Қадыр Мырзалиевтің «Жерұйықтан» соң араға жыл салып жарық көрген «Алақан немесе Орта Азия отаулары» қонақкәде кітабының құрылымы өзгеше. Негізінен, Орта Азияның іргелі төрт отауы туралы ақын толғаныстары топтастырылған. «Жерұйық» пен «Алақанның» арасында заңды жалғастық, үзілмейтін сабақтастық бар. Тақырып тұтастығына ден қойып, кесек дүниелер жасауға көшуі қуантады. Күрделі тақырыптың байыппен тереңіне бойлағаны, көбікке көңіл аудармай, тұңғыықтан маржан теруге жасалған ұмтылысы назар аудартады. Табиғат пен қоғам өміріндегі қалт еткен құбылыс ақын жүрегін дір еткізіп өтетіні, ұшқыр жанр өкілдерінің ұлп еткен сезімді суытпай қағаз бетіне түсіруге тырысатыны дұрыс та шығар. Дегенмен, ақын философ, ақын психолог болу үшін ой кенішінен асыл-ақықты ажыратып алар талғампаздық пен сарапкерлік аса қажет.

«Өзбек өңірінде» атты бірінші бөлімнен ақынның өзбектер өмірінен мол хабардар екендігін және көңіліндегі көп ойларды жинақтап, қажетті-ау дегенін ғана оқушысына ұсынып отырғандығы байқалады. «Ерлік және жауыздық» атты өлең Александр Македонский шабуылы кезіндегі халық қаһарманы Спитамен жайлы ел арасындағы аңызға негізделеді. Аңыздың оқиға желісінен-ақ аңғартылатын ерлікке-мадақ, жауыздыққа-лағнет идеясы өлеңде де әдемі өрілген. Десе де, автордың жыр соңында қадап айтқан мына бір түйіні ше:

«Ұмытылмайды ешқашан да ерліктері,  
Жауыздық та ұмытылмайды әрине!»

Ерлік қана емес, жауыздық та ұмытылмайды дегенде, жауыздықтың жасампаздығы айтылайын деп отырған жоқ. Жасалған зұлымдық жеке адамның ғана жанына жара салмайды, қоғам да осыдан азап шегеді. Аңыздың да, жырдың жа жүйке-жүйесінде, өзегінде жатқан осы идеяны ақын тіпті айқын жеткізген деп айта аламыз. Поэзияның танымдық та, тәрбиелік те, эстетикалық та ролінің жоғары болуына ақын жауапкер болуға тиіс.

Л.Озеров «Поэзия-не служба, а служение. Служение самым высоким идеалом человечества» дегенде осыны айтқан ғой.

«Әмір Темірдің өлер алдындағы ойы» атты өлеңде де жіпсіз байлайтын құпия бар. Ол-өлеңдегі терең психологизм. Өлер алдында адам әрнені ойлайтын болу керек. Әйтсе де, әркім – әртүрлі ойлайды. Өкінудің өзі де әр түрлі. «Талай елді қан-қақсатқан Ақсақ Темірдің өлер алдындағы ойы не болды екен?» – деген сұрақ, оның жауабын іздеген автордың ғана емес, оқушысының да ойын сан-саққа жүгіртеді.

«Неге тура көзіме қарамайды уәзірлер?!» Өлгелі жатып та өзіне осылай сұрақ қойғанда Әмір Темір бейнесі биік сияқты. Бірақ, оның жан дүниесіндегі аласұрған арпалыс, шарасыздық пен мына жарық дүниедегі әлі де қара бұлт болып төнгісі келген ниеті бірте-бірте ашылады.

«Әттең!  
Әттең!  
Дүние

Ертең саған кім ие?!»

дегенде, Темірдің дүниенің тұтқасы өзім ғана болатын едім деген ойы бұлаңытады.

«Ыңырсатып хандарын,  
Қыңсылатып ханшасын.  
Қанша жерді жауладым,  
Жауламақ ем қаншасын?!»

–деп жаулаушының бүкіл өмір сүруінің мәні, мақсаты не екенін айтады. Хан сарайындағы бақталастық пен күндестік, бір-біріне өлшеусіз өшпенділік – бәрі-бәрісі Әмір Темірдің өлер алдындағы ойынан қорқынышты көрініс береді.

«Неге тура көзіме қарамайды уәзірлер!»

Осы бір ғана жолда қаншама қатпар сыр жатыр! Ақын оны тәпшітеп түсінік бермейді. Осыдан соңғы ой тұнбасына оқушы өзі үңіледі.

«Хұсайын Байқараның уәзірлеріне айтқаны» деген өлеңде уәзірлердің сөзіне еріп ақын Науаиді хан сарайынан қуып жібергеннен соңғы Байқараның өкініші жеткізілген.

«Бір кездегі биігінен жаңылып,  
Байқараның отыр қазір жаны ұлып.  
Ақындық пен ақылы үшін айыптап,  
Қудым оны,  
Қудырдыңдыр жабылып» дейді ол.

Жоғарыдағы жырмен салыстырсақ екі өлең, екі өкініш, екі характер.

Осы бөлімдегі «Базарлы Бұхара», Калян мұнарасы», «Гарем», «Өзбектер» сияқты өлеңдерге үңілгенде Қадыр қаламына тән ұтымды ой, ұтқыр теңеулерге тәнті боламыз, әрі сұлулық қайнары тым тереңнен бұрқайтынына қуанамыз. Жырдағы сұлулық қас-қағым сәттегі сәттілік қана емес, мұның өзі тәжірбиенің, таланттың, тердің жемісі екеніне ден қойған жөн. бір ғана «Өзбектер» өлеңіндегі:

«...Ұлттардың букетінде,  
Өзінше өзбек гүлі»

«...Өзбектер шөлінде де  
Өседі жүзім болып».

«...Тер төгіп жөргегінен,  
Тереді құтын халқы.  
Тарихтың диірменінен,  
Шығады бүтін қалпы»

деген жолдар мен шумақтарды оқып отырып, Қадыр поэзиясындағы шындықтың ірі-ірі мөлдір тамшыларына алақан тосамыз.

«Өзбекке қызығамын,  
Сүйгесін қазағымды» дейді ақын.

Логика бар ма? бар. Өзбек халқы туралы жалаң оймен жыр жазылмағандығын, халықтардың бір-біріне деген ыстық ықыласының шуағына бөленген ақын тебіреністері шынайы шыққанын айтқымыз келеді. «Қырғыз құшағында» аталған бөлімнен «Әнші халық», «Қырғыз әні», «Рамиска хат», «Қонақ», «Пржевальскийдің өсиеті», «Қырғыз қартының ақылы» сияқты өлеңдері бөліп алар едік. Бұл-басқасын мансұқтау емес, поэзиялық қуаты жағынан бұлардың орны бөлек екеніне назар аударту.

«Мен қазақпын тауым биік, далам кең,  
Өлең – жырда қай халықтан қалам мен?!  
Сөйте тұра  
Жүз мың әннің ішінен,  
Қырғыз әнін іздеп, тауып алам мен.

Жайқалғандай жастық шақтың құрағы,  
Жалт-жұлт етіп жанарыңның шырағы.  
Қырғыз достар ән салғанда бас қосып,  
Білмесем де қосылғым кеп тұрады», –

деп қырғыз әнінің құдіретіне құрмет көрсете отырып, ақын туыстық тамырын тереңнен іздейді. Бұл өлеңде қырғыз халқына деген махаббат нәзік те әсерлі жеткізілген.

Қырғыздың «Манасын» да, қырғыз қомузын да, қырғыз бальзамын да Қадыр қызыға жырлайды. «Рамиска хат» атты өлеңде қырғыз ақынына қазақ ақынының жазған ақ пейілді ойлары өрнектелген. Рамистың атын ләлең жолдарында жиі қайталау арқылы ақын әрі Рамиска бөлекше назар аудартса, әрі өлеңнің поэтикалық бояуын да аша түсетін тәсілді қолданған. Бұл өлең атақты Қ.Аманжоловтың «Әзірбайжан қызына» атты жырын еске түсіреді. Ол өлеңде Сана қыздың аты әр үшінші жолдың соңында қайталанып отыратын. Қадыр өлеңінде әр үшінші жолдың соңында қайталанады және әр үшінші жолдың басы ұйқасып отырады:

«Жыр бағына бұрып қойып жүз арық,  
Екі бетің қыз көргендей қызарып,  
Шабыт қуып жүрсің бе әлде Рамис?!  
Қалпағыңа сыймай бақ-бақ бұйра шаш,  
Көктемдегі көтерілген бураша,  
Шалық буып жүрсің бе әлде, рамис?!»



Ізденіс, өлеңдегі ізденіс дегеніміз аспаннан түскендей алабөтен нәрсе емес, дәстүрлі дүниенің жаңғыру мен жаңару процесін басынан кешіруі, ақынның шығармашылықпен дамытып, өмірге әкелген тың бейне, тосынмінезді кейіпкерлер болса керек.

«Қонақ» атты баллада да сәтті шыққан туынды. Жолға жақын тұратын қырғыздың жалғыз баласы хал үстінде жатқанда үйіне қонақ келеді. Қонақжай үй иесі қонақтарды қабақ шытпай қарсы алады. Қонақтардың ойында ештеңе жоқ, әзілдесіп, ән салып көңілді отырады. Қайғылы әке хал-жағдайды қонақтарға қомуз арқылы білдіреді.

«Сезім қылын қомузшы дәл басыпты,  
Күйдің тілін кәрі де ұқты,  
Жас ұқты –  
Қасіреттен бұрын жеткен қонақтар,  
Бұрынырақ кетуге де асықты.»  
Автор балладасын:  
«Қонақ кетпей кіре алмапты сол үйге,  
Арсыз ажал,  
Ұяты жоқ өлім де!» деп аяқтайды.

Ақынның аңыз желісін балладасында артық-кемді қызыл сөзсіз, қарапайым ғана табиғи жеткізуі көңіл аудартады. Шумақ пен шумақ Қадырдың бұл балладасында бір-бірімен бағына байланысқан. «Үйде қонақ бар деп Өлім сескене қоймас, алайда аңыз желісі сескендіреді» – дейді. Мұны ақын да аса сендіріп айта алған екен.

Табиғат жайлы лирикада табиғаттың өзіндегідей келісім – үйлесім болмаса, күнде көзімізбен көретін, тыныс-демін сезінетін өзімізді қоршаған ортаның жанды да дәл бейнесі болмаса оқушы ондай жырды оқымайды да. Қадыр жырларында бізді қоршаған табиғат-болмыстың тірі келбеті бар. «Тау романтикасы», «Аспан таудың арқары», «Тянь-Шань тұманы», «Күркіреуік», «Тау өзені» сияқты өлеңдерде табиғаттың сұлу суреті ақынның жасаған сұлу образы болып тіл қатады, сырласады бізбенен. «Пржевальскийдің өсиеті» атты жырды оқып отырып та ойға қаласыз.

«Мынау жатқан жас төбе мен кәрі қыр,  
Атар таң мен түстетұғын әр іңір,  
Ортақ бізге, табиғатқа о бастан:  
Орыссың ба,  
Қырғызсың ба,  
Бәрі бір» –

дейді ақын.

«Тәжік топырағында» аталатын үшінші бөлімнің де өзіндік қазына-қоры бар. Осы топырақта өскен, содан нәр алған, бірақ кер замандағы кедергілерден соққы көреген Рудаки, Хафиз, махфи, садриддин Айни және халық қаһармандары темір Мәлік, Махмуд Тараби туралы жырлардың

бойында рухани биіктік, психологиялық тереңдік, қарапайым шындық бар. Бұлардың көбісі ақынның баяндауымен емес, кейіпкердің өзінің монологы арқылы танылады. «Тәжік топырағындағы дарындар өмірінен бір үзік суреттерді ала отырып, ақын адам қоғамдағы құбылыстарға қорытынды жасағандай болады. Ақынның алдына қойған мақсаты – Тәжік топырағында қандай алып дарындардың болғандығын аңғарту, олардың ащы өмірінен оқушысына тұздықты әңгіме қозғау болса керек. Бұл мақсаттың үддесінен ақын шыға алған. Қадыр поэзиясында көзге айрықша түсетін бір қасиет өлеңнің соңғы түйіндеуі (концовка) қорғасындай ауыр болып келеді. Әр шумақта ой қорыта отырып, үдете әкеліп, ең соңғы шумақта философиялық терең ойлар айтуға Қадыр қаламы қатты төселген. Тамара Сильман өзінің лирика туралы зерттеу еңбегінде былай дейді: «Концовка» стихотворения, его финал, однако, далеко не всегда наглядно и непосредственно «вытекает» из предшествующих отрезков стихотворения». Бұған да келісеміз. Дегенмен, өлеңді қалай түйіндеуіне қарап ақынның ауқымын да, шамалауға болады.

Рудаки жайлы өлеңінде ақын шағын ғана бір жайды айтса да көз алдымызда ұлы ақынның бейнесі қайта тірілгендей. Сен барлығын да байқадың, зұлымдықтың, жауыздықтың, надандықтың – барлығын көрдің дей келе:

«Содан өрген сөздің,  
Ел тыңдады таңданып.  
Көре берген көзіңді,  
Хан сарайы қалды алып

деп аяқтайды өлеңін. Рудаки мен хан сарайының арасындағы құлама күз, терең ордың табиғаты осылай ашылады. Осы бөлімдегі бір сала өлеңдер – қысқа сюжетті өлеңдер. «Кішкентай новелла» деп В.Жирмунский атаған мұндай өлеңдер арқылы жыр кестесінің өрнегін байыта түсуге болатынын білеміз. Бұл тектес дүниелер жасауда да Қадыр қабілетіне ден қойсақ кателеспейміз.

«Түркімен төрінде» деп аталған төртінші бөлімдегі өлеңдерді оқып отырғанымызда көз алдымыздан құмдақ даладағы тіршілік тізбектелеп өтіп жатады. Осы бөлімдегі барлық өлеңдерді оқып шығып, ақынның айтпақ болғаны не деп ойналар болсақ, түркімендер мекендеген кешегі-шөлдің, және бүгінгі шөлде де шөлдемей өмір сүріп жатқан елдің бейнесі жанарымызда ұялап қалғанын байқаймыз.

«Хауіп пен күдіктің  
Ордасы сұр өңір.  
Құдық пен құдықтың  
Арасы – бір өмір –

деген жолдарда түркімендер мекендеген өңірдің кешегі сұрқай суреті жатса, «Түркімен пейзажы» атты өлеңдегі:

«Жатқан шөлмен алысып,

Қайда да ұлы бастама.  
Отырады жарысып,  
Тас жол, менен тас науа» немесе,  
«Өткенді еске салады,  
Көне заман қорғаны.  
Құшағына алады  
Мұнаралар орманы»

деген шумақтарда бүгіннің тірілік тынысы бар.

«Жаугершілік», «тарихқа түсіндірме», «Жеңіс» атты өлеңдерінде ақын түркімендердің жаугершілік замандарда жан-жағынан хауіп пен үрейді көп күткені, егіз халықтардың арасында да қақтығысып қалудың болып тұрғаны жайлы толғай келе:

«Байларымыз қырқысып құдық үшін  
Кедейіміз мұдасқан оңашада»

деп қақтығыстың да себебі зар замандағы шонжарлардан екенін, бұқара халықты олардың қылығы үшін айыптауға болмайтынын аңғартады.

Қадырдың мұндай өлеңдері бір қарағанда тым әсерлі де емес сияқты, оқып отырғанда ысынып-суынбауыңыз да мүмкін, бірақ бір ғана өлеңмен түркімендер жайлы түйіп айтуды ақын алдына мақсат етіп қоймағанын ескерсек, бір өлеңнен екіншісіне көше отырып әсерімізді ұлғайтамыз, танымымызды кеңейтеміз, өлеңнің биік рухты парасатты идеясы күн сәулесі сияқты жылылығымен баурайды.

Әр елдің сүйіп атқаратын бір жұмыстары болады. Ал, түркімендердің мұндай еңбек өрнектері жайлы ақын былай депті:

«Алаулаған жаз айы,  
Аспаныңда кілең күн.  
Түрікмения – ғажайып  
Музейі екен кілемнің.»

Кілемсіз Түрікменияны көзге елестету мүмкін емес ескерте отырып, ақын бұл елдің тұрмысының да бір қырын жарқыратып көрсетеді.

«Сағым», «құм», «Қарақұм», «Қарақұм каналы» сияқты өлеңдер Түрікмения табиғатымен таныстырса, «Түрікмен қарты», «ақсақалдар алқасы», «кушкадан хат» аталатын жырлар осындағы адамдардың мінез-бітімдерінен хабардар етеді. Бұл жырлардың барлығы жиылып келіп біртұтас ұғымда қауыңа жетелейді. Жері құмдақ болса, елі еңбекқор бұл өлкенің болашағы жарқын дегенді іштей сезінесіз.

«Мақтұмқұлының зары» аталатын әсерлі жазылған философиялық жырдағы уақыт та, бақыт та, алтын да, жігер де, адам да, өмір де – құм дейтін пәлсапаға ақын Түрікменияның бүгінгі тіршілігін қарама-қарсы қоя отырып, жарқын идеямен жыр жинағын аяқтапты.

«Жырлап еңбек тілінде,

Жыл артынан жыл көшкен.  
Құмның өзі бүгінде,  
Белуардан су кешкен»

дейтін бір шумақтың өзі көп сырды жеткізіп тұрған жоқ па?! Олай болса, құмдағы қайсар халық түрікмендер жайлы ақын тебіренісі табиғи екен. Бауырмалдық, достық дiңгегі бұл халықтармен мызғымас берік қалыпта кұйылған екен. Бұл бөлімде де бір елдің географиялық ерекшелігі, психологиялық мінезі дәл штрихтармен оқырманға жеткізілген екен.

Қадыр – шығармашылықтың ащы-тұщысын сезіне білген, жеңілді емес, ауырда таңдаған ақын. Қаламының жетегінде кетпейді, жүрек қалауының жетегінде жүреді. өзі үшін ғана өртенбейді, ел мұңы мен қуанышына күйіп – жанады, күліп қуанады. Бұдан бұрынғы «Жерұйық» пен қолымыздағы ақтара қарап шыққан «Алақан» Қазақстан мен Орта Азия туралы жазылған поэтикалық полотнолар.

Қадырдың кез-келген өлеңінен сұлулықтың кесек-кесек сынықтарын табуға болады. Бүкіл поэзиясы жүздеген детальдардың жиынтығын құрайды. Тек қана, «Алақан» жыр жинағында қаншама соны теңеулер, тың образдар, айшықты сөздер бар!

«Өркеш-өркеш таулардан  
Ирек-ирек көкжиек.»

Сурет – осы. Тым оңай айтыла салған жолдар сияқты. Қаншама қарағаныңмен, күнде көз алдында болғайынмен, тіл ұшында тұрып, айтайын деп айта алмаған сөздің – осы. Ақынға жұрттың алақан ұратыны, ардақ тұтатыны да оқыстан ойындағысын дөп басатын осы бір қасиетіне бола ма деп те қаласың. Қадыр өлеңдерінен осындай сипаттағы образдармен қатар, халық даналығы дүниеге әкелген мақал-мәтелдермен туыстас, қаны бір, нақыл боларлық жолдарды да көптеп табамыз. Бұл да Қадыр стиліне тән. Мысалы:

«Алтын ой ортақ ұл ғып барлық елге  
Алтын тақ әкенді де өлтіреді!».

Осындағы даналық ойды қалай қуаттамассыз. Біз тек бір-екі мысалды ғана тілге тиек етіп, таңдап алып қана таңданайық деп отырған жоқпыз. Қадыр жинақтарының болмыс-бітімі осы дегіміз келеді.

М.Мақатаев былай деп жазған екен: «Ақындық дегеніміз - өмірді ұғып, өмірді тану арқылы, бір жағынан өзінді де таныту, өзін де қауымға ұғындыру екені рас, алайда, кешкен ғұмыр, өткерген өміріне қарап, тындырған дүниесіне қарап, тым шарықтап кетпей, лирикалық кейіпкерінің өзіне де тізгінді біржолата беріп қоймай, бақылап, байызбен жырлаған жөн».

Бұл – ақындықты ақынның бағалауы. Қадыр Мырзалиев өлеңдерін қасиетті ақындықтың арнасында тулатқан іргелі, ірі талант, табиғи құбылыс.

1978 ж.

**БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ**

Балалар поэзиясын жас өспірімдер де, жастар да, жасамыстар да оқиды. Жақсы өлеңдерді жүрек жатсынбайды ешқашан. Балалар өлеңіне қойылар талап деңгейі де күннен-күнге жоғарылап келеді. Өліппені кеше ғана қолына алып, сауатын ашқан оқушының сәлден соң математикалық қиын амалдарды шешумен шұғылданып отырғанын байқаймыз. Мұндай жағдайда балалар ақынының санамақ пен сылдырмақ жайлы өлеңдерінің айналасында қалуын сөз етудің өзі ыңғайсыз. Содан да балаларға арнап жазылған өлеңдерден танымдық, тәрбиелік, идеялық қуаттылық пен образдылық, ойлылық, сұлулық пен сонылық іздейміз.

«Ақын тіс» атты өлеңдер жинағында бала психологиясын ашу, балалық қылықтарды бағалау, әр құбылысқа баланың көзімен де, үлкеннің көзімен де үңілу әр түрлі формада жеткізіліп, жарасымын тапқан. Бала мінезін, қылығын, қателігі мен құптарлық ісін жан-жақты ашып көрсетуді Ескен Елубаев алдына жарқын мақсат етіп қойғаны шүбәсіз.

«Көктем туады, жаз шығады, күз түседі, қыс келеді деп неліктен айтады?» - деп, бала сұрақ қойса, еріксіз ойланасыз. Мұндайда тапқыр жауап керек. Автор өзінің бір өлеңінде жыл мезгілдерінің тууы мен шығуы, түсуі мен келуі жайлы халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланыстырып ұтымды жауап ойластырады. Көктемдегі малдың төлдеуі, жаздағы егіннің шығуы, күздегі жапырақтардың түсуі, қыстағы суықтың, аяздың келуі жауаптың мықты дәлелі сияқты келтірілген. Бұл – сөз жоқ, баланың қиялын, фантазиясын дамытуға көп әсерін тигізетін өлең.

Жинақтағы «Шатақ» және «Ұмытшақ» атты екі өлеңнің табиғатына үңіле отырып та көп ойлар қозғауға болады. «Шатақ» атты өлеңде Есет дейтін баланың түсінде атасы берген үш сомды ояна сала ағасына тауып бер деп әлек салғаны баяндалады. Өңі мен түсін ажырата алмағандығын айтумен өлең аяқталады. Тек күлкі шақырғаны болмаса, өлеңнің оқушысына әсері шамалы. Ал «Ұмытшақ» атты өлеңде Жүсіп дейтін баланың көрген түсі әлдеқайда қызықты суреттеледі, тіпті, авторлық қорытындының өзі үлкен ой саларлықтай түйінделген. Ұмытшақ Жүсіп түсінде шөп шабуға барыпты, сөйтсе, шалғысын ұмытып кетіпті; тағы бірде, түсінде, балық аулай барғанында ауды ұмыт қалдырады; енді бірде, түсінде, комбайыншы болып егін оруға барса, комбайынын ұмыт қалдырған. Осының бәрін кезегімен айта келе ақын:

Қызығы бұл түсінің –  
Олақтығы болар-ау,  
Өңіндегі ісінің, –

деген дұрыс қорытынды шығарады.

Және:

Оның барлық себебін,  
Анықтаған,  
Білген,  
Мен.  
...Сабағына дәптерін,

Күнде  
Ұмытып  
Жүргеннен, –

деп соңғы шумақ арқылы Жүсіптің түсіндегі ұмытшақтығының түп-тамыры өңіндегі шалағайлығында жатқандығына оқушысының көзін жеткізеді. Жүсіптің ұмытшақтығын оңдырмай әшкерелейді. Бұл өлең жоғарыдағы «Шатақ» өлеңіне қарағанда тәрбиелік мәні зор болумен қатар баланы терең ойлауға, оңайды ғана емес, күрделілікті түсінуге жетелейді.

Өлеңнің бала ұғымына сай жазылуының жолдары көп. Тек қана дидактикалық өлеңдермен шектеліп қалмай, балалар ақындарының қысқа сюжетті, желілі өлеңдерге де жиі баруын құптар едік. Балалар психологиясын ашуда сұрақ, жауап түрінде жазылған өлеңдердің біршама артықшылық тұстары бар. Мұндай өлеңдерде баланың сұрағына жауап іздеуден де балаға сұрақ бере отырып жауабын алу қызықтырақ. Алайда сұрақ пен жауаптың жеткізер ақиқаты, танымдық мәні болуы керек.

Жинақтағы «Жау деген не?» атты өлеңде:

Немене жау дегені,  
Қарсы алдынан шабайын.  
Дұрыс болды-ау келгені,  
Жүзін көріп қалайын, –

деген аңқаудың алаңғасарлығына күле отырып, автор жасөспірімге ғибратты ой тастайды:

Жау келсе егер еліңе,  
Керегі жоқ танысып.  
Қуып туған жеріңнен,  
Құрту керек шабысып.

Бұл – жас өскіндерді отаншылдық рухта, елін, жерін сүйе білуге тәрбиелейтін өлеңдердің бірі.

Е.Елубаевтың халық аңыздарының ізімен жазған өлең-ергетілері шымыр да жинақы шыққан. «Қырғыннан құтқарған қарлығаштар» деген өлең-ертегінің арқалаған жүгі мол. Қысқа ғана сюжеттің арқауы босаң өрілмей, ширең келіп, дәл шешімін табады. Үйіне қарлығаш ұя салғандықтан жау келе жатса да көшпей жұртта қалған шал бейнесі, шалдың мейірбан жүрегін түсініп қалың қолды тоқтатқан қолбасының мәрттігі оқушысын бейтарап қалдырмайды. Мейірбандық оты лаулайды. Өлең-ертегінің тілі де шұрайлы «Айғырқұлаған» атты аңыз-ертегінің де желісі жақсы өрілген. Белгілі бір жер аттарының қалай қойылғандығы, неліктен дәл солай аталғандығы баланы ғана емес, үлкенді де қызықтырады. Ал, балалар қашанда аңыз желісімен жазылған шығармаларға құмар келеді.

Асылы, балалар ақыны Ескен Елубаевтың қаламы шағын оқиғалы, қақтығысты өлеңдерді жазуға келгенде жүрдек. Ал мұндай өлеңдердің қызыға да құмарта оқитын оқушылары көп екендігіне талас жоқ.

Балалардың өлеңдегі сұлулықты түйсінуі үшін образдылыққа, сөз кестесінің көркемдігіне, ырғақ пен ұйқастың жарасымына назар аудармаса болмайды. «Ақыл тіс» жинағындағы:

Алма ағаштар жасанып,  
Ақ бантигін тағынған.

немесе:

Табиғаттың пионер,  
Балғын кезі – май айы,

яки:

Алатау бір скеілді,  
Алматының кілемі, –

дегендей сөз-суреттер бала санасында оңай және ұзақ сақталып қалса керек. Жинақтың соңында берілген жұмбақтар мен жаңылтпаштар жөнінде де осыны айтуға болады.

Біздің айтқандарымыз сөз басы ғана. Оны бала оқырмандар «Ақыл тіс» жинағын оқу арқылы жалғастырырына сенеміз.

1979 ж.

## ТЫҢ ТЫНЫС

Өлең табиғатын түсіну – әрбір адамның өресі мен талғамына қатысты десек те, асыл мен жасықтың аражігін ажыратуға келгенде көзге ұрып тұратын кейбір ерекшеліктерден-ақ сыр тую жеткілікті. Бірақ, мұның дәйім андағайлап бой көрсетпей, бұғынып жататын да кездері бар. Содан да барып, қарапайымдылықтың астарынан жадағайлыққа телитін ұғым туындатып аламыз. Әсіресе, бұл поэзиялық шығармаларды оқығандағы алғашқы қабылдау, әсерге мегзей айтылған ой деп ұғыңыздар.

Шынымды айтсам, бұрынғы жыр жинақтарындағы қарымы мен мінезін жақсы білетін ақын Несіпбек Айтовтың «Жаңбыр әні» атты кітабын оқып отырғанда да осындай күйден арылмағаным анық. Лирикалық кейіпкердің салқынқанды ұстамдылығы, бір өлеңнен екіншісіне ауысқан кезде де арнадан асып-таспайтын ойшыл кейпі оқырманға бір тағатсыздық әкелетіндей ме, қалай.

«Ағажан,

Көкпар қайда, торы ат қайда?  
Будақ шаң енді қайтіп боратпай ма?  
Соңына сопаң етіп шыға келер,  
Бұл ғұмыр барады ұксап шолақ сайға».

Шым-шымдап ой үстейтін, сырласуға шақыратын мұндай шумақтарға неғұрлым ден қоюшылық, ыңғай танытушылық байқалады.

«Берер маған бақытын тағдыр әлі,  
Күнім талай күркіреп жаңғырады.  
Жаңғырады –  
Таусылмас жаңбыр әні.  
Жаңбыр әні – жанымның сусыны ғой,  
Өле-өлгенше шөлімді қандырады.

Жинақтағы өлеңдердің бәрінде дерлік лирикалық кейіпкердің жан-дүниесі асау қақтығыс, драмалық шиеленіс үстінде емес, осындай көңіл ауанының пернесін іздеу арқылы ашылады. Құлаққа таныс қоңыр әуен шалынады. Көз қарықтыратын бояуларды жұқалтаң жағып пайдалануға тырысатынын аңғарамыз.

Домбыраның құлақ күйін бір рет қана келтіріп алып, тәуекелмен бірнеше күйді орындап шығуға да болады. Бірақ, ол үшін домбыра сенімді болуы керек. Әйтпесе, қос ішектің бірі сәл ғана босап кетсе, домбыраны шебер тартушыға да, күйге де, тыңдаушыға да обал.

«Басында ән айтылды, жыр айтылды,  
Бос белбеу, боз өкпелер былай тұрды.  
Қаныма жалыныңды құйшы менің,  
Болайын бір-ақ сәтте құдай сынды».

«Ошақ» атты өлеңнен алынған осы шумақта босандықбар. «Былай тұрды» мен «құдай сынды»ны ұйқастырмай тұрған – «с» әрпі. Егер ақындардың сәтсіз ұйқастарының себебін іздеумен ғана айналыссаңыз мұның қыруар мысалын табар едіңіз. Бірақ, Несіпбектің өлеңдеріне осы тән деген пікір айтқалы отырған жоқпыз. Алайда, сызат осылай түседі деп сақтандыру ләзім.

«Жаңбыр әні» жинағындағы көп өлеңдерде тұспал, астар, әдемі лирикалық леп бар. Оның өзі ақынның ізгілік атаулының жоқтаушысы, жалаугері, жаршысы болумен қатар, өз жүрегіндегі мазасыздықты да сонымен ғана ұштастыратындығынан.

«Жүрегім аласұрды неге менің,  
Жарқynom, сезесің бе не керегін?  
Дүние-ай,  
Қайта қуып жөнелер ме ем,



мітімнің ұшып-қонған көбелегін!»...

Осындағы сағыныш пен мұң өткеніне үздігіп, бүгінін тәрк етуден гөрі, бәрін де баяғыдай, сонау бала кездегідей «үміт көбелегін» қуып бастап, қазіргі биігіме қайта шықсам деген риясыз, зілсіз тілектен тамыр тартады екен. «Үміт көбелегі» өмірдегі айқын мақсатты жоққа шығаратын сияқты болып көрінуі де мүмкін. Алайда, өлеңді тұтас оқып шығып, оны лирикалық кейіпкердің басқа жырлардағы қалыптасқан көзқарасымен салыстырар болсаңыз, ұшқарылығы байқалмайтынына кәміл сенесіз. Тіпті, үміт көбелегін қуаламаған адам бар ма, сірә? Жоқ қой, жоқ...

«Балқаштың соңғы жолбарысы» атты өлеңнен бағдарлы нысана байқалады. Жыртқыш болса да жолбарыстың тірлігіне қызығушылықты бекерге шығармаймыз. Бұл – күштіліктің, сұлулықтың бір символы іспетті.

«Қараңғылық біртіндеп торлап үстін,  
Солғын тартты жанары толған ұшқын.  
Жаман-жәутік тексіздер көбейгендей,  
Азайғалы тұқымы жолбарыстың».

Автор екіұшты ой тастайды. Өлеңде осындай батылдық болмаса, несі құнды? Бәлкім, құптарсыз. Бәлкім, құптамассыз. Жолбарыстар жер бетінен жоғалар, жоғалмас. Табиғат қорғау қоғамының ғана мүддесі емес бұл. Жолбарыстың жөні бөлек, ал, ақынның айтпағы басқа...

«Сездіңдер,  
Жүрегімде бұлақ барын.  
Кім білсін қайда барып тұрақтарын.  
Тереңнен қайнап шыққан тұнық еді,  
Блайлап ап жүрмендер, шырақтарым!»

Шынында осы жинақтағы жыр жолдары жеткізетін сезім тазалығын құптаймыз. Ал, оны ылайлап алмау ең алдымен ақынның өзіне, бізбен ақжарыла сырласатын лирикалық кейіпкерге жүктелер міндет екені даусыз.

Несіпбек Айтөвтың қаламы бұрын да бірнеше толғау, поэмалар жазып, бұл бағытта да ізденіс жасағанын білеміз. Аталмыш жинағындағы «Найзағай», «Үзілмендер үндістер» поэмалары мағыналық жағынан да, көркемдік құрылымы жағынан да соларды толықтыра түседі, үндес. Бұдан бұрынғы «Бас сүйектер» атты поэмасын оқырман қауым жылы қабылдағанын. Ондағы ұтымды топтастырылған монологтар арқылы негізгі идея өте айқын жеткізілетін. Көлемі шағын болғанмен көл-көсір ой айтылатын. Әрине, үнемі монологты яки диалогты арқау тұту, тұтпау автордың өз жұмысы. Әйтеуір, шеберлікпен жазылса болғаны.

Қазіргі жас ақындардың поэмаларында ұзақ сонар толқу мен шалқудың азайып, неғұрлым қысқалыққа ұмтылу белең алып отырғандығы көңіл

аударарлық жайт. Бұны айтарының аздығынан деп түсіну жаңсақ болар еді. Алайда, қысқалықтың нұсқалығы жөніндегі талап бәрібір төмендемейді.

«Найзағай» - Батыр Нүркен Әбдіровтың от-жалынға оранған өмірінің ақтық сәтіне арналған. Ал, «Үзілмеңдер, үндістер» - Америкадағы ұлтшылдық пен отаршылдықтың құрбандығы болуға айналған үндіс халқының басшыларының бірі Рассел Минстің халық мүддесін ойлаған, бірақ қауқарсыз халін баяндап, әділет пен тәуелсіздікті талап етуші үндіс жұртшылығының мүддесін білдіретін туынды. Автор өзі айдар тақпағанымен де оның поэмаларынан публицистикалық толғаныс айқын білінеді.

Мәселен, Минстің Швейцарияда өтетін бір мәслихатқа келгендігі ойына көңіл аударайық:

«Швейцария!  
Ұжмақ төрі сен бе едің?  
Сенбедім мен, сенбедім?!  
.....  
Бостандықтың тамшысына шөлдедім,  
Естілер ме мендегі арман,  
Мендегі үн?!  
Швейцария банкісі,  
Сенде дүние байлығының жартысы.  
Үндістердің алтыны да сейфіңде,  
Байлықта ғой тіршіліктің тартысы».

Поэмаларының басынан аяғына дейін осындай тыныс, осындай екпін, осындай желі үзілмейді. Негізінен, авторлық позиция алға түсіп отырады. Оқиа сюжет арқылы дамымайды, ақын толғаныстарынан түзіледі. Мұның публицистикалық сарынындағы ұтымдылығына ештеңе дей алмаймыз. Ұтады. Алайда, талғам қашан бір деңгейден табылған. Меніңше, Нүркен туралы поэмаға лирикалық шегіністер, яки ой қақтығыстары немесе Нүркен характерін аша түсетін басқа бір жанама суреттер қажет еді. Бұл айтылғанды қабылдау, қабылдамау автордың да, оқырманның да өз еркінде.

Жалпы, жинақта ақынның өзіндік тынысы, іздену соқпақтары, үміттендірер уәделі қадамы бар дейміз.

1983 ж.

## МАЗАСЫЗ ЖҮРЕК МАҚАМЫ

Өзіндік ізденіс іздері. Бұл сөз тіркесін жастар творчествосына шолу-талдау жаағанда да жиі қолданамыз. Кез-келген автордың көркем шығармасының кейбір кемшін тұстары байқалса да, жаңа ой, соны пікір айтпақ болып ниеттеніп, жеріне жеткізе суреттей алмаса да ізденісін жоққа шығарғың келмейді. Творчестволық ізденістің мәнін, құпиясын терең түсінген жағдайда ғана талант бұрқанысын тап басып, дәл тануға болар.

Әйтпесе, творчестволық ізденіс пен соқыр талпыныстың арасындағы алабөтен айырмашылықты аңғармау мүмкін емес. Ақын-жазушының алғашқы жинағынан оқырман жаңа леп күтеді, келесі кітаптары жарық көргенде соны соқпағымен қоса сатылып өсуі бар ма екен деп көңіл аударды. Ізденістің көрініс берер кезі, оқырман сынын қажетсінетін тұсы да осы. Бастапқы екпін үдей түсті ме, әлде, бір айналым, қысқа қайырыммен тоқтап қалды ма, жайдақ тартып таусылып бара ма, яки тереңдеп, толысып келе ме – бәрі де айқындала түспек. Содан да болар, әуелде елең еткізген сәтті өлеңдердің авторын кейін жоғалтып алғанда оқырман ойы он саққа бөлініп, сенім үдесінен шықпағанына іштей ренжіп, түкке тұрмайтын әурешілік екен ғой деп теріс айналады. Қалай дегенмен де, 3-4 жинағы жарық көрген ақынның өзіндік қолтаңбасы, өрнегі, өрісі, өресі туралы батыл пікір айтылғаны жөн.

«Жұлдызым жоғары» – Байбота Серікбаевтың үшінші кітабы. Балладалар, өлеңдер, поэмалар топтастырылған. Қазіргі қазақ поэзиясында бұл үшеуінің де тамаша үлгілері бар. Жас ақынның жазғандарына еліктеу мен үйрену шекарасынан өте алды ма деп үңілесіз. «Жауапсыз қалған сұрақтар» және «Тасбақа туралы хикая» атты балладалары қарапайым диалогқа құрылған. Бірақ бізді қызықтыратыны таныс формамен жеткізілген таңсық сыр ғой. Ақынның өзіндік түйін-байламы, ақындық шеберлік қырлары, көркемдік таным дәрежесі қаншалықты екендігі. Сәби сұрақтары сан қилы ойға жетелейді.

«Құлақтан үні кетпей тұрады,  
Сауалы ой сап көңілге.  
Өзімнің де өрем жетпейтін әлі,  
Сұрақтар қанша өмірде?! –

дегенімен, ақынның бала сұрақтарына жауабы әзір. Үнсіз қалуының себебі әріде жатыр. Тіпті, қоғам дамуының қайшылықтарына барып тіреледі. Адамдарды алғы ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұмытпауға мегзейтін тұстары бар.

«Неліктен оқты адамдар қолданады?» – (бұл сұрақтың қойылуы тым қарабайырлау), «Кескен бе қолын патшалар?», «Айғай-шу неге көбірек болған Батыста?», «Қарашы, аға, картаға, неліктен шимай көп түскен?». Қиын сауалдар. Кез-келген бала бұлай сұрақ қоймауы да мүмкін. Егер де, осы сауалды өзімізге қойып көрсек, барлық мәні ашыла түседі.

«Селк ете түстім  
өзілқой жездем,  
Балдағын ұстап бара жатқандай».

Сәби санасын, ақын жүрегін ауыртқан бұл сұрақтардың жауабы біреу-ақ. Барлығына кінәлі – соғысқұмарлар.

Байботаның алдыңғы жинағында осы тақлеттес бір өлең бар еді. Онда да сәби сұрағынан туындаған ой селт еткізетін:

«Глобусқа құрт түсті,  
Азияны жаралапты! –

дейтін жолдар арқылы ащы шындық алға тартылады. Жаңа жинағында жас ақын осы ойын тағы да дамыта түскен, тереңдеткен. Тегі, ақынның әрбір өлеңінде өткенді жаны ауыра еске алуы, ертеңге – сабақ. Байбота осынау азаматтық парызды жақсы түсінеді.

Б.Серікбаев өлеңдерінің ырғақ, әуенінде қазіргі ақындардың үнінен өзгешелеу сипат бар. Мұның сырына үңілер болсақ, ақынның жырдағы формалық тәсілдердің біріне айрықша машықтануы дер едік. Лықсып келіп, кейін шегінетін толқын мінездес шалыс ұйқастың мүмкіндіктерін барынша пайдаланғысы келеді.

«Қылығың-ай сол, аяулым, қысыла күлген!  
Қолұшын берші,  
көңілді күстана қылма!  
ҚҰТҚАРАСЫҢ БА –  
апатқа ұшырадым мен,  
ЖҮРЕГІҢДЕГІ  
«БЕРМУДТЫҢ ҮШТАҒАНЫНДА!?!»

Онсыз да түсінікті шумақтарда кейбір сөздердің бас әріптерімен терілуін не деуге болады, мұны ой екпіні түскен сөздер деп ақтағанмен не ұтамыз? Кейде, тіпті, орынсыз көзге ұратын формашылдық емес пе? Бес буынды ұйқасқа құмарлық та байқалады. Құптаймыз. Бірақ, ой ағысын шарттылықпен жеткізетін кейбір шумақтардың қайтсем де осы бес буынды ұйқасқа түсірем деген ниетпен солғын тартқанын да ескерткіміз келеді.

«Шақырса, бар!  
Бар!  
Қалдырма көңілін қыздың.  
Саяткер болсаң  
Сағынар қолың қаршыға.  
Сыр жаққа барсаң, із қалар өмірінде ізгі,  
Ғашық боп егер келмесең,  
Сорың бар шығар!...» –

дейтін шумақтардағы ауыр ұйқас (дұрысы, шеберлікпен қиыспаған ұйқас) ойды оңай түсінуге бөгет жасайды. Ой түсінікті де, соған қажетсіз көлеңке түсіреді. Бұны айтып отырған себебіміз, Байбота өлеңдеріндегі өзіндік қолтаңба іздерін байқататын осы бір тәсілді жоққа шығару емес, қайта, соған сергек қарауды, ұйқас үшін ой іздемей, ойды өткір де нақты жеткізер ұйқас

іздеуді мұрат тұтса дегендік. Осы екеуінің табиғи қабысуы, сызатсыз тұтасуы ғана көңілден шықпақ.

Байбота өлеңдері әр алуан тақырыпты қамтиды. Дегенмен, жинақтың аннотациясында дәл айтылғандай: «Жыр сапарында өзіндік үні мен қолтаңбасын танытып қалған жас ақын жырларынан азаматтық әуен аңғарылады». Бұл пікірдің дұрыстығына «Әлемнің кіндігі» атты циклдан «Жер, сен бақыттысың!», «Абаймен сырласу» топтама өлеңдері мен поэмаларын оқығанда көз жеткіздік. Жоғары пафос, құлашты кеңге созғандық қуантады. Өз басының қуанышы мен күйінішін ғана суреттеу ақындық қуат шеңберінің тарлығын көрсете ме, жоқ па, – оған төрелік жасау оқырман еншісінде. Ал, ежелден Ел, Жер тағдыры ақын жырларының алтын арқауы болып келгені анық.

«Бәрі бар сенде,  
таңданам, бұл бірақ шыным!  
Бақыттысың ғой, Жер-Ана!  
СЕЗІНЕСІҢ БЕ?!  
Бұлақтарың бар өзіңнен бұрқырап шығып,  
Өзіңе сіңген!» –

деп бастағаннан-ақ Жердің қадір-қасиетіне, Жердегі ұлы өзгерістерге, Жер бетіндегі тіршілік тынысына, Жер тағдыры қолында тұрған адамдардың ісіне баға беру, қуану, қамығу, алаңдау, жанашырлық таныту байқалады. Жер-Ана мен ақын сырласады. Осының бәрі жалаң данагөйсу, ақылгөйсу арқылы емес, бүгінгі таңда бейбітшілік туын жоғары ұстаған әлем халқының мұрат-мүддесін терең түсінетін ақын сезімінен ақшуақ жырға айналған. «Мен – Жермін», «Пифагордың қателігін анықтау», «Сырқат су» сияқты өлеңдерді жеке-дара алғаннан гөрі топтаманың ірі бөлшектері, кесектің сынығы деп қабылдағанмыз жөн. «Абаймен сырласудағы»:

«Ала алмай елің еңіреп есе,  
аз қауым бағып құлқынды.  
Қажытып еді сені де кеше,  
Қараңғылығы жұртыңның  
.....

Сөзіме қазір көп иланады,  
Сырыма жұртым сенеді.  
Ал мені  
Әлем оқиғалары  
Алаңдатумен келеді» –

деуі әбден орынды. Бұл бүгінгі таңдағы ақындардың міндет-парызын түсіндіру іспетті. Ал, әлем оқиғалары ақынды қалай алаңдатып отыр, бұған

Байбота өз шамасы жеткенше жауап беруге тырысады. Қиын да жауапты жүк арта білген өзіне.

«Ойыншықтар» поэмасы сонау сұрапыл соғыс жылдарының бір үзік суретін көз алдымызға әкеледі. Фашистік өлім лагеріндегі адамзатқа жасалған қорлау, қинау, тірідей отқа жағу сияқты сұмдықтарды әлі күнге жан-дүниеңіз түршікпей еске алу мүмкін емес. Саласпилс лагері де сондай өлім өртінің ордасы болған.

«Отыз-ақ гектар... «бар-жоғы», аз көлем бе сонша аудан,  
Өлімнің иісі аңқиды тікенек темір қоршаудан», –

деп автор қайта-қайта еске салады да, сюжеттік желімен емес, жеке-жеке суреттермен ойын ұтымды жеткізеді.

«Айтпайын қалай ашынып  
Сұмдықты мынау  
енді мен:  
бункерде жақты  
ашығып  
жылаған бөбектерді де!» –

дейді ол.

«Емен», «Шал», «Балалар барагы», Балалар бақшасы» дейтұғын өлеңдердің сабақтастығы, поэманың өзі шағын болғанымен, бояуының молдығы байқалады.

«...Ойынын соғыс бөлген сәбилердің,  
Ойыншық қояды жұрт зиратына...» –

Дір еткізетін жолдар. Бүгінгі күннің суреті, бірақ кешегінің өтемі. Жоқ. Бұл ғана емес. Каобанг өңірінде де балалар «Ойыншықтардай қирап шашылған». Фашизмнің зұлымдық әрекеттерін тарихта тағы да қайталағысы келетіндер бар. Қазіргі таңдағы бүкіл әлем халқының бейбітшілік жолындағы күреске үн қосуы, соғыс өртін тұтандырмауға күш салуы – Ана мен Бала тілегі. Ал, Байбота:

«Жырдың аты – «Ойыншық»,  
Бірақ...  
Бірақ  
ойыншық деп ойлама, досым, мұны» –

десе құптаймыз. Шымыр шыққан. Селкеу тұсы жоқ. Ойып алынған деталь.

Жинақтағы «Жер шақырады» атты фантастикалық әрі публицистикалық поэма оқырманын бей-жай қалдырмайды. Оның бір себебі – қазіргі қазақ поэзиясында публицистикалық поэмалар болғанымен,

фантастикалық поэманың үлгісі жоқ. Поэзия мен фантастиканың арасында өте жақын туыстық байланыс бар. Сөйтсе де ақындар емес, жазушылар бұл жанрға жиі барған. (Атақты орыс ақыны Валерий Брюсов та «Гора звезды» атты фантастикалық шығармасын өлеңмен емес, прозалық жанрда жазып қалдырған). Ғылыми техникалық революция заманында фантастикалық шығармалар ғылыми сипат алып отырғаны да түсінікті. Ал, бірақ фантастика тек қана ғылымға қызмет етуі шарт емес. Нағыз творчество адамы – ұшқыр фантазия иесі.

«Жер шақырады» поэмасында ғарыштағы адамның сағынышы, жер тағдырына мазасыздану жоғары публицистикалық пафоспен жеткізілсе, Афуи, Ноэль, Биодене, Аққулардың қатысуы арқылы поэмаға қосымша фантастикалық сипат берген. Басқа планетада жолыққан Аққудың жұмыртқа сыйлауы, бұл пиғылдың Жерді құртумен ұштасып жатқандығы айтылады. Фантастикалық оқиға қысқа ғана болса да, оның өлеңмен жеткізілуі аса қиын ғой. Поэманың тілінде нақты фактілер жиі ұшырасады. Мұның өзі поэманың кемшілігі емес, мазмұн байлығы ретінде бағалануға тиіс сияқты.

Жердің бақыты да, қасіреті де өз қойнында екендігін терең аңғартқан. Бірақ, басқа планетадағы тіршіліктен қауіптенудің қандай негізі бар?

«Мен қазір басқа жұлдыз жүйесінен,  
сәуле мен оттегіні жүрмін іздеп» –

деп алып, алға жетелеген мақсатын тұмшалап, жан ұшыра Жерге оралуды ойлағанда не айтпақ болған? Ю.А.Гагариннің «Надо было возвращаться не землю» деген сөзіндегі түпнегіз идея бұл емес қой. Поэмада публицистикалық толғаныстар терең жеткізілген де, фантастикалық ойдың түйіні әлсіз шыққан.

Қалай дегенмен де, Б.Серікбаевтың бұл поэмасы өзіндік айтары бар, таптаурын іздеп шығып, өз сүрлеуіне түсуге талпынғандығын байқатады. Ал, жалпы жинақтың салмағы да жаңалық ізденістерімен ерекшеленеді. Соған сай ой тереңдігі, сезім шарпысулары алдағы уақытта жас ақынның жырларынан жиі көрініс берсе кұба-күп.

1981 ж.

### **«... ОЙЫ АСТАРЛЫ, ТІЛІ САҚ»**

Суретші өзінің жаңа туындысын қиялындағы бейненің сұлбасын негізгі штрихтар арқылы ақ қағазға түсіруден бастайды ғой. Бірақ, ол әлі тамырында тіршілік қаны ойнаған жанды сурет емес. Біз де әр ақынның жазу мәнеріне, қолтаңбасына қатысты жалпы баға бергенде сондай барлау сызықтарды ғана сызамыз. Ал соның өзінен аңғарылатын сыр ұшан-теңіз. Мәселен, Жұмекен

Нәжімеденов әу бастан-ақ детальмен сөйлеуге құмар, сол арқылы ойын, сезімін, идеясын – бәрін, бәрісін шебер жеткізуге төселген дейтін пікірдің жалған ештеңесі жоқ, шындық. Әлденеше жыр жинақтары кезекпе-кезек жарық көрген сайын осылай бағаланып келді, бағалана бермек. Бұл – оның жазу мәнеріндегі, өлең өнеріндегі өзіндік ерекшелігі. Бұл – өзгелер детальдан құралақан деген сөз емес, дұрысы – Жүмекен «бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше» қойып жазатын ақын. Мұны әдебиет теориясында мегзеу деп атайтыны белгілі. Ал осы мегзеуге есі-дерті кете құмартқан, оны әрбір өлеңінің тұздығына айналдырған ақын Жүмекен екені тағы рас.

«Біздің лауреаттар» сериясымен шыққан «Ашық аспан» атты жыр жинағынан да көптеген мысалдар келтіруге болар еді. Бірақ... Иә, бірақ, мұның алдындағы «Шуақтан» бері ақын жырларында бұрын байқала қоймаған тың, тосын леп белең ала бастапты. Творчестволық ізденістің тоқырамауының, үнемі іштей түлеп, өзгеріп отыруының дәлелі шығар бұл. «Шуақта» ежелгі грек аңыздарының ізімен жазылған және оқтын-оқтын қысқа оқиға ойға өзек болатын бірнеше өлеңдер бар-тын. Ақынның аңыздарды жырына арқау еткенде балладалық баяндау формасына соқпауы мүмкін емес еді. Ол үшін әуелден қалыптасқан стиль, үзік-үзік тұспалдау, астарлау, аңғарту, мегзеуге ғана құрылатын жырлар аясынан шығу қажет еді. Ол осылайша сюжеттік арқауы бар өлеңдерге ойысты. Бұл – «Шуақтың» шуағы болатын.

Міне, «Ашық аспан» осы бағыттағы ақын ізденісінің дамытылуы іспетті. Алайда, тіл кестесіндегі бояуы мен айшықтарын ақын бұрынғысынша жүз құбылтып қолданады.

Жүмекен өлеңдерінің етек-жеңі жинақы, қысқа, жалт-жұлтты мол болатын. Ал аталған екі жинақтағы кейбір жырлары әңгіменің жүгін арқалап кететіндей – ағысы тереңде, көлемі ұзақ. Бұл қалай? – деген сауал қойылуы заңды да. Андасақ, ақын мұны ойларын там-тұмдап емес, мол ақтара жеткізудің тәсілі ретінде пайдаланады екен. «Ұзақ өлеңнің аты ұзақ өлең ғой. Оның ішінде жарқын жолдар да, шикі шумақтар да шабақтай шұбырып ойнап жүреді» – деп жазыпты Қадыр Мырзалиев өзінің бір мақаласында. Мұның дәлелдері көп. Десе де, Ж.Нәжімеденов ондай олқылыққа ұрынбаудың ұтымды жолын тауып кетеді. Қалай? Ол өлеңнің ішкі рухы, ішкі ағысы, ішкі иірімдері сақталуына баса көңіл аударады да, оның жеткізілуі барысында қалыпты ырғақтан ауытқып, күрт бұрылыстар жасауға ден қояды. Көп жағдайда ақын ұзақ өлеңнің оқушысын жетелеп отыруының сырын осыдан іздейді. Ұтады. Ал,

«Кейде өтеді көзінен мұң керуені,  
Ой легі.  
Күннен өткен бұлт сынды,  
бірақ әлі ақ көйлегі» –



деген шумақтың алғашқы үш тармағындағы ой түсінікті болып, соңғы жолдың ұғымға ауыр тиюінің себебі де сол, буын сындыруда. Бірақ, бұл – оқшау кінәрат.

Ол ұзақ өлеңнің өн бойындағы тұтастықты сақтау кілтін ой желісінің үзілмеуінен қарастырады да, көбінесе егіз ұйқастарды қолдануды оңтайлы көреді.

Ой екпініне қарай бұл ұйқасты шектеу де, өрбіту де онай.

«Өзі қағылғалы тұрған шегеге –  
Бір қызметін атқарсаң сен балғаның,  
Және соны әңгіме етсең өзіңнің кім болғаның?!»

Міне, осындай қадау-қадау тұжырымдар, түйінді ойлар кейде мөлт-мөлт детальдардың орнын алмастыратынының куәсіміз.

Ж.Нәжімеденовтың аталған жинақтарында әсершілдіктен гөрі әрекет, бірыңғай суреттеуден гөрі қақтығыс, шиеленіс, драматизм басым.

«Түп пиғылың, міне, енді құлағыма кірді шын,  
Әй, білгішім, білгішім.  
Өзің тойып алған соң балықты аяп тұрмысың?! –  
Жымың етіп күлді шал,  
Естіген жоқ өзге ешкім.  
Мен болмыспен бетпе-бет  
Жекпе-жек кеп кездестім!  
«Өзің тойып алған соң?»  
Өзіме аян өз емім,  
Әлі күнге сол сөздің шын салмағын сеземін».

Осынау жолдардан сырлы сурет көріп таңырқамайсыз, лирикалық кейіпкермен бірге «сөздің шын салмағын» сезінесіз. Шал аузынан шыққан оқыс мысқылдың жауабын іздеп, ойланасыз. Өмір сүрудің мәні, мазмұны, мақсаты, мұраты туралы күрделі сауал-шешімдерді алға тарту да балалығынан даналығы басым поэзияның абзал борышы.

« – Қалқам, тоңып қалдың-ау, автобус жоқ...  
– Жоқ, аға, –  
бір төңкеріп тастады тұнық көзін томаға.  
Сонсоң мойнын қымтады – шолақ екен жаға да,  
Тоңдың десе – тоңған боп көрінуге бола ма».

Бұл кәдімгі диалогтар арқылы оқиға өрбіту, дамыту көрінісі. «Ашық аспанда» ақын бұған жиі ден қойып, бейімділік байқатыпты. Кейде, тіпті, өлеңдегі өзекті идеяны жеткізу үшін жанама, қосалқы диалог-монологтар да сәтімен кәдеге асырылады.

Өлеңдегі Ж.Нәжімеденовтың көз жазбай бақылайтын өріс-аймағы белгілі. Ол – қоғамдық өмір тынысы, бүгінгі заман адамдарының бойындағы адамгершілік, азаматтық қасиеттер. Қазіргі творчествосының арқауы, негізінен – осы. Ал енді аталмыш жинақтарында ақын дүрбісінің үлкейткіш шынысы өзгерген. Ол бұрынғыдай бөлшек арқылы бүтінді, бүтін арқылы бөлшекті ғана көрсетпейді, бөлшектің өзін бөлшектеп бөлекше сыр түюге көшкен.

1983 ж.

### ӨЛЕҢ ӨРІСІН ТАПСА...

«Көгершін қауырсындары» атты жыр жинағын оқып шыққаннан кейін, содан алған әсер сейіліместен белгілі ақын Қ.Мырзалиевтің «Көздегі жалқын, сөздегі салқын» және Т.Медетбековтің «Уақыт рухын ұғынсақ» атты «Қазақ әдебиетінде» өткен жылда жарияланған мақалаларына қайта бір үңілу абзал. Өйткені, қазіргі қазақ поэзиясының тынысын тануға бұл екі мақала да әжептәуір үлес қосып тұр. Сондай-ақ, оның алғашқысы Темірхан творчествосына тікелей қатысты болғандықтан, қолымыздағы жинаққа талдау-шолу жасау үстінде оларға соқпай кете алмаймыз.

Қ.Мырзалиев «Жалпы алып, жалқы қарағанда Темірханды өз қатарынан оқшау көрсетіп тұрған екі нәрсе бар» дейді. Оның бірі – тақырып таңдаудағы өрістілік, екіншісі – суреткерлік шеберлік екендігіне мегзейді. Соған сабақтастыра, қолтаңбасы қалыптасқан ақынның кешірілмес кемшіліктері ретінде – ішінара кездесетін ұйқассыздық, өзін-өзі қайталауы, терминшілдік төңірегінде батыл сын айтқан болатын. Ал, Медетбеков өзінің аталған мақаласында: «Егер біз оқыған өлеңде уақыт рухы жоқ болса оның образы, ойы, теңеуі, метафорасы, эпитеті, ұйқасы, т.б. компоненттері сөніп қалған шамдар ғана. Жылытпайды, сәулелендірмейді, толқытпайды» деген ой қазығын қадайды. Осы екі пікірдің де көптеген мысалдарын Темірханның жаңа жыр жинағынан молынан ұшыратуға болады. Бұл – сын ақын творчествосына ықпал тигізді яки тигізбеді деген тұжырымға келу үшін емес, оны тануға бағытталатын қадам үшін керек.

Темірхан өлеңдері бүгінгі күнде, қоршаған ортамызды, замандастарымыздың рухани дүниесін тың, соны тұстардан, елеусіз көрінетін, бірақ негізгі нүктеден дөп басып, ашып көрсетеді. Кез келген тақырыпты қанжығасына өңгеріп жүре бермейді, керектісін, маңыздысын таңдайды. Оның өлеңдерінде, өзі айтқандай, уақыт рухы айқын сезіледі. «Хабарландыру тақтасы», «Жарылмаған бомбалар», «Түнгі хабар», «Қалаларды сынақтан өткізу» сияқты көптеген өлеңдеріндегі ойлар ақындық дауыстың уақыт мінбесінен сенімді түрде естілуімен құнды. Қоғам алдындағы ақын-азамат міндеті, парызы бәрінен де жоғары қойылатындығы әрбір өлең шумақтарынан, тармақтарынан, жолдарынан қоңыржай леп болып еседі. Оның жырларында сезім шуағынан гөрі, ой қуаттылығы басым түсіп жататындығын аңғару қиын емес. Мұның өзін өлеңнің өн бойындағы идеялық арқау, желі, тұтастықтың дәйім сақталатындығынан көреміз.

«Біздің ойымызша, әрбір өлеңнің тексті мен ішкі рухы болады. Ішкі рух текстінің әр жолын, әр сөзін, әрбір үтір-нүктесін үрлеп тұтатар, сәулелендіріп жан кіргізер сиқырлы күш» дейді Темірхан мақаласында. Бұған келісеміз. Бірақ, өлеңге қойылатын көркемдік талаптардың кейбіреуінің кемшін соғуын ішкі рухтың күштілігі арқылы ақтап ала аламыз ба? Биік те зәулім ғимараттың кірпіші, шегесі, дәнекерлері де мықты болуы керек қой. Мұны әрине, Медетбеков жақсы түсінеді. Түсінгендіктен шығар, ол:

«Бірде суып,  
Бірде қызып, жарқылдап,  
дүние жатыр өн бойында алқынған –  
күні-түні сөйлеп, ән сап тұратын  
орта, қашық,  
ультра, қысқа толқында», –

деген сияқты ұйқастағы ақауы ой қуалап оқығанда байқалмайтын шумақтар жазуға машықтанған. Қ. Мырзалиев көңіл аударған «толғанып, Айболит» дейтін ұйқастармен салыстарғанда бұл көш ілгері. «Жарқылдап» пен «толқында» ұйқаспас еді, егер олардың арасында «алқынған» деген демеуші ұйқас болмаса. Балталаса бұзылмайтын ұйқастармен шегенделген жылусыз, отсыз өлеңдер топанын аз кездестірмейміз ғой. Оларға, тіпті, не кінә тағарынды білмей қиналасың кейде. Әрине, ондайда ой, сезім қуатының әлсіздігін байқасаң ғана, ортасынан бір-ақ сызасың, жоққа шығарасың. Осы тұрғыдан қарағанда, Темірханның селкем ұйқасқа «саналы» түрде баратынына кешіріммен қарауға тура келеді. Бұл – ұйқас үшін ой іздемейтін, ойын жеткізу үшін ұйқас табатын ақынның ізденіс соқпақтары шығар, бәлкім. Алайда:

«Оқыс үннен қарайсың да селк етіп,  
секіресің сен де суға шолп етіп,  
ұмтыласың құтқаруға өмірді  
өміріңді тәрк етіп», –

дейтін шумақтағы бір буынды «селк, шолп, тәрк» сөздері бір-біріне ұйқаспақ түгілі, маңайламайды да. Осыны оқығанда, Қ. Мырзалиев ескертпесінен Медетбеков әлі де ойлануға, қорытынды шығаруға тиіс екендігіне ден қоясыз.

«Көгершін қауырсындары» шартты түрде үш бөлімге бөлінгенімен, тұтастай алғанда жинақ жекелеген өлеңдердің түзілісі. Одан ақындық, лирикалық «мен»-нің өзіне өзі үңілген, жүрегінің құпия қалтарыстарынан сыр сыздықтатқан сәттерін бағамдайсыз. Одан мына мазасыз тірлік тынысынан шет қалмайтын, бүгінін ертеңмен жалғастырған лирикалық кейіпкер арқылы замандас келбетін танысыз. Одан мынадай ойлы оралымдарды оқисыз:

«бұғып жатқан  
қара жүрек астында  
арамдық пен зұлымдық –  
жарылмаған бомбалар!»

«Құтқарыңдар!  
адамдарды жылаған,  
құтқарып қал жан досыңды күнәдан,  
құтқарып қал!  
батпағына өсектің  
батып бара жатса егер бір адам».  
«әйтеуір мен дәл қазір,  
өткен күндер,  
сендер соққан мүсінмін».

Осы жинақта «Бөренелер», «Қайшылық», «Аялдамадағы алма ағашы», «Түркістанның базары» секілді біртуар өлеңдер баршылық. Техникалық терминдер бұрынғы жинақтарындағыдай тым көзге ұрып, оннан да мұннан да андағайлап тұрған жоқ. Дегенмен, ақынның одан біржола арылғысы келмейтінін де байқаймыз. Төл тілімізде баламасы болмаған жағдайда қайбір атауды да пайдаланудың ерсілігі жоқ шығар. Ал, «Темірханның жалпы сөздік қоры өте тапшы» дейтін пікірді қолдау қиын. Сөздің бояуын, реңкін, шұрайын іздеп шарқ ұратын ақын бәріміздің көз алдымызда творчестволық толысу үстінде. Оған осы жинағы да дәлел.

Қолтаңбасы қалыптасқан, бағдар-нысанасы айқын, творчествосы өнімді, үлкен ізденіс үстінде жүретін ақынның поэзия туралы ойлары да оықмандарын қызықтырады. Олай болса, оның алдағы уақытта жазатын жырларына қойылатын талап қазіргіден де жоғары.

1983 ж.

## **БОЯУЫ ҚАНЫҚ ПА, БЕДЕРІ АЙҚЫН БА?**

Көңіл аударарлық дейтін жыр кітабы қолыңызға тисін. Алғашқыда – оны бастан-аяқ, сыдырта, жеделдете, бас алмай оқып шығасыз. Екінші жолы – қадау-қадау өлеңдерге қайталай үңіліп, тұщынасыз, үшінші жолы – кейбір шумақ-тармақтардың санаңызда жатталып қалғанын байқайсыз. Ол ақын туралы сөз бола қалған жағдайда әлгі ой-сезім тамшылары мөлдіреп, көздің жауын алады да тұрады. Бұл – жыр жинақтарындағы өлеңдердің бәрі бір деңгейде болмайды дегенді аңғарту үшін ғана айтылған пікір емес. Жәркен Бөдешевтің «Аспан дауысы» (1985) атты жыр кітабымен танысу үстінде де әлгіндей күй кешкенімізді жасырмаймыз. Бірнеше өлеңдерін әлденеше қайталап оқығың келеді екен. Олардың қатарында: «Жүгіру жыры», «Түйме», «Құман», «Қоңыраулар», «Ана тілім», «Тыныштық жыры», «Әнді сүйсең, менше сүй» топтама өлеңдері және «Ғасыр қайғысы» поэмасы. Сіз оқысаңыз, бәлкім, басқа да екі-үш өлеңді қосып атауыңыз мүмкін. Әйтеуір бәрін емес. Көзіңізді жұмып қарасаңыз, кез-келген жыр жинақтарынан көңіл түкпірінде ұялайтын өлеңдер қашанда санаулы-ақ. Бұл қабылдаудың құпиясын

түсіндіруді қоя тұрып, қолымыздағы жинақтан ұққанымызды, зердеге түйгенімізді ортаға салайық. Ең алдымен аңғартарымыз: айтары бар ақынмен сырласатынымызды ұқтық.

«Қондырсаң да төбеңе Күн,  
Жағаңа – Ай,  
Бүгінгі ойың  
Қалады ертең жарамай,  
Сағат сайын құлағымның түбінен,  
Қоңыраулатып өтіп жатқан заман-ай» (13 б.)

Бір қарағанда ақын қоғамнан, заманнан сырт тұрған сияқты, сырт қызықтаушы тәрізді. Шын мәнінде, олай емес. «Қоңыраулатып өтіп жатқан заман» тынысы, қызығы мен қуанышы, алаңдатар оқиғалары ақын жүрегіне бір сәт те маза бермейтінін, ол соның бел ортасында жүргенін бағамдайсыз.

«Жер бетіне қалдырып құт таңбасын,  
Бір жарқ етіп сөнеді шыққан жасын.  
Қауіпті емес аспанның бұлттанғаны,  
Тек адамның көңілі бұлттанбасын.» (20 б.)

деп айту үшін де азаматтық керек. (Әрине, «шыққан жасын» деген сөзде аздап көлеңке бар). «Ашық көңіл түнерсе – жас тамады...» – осы сөздің астарында үлкен ойға мегзеу жатқаны анық.

Ж.Бөдешевтің бұдан бұрынғы жыр жинақтарына да жылы пікірлер айтылғанын білеміз. Өлеңдерінің сыртқы жалт-жұлты аз болғанымен, бояуы қанық екендігіне күмән келтірмейміз. Әйтпесе,

«Май айында жауған ақша қарменен,  
Ақ көбелек араласып ұшып жүр.» (17 б.)

деп сурет салмас еді ғой. Жәркеннің өлең сөздегі өзі ұнататын тәсілі – көргенін көрген күйінде, қызылды-жасыл құлпыртпай-ақ беруге тырысатындығы. Болмаса, осы көріністен қардың көбелекке, көбелектің қарға айналуын қызықтап кетер едік. Ол да қажет. Шеберлікке сын. Алайда, жаңағы сурет тым табиғилығымен қымбат.

«Тақырып аясы тар» деп таңдайы тақ ете қалатындарға таң қаласың. Тамшы туралы сөз сабақтап отырып – тіршілік туралы толғам түюге болады. Тіршілік туралы айғайлап айтып – оған анықтама да жасай алмауға болады. Түп мәселе тақырыпта ғана емес, оның игеріліп, тың мазмұнға, тылсым сырға тұнуында ғой.

Мәселен, жинақтағы бір өлең «Ана тілім» деп аталыпты. Таныс тақырып екендігіне дау жоқ. Таныс екен деп ана тіліңіз туралы айтпай көріңізші. Айтасыз. Жазасыз. Гәп – ойыңызды қалай, қайтіп киіндіруде ғана емес. Бірақ, оған да байланысты. Бұрын жүз рет айтылғанындай, «ана тілім –

ардақты, қымбатты» деп қойсаңыз – жылуы аз, әсері шамалы. Жәркен осыны ескерсе керек, ойын мынадай өріммен жеткізіпті:

«Тілім көр де,  
Тарау-тарау дастан көр,  
Тілім менің жыр еліне бастар жол.  
Тілім көр де,  
Бабалардың мөрін көр,  
Тілім менің тас бетіне басқан мөр.» (32 б.)

Енді құлағыңызға таныс әуен шалынады. «Қара жерге қар жауар, Қарды көр де – етім көр. Қар үстіне қан тамар, Қанды көр де – бетім көр» деп Қарт Қожаққа Ақжүніс сұлудың атынан тіл қатып тұрасыз. Ыстық әуен. Мына өлеңнің ырғағы басқа, мазмұны басқа. Несі бар, мұндай ізденістен ат тонымызды ала қашу жөн бе? Біздіңше, мазмұнды байытуға септігі тиетін кез-келген формалық ізденістер қайталануға тиіс. Бірақ, оның да шегі мен шамасы болатынын ұмытпайық.

Ақынды алдағы уақытта бірсарындылықтан, бірөңкей тұрмыстық көріністерді жалаң тізбелеуден сақтандыра едік. Шыны керек, қазіргі таңдағы қазақ поэзиясының бір үлкен сырқаты осы екенін көбіміз ескермейміз, елемейміз. Тәп-тәуір жыр-шумақтарымен тамсанып отырған ақынның:

«Ей, өмір,  
Өмір неткен керім едің,  
Сен үшін зыр жүгірдім, терледім.  
Қондырып екі ұлымды екі иыққа,  
Мен-дағы бес қабатқа өрмеледім» (66 б.)

деп аяғын әлтек-тәлтек басуын немен ақтаймыз? Ақтаудың қажеті жоқ. Абай болмағанмен, абайла!

Кітаптың үшінші бөліміндегі толғау-поэмалардың арқалаған жүк салмақтары әрқилы. «Тұлпар-тағдыр» белгілі сюжеттің жаңғыруы, «Меймандар» мен «Соңғы хатта» деректі тірілтуге ден қойған, «Тың туралы ойдың» тынысы ашық болғанымен, таныс сүрлеуден ұзай алмаған. Ал «Ғасыр қайғысы» бұл бөлімге ғана емес, тұтастай алғанда кітап мазмұнына елеулі салмақ үстейді. Ақын қазіргі таңдағы ең өзекті проблема – Жер тағдыры, Бейбітшілік, Адамзаттың бүгінгі мен болашағы дейтін мәселелерді ұтымды деталь арқылы қозғай білген. Американдық 10 жасар қыздың сол кездегі еліміздің басшысына жазған хаты және оған қайтарылған жауап 1983 жылы баспасөз бетінде жарияланғаны белгілі. Соны арқау тұтқан поэманың саяси мәні ашық та айқын.

«Ойынның да  
Ойыны бар тегінде,

Бұлт ойнап жүр қазір өмір көгінде.  
Соғысқұмар пенделердің ындыны,  
Күмән,  
Күдік салады көп көңілге» (128 б.)

дейтін ақын жүрегіндегі мазасыздықтың тамыры терең. Ол халықтық мүдделермен ұштасып жатыр.

Ал, ақын үшін көптің көкейіндегіні дөп басудан және көркемдік үйлесімін тауып айтудан асқан абыройлы ештеңе де жоқ.

Лайым, жақсы жырлармен жолығыса берейік, ендеше.

1985 ж.

## ҮНДЕСТІК

Бұған дейін бірнеше жыр жинақтары жарық көрген, кемел кезеңге жақындаған Сәкен Иманасов творчествосы туралы аз айтылса да, лайықты баға, әділ пікірлер болмады демейміз. Көбінесе оның өлеңдеріне албырттық, сері мінез, өмір құбылыстарына ақ яки қара деп бөле-жара бірбеткей қарайтын турашылдық тән екендігі баса айтылған сияқты. Кезекті бір жыр кітабына пікір білдірген Қадыр Мырзалиев: «Ал түптеп келгенде «Алтын аймақтың» авторы көздің ақыны авторы емес, құлақтың ақыны. Онда дыбыс, әуен, мақам, саз жағы үстем» - деп тұжырым жасапты. «Құлақтың ақыны» деген сөз қалай тосын естілсе, дәл Сәкенге байланысты соншалық орынды айтылғанымен санаға бірден ұялайды екен. Рас, сөздегі суреттің, образдылықтың орны бөлек. Ол, әсіресе, өлеңнің шырайы. С.Иманасовтың өлеңдері мұндай қасиеттен мүлде ада емес. Мәселен, үйінің балконынан төңірекке көз салып тұрған адам жайында: «Аумайсың ақ омырау қарлығаштан, кешкілік қонған барып ұясына» дегені қандай жарасымды, ұтқыр айтылған. Бұл тармақтардың қуатын көз алдыңызға әлгі суретті әкеліп тұрып қана сезінесіз. Мұнда дыбыс жоқ, бояу бар. Бірақ «Бел-белесте» мұндай сөзбен сурет салу некен-саяқ ұшырасады. Оның сыры – Сәкен қаламының әуелден-ақ ой ағысын жеткізуге ыңғай танытқандығында болса керек. Ал ой ағысына құрылған өлеңнің көркемдік қуаты тек қана боуында емес.

«Қашан ғана көгертер көсегемді,  
Тастасам ба біржола осы өлеңді,  
Қай сөзіме ағайын құлақ асып,  
Қай туысқан өзіме есе берді?»

Мұндай ақынмен оқырман іштей айтысқа түседі: кейде құптайды, кейде келіспейді. «Өлеңді көсегенді көгерту үшін ғана жазып жүрсің бе?» деген сауал да тұрар тіл ұшында. Бір кезде Абай «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп талап қоя айтқан екен. Ал «Бел-белестің» авторы: «тыңдаушылар болған соң әлі керек, – дәрі деп ең сенің де сөзің кімге?» деп

ашына ой қозғаса, оған салғырт қарауыңыз қиын. «Осы күнгі жұрт өлең оқымайды» деген сөз арагідік алдымызды орайды. Асылы, өлеңді оқу үшін, оның құпиясын түсіну үшін жоғары білімің болуы аз, жоғары сана қажет. Тыңдаушылардың бәрі керең емес, бірақ рухани түлеу-жанарудан гөрі материалдық артықшылыққа көбірек ыңғай танытатын тоғышарлық психология әлі де кесірін тигізуде. Ақынның жаңағыдай даулы пікірі негізсіз дей алмайсыз ендеше.

«Көгертеді қашан бір көсегемді,  
шыр-пыр болмай,  
жөніме көшем енді, –  
деп отырып,  
жігіттер,  
көп отырып,  
жазып қойған жайым бар осы өлеңді!

Бір қарағанда, тым жеңіл айтыла салғандай. Ал әрең өлеңіне үңілген сайын ақынның өзімен өзі іштей мәмілеге келе алмауының нәтижесі іспетті, өзіне өзі маза бермеуінің айғағы іспетті, өзін өзі аямай тергеуінің дәлелі іспетті ой-толғаныстардың бұрқанысына ден қоямыз. Кейде саябыр, баяу, кейде адуын, ағысты өзен мінезін байқататын өлеңдер «Бел-белесте» мол ұшырасады. Олардың кейбірі тым қарапайым, кәдімгі өзіңнің әрнені ойлап, осы қалай деп сауал жетегінде отыратын көңіл күйіңмен астасып кетіп жатады.

«Өзіме аян:  
алысқа бармағаным,  
Көкті кезіп, ғарышқа самғамадым.  
Күнде көріп жүріп-ақ,  
Алатаудың  
ажарына әлі де таң қаламын!»

Осы арада ақынды «Алатауға лайық бір әдемі теңеу таба алмағаның ба?» деп жазғырсақ, онымыз әбестік болар еді. Әншейінде, ауызекі әңгіме үстінде айта салғандай көрінетін «Күнде көріп жүріп-ақ Алатаудың ажарына әлі де таң қаламын» деген жолдарды баспа-бас небір әсем теңеуге айырбастауға болмайтынын оған ғашық жүрек қана түсінсе керек. Сол қарапайым үш жолға ақын өзінің үлкен махаббатын сыйғызған деп ұғамыз.

Соңғы жылдарда қазақ поэзиясында «өлеңдегі прозаизм» салқыны байқалады деп, өлеңдерде қызу аз, жалын кемігендей деп қауіп білдірушілік төбе көрсетіп қалып жүр. «Прозадағы лиризм» немесе «лирикалық проза» деген терминге ешкім де шошынбай қараған. Қайта бұған ден қоюшылық күрт өркендеген кезеңді де әр ел әдебиеті бастан кешіп келеді. Ендеше қара сөзден қара өлең қашаған ақындардың қазіргі ізденісінде де заңды сипат бар сияқты. Ойдың дәлдігі, анықтығы, тереңдігі дейтін талаптар хабарлы,



сұраулы, лепті сөйлемдерге ғана емес, өлең тармақтарына да тән, тиіс екендігіне қарсы дау айту қисынсыз. Әрине, бұдан көркемдік талаптарға нұқсан келсе де ештеңе емес деген пікір тумағаны жөн. Ең бастысы, сезім тазалығы, ой тазалығы. Ақын С.Иманасов өлеңдерін осы арнадан көреміз. «Ел айтады» дейтін тоғыз шумақ өлеңді алайықшы. Тұтастай оқып шығу қажет. Ағайынның да, жақынның да айтар ақылы көп. Айлалы бол, әлі аңғалсың, күштілерге қарсы шықпа, қулықты үйрен, билікке қол жеткіз, бақ дәрежеге жету үшін бәрін жұмса, қысқасы, «ел сияқты болсаңшы!» дегенге саяды екен. Ақын позициясы қандай демекшісіз ғой.

«...Өзеуреп, «ел сияқты бол!» дегенше,  
Болмайды бәрі келіп мендей неге?»

Бұған алып-қосарыңыз жоқ. Осылай деп айта білудің өзінде көп сыр жатқан тәрізді.

«Байлығым жоқ жинаған ырымға да,  
бар тапқаным – баянды жырым ғана.  
Өз басымды қай саққа жүгіртсең де,  
Тұтас тұрған сөзімді жырымдама!»

дейді ақын бір өлеңінде. Одан соңғы шумақтың алғашқы қос тармағын мынау:

«Бар шығар-ау, кім білсін, өзімде мін,  
Бөріккен қойдай бола алмас сөзім менің».

Еріксіз тіл кібіртіктейді. Өттеген-ай. Буын саны артып кетті. Бунақ өзгерді. Әсеріңізге көлеңке түсті. Өлеңдеріне өзгеше ілтипатпен қарап отырған ақынымыздың мұндай кейбір кемшін тұстары да жоқ емес. Әдейі кейбір сөздерді «жырымдап» алғандай көрінуі де мүмкін. Бірақ оқып отырған өлеңнің өз басына тұтастай алғанда кінә қоймасақ та, селкеу жол – тармақтардың асты сызылып қалғанын жасырмаймыз.

Мәселен:

«Қыздары баяғының гүліндей ме?» (25-б.)  
«Дөнен шығар шағы еді жануардың,  
бөлек еді бітімі,  
дене,  
белі» (56-б.)

«Соғысты құртатын да не күш көрдік,  
Жарысқан заманында қиял, ардың» (86-б.)  
«Сан рет қанды ішінде  
қалып оттың» (87-б.)

«Көп өзен  
күркіреп те самғап ағар» (214-б.)

Бұл неліктен? Асығыстықтан деп ақтағыңыз келер, аңғармағандықтан деп жақтағыңыз келер, бірақ қайткенде де құлаққа тосаң естілетін тармақтар.

«Ерлікті аңсап,  
елдікті аңсап,  
елді аңсап,  
кеңдікті аңсап  
келіп қалдым сендерге!» – деп те,  
«Талқан жетпей,  
тарығып,  
талып ұйықтап,  
тары кіріп шығатын түсімізге» –

деп те төгіп-төгіп айта алатын ақынның қарымын, құлашын білдіретін өлең жолдарына әлгілерді маңайлатқың келмейді-ақ.

Прозада кейде соншалықты көзге ұрмайтын бірсарынды баяндау поэзияда оқырманын тез жалықтырып алуы кәдік.

«Құтылар дерсің атақ қашып қайда,  
жетерміз арбамен-ақ  
асықпай да...»

деп жайбасарлық сыңай танытуда логикалық қайшылық болмағанымен, ойдың жеткізілуінде эстетикалық қуат бәсең. Оқып отырғанда тамағыңыз құрғай бастағандай күй кешесіз. Одан гөрі:

«Қайтпай жатып даланың түнгі ызғары,  
дірдектетіп төсектен тұрғызғаны,  
Күндізгі әні басталып ескі арбаның,  
бірте-бірте төбеде күн қызғаны:»

секілді ілік-шалыс ішкі-сыртқы ұйқастарды ойнату арқылы ойды тереңдетіп, өлең шумағын жұтындырып қою әлдеқайда әсерлі.

«мауқын басып алсыншы деп азырақ»,  
қауқылдасып қарсы алдыңдар сендер де!»,

«Ешкім бірақ айнытпасын жолыңнан,  
Жүрегің де шайлықпасын тек сенің.»

Сөз ойнату, ұйқас ойнату да формалық ізденістердің жемісі. Бұл ежелден-ақ қара өлеңнің қадірін арттыра түспесе, кемітпейтін тәсіл.

С.Иманасовтың өлеңдерінде әуезділік, дыбыстар үндестігі осы тұрғыда көбірек байқалады. Несі бар. Ойлы өлеңдерінің сыртқы сұлулығына осы арқылы назар аударушы келген ақын ниеті көп ретте ақталғанының куәсіміз.

Ең бастысы, С.Иманасовтың өлеңдері оқырмандарын бей-жай қалдырмайды. Ойлантады, тебірентеді, толғантады. Өйткені, ол өлеңдердің қай-қайсысы да жасандылықтан ада. Табиғи. Ал шынайы өнер қашанда табиғатпен туысқан.

1985 ж.

## **ЖАРЫЛЫС ЖАҢҒЫРЫҚТАРЫ**

Алматыдағы М.Ю.Лермонтов атындағы академиялық орыс драма театры Медеу Сәрсекеевтің «Жарылыс» атты пьесасы бойынша қойылған спектакльді сахнаға шығарды.

Өндіріс тақырыбы... Ғылыми-техникалық прогресс тынысы... Бүгінгі таңдағы техникалық интеллигенция өкілдерінің келбеті... Уақыт талабынан туындайтын ауқымды мәселелердің бір ұшы осында жатқанына қаламгерлер де назар аудара бастаған. Осыдан бірнеше жыл бұрын жазушы Медеу Сәрсекеевтің «Жаңғырық» атты романы жарық көрген еді. Романның жетістік-кемшіліктері жөнінде әралуан пікірлер мерзімді баспасөзде жазылды да. Автор сол тақырыптан әлі қол үзбеген екен. Тағы бір қырынан көрсетуді жөн санаған, сахналық нұсқасын шығарыпты.

Осыдан аз уақыт бұрын Семей облыстық Абай атындағы драма театрында аталған роман оқиғасының желісінде «Жарылыс» спектаклі (режиссері Е.Обаев) шымылдық ашқан. Енді соның астанамыздағы М.Ю.Лермонтов атындағы академиялық орыс драма театрында да қойылуының куәсіміз. (Пьесаны орыс тіліне аударған Ю.Егоров, режиссері В.Иванов).

Әрине, роман мен пьесаның көтеретін жүгі әр басқа. Сондай-ақ, автор идеясы мен режиссер шешімінің бірін-бірі жарқырата ашуы, үйлесім, үндестік табуы да тым оңай шаруа емес қой. Театр шамының өшіп-жануы аралығында көрермендер көкейінде көп сауалдар оянатындығы да содан.

Металлургия өндірісіндегі үлкен заводтың бірінде жаңа қондырғы, жаңа пеш жарылысқа ұшырады. Кімдер кінәлі? Жаңа технологияның жобасында ағаттық болды ма, әлде оның жұмыс процессінде завод мамандары, жұмысшылары тарапынан қателік кетті ме? Міне, осыны анықтау барысында жалпы мен жалқы мүдделердің бетпе-бет келуі, мінез-пікір, іс-әрекет қақтығыстары нәтижесінде тартыс туады, оқиға өрбиді. Спектакльде өндіріс фон ғана емес, белгілі бір салада еңбек ететін мамандар психологиясын ашып көрсетудің өзекті арнасы ретінде алынған.

Электротермия пеші жарылысқа ұшыраған кезде бір адам өлді, екіншісі ауыр хал үстінде жатыр. Бар кінәні соларға аударып, пешті де, өндіріске енгізілген осы бір пайдасы қыруар жаңалық үшін өздері ұсынылған Мемлекеттік сыйлықты да сақтап қалуды ойлап жанталасқан адамдарға қарама-қарсы цех бастығы Таубаев (РСФСР-ға еңбегі сіңген артист С.Панков), ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Лаврушин (артистер А.Зубов пен Л.Темкин), завод партия ұйымының секретары Ақтаев (артист – А.Креженчуков) қателікті пештің жобасынан қарауды, сөйтіп бұл авария екінші рет қайталанып, тағы да жазықсыз жандардың қайғылы жағдайға душар болмауын ойластыруды азаматтық борышы санайды. Таубаев образын актер С.Панков байсалды, ойлы, өз ісіне мығым, бірбеткей, қайсар рухта шығара алған. Ал Лаврушин бейнесіне келер болсақ, бұған жас мөлшері жағынан да, жайшылықта ұяң, өз жұмысына қатысты әрбір мәселеде жалындап кететін, өзгешелеу жанның мінез-құлқын сәтті ашып көрсетуімен де А.Зубовтың трактокасы көңілге қонымды. Л.Темкиннің қимыл-қозғалысында, дауыс бояуында бұл рольге сайма-сай келмейтін, жетілдіретін тұстар байқалады. Осы Лаврушинге кереғар сипатта көрінетін Құсбеков кім! Ғылым адамы ма? Ондай атағы бары рас. Білгір маман ба? Жоқ. Сөйте тұра, өз үлесін өзгелердің есесінен қарпып қалуға әбден машықтанған, өмір сүрудің жеңіл жағына аса бейімделгіш, жылтыр, пысық. Бұл рольді екі құрамда ойнайтын Г.Балаев та, М.Токарев та біршама иланымды ұсынған. Құсбековтың сөзінен, іс-әрекетінен интеллигент-сымақтарға тән тоғышарлық, рухани, таяздық салқыны бетке ұрады. Спектакльде бұл образды басқа қырларынан толықтыра түсетін бейнелер – басқарма бастығы Оңғарбаев (В.Гришко) және заводтың бас инженері Дәулетов (Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген артист В.Манихин) екенін байқаймыз.

Таубаевтың әйелі Қамқаны (А.Скрипка мен В.Зинченко) толғандыратын жайттар – Алматыда тұру, бала тәрбиесі, семья рақаты. Өмірдегі өз орны – өндірістегі алғы шеп деп ұғатын күйеуінің көзқарасына қайшы келсе де, осалдығымен-ақ осы образ ойландырады. А.Скрипканың Қамқаны ұстамды, мұнды күйде кейіптеуі, ал В.Зинченконың оған сәл күйгелектік, тым сезімталдық реңк үстеуі актердің бұл рольді неғұрлым өзінше қабылдап, көрерменге өзінше көрсеткісі келетіндігінің әсері болар. Қамқа бейнесі Таубаев тұлғасының жан-жақты ашыла түсуіне үлкен септігін тигізіп тұр.

Спектакльдегі күрделі, жұмбақ сырлары мол образ – завод директоры Варламов. (Бұл рөлде Қазақ КСР халық артисі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ю.Померанцев). Варламов – Померанцевтің үлкен заводты ұзақ жылдар бойы басқарып отырған қатал, әккі, тәжірибелі басшыға тән қимыл-әрекеттерінен бүкіл оқиғаның өрістеуін ширектіріп, тарқатылар түйінді шиеленістіріп жіберетінін көреміз. Ол өзінің әкімшілік құқын аса шебер пайдаланады. Сол себепті оған Лаврушинді техсоветтің мәжілісінен қуып шығу, Таубаевқа сес көрсету, Дәулетов пен Құсбековты өз пайдасы үшін ұзын арқау, кең тұсауда ұстау, Оңғарбаевты мұқату онша қиын емес. Мұның бәрін сендіріп, нандырып орындау қиын. Ал бұл орайда

Ю.Померанцевтің актерлік шеберлігі, сөз жоқ, драматургтің де, режиссердің де дiттеген идеясымен әдемі ұштасқан. Варламов – Померанцевтің бiр ғана монологі көп сырды ашады.

Режиссер шешiмi спектакльдi екiұшты мегзеумен аяқтауға ойысқан. Алда тағы бiр жарылыс бары күмәнсiз. Бiрақ, ол ендi техникалық емес, адамдар iс-әрекетiнiң жарылысы. Бұған психологиялық дайындық пiсiп жетiлдi. Осы тұста режиссуралық бұл тәсiлдi құптай отырып, бiр шындық, айтылмай қалды-ау деп ойлаймыз. Ол шындық ОТК бастығы Миронованың (Н.Балаева мен Л.Тимошенко) аузынан шығуға тиiс едi. Техсоветтегi оның дәрменсiздiгi тым шартты, жасанды. Құсбековтың оған «есiндi жина» деуi ешқандай кедергi болмауы керек едi. Өйткенi, бұл кезде драмалық ситуация шарықтау шегiне жеткен. Идеяны аша түсетiн мезет болатын...

Жалпы «Жарылыс» спектаклi – өндiрiс тақырыбына жасалған батыл қадам. Пьеса авторының техникалық бiлiм-тәжiрибесiнiң болуы, бұл тақырыпты алдымен көркем прозада игеруi драмалық туындының арқауын өруге бiлiп барғандығын көрсетсе, қоюшы режиссер В.Иванов пен суретшi Б.Голодницкийдiң спектакльдi сахнаға дайындау кезiнде Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында болып, техника саласындағы инженерлер мен жұмысшылардың өмiрiмен мүмкiндiгiнше жақынырақ танысулары қиын тақырыпты игеруге соқыр тәуекелмен келмегендiгiн көрсетер. Декорацияның жинақылығы, айналмалы сахна көмегiмен пеш орналасқан цех, директордың кабинетi, тұрғын үй бөлмесi алмасып отыруы жиi өзгертiн көрiнiстердi дәлме-дәл беруге жағдай жасаған. М.Лившицтiң музыкасы да спектакль табиғатына лайық.

Соңғы түйiн, ауруханада жатқан екiншi азамат та қайтпас сапарға аттанғандығы жайлы хабар естiледi. Астанадан жарылыс себебiн тексеруге, анықтауға жаңа комиссия келе жатыр.

Өлi тыныштық орнаған сахна...

Иә, алда тағы бiр «жарылыс» бары сөзсiз...

1983 жыл.

## **МЕЙРХАННЫҢ МҰҢЫ –МЕНІҢ МҰҢЫМ**

Әлемде – Күндi, Өлеңде – Мұңды жақсы көрем! Мұң болғанда да күйреуiгiн, кембағалын, күлдiбадамын емес, шерлiсiн, шенмендесiн, шуақтысын ұнатамын. Елпi етпесеңiз – еркiңiз. Мен ешуақытта мұңнан қасiрет iздемеймiн, қайсар рухты iздеймiн! Әсiресе, өлеңде...

Сонда бұл қалай дерсiз? «Өзiмдi алдай алмадым – өлдi iшiмдекөп өлең!» дейтiн мұң! «Өлең неге өледi?» деп те таңырқауыңыз мүмкiн. Бұған ендi, «екi жерде екi – төрт» дейтiн жауап – дәрменсiз. «Неге өзiндi қораш көрiп отырсың, Ерлiк сәлем бере алмайтын Нәзiктiк?» деп жазған сәттегi

ақынның алай-дүлей көіл күйінен алақай-қуанышты іздеп адаспаңыз. Жүректі мұң қабады. Абайлаңыз. Бірақ, ақын өзін де, сізді де аяуға міндетті емес. «Ортайта алмай қайғысын ойдан өлген Абайдың, Әлі күнге кісімсіп жүрген жұртқа қараймын» дейді сабырмен. Қайдағы сабыр! Қорғасын салмақ бар. Мұң бар!

«Ойдың мұңға жетелерін кеш білдім» дейді ол бір өлеңінде. Кеш білген жоқ, бәлкім, тым ерте білген болар. «Жесір Сырды», «Адасқан Сырды» жүрегіне паналатқан Ақын бәоімізге «Ортақ Мұңды» тапқандай+ күй кешсе, онда бұл ұшпа сезімнің жетегінде жүрген жанға ұқсамағаны.

«... Орманы кем,  
Дүрдараз – тобылғысы, жыңғылы,  
Сортаңы мол,  
суы ащы, кең Даланың Мұңды ұлы  
Тарта туа тегіне – түкірмейді жалғанға,  
Жанға қонса жалғыз шаң, айналады арланға!»

деп жазуында асқақ астамшылықтан гөрі, тағы да сол ащы мұңды жанына серік еткен жанның жанайқайы жатыр ма, қалай?!

Ол: «– Ащы ой! Неге қалмайсың қыр соңымнан өкшелеп?!» десе де, «Дәруіш – Ой! Мен сенен қайда барып арылам?» десе де – осының бәрі жеке басының гөй-гөйін жеткізу үшін айтып отырмағаны зерделенің санасына жете ұялайды деп ойлаймын.

«Сенімі мол дүние-ау!» деп жалт қаратып алып:

«Жақсы ойыншық жасап бер,  
Жасыр әрі күнәнді.  
Жеті қабат жерге көм көзіңдегі күмәнді!..»

дегенінде қаншама астар, мегзеу, ишара жатыр.

Жалпы, өмірдегі мұң мен өлеңдегі мұңның табысуы, қабысуы, жымдасуы күрделі де қиын процесс. Бұған ірі суреткерлер ғана қол жеткізе алған. Абайды, Мағжанды, Мұқағалиды, Жүмекенді, Фаризаны, т.б. оқып отырғанда жүректі сығымдап қысып, сыздатып, жарып жібере жаздайтын Ауыр Мұң немесе «Ащы ой» табиғаты зерттеліп ашыла қоймаса да, оларды мың оқырмандары қайталап оқиды, қайғырғанда қуат алады! Ел ақйғысы да, ер қайғысы да Ақын жүрегінен өткенде ғана рухани жан-дүниемізді қалғытпайтын, оятып тұратын, мәңгілік мазасыз ғұмыр кештіретін жырлар тұмақ.

Ендеше, Мейірхан ақынның:

«Ұғар дейсіз қай кісі,  
Махамбет пен Абайдан қалған мұра – Қайғысы!»

деп түйіп айтуын түсіну үшін де терең түйсік керек шығар. Ал Мейірханның мұңы осы «Мұраға» қалған мұң-қайғысымен тамырлас, сабақтас.

«Менде екі таза бар –  
Бір Иткөйлек,  
Бір Кебін.  
Екеуінің арасы – өмір сүрген күндерім.  
Аман қала алмаспын күллі әлемдік Күйеден –  
Күйе жеген жанымның ақтығына сүйенем».

Бұл – Мейірхан Ақдәулетұлының мұрат тұтқан азаматтық шындығы, ақындық ақиқаты. «Күйе жеген жанымның ақтығына сүйенем» еді екінің бірі айта алмайды. Тек Ақын ғана айтады!

«Күз де келді.  
Көзінде тұр күздей мұң.  
Мен де үмітсіз құлазыған түздеймін.  
Дәмелісің менен түсер сәулеге –  
Сол сәулені мен де сенен іздеймін».

Міне, бүкіл тірліктің мәні – «сол сәулені» іздеуде: «сол сәулені» жоғалтып алып, қайта табуында; қайта жоғалтып, қайта табуға дәмеленуінде! Мұны, енді, «күздей мұң» дегенде, не дейсіз!

«Жалғыз досым – жүрегім» деп жырлаған Мейірхан ақын жалғыздыққа мұң серік екенін де терең сезінеді. Содан да шығар, ең алдымен, «жалғыздық» дейтін жалқы ұғымды арашалап алғысы келгендей сыңай танытады кейде. Оның жырларында: Жер – жалғыз, жүрек – жалғыз, бақыт – жалғыз, өмір – жалғыз, қайың – жалғыз, мен – жалғыз, сен – жалғыз, т.б. Сол жалғыздарды ойлап жыбарқаған сәттердің бірінде:

«Өмір деген осы болса...  
шыдармын,  
өшпейтін де өнбейтін...  
Мен тәңірдің зо-ор қатесі шығармын,  
өзі ғана жөндейтін?...

дейді. Яғни, бәріне де жауапты Көк Тәңірі де – жалғыз! Осыдан келеді де:

«Өзім – өмірім,  
Өмірмен күресіп жүрмін...  
Не деген шексіз қайшылық!»

дейтін мұң туындатады. «Неліктен жалғыз, неге өгей, неге бөтенбіз?» дейтін сауал туындатады. «Бар жолаушы дәл өзімдей өзімшіл. Мен секілді – менмен, жалғыз, өлермен» дейтін пәлсапа туындатады. Жалпы, жалғыздық жыры Мейірханға дейін де талай ақынның тағдырынан орын алған. Бірақ бұл

Мейірханда жаңа сапалық деңгейден көрінетініне ден қойғымыз келеді. Яғни, оның шығармашылық жобында «жалғыздық» категориясына ерекше екіпін түсірілетінін байқаймыз. Бұл – тек теориялық талдау үшін қажет нәрсе емес, сол өлеңдердің табиғатынан туындайтын, сол өлеңдердің тек-тамырын айқындайтын, сол өлеңдерге өлшеусіз қуат беретін күш ретінде көрінетін жалғыздық Мұңы. Ақын:

«Айыптымын алдыңда,  
арнамадым гүлге өлең –  
Гүлдің солып,  
Бояудың оңатынын білген ем.  
Мен жусанға інімін.  
Шеңгел болып кектенем –  
Көкпек жаққан көне үйдің,  
Көжесімен көктегем»

дейді. Шынында да «Дәруішнамадан» гүлге арналған, қызға арналған, сыртқы әсемдікті, әсіреқызыл көңіл-күйді суреттейтін өлеңдерді таппайсыз. Мейірхан айналадағы табиғат құбылыстарына да, қоғамдық өмірдің өзгерістеріне де, жеке адамның күйініші мен сүйінішіне де Мұң көзімен қарайды, Мұң көзімен үңіледі. Мұңы байыптағанда, неге мұңсыз болмайсың деп ақынды айыптаудан аулақпыз. Бізге Мейірханның осы Мұңы қымбат.

«... Не жайсаңы ішімде өлді арманның!  
Жалғыз мұң бар –  
Жан біткеннен қалған мұң.  
– Әйел! – десем, ән салатын мылқаудың,  
– Әлем! – десем, көзі соқыр... Таңғалдым!»

Әйел туралы, онда да «жалаңаш әйел» картинасындағы әйел туралы, «тұттай жалаңаш әйел» жөнінде толғанған ақынның ойы «жалаңаш әлем» ұғымымен ұласып кеткен соң, бұған дауа жоқ екен дейсіз іштей. «Жалаңаш әйелге» қарап отырып, жалпақ әлемге ортақ Мұң іздеген ақыныңызосы – Мейірхан. Бұдан соң оның лирикалық кейіпкерінің ғашығына: «Тұрам аялап, Шын сүйіп... Со-онша қатты аяп!» дегеніне еріксіз иланасыз.

М. Ақдәулетұлының «Дәруішнама» кітабында «Қосүрейлер үйі» атты жалғыз поэма бар. Формалық, композициялық құрылымы соншалықты күрделі емес, тіпті, ішкі монологтардың тізбесі секілді әсер қалдырады. Мәселе сол монологтардың әрқайсысы арқалаған зіл батпан салмақ, тұңғыық, тылсым сырларда жатыр-ау. Әрі-беріден соң, бұл поэма Мейірхан ақынның өмірге, өнерге, өзіне және өзгелерге деген көзқарасын, дүниетанымын айғақтайды. Поэма – жындыханадағы сау адамдардың арманын, өкінішін, өксігін, түңілуін, сенімін, мұңын, зарын жеткізетін тәмсіл. Поэмада Мейірхан ақынның шығармашылық ізденістеріне тән өзіндік стилі, ой ағысының иірім-қайырымдары, көркемдік кестелері – бәрі сақталған. Мейірханның



өлеңдерінен көз қарықтыратын қызылды-жасыл бояуларды іздеп әуре болудың қажеті жоқ. Мұның түсі – қоңыр, әуені де – қоңыр. Сол қоңыр, қара, сары түстерді Мейірхан ақын мол пайдаланады.

«Сол бақ – жалғыз...  
Мен – жалғыз,  
... мың, мың жалғыз – мың жалғыз:  
Тағдыр бөлек,  
Дегенмен...  
Бізді өлтірер мұң жалғыз!»

Бұл «Қосүрейлер үйі» поэмасынан алынған бір шумақ. Неге мысалға келтіргенім, айтпай-ақ түсінікті болар.

Әу баста М. Ақдәулетұлының жыр кітабы жөнінде пікір жазу ойымда болған жоқ. Кітапты оқып шыққаннан кейін бір мұңды әуен құлағымнан кетпей қойды. Қайталап оқып едім, тұнып тұрған мұңның тұңғиығына тағы баттым. Және сол тұңғиық мұңнан туыстық табатын сияқтымыз. Мен де, Сіз де!..

1998 ж.

## ЕҢСЕЛЕНДІРЕР ЕСТЕЛІКТЕР

Еңсесі биік ерлерін ел жадында сақтаудың бір көрінісі – естеліктер жазып қалдыру. Естелік екі күннің бірінде және екінің біріне жазылмайды. Тұлғасы зор, тұрпаты бөлек таланттар туралы толғаныстарға жұртшылық ерекше ықылас білдіретіні де сондықтан. Естеліктерде көбінесе қаламгердің яки қайраткердің өзі туралы айтпаған, жазбаған, тіпті, елеусіз қалған қырлары жарқырай ашылып жатса игі.

Сексенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың бас кезінде қазақ оқырмандары алыптар туралы қадау-қадау сын-зерттеу, естелік-эссе кітаптарын еншілеп, бір қуанып қалып еді: «Абай тағлымы», «Мұхтар Әуезов тағлымы», «Сәбит Мұқанов тағлымы», «Қаныш аға», «Би аға», «Бауыржан батыр», «Мұқағали Мақатаев», т.б. Енді, міне, осынау игілікті дәстүрдің, өркениетті елге тән өрелі мәдениеттің шын жанашырлары азая бастаған тұста жарқ етіп бір жақсы дүние көзге шалынды. Бұл – қазақ жырының тұлпары, аса көрнекті ақын Сырағаң – Сырбай Мәуленов туралы қазақтың классик жазушыларының, замандастарының, құрбыластарының, көзкөрген ізбасар інілерінің, зайыбы мен балаларының естелік-эссе, сырлары жинақталған кітап. Көлемі қомақты. Салмақты. Мазмұнды.

Кітапқа Қазақстанның халық жазушысы, ақын Тұманбай Молдағалиев алғысөз жазған. Жинақ – «Жыр тұлпары, сыр сұңқары –Сырағаң» (1996) деп аталады.

Сырбай ақын туралы сыр ақтара отырып, Ғабең – Ғабит Мүсірепов: «Ақындық деген өлең жолдарының жарасымды ырғағы мен ұй қасы ғана емес, ішкі сыры, өзен ағысының сылдыры емес, сылдырдың сыры. Әсірелеу емес, бейнелеу арқылы оқушының сана-сезіміне әлденені қадағалатып, ұялатып кету болады» деп әдемі аңғартып кеткен емес пе.

Сырағаңның өлеңдеріндегі отты ағыс, нәзік лиризм жоғарыдағы талап деңгейінен табылып жататындықтан да шығар, жүрекке арман ұялатып, аңсар оятатыны.

Бұл кітаптағы бірқатар ой орамдары Ақын шығармашылығына, өнердегі өз қолтаңбасына, асу-белестеріне берілген баға іспетті. Алапат соғыстың ортасында, қан майданда жүріп те «шіркін, өмір Құлындай боп кісінейді» деп жазған Сырағаң ғой! Ілияс Омаров Сырбайдың соғыс тақырыбына жазған өлеңдері туралы: «Олар – ақын шығармаларының құнды беташары» десе, мұнда адастырмас ақиқат жатқаны анық. Соғыс қасіреті мен жеңіс қуанышын жалаулатып жырлау бір басқа да, жаны ауыра отырып, сырласудың жөні бір бөлек. Ақын Қасым Аманжоловқа: «Сырбаз досым сен едің ғой, Сырбайым» дегізген де осы сыры терең тағдырластық болса керек.

«Ағалардан ақ тілек» бөлімінде Сәбең, Ғабеңнен бастап, Ә. Тәжібаев, Ғ.Орманов, М. Қаратаев, Х.Ерғалиев, І.Омаровтар сөз алыпты. Анау заманда талантты табуға, тануға деген талпыныс қандай болған десеңізші, ағалар інілерін аялап, арқасынан қағып, қанаттандырып отырған екен-ау.

Сырбай ақын:

«Қалса болды халқымызға,  
Қартаймайтын жас өлеңдер.  
Қалса болды артымызда,  
Жапырақты жас емендер» –

деп жазса, оған ұлы Ғабең – Ғабит Мүсірепов шаттана: «Сырбай, мен сені осы төрт жолыңдағы үлкен ойларыңмен құттықтаймын!» дейді бас иіп. Ғажап емес пе!

Сырбай ақын:

«Бабамнан қалған асыл бар,  
Ол мынау жатқан көк белдер.  
Ол мынау жатқан асулар,  
Ол мынау жатқан өткелдер» –

десе, оған ақиық Хамаң – Хамит Ерғалиев риза болып: «Қарапайым-ақ сөздердің көкірегіңе қайнап кіретіні қалай?!» – деп шешендік сауал тастайды. Сауалының жауабы да өзінде тұр.

«Сырбайдың өмір суреттерін бояулардан тануы ғажап. «Ақ түн» – осы жолдағы ақын ізденісінің басы» деп тұжырымдайды академик Серік Қирабаев, ал даңқты партизан жазушы Қасым Қайсеновтің: «Мен оған қадала қарап тұрмын: мына алып денеде қаншама күш бар десеңші. Шіркін, жау тылындағы қиын-қыстау кездерде ауыр танк пулеметінің айбында құлағын ұстатып қояр ма еді өзіне. Тіпті, пулеметті қойғанда, ана жуан жұдырығымен фашистердің тұмсығынан сүйкесе де жанын шығарар еді-ау. Ал өзінің

тұмсығы жуыр маңда бұзыла қоймас деген ойда тұрмын» деп толғануы да еріксіз езу тартқызады.

«Сырлары да, жырлары да ортақ-ты», «Інілер лебізі», «О щедром таланте поэта», «Ұлыға өлім жоқ» бөлімдерінің аттары шартты, негізінен, бір-бірімен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Сырағаң туралы ағыл-тегіл толғанған екі ақын інісінің – Мұзағаңның – Мұзафар Әлімбаевтың осы кітапқа сегіз мақаласы мен бір арнау өлеңі, Ғафаңның – Ғафу Қайырбековтің үш мақаласы мен бір арнау өлеңі енгізіліпті. Мұзағаң: «Ең бастысы – «Қазақ әдебиеті» газеті Сырбай Мәуленов жетекшілік еткен жылдарда қазақ халқының теңдік, тәуелсіздік жолындағы күресінің туына айналғаны – ұлттық сананы оятудағы орасан зор игі ықпал-әсері. Мәселен, 1955-1957 жылдардағы ана тілі абыройын көтеру жолындағы күресі үшін бас редактордан бастап, қаншама газет қызметкерлері, авторлары таяқ жеп, қуғынға ұшырады. Қит етсе, ұлтшыл атанды...

Қызыл империяны тұңғыш рет сілкіндірген қыршын батырлардың 1986 жылғы жетолқсандағы жігерлі бұлқынысының алғашқы аккорды, бәлкім, сонау елуінші жылдарда ұлт ой-санасының көшбасшылығына жараған жанкешті қаламгерлердің жаршы үнінде, жан айқайында жатқан жоқ па екен?!» – деп өткеннен өнеге ұсынады, өмір сабақтатрын еске салады.

Ғафаң: «Сырбай – сан бояулы суретші. Сырбай – сан сыңғырлы, сырлы музыкант, философ. Сырбай – жаны таза адал дос, алаңсыз туыс, дастарханы жомарт, құшағы ылғи да жаюлы биік шаңырақ иесі, ешкімге залалсыз, зиянсыз, ақ тілеулі азамат, сүйкімді балапандар атасы, анығында мына жетпіс жасында ақындар әулетінің құрметті ағасы» деп ой түйіндепті.

Профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Сырағаңның бір көрген адамды бауырына тартып алып, жатсынбай әңгімелесіп кететін мінезі Сәбит Мұқановтан жұққан сияқты болып көрінеді де тұрады» деп ұқсастықтан ұлағат іздесе, жазушы Қоғабай Сәрсекеев «Алдаспан ақын» деп эссе-әңгіме жазыпты, С. Есжановтың «Сырағаңның әзілдері» де ақынның тіршіліктегі ұшқыр мінез қырларын еске түсіреді.

Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, Х.Ерғалиев, М. Әлімбаев, Ғ. Қайырбеков, К.Салықов, Сулейман Маймулов, Қыпшақ Бақтыгерей, Б. Молдашев, Н.Мұқатов, С. Баймолдин, Сайфи Құдаш, Гилемдер Рамазанов, С. Тұрғынбекұлы, И.Оразбаев, С.Оспанұлы, І. Нұров, А.Шаяхметов, Г. Нысанбаева – Сырағаңның сырлы саздарына сүйсініп жыр арнағандар.

Естелік-эсселер кітабына жетпістен астам авторлардың ой-пікірлері топтастырылып, тоғысқан. «Атамұра» баспасынан отыз мың дана болып шыққан жинақ Қазақтың Сырбайына орнатылған зор рухани ескерткіш екендігі даусыз.

Кітаптағы «Мәңгілік сағыныш» бөлімінің бітімі өзгешелеу екен. Мұнда арқалы ақынның қызы Бақытжамал, ұлдары Бейбіт, Қасым, Ғазиз әке тұлғасына тәжім жасап, перзенттік махаббаттарын білдіреді. Ал Мәриям Мұқанкелінінің (Сәбеенің – Сәбит Мұқановтың жұбайы) және Күлжамал

Мәуленкелінінің (Сырағанның жұбайы) естеліктерінен ескен жылы шуак жаныңызды нұрға бөлейді.

Мәриям Мұқанкеліні айтады: «Отбасының өмірі қалпында болмаса, мейлі, сен патша болсаң да ешқашан бағың жанбайды. Бақты әкелетін де, әкететін де – әйел. Сол әйелден бағы жанған кісілердің бірі – Сырбай. Оның бағына Күлжамалдай аяулы адам кездесті».

«Сырбайдың арманы жоқ. Балалары тәрбиелі, алдыңды кесіп өтпейді. Бәрі де әкесінің кісілігін, парасаттылығын ұстап қалған. Орманы орнында жайқалып тұр. Сол орманды үсік шалдырмай, ешкімге жабырқатпай, жәудіретпей ұстап отырған бағбаны Күлжамалдай ер аманатына адал әйелі бар». Мәриям Мұқанкелінінің дәл осы пікірін Сәбеңе қатысты, өзіне де қатысты дәл осылай айтуға болар еді. Осындайда, Лев Толстойдың «Анна Каренинасы»: «Барлық бақытты отбасылар бір-біріне ұқсас...» деп басталатыны еріксіз ойға оралады. Бұл естеліктің ұқтырар бір тағлымы осында.

Күлжамал Мәуленкелінінің әкесі Әмір Ахаңның – Ахмет Байтұрсыновтың немере інісі екен. Текті тұқымнан. «Сырекеңмен отасқалы елу екі жыл ішінде өмірдің талай белесінен өттік. Өмірдің ащысы мен тұщысын да көрдік. Оның бәрі ғұмыр берсе алдағы уақытта бір кітапқа сұранып тұрған дүниелер. Ол кісі 1952 жылы Алматыға ауысқаннан кейін сегіз жыл Катя деген кемпірдің үйінде пәтерде тұрдық...». «Сырекеңнің руы – Аю еді де, біз – Мәмбетейміз. Мұны айтып отырған себебім, Баукең марқұм кейде түн жарымында телефон шалып: «Әй, Медведь, встать!» деп айқайлаушы еді. Ұлы адамның осы бір сөзінің, зілсіз айғайының астарында қаншама терең мағына жататынын мен бүгінде жүрегіммен сезінемін». «Жастарға жанашыр болатын. Олардың жақсы бір өлеңін оқыса, кәдімгідей өзі жазғандай қуанып қалатын. Ондай күн ол үшін мереке еді. Осы Сағи, Тұманбай, Қадыр, Оралхан, одан бертінде Иранбек, Исраил, Серікбай, Кеңшілік, бәрі-бәрін баласы секілді аялап, болашағымыз ғой деп кеудесі толып отыратын». Күлжамал апаның осы бір келтірілген үзік-үзік сырларынан-ақ көп жайттарды аңғаруға болар. Асылы, ақынды жанындағы жарынан артық түсініп бағалайтындар кемде-кем.

Осы естелік-эсселер кітабын құрастырғанда да ақынның зайыбы Күлжамал Мәуленкеліні мен Қасым Сырбайұлы.

Тұтастай шола қарап шыққанда, қазақтың ірі ақынын бұрынғыдан да еңселендірер түсер естеліктермен табыстық. Оқырман ретінде алған әсерімізді осылай бөліскенді жөн санадық. Естеліктерден түзілген еңселі ескерткіш екен.

1997 ж.

## ТАРАЗЫ

Ғасырлар тоғысына таяндық. Табалдырықта тұрып, төрге озбас бұрын, барымыз бен жоғымызды түгендеп алған да жөн секілді. Әсіресе, тәуелсіздік

туын тігіп, төрткүл дүние Қазақ елін таныған тұста тарихи санамыздағы жаңғыру, өткен өткелдеріміздің сабақтарын саралау, тарих қатпарларындағы ақиқаттарды ашу қазақ зиялыларының белсенді ой қорытуларын қажет етті. Тоталитарлық жүйе кезінде біржақты түсіндірілген, бұрмаланған, тіпті, тұтастай тұмшаланған төл тарихымыздың жаңа парақтары жазыла бастады. Осынау игілікті істің басы-қасынан табылған ұлт зиялыларының арасында есімі елге танымал тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың үні ашық та айқын.

Таяуда Алматыдағы «Ғылым» баспасынан М. Қозыбаевтың «Тарих зердесі» атты еңбегі екі кітап болып жарық көрді. Бірінші кітапқа («Замана асуы») қоғамдық ойдың қозғаушысы, тарихи сананың оятушысы, рухани жорықтың сарбазы ретінде көрінген ғалымның 1990 жылдан бергі аралықтағы бұқаралық ақпарат құралдарында шыққан, жарияланған сұхбаттары, көсемсөздік мақалалары, баяндамалары енген. Екінші кітап («Арыстар тұғыры») халқымыздың басына қиын-қыстау күндер туғанда, ауыр кезеңдерде, аласапыран жылдарда жол нұсқаған, қол бастаған, жан аямаған біртуар арыстарымыз туралы баяндайды.

«Тарих зердесі» – ата-бабамыз ғасырлар бойғы армандаған тәуелсіздік тұғырына туымызды тіккеннен кейінгі тарихшы ғалымның жаңа серпінмен, тың тыныспен, соны құлшыныспен дүниеге әкелген туындысы екені байқалады. Мұндағы әрбір мақаланың, сұхбаттың, баяндаманың шыққан, жарияланған, оқылған күндері, жылдары көрсетіліп берілуі де бекер емес. Автор замана ағысымен қоса ықпаған, өршіл рухтың, күрескер тұлғаның өсу баспалдақтары да көзге айқын шалынады мұнда.

Кешегі кеңестік жүйе күйреп, тәуелсіздіктің, демократияның, нарықты экономиканың жаңа талаптары күн тәртібіне қойылғанда, осы қалай болар екен деген, алаңдаған әрбір адамның көкейінде сауал да көп, үміт пен күдік те жетерлік еді. Көптеген баяндамалары, сұхбаттары арқылы академик М. Қозыбаев осы бір алмағайып тұста, ауыспалы кезеңде берік өмірлік позиция ұстанғанын байқаймыз. Өз пікірлерін, ойларын, пайымдауларын бүгіп қалмай, заманның қабағына қарап жалтақтамай, айтарын дер кезінде айтып, жазып, халыққа жеткізіп отыруы арқылы да қыруар жұмыс тындырған. Әсіресе, тәуелсіздік, елдік, бірлік мәселелеріне ерекше ден қойып, айрықша екпін түсіріп, шабытпен түсіндіреді. Барымыздың бағасын білуге, жоғымызды түгендеуге шақырады. Бұл еңбекте, ең алдымен, тарихшының өткенімізге жаңа көзқарасы, халқымыз басынан кешкен сан алуан алапат оқиғаларға объективті баға беруі бар. Бұл ретте тарих сабақтары, тарихты қайта жазудың принципті ерекшеліктері, ақтаңдақтарды ашу, атамұраға, шежіреге, Ата заңымызға, тіл тағдырына, қоғам тануға, Желтоқсан оқиғасына, т.б. толып жатқан өміршең де өзекті, өткір мәселелерге байланысты парасатты пайымдаулар, зерделі зерттеулер назар аудартады.

Академик Манаш Қозыбаев – ұлтының тағдыры үшін жаны шырқырайтын, халқының мұң-мұқтажы үшін қабырғасы қайысатын, қысылтаяң сын сағаттарда сол мұрат-мүдде биігінен көрініп, тіл қата алатын бірегей қазақ зиялысы. Бұған мысалды мына қос кітаптан көптеп келтіруге

болады. Және бұл кітаптарға енген мақалалардың бір ерекшелігі – бұлар кезінде қалың қазақ қауымының назарына ұсынылған, зерде сүзгісінен өткен, бағаын алған. «Солженицынның» сандырақтарынан соң «Сақ болайық, сахнада – кәсіби арандатушы» (1996) деп, империялық пиғылдағы Мәскеу басшылығына «Тарт қолыңды, Чешенстаннан!» (1996) деп, Бүкілқазақтық тұңғыш құрылтайда (1992) Ата тарихымыз туралы терең толғанып, егеменді мемлекетіміздің территориялық тұтастығы тұғырнамасының теориялық-методологиялық аспектілеріне жан-ажқты таладу-тұжырым жасап (1990), т.б. ылғи өкпек желдің өтінде тұрып, өз ұлтының заңды құқықтарын қорғайды, өзгелердің өктемдігі мен зорлығына тойтарыс береді.

«Тарих зердесінің» екінші кітабына алты алашқа атағы шыққан арыстарымыз туралы тарихшы ғалымның танымдық, теориялық мән-маңызы жоғары мақалалары түзілген. Абылай, Бұқар, Хан Кене, Абай, Әлихан, Ахмет, Тұрар, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Әмір Әбдіғапар, Әуезов, Сәтбаев, Марғұлан, Е. Бекмаханов,, т.б. туралы кесек-кесек полотнолар өз алдына, кешегі Ілияс Омаров, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Ілия Есенберлин, Жұмабай Шаяхметов, Нұртас Оңдасыновтардан бастап, бүгінгі Салық Зиманов, Тұрсынбек Кәкішев, Әмірзақ Сұлтанғазин, Кеңес Нұрпейісов, Сұлтан Сартаев, т.б. ұлт зиялылары туралы толғаныстары, мерейтойларда сөйлеген сөздері, ең соңында, досы Оразай Батырбековке жазған хатына шейін тартымды, тосын, тұшымды.

Академик М.Қозыбаевтың тоқсаныншы жылдардағы ой-толғаныстары осы екі кітапқа молынан қамтылып, біртұтас дүние болып шыққан. Ғылыми ғибратты.

1998 ж.

## **ҚАҒАРАМАНДЫҚ ШЕЖІРЕСІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС**

«Қазақстан» баспасы белгілі журналист Жанболат Аупбаевтың «Оққа тосылған от жүрек» атты кітабын жарыққа шығарды.

Соғыстан соң туғандар сұрапыл жылдарды бастан өткерген адамдардың өмірінен сыр суыртпақтамақ болғанда: біріншіден, бай тарихи шежіремізді оқып, қанығады. Сол арқылы әсерленіп, санасында алапат майдан суреттерін тірілтеді. Екіншіден, көзі тірі соғыс ардагерлерімен жүзбе-жүз сөйлесіп, пікірлесіп, олардың айтуы арқылы небір қиян-кескі оқиғаларды ойша қорытып, қағазға түсіреді. Майдан тақырыбына қалам тартатын қазіргі журналистердің қай-қайсысы да осындай ізденіс соқпақтарынан өтетіндіктерін жоққа шығармайтын шығар. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген Жанболат Аупбаевтың «Оққа тосылған от жүрек» атты кітабында да дәл сондай ізденіс іздері сайрап жатыр. Үңіле қарасақ, бұл ізденістің «әйтеуір, ардагерлер туралы айтылған сөздер жерде қалмайтын еді ғой» дейтін есепті ниетпен мүлде сиыспайтынын байқаймыз. Автордың аталмыш жинаққа енген мақалалары тақырыптық тұтастығымен және Отан

солдаттарының тағдырына қатысты алғанда өзіндік даралығымен ерекшеленеді. Мерзімдік баспасөз бетінде 1980-1984 жылдары жарияланған бұл мақалалары арқылы Ж. Аупбаев тың деректерге, тосын оқиғаларға, сирек суреттерге айрықша ден қоятындығын байқатқан еді. Енді соның бір арнаға тоғысуының, сөйтіп бір-біріне жарығын, сәулесін түсіріп тұрғандығының куәсіміз.

Кітапта халықаралық шолушы, қарт публицист Эрнст Генримен болған кездесуден кейін жазылған мақалада оның мынадай пікірі келтірілген: «Баспасөз төңірегінде жүрген адам күнделікті газет-журналдарды оқып қоюмен шектелмей, сондағы керек деген хабарларды, мақалаларды өзінің алып жүрген саласына қарай жинақтап жүрсе, олардың күндердің бір күнінде әйтеуір бір тақырыпты табуға түрткі болары анық. ... Журналист почтасы бай болуға тиіс. ... Сонымен қатар сіздер журналистік жолсапарға шыққан кездерде өмірге сергек қарауға тиіссіздер. Міне, сонда ғана қызықты дүниелер туады».

Осындай мақсатты автордың да берік ұстанатынын андау онша қиын емес. Бұл үшін қызықты деректерді іздеп табумен қоса, оны әсерлі баяндап жеткізе алатын журналистік жазу шеберлігі де қажет, әрине. А. Матросовтың ерлігін қайталап, жау дзотын кеудесімен жауып, сонда да тірі қалған жауынгер С.Оразалинов, Қажымұқанның майдан қорына жөнелткен қаржысына жасалған самолеттің ұшқышы Қ. Шалабаев, 28 жылдан соң Кеңес Одағының Батыры деген құрметті атақтың иегері екендігін бір-ақ білген З.Құсанов тағдырлары кімді де болса қызықтырмақ. Әңгіме бірде Великие Луки қаласындағы комсомолдық әскери-даңқ музейінен, екіншіде газет тапсырмасымен ұйымдастырылған қосын сапарынан, үшіншіде болашақ кейіпкерлермен хат жазысып, хабарласудан өрбіп, өрістегенін автор оқырмандарына сыр ғып айтады. Ортамызда қарапайым қаһармандар қаншама, біз олармен күн сайын бетпе-бет келіп, бірге қызмет істеп, дәм-тұз айдап жолығысып жүрген шығармыз, олар кеудесін қағып, «мен – мынадаймын!» деп ешуақытта жар салмайды, ендеше қарапайым әрбір жүректің лүпіліне құлақ тосайықшы дегенді аңғартқандай болады ол.

«Майданның бергі бетінде», «Маршал мінген ақ боз ат» мақалаларында да уақыт озған сайын көмескі тарта бастаған кейбір деректерге қайта назар аударту арқылы жас ұрпақ жадында ұстауға тиіс жайттарды қозғайды. Олар облысының Жәнібек, Орда аудандары территориясында 1941-1945 жылдардағы соғыс кезінде жау самолеттері бомба тастағанын, фашизм диверсанттары тіміскілегенін екінің бірі біле бермейтін болар. «... Көп тартпасы бар көне жазу столын ол кісі: «Соғыс зардабының белгісін айғақтайтын ескерткіштің бірі – осы» – деді бізге. Үніліп қарап едік, столдың өн бойында күйіп, тесілмеген жер қалмаған екен», – деп автор сол кездің куәгерімен жолыққан сәтті елеусіз нәрсеге назар аудартумен бастайды. «Әкем сол жылы өз жерлестерімен бірге әскер қатарына шақыртылып, Сталинград майданына аттанды. Олар ұрысқа кіріспес бұрын жаттығып жатқан жерлеріне анам колхоздан ат сұрап мініп, барып қайтқан екен. Кейін ылғи сол Сталинград жақтан көз алмай қарап жүретін болдым. Әлі есімде,

күш ашық кездері, әсіресе, бұлтсыз күндері Сталинград жақ қып-қызыл болып алаулап тұратын. Бала болсақ та, соғыстың тезірек бітуін, әкелеріміздің аман-сау, жеңіспен оралуын тілейтінбіз». Оралда тұратын бір кейіпкері осылай дейді. Иланасыз. Өйткені, Жанболат Аупбаевтың кейіпкерлері ойдан шығарылған, қиялдан туған жандар емес, өмірдің өзінен алынған адамдар. Соғыс туралы кітаптан оқып, кинодан көріп, эфирден естігендер емес, сол бір ауыр жылдардың тауқыметін өз бастарынан өткергендер. Олардың сөздерін журналист бояуын қалыңдатпай, әсірелемей жеткізуге тырысады. Өзі де алған объектісіне қатысты талдау-жинақтауға барғанда ойын неғұрлым дәл, нақты, қоспасыз өруге ден қояды. Жанболат Аупбаевтың шығармашылығын қадағалап қарап, оқы жүргенде «салқынқанды ұстамдылық түбінде бірсарындылыққа соқтырмас па екен?» деп те өзімізге сауал қойғанбыз. Тақырыпты әр қырынан келіп игеруіне ден қойып, бұл күмәннен арылғандай болдық. Мәселен, генерал Сағадат Нұрмағамбетовпен жүргізген сұхбатында сақталатын ой дәлдігі, айқындық, «Кешігіп жеткен даңқтағы» суретті көріністер, тіл бояуының молдығы, «Майданның бергі бетіндегі» естелік, мәлімет, архивтік материалдарды негізге алу, «үшбұрышты үшбу хаттардағы» толғаныстар оның түрлік жаңартуларды қуаттап, бірыңғай ұқсас дүниелер жасаудан бойын аулақ ұстайтынына дәлел сияқты. Рас, журналистің өзі ұнататын, жүйелі сипатта ой өрбітетін ой ағыстары барлық мақалаларына ортақ. Мақалаларының араға уақыт салып жазылатынын, қызықты деректі тапқаннан кейін де оған дайындықпен барып кірісетінін журналист жасырмайды. Тіпті, бір мақаланы жазу үстінде тағы да бір соны тақырыпқа жолығысқанын аңғартып өтетін кездері де бар. З.Құсанов туралы жазып отырып, майдангер жазушыдан Жамбыл облысында тұратын Сыйқымбай деген кісі жөнінде тың дерек естігенін, оның үйіне соғыс кезінде қаза тапты деген «қара қағаздың» үш рет келгенін жария жасайды. Бұл оның мақалаларының арасында үзілмейтін желі, сабақтастық орныға бастағанын айғақтаса керек. Тынымсыз ізденіс нәтижесі тағдырлары қызық адамдарды табуға көмектесіп, олар жайында оқырмандарына ақжарыла хикая шертеді.

Біз Жанболат Аупбаевтің талғап, таңдап, тауып, зерттеп жазатынын баса айтқымыз келеді және соны құптаймыз да. «Оққа төселген от жүрек» – халқымыздың қаһармандық шежіресіне қосылған толыққанды, тартымды туынды.

1985 ж.

## ТАНЫМ ЫҚПАЛЫ

Қазақ әдеби сынының дамуына нақты қамқорлықтың бір түрі – сыншы, зерттеушілердің еңбектерін мерзімді баспасөзде, әдеби, ғылыми журналдарда жариялаумен шектелмей, жеке кітап түрінде жарыққа шығаруға ден қою болса керек.

Міне, жақында «Жазушы» баспасынан шығып, қолымызға тиген филология ғылымдарының кандидаты, сыншы Қамбар Керейқұловтың «Теңізге түскен желқайық» сын мақалалар мен диалогтар кітабын парақтап



оқыған кезде осы ойларға жауап алсақ дейміз. Кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде әр жылдарда жазылған сын-мақалалар топтастырылған екен. Екінші бөлім қазіргі әдеби ортада әрқилы пікірталастарын тудыратын мәселелер төңірегінде белгілі қаламгерлермен диалогқа құрылған.

Әдебиет сыншысының, яки зерттеушісінің назарын қай кезде де белгілі бір шығарманың қоғам, уақыт, өмір талабына қаншалықты жауап беретіндігі көбірек толғанып келгені белгілі. Кейде тіпті көркемдік талдауларға, шығарманың ішкі психологиясына, эстетикалық әсеріне тіптен аз көңіл бөлінетін. Қамбар Керейқұловтың бұл сын кітабының бойында да қаламгердің қоғам алдындағы жауапкершілігі, идеялық биік мұраттарға адалдығы, жарқын мақсаттарға ұмтылауы, т.б. озық қасиеттерді іздеу тенденциясы айқын байқалады. Күні бүгінге дейін әдебиет біздің өміріміздің күнгей тұстарына көбірек ден қоюмен келді. Адам санасындағы күрделі әлеуметтік-психологиялық қайшылықтар терең талданбады. Бәлкім, сынның да қарым-құлашының жазылмауына осы бір жағдайдың әсері болған шығар. Соңғы жылдардағы қоғамдық өмірдегі күрделі оқиғалар әдебиеттің де көкжиектерін кеңейтіп, жаңа арналарға көшуіне мүмкіндік беруде. Міне, бүгінгі әдеби сын осы өзгерістердің тамырын тап басып, бағыт-бағдар сілтеуге тиіс.

Сыншы Қамбар Керейқұлов қазіргі қазақ прозасының жай-күйін, даму арналарын, ішкі иірімдерін талдаған кезде біржақтылыққа ұрынбайды. Шығарманың идеялық айқындығын ғана қанағат тұтпай, кейіпкерлер психологиясының қалтарыстарына көбірек үңіледі. «Өңгіме туралы әңгіме», «Шымырлап шындық өрілсе», «Заман бейнесі – замандастар бейнесі», «Талап пен талғам тең түссе», «Талғамсыздық та талантсыздық», «Жапырақ жаяр жас емен» мақалаларында сыншылық, зерттеушілік зерденің салыстыру, жинақтау арқылы дара тұжырымдарға ойысатынын байқаймыз. Бірнеше шығармалардың әр түрлі кейіпкерлерінің әрекеттерінен ортақ мінез-құлық, іс-әрекет сәйкестігін, замандас келбетінің ажар-айшықтарын табу оңай емес. Сыншы-зерттеушінің осы бағыттағы ізденістері әр мақалада әр деңгейде болса да, жемісті нәтижесін берген. Бұл мақалалар, тұтастай алып қарағанда, бір-бірімен сабақтас, салалас. Жинақтағы «Ағысы күшті бір арна» атты мақала араға ұзақ жылдар салып ортамызға оралған бес арыстың бірі – Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығына арналған. Сыншы әдебиет тарихында өзіндік орны әділ бағаланбай келген жазушы Ж. Аймауытовтың қаламгерлік қырларын оқырмандарға байсалды түсіндіреді. «Бақытсыз Жамал», «Қартқожа» романдарының қазақ прозасының қалыптасу кезеңіндегі айрықша рөліне тоқталады. Жазушы шеберлігінің, стиль ерекшелігінің өзгеше сипаттарына талдау жасайды. Зерттеушілік болжам, топшылауларының айқындығы осы мақалада жақсы көрінген.

«Теңізге түскен желқайық» авторы негізінен прозалық туындыларға көбірек ден қоятынын байқаймыз. Қазақ әдебиеттану ғылымында жекелеген жанрға бейімділік танытатын сыншылар, зерттеушілер қатары көбейе түскені ғанибет. Бұл сыншының мамандануы, белгілі бір тақырыптарды жан-жақты игеруі үшін қажет.

Кітаптың екінші бөліміндегі диалогтарда уақыт табы, кезең тынысы сақталған. Кеше айтылған пікірдің бүгін ескіріп қалуы да, қайтадан түрленіп, тың мағына беруі де мүмкін ғой. Бүгінгі әдеби дамуды сөз еткенде ортаға салар ойлар түгесілмек емес. Ендеше бұл диалогтардың қажеттігі даусыз. Автор көбінесе сауал тастап, сыр суыртпақтап қана отырған сияқты көрінгенмен, «сауалына қарай жауабы» демекші, диалогтардың жеткізер ақиқатына шәк келтіруге болмайды. Белгілі қаламгерлер Ә. Тәжібаев, Д. Снегин, А. Брагин, С. Жүнісов, М. Қаратаев, К. Смайыл, Ф. Оңғарсынова, Ә. Кекілбаев, М. Шаханов өздерін толғандырып жүрген мәселелерді бүкпесіз талқыға салып, ой бөліседі. Негізінен, қазіргі қазақ әдебиетінде, оның өсу, даму баспалдақтары мен арналарына барлау жасағандықтан, бұл диалогтар сыншы ойларымен астасып, кітаптың салмағын арттыра түседі.

Қорыта айтқанда, оқырмандар қолына танымдық ықпалы бар сын-зерттеу кітабы тиіп отыр.

1991 ж.

### ҮШТАҒАН

Ғ. Мүсірепов атындағы Мемлекеттік Балалар мен жас өспірімдер театрының үш әртісінің – Сейітхан Есенқұлов, Досхан Жолжақсынов, айдос Бектеміровтердің шыңғармашылық жолы хақында бір-ер сөз.

Әдетте, өнерге қатыстыны ешқандай геометриялық өлшемдермен өлшеуге болмайды. Үш актерге бұған үштаған деген теңеуде де шарттылық басым. Бір театрда, бір сахнада қатар өнер көрсететін бұл үшеуінің бір-біріне ұқсамайтын, бірақ бірін-бірі толықтыратын мінез қырлары жөнінде ғой әңгіме. Әлбетте, үшбұрыш – үштаған беріктіктің де белгісі.

Қоғамымыздағы кейінгі жылдардағы күрделі өзгерістер, буырқанған оқиғалар театр өнерін де айналып өткен жоқ. Ой-санамыздағы жаңару лебі сахнаға да шықты. Соның айқын дәлеліндей осы Жастар театрында қойылған қадау-қадау спектакльдер жөнінде мерзімді баспасөзде көп жазылды. «Театрға кімдер келеді?», «Көрермендер қайда?» дейтін сауалдарды бүйірден қойып, газет-журналдар өнердің жанашырларына жар салып жатқан кезде бұл театрда тынымсыз ізденістер тынысы сезіліп тұрды. Зиялы қауым Шерхан Мұртазаның пьесалары «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» бойынша қойылған спектакльдерді жылы қабылдады. Бұл ретте драматургтің, режиссердің еңбектеріне берілер баға өз алдына, осы қойылымдардың сәтті шығуына бірден-бір себепкер басты тұлғалар – актерлер туралы біз не білеміз? Міне, жоғарыда аталған екі спектакльде Тұрар Рысқұловтың (А.Бектеміров), Ғабит Мүсіреповтің (Д.Жолжақсынов), Нұрхан Ахметбековтің (С.Есенқұлов) бейнелерін сомдағандықтары үшін аталған үш актер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып отырса, бұл кездейсоқтық емес. Халқымыздың аяулы үш перзентінің жарқын тұлғаларын көрермендер жүрегіне жеткізу жолында үшеуі де талант қырларымен таныла білді.

Досхан Жолжақсынов. Бұл есім өнер сүйер қауымға көптен таныс. Актер үшін бесаспап бірегейлік, сегіз қырлы өнерпаздық туа бітті қасиет болса, қанеки. Оған ұлттық ар-намысы, азаматтық парыз-борышы төрелік жасайтын болса ше? Мінеки, киноактер, сахна шебері, әнші Досхан туралы көпшілік осындай ойда. Жас та болса, халық мұңына қабырғасы қайысатынын, кинодағы, театр сахнасындағы әрбір рөлі арқылы өнердегі өмірбаянын сәтті жазып жүргенін жұртшылық білмейді емес, біледі.

Бұған дейін сахнада Ақан серіні немесе Алдар көсені бейнелегенде, яки басқа да белгілі-белгісіз образдарға енгенде Досхан Жолжақсынов өзін біршама еркін сезінген болар деп ойлаймыз. Ал Ғабеннің кейіпкерін емес, өзін – Ғабит Мүсіреповті – қазақ әдебиетінің классигін, сыршыл жазушы, сырбаз азаматты «сахнаға шығару» қай бір оңай шаруа дейсіз. Ғабеннің кеше ғана көзін көрген, сөзін тыңдаған қаншама замандастары сын көзбен қарайды. Сөз саптау мәнерінде, қимыл-қозғалысында жасандылық болса, «мынау Ғабит емес» деуден тайынбас. Онда теккен тердің зая кеткені ғой. «Бесеудің хатындағы» Ғабен бейнесі – ұлт жанашырының, қиын шақта басын бәйгеге тіккен санаулы ғана арыс-азаматтың бейнесі. Досханның бойындағы кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне, жүрек тебіренісіне ерекше мән беретін қасиет атап өтуге лайық. Бәлкім, сахнадағы Ғабен бейнесінің Досхан игерген қыры да осы. Ал образды ашудың кілті – ой мен сезімнің үндестігін іздеу. Ғабит Мүсіреповтің сонау отызыншы жылдардағы ақиқатты айту, айта білу ерлігін көрермендерге ұғындырудың терең тағылымдық мәні бар. Тап сондай ерлік жасау бүгінгі бөрік кигендердің де бірталайының бойынан табылмай жүр емес пе! Мүсірепов – Жолжақсынов осыны ұлттық сананың ояну дәуірінде ерекше екпін түсіріп, еске салатындай. Сын сағатта халық мұңын арқалаудың, қара бастың қамынан оны биік қоюдың қаншалықты қымбат екендігін, қаншалықты абырой екендігін жетемізге жеткізуі арқылы да актердің бұл рөлі бағалы. Шығармашылық жолындағы сүбелі табысы.

Сейітхан Есенқұлов. Өмірде үлкен қызмет, кіші қызмет деген болады. Өнерде үлкен рөл, кіші рөл деген болмайды деседі. Қызық қайшылық. Театрлардың жүрген актерлердің ішінде бір адам осыны терең түсінсе, ол – Сейітхан шығар. Бұлай деуіміздің бір себебі, ол сахнаға әр түрлі мінездің адамдарын шығара жүріп, әрдайым өз бойындағы өнердің қайнар көзін табуға ұмтылады. Өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарайды. Театрға бас сұқпайтын біздің кейбір замандастарымыз Сейітханды актер деп емес, театр сыншысы деп қабылдауы да мүмкін. Рас, ол театр туралы біліп жазады, талдап, таратып, тап басып жазады. Оның Ә. Мәмбетов, Р.Сейітметов, М.Құланбаев, Р.Әшірбекова, Г.Қазақбаева және басқа әріптестері туралы жазған мақалаларын оқып отырып, іштей сүйсінесіз. Жалпы, таным-түсінік шексіз ғой. Кәсіби шеберліктің өзі мамандықты терең меңгерумен келетіні даусыз. Ал өнердің өз заңдылығы бар. Талант ұшқынын өршіту де, өшіру де актердің өз қолында. Театрдағы ізденіс сапарында С.Есенқұлов та әр алуан рөлдерде ойнады. Өз ортасында «Сейітхан – сахнаның ақыны» деген пікір бар екен. Сонда ақын Нұрхан Ахметбековтің бейнесін сомдауға ол кездейсоқ келмегені ғой. Бұл ретте режиссердің де актердің ыңғайын, бейімін тап басып

танығаны туралы айтқан жөн. «Сталинге хаттағы» колхоз бастығының мінез қырларын ашуда да ол шеберлік байқатты. Ал «Бесеудің хатындағы» Нұрхан ақын бейнесі оның сахнадағы өзіндік қолтаңбасы іспетті. Ақынға тән асқақтық, сөз уытын дәл беру, көрермен әрі тыңдаушы қауымды сендіріп, иландырып баурау – Сейілхан актердің еншісінде.

Айдос Бектеміров. Әлі есімізде, жастар театрының сахнасында «Сталинге хат» спектаклі алғаш рет қойылғанда астана жұртшылығы Тұрар Рысқұлов тіріліп келгендей қуанған еді. Айдосқа қатысты «Өзі Тұрардан аумайды екен» деген сөз де бекер айтылмаса керек. Көрерменнің актер еңбегін бағалауы кейде осындай бір ауыз сөзден-ақ аңғарылып жатады емес пе. Әрине, портреттік ұқсастықтың да қажет екендігі белгілі. Әсіресе, бұл халық жадында кескін-келбеті сақталған белгілі тарихи тұлғаларға қатысты айтқанда тіптен мәнді. Бірақ жоғарыдағы бір ауыз сөз тек қана түр ұқсастығына байланысты айтылған жоқ деп ойлаймыз. Сондай-ақ, іс-қимыл, әрекет, қайраткерге тән зерек ақыл-ой, тағы да абсақа көптеген ізгі қасиеттер тоғысуынан туған байлам еді. Сұсты Сталиннің алдында маңдайы жарқырап, маңғаз кейіпте туған халқының тағдырына қатысты маңызды мәселелерді талқыға салуы – Тұрардың тұлғасын асқақтата түседі. Өмірде болған тарихи уақиғаның көз алдымызға қаз-қалпында қайта оралуы актер шеберлігіне тәуелді. Айдостың Тұрары Әзиза апамыздың көзіне жас алғызғанының куәсі болдык. Тұрар бейнесінің лайықты сомдалуы – театрдың да толымды табысы еді. Сондай-ақ артист А. Бектеміровтің Тұрар тұлғасы арқылы танылуы сол бір жұлдызды сәттен басталған.

Сәтті ізденіс өнер адамына қанат бітіреді. А. Бектеміровтің бұдан кейін Абай, Махамбет, Төле би рөлдерін сахнаға шабытпен шығаруында заңды үйлесім бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған бұл үш актердің шығармашылық жолдары әр тарау, әрқайсысы әр бөлек үш әлем. Балалар мен жастар театрының кейінгі жылдардағы шығармашылық ізденістері де бұлардың есімдерімен тікелей байланысты десек, қателеспейтін болармыз. Талантты артистері жоқ театр табысқа жетуі мүмкін емес. Ал бұл үшеуінің қазақ өнеріне сіңірген еңбегі Алатаудай деп айту артық шығар. Алайда, қалайда халқымның қасиетті өнерін дамытуға үлес қоссам деп тынымсыз ізденіс үстінде жүрген актерлерге, ізденістерінің жемісін көрермендер қауымы танып- түстей бастаған өнер иелеріне лайықты құрмет көрсетіліп, атақ алып жатса, қазақ өнері үшін тек қана абырой. Қазақ театр өнерінің мәртебесі, мерейі актерлерінің үздік үлестерімен арта түспек.

1992 ж.

### **ТАУ АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ**

Кейде ойлайсың, басқа-басқа, дәл ақынға өзгеше тағдыр керек. Бұралаңы мол жол керек. Бастан өткерер шытырман уақиғалар керек. Сонда оның жырлары да өзгеше шырай ашатындай.

Таңжарық Жолдыұлы сондай, тағдыры өзгеше ақын. Бұған дейін қалың қазақ қауымына толық танылмай келсе, оған кешегі «кемелденген кезең» кінәлі. Алашқа ортақ арыстар ақталып, атақ-даңқы қайта шығып жатқан

кезде, Таңжарықтың 90 жылдық мерейтойын алдымен астанамыз Алматыда, одан соң Алматы облысының Райымбек ауданындағы Қақпақ ауылында атап өтудің сәті түсті.

Алматыдан арнайы шыққан бір топ ғалымдар, ақындар мен жазушылар академик Зейнолла Қабдоловтың бастауымен ақынның табаны тиген топырақта болып, еске түсірді, естелік айтып, еміренген елінің ыстық махаббатына куәгер күй кешті. Бұл топ алдымен ат басын Қарасазға бұрып, Мұқағали Мақатаев атындағы ұжымшар орталығындағы ақын музейін тамашалады. Музей ғимараты мен-мұңдалап көз тартады, айрықша еңселі екен. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Т.Мамашевтің дәл айтқанындай, бұл шынында да ақынға деген ауылдастарының айрықша құрметін аңғартып тұр. Мұқағали музейінің директоры Әбдіке Асанов ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер мен мұраларды жинастыру, оны осындай сенімді жерде сақтау, ұрпақ игілігіне жарату жұмыстары тоқталмайтынын, сол жолда әлі де көп ізденетіндерін айтқан.

Қарасаздан шыққан жол Қақпаққа қалай тез жеткізетініне таң қалудың қажеті жоқ сияқты. Ақындар мен батырлардың ауылдарын жалғастыратын жолдар жөнінде ұзақ толғауға болар еді. Қақпақ топырағына Таңжарықтың табаны тиген. Арғы беттен келіп, екі жылдай осында аялдапты. Қойдым қызбен айтысқан. Нұриламамен айтысқан. Бұл айтыстарды Таңжарық шығармашылығын көп жылдардан бері зерттеп жүрген мұғалім Тілеужен Сақалов бастан-аяқ жатқа соғады екен. Әр сөзіне салмақ үстеп, әдемі мақаммен орындайды екен. Оған тыңдаушылары қатты риза болды.

Қақпақтағы Таңжарықты еске түсіруге арналған кеште академик-жазушы Зейнолла Қабдолов баяндама жасады. Қабдеш Жұмаділов, Рымғали Нұрғалиев, Құрманбай Толыбаев, Марфуға Айтхожина, Сейдәлім Тәнекеев, Оразақын Асқар, Еркін Ібітанов, Шәймерген Әлдибеков және басқа да сөз алған, лебіз білдіргендер ақынның соңында қалған мұрасы бай екендігіне, мазмұнды екендігіне айрықша тоқталып, Таңжарықтану ғылымының болашағына үміт артты. Жырлар оқылды, ән шырқалды. «Таңжарық» ансамблі тұсау кесті.

Таңжарықтың көзін көрген, айтыстарына куә болған, тіпті, Қытайдағы гоминдан түрмесіне де бірге түскен Арғынбек ақсақалдың жасы қазір 94-те екен. Қарияның жүзінен шаршап-шалдыққандық байқалмайды, қайта жүз жылдық кәрі емендерге тән бір қайсар қасиет танылатындай. Таңжарықтың қыздары Сара мен Шараның беттерінен сүйіп, өткен күндерді тебіреніп еске алды. Сондай-ақ, Тәкеңнің үзеңгі жолдасы, түрме азабын да бірге көрген Батырхан қарияның да шертер сыры көп екені аңғарылады.

«Арығынбек ақсақалды жолықтырып – Таңжарықтың өзін көргендей болдық» деді жазушы Қабдеш Жұмаділов. «Қытайдағы қазақтар Ақыт қажы мен Таңжарық есімдерін құрметтеп, қатар атайды», – дейді ғалым Рымғали Нұрғалиев. «Таңжарықтай тарланның бөлесімін!» – деп мақтан тұтады ақын Еркін Ібітанов.

Райымбек ауданының әкімі Ызғарбек Бектұрсынов халық ардақтаған ақын-азаматтың есімін мектепке, көшеге беру жөніндегі ұсыныстар

ескеріліп, аудандық Кеңестің алдағы сессиясында бұл мәселе шешілетініне үміт артты. Бұдан жиырма бес жыл бұрын профессор Бейсенбай Кенжебаевтің жетекшілігімен Қазақ мемлекеттік университетінде Таңжарық шығармашылығына арналған диплом жұмысы қорғалыпты. Бірақ одан бергі ширек ғасыр ішінде Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясында да, жоғары оқу орындары мен мектептерде де бұл тақырып мүлде игерілмеген. «Жазушы» баспасынан 1972 жылы шыққан таңдамалы жинағын ғана көңілге медет тұтуға болады екен. Басқа жұрт болса, шетте жүрген қандастардың ішіндегі көшбасшы зиялы перзенті ретінде үкілеп ұстар еді ғой. Әсіресе, Таңжарықтың айтыс өнеріндегі өзіндік қолтаңбасы арнайы зерттеуді қажет етеді. Оның Қойдыммен, Нұриламен, т.б. ақындармен айтыстарынан байқалатын бір ерекшелік: арғы-бергі ел тарихына мол хабардарлығы. Және айтыс кезіндегі кем-кетікті жұмырлап, кейін сол айтысты ел арасына өзі таратушы болғандығы. Онда қарсыласының ұпайын өзіне аудармай, әділ де шыншыл, өнерге адал көзқараспен соңына мұра қалдырғандығы дер едік.

Мына жарық дүниеде бар болғаны 44-ақ жыл ғұмыр кешкен, оның жеті жылын түрмеде өткізген, бірақ ертеңгі күнге, елінің болашағы жарқын боларына сенімін жоғалтпаған Таңжарық ақынның бір басында ашылмай талай қазына жатқан сияқты. Кейінгі кезде жазушы Тұрлыбек Мәмесеітов ақын өмірінен роман жазып жүр. Оның жекелеген тараулары мерзімдік басылымдарда жарияланды да.

Таңжарықтың «Абақты» дастанын, тас түрме туралы жырларын татардың ұлы ақыны Мұса Жәлелдің атақты «Моабит дәптерімен» ғана салыстыру керек шығар. Өйткені абақты азабын жырларына арқау еткен, өлеңдерін сиямен емес, қанымен жазған ақындар санаулы ғана. Қазақта түрме түнегіндегі шындықты жырларымен жеткізген ақынның бірі – Таңжарық. Түрменің аты – түрме. Ақынның аты – ақын. Бұл екеуін бір ұғымға сиғызудың өзі мүмкін емес. Ендеше абақтының ащы шындығы – ақын тағдыры бәрімізді де ойлантуға тиіс. Бұл жырларда ақынның қоғамдық көзқарасы, қазақ үшін шырылдаған бозторғай үні, қауіп пен қатердің қай жақтан келерін кейінгі ұрпаққа ескерткен жан дауысы жатыр.

«Таңжарықтың таңы енді атып келе жатыр» деген сөздерді бірнеше рет құлағымыз шалды. «Қақпақ» және «Көксай» ұжымдық шаруашылықтары тіккен киіз үйлер таң шапағына боялған кезде де осыны ойладық. Қақпақтан шыққан жол қайтадан Алматыға қарай бастады. Сонда «Ақынның туған жерінде, Шыңжаң топырағында өтетін тойын көрсек, шіркін!» деген тілектер де айтылды. Қайқының кезеңінде тұрып «Елге сәлем» жолдаған Таңжарықтың тұлғасы айқындала түскендей. Ол бір шыңға айналып, биіктеп бара жатқандай...

1993 ж.

## ЖҰМАТАЙДЫҢ ЖҰМБАҚ ӘЛЕМІ

Ақын Жұматай Жақыпбаев өлеңдері өзгеше ажарлы, шырайлы, сұлу екендігін енді тани бастаған оқырмандарына бар болғаны үш жинақ қана ұсынып («Саратан», «Ләйла», «Шұғынық гүл төркіні») қырық бес жасында, кемеліне келіп, Кенежиреннің керім жорғасына бәйгекұмар жұртшылықтың назарын енді аудартқан тұста көзден ғайып болды. Көңілде қалды. «Көктемгі хаттар» атты төртінші жыр кітабын өзі көре алған жоқ. Одан кейінгі қайта басылып шығып жатқан кітаптары өлең сүйер қауымның игілігіне айналды. Ақындықты кәсіпкерлік санамай, құдіретті өнер, Тәңірілік енші деп түсінген Сол Жүрек әлі соғып тұр. Оған Жұматайдың жұмбақ әлемін құрайтын жырлары дәлел. Егер ол дәл бүгін ортамызда жүргенде де қадірін біреу біліп, біреу білмес еді, бәлкім. Мына алмағайып заманда ақыннан гөрі алыпсатарға қызыға қараушылық белең алып бара жатқандай, жан түршіктіреді, кейде. Дегенмен, «Өнер өлмейді!» дейтін, көне дәуірден келе жатқан ұлы түсінік, жазылмаған заңды қисын бар. Сол дәтке қуат.

Жұматай оңай ұғылатын шайырлардың қатарынан емес еді. Қарапайым, бірдемде жазылған бір-ер шумақ жырларының бойында қуатты серпін бар, буырқанған ішкі иірімдері бар, аңдамаған аңқау оқырманын адастырып әкелетер жықпыл, қалтарыстары мол. Әсіресе, әуенге әуестік, сөз бен ырғақтың әдемі үйлесімінен дайын қалыпқа сыймайтын саз тудыруға құштарлық байқалатын. Айтар ойын жалаңаш күйінде жеткізуге жаны қас. Ал тұспал мен мегзеуді кез келген адам түсіне бермейді. Ол жұрттың бәріне түсінікті болсам екен деп тым жайдақтыққа салынса, онда бәлкім жанымыздың азығына айналған жауһар жырлары дүниеге келмес те еді. Сыншылары қол шапалақтаған: «Шашым да шәркез тағдырмен, шатыраш ойнап ағарды» дейтін қос тармақтың құпиясы ішінде жатыр емес пе?! Бұрынғы-соңғы ақындардың аузына түспеген оқыс оралым. Азияны билеген Ақсақ Темірге ешкім көзі тірісінде ақсақсың деп айтпаған. Азияны кезіп қаңғыған Сағдиға ешкім көзі тірісінде ұлы шайырсың деп айтпаған. Енді ақын: «Жұмыр жерге кімдер келіп, қайтпаған, Сөзі жетпей қалған жоқ қой теңесе. Шындықты жұрт қорыққаннан айтпаған, Мүлде тіпті білмеген соң немесе» деп қорытынды жасайды. Ал оқырманның ойы осы түйінді жалғастырып: «Шындықты кейде біле тұрып та, білмегенсіп те айтпайды!» деп іштей бебеу қағады. Жұматай ақынның көп өлеңдерінің ішке жасырған бір құпиясы – оқырманның өз ойына, өз санасына жүк артып кетіп отыруында сияқты.

Ж. Жақыпбаев өмірге ғашық ақын еді. Өмірді кім сүймейді, оның басқалардан өзгешелігі өмір туралы өлеңдерінде өтірік айтпайтыны, өкінішті жасырмайтыны. Қамшының өріміндей, қыздың кестесіндей сұлу жырларында ауыр мұң жататыны сондықтан. Бұған дейін Абай, Мағжан, Мұқағали жырларында бас көтерген қуатты Мұң тағы да сізді ойға қалдырады, оқып отырғанда күрсінтеді. Сірә, мұның сыры тереңде жатқанын,

қоғамдағы, ақын өскен ортадағы әділетсіздіктер мен қиянаттар жазықсыз жүректі жаралайтынын бірте-бірте түсінесіз. «Жүретін де кездер бар жүректі емес, басты емдеп» деп өзі тұспалдағанындай, көптеген кереғарлықтың күйініші де бар оның өлеңдерінде. Әйтпесе, «Өтірікті көп айтқандар бәйге алды, Шындықты айттық қарап тұрып молаға» демес еді ғой... Сонда да: «Біз білмейміз, нәтижесін ел білмек, Сенімменен күш жетелеп әлдебір. Жүрмін егер қолдан келсе бергім кеп, Өзім көрген сұлулыққа мәңгі өмір» дейді ақын. Өз көзімен көрген сұлулыққа мәңгі өмір сыйлайтын кімдер? Ақындар, суретшілер, композиторлар. Бір сөзбен айтқанда суреткерлер ғана көргенін көл-көсір сезімге орап, өлмес туынды қалдырмақ. Ол сирек суреткер еді.

Сал-серілерге тән мінезбен, күнкөрістің күйбеңіне жегілгендерге күліп, миығына мысқыл ұялатып қарайтынын да аңғарамыз. Өзі ақын, өзі спортшы, өзі атбегі, өзі күйші-сазгер болып та жігітке аздық етер жеті өнердің жалынан ұстаған Жұматай ақынның жырлары қайталап оқуға тартып тұрады. Ырғағы мен сазында да, суреті мен сөзінде де тек өзіне тән қолтаңбасы айқын білінеді. Тағы да бір мен аңғарған қызық жайт, ақындардың көбісі Жұматайдан бұрын-ақ өте жеңіл ұйқас деп үш буынды өлең ұйқасынан қашқақтай бастаған-тұғын. Мәселен, «жапырақ» десе, «атырап», «топырақ» деген буын ұйқастары дайын тұратыны, оны жас ақындар да, жасамыс ақындар да қайталап, оқырмандарын мезі ете бастаған еді. Жұматай ақын сол үш буынды ұйқастан ат тонын ала қашқан жоқ. Қайта өлеңдерінің дені сол үш буынды ұйқастарға құрылды. Оңайды қиындатқан жоқ, қиынды оңайлатты. Шын шебердің қолынан шыққан туынды қандай болатынын ол осылай да дәлелдеді.

Бұдан жеті ғасыр бұрын өмір сүрген Италияның ұлы ақыны Петрарка демі таусылғанша Лаураны жырлап өткені сияқты Жұматай да жырларының денін Ләйлаға арнады. Бұл ретте Петраркаға Жұматай жалаң еліктеді дей алмаймыз. Махаббат – мәңгілік тақырып. Кім қалай сүйеді, кім қалай жырлайды – өз еркінде немесе еркінен тыс. Ләйла туралы жырларды оқып отырғанда жеке бастың мұң-сырын ұмытып, Ләйла – Арудың бейнесімен жолыққандай, сырласқандай болатынымыздың себебі неде? Ең бастысы – ғашық жүректің лүпілі, сезімді оятып, сағынышты тірілтетіні. Ләйла туралы жырлар – аяқталмаған ғашықтық дастаны.

1980 жылы Қазақ телевизиясының Жастар редакциясында қызмет істеп жүргенімде Бас редакторымыз Құсман аға Игісінов Жұматай ақынмен таныстырды. «Дидар» дейтін телехабар дайындап жатқанмын. Соның «Өнер» парағына қатыстыратын болдық. Өлеңдерін өзі оқығанда нәшіне келтіріп, миығынан күліп отырып оқиды екен. Жылқы мінездес, жылқы табиғатын ашатын жырларын он бес минут бойы оқығаны есімде. Ауылдан Алматыға көшіп келіп жатқанына көп бола қоймаса керек, бірден республика жұртшылығына Жұматайды таныстыруға Құсман аға себепкер болғанын ұмытпаймын. Бұл талантты қолдаудың, танудың, насихаттаудың қарапайым бір мысалы деп қабылдаңыздар.

Сол сексенінші жылдардың орта тұсында Қазақ телевизиясы кілең ақындардың қатысуымен бір жыр мүшәйрасын өткізді. Хабарды Медеудің



бауырында, табиғат аясында жазды. Мезгіл көктемнің жазға қол ұсынған мамыражай, жаймашуақ кезі еді. Хабар түсіріліп біткен соң Жұматай: «Ал енді, мына Зайда екеуміз осы телехабарға қатысқан отыз ақынды түгел үйімізге шақырамыз. Жыр мүшәйрасы біздің үйде жалғасады» – деді. Сонымен, Жұматай мен Зайданың екі бөлмелі шағын пәтерінде жиырма мен қырық жастың арасындағы отыз шақты ақын алма-кезек өлең оқып, түннің бір уағына дейін дуылдастық. Үйіңізге он адам қонақ келсе қандай күй кешетініңізді көз алдыңызға елестетіңіз де, «сен тұр, мен атайын» отыз ақынның басын қосып көріңіз. Мұны айтып отырған себебім, Жұматай ақын соңында келе жатқан жастарды қанаттандырып, өлеңдерін тыңдап, арасында ақыл-кеңесін де қосып, жақсы жырлардың бағын асырғысы келіп тұратын. Өзі бір өлеңінде: «Ақындық деген – жалғыздық, бәрібір қайда жүрсең де» деп толғанса да, «жалғыздарға» жанашыр болып өткені анық. Бас-басына би болғысы келетіндерді былай қойғанда, бұл бүгінгі, ертеңгі ақындардың өзі терең байыптайтын өнеге.

Жұматай ақынның соңында жақсы жырлары қалды. Жақсы жырлар – жұлдыздары жымыңдасқан түнгі аспан сияқты жұмбақ әлем. Өзіне шақырады. Бірде жақындап, бірде алыстайтын сияқты...

1995- 2014 ж.

## ТАМЫРЫҢДЫ ҚУАЛАП ОЙ ҚАЙНАЙДЫ

*Ж.Нәжімеденов. Мен – тамырмын. Дастандар. «Ана тілі», 2001.*

XX ғасырдың 60-жылдарында қазақ әдебиетінің адуынды, ағысты дариясының суы кенересінен асып тасыды. Әсіресе, ақындардың ақ желкенді ағыстары айқын көзге шалынған. Біреуі басын таудан алған тентек, екіншісі тұмасының тұнығына шөлің қанбайтын кәусар, үшіншісі сылқ-сылқ күліп, даланың төсін тепкілеген ерке бұлақтар еді.

Қошалақтың құмынан шыққан қоңыр әуен де көп ұзамай құлаққа шалынды. Жүмекеннің өлеңдері әу бастан-ақ табиғилығымен, сыршылдығымен, көркемдігімен баурады. «Балауса» (1961), «Сыбызғы» (1962), «Өз көзіммен» (1964), «Жоқ, Ұмытуға болмайды» (1965), «Жарық пен жылу» (1966), «Күй кітабы» (1967), «Мезгіл әуендері» (1968), «Көктем самалы» (1969), «Мен туған күн» (1972) – айналасы 11 жылда 9 жыр жинағын (оның соңғысы таңдамалы) беріпті. Бұдан соң күтпеген бұрылыс жасап, едел-жедел оқырмандарына үш роман ұсынды: «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақырт». Жұрт «Жүмекен поэзиядан прозаға ауысыпты» деп пікір түйе бастағанда, ол болжалды жоққа шығарып, араға 7 жыл салып, «Жеті бояу» (1979) өлеңдер жинағы жарық көрді. «Жеті бояу» – Ж.Нәжімеденовтің өзінің қайталанбайтын қолтаңбасы барын дәлелдеген, қазақ поэзиясының көгіне кемпірқосақ секілді керілген, көзге де, көңілге де ыстық туынды.

Ақын Жүмекен Нәжімеденовтің бұдан соң да бірнеше жыр кітаптары жарық көрді. Тіпті, оқырмандары мен сыншылары Жүмекенді мейлінше ықшам өлеңдердің шебері, жылт-жылт еткен ұшқынның, мөлт-мөлт еткен тамшының құдіретіне бас игізетін ақын деп тани бастағанда, тағы да күтпеген бұрылыстар жасап, грек аңыздарымен үндесуі («Шуақ» – 1980), балладалық, баяндау сарындарына бойсұнуы («Ашық аспан» – 1981, «Темірқазық» – 1982, «Менің топырағым» – 1985) – және бұл ізденістерінің де бұрынғы таптаурын жолдардан өзгеше, ерекше қолтаңбамен айшықталуы жыр жанашырларын таңырқатты да тамсандырды.

Енді, міне, 2001 жылы «Ана тілі» баспасынан «Отырар кітапханасы» сериясымен жарық көрген «Мен – тамырмын» атты дастандар кітабы тағы да көп-көп ойларға жетелейді екен. Ең алдымен, кітаптың құрылымы – 14 дастанның басын қосып, біріктіріп, тұтас дүние ретінде оқырманға ұсынылуы ұтымды болған. Бұл дастандардың бірқатары бұрын ақынның жекелеген жыр жинақтарында жарық көрсе де, бірнешеуі оқырмандарына алғаш рет ұсынылып отыр. Яғни, Жүмекен ақынның дастандары туралы егжей-тегжейлі ой-пікір қорытуға, бас-аяғын жинақтап сараптауға, тұтас дастандар кітабына баға беруге мүмкіндік туыпты.

Кітаптағы «Бұл жолы ол шынын айтты» (1961), «Менің әкем» (1962) дастандарына алдымен назар аудардық. Себебі, бұл екі дүние де Ж.Нәжімеденовтің бұған дейінгі жыр жинақтарына енбеген және көлемді туынды жазудағы алғашқы ізденістерінен хабар беретіндігімен қызықтырады.

Жүмекен ақынның әу бастан-ақ «қорланғандар мен қор болғандардың» мұң-зарына құлақ асып, жүрегіне ауыр жүк артқанына куә – «Бұл жолы ол шынын айтты» дастаны. Кейіпкері – «халық жауының баласы болғандығы үшін тағдыр тәлкегіне түсіп, 10 жыл түрменің түнегінде отырып шыққан жан. Ақын мен кейіпкерінің он жылды араға салып барып кездесуі негізінен кейіпкердің монологына (бірінші, екінші, ... бесінші әңгіме) құрылған. Кейіпкер бұрын әкесі «халық жауы» болып сотталғанын жолдастарынан жасырса да, енді өзі «халық жауының баласы» болғаны үшін түрме азабын тартқаннан кейін досына ағыл-тегіл сыр ақтарады. Кейіпкерінің «қазір жаз боп жарқыраса, қазір қыс боп бұзылардай» көңіл күйінің пернелерін дөп баса отырып, ақын әділетсіз қоғамға, заманға, жүйеге қарсылығын білдірген. Дастанның идеясы арқалаған ауыр салмақ – адам тағдырының оп-оңай ойыншыққа айналып, сергелдеңге түсіп, күйреуіне кім жауапты дейтін өткір сауалды қабырғадан қоюымен арта түскен.

«Менің әкем» дастаны да шерлі күйдің сарынына толы. Біздің әкеміз кім? Кешегі қой баққан қазақ. Адал қазақ. Аңқау қазақ. «Көрінді үңірейіп түнгі дала, Есіктен кіргенінде қойшы бала». Қайғыны да, қуанышты да қолына таяқ ұстап жүріп қарсы алған, қайран, әкелеріміз.

Сонау отыз жетіде ше?..

*Еріндер, кезеріп кеп ұрттаған мұң,  
Шегінді, дәмін сезіп жұрт тағамның.*

*Қасірет! Қаталдық пен сенімсіздік  
Қолына мылтық болды Мұртты адамның.*

*Сайларда қабат-қабат тұман қалып,  
Төңірек сол тұманға тұр алданып.  
Адамға адам сенбей,  
Күндер өтті  
Екі көз бір-бірінен күмәнданып.*

*Өтті сол ұятты күн, қателі күн,  
Өсірген өз жеріне жат егінін.  
Сол жылғы календардың қанды қолы,  
Көрсетті талай ұлға әке өлігін...*

Содан соң ... «Қырылмай қалған қазақ қой бағам деп, Сол жылдар өліп кетті ойланам деп». Бұл қасірет пе – қасірет.

*Сонау қырық бірде ше?  
Кенеттен атылды оқтар;  
... жар маңдайын  
Ұстады. Құлап жатты жанған қайың.  
Дүркірей ұшты әлемнен бар тыныштық  
Бұтаға паналаған торғайдайын.*

.....  
*Батыстың батпағында қаны кілкіп,  
Жер жатты қанды жасын алып, іркіп.  
Жау оғы жаралаған әр бұтаны,  
Байлады ол бақыты мен жанын жыртып.*

Бұл – қайғы ма – қайғы.

Қысқасы, сенің әкең, менің әкем шекпеген азап, көрмеген бейнет, тартпаған тақсірет жоқ екен. Енді бүгін қарасақ: «Қазекең біраз жерге келіп қапты-ау, Мұхиттың «Айдайына» салып жүріп».

«... Тұманбай, Сағи, Қадыр мен Жүмекендер бастаған лекті әдебиетімізге ешкім де бәйгеге салғалы баптап, баулып әкелген жоқ, – депті Мұқағали Мақатаев. – Олар аяқталмаған, аяқталмайтын қазақ дастанының заңды жалғастары. Олар естері кірер-кірместен ел таныған, балалықтың бал дәурені орнына шаруаның бейнетін тартқан, бесік жырының орнына анасының зарын ұққан, ертегінің орнына елі үшін құрбан болған әкелері мен ағаларының ерліктері жөнінде әңгіме тыңдап өскен, көздерінде жас, көңілдерінде мұң бар саналы ақындар... Олар қазақ жырына сол қалпымен сонысын айтқалы келген-ді».

Сонау жылдар еді бұл...  
Күзетті аспан күңіренген ел үнін.  
Ел күзетті әкесі жоқ баланы,  
Шал күзетті жесір қалған келінін.  
Күзетті ана нәрестесіз бесігін,  
Жар күзетті күйеуінің есімін.  
Түн ішінде түндей қара шал қақты  
Кей жесірдің іштен ілген есігін.  
Ар күзетті туған жердің картасын,  
Көлін, тауын, жесірлерін, жартасын.  
Күзетті іні ер-тоқымын ағаның,  
Ай күзетті кәрі аспанның қабағын.  
Жатты солай талай қыс пен күз өтіп.

Міне, осылайша Жүмекеннің алғашқы дастандарындағы шерлі әуендердің шертер сыры осы ерте есеюдің салдарынан өз басының мұңына сабақтас өзгелердің қамкөңіл тірлігіне құлақ тоса білуге, басқалардың басындағы халді түсіне қабылдауға және соны жаны ауыра көркем баяндауға ұласқан.

Балалық шағының бал күндерін сұрапыл соғыс жалмаған ұрпақтың өкілі ретінде Жүмекеннің бұл тақырыпқа мойын бұрмай өтуі мүмкін емес еді. Бірақ, алапат майданды бастан өткеріп келгендердің өздері «тілмен айтып жеткізе алмайтын» соғыс тақсиретін, қасиретін, ойранын өлеңмен өрнектеу оңай болып па! Ж.Нәжімеденовтің бұл тақырыпқа айналып соғып бірнеше поэма арнауының астарында бала жүректі сығымдап, жаншып, шорға айналған шемен-шердің өксік күйін ұрпаққа аманаттап кету ниеті жатса керек. Бұл дастандарда өлім сеуіп ысқырған снаряд дауысы, дәл жаныңа келіп жарылған бомба үні, жаралылардың жантәсілім ыңырсығаны баяндалмайды, тіпті, кереғар, тыныштықта соның бәрі көз алдыға келіп, құлағыңда сарнап, санаңда ине шаншиды.

Бұл орайда Әбіш Кекілбаевтың мына пікіріне ден қойсақ: ... «Келін», «Көзсіз батыр», «Қанды сүт», «Соңғы махаббат» атты төрт поэмаға өзек болған төрт оқиға, төрт тағдырды қайсымыз көріп, қайсымыз бастан кешірмеп едік?! Бірақ сол гәптарға қайсымыз Жүмекендей тебіреніп, қайсымыз Жүмекендей қапысыз қаныға алыппыз?! Адамзат болмысының соғыстай шеннен шыққан трагедиялық астарын мұншалықты терең жеткізген кемел туындылар біздің әдебиетімізде кем де кем. Бұл поэмалар – Жүмекен Нәжімеденовтің ақындық тегеурінін әбден танытқан шығармалар. Ол соғыс тәрізді алапаттың зардабы мен заңсыздығын айту үшін кеңірдекке артық салмақ салып, қаламына баттастыра бояу жағып, күшейем деп күшеніп жатпайды. Соғыстан қалған төрт беріштің бүгінгі сыздағаны мен сырқырағанын ашар төрт гәпті мөлдіретіп жеткізеді. Төртеуіндегі де құдірет – өмірдің өзіндегідей дәлдік. Төртеуіндегі де құдірет – өзегінді ойып түсер ащы шындық...» (Ж.Нәжімеденов. Темірқазыс. Өлеңдер мен поэмалар. «Жазушы», 1982.)

Ал енді осы төртеуінен де өзгеше түйін түйетін, өмірдегі шындықты өлеңге боямасыз көшірумен ғана шектелмей, ерлік пен елдік, батырлық пен отаншылдық тамыры қайда жатқанын толғап, философиялық пайымдаулар жасайтындастаны – «Қыран қия». Негізгі идея Бауыржан Момышұлының «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» деген қанатты сөзінен өрбиді. Намысты қайрайтын дастан. Ұлдарына Мұхтар деп, Сәбит деп, Бауыржан деп, қыздарына Күләш деп, Әлия деп, Мәншүк деп ат қоятын елдің ешуақытта намысы қалғымауға тиіс деп ой тастайды.

*«Тек» деген сөз – киелі сөз, сөз асыл,  
тегім десең» - тұлпар болып озасың,  
тегім десең – арқа болып қозасың,  
«тек» деген сөз – қасиетті сөз асыл.  
Тегім менің – топырағым деп біліп,  
Күш көрсетсе жігіт – міне, тектілік!  
Үзік-үзік ұғымдардан өң құрап,  
шоқалдарға бөлу емес ол бірақ.  
Туған жер деп аталатын сонша алып  
түсінікті қорғау керек жан салып!*

Ж.Нәжімеденовтің «Қыран қияға» жалғас жазылған «Ақ көгершін», «Тамыр мен жапырақ», «Жаңғырық», «Ақ қайраң» дастандарының бәріне ортақ бір арна, бір желі, бір арқау – авторлық ой-толғаныстардың, пікір-көзқарастардың шымыр-шымыр қайнап, шиыршық атып тулап, іштей өртеп, буып, кеміріп, жүрек-жұлын-жүйке тамырларды кернеп, ақыры сананы сілкілеп оятып барып дамылдайтын қасиетінде:

*Жапырақ кетті үп еткен жел алдында –  
сұлулық жоқ,  
мағына ғана бар мұнда:  
тамыр қалды орнында,  
халық қалды орнында.  
Ұшты талай тақ пен таяр ақымақ,  
Сарай да ұшты қабырғасы қақырап,  
Диогеннің бөшкесі – сол орнында,  
Аяз-бидің тұмағы – сол орнында.  
Ал тамырлар – топырақтың астында  
шулап ұқсап ұлы тасқынға.  
Әттең, үні жетпейді  
Саққұлаққа, кереңге:  
себебі – тым тереңде...*

«Сақалдарына ақ кіргенше поэзияны сәбидің санамағы көретін жәй сөзқұмарларға Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңдерін оқимаса да болады. Оның жыры әдеби мәдениеті өте жоғары, түсініктері терең, ұғымпаз оқырмандарға арналған» депті бұдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын

Қадыр Мырзалиев («Сөз сиқыры», Жыр туралы кітап, «Жазушы», 1982.). Бұл сөздің де ақиқатын уақыт дәлелдеуде.

«Жүмекен – түсініксіз ақын» деп міңгірлеп, «Жүмекен – жұмбақ ақын» деп күмбірлеп оқырмандары әлі күнге дейін айтысумен келе жатса, онда ақиқат – жалғыз: Жүмекенді біз әлі ұғып, танып, түсініп болған жоқпыз. Ол – табиғаттың өзіндей күрделі жаратылыс. Ол – тағдырлы ақын. Ол – интеллектуал ақын.

Дастандар кітабындағы өркешті туындының бірі – «Алдар Көсе немесе диалогтар» деп аталады. Бұл тек Жүмекен Нәжімеденовтің шығармашылығындағы шын озық туынды ғана емес, қазақ поэзиясындағы айрықша көзге шалынатын ақ сәукелелі шың десек, артық айтпаймыз. Дастанның тақырыбы тың, мазмұны соны, композициялық құрылымы күрделі. О дүниелік болып кеткен Алдар Көсенің о жақта да қуғын көріп, жаза көріп, «сотталып», бұ дүниеге қайта жіберілуі – тірілуінен бастап, біздің шым-шытырық түс секілді тіршілігімізден шошынып, ақыры жерде де жоқ, көкте де жоқ, аңыз болып ауаға сіңіп кетуімен аяқталатын дастанның өн бойы – өзекжарды философиялық ойлармен өрілген. Бұл – ит тіршілік туралы толғаныс. Бұл – ғұмыр кешудің мәні туралы хадис. Бұл – өкінішпен өтетін өмір туралы жан азасы. Қалай десек, «Алдар Көсе» - шебер аудармашысы табылса, әлем әдебиетіндегі жауһар туындылармен иық теңестіріп тұрар шығарма екені анық. Өйткені, бұл – шедевр!

Жүмекеннің жүйрігі қай аламан бәйгенің де алдында келетініне еш күмәнданбаймыз. Тек Батыраштың сойылынан сақтасын! ...

2002 ж.

«Азабымның көремін рахатын...» (Қ. Мырзалиев)....  
Қазақ жырының қара бурасы (М. Мақатаев)....  
Әуен әлеміндегі жарық жұлдыз (М.Төлебаев)...  
Дағыстан дүлділі (Р.Ғамзатов).....  
Жоғары мәртебелі театр (А. Райкин).....  
Өмір шындығын өлеңнен іздеп (Х. Ерғалиев)....  
Ақиық актер (Ш. Мусин).....  
Өткен күнде белгі бар (С. Шаймерденов)...  
Жазып қойған хатпен тең (Қ. Бадыров)....  
Жұмбақ жолаушы (Р. Есенберлин)....  
Біздің Бельгер (Г.Бельгер)...  
Палуандар патшасы (Қ.Мұңайтпасов)....  
Ән-ғұмыр (Ш.Қалдаяқов)....  
Арда мінез, адал жүрек (С.Иманасов)...  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл (С. Оразбаев)...  
Ақын –Азамат (М. Шаханов)...  
Көзге көрінбейтін жағалау (С. Оразалинов)...  
«Жазған өмірбаяным бәріңе аян» (К. Мырзабеков)....  
«Сыңғырлаған сұраусыз бір сөз деме...» (Ж.Әбдірашев)...  
Жырларында жарықтың жылдамдығы бар (Т.Медетбек)...  
«Бір қоңырау күмбір қағып тұрады» (Ж.Бөдешұлы).....  
Өр намысты өз ұлың (Н.Сабильянов).....  
Жампоз (Ж. Аупбаев)....  
Теңіз перзенті (Т. Жұмаханов)  
Қамал бұзған қалпында көрем... (М. Пұшатайұлы)...

## Екінші бөлім

Алапат ақиқаты....  
Бұл тойдың жөні бөлек...  
Ақынның азаттық аңсары (С. Торайғыров)....  
Ақын және азаттық идеясы (М. Жұмабаев)...  
Іздеген жетер мұратқа (М. Оспанов)....  
Отандық отбасына оралу (К. Матыжанов)...  
Рухты жырлардағы уақыт тынысы.....  
Өлеңді қайтіп қоярсың....

## Үшінші бөлім

Өлеңдегі «Мен»-нен өрбіген ой.....  
Өлеңдегі мінез өзгешелігі.....  
Достықтың «Алақаны» (Қ.Мырзалиев)...  
Балаларға базарлық (Е.Елубаев).....  
Тың тыныс (Н. Айтов).....

Мазасыз жүрек мақамы (Б. Серікбаев)...  
Ойы астарлы, тілі сақ (Ж. Нәжімеденов)...  
Өлең өрісін тапса... (Т. Медетбеков) ...  
Бояуы қанық па, бедері анық па? (Ж.Бөдешов)...  
Жұматайдың жұмбақ әлемі (Ж. Жакыпбаев)...  
Үндестік (С.Иманасов)....  
Жарылыс жаңғырды (М. Сәрсекен)...  
Мейірханның мұңы – менің мұңым (М.Ақдәулетов)...  
Еңселендірер естеліктер (С.Мәуленов).....  
Таразы (М. Қозыбаев)...



